

Том 15

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ жанындағы
ПАРТИЯ ТАРИХЫ ИНСТИТУТЫ—КПСС ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІ жанындағы МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ФИЛИАЛЫ

В. И. ЛЕНИН

15 ТОМ

Февраль — июнь 1907

«ҚАЗАҚСТАН» БАСПАСЫ
АЛМАТЫ · 1976

3К2
Л40

Л $\frac{10102-167}{401(07)-76}$ 4—76

АЛҒЫ СӨЗ

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының он бесінші томына 1907 жылы февраль — июньде жазылған шығармалары кіреді. Сол кезеңде партия өмірінде аса маңызды оқиға болған РСДРП V съезімен байланысты мақалалар мен материалдар томның негізгі мазмұнын құрайды.

Көрсетілген кезең — 1905—1907 жылдардағы революция тарихында революцияның одан әрі жалпы бәсеңдеу және реакцияның шабуылға шығу, революцияшыл халыққа қарсы, әсіресе жұмысшы табына және оның алдыңғы қатарлы отряды — большевиктерге қарсы жазалау кезеңі болды. Патша өкіметі әскери-дала соттарын енгізіп, жазалауды күшейтіп, сондай-ақ «монархиялық «конституция» арқылы халықты езу, халық бостандығын басып жаншу» (В. И. Ленин. Шығармалар, 13-том, 16-бет) жолымен жүрді, контрреволюциялық либерализмнің көмегімен конституциялық жалған үмітті таратып, жайды. Алайда пролетариат шайқаса отырып шегінді. Россияның алдыңғы қатарлы өнеркәсіпті губернияларының большевиктер басшылық еткен жұмысшылары күш жинап, шегіністі тоқтатуға және қайтадан шабуылға шығуға тырысты. 1907 жылғы көктемде жұмысшылардың стачкалық күресі 1906 жылмен салыстырғанда күшейе түсті. 1907 жылдың екінші тоқсанында саяси стачкаларға 271 мың жұмысшы қатысты (1906 жылдың осы тоқсанында саяси стачкаларға 257 мың адам қатысқан еді). Кейіннен 1907 жылғы

көктемде стачкалық қозғалыстың осы өрлеуіне баға бере келіп, Ленин былай деп жазды: «Санақ бізге іс «романтиктердің дәмесі» туралы емес, шегінудің факт жүзіндегі үзілісі, кідірістеуі туралы болғанын көрсетеді. Бұл кідірістеу болмаса, шегінудің аты шегіну болғандықтан, тарихи жағынан болмай қоймайтын 1907 жылғы 3 июнь оқиғасы ерте, мүмкін, бір жыл бұрын, әлде тіпті бір жылдан да бұрын болған болар еді» (Шығармалар, 16-том, 435-бет).

Шаруалар да революциялық пиғылда болды. Столыпиннің аграрлық заңы революцияны болдырмау, крепостник-помещиктердің өкіметін, меншігін және пұрсаттылығын сақтап қалу, самодержавиеге кулактар түрінде тірек жасау жолындағы соңғы саңылауды ашуға жасалған әрекет еді. Шынында бұл әрекет елдің «пруссиялық жолмен» капиталистік эволюциясын және шаруалардың негізгі бұқарасын күшпен экспроприациялауды тек қана тездетті, деревнядағы қайшылықтарды шиеленістіріп, тап күресін күшейте түсті. Шаруалардың революциялық пиғылы екінші Мемлекеттік дума сайлауынан көрінді. Шаруалар Думаға сайлағандардың 7,5 проценті ғана оңшылдар болды; шаруалар сайлаған депутаттардың басым көпшілігі (67,95%) кадеттерден солшылырақ еді.

Революцияның саябырсуына және әскери-полициялық жазалауларға қарамастан, екінші Дума құрамы жағынан бірінші Думадан анағұрлым солшыл болды. Оның жұмыс істеген уақыты 1907 жылғы стачкалық толқулардың неғұрлым өрге басқан кезімен тұстас келді. Дума ашылғаннан соң бір аптадан кейін Ленин «Думаны қуудың таялуы және тактика мәселелері» деген мақаласында Думаны шақыру патша үкіметі үшін лажсыз қажеттілік болды деп жазды. Үкімет жазалауларды күшейтумен қат-қабат, революцияға қарсы бірігіп күресу жөнінде буржуазиямен келісім жасасу үшін, Дума шақыруға тағы да әрекет етті.

Экономикалық дағдарыстың созылуына, қалалардағы жұмыссыздық пен деревнядағы аштыққа байланысты қала мен деревняда тап күресі шиеленісті; барлық таптардың саяси саналылығы өсті, мұның өзі ұшқары партия-

лардың — бір жағынан, тура контрреволюционер-қара-жүздіктердің, екінші жағынан — социал-демократиялық және халықшылдық партиялардың күшеюінен, сондай-ақ патша өкіметімен мәмлеге келу арқылы революцияны тоқтатуға өзінің құштарлығын әбден айқын көрсеткен орталық партияның, яғни либералдық-буржуазиялық кадеттер партиясының әлсіреуінен көрінді,— елдегі таптық күштердің жағдайы мен орналасу реті, міне, осындай еді.

Объективті жағдайды талдау Лениннің, большевиктердің сол кезде Россияда болып жатқан дағдарыстың конституциялық дағдарыс емес, бұқараның тікелей самодержавиеге қарсы күресіне әкеп соғатын революциялық дағдарыс екендігі туралы қорытындысын дәлелдеді. Большевиктердің буржуазиялық-демократиялық революцияның аяқталмағандығы, оның міндеттерінің шешілмегендігі және объективті жағдайлар революцияны аяқтау жөнінде сөз етуге де орын қалдырмай отырғандығы туралы қағидаларының мейлінше зор маңызы болды. Контрреволюция біржолата жеңіске жетті деп кәміл сеніммен айтуға болмайтын еді, революциялық жұмысшы және шаруалар қозғалысының жаңа өрлеуінен үміттенуге әлі болатын еді.

Партияда 1905—1907 жылдардағы революция бірінші орынға қойған тактика мәселелері 1907 жылдың көктемінде өзінің маңдайалды маңызын әлі жойған жоқ еді. Партияның меньшевиктер жеңіске жеткен IV (Бірігу) съезі (10—25 апрель (23 апрель — 8 май), 1906 ж.) кезеңге баға беру және революциядағы пролетариаттың міндеттері туралы қарар қабылдамады, яғни партияға тактикалық бағыт бермеді. Ал пролетариат пен оның партиясының негізгі міндеттерін дұрыс түсінбейінше ешқандай да ұстамды, принципті саясат жүргізуге болмайтын еді. Партияның IV съезінде сайланған меньшевиктік Орталық Комитеттің оппортунистік бағыты партия көпшілігінің, әсіресе ірі өнеркәсіп орталықтары партия ұйымдарының еркіне қайшы келді; Орталық Комитеттің елдегі аса маңызды оқиғаларға байланысты қабылдаған шараларының ешқайсысы, оның ұрандарының ешқайсысы партия ұйымдарының көпшілігінен

қолдау тапқан жоқ. Ресми түрде біртұтас партия болды, іс жүзінде екі партия еді, жеке екі ұйым, екі фракция болатын, олар әрбір елеулі мәселелер бойынша екі тактика әзірлейтін. Меньшевиктік Орталық Комитет пролетариаттың революциялық күрес ұрандарын мұқалтып, олардың өрісін тарылтты, бұқараның революциялық күресін күзелген ұрандарға шағындап шектеуге тырысты, пролетарлық саясатты либерал буржуазияның саясатына бейімдеді. Ленин партияның V съезінде Орталық Комитеттің дәрменсіздігі ең алдымен және бәрінен де бұрын оппортунизм саясатының дәрменсіздігі болды деді.

Осындай қиын-қыстау жағдайда большевиктерге аса маңызды тарихи міндет: елдің қоғамдық-экономикалық және саяси эволюциясының кезеңі мен негізгі тенденцияларына дұрыс, маркстік баға беру, таптар мен партиялардың саяси топтарын ашып корсету, қоғамдық күштердің осындай топтарға бөлінуі жағдайында пролетариат пен оның партиясының негізгі міндеттері қандай екенін белгілеу жүктелді. Партияның стратегиялық жоспары мен оның тактикасы, оның жалпы демократиялық азаттық қозғалысындағы пролетариаттың гегемониясы жолындағы күресі осы талдауға байланысты болатын.

Партияның V съезі қарсаңында жазылған «Жалпы ұлттық революция туралы мәселе жөнінде» деген мақалада Ленин революцияның жеңіске жетуі үшін халық көпшілігінің күреске саналы түрде қатысуы қажет екенін көрсете келіп, жалпы ұлттық революция ұғымын тактиканың жалпы формуласы мен өлшемі ретінде антимарскстік жолмен қолдануға барынша қарсы шықты; мақаланың теориялық және практикалық зор маңызы болды. ««Жалпы ұлттық революция» деген ұғым,— деп жазды ол,— марксистке белгілі, анық, шектеулі жалпы міндеттерге сәйкес келетін *әр түрлі* таптардың түрлі мүдделеріне дәл талдау жасаудың қажет екенін көрсетуге тиіс. Бұл ұғым ешқандай жағдайда да белгілі бір революцияның барысында тап күресін зерттеуді *көмескілеп,* бүркемелей алмайды» (осы том, 304—305-беттер).

Тап күресінің барысында әр алуан таптар мен партиялардың мүдделері арасында терең тұңғиықтың бар екені ашылған жағдайда Ленин таптар мен партияларға дәлме-дәл талдау жасап, жалпылама, бұлдыр саяси және экономикалық талаптарды нақты және айқын талаптармен алмастыруды талап етеді. Ол социал-демократияның алдына пролетариаттың таптық социалистік мүдделерін берік қорғай отырып, қаражүздік самодержавие мен контрреволюциялық либерал буржуазияға қарсы, демократиялық революция талаптары жолындағы күресте бүкіл демократияның авангардында болу міндетін қойды.

Елдегі және РСДРП ішіндегі жағдай партия съезін дереу шақыруды талап етті. Съезд партияның бағытын белгілеп, оны ұйымдық жағынан нығайтуға тиіс еді; төніп келе жатқан реакция жағдайында күш жинап, партияны жаңа шайқастарға әзірлеу керек болды.

РСДРП V съезіне әзірлік большевизмнің жеңісі жолында партияның оппортунистік бөлегі меньшевиктерге қарсы ымырасыз күрес үстінде өтті. Аса ірі ұйымдар көпшілігінің талап етуі бойынша, меньшевиктердің қасарыса қарсылық көрсетуіне қарамастан, жаңа съезд шақырылатын болған кезде формальды жағынан біртұтас партияның екі фракциясы — большевиктер мен меньшевиктер — әрқайсысы өз платформаларын ұсынды.

«Алдағы болатын съезге тактикалық платформа» және «Мемлекеттік думаға көзқарас туралы», «Бұқаралық жұмысшы ұйымдары туралы және жұмысшы съезі туралы» қарарлардың жобаларын ұсынған меньшевиктердің келісімпаздық тактикасына Ленин күйрете соққы берді. Бұл документтер партияның IV съезіне арналған меньшевиктік қарар жобаларымен салыстырғанда бір адым кері шегінгендік еді. Бұл документтер партияның бүкіл жұмысын жария думалық қызметке бейімдеді, болашақ жойымпаздықты негіздеді.

Большевиктік платформада — он бесінші томның беташары болған «РСДРП бесінші съезіне арналған қарарлардың жобаларында», сондай-ақ съезге әзірлік ба-

рысында жазылған: «Революциялық социал-демократияның платформасы», «Қарарларды бұлай жазбау керек», «Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы интеллигенттік жауынгерлер», «Меньшевиктердің тактикалық платформасы», «Ашуға булығып абыржу (Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде)» деген және басқа шығармаларында — Ленин буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіне және барлық таптар мен партиялардың революциядағы арасалмағына терең баға береді, сол кезеңдегі пролетариат пен партияның негізгі міндеттерін белгілейді, партияның революциялық және оппортунистік бөлектері арасындағы саяси пікір алалықтарының принципті негіздерін ашып көрсетеді. Бұл шығармалар бүкіл бірінші орыс революциясы кезеңінде Лениннің, большевиктердің ұстамды таптық пролетарлық саясат жолында оппортунизмге, меньшевиктердің артта жүрушілік тактикасына қарсы қажымай-талмай жүргізген күресіне қорытынды жасайды. Бұлар революциялық социал-демократия принциптері жолындағы ымырасыз күрестің үлгісі болды. Бұл еңбектерде Ленин большевиктер платформасының негізгі қағидаларын түсіндіре және негіздей келіп, меньшевиктердің тактикасын, олардың өзекті мәселелердің бірі — буржуазиялық партияларға және ең алдымен либералдық-монархиялық кадеттер партиясына көзқарас жөніндегі түп-тамырымен оппортунистік позициясынан туған тактикасын өлтіре сынайды.

Большевиктер мен меньшевиктердің Россиядағы революцияның сипаты мен перспективаларына әр түрлі баға беруіне байланысты буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде Россия социал-демократиясының ішіндегі пікір алалығы 1905 жылдың бірінші жартысының өзінде-ақ шиеленісе түскен еді; түрліше баға беруден партияның екі бөлегінің әр түрлі стратегиялық жоспарлары мен әр түрлі тактикасы туды. Большевиктер революция басталған бойдан-ақ кадеттердің қаражүздіктер мен самодержавиеге қолайлы жеңілдіктер арқылы революцияны тоқтатуға тырысып отырғанын айқын көрді. Партияның III съезі «Либералдарға көзқарас туралы» қарарында партия мүшелеріне бур-

жуазиялық либерализмнің антиреволюциялық және пролетарларға қарсы сипатын жұмысшыларға түсіндіруді ұсынды, революциялық қозғалыста либерал буржуазияның гегемонияны басып алу үшін жасайтын әрекеттеріне қарсы күресу қажет екенін атап көрсетті. В. И. Ленин IV съезге арнап жазған большевиктердің буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарарының жобасы Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның гегемоны ретіндегі жұмысшы табының рөлін белгілеп берді және патша өкіметімен келісім жасасу саясатын жүргізген либерал буржуазияның партиясын аяусыз әшкерелеуді талап етті.

Партияның IV съезінде меньшевиктер либералдардың самодержавиемен мәмлеге келуге барып отырғаны жөніндегі бұлтартпас фактіні мойындаудан бас тартты. Ленин «Революциялық социал-демократияның платформасы» деген мақаласында былай деп жазды: «Большевизмнің бұл идеясын, өзіміз 1906 жыл бойы (тіпті одан да бұрын, 1905 жылдан, «Екі тактика» атты кітапша шыққан уақыттан бері) табандылықпен қорғап келе жатқан идеяны Плеханов пен оның РСДРП-ның оң қапатындағы пікірлестерінің мұны буржуазияның рөліне бүлікшілдік көзбен қараудан туған жартылай фантастикалық жорамал деп, немесе, ең кем дегенде, мезгілсіз сақтандырғандық, т. т. деп жариялағаны күні кеше ғана еді деуге болады.

Біздің дұрыс айтқанымызды бүгін *жұрттың бәрі* көріп отыр» (91—92-беттер).

Томдағы бірқатар мақалаларда Ленин меньшевиктердің реформистік ұрандарын және, атап айтқанда, олардың кадеттік «думалық» немесе «жауапты министрлік» ұрандарды қолдауын самодержавиеге қарсы күресті реформизм рельсіне бұрып жіберу үшін жасалған әрекеттер ретінде әшкерелейді. «Бұлай істеу,— деп жазады Ленин меньшевиктердің тактикасы туралы,— нақ Бернштейнше әрекет ету деген сөз» (117-бет).

Патша самодержавиесі мен қаражүздік партиялар саясатының шын мәні мен мағынасын, кадеттердің сатқындығын және қаражүздік самодержавие мен либерал-монархиялық буржуазияның революцияны тұншық-

тыру үшін бір-біріне қарай жасаған адымдарын Ленин «Екінші Мемлекеттік думаның ашылуы», «Екінші Дума және пролетариаттың міндеттері», «Думаны қуудың таялуы және тактика мәселелері», «Көзінде — күлкі, көкейінде — арамдық», «Мәмле негіздері», «Дума және бюджетті бекіту», «Кокек қоразды мақтайды...», «Дума және орыс либералдары» деген және басқа мақалаларында ашып береді. Бұл мақалаларда I Мемлекеттік думадан кейінгі уақытта таптар мен партиялардың саяси топтарға бөлінуінде болған өзгерістерге талдау жасалады, орыс революциясындағы барлық таптар мен партиялардың эволюциясы көрсетіледі, реакция мен халық күресі арасында ауытқып жүруден халық күресіне деген тікелей өшпенділікке көшкен, революцияны тоқтатуға, реакциямен келісімге келуге ашықтан-ашық және арсыздықпен бел байлаған кадеттердің ролі анықталады.

Ленин либералдық-монархиялық партиялар мен еңбектік партиялар арасына айқын шек қояды. «Кадеттер және трудовиктер» деген мақаласында Ленин кадеттер мен трудовиктердің аграрлық жобаларын салыстыра сипаттай келіп, кадеттердің либералдық партия екенін айқын көрсетеді; еңбектік партиялар (трудовиктер, энестер, эсерлер), яғни қаланың, әсіресе шаруалардың ұсақ буржуазиялық демократиясы, революцияны одан әрі өрістетуге тырысып отырғанда, кадеттердің шаруаға зиян келтіріп, помещик пен шаруаны бітістіру арқылы революцияны тоқтатуға тырысып отырғанын көрсетеді. Ленин бүкіл большевиктік тактиканың негіздерін белгілеген, өзі талай рет қайталап айтып келген және 1905—1907 жылдардағы революцияның тәжірибесі нығайтқан қағиданы — егер пролетариат ескі тәртіпке қарсы, контрреволюциялық либерализмге қарсы шаруаларды өз соңынан ерткен жағдайда ғана Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі мүмкін екендігі туралы қағиданы алға тартады.

Ленин халықшылдық партиялардың тартыншақтығы мен ауытқушылығын қатаң сынға алады, олардың утопизмі мен «жалған социалистігін» әшкерелейді. «Ұсақ буржуазиялық тактика», «Масаттанған пасықтық немесе кадеттенуші эсерлер», «Қауқарсыз Дума немесе қау-

қарсыз ұсақ буржуазия» деген және басқа мақалаларында Ленин бұл партиялардың ұсақ буржуазиялық саясатының ең осал жері — либерал буржуазияның идеялық және саяси гегемониясынан құтыла білмеуі және құтыла алмауы екенін, социал-демократияның негізгі міндеті — либералдардың демократтарға гегемониясын үздіксіз күйретіп, ұсақ буржуазиялық бұқараны кадеттердің ықпалынан әрдайым босатып алу, сөйтіп, оны социал-демократияның әсері мен ықпалына бағындыру екенін көрсетеді.

1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде либерал-монархиялық буржуазияның гегемониясына қарсы, шаруаларды оның ықпалынан босатып алу жолында, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы жолында большевиктердің үздіксіз жүргізген күресі «солшыл блоктың» екінші Мемлекеттік дума сайлауы мен Думаның өзіндегі тактикасынан көрінді. Кадеттердің ықпалында болған қаланың ұсақ буржуазиялық топтарының бір бөлегін өз жағына шығарып алу жолындағы күресте большевиктер ұсынған «солшыл блок» идеясының нақты маңызы болды. Ленин «Дума сайлауы және орыс социал-демократиясының тактикасы», «РСДРП-ның сайлау науқаны кезіндегі тактикасы» деген мақалаларында екінші Мемлекеттік дума сайлауының нәтижелеріне талдау жасап, Россияның түрлі таптарының саяси күшін цифр деректері негізінде сипаттап, мынадай қорытындыға келеді: меньшевиктердің саясаты, олардың кадеттермен блок жасасуының мағынасы, олардың өздері мәлімдегендей, «қаражүздік қауіпті» жоюда емес, жұмысшы табының дербес саясатынан бас тартып, оны либералдарға бағындыруда болып отыр. Меньшевиктердің қарсылығына қарамастан, «солшыл блок» аса ірі 22 қалада табысқа жетті; Петербургтегі сайлауда «солшыл блок» сайлаушылар даусының 25 процентіне ие болды, қаланың ұсақ буржуазиялық топтарының бір бөлегін кадеттердің ықпалынан босатып алып, оларды өз жағына тартты. Егер меньшевиктер штрейкбрехерлердің ролінде болмаған болса және солшыл партиялардың Петербургте жеңіске жетуіне кедергі келтірмеген болса, «солшыл блок» анағұрлым зор табыстарға жеткен болар

еді. Ленин кадеттермен блок жасасуға бола Петербург социал-демократиялық ұйымын жікке бөлуден беттері шіміріκпеген меньшевиктерді әшкерелейді.

Кейін, солшыл блок тактикасының мәнін анықтай келіп, Ленин былай деп жазды: «Ел ішіндегі ең саны көп демократияшыл бұқараны (шаруаларды және егінші емес ұсақ буржуазияның жақын тұрған жіктерін) «кадеттер мен марксистердің бірін таңдауға» «көндіру»; әрі ескі режимге қарсы, әрі қобалжушы контрреволюцияшыл либерал буржуазияға қарсы жұмысшылардың және шаруа демократиясының «бірігіп қимылдау» бағытын ұстау,— мінеки, 1905 жылғы оқиғалардың барысымен де (жұмысшы және шаруа қозғалысы), бастапқы Думалардың екеуінде бірдей «еңбек» және жұмысшы топтарының дауыс беруімен де... қасиетті болған «солшыл блок» тактикасының негізі мен мазмұны осы» (Шығармалар, 17-том, 409-бет.)

Большевиктердің екінші Мемлекеттік думаға қатысуы жаңа типті партияның парламенттік қызметінің бірінші қадамы болды. Ленин партияның парламенттік қызметін пролетариаттың өкімет жолындағы парламенттен тысқары қызметіне бағындырылған революциялық күресі кезеңдерінің бірі деп білді.

Думада социал-демократтардың алдына қойылған міндеттерді Ленин партияның бесінші съезіне арналған «Социал-демократияның Мемлекеттік думадағы тактикасы туралы» қарардың жобасында былай деп тұжырымдады: Думаның пролетариат пен революцияшыл ұсақ буржуазияның, әсіресе шаруалардың талаптарын жүзеге асыру құралы болуға мүлдем жарамсыз екенін, патша самодержавиесі жағдайында парламенттік жолмен саяси бостандыққа жетудің мүмкін емес екенін халыққа ашып айту керек, жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру негізінде құрылтай жиналысын шақыру үшін қарулы көтеріліске шығу және революциялық уақытша үкімет құру арқылы күресу қажет екенін түсіндіру керек. Бұл тактика — Думаны пролетариаттың социалистік және демократиялық талаптарын насихаттау үшін, халықтың таптық сана-сезімін тәрбиелеу үшін, шаруалардан сайланған депутаттарға

үнемі ықпал жасап отыру үшін трибуна ретінде революциялық жолмен пайдалану деген сөз.

Ленин партияның Думадағы міндеттерін былай деп тұжырымдады: социал-демократтар өзінің дербес фракциясын құруға тиіс; Думада ұсақ буржуазиялық демократиялық партиялармен бірлесе отырып қимыл жасау—пролетарлық партияның программасы мен революциялық тактикадан шегіну мүмкіндіктерінің қай-қайсысына да жол бермеуге тиіс, реакцияға қарсы, либерал буржуазияның сатқындығына қарсы жалпы тегеурін көрсету мақсаттарына ғана қызмет етуге тиіс. «Біз ұсақ буржуазиялық топтар мен жіктердің бәрінен де бөлектенуіміз керек,— деп жазды Ленин «Екінші Мемлекеттік думаның ашылуы» деген мақаласында,— бірақ бөлектенгенде тәкәппарсып оқшау қалу үшін емес (бұл іс жүзінде либерал буржуаға көмектесу, оның соңынан еру болар еді), өзімізді ауытқу атаулыдан, жартыкештік атаулыдан босатып, *өз соңымызға* демократияшыл шаруаларды *ерте* білу үшін бөлектенуміз керек» (осы том, 23-бет).

Жұмысшы табы мен шаруалардың одағына және Думада олардың өкілдерінің революциялық блогын құруға сүйенген большевиктердің бұл тактикасы реакциямен күресте бірден-бір дұрыс маркстік тактика ретінде өзін өзі ақтады. Большевиктердің осы кезеңдегі парламенттік тактикасының тәжірибесін зерттеп үйренудің барлық елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары үшін қазіргі жағдайларда да зор маңызы бар.

Думадағы социал-демократиялық фракцияның алғашқы қадамдарынан бастап-ақ Ленин оның қызметін зер сала қадағалап, әрбір қимыл-әрекетіне пікір айтып отырады. II Интернационалдың батыс европалық партияларының парламенттегі жұмысшы өкілдігінің функциясын бұрмалаған, «парламенттік кретинизм» деліпіп әділетті айыпталған парламенттік фракцияларынан түбегейлі айырмашылығы бар парламенттік фракция құруды партияның мақсаты етіп қояды. Ленин Россия жұмысшы табының өкілдері парламентте либерал буржуазияның шылауы болмауы үшін, партияның шешімдеріне бағынып, партияның бүкіл насихат және үгіт жұмысына бе-

йімделіп, Думадағы жария қызметті бұқара ішінде құпия насихат және ұйымдастыру жұмысымен ұштастырып, Думада пролетариаттың дербес саясатын тура, ашық жүргізуі үшін көп күш-жігер жұмсады. Мұның өзі пролетариат өкілдерінің парламенттік мекемелердегі іс-әрекетінің жаңа, революциялық-маркстік бағытын, бүкіл халықаралық жұмысшы қозғалысына үлгі болған бағытын жасау еді. Парламентте жұмысшы табының өкілдері өздерін революция мақсатында жұмысшы табына қызмет етуге арнауға тиіс болды. В. И. Лениннің томдағы: «Алғашқы маңызды қадам», «Кадеттерді қолдау саясатын жүргізуге меньшевиктер праволы ма?», «Л. Мартовқа жауап», «Социал-демократиялық фракция және Думадағы 3 апрель» деген және басқа бірқатар мақалаларында, РСДРП V съезінде сөйлеген сөздерінде социал-демократ депутаттардың Думада сөйлеген сөздеріне талдау жасалады, Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателері сыналады; фракцияда меньшевиктер көпшілік болды және фракция, нақ меньшевиктік Орталық Комитет сияқты, партиядағы шын жағдайды, бүкіл партияның көзқарасын білдірмеді. Мемлекеттік думаның меньшевик депутаттарын аяусыз сынға ала келіп, Ленин олардың саясатын кадеттік тәрізді саясат, социал-демократияны либералдардың шылауына айналдыруға тырысу саясаты деп атайды, сөйтіп фракцияның большевик мүшелерінен революциялық саясатты бұлжытпай жүргізуді талап етеді.

Ленин фракцияның большевиктік бөлегіне тікелей басшылық етті, оның жұмысына бағыт беріп отырды, фракцияның бірқатар документтерін жазды. Томға «Столыпиннің декларациясы жөнінде» деген халыққа арналған үндеудің жобасы енгізіліп отыр, бұл үндеу Думада П. А. Столыпин оқыған үкімет декларациясына социал-демократиялық фракцияның жауабы болуға тиіс еді. Бұл документте Думаның дәрменсіздігі және 1905—1907 жылдардағы революцияның халықтық революция ретіндегі маңызы ашып көрсетілген. «Егер Россия аз уақытқа болмашы ғана бостандықтар алған болса,— деп жазады Ленин үндеудің жобасында,— егер ол аз уақытқа болса да халық өкілдігін алған болса, онда мұның

бәріне бостандық жолындағы халық күресі арқылы ғана, жұмысшы табының, шаруалардың, солдаттар мен матростардың жанқиярлық күресі арқылы ғана қолы жетті» (32-бет).

Ленин фракцияның большевиктік бөлегі үшін «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасын» әзірледі. Бұл документте ол Россиядағы буржуазиялық революцияның негізін құраған және сол революцияның ұлттық ерекшелігінің шарты болған басты-басты төрт партияның аграрлық мәселеге көзқарастарын қорытады.

1906 жылғы жаздың аяқ кезінен Финляндияда, Куоккалада, «Ваза» дачасында тұрған Ленин Петербург комитетінің жұмысына басшылық етті. Оған партия қызметкерлері, Петербург заводтарының жұмысшылары, партияның Петербург комитеті мен Орталық Комитетінің мүшелері, екінші Мемлекеттік думаның большевик депутаттары келіп тұрды. Мұнда Ленинге газеттер мен хат-хабарлар әкелініп, одан әр алуан материалдар әкетіліп тұрды. Ленин осы жерде большевиктік басшы орган — «Пролетарий» газетін, күнделікті жария газеттер — «Новый Луч» пен «Наше Эхоны» редакциялады, қарарлардың жобаларын, большевиктік газеттер мен жинақтарға мақалалар жазды. Лениннің жария және құпия баспасөзде жарияланған, партия қызметінің өмірлік маңызы бар барлық мәселелеріне үн қосып, меньшевиктердің оппортунизмін әшкерелеген мақалалары партияны большевизм туы астында топтастыруда, оның дұрыс стратегия мен тактика жасап алуында орасан зор роль атқарды.

Петербург партия ұйымын большевизм принциптері негізінде идеялық жағынан топтастыру жолындағы Лениннің күресін «Жік туғызушылар болашақ жік туралы», «Петербургтегі қайта құру және жікке бөлінуді жою» деген мақалалар айқын көрсетеді. Сол кезеңде большевиктер Петербург ұйымында көпшілік еді, меньшевиктермен мейлінше кескілескен күрес жүріп жатты. 1907 жылғы 6 (19) январьдағы конференциядан кейін меньшевиктер Петербург ұйымын жікке бөлді; тек 1907 жылғы 25 марттағы (7 апрельдегі) конференцияда жік-

ке бөліну жойылды. Ленин «Петербургтегі жікке бөліну және соған байланысты партия сотын құру жөнінде РСДРП V съезіне арналған баяндамада» меньшевиктік Орталық Комитеттің сатқындық саясатын біртұтас партияның емес, оның меньшевиктік бөлегінің ғана Орталық Комитетінің саясаты ретінде әшкерелеп, меньшевиктердің әрекетіне саяси дұшпанның әрекеті деген баға береді. Ленин жікке бөлінуді партияға қарсы асқан зор қылмыс деп атай келіп, меньшевиктерді олар сайлау қарсаңында партияға сатқындық жасады деп айыптады. Жікке бөлінуден кейін партия мүшесінің борышы, деп жазды Ленин, бұқараны бөлініп шыққандардың басшылығынан босатып алу, біртұтас партияның мүшесі болудан қалған адамдарға деген олардың өшпенділігін, жиіркенішін туғызу үшін күресу. «*Мұндай* саяси дұшпандарға,— деп жазады Ленин,— мен ол кезде *жойқын* күрес жүргіздім — ал жікке бөліну қайталанған немесе өріс алған жағдайда *әрқашан да осылай ететін боламын»* (328-бет).

Ленин «Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы интеллигенттік жауынгерлер», «Ашуға булығып абыржу (Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде)» деген мақалаларында жойымпаздықтың бастамасы болған атышулы «жұмысшы съезі» идеясын сынауға тағы да қайтып оралады. Ленин «жұмысшы съезі» идеясы мен оны жақтап үгіт жүргізуді пролетарлық партияны жоюға, партияны ұсақ буржуазиялық ортамен араластырып жіберуге бағытталған анархистік-синдикализм және оппортунизм деп санайды. Ленин «жұмысшы съезі» ағымының мынандай негізгі үш себебін атап көрсетеді: революциядан интеллигенттік-тоғышарлық шаршау, революциялық социал-демократия программасының негізгі қағидаларын,— демократиялық республика үшін, пролетариат диктатурасы үшін күресу жөніндегі қағидаларды қажетсіз етуге құштарлық; таптық пролетарлық қозғалысты буржуазиялық саясат пен идеологияға бағындыруға тырысқан интеллигенттердің оппортунизмі; 1905 жылғы октябрьдің ұлы дәстүрлеріне — көтерілістің органы және революциялық өкіметтің бастама органы болған пролетариаттың бұқаралық ұйымдарын

құрған Россия революциясына сын көзбен қарамағандық. Тарихи даму жұмысшы депутаттарының жергілікті советтерін схема түрінде бүкіл россиялық жұмысшы съезіне дейін жалғастыру емес, деді Ленин, қайта революциялық өкіметтің бастама органдарын жеңіп шыққан революциялық өкіметтің орталық органдарына, революциялық уақытша үкіметке айналдыру болуға тиіс.

Лениннің басшылығымен большевиктердің меньшевиктерді, меньшевиктік Орталық Комитетті әшкерелеу жөнінде жүргізген орасан зор, қажырлы да күнделікті жұмысы 1907 жылы 30 апрельде (13 майда) Лондонда ашылған РСДРП V съезінің құрамы мен оның жұмысының нәтижесінен көрінді. Съезге дайындық 1906 жылы августа, партияның аса ірі ұйымдарының көпшілігі, оның ішінде партияға IV (Бірігу) съезде кірген Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы және Латыш өлкесі социал-демократиясы партияның IV съезінде сайланған меньшевиктік Орталық Комитеттің оппортунистік саясатын қабылдамай тастап, съезді шақыруды жақтап шыққаннан кейін басталды.

Съезд революциядағы екі бағытты, екі тактиканы: большевиктердің революциялық-пролетарлық бағытын және меньшевиктердің реформистік-буржуазиялық бағытын айқын көрсетті. Большевиктер өз платформасының төңірегіне ұлттық социал-демократиялық ұйымдарды топтастырып, революциялық бағыттың жеңісін қамтамасыз етті. Томға енгізілген съезд материалдары, сондай-ақ съезд жұмысын қорытындылаған «Буржуазиялық партияларға көзқарас» деген мақала Ленин мен большевиктердің Россия революциялық социал-демократиясын меньшевиктердің, бундшылдардың және Троцкийдің оппортунизміне қарсы большевизм платформасына топтастыру жолындағы күресін көрсетеді.

Съезд 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде большевизмнің меньшевизмді жеңген жеңістерінің қорытындысын шығарып, большевизмнің Россия жұмысшы қозғалысындағы жеңісін нығайтты. Большевиктік тактика бүкіл партия үшін біртұтас тактика ретінде мақұлданды. РСДРП V съезі меньшевиктердің бағытын

келісімпаздық бағыт ретінде айыптап, большевиктердің бағытын революциялық-маркстік бағыт ретінде мақұлдады. Осы арқылы съезд бірінші орыс революциясының бүкіл барысы нығайтқан бағытты тағы да нығайта түсті.

Томға Лениннің съезде аса маңызды мәселелер жөнінде: партияның буржуазиялық революциядағы тактикасының негіздері туралы принципті мәселелерді съездің күн тәртібіне енгізу жөнінде, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама бойынша, Думадағы фракцияның қызметі туралы баяндама бойынша және басқа мәселелер жөнінде сөйлеген сөздері, меньшевиктерге, бундшылдарға, Троцкийге қарсы революциялық тактиканы қорғап сөйлеген сөздері енгізілді. Ленин съезд күн тәртібінің негізгі мәселесі — буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде баяндама жасап, қорытынды сөз сөйледі. Бұл мәселе күн тәртібіне табанды күрестен кейін, поляк және латыш социал-демократтарының қолдауымен енгізілді, сөйтіп, «съездің барлық принципті мәселелерінің ғана емес, жалпы алғанда бүкіл жұмысының да ең басты мәселесі болды» (405—406-беттер).

Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы баяндамасында Ленин пролетарлық емес партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде большевиктер мен меньшевиктер арасында болған күрестің тарихын, олардың революцияға, оның қозғаушы күштеріне баға берудегі түбегейлі пікір алалығын ашып көрсетті, съезде ұсынылған меньшевиктік қарар жобаларын марксизмнің жұрнағы да жоқ либералдық қарарлар ретінде қатаң сынады. Съезд қарарларының большевиктік жобасын қорғап, дамыта келіп, Ленин Россияның барлық пролетарлық емес партияларына баға берді, олар жөніндегі большевиктік тактиканы тұжырымдады.

Ленин қаражүздік партияларға, помещиктер мен ірі буржуазияның партияларына қарсы аяусыз күрес жүргізу қажет деп санады. Кадеттерге — либерал-монархиялық буржуазияның партиясына — көзқарас жөнінде Ленин бұл партиямен күресте оның жалған демократизмі мен конституциялық жалған үмітін қажымай-талмай әшкерелеп, кадеттердің демократиялық ұсақ буржуа-

зияны өз соңынан ертуіне мүмкіндік бермеуді талап етті. Халықтық немесе еңбектік партияларға көзқарас жөнінде Ленин оларды кадеттердің ықпалынан босату тактикасын қорғады, олармен бірлесіп қимылдауға болады деп санады; алайда бірлесіп жасалған қимылдар реакцияға қарсы және сатқын либерал буржуазияға қарсы бірігіп қат-қабат тегеуріп көрсету мақсаттарына қызмет етіп, революциялық социал-демократияның программасы мен тактикасынан қандай болса да шегіну мүмкіндігі атаулыны жоюға тиіс.

1904 жылдың аяғы — 1905 жылдың басында, Лениннің анықтамасы бойынша, партияда даулы мәселелер тарихи жағынан дайындалып, оларға жалпы баға берілді. Революцияның бір жарым жылы (1905 жылдың аяғы — 1907 жылдың жартысы) осы даулы мәселелерді практикалық саясат саласында сынпан өткізу болды. «Бұл сынпап өткізу либерализмді қолдау саясатының толық сәтсіздікке ұшырағандығын тәжірибеде көрсетіп берді, бұл сынпап өткізу буржуазиялық революциядағы пролетариаттың бірден-бір революциялық саясатын: сатқын либерализмге қарсы демократияшыл шаруаларды өзіне қосып ала отырып, революцияны ақырына дейін жеткізу жолында күресу саясатын мойындауға әкеп жеткізді» (425-бет).

Социал-демократиялық фракцияның есебі бойынша сөйлеген сөзі мен Орталық Комитеттің есебі бойынша сөйлеген сөзінде Ленин меньшевиктердің капитулянттық позициясын әшкереледі, оларды либерал буржуазияның алдында құрдай жорғалайды деп айыптады, меньшевиктердің Думадағы әрекеттерін бейшара саясат құмарлық деп атады.

Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы, Мемлекеттік дума туралы, Думадағы социал-демократиялық фракцияның есебі бойынша, «жұмысшы съезі» туралы, кәсіптік одақтар туралы мәселелер жөнінде большевиктік қарарлар қабылдады, партия уставына большевиктік рухта өзгеріс енгізді. Съезд қарсаңында және съезд кезінде Лениннің меньшевиктерге қарсы съезде революциялық бағыттың жеңіске жетуін қамтамасыз еткен күресі принципті саясаттың үлгісі, проле-

тариаттың дербес таптық саясатын сақтау жолындағы батыл күрестің өнегесі болды. V (Лондон) съезд революциядағы большевиктік бағыттың дұрыстығын, бұл бағытты саналы жұмысшылар көпшілігінің қолдағанын дәлелдеді.

Меньшевиктермен күрестің жаңа фазасы басталды. Съезд жұмысының аяғында кеңес болды, онда большевиктер Ленин бастаған басшы орган — Большевиктік орталықты құрды. Большевиктік орталық съезд шешімдері рухында дәйекті-революциялық бағыт жүргізуді қамтамасыз етуге тиіс болды.

Партияның V съезі аяқталғаннан кейін Ленин 1907 жылы 21—25 майда (3—7 июньде) Лондонда өткен Латыш өлкесі социал-демократиясының II съезінің жұмысына қатысты. Ол 24 майда (6 июньде) кешкі мәжілісте буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі пролетариаттың міндеттері туралы баяндама жасады. Ленин ұсынған және съезд протоколдарына талқылаусыз тіркелген «Буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі пролетариаттың міндеттері туралы» қарар 1907 жылы 7 июльде «Zihņa» газетінің 78-номерінде жарияланды. Бұл қарар орыс тілінде бірінші рет жарияланып отыр.

Он бесінші томға 1907 жылы П. Дауге басылымында шыққан ««И. Ф. Беккердің, И. Дицгеннің, Ф. Энгельстің, К.Маркстің және басқалардың Ф. А. Зоргеге және басқаларға жазған хаттары» деген кітаптың орысша аудармасына арналған алғы сөз» енгізіліп отыр. Бұл кітаптың шығуының зор маңызы болды: орыс оқушылары Маркс пен Энгельстің бірқатар маңызды хаттарымен танысуға бірінші рет мүмкіндік алды. «Алғы сөзде» Ленин хаттардың пролетарлық партияның тактикасын жасау тұрғысынан алғанда мейлінше маңызды жерлеріне назар аударады. Сонымен қатар Ленин түрлі елдердегі жұмысшы қозғалысының нақты тарихи жағдайлары мен ерекшеліктерін зерттеп алмай тұрып, Маркс пен Энгельстің айтқан кеңестерін қолданудан сақтандырады, марксизмнің методын анықтап алуды талап етеді, марксизм қатып қалған догма емес, іс-әрекетке басшылық деп атап көрсетеді.

Маркс пен Энгельстің социализмдегі екі ағымға — ағылшын-американ социализміндегі сектанттық және неміс социализміндегі реформистік ағымдарға — берген бағасына зер сала келіп, Ленин Маркс пен Энгельстің ондаған жылдар бойы бұл екі ағымның екеуіне де қарсы үнемі және табанды күрес жүргізгенін, герман социал-демократиясындағы оппортунизмге қарсы күреске мейлінше көңіл бөліп, социализмдегі интеллигенттік филистерлік пен мещандық атаулыны жазғырып отырғанын атап көрсетеді. Ленин партияның назарын мынаған аударады: халықаралық жұмысшы қозғалысында терең адасу мен ауытқудың елеулі белгілері пайда болған кезде, оппортунизм мен «парламенттік идиотизмнің» ұшқарылығы революциялық синдикализмнің оған керісінше ұшқарылығын туғызған кезде, міне, осындай кезеңде Маркс пен Энгельстің ағылшын-американ және неміс социализміне енгізген «түзетулерінің» жалпы бағытын зерттеу өте-мөте маңызды болды. Ленин Маркс пен Энгельстің оппортунизм мен реформизмді сынаған сынын Россия социал-демократиясындағы оппортунизмді бейнелейтін меньшевиктерге қарсы бағыттай отырып, пайдаланады. Маркс пен Энгельстің мұрасы Россия жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмге қарсы күрестің, буржуазиялық филистерліктің өтірігіне және бұқараны топастандыруға қарсы күрестің таптырмас құралы қызметін атқаруға тиіс болды.

В. И. Ленин Шығармалары толық жинағының он бесінші томы — 1905—1907 жылдардағы орыстың бірінші буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде жазылған еңбектері енген соңғы том. Үшінші июньдегі мемлекеттік төңкерістен кейін жаңа, партия үшін ең ауыр кезеңдердің бірі — Столыпин реакциясының кезеңі басталды.

КПСС Орталық Комитеті жанындағы
Марксизм-ленинизм институты

РСДРП БЕСІНШІ СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН ҚАРАРЛАРДЫҢ ЖОБАЛАРЫ [1]

1907 ж. 15—18 февральда (28 февраль — 3 мартта) жазылған

1907 ж. 4 мартта «Пролетарий» газетінің 14-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

1. ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІ ТУРАЛЫ

Мыналарды еске алу керек:

1) Россия бастан кешіріп отырған экономикалық дағдарыстың таяу арада жойылу белгілері аңғарылмай, өзінің ұзаққа созылған барысында қалаларда жұмыссыздықты, деревняларда аштықты бұрынғысынша зор көлемде туғызып отыр;

2) осыған байланысты пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресі, помещиктер мен шаруалардың арасындағы, сондай-ақ үкімет өзіне қаратып алған шаруа буржуазиясы мен деревня кедейлерінің арасындағы күрес шиеленісе түсуде;

3) бірінші Думадан [2] басталып, жаңа сайлаумен аяқталатын өткен бір жыл ішіндегі Россияның саяси тарихы барлық таптардың сана-сезімінің тез өскенін көрсетіп отыр, мұның өзі ұшқары партиялардың мықтап күшейгенінен, конституциялық жалған үміттердің қожырай бастағанынан, қаражүздік помещиктер мен самодержавиеге қолайлы кеңшіліктер жасау арқылы революцияны тоқтатуға тырысатын «орталық партияның», яғни либералдық-буржуазиялық кадеттер партиясының[3] өсіреуінен көрініп отыр;

4) кадеттер партиясының осы мақсатқа бағытталған саясаты буржуазиялық қоғамның өндіргіш күштерінің мейлінше аз босануына, пролетариаттың және шаруалар бұқарасының негізгі мұқтаждарының толық қанағаттандырылмауына және бұл бұқараны үнемі күшпен басып-жаншып отыру қажеттігіне әкеліп соғады; —

осыларды еске ала келіп, кеңес былай деп санайды:

1) біздің көз алдымызда өршіп келе жатқан саяси дағдарыс конституциялық дағдарыс емес, революциялық дағдарыс, мұның өзі пролетариат пен шаруалар бұқарасын самодержавиеге қарсы тікелей күреске бастайды;

2) сондықтан алдағы Дума науқанын халықтың өкімет үшін жүргізетін революциялық күресі кезеңдерінің бірі деп біліп, сол мақсатқа ғана пайдалану керек;

3) қазіргі кезде социал-демократия алдыңғы қатарлы таптың партиясы ретінде жалпы алғанда кадеттік саясатты, жеке алғанда кадеттік министрлікті ешбір жағдайда қолдай алмайды. Социал-демократия бұл саясаттың опасыздық сипатын бұқара алдында ашып көрсетуге, бұқараға олардың алдында тұрған революциялық міндеттерін түсіндіруге, бұқараның жоғары саналылық көрсеткен және берік ұйымдасқан жағдайында ғана самодержавиенің беруі мүмкін жеңілдіктері алдау және аздыру құралынан революцияны одан әрі дамыту құралына айнала алатынын оларға дәлелдеп беруге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

2. БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ

Мыналарды еске алу керек:

1) социал-демократияның алдына қазіргі кезде өтеміте шұғыл қойылып отырған міндет: пролетарлық емес әр түрлі партиялардың таптық мазмұнын анықтау, таптардың қазіргі кезеңдегі өзара қатынастарын еске ала келіп, осыған орай өзінің басқа партияларға көзқарасын белгілеу;

2) социал-демократия Россиядағы қазіргі қоғамдық және саяси тәртіпке қарсы бағытталған оппозициялық және революциялық қозғалыстың қандайын болса да қолдау қажеттігін әрқашан мойындап келді;

3) буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың көсем ролін атқаруы үшін барлығын да істеу міндеті социал-демократияға жүктеледі,—

осыларды еске ала келіп, кеңес былай деп санайды:

1) қаражүздік партиялар (Орыс халқы одағы [4], монархистер, Біріккен дворяндар советі [5] және басқалары) крепостник-помещиктердің таптық ұйымы ретінде барған сайын батылырақ және айқынырақ бой көрсетіп келеді, революция жеңістерін халық қолынан барған сайын арсыздықпен тартып алып, сол арқылы революциялық күрестің шиеленісуін сөзсіз туғызып отыр; социал-демократия бұл партиялардың патша өкіметімен және ірі крепостниктік жер иеленушіліктің мүдделерімен тығыз байланысты екенін әшкерелей отырып, варварлықтың осы қалдықтарын толық жою жолында бітіспес күрес жүргізу қажеттігін түсіндіруге тиіс;

2) 17 октябрь одағы [6], сауда-өнеркәсіп партиясы [7], ішінара бейбіт жаңарту партиясы [8] және т. т. сияқты партиялар белгілі бір цензалық және нағыз антидемократиялық конституция негізінде самодержавиелік бюрократиямен өкіметті бөлісу туралы әзірге біржола келісім жасаса қоймаған, бірақ қазірдің өзінде контрреволюция жағына әбден шығып болған және үкіметті көріне қолдап отырған * помещиктердің бір бөлегінің, әсіресе ірі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының таптық ұйымдары болып табылады; социал-демократия [бұл партиялардың қаражүздік самодержавиемен қақтығыстарын революцияны дамыту мақсатында пайдалана отырып] [сонымен қатар] ондай партиялармен нағыз аяусыз күрес жүргізуге тиіс;

3) либерал-монархиялық буржуазияның партиялары және бұл партиялардың бастысы — кадеттер қазірдің өзінде-ақ революциядан айқын теріс айналып, контрреволюциямен мәмлеге келу арқылы революцияны тоқтату міндетіп көздеп отыр; мұндай партиялардың экономикалық негізі орташа помещиктер мен орташа буржуазияның бір бөлегі, әсіресе буржуазиялық интеллигенция болып табылады, ал қаланың демократиялық буржуазиясы мен деревняның ұсақ буржуазиясының бір бөлегі бұл партияларға әлі де тек дәстүр бойынша

* Азшылықтың ұсынған нұсқасы: «...қазірдің өзінде контрреволюция жағына толық шығып алған, үкіметті көрінеу көзге қолдап отырған және цензалық, нағыз антидемократиялық конституцияны жүзеге асыруды өзінің міндеті етіп қойып отырған буржуазияның».

ғапа және либералдардың тура алдауы бойынша еріп келеді; бұл партиялардың көздеген мұраты тәртіпке келтірілген, монархия арқылы, полиция, екі палаталы система, тұрақты армия және басқалар арқылы пролетариаттың қол сұғуынан қорғалған буржуазиялық қоғам шеңберінен аспайды; социал-демократия бұл партиялардың әрекетін халыққа саяси тәрбие беру мүдделеріне пайдалана отырып, олардың екіжүзді-демократиялық тілмарлығына пролетариаттың дәйекті демократизмін қарама-қарсы қоюға, олардың таратып жүрген конституциялық жалған үміттерін әшкерелеуге, олардың демократиялық ұсақ буржуазияға гегемондық жасауына қарсы аяусыз күрес жүргізуге тиіс;

4) халықтық немесе еңбек партиялары (халықтық социалистер [9], Еңбек тобы [10], эсерлер [11]) либералдардың гегемониясына бағыну мен помещиктік жер иеленушілікке және крепостниктік мемлекетке қарсы батыл күрес жүргізудің арасында ауытқи отырып, шаруалар мен қаланың ұсақ буржуазиясының қалың бұқарасының мүдделері мен көзқарасын азды-көпті жақын көрсетеді; бұл партиялар өздерінің шын мәнінде буржуазиялық-демократиялық міндеттерін азды-көпті күңгірт социалистік идеологиямен бүркемелейді; социал-демократия бұлардың жалған-социалистік сипатын үздіксіз әшкерелей беруге және олардың пролетар мен ұсақ қожайынсымақтың арасындағы таптық қарама-қарсылықты көмескілеуге тырысқан әрекеттеріне қарсы күресуге тиіс,— ал, екінші жағынан, бұл партияларды либералдардың ықпалы мен басшылығында болудан барлық күшті салып айырып алуға тиіс, бұл партияларды кадеттер саясаты мен революцияшыл пролетариат саясатының бірін таңдауға мәжбүр етіп, оларды, сонымен, қаражүздіктер мен кадеттерге қарсы социал-демократия жағына шығуға көндіруге тиіс;

5) осыдан келіп туатын бірлескен қимылдар, реакцияға қарсы және сатқын либерал буржуазияға қарсы бірігіп қат-қабат тегеурін көрсету мақсаттарына ғана қызмет етіп, социал-демократиялық программа мен тактикадан қандай болса да шегіну мүмкіндігінің барлығын жоюға тиіс.

Ескерту. Жоғарыда көрсетілген нұсқаны ұсынған азшылықтың сызып тастайтын сөздері тік бұрышты жақшаға алынып отыр.

3. СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДАҒЫ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ

1) Мемлекеттік думаға бойкот жасау тактикасы, бұл мекеменің билігі жоқ, дербес ролі жоқ екенін халық бұқарасының дұрыс бағалауына көмектескен тактика, бірінші Мемлекеттік думаның заң шығарушылық әрекеті комедиясы мен оның қуылуынан толық дәлелденді;

2) бірақ буржуазияның контрреволюциялық әрекеті мен Россия либерализмінің келісімпаздық тактикасы бойкоттың тікелей табысқа жетуіне кедергі жасап, пролетариатты помещиктік және буржуазиялық контрреволюцияға қарсы осы Дума науқаны негізінде де күрес ашуға мәжбүр етті;

3) Думадан тыс жағдайда да, Дума ішінде де бұл күресті социал-демократия пролетариаттың таптық санасын дамыту, оның ұйымын нығайту және ұлғайту, конституциялық жалған үміттерді бүкіл халық алдында одан әрі әшкерелей беру мүдделерінде және революцияны дамыту мүддесінде жүргізуге тиіс;

4) социал-демократияның алдағы Дума науқанындағы тікелей-саяси міндеттері, 1-ден, пролетариат пен революцияшыл ұсақ буржуазияның, әсіресе шаруалардың талаптарын жүзеге асыру құралы ретінде Думаның мүлдем жарамсыз екенін халыққа түсіндіру, 2-ден, нақты өкімет патша үкіметінің қолында қалып отырған жағдайда саяси бостандықты парламенттік жолмен жүзеге асыру мүмкін емес екенін халыққа түсіндіру, қарулы көтерілістің, революциялық уақытша үкіметтің және жалпыға бірдей, төте, тең, жасырын дауыс беру негізінде құрылтай жиналысын шақырудың қажеттігін түсіндіру;

5) өзінің негізгі социалистік, сонымен қатар тікелей-саяси міндеттерін орындау үшін социал-демократия, пролетариаттың таптық партиясы ретінде, сөзсіз дербес партия болып қала беруге тиіс, Думада партиялық со-

циал-демократиялық фракция құрып, өзінің ұрандарын да, өзінің тактикасын да ешбір жағдайда басқа ешбір оппозициялық немесе революциялық партиямен қосып жібермеуге тиіс;

6) жекелеп айтқанда, революциялық социал-демократияның Думадағы жұмысы жөнінде қазіргі минутта саяси өмірдің барлық барысы ұсынып отырған мына мәселелерді түсіндіру қажет:

1) біздің партия ұйымдарымыздың бірі ретінде Думадағы социал-демократиялық фракцияның сын жөніндегі, насихат, үгіт және ұйымдастыру жөніндегі ролі алдыңғы қатарға қойылуға тиіс. Думадағы социал-демократиялық фракцияның ұсынатын заң жобалары да — әсіресе пролетариаттың тұрмыс жағдайларын жақсарту және тап күресінің бостандығын қамтамасыз ету, деревняда крепостниктік помещиктік езгіні жою, ашығып жатқан шаруаларға жәрдем беру, жұмыссыздықпен күресу, матростар мен солдаттарды казармалық каторгадан құтқару жәпе т. т. сияқты мәселелер жөніндегі заң жобалары да,— тікелей «заң шығарушылық» мақсаттарға емес, нақ осы мақсаттарға қызмет етуге тиіс;

2) революцияшыл халық үзілді-кесілді жеңіп шыққанға дейін патша үкіметі, дау жоқ, өз позицияларын бермейді, сондықтан, Дума халықтың мүдделерін қаражүздікке құрбан етіп сатып кететін жағдайдан басқа жағдайдың бәрінде де, Думаның тактикасы қандай болса да Дума мен үкімет арасында жанжал тумай қоймайды, солай болғандықтан социал-демократиялық фракция мен социал-демократиялық партия объективтік жағдайлардың ықпалымен Думадан тыс дамып отырған революциялық дағдарыстың барысымен ғана санасып, мезгілі жетпеген жанжалдарды туғызуға да, өз ұрандарын бәсеңдету арқылы жанжалды әдейі болдырмауға немесе кешеуілдетуге де тиісті емес; олардың өз ұрандарын бәсеңдетуі социал-демократияның бұқара алдында қадірін кетіріп, оны пролетариаттың революциялық күресінен бөліп тастауға ғана жол береді;

3) барлық пролетарлық емес партиялардың буржуазиялық мәнін аша отырып және олардың барлық заң жобаларына және басқаларына өзінің заң жобаларын

қарама-қарсы қоя отырып, социал-демократия азаттық қозғалысына кадеттердің гегемондық жасауына да қарсы үнемі күресіп отыруға тиіс, ұсақ буржуазиялық демократияны кадеттердің екіжүзді демократизмі мен пролетариаттың дәйекті демократизмінің бірін таңдауға мәжбүр етуге тиіс.

4. ЖАППАЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МҰҚТАЖДЫҚТЫҢ ӨСУІ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КҮРЕСТІҢ ШИЕЛЕНІСУІ ТУРАЛЫ

Мыналарды еске алу керек:

1) бірқатар фактілер пролетариаттың экономикалық мұқтаждығының шегіне жете өскендігін және оның экономикалық күресінің мықтап шиеленіскендігін көрсетіп отыр (Польшадағы локаут [12]; Петербург пен Иваново-Вознесенск жұмысшыларының арасында тұрмысқа қажетті өнімдердің қымбаттауына қарсы күресу мақсатында болған қозғалыс; Москва өнеркәсіп ауданында қанат жайған стачкалық қозғалыс; кәсіптік одақтар органдарының мықты күреске әзірлену жөніндегі үрейлі үндеулері және т. т.);

2) барлық белгілеріне қарағанда экономикалық күрестің бұл әр алуан көріністерінің шоғырланғаны сонш алық, пролетариаттың бұрынғыдан да гөрі анағұрлым қалың топтарын қамтитын жаппай экономикалық бой көрсетулер жер-жердің бәрінде де болады деп күтуге дәлелдер бар;

3) Россия революциясының бүкіл тарихы революциялық қозғалыстың күшті өрлеулерінің бәрі осындай жаппай экономикалық қозғалыстар негізінде ғана туғанын көрсетеді; —

осыларды еске ала келіп, кеңес былай деп санайды:

1) партия ұйымдарының бәрі бұл құбылысқа мықтап назар аударулары қажет; мейлінше толық материал жинап алып, бұл туралы партияның V съезінің күн тәртібіне мәселе қоюлары керек;

2) партия күштерінің неғұрлым көп бөлегін бұқара арасында экономикалық үгіт жүргізуге жұмылдыру қажет;

3) Россияда дамып келе жатқан бүкіл революциялық дағдарыстың түпкі бастауы және аса маңызды негізі ретінде нақ осы экономикалық қозғалыспен санасу қажет.

5. ПРОЛЕТАРИАТ ІШІНДЕГІ АНАРХИСТІК-СИНДИКАЛИСТІК АҒЫМҒА БАЙЛАНЫСТЫ БЕЙПАРТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ҰЙЫМДАРЫ ТУРАЛЫ

Мыналарды еске алу керек:

1) Аксельрод жолдастың бейпартиялық жұмысшы съезін [13] шақыру жолында жүргізген үгітіне байланысты РСДРП ішінде социал-демократиялық жұмысшы партиясын жоюға және оны пролетариаттың бейпартиялық саяси ұйымымен алмастыруға бағытталған ағым (Ларин, Щегло, Эль, Ивановский, Миров, Одессаның «Освобождение труда» [14] басылымы) белгіленіп отыр;

2) мұнымен қатар пролетариат арасында партиядан тыс және тікелей партияға қарсы нақ сондай бейпартиялық жұмысшы съезін шақыру және бейпартиялық ұйымдар («Одақ ісі» және оның Москвадағы тобы, Одессадағы анархистік баспасөз және т. т.) құру ұранын көтеретін анархистік-синдикалистік үгіт жүргізіліп отыр;

3) РСДРП-ның Бүкіл россиялық ноябрь конференциясының қарарына [15] қарамастан біздің партия ішінде бейпартиялық ұйымдар құруға бағытталған бірқатар іріткі салу әрекеттері бар екені аңғарылып отыр;

4) екінші жағынан, РСДРП жұмысшы табына социал-демократияның ықпалын күшейту үшін және социал-демократиялық жұмысшы қозғалысын нығайту үшін азды-көпті революциялық өрлеу кезеңінде жұмысшы депутаттарының советтері сияқты белгілі бір бейпартиялық ұйымдарды пайдаланудан ешқашан бас тартқан емес («Пролетарийдің» 3 және 4-номерлерінен Петербург комитеті мен Москва комитетінің жұмысшы съезі туралы сентябрьде қабылданған қарарларын [16] қараңыз);

5) басталып отырған өрлеу негізінде жұмысшы табының: жұмысшы депутаттарының советтері, жұмысшы уәкілдерінің советтері және т. т. сияқты бейпартиялық

өкілдік мекемелерін социал-демократияны дамыту мақсатында құруға немесе пайдалануға мүмкіндік туады, мұның үстіне социал-демократиялық партияның ұйымдары мынаны ескеруге тиіс: пролетариат бұқарасының арасында социал-демократиялық жұмысты дұрыс, берік және кеңінен қойған жағдайда ондай мекемелер іс жүзінде қажетсіз болып қалуы мүмкін; —

осыларды еске ала келіп, кеңес былай деп санайды:

1) пролетариат ішіндегі анархистік-синдикалистік қозғалысқа қарсы және социал-демократия ішіндегі аксельродтық, лариндік идеяларға қарсы мейлінше батыл принциптік күрес жүргізу қажет;

2) РСДРП ішінен партия ұйымын әлсіретуге немесе партия ұйымын социал-демократияны пролетариаттың бейпартиялық саяси ұйымдарымен алмастыру үшін пайдалануға бағытталған іріткі салушылық және демагогтық әрекеттер атаулының бәріне қарсы мейлінше батыл күрес жүргізу қажет;

3) қажет болған жағдайда жұмысшы уәкілдерінің жалпы партиялық советтеріне, жұмысшы депутаттарының советтеріне және олардың өкілдерінің съездеріне социал-демократиялық партия ұйымдарының қатысуына, ал сонымен қатар социал-демократиялық жұмысшы партиясын дамыту және нығайту мақсатымен осы іс қатаң партиялық түрде қойылған жағдайда ондай мекемелерді құруға болады;

4) пролетариаттың қалың бұқарасына социал-демократияның ықпалын кеңейту және нығайту үшін, бір жағынан, кәсіптік одақтар ұйымдастыру және олардың ішінде социал-демократиялық насихат пен үгіт жүргізу жұмыстарын күшейту қажет, ал екінші жағынан, жұмысшы табының неғұрлым қалың топтарын әр түрлі партия ұйымдарына қатысуға тарта беру қажет.

РСДРП-ның САЙЛАУ НАУҚАНЫ КЕЗІНДЕГІ ТАКТИКАСЫ

1907 ж. 17 ФЕВРАЛЬДА (2 МАРТТА) «L'HUMANITÉ[17]» ҚЫЗМЕТКЕРІНЕ БЕРІЛГЕН ИНТЕРВЬЮ

Орыс социал-демократиясының 1906 жылы апрельде Стокгольмде болып өткен соңғы съезі [18] социал-демократтар буржуазиялық партиялармен ешқандай сайлау келісімдерін жасасуға тиіс емес деп қаулы алды. Бұл принцип бірінші Дума сайлауында Сибирьде және Кавказда дереу жүзеге асырылды. Ол принцип екінші Думаға да жарамды болды ма? Большевиктер жарамды болды, меньшевиктер жарамсыз болды дейді. Осы мәселені шешу үшін большевиктер төтенше съезд шақыруды талап етті. Ноябрьдің бас кезінде конференция ғана болып өтті, оған партияның барлық ұйымдарының өкілдері қатысты. Меньшевиктер, Бундпен [19] бірге, алдағы сайлауда кадеттермен келісім жасасу туралы ұсынысты қолдады. Большевиктер, латыштармен [20] және поляктармен [21] бірге, бұл келісімді теріс деп тапты. Меньшевиктердің ұсынысы — 18 дауыс, большевиктердікі — 14 дауыс алды. Конференция жергілікті ұйымдар бұл мәселе жөнінде өз пікірлерін дербес айтуға тиіс деп шешті. Большевиктер меньшевиктерге әдейі: «Петербургте де басқа жерлердегідей болсын» деді.

Екі нәрсені білу керек: бір жағынан, меньшевиктер, азшылық деген атына қарамастан, партияның Орталық Комитетінде көпшілік болып отыр, басқаша айтқанда: партияның жалпы саясатының басшылары болып отыр; екінші жағынан, большевиктер Петербург пен

Москваның губерниялық комитеттерінде көпшілік болып отыр. Екі астананың екеуін де өзіне қарсы қойып алу: бұл — Орталық Комитет үшін ауыр да намысқа тиетін жағдай. Орталық Комитеттің Петербург пен Москвада қайткен күнде де меньшевиктік саясатты өткізуге тырысып отырған себебі осы. Петербургте сайлау жүргізу үшін ол (Орталық Комитет), сылтау табыла салысымен-ақ, жікке бөлінуді туғызып, жергілікті автономияны бұзуға тәуекел етті [22].

Петербург ұйымы Бүкіл россиялық ноябрь конференциясы белгілеген губерниялық конференцияны әлі өткізген жоқ. Ал либералдық газеттер сайлау тактикасы туралы мәселені әлдеқашан қызу талқылап алды. Олар: социалистер оларға қарамай-ақ әрекет жасай береді, сөйтіп бұқараны оларсыз, оларға қарсы, революциялық тудың төңірегіне ұйымдастырады деп қорықты. Олар большевиктерді біртіндеп «сектанттар, догматиктер, бланкистер, анархистер және басқалар» деп атап, әбден балағаттады, бірақ олар басқа революциялық партиялармен бірігіп наукан жүргізгілері келді, олармен бірлесіп ортақ сайлау тізімін жасамақ болды. Олардың қолында Петербургтің ең үлкен газеттері бар: сондықтан оларға өз айтқандарын тыңдату оңай болды. Ал большевиктердің қарамағында өздерінің шетелде шығып, айына екі рет қана келіп тұратын құпия органы «Пролетарий» ғана болған-ды.

Меньшевиктік Орталық Комитет жасырын түрде және астыртын байланыстар арқылы кадеттерге социал-демократтардың тактикасы, большевиктік губерниялық комитетке емес, оның өзіне байланысты деп хабарлады. Бұл — январьдың алғашқы күндерінде кадеттердің, халықтық социалистердің, трудовиктердің, социалист-революционерлердің және социал-демократтардың өкілдері жиналған информациялық конференцияда[23] ашылды. Олардың бәрі ортақ тізім жасауды жақтады. Губерниялық комитет делегатынан басқасының бәрі осыны жақтады, ал губерниялық комитеттің делегаты кеңестен кейін: комитет тек бірнеше күннен кейін ғана шешім шығарады деді. Сол арада Орталық Комитеттің делегаты

араласып: «Бәрінен де гөрі,— деп мәлімдеді ол,— келісім бүкіл ұйыммен емес, әрбір ауданмен жеке жасалғаны жақсы (Петербургте ондай аудан 12). — Бірақ мен мұндай ұсынысты бірінші рет естіп отырмын! — деп жауап берді губерниялық комитеттің делегаты.— Бұл Орталық Комитеттің жоспары ма? — Жоқ, бұл менің өз идеям,— деп жауап қайырды оған Орталық Комитеттің делегаты».

Аңғара білетін адам ә дегеннен-ақ түсіне қояды. Кадеттер түсінді. «Речь» (кадеттер партиясының ресми органы) [24], «Товарищ» (социалист-мильеранистер сияқты, солшыл кадеттер органы) [25], «Страна» (демократиялық реформалар партиясының органы) [26] меньшевиктер — социал-демократияның парасатты бөлігі, үлгілі бөлігі, әдепті бөлігі. Ал большевиктер болса варварлықтың өкілдері. Олар социализмнің цивилизациялық және парламенттік социализм болуына кедергі жасайды! деп мәлімдеді. Бірақ, кадеттердің көсемі Милюковтың көз алдында оларға большевиктер сайлауға кадеттерден бөлек қатысатынын хабарлады.

Сайлау тактикасы туралы мәселені шешуге тиіс болған Петербург конференциясы 6 январьда өтті. Оған 39 большевик және 31 меньшевик қатысты. Меньшевиктер әуелі мандаттың бөлінуі жөнінде дауласты; сөйтсе де олар көпшілік дауыс алуға дәмелене алмады; бірақ бұл олардың конференцияны тастап кетуіне сылтау болды. Екінші сылтау: олар, Орталық Комитеттің 4 январьдағы ұсынысына сәйкес, сайлау тактикасы туралы мәселені шешу үшін ұйым екіге бөлініп: Петербург қаласы үшін жеке конференция және жеке Петербург округтік конференциясы шақырылсын деген талап қойды. Ішінара тұратын жері принципіне, ішінара ұлттық принципке (латыш секциясы, эстон секциясы) немесе кәсіптік принципке (әскери секция, темір жолшылар секциясы) негізделген Петербург социал-демократиялық ұйымын білетіндерге — мұның өзі ұйымдардың автономиясын бұзғандық қана емес, сонымен қатар, кейбір жағынан қарағанда, жалпы ақылға қонбайтын іс болатын. Сондықтан, өзіне императивті ұсыныс ретінде ұсынылған

және өзінің принципіне ешбір үйлеспейтін бұл ұсынысқа конференция қарсы шықты.

Отыз бір делегат жиналысты тастап кетті, сөйтіп Орталық Комитет азшылық көпшіліктің шешіміне бағыну қажеттігінен құтылады деп жариялады. Мұның өзі жікке бөлінуге шақыру ғана емес, Орталық Комитет тарапынан жікке бөлінгендікті жариялаудың нағыз өзі болды.

Отыз бір делегат өзінің дербес комитетін ұйымдастырып, трудовиктердің, халықтық социалистердің және социалист-революционерлердің солшыл блогымен кадеттердің жүргізіп жатқан келіс сөздеріне қатысты, бірақ тағы бір жаңа кейіпкердің сахнаға шығуы бұл сауданы бұзып жіберді. 4 январьда «Новое Время»[27] министрдің інісі октябрист Столыпиннің мақаласын жариялады. «Егер кадеттердің революциялық топтардан біржолата қол үзіп, толығынан конституциялық негізге түсуге батылы жеткен болса, олардың партиясы жария жағдайға көшірілген болар еді»,— деп жазды ол. Бірнеше күннен кейін (15 январьда) Милюков министр Столыпинде болды, ол Столыпинге барып шыққан күннің ертеңіне барлық кадеттік газеттер кадеттердің солшылдармен келіс сөзді үзгендігі жөнінде хабар жариялады. Бірақ бұл ойын кадеттерге ешқандай пайда бермеді, олар тек мықтап тұрып, бірақ бостан-босқа масқара болды. Олар Столыпиннің қойған шарттарын қабылдай алмады.

Меньшевиктерге келетін болсақ, олар да кадеттерден кем масқара болған жоқ және соншалықты бостан-босқа масқара болды. Әуелі олар, Милюковтың Столыпинге барғанына қарамастан, өздерінің кадеттермен және солшыл топтармен келіс сөздерін жүргізе берді. Олардың ажырасқан және депутаттық орынды бөлісу жөнінде келісімге келе алмаған конференциясы 18 январьда ғана болды[28]. Одан соң, осы уақыттың ішінде «Речь» большевиктерді ығыстырып шығару үшін кадеттер бұрын жұмысшы куриясына бермек болған орынды меньшевиктерге бергелі отыр деп жазды, мұның үстіне меньшевиктер жұмысшылар даусын саудаға салудың

бұл ерекше әдісіне ешбір қарсылық жасамады. Ол олма! Орталық Комитет кадеттермен саудаласуын жалғастыра берді, мұның өзі оның кадеттердің шарттарына көнетінін көрсетті. Жұмысшылар арасында ашу-ыза туғызған да, міне, осы факт! *«Отыз бір меньшевиктің екіжүзділігі»** деген кітапшамды жазуыма себепші болған да, міне, осы факт, ал оны жазғаным үшін меньшевиктер мені партия сотына тартқысы келеді.

6 январьдағы ажырасылған конференциядан кейін большевиктер былай деді: «Егер солшылдар, өздеріне меньшевиктерді де қосып, кадеттермен одақ жасайтын болса, біз жеке күресетін боламыз. Егер олардың келіс сөздері іске аспай қалса, біз оларға оз тарапымыздан келісім жасасу шарттарын ұсынамыз, ал бұл шарттарды қабылдау олардың пролетариат гегемониясы принципін қабылдауы болады».

Солшылдардың кадеттермен жүргізген келіс сөздері іске аспай қалды (18 январьдағы конференция); бұл біз үшін бірінші жеңіс болды. Біз, кадет партиясымен мәмлеге келмейтін солшыл блок құру шарттарын ұсындық: бұл шарттарды 25 январьда меньшевиктерден басқаның бәрі қабылдады. Бұл екінші жеңіс болды. Біз Петербургтегі алты орынның екеуін — жұмысшы куриясына, екеуін — социал-демократтарға, екеуін — қалған партияларға ұсындық. Ал жұмысшы куриясының екі социал-демократты сайлайтыны анық болды. Сайлауға дейін әлі де он бес күн қалған еді, бірақ енді кадеттер мүлдем күтпеген оқиға болды,— қара тізімпен, октябристер мен кадеттердің тізімінен басқа, кадеттерсіз және меньшевиктерсіз құрылған солшыл блоктың тізімі шықты.

Өздерінің солшыл партиялармен өткізген бұрынғы конференцияларында кадеттер оларға екі орын ұсынған еді, ал солшылдар үш орын талап еткен-ді. Кадеттер өздеріне қарсы біздің солшыл блогымыз құрылғанын көрген кезде шошып кетті де, өздерінің тізіміне оз партиясынан тек үш кандидат қана енгізді. Қалған үш

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 339—351-беттер. *Ред.*

орыпның біреуін — профессор Ковалевскийге (демократиялық реформалар партиясынан), екіншісін — священник Петровқа (христиан демократы, өте әйгілі демагог), үшіншісін жұмысшыларға ұсынды. Алайда, олар осы соңғы кеңшілікті халық арасында қатты реніш тугызбау үшін ғана істеді.

Кадеттер сайлауда табысқа жетті, бірақ солшыл блоктың Петербургте барлық дауыстың 25 процентін алғанын және оның Выборг ауданында жеңіп шыққанын атап көрсету керек. Көптеген аудандарда кадеттер болмашы ғана копшілік болып жеңіп шықты. Солшыл блоктың жеңіп шығуын қамтамасыз ету үшін бес ауданда тағы да 1600 дауыс алу жеткілікті болатын еді; Коломна ауданында 99 дауыс қана жетпей қалды. Сонымен, Петербургте солшыл партиялардың жеңіп шығуына меньшевиктер кедергі жасады; дегенмен, жалпы алғанда, революцияшыл солшылдар жаңа Думада бұрынғы Думаға қарағанда анағұрлым күшті болып отыр.

Біз өте-мөте ғибрат боларлық тәжірибе алдық. Ең алдымен, біз Петербургтегі жұмысшылардың өз ұйымының автономиясын Орталық Комитеттің қол сұғуынан қорғауға белін бекем байлаған большевиктер болудан таймағанын көріп отырмыз. Онан соң, біз енді қара қауіп туралы — сайлаудың бірінші сатысында кадеттермен келісім жасасуды ақтау үшін пайдаланылған осы дәлел туралы ойлану керек екенін біліп отырмыз. Бұл — социалистік партияларды алдау үшін және кадеттерді солшылдар қаупінен қорғап қалу үшін ойдан шығарылған өтіріктен басқа еш нәрсе емес. Өйткені, бірде «Речьтің» мойындауға мәжбүр болғанындай, «кадеттерге нақты қауіп сол жақтан туып отыр». «Кімде-кім солшылдарға дауыс берсе, ол оңшылдардың өтіп кетуіне мүмкіндік береді»,— деп кадеттік газеттер бізге бір апта бойы қақсады. Бұл ұран олардың қолына қорғалақтарға күмән туғызатын құрал берді. Өздерінің батыл науқанының арқасында олардың қолы жеткені сол — солшыл блок Москвада Петербургтегіден кем дауыс (13%) алды, өйткені Москвада біздің ешқандай газетіміз жоқ еді. Бірақ олар қара қауіп дегеннің жал-

ған және сылтау екені туралы мүлтіксіз ақиқатты ашып көрсетуге кедергі жасай алмады. Москвада да, Петербургтегідей, төрт тізім болды; Москвада да, Петербургте де қаралар мен октябристердің одағы оңшылдарды жеңіске жеткізе алмады. Біздің қолымызда цифрларымыз бар, қажет болған жағдайда біз соларға сүйене аламыз.

Сонымен, меньшевиктер кадеттерге жақтасып, оларға қызмет етуге ерікті. Біз оларға ермейміз. Халық оларға ермейді. Кадеттер іс-әрекетінің ұнамсыздығы сондай, бұқара барған сайын солға қарай бет бұрып келеді. Егер Милюков біздің «саясатымызды авантюралық» деп, ал біздің туымызды «қызыл шүберек» деп бағалау арқылы бізді ізбасарларымыздан айырамын деп түсінетін болса, онда біз өзімізге соншалықты пайдалы осы тәрізді мағынасыз сөздерін айта беру үшін ғана оны шақыра аламыз. Егер Петербургтің жұмысшылары бұрын большевиктер болған заводтарында қазір де большевиктер сайланып отырған, ал қазір жұмысшылары бұрын меньшевиктер болған және меньшевиктер басқалардың бәрінен де көп насихат жүргізген заводтарында... *социалист-революционерлер өтіп отырған* факт жөнінде кадеттеніп бара жатқан меньшевиктер ойланып көрсе, онда олар жақсы істейді! Тіпті социалист-революционерлердің өздері де алып отырған дауыстарының санына қатты таңданған болар. Меньшевиктердің оппортунизміне олар сондай алғыс айтып отырған болар! Бізге келетін болсақ, мұндай нәтижелер бізді мына идеяға: бұрынғы қай кездегіден болса да, біздің қазіргі парызымыз бен табысымыздың кепілі — революцияны құртып, жоқ еткісі келетін либерал буржуазиямен емес, демократияшыл шаруалармен бірігіп, күннен-күнге неғұрлым контрреволюцияшылданып бара жатқан буржуазияның пасықтығы мен сатқындығына қарсы бағытталған жұмыс жүргізу деген идеяға берік екенімізді тек қана нығайта түседі. Ең жақсы саясат дегеніміз тағы да және әрқашан да ашық революциялық саясат жүргізу, пролетар-жұмысшылармен бірге біздің төңірегімізге демократияшыл шаруалардың

сапсыз көп бұқарасын аз-аздап топтастыра беретін пролетарлық тудың астында кескілескен, мүлдем тәуелсіз күрес жүргізу.

1907 ж. 4 апрельде «L'Humanité» газетінің 1082-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет 1929—1930 жылдары В. И. Ленин Шығармаларының 2—3-басылуларында басылған, XI том

Газеттің тексті бойынша басылып отыр
Француз тілінен аударма

ЕКІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАНЫҢ АШЫЛУЫ [29]

СПБ. 20 февраль, 1907 ж.

Бүгін екінші Дума жиналады[30]. Оның шақырылу жағдайы, оның ішкі, сыртқы сайлау жағдайы, оның жұмыс жағдайы,— бірінші Думаға қарағанда мұның бәрі өзгерді. Оқиғалар жай бұрынғысындай қайталана береді деп күту көрінеу қате болар еді. Ал, екінші жағынан, тағдырдың құбылмалы жағдайларына соншалықты бай, өткен саяси жыл ішінде болған өзгерістердің бәрінде де қозғалыстың бұраланды қисық жолмен, бірақ үнемі алға және алға қарай баса отырып, жалпы алғанда жоғары сатыға көтерілгенін көрсететін бір негізгі белгі бар екені байқалады.

Бұл негізгі белгіні қысқаша былай деуге болады: жоғарғылардың оңшылдануы, төменгілердің солшылдануы, саяси ушқарылықтың шиеленісуі. Және саяси ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен әлеуметтік-экономикалық ушқарылықтың да шиеленісуі. Екінші Дума қарсаңындағы соңғы оқиғалардың өте-мөте ерекшелігі сол: саясаттың сырт қалпында қозғалыс жоқ сияқты көрініп отырған кезде жұмысшы табының да, шаруалардың мейлінше мол топтарының да жаппай сана-сезімінің өсуі жөнінде көзге көрінбейтін, ың-шыңсыз, бірақ терең жұмыс жүріп жатты.

Өткен жылдың ішінде әскери-далалық конституция өзгеріп жарыған жоқ. Бірақ таптар саяси жағынан орасан зор қозғалысқа түсті. Қаражүздіктерді алып қараңыз. Бастапқыда бұл, ең алдымен, полициялық бандылардың шағын тобы еді, оған мүлдем қараңғы, ақымақ-

тандырылған, кейде тікелей ішкілікпен суарып масайтқан қарапайым халықтың аз ғана бір бөлігі ерген еді. Енді қара партияларды Біріккен дворяндар советі басқарып отыр. Крепостник-помещик топтасты жәпе революцияда біржолата «өзін өзі таныды». Қара партиялар қазіргі революция ең зор қауіп төндіретін игіліктерді: аса ірі жер иеленушілікті,— крепостниктік заманның осы қалдығын,— жоғары сословиенің пұрсаттылығын, мемлекеттік істерді сарай маңындағы сұрқиялармен жеке байланыс жасау арқылы шешу мүмкіндігін және т. т. қорғауда өліспей беріспеуге тиістілердің таптық ұйымына айналып келеді.

Кадеттерді алып қараңыз. Айқын да ашық буржуазиялық партиялардың ішінде бұл партия, күмәнсыз, ең «алдыңғы қатарлы» партия деп есептелетін. Ал оның қаншалықты оңға ойысып отырғанын қараңыз! Өткен жылғыдай реакция мен халық күресінің арасында ауытқу деген енді жоқ. Енді осы халық күресіне тікелей өшпенділік бар, революцияны тоқтатуға, тыныш жайғасып отырып алуға, реакциямен келісімге келуге,— капиталистік үлгідегі помещик үшін және фабрикант үшін,— монархиялық конституцияның, тар өрісті, таптық құлқынды көздеген конституцияның, бүкіл халық бұқарасы жөнінде аяусыз қатаң конституцияның жайлы «ұясын» сала бастауға тікелей, арсыздықпен ұмтылу талабы бар.

Кадеттер орталық межеден солға таман тұр, бостандық партиялары мен реакция партияларының арасын бөлетін меже олардан оңға таман өтеді деп көптеген адамдардың жасаған қателерін енді қайталауға болмайды. Кадеттер — орталық, осы орталық өзінің оңға ойысқан мәмлеге келуін бірден-бірге ашықтан-ашық жолға қойып келеді. Таптардың саяси жағынан қайтадан топқа бөлінгендігі — шаруашылықты капиталистік тұрғыда жүргізіп отырған помещик пен буржуазияның қалың тобының кадеттердің тірегіне айналғанынан көрініп отыр. Ал демократиялық, ұсақ буржуазиялық топтар кадеттерден көрінеу көзге аулақтап барады, тек дәстүр, әдет бойынша ғана, кейде тікелей алдау салдарынан ғана оларға еріп отыр.

Қазіргі революцияның крепостниктік тәртіпке қарсы, помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған басты күресі деревняда айқын да көрнекірек байқалып отыр. Кадетте демократизмнің жоқ екені шаруаның көзіне қаланың ұсақ буржуасынан гөрі айқындау көрінеді. Шаруа кадеттен бұрынғысынан да батылырақ теріс айналды. Шаруалар сайламшылары кадеттерді губерниялық сайлау жиналыстарынан басқалардың бәрінен де гөрі көбірек ығыстырып шығарды.

Қалаларда шаруа мен помещиктің антагонизмі, халық бостандығы мен крепостниктік тәртіптің буржуазиялық революциядағы осы ең терең және типтік антагонизмі бірінші кезекте тұрған жоқ. Қалаларда пролетарлар — қазірдің өзінде мүдделердің бұдан анағұрлым терең қарама-қарсылығын түсініп отыр, бұл қарама-қарсылық социалистік қозғалысты туғызды. Жұмысшы куриясы жалпы және тұтас алғанда Россия көлемінде өңкей социал-демократтарды сайлады, эсерлерді аз, басқа партиялардың мүшелерін мүлдем болмашы мөлшерде ғана сайлады. Бірақ қалалық ұсақ буржуазиялық демократия ішінде де төменгі топтардың кадеттерден солға бұрылып кеткені күмәнсыз. Кадет статистигі Смирнов мырзаның «Речьтегі» мәліметтеріне қарағанда, төрт тізімнен сайлаған 153 мың сайлаушысы бар 22 қалада монархистер — 17 мың, октябристер — 34 мың, *солшыл блок* — 41 мың, кадеттер —74 мың дауыс алған. Бірінші сайлау шайқасында-ақ кадеттің күнделікті баспасөзінің, кадеттік жария ұйымның, қаралардың өтіп кету қаупі туралы кадеттік өтіріктің орасан күшті болған жағдайында, солшылдардың астыртын өмір сүрген жағдайында — кадеттерден көп дауыс тартып алынғаны сопшалықты, онда приказчиктің, ұсақ қызметшінің, төменгі чиновниктің, кедей пәтер жалдаушының бетбұрыс жасағаны айқын болды. Енді бір сондай шайқасқа кадеттер төтеп бере алмайды. Қалалық демократия олардан трудовиктерге және социал-демократтарға кетіп қалды.

Біріккен дворяндардың қаражүздік советіне қарсы, революциядан әбден зәресі кетіп, одан теріс айналған либерал буржуазияға қарсы бүкіл пролетариат, демо-

кратиялық ұсақ буржуазияның, әсіресе шаруалардың аса қалың бұқарасы жұмылып отыр.

Таптардың саяси жағынан қайта топтасуының терең болғаны, кең болғаны, күшті болғаны соншалық, Думада осы қайта топтасудың көрінуіне ешқандай әскери-далалық езгі, ешқандай сенат түсініктемелері[31], реакцияның ешқандай қулықтары, күнделікті баспасөздің бәрін монополиялық түрде жайлап алған кадеттік өтіріктің ешқандай тасқыны, еш нәрсе кедергі жасай алмады. Екінші Дума әр түрлі таптардың терең, бұқаралық, ұйымдық жағынан нығайған, саналы күресінің шиеленісіп отырғанын көрсетеді.

Кезеңнің міндеті — осы негізгі фактіні түсіну, Думаның әр түрлі топтарын осы төменгі мықты тірекпен тығызырақ байланыстыра білу. Жоғарыға, үкіметке қарамау керек, төменгі таптарға, халыққа қарау керек. Думадағы ішкі ұсақ-түйектерге назар аудару керек емес. Өйтіп-бүйтіп көрінбей қалуға, тыныштық алуға, сөйтіп Думаны таратып жібертпеуге, Столыпин мен К^{0}-ні ашуландырып алмау жөніндегі пасық пікірлер,— кадеттердің осы пасық пікірлері демократты алаң қылмауға тиіс. Ол төменде шапшаң айнала бастаған үлкен доңғалақ пен жоғарыдағы кішкене доңғалақтың арасындағы жалғастырғыш айылды бекітуге барлық назарын аударып, барлық күшін салуға тиіс.

Алдыңғы қатарлы таптың партиясы ретінде социал-демократия еңсесін барынша тік көтеріп, дербес, үзілді-кесілді және батыл бой көрсету инициативасын енді мейлінше мойнына алуға тиіс. Пролетариаттың социалистік және таза таптық міндеттерін орындау үшін, ол өзін бүкіл демократияның авангарды етіп көрсетуге тиіс. Біз ұсақ буржуазиялық топтар мен жіктердің бәрінен де бөлектенуіміз керек,—бірақ бөлектенгенде тәкәппарсып оқшау қалу үшін емес (бұл іс жүзінде либерал буржуаға көмектесу, оның соңынан еру болар еді), өзімізді ауытқу атаулыдан, жартыкештік атаулыдан босатып, *өз соңымызға* демократияшыл шаруаларды *ерте* білу үшін бөлектенуіміз керек.

Либералдар гегемониясынан демократияның қалдықтарын тартып алу, оны өз соңына ертіп алу, оны

халыққа арқа сүйеуге, төменгі таптармен топтасуға, бүкіл жұмысшы табының алдында, күйзелген, аштыққа ұшырап отырған бүкіл шаруалар бұқарасының алдында *өзінің* туын желбірете көтеруге үйрету,— міне, социал-демократия екінші Думаға кіргенде осындай мақсатты бірінші кезекке қойып кіреді.

«Новый Луч» № 1,
20 февраль, 1907 ж.

«Новый Луч» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

Россійская Соціалдемократическая Рабочая Партія.

Пролетаріи всѣхъ странъ, соединяйтесь!

РАБОЧІЙ

Газета Охтенск. и Самсон. подрайоновъ Выборгскаго района.

№ 2. | пятница, 23 Февраля 1907 г. | Цѣна 1 к.

Товарищи-рабочіе!

День созыва второй Госуд. Думы насталъ. Сознательный пролетаріатъ никогда не вѣрилъ въ то, чтобы можно было добиться воли народу, земли крестьянству путемъ посылки ходатаевъ къ царю, управляющему шайкой черносотенныхъ насильниковъ. Сознательный пролетаріатъ бойкотировалъ Думу, чтобы предупредить темныя крестьянскія массы, которыя вѣрили въ Думу. И опытъ съ первой Думой, издѣвка правительства надъ ея предложеніями, ея разгонъ показали, что сознательный пролетаріатъ былъ правъ,— показали, что мирнымъ путемъ, на почвѣ законовъ, царемъ изданныхъ и черносотенцами оберегаемыхъ, нельзя добиться свободы.

Во вторую думу соціалдемократія совѣтовала народу посылать не ходатаевъ, а борцовъ. Вѣра въ мирный путь подорвана у народа. Это видно изъ того, что партія либераловъ, проповѣдующая мирный путь, кадеты, потерпѣла крушеніе на выборахъ. Эта партія либеральныхъ помѣщиковъ и буржуазныхъ адвокатовъ, пытающаяся примирить черносотенное самодержавіе съ народной свободой, входитъ во вторую Думу ослабленной. Усилились черносотенцы, которые провели нѣсколько десятковъ депутатовъ. Но еще гораздо болѣе усилились лѣвые, т. е. тѣ, кто болѣе или менѣе рѣшительно и послѣдовательно стоятъ не за мирный путь, а за революціонную борьбу.

Вторая Дума—лѣвѣе первой Думы. Во второй Думѣ гораздо больше соціалдемократовъ и больше революціонныхъ демократовъ (с.-р. и часть трудовиковъ). Первая Дума была Думой надеждъ на мирный путь. Вторая Дума —Дума острой борьбы между черносотеннымъ царскимъ правительствомъ и представителями массы, массы пролетаріевъ, сознательно добивающихся свободы ради борьбы за соціализмъ, — массы крестьянства, стихійно подымающагося противъ крѣпостниковъ помѣщиковъ.

Выборы новой Думы показали, что не смотря на всѣ преслѣдованія и запреты растетъ и крѣпнетъ революціонное сознаніе въ широкихъ народныхъ массахъ. Близится новая революціонная волна, новый революціонный бой народа за свободу.

Этотъ бой будетъ данъ не въ Думѣ. Этотъ бой рѣшитъ возстаніе пролетаріата, крестьянства и сознательной части войска. Этотъ бой надвигается на насъ всѣмъ ходомъ событій, всѣмъ ходомъ столкновеній лѣвой части Думы съ правительствомъ и кадетами.

Будьте же готовы, рабочіе, къ серьезнымъ событіямъ. Не тратьте своихъ силъ понапрасну. Намъ не надо ускорять развязки: пусть царь и его черносотенные слуги нападаютъ первые. Имъ придется нападать на народъ, разгонять Думу, отмѣнить избирательный законъ, начинать рядъ насилій, чтобы развязаться съ новой Думой.

Пусть насильники начинаютъ. Пролетаріатъ долженъ стойко, твердо, выдержанно готовить болѣе и болѣе широкія массы народа къ великому, отчаянному бою за свободу. Товарищи-рабочіе! Мы пережили первыя великія схватки революціи. 9-ое января 1905г., октябрьскую стачку, декабрьское возстаніе. Мы будемъ вновь собирать новыя силы для новаго еще болѣе грознаго, рѣшительнаго выступленія когда разгорится костеръ лѣвой Думы во всероссійскій пожаръ. Нужно всѣ силы собрать и сосредоточить для грядущаго рѣшительнаго сраженія.

Помните, товарищи, что вторая Дума неизбѣжно ведетъ къ борьбѣ, къ возстанію. Не растрачивайте своихъ силъ на пустяки.

Да здравствуетъ всенародное возстаніе за свободу!

Да здравствуетъ революція!

Да здравствуетъ международная революціонная соціалдемократія!

Н. Ленинъ.

ПИСЬМА РАБОЧИХЪ.

Заводъ Крейтона.

(Окончаніе.)

Къ сожаленію, фильтровка въ кузнечной мастерской хозяину удалась. Литература тутъ игнорируется, особенно платная, и пропагандѣ мѣшаетъ кузнецъ по кличкѣ «старый хрычъ». Организованныхъ въ этой мастерской только одинъ человѣкъ. Мастеръ, однофамилецъ извѣстнаго провокатора Ушакова, вполнѣ оправдываетъ свою фамилію собственнымъ поведеніемъ.

Передъ выборами по городской куріи черносотенныя и кадетскія прокламаціи и бюллетени въ большомъ количествѣ получаются нѣкоторыми квартиронанимателями, которые, принося ихъ на заводъ, казнятъ подъ молотомъ и затѣмъ вывѣшиваютъ на показъ съ подписью: «Кадетская бюллетень послѣ достойной казни».

В. И. Лениннің бас мақаласы басылған «Рабочий» газетінің 1907 ж. 23-февральдағы 2-номерінің бірінші беті

Кішірейтілген

ЕКІНШІ ДУМА ЖӘНЕ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ [32]

Жұмысшы жолдастар!

Екінші Мемлекеттік дума шақырылатын күн келді. Қаражүздік зорлықшылар шайкасын басқарып отырған патшаға өтініш айтушылар жіберу арқылы халыққа — ерік, шаруаларға — жер алуға болады дегенге саналы пролетариат еш уақытта сенген емес. Саналы пролетариат Думаға сенген қараңғы шаруалар бұқарасын сақтандыру үшін Думаға бойкот жасаған болатын. Ал бірінші Думаның тәжірибесі, оның ұсыныстарын үкіметтің мазақ етуі, оны таратып жіберуі саналы пролетариаттың дұрыс істегенін көрсетті,— бейбіт жолмен, патша шығарған және қаражүздіктер қорғаштап отырған заң негізінде бостандық алуға болмайтынын көрсетті.

Социал-демократия халыққа екінші Думаға өтініш айтушылар емес, күрескерлер жіберіңдер деп кеңес берді. Халықтың бейбіт жолға деген сенімі жойылды. Мұның өзі бейбіт жолды уағыздайтын либералдар партиясы — кадеттердің сайлауда ойсырап жеңілгендігінен көрініп отыр. Либерал помещиктер мен буржуазияшыл адвокаттардың қаражүздік самодержавиені халық бостандығымен бітістіруге тырысатын бұл партиясы екінші Думаға әлсіреп келіп отыр. Қаражүздіктер күшейіп алды, олар ондаған депутаттар өткізді. Ал солшылдар, яғни бейбіт жолды емес, революциялық күресті аздыкөпті батыл және дәйекті түрде жақтаушылар, олардан әлдеқайда көбірек күшейді.

Екінші Дума — бірінші Думадан солшылдау. Екінші Думада социал-демократтар анағұрлым көп, революцияшыл демократтар да (социалист-революционерлер және трудовиктердің бір бөлегі) көп. Бірінші Дума бейбіт жолға үміт артқан үміт Думасы еді. Екінші Дума — қаражүздік патша үкіметі мен бұқара өкілдері — социализм жолында күресу үшін бостандықты саналы түрде жеңіп алуға ұмтылған пролетарлар бұқарасының, крепостник-помещиктерге қарсы стихиялы түрде көтеріліп отырған шаруалар бұқарасының өкілдері арасындағы шиеленіскен күрестің Думасы.

Жаңа Думаны сайлау мыналарды көрсетті: қуғынға ұшыратып, тыйым салулардың бәріне қарамастан қалың халық бұқарасының революциялық сана-сезімі өсіп, ныгайып келеді. Жаңа революциялық толқын, халықтың бостандық жолындағы жаңа революциялық шайқасы жақындап келеді.

Бұл шайқас Дума ішінде болмайды. Бұл шайқасты пролетариаттың, шаруалардың және әскердің саналы бөлегінің көтерілісі шешеді. Оқиғалардың бүкіл барысы, Думаның солшыл бөлегінің үкіметпен және кадеттермен қақтығысының бүкіл барысы осы шайқасты бізге жақындатып келеді.

Жұмысшылар, елеулі оқиғаларға әзір болыңыздар. Күштеріңді бостан-босқа ысырап етпеңіздер. Бізге түйіннің шешілуін тездетудің керегі жоқ: патша мен оның қаражүздік малайлары-ақ бірінші болып тиіссін. Жаңа Думадан құтылу үшін олардың халыққа тисуіне, Думаны таратып жіберуіне, сайлау заңын жоюына, бірқатар зорлық-зомбылық жасай бастауына тура келеді.

Зорлық жасаушылар-ақ бастасын. Пролетариат халықтың неғұрлым қалың бұқарасын бостандық жолындағы жанталасқан, ұлы шайқасқа табанды, берік, ұстамды түрде әзірлеуге тиіс. Жұмысшы жолдастар! Біз революцияның алғашқы ұлы шайқастарын — 1905 жылғы 9 январьды[33], октябрь стачкасын[34], декабрь көтерілісін[53] басымыздан кешірдік. Солшыл Думаның жаққан оты бүкіл россиялық өртке айналған кезде біз жаңадан, неғұрлым айбынды, батыл бой көрсету үшін жаңа күш-

терді тағы да жинай береміз. Келешектегі шешуші шайқастар үшін барлық күшті жинап, шоғырландыруымыз керек.

Жолдастар, естеріңізде болсын, екінші Дума күреске, көтеріліске сөзсіз әкеледі. Күштеріңді болмашы нәрселерге ысырап етпеңіздер.

Бостандық жолындағы бүкіл халықтық көтеріліс жасасын!

Революция жасасын!

Халықаралық революциялық социал-демократия жасасын!

1907 ж. 20 февральда
(5 мартта) жазылған

1907 ж. 23 февральда «Рабочий» газетінің 2-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

СТОЛЫПИН ДЕКЛАРАЦИЯСЫ ЖӨНІНДЕ

ҮНДЕУ ЖОБАСЫ[36]

Мемлекеттік думадағы Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының депутаттары халыққа мынаны мәлімдейді және Думаның да халыққа осыны мәлімдеуін ұсынады:

Үкімет өзінің премьер-министрі Столыпин мырза арқылы халық өкілдеріне I Думаны қуғаннан кейін жүргізген саясатын бұдан былай да жүргізе бергелі отырғанын мәлімдеді. Үкімет халық өкілдерінің еркімен санасқысы келмейді. Ол халық өкілдерінің оның саясатына мойын ұсынуларын, осы үкіметтік саясатты оның дамытуына, жетілдіруіне, дәлме-дәл және толық қолдануына көмектесулерін талап етеді.

Ал үкіметтің саясаты дегеніміз не?

Ол — ат төбеліндей аса ірі помещиктердің, сарай маңындағылар мен ұлықтардың мүдделерін қорғау, олардың халықты қанау және езу праволарын қорғау деген сөз. Жер де жоқ, ерік те жоқ!— міне, үкіметтің халыққа Столыпин арқылы айтқызып отырғаны осы.

Шаруалар үкіметтен помещиктерді қорғаудан басқа және шаруалардың жарық дүниеге, бостандыққа, өз жағдайларын жақсартуға, жердің шаруалар қолына көшуіне, ауыр кіріптарлықтан, каторгалық өмірден, аштыққа шалдығып, азып-тозып өлуден құтылуға талаптануына қарсы аяусыз-құтырына күресуден басқа еш нәрсе күтуге тиісті емес. Шаруалар үкіметтен

чиновниктік озбырлық пен помещиктік езгіге қарсы батыл күрескені үшін түрмеге жабылып, жер аударылып, өлтіріліп, шаруалардың мыңдаған және он мыңдаған таңдаулы адамдарын жойған зорлық-зомбылықтардың одан әрі жалғастырыла беретінін күтуге тиіс. Алпауыттар мен кулактардың болмашы азшылығын шамалы ғана жемтікпен сатып алу, самодержавиелік үкіметке көмек бергені үшін сыйлық ретінде жеріне жете күйзелген деревняны олардың талауына көмектесу,— Столыпин мен оның министрлігінің жүргізгелі отырған саясаты, міне, осындай.

Жұмысшылар бұл үкіметтен зорлық-зомбылықтар мен езгіден басқа еш нәрсе күтпеуге тиіс. Үкімет жұмысшылардың өз жағдайларын жақсарту жолындағы күресінде бұрынғыдай олардың қолын байлай береді. Жұмысшы одақтары бұрынғыдай жабылып, жұмысшы газеттері бұрынғыдай қудалана береді. Жұмысшыларға қысым көрсетуге бағытталған қадамдарының бәрінде ірі фабриканттар үкіметтен бұрынғыдай қолқабыс және көмек ала беретін болады. Жұмыссыздықтан ауыр мұқтаждыққа душар болған жұмысшылар үкіметтен көмек күтпеуі керек, қайта сол мұқтаждықты күшейтеді және асқындыра түседі деп күтуі керек. Жұмысшы табына берілетін үкіметтік көмек дегеніміз фабриканттар мен полиция чиновниктерінің кеңестерінде жасалатын заңдар. Россияның жұмысшылары жұмысшы табы жөніндегі үкімет «қамқорлығының» бұл саясатын әлдеқашан-ақ бағалап қойған-ды.

Ат төбеліндей сарай маңындағылардың жыртқыштық мүдделеріне бола үкіметтің Жапониямен жүргізген соғысында қандарын төккен,— ал өз отанында өздерінің тұрмысын жеңілдету жолындағы, казармалық каторгадан құтылу жолындағы, солдат та өзін мал емес, адаммын деп сезінуі жолындағы күресте қандарын төккен солдаттар мен матростар,— осы солдаттар мен матростар үкіметтен бұрынғы зорлық-зомбылықтар мен езгіден басқа, бұрынғыдай қатыгездіктен басқа және бостандық алуға, шаруалар үшін жер алуға ұмтылып жатқан өзінің бауырларын — жұмысшылар мен шаруа-

ларды жуасытқаны және бағындырғаны үшін сыйлық ретінде берілетін бір үзім қатқан наннан басқа еш нәрсе күтпеуге тиіс.

Үкіметтің мәлімдемесі үкіметтің халықпен бітімге келуді емес, соғысуды тілейтінін айқын көрсетті. Бұл мәлімдеме бір нәрсені ашып айтпай отыр, халыққа оны халықтың Думаға жіберіп отырған, халық мүдделеріне адал депутаттары ашып айтуға тиіс: үкімет өзінің мәлімдемесінде II Думаны қалай да және сөзсіз таратып жібермек болып ұйғарым жасалғанын, II Думаның тіпті халық еркін білдіруіне де, шаруалардың, жұмысшылардың, солдаттардың мұқтажын, барлық еңбекшілердің мұқтажын білдіруіне де, депутаттарын Думаға шығарып сала отырып, өз аманаттарында халық нені айт деп тапсырса, солардың бәрін айтуына да мүмкіндік бермей таратып жібермек болып ұйғарым жасалғанын білдіретінін ашып айтпай отыр.

Халыққа бостандық пен жер беруге Думаның дәрменсіз екенін социал-демократиялық жұмысшы партиясы халыққа әрқашан да айтып келген болатын. Думаның жұмысшы табы мен шаруалардың мүдделерін қорғайтын депутаттары осы мүдделерге қызмет етуге, Думада шындықты айту арқылы, Россияның түкпір-түкпірінде шашырап жатқан миллиондаған халықтың бәріне үкіметтің халыққа қарсы қандай зиянды саясат жүргізіп отырғанын, халыққа қарсы ол қандай зұлымдық әрекет ойлап жатқанын, халыққа ол қандай заңдар мен шараларды беруден бас тартып отырғанын түсіндіру арқылы халыққа көмек көрсетуге өздерінің барлық күшін сарп етуге даяр.

Бірақ халыққа көмектесе алатын Думаның депутаттары мен бүкіл Думаның өзі халықсыз түкке тұрмайды. Егер Россия аз уақытқа болмашы ғана бостандықтар алған болса, егер ол аз уақытқа болса да халық өкілдігін алған болса, онда мұның бәріне бостандық жолындағы халық күресі арқылы ғана, жұмысшы табының, шаруалардың, солдаттар мен матростардың жанқиярлық күресі арқылы ғана қолы жетті.

Үкімет халыққа тағы да соғыс жариялап отыр. Ол II Думаны таратуға, қазіргі сайлау правосын жоюға, бұ-

рынғы орыс самодержавиесінің бұрынғы тәртіптерін қайта орнатуға әкелетін жолға түсіп отыр.

Жұмысшы табының депутаттары бүкіл халыққа осыны хабарлайды.

1907 ж. 20 және 28 февраль (5 және 13 март) аралығында жазылған

Бірінші рет 1931 ж. Лениннің XVI жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

АЛҒАШҚЫ МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ

СПБ. 21 февраль, 1907 ж.

Кеше біз «Русская Жизньде» [37] социал-демократияның дербестігі туралы жақсы сөздер айтып жүрген меньшевиктер дұрыс саясат жүргізер деп үміттенген едік.

Бұрнағы күні кеште болған кадеттік жиналыс осы үміттің бәрін быт-шыт етті...

Мәселе былай болды.

19 февральда түстен кейін Думадағы социал-демократиялық фракцияның жиналысы болды. Онда кадеттер шақырып отырған оңаша кеңеске бару ұсынылған еді. Депутаттардың бір бөлегі қатты қарсылық білдірді. Олар Столыпинмен саудаласып жүрген либерал буржуаларға жұмысшы табы депутаттарының баруы масқара, социал-демократтар кадеттік саясат жүргізуге тиіс емес, пролетарлық саясат жүргізуге тиіс, шаруаны либерал барингe ертіп баруға, *кадеттік* «солшыл» блок құруға көмектесуге тиіс емес деді. Меньшевиктер өз шешімдерін өткізді.

19 февраль күні кешке Долгоруковтың пәтерінде «оппозициядағы» 300-ге жуық Дума мүшесінің жиналысы болды: бұған кадеттер, *халықтық-демократтар* (поляктың қаражүздік ұлтшыл-буржуалары) [38], барлық солшылдар, трудовиктер, эсерлер және... социал-демократтар қатысты. Социал-демократиялық депутаттардың бір бөлегі кадеттерге бармай қалды.

Кадеттің үйіндегі жиналыста не болды?

Кадеттің үйіндегі жиналыста барлық солшылдар, барлық демократтар, ұсақ буржуалар (халықшылдар, трудовиктер, эсерлер) жәпе барлық кадет бейнелі социал-демократтар *кадеттік ұсыныстарға қол қойды*. «Товарищ» бетінде меньшевиктер өз шешімдері түпкілікті шешім емес, әлі де фракция пікірін сұрау керек деген формальды ескерту жасады. «Речь» (кадеттердің орталық органы) бетінде *ешкім* ешқандай ескертулер жасаған жоқ.

Сонымен, социал-демократтар, либералдардың адал құлдары ретінде, олардың барлық жоспарын қабылдады, президиумның көпшілігін (үш орынның екеуін) кадеттерге берді, *сөйтіп* үшінші орынды *кадеттерге таңылған* трудовиктердің алуына келісті, президиум сайлаудың қандай саяси мәні бар екенін, әрбір саналы азаматтың бұл мәселені, жеке, жасырын келісімдер бойынша емес, партияның қалай қарайтыны тұрғысынан шешуге *міндетті* болатын себебі не екенін халыққа түсіндірмеуге келісті.

Мұндай әрекетті Думада қаражүздік президиум болып кетеді деп қорқудан туған деуге бола ма? Жоқ. Біз кешегі күннің өзінде-ақ П. Орловский жолдастың мақаласында кадеттер мен солшылдардың арасында дауыс *қалай бөлінсе де* қаралардың *жеңе алмайтынын* көрсеткен болатынбыз.

Қаражүздік жеңістен қауіптену емес, либералдарға жағымпаздану үміті — меньшевиктік саясатты *іс жүзінде* анықтайтын, міне, осы.

Социал-демократтар қандай саясат жүргізуге тиіс?

Не бостандық сатқындарынан және халықты қанаушы либералдардан сыртқары тұрған социалистер ретінде қалыс қалуға тиіс, не қараларға да қарсы, либералдарға да қарсы күресе алатын демократиялық ұсақ буржуазияны өз соңына ертіп алуға тиіс.

Бірінші саясат, демократия жолындағы күрес тұрғысынан *барлық* буржуазиялық партиялар арасында елеулі айырмашылықтар жойылған кезде, социалистер үшін міндетті саясат. Осындай жағдай Европада болады. Революция жоқ. Барлық буржуазиялық партиялар демократия жолында күресу қабілетінен айрылған, олар тек

қожайындардың *немесе қожайынсымақтардың* ұсақ, қара басының мүдделері үшін ғана күреседі. Мұндай жағдайларда социал-демократия бұқара алдында өзінің социалистік көзқарастарын үздіксіз дамыта отырып, демократияның мүдделерін *жалғыз* қорғайды.

Екінші саясат буржуазиялық-демократиялық революцияға керекті жағдайлар әлі де бар кезде, пролетариатқа қажетті демократия үшін күресе алатын, жұмысшы табынан басқа да, белгілі бір буржуазиялық немесе ұсақ буржуазиялық топтар бар кезде, міндетті саясат.

Россияда қазіргі кезде екінші саясат жүргізілуге тиіс. Өзінің социалистік уағыздауын, үгітін, пролетарларды тап етіп ұйымдастыруын бір сәт те естен шығармай, социал-демократия, демократиялық ұсақ буржуазиямен *бірге жүре келіп,* қараларға да, *либералдарға* да оқтыноқтын *соққы беріп* отыруға міндетті.

Өйткені либералдар (кадеттер, халықтық демократтар (?), демократиялық реформалар партиясы және басқалар, т. с.) революциядан қазірдің өзінде-ақ үзілді-кесілді теріс айналып, халық бостандығына, өздері ол жайында әншейін ғана мылжыңдап жүрген бостандыққа қарсы самодержавиемен мәмлеге келіп отыр. Қазір тіпті кадеттердің өткен жылы *үкіметтің* Франциядан әскери-дала соттары мен атып-асу істеріне *екі миллиард* қарыз алуына *көмектескені де* анықталып келеді, өйткені Клемансо кадеттерге: егер кадеттер партиясы заемға ресми қарсы шығатын болса, заем болмайды деп кесіп айтты. Кадеттер ертеңгі *үкіметтік партияда* өз жағдайынан айрылып қалудан қорқып, заемға қарсы шығудан бас тартты! Россияны Треповтың пулеметтері ғана емес, сонымен қатар кадет-француз миллиондары да атқылап жатты.

Революцияшыл социал-демократтарға кадеттердің гегемониясын қолдауға болмайды. Ал олардың 19 февральдағы кадеттік жиналысқа баруға қарсы пікір айтуы да жеткіліксіз. Олар фракцияның кадеттік саясат сияқты саясаттан қол үзуін және Думада пролетариаттың дербес саясатын қолдап, турадан-тура, ашық сөйлеуін үзілді-кесілді және сөзсіз талап етуге тиіс.

Президиум туралы мәселеде социал-демократтар былай деуге тиіс еді: біз өз президиумымыз болсын демейміз. Біз *кадеттерге қарсы* солшылдардың немесе трудовиктердің *бүкіл* тізімін, яғни кадет кандидаттарына қарсы үш кандидаттың үшеуінің де президиумға сайлануын қолдаймыз, ал егер, біздің сақтандырғанымызға қарамастан, трудовиктер кадеттердің соңына еретін болса, қалыс қаламыз. Солшылдардан кандидат ұсыну қалай болған күнде де, тіпті оның өтуіне мүмкіндік болмаған күнде де өте қажет еді; бірінші рет дауысқа салғанда-ақ оған берілген дауыстың саны кадеттерге қарсы күресе қалған күнде социал-демократтардың қандай күштерге сенім артуына болатынын көрсеткен болар еді. Ал егер оның алған даусы, сайлануға қажетті абсолюттік көпшіліктен кем болып, бірақ кадеттің алған даусынан көп болып шықса,— онда осы дауысқа қою Дума кадеттік емес екенін, кадет — Думада *мықты күш емес* екенін халыққа айқын көрсеткен болар еді.

Президиум сайлау уақ-түйек мәселе емес. Бұл — бірінші қадам, оған келесі қадамдар жалғасады. Жеребе тасталды.

Не кадеттік саясат сияқты саясатты таңдау керек, ал өйткен күнде социал-демократтар іс жүзінде либералдардың шылауына айналып кетеді.

Не революциялық социал-демократияның саясатын таңдау керек, ал өйткен күнде біз кадеттерге бас июден емес, *өз* туымызды ашықтан-ашық желбірете көтеруден бастаймыз. Сонда біз кадеттерге бармайтын боламыз. Сонда біз ұсақ буржуазиялық, әсіресе шаруалар демократиясын қаралармен де, либералдармен де шайқасқа шығуға шақырамыз.

«Новый Луч» № 2,
21 февраль, 1907 ж.

«Новый Луч» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕРДІ ҚОЛДАУ САЯСАТЫН ЖҮРГІЗУГЕ МЕНЬШЕВИКТЕР ПРАВОЛЫ МА?

Социал-демократияның саясаты немен белгіленеді?

Шын мәнінде ол пролетариаттың таптық мүдделерімен белгіленеді. Формальдық жағынан — партия съездерінің шешімдерімен белгіленеді.

Ол шешімдер бізде қандай? Біріншіден, РСДРП-ның Бірігу (Стокгольм) съезінің шешімдері. Екіншіден, РСДРП Бүкіл россиялық ноябрь конференциясының Орталық Комитет бекіткен шешімдері.

Стокгольм съезінің қарары Мемлекеттік дума туралы бізге нені *тапсырды?*

...(1-пункт, а) «бұл дау-жанжалдарды (нақ үкімет пен Дума арасындағы, *сол сияқты Думаның өз ішіндегі* дау-жанжалдарды) ...ға бағытталған кең бұқаралық қозғалыстардың басталатын жері етуге мүмкіндік беретіндей шектерге дейін *кеңейтуге, шиеленістіруге* ұмтылу керек» *және т. т.*

Съездің осы тапсырмасын меньшевиктер орындап отыр ма? олар президиум туралы мәселеде Думадағы сол қанаттың кадеттермен дау-жанжалын ұлғайтып, шиеленістіріп отыр ма?

Жоқ, меньшевиктер съездің қаулысын бұзып отыр.

Бұдан әрі, съезд нақ сол қарарда былай деп тапсырды: «... өзінің бұл іске араласуын мына түрде бағыттау керек: осы шиеленісіп отырған қақтығыстар: (а) Думада халық еркін білдірушілердің ролін өзіне алатын барлық буржуазиялық партиялардың дәйексіздігін *бұқара алдында ашып беретіндей етіп* және (б) *қалың бұқара-*

ны (пролетариатты, шаруаларды және қала мещандарын) Думаның мүлдем жарамсыздығын түсінуге жеткізетіндей етіп бағыттау керек» *және т. т.*

Демек, ешбір қауіп-қатерсіз және тіпті барынша жария негізде қала отырып-ақ меньшевиктер *кадеттік* президиум — революциядан сырт айналып кеткен партияның президиумы екендігін *бұқара* алдында, яғни *Думада ашықтан-ашық* айқындап бере алатын еді және меньшевиктер бұған міндетті еді.

РСДРП Бүкіл россиялық ноябрь конференциясының Орталық Комитет бекіткен және 18 меньшевик делегат қабылдаған қарары партияға нені тапсырды?

«РСДРП пролетариаттың дербес таптық партиясы ретінде бой көрсете отырып, өзінің сайлау науқанында мынадай *мақсатты* алдына қояды... 2) өкімет үшін күрестің *бейбіт жолмен* аяқталуына үміттенудің *қандайы болса да бос қиял* екенін бұқараға түсіндіру.

... 4) *бұқараның саяси белсенділігін* арттыру және, Думадан тыс жерде де, *оның өз ішінде де революция күштерін* ұйымдастыра отырып, Думаны революцияның тірек пунктіне айналдыруға жағдай жасау...».

Меньшевиктердің 1906 жылдың ноябрінен бастап оңшылдапа түскені соншалық, тіпті бірден өздерінің қаулысын өздері бұзды. Олар күрес бейбіт аяқталады деген үмітті бұқара ішінде *күшейтіп,* өздерінің осы алғашқы қадамымен Дума ішінде «революция күштеріне» іріткі салып отыр, өйткені солшылдар тарапынан қарсылықсыз, бүкіл Дума сайлаған кадеттік президиум социал-демократияның өзі нақ сол «бос қиял» деп білетін үміттерді социал-демократияның бүкіл халық алдында ресми түрде *растауы* болар еді.

Кадеттер революциядан ашықтап-ашық және бүтіндей сырт айналып кетті. «Революция күштері» дегеніміз — солшылдар, трудовиктер, социалист-революционерлер (революциялық буржуазия) және социал-демократтар. «Революция күштеріне» іріткі салуға емес, оларды ұйымдастыруға көмектесу үшін біз бұқараға мынаны айтуға *міндеттіміз:* социал-демократтар кадеттерге қарсы солшыл, трудовиктер президиумын қолдайды. Егер трудовиктер президиумы өтіп, демократтың үмітін

ақтамаса — онда біз мұнымен демократиялық ұсақ буржуазияны бұқара алдында әшкерелеп, бірден-бір дәйекті демократиялық тап — пролетариат екендігіне сенімді күшейткен болар едік.

Орталық Комитет сайлау науқанын бастаған кезде бүкіл партияға және бүкіл халыққа не деді? РСДРП-ның ресми *сайлау платформасынан* мынаны оқимыз:

«...Азаматтар, Думаға Россия үшін бостандық тілеп *қана* қоймай, сонымен қатар осы бостандықты жеңіп алу үшін *халық революциясына көмектесуге* де ұмтылатын адамдарды сайлау керек... Бірінші Дума мұны істемеді. Думаның «халық бостандығы» партиясы басшылық еткен көпшілігі бостандық пен жерді үкіметпен *бейбіт келіс сөз жүргізу арқылы* аламыз деп үміттенді... Сондықтан да Думаға жігерсіз өтініш жасаушыларды сайламау керек... Азаматтар, өткен жылғы январьда, октябрь мен декабрьде басталған ұлы істі сіздермен бірге жалғастыратын революция күрескерлерін сайлаңыздар».

Бұл — пролетариатқа лайықты айтылған қандай әдемі, қандай ұлағатты сөздер десеңізші! Меньшевиктер үшін мұның *бос* сөз болып көрінетіні өкінішті-ақ.

Партияның сайлау платформасында бірінші Думаның кадеттік көпшілігі және оның кадеттік саясаты *айыпталған* еді, ал енді солшыл Думада кадеттердің гегемониясын *қолдан* қайта орнатуға көмектеспек болады.

«Новый Луч» № 3,
22 февраль, 1907 ж.

«Новый Луч» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ДУМА САЙЛАУЫ ЖӘНЕ ОРЫС СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯСЫНЫҢ ТАКТИКАСЫ [39]

Дума сайлауының нәтижесі әр түрлі таптар мен олардың күштерін сипаттайды.

Россияда сайлау правосы — *төте* де *емес, тең* де *емес*. Шаруалар ең әуелі он үйліктерді сайлайды; он үйліктер өз арасынан шаруа уәкілдерін сайлайды; уәкілдер — шаруа сайламшыларын, ал ақырында, сайламшылар басқа сословиелерден сайланған сайламшылармен бірге — Думаға депутаттар сайлайды. Мұндай сайлау тәртібі жер иеленушілік, қалалық және жұмысшы курияларың үшін қолданылады, сонымен бірге бұл куриялардың әрқайсысына келетін сайламшылардың саны жоғары таптардың, помещиктер мен буржуазияның мүдделері мен пайдасын көздеген заң бойынша белгіленген. Оның үстіне, тек революциялық партиялар ғана емес, оппозициялық партиялар да нағыз варварлық, нағыз заңсыз полициялық жазалауға ұшыратылады; одан соң,— баспасөз бен жиналыс бостандығының мүлдем жоқтығы, жүгенсіздікпен тұтқынға алулар мен жер аударулар, Россияның жартысынан көп жерінде әрекет ететін әскери-дала соттары және олармен байланысты туатын ерекше жағдай өріс алған.

Алайда, осындай жағдайларда, жаңа Думаның бірінші Думадан анағұрлым оппозицияшылырақ және революцияшылырақ болуы қалайша мүмкін болды?

Бұл сұраққа жауап беру үшін біз ең әуелі кадеттердің органы «Речьтің»,— Россияның Европалық жағында (Польшаны, Кавказды, Сибирьді және т. б. қоспа-

ғанда) барлық сайламшылардың шамамен $^{9}/_{10}$ бөлігін қамтитын,— мәліметтері бойынша, екінші Думаның партиялық саяси-құрамына қарай, сайламшылардың жеке партияларға бөлінуі жайындағы деректерді қарап өтуіміз керек. Біз негізгі бес саяси топты аламыз, өйткені сайламшылардың саяси бет-әлпетін одан дәлірек көрсететін мәлімет жоқ. Бірінші топқа кіретіндер — *оңшылдар*. Бұған «қаражүздік» дейтіндер (монархистер, Орыс халқы одағы және т. б.) кіреді, бұлар тап-таза күйіндегі толық самодержавиеге қайта оралуды жақтайды, революционерлерге қарсы аяусыз әскери террор жасауға,— Дума мүшесі Герценштейнді өлтіру сияқты,— оларды қалтарыста өлтіре беруге шақырады, әдейілеп «ойрандар» ұйымдастырады және т. б. істейді. Сонан соң бұған *«октябрист»* дейтіндер (Россияда ірі өнеркәсіпшілер партиясы осылай аталады) жатады, бұлар 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесінен [40] кейін іле-шала контрреволюцияға қосылып кетті, қазір үкіметті барынша қолдап отыр. Сайлау кезінде бұл партия көбінесе монархистермен блок жасайды.

Екінші топқа кіретіндер — *партияда жоқтар*. Көптеген сайламшылар мен депутаттар, әсіресе шаруалар арасынан шыққандары, өздерінің революциялық сенімдеріне бола қуғынға ұшырамау үшін осы атақты бүркенгенін біз алда көреміз.

Үшінші топ *либералдардан* құралады. Либералдық партияларды бастап отырған конституциялық-демократиялық («кадеттік» партия деп аталатын) партия, яғни «халық бостандығы» партиясы. Бұл — орыс революциясындағы орталық партия; ол партия помещиктер мен шаруалардың арасында тұр. Буржуазия осы екі тапты бітістіруге тырысады. Либерал буржуазияның — кадеттердің — партиясына баға беру — орыс социал-демократиясының ішіндегі екі бағыт арасындағы алауыздықтың аса маңызды пункті.

Думада, саяси сенімдеріне қарай емес, оппортунизм тұрғысындағы пікірлері бойынша, орыс либералдары жағына шығатындардың бірі поляк «қаражүздіктері» — «халықтық демократтар» партиясы; бұлар Польшада жасырын шағым беру, локаут жасау және кісі өлтіруге

дейін барлық құралдарды қолданып, революцияшыл пролетариатқа қарсы күрес жүргізіп отыр.

Төртінші топқа кіретіндер — *прогрессистер*. Бұл партияның аты емес, нақ «партияда жоқтар» деген сияқты ешбір мағына білдірмейтін, шартты белгі; оның мақсаты — ең алдымен, полиция қуғындарынан бой тасалау.

Ақырында, бесінші топ *солшылдардан* құралады. Бұған социал-демократтар мен социалист-революционерлер, халықтық социалистер (бұлар шамамен француз радикал-социалистеріне[41] сәйкес келеді) партиялары және *«трудовиктер»* дейтіндер — шаруа демократиясының әлі де айқын қалыптаспаған ұйымы * кіреді. Трудовиктер, халықтық социалистер және социалист-революционерлер өздерінің таптық сипаттары бойынша ұсақ буржуазияшыл және шаруа демократтары. Кейде жеке революциялық топтардың сайламшылары полиция қуғынынан құтылып кетуге сенімдірек болу үшін сайлау науқаны кезінде «солшылдар» деген жалпы атақты бүркенуге тырысты.

Партиялардың әлеуметтік құрамы жөніндегі біздің қорытындыларымыздың дұрыс екенін қазір «Речь» келтірген цифрлар көрсетеді. [44-беттегі кестелерді қараңыз. *Ред.*]

Бұл *кестелерге* қарағанда *ірі қалалар* өз алдына бір топ болатыны көрініп отыр, атап айтқанда: Петербург 6 депутат, Москва — 4, Варшава мен Ташкент — 2-ден, басқа қалалар 1-ден, барлығы 17 қала—27 депутат сайлайды. Думаның басқа мүшелері барлық төрт курия бас қосқан жеке губерниялар сайламшыларының жиналыстарында сайланады; ал оның үстіне әрбір губернияда шаруадан шыққан сайламшылар шаруа куриясы атынан 1 депутат сайлайды. Сонымен, депутаттар: губерниялық сайлау жиналыстарынан, шаруа куриясынан және ірі қалалардан сайланғандар болып үш топқа бөлінеді.

Прогрестік блок пен солшыл блоктың белгілі бір сай-

---

* Неміс баспасөзінде бұл партия кобінесе «жұмысшы тобы» деп аталады, бұл оны жұмысшы табына бейне бір жақын етіп көрсететін сияқты. Шынында, Россияда олардың арасында тіпті мұндай сөз жүзінде де жақындық жоқ. Сондықтан «трудовиктер» деген сөзді аудармай-ақ, оның ұсақ буржуазиялық, атап айтқанда шаруа демократиясын сол арқылы белгілеген жөн.

Сайламшылар саны

Партиялар	Европалық Россияның 51 губерниясы										Ірі қалалар	
	Жер иеленушілік		Қалалық		Шаруа		Жұмысшы		Жиыны			
	Сайламшылар	%	Сайламшылар	%	Сайламшылар	%	Сайламшылар	%	Сайламшылар	%	Сайламшылар	%
Оңшылдар	1 224	70,9	182	13,9	764	33,8	—	—	2 170	40,0	346	20,7
Партияда жоқтар	81	4,7	27	2,1	248	11,0	2	1,4	358	6,6	—	—
Либералдар	154	8,9	504	38,7	103	4,6	—	—	761	14,0	940	56,4
Прогрессистер	185	10,7	280	21,5	561	24,9	3	2,1	1 029	18,9	55	3,3
Солшылдар	82	4,8	311	23,8	582	25,7	140	96,5	1 115	20,5	327	19,6
Жиыны	1 726	100,0	1 304	100,0	2 258	100,0	145	100,0	5 433	100,0	1 668	100,0

Дума депутаттарының саны

Партиялар	Европалық Россияның 51 губерниясы						Польша		Кавказ		Сибирь мен шығыс губерниялар		Бүкіл Россия империясы бойынша	
	Губерниялардан		Шаруа куриясынан		Ірі қалалардан									
	Депутат	%	Депутат	%	Депутат	%	Депутат	%	Депутат	%	Депутат	%	Депутат	%
Оңшылдар	85	25,7	4	7,5	5	18,5	1	2,7	2	7,1	—	—	97	19,8
Партияда жоқтар	18	5,4	3	5,7	—	—	—	—	—	—	1	7,1	22	4,5
Либералдар	82	24,8	10	18,9	17	63,0	32	86,5	9	32,2	6	42,9	156	31,8
Прогрессистер	20	6,0	10	18,9	—	—	3	8,1	2	7,1	—	—	35	7,1
Солшылдар	126	38,1	26	49,0	5	18,5	1	2,7	15	53,6	7	50,0	180	36,8
Жиыны	331	100,0	53	100,0	27	100,0	37	100,0	28	100,0	14	100,0	490	100,0

ламшылар тобы тек есеп негізінде ғана жеке партиялық топтарға бөлініп кетуі мүмкін; ал жалпы алғанда бұл цифрлар әр түрлі орыс партияларының таптық құрылымын түсіну үшін әзірге ең толық және сенімді материал береді.

Жұмысшы куриясы тіпті провинцияда да және, ең алдымен, әрине, ірі қалаларда тек қана дерлік солшылдарды сайлайды, атап айтсақ, бұлар — 96,5%. Жұмысшы куриясынан сайланған 140 солшыл сайламшының 84-і социал-демократ, 52-сі айқын белгіленбеген солшыл (көбінесе бұлар да социал-демократтар) және 4 социалист-революционер. Сонымен, орыс социал-демократиясы, оны революциялық интеллигенцияның партиясы деп көрсеткісі келетін либералдардың өтірік дәлелдеріне қарамастан, нағыз *жұмысшы* партиясы. Петербургте — қала мен губернияда — жұмысшы куриясынан сайланған 24 сайламшының 20-сы социал-демократ және 4-еуі социалист-революционер болған; Москвада — қала мен губернияда — тек қана социал-демократтар, атап айтқанда, 35 социал-демократ сайланған және т. б.

Шаруа куриясында таңқаларлықтай үйлесімсіздік бірден көзге түседі: шаруа-сайламшылардың ішінен 33,8 проценті оңшылдарға жатады, ал сонымен қатар, шаруа куриясының сол сайламшылары сайлаған *Дума депутаттарының* тек 7,5 проценті оңшылдар. Бұдан шаруалардан шыққан сайламшылардың үкімет қуғынынан құтылу үшін ғана өздерін оңшылдармыз деп *атағаны* айқын аңғарылып тұр. Бұл жағдайды орыс баспасөзі жүзден астам рет көрсеткен, ал сайлау статистикасы қазір мұны біржолата растап отыр.

Шаруа куриясы туралы пікір айтқанда оның сайламшылары өздерін қалай атайтынына қарап емес, олардың *депутаттары* өздерін қай партияға есептейтіндігіне қарап қана айтуға болады. Біз шаруа куриясының *жұмысшы куриясынан кейінгі ең солшыл топты құрайтынын* көріп отырмыз. Шаруалар оңшылдарды тек 7,5% сайлап, *либералдардан гөрі солшылдарды 67, 95%* сайлады! Россияда шаруалар көбіне *революцияшыл* ниетте,— екінші Дума сайлауының берер сабағы осындай. Бұл — аса зор маңызды факт, себебі ол Россияда рево-

люцияның аяқталудан әлі де алыс жатқанын дәлелдейді. Шаруаның талаптары қанағаттандырылмай тұрғанда, ең болмағанда, ол тыныштталмай тұрғанда революция жалғаса беруге *тиіс*. Бірақ, әрине, шаруаның революцияшыл ниеті социал-демократиямен ешқандай қатысы жоқ: шаруа — буржуазиялық-демократиялық революционер, ол тіпті де социалист емес. Ол өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін қоғамның қолына беру үшін күреспейді, бірақ помещиктердің жерін шаруалардың конфискелеп алуы үшін күреседі.

Шаруалардың буржуазиялық-демократиялық революцияшыл сана-сезімі трудовиктердің, социалист-революционерлердің және халықтық социалистердің партияларында типтік партиялық-саяси тұрпат алады. Думаның шаруа куриясынан сайланған 53 депутатының 24-і осы шаруа демократтарына жатады (10 солшыл, 10 трудовик, 4 социалист-революционер), ал содан соң шаруалардан сайланған 10 прогрессист пен партияда жоқ 3 депутаттың көпшілігі трудовиктерге жататыны күмәнсыз. Біздің мұны күмәнсыз дейтін себебіміз: бірінші Думадан кейін трудовиктер аяусыз қуғынға ұшыратылды, сондықтан шаруалар Думада *іс жүзінде* трудовиктермен бірге *дауыс беріп* отырса да, өздерін трудовиктерміз деп атамай, сақтық жасап отыр. Мысалы, трудовиктердің I Думаға ұсынған ең маңызды заң жобасы — «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған аграрлық жоба (бұл жобаның негізгі мазмұны — помещиктердің жерін, ал болашақта — шаруалардың үлесті жерлерін дереу национализациялау, сонымен қатар жерді теңгерме пайдалану) еді. Бұл жоба — шаруалар өміріндегі аса маңызды мәселелердің бірі саналатын мәселеде шаруалар бұқарасының саяси ой-пікірінің аса көрнекті жемісі. Бұл жобаға 70 «трудовик» пен өздерін партияда жоқтармыз деп атаған немесе өздерінің қай партияға жататындығы туралы сұраққа жалпы ешқандай жауап бермеген 25 шаруа ғана қол қойған!

Сонымен, Россиядағы «Еңбек» тобы, дау жоқ, селолық шаруалар демократиясының партиясы. Бұлар сөздің социалистік мағынасында емес, буржуазиялық-демократиялық мағынасында, революциялық партиялар.

Қалалық курияда ірі қалалар мен ұсақ қалалардың арасындағы айырмашылықты ажырата білу керек. Ұсақ қалаларда жеке таптардың арасындағы саяси қайшылықтар онша айқын білінбейді, пролетариат бұқарасы (өз алдына жұмысшы куриясын құратын) көп емес, мұнда оңшылдар әлсіздеу. Ірі қалаларда партияда жоқ сайламшылар мүлдем жоқ, мұнда әрі-сәрі «прогрессистердің» сапы мүлдем аз; оның есесіне мұнда оңшылдар күштірек те, солшылдар әлсізірек. Себебі — түсінікті: ірі қалалардың пролетариаты өз алдына жұмысшы куриясын құрады, ол курия біздің сайламшылар жөніндегі кестемізге * енгізілмей отыр. Ұсақ буржуазия мұнда ұсақ қалаларға қарағанда анағұрлым аз. Ірі өнеркәсіп басым: одан ішінара оңшылдар, ішінара либералдар өкіл болады.

Сайламшылар құрамы жөніндегі мәліметтер либералдық партиялардың (демек, негізінен, кадеттердің) негізі қалалық, ең алдымен, ірі өнеркәсіп буржуазиясы екенін айқын дәлелдейді. Пролетариаттың дербестігі мен күшінен сескенетін бұл буржуазияның оңға қарай ойысуы ірі қалалар мен ұсақ қалаларды салыстырған жағдайда әсіресе айқын көрінеді. Ұсақ қалалардағы қалалық (яғни буржуазиялық) курияда солшыл элементтер анағұрлым басым.

Орыс социал-демократтарының негізгі алауыздықтары осы мәселеге тығыз байланысты. Олардың бір қанаты («меньшевиктер» деп аталатын қанаты) кадеттер мен либералдарды, артта қалған деревнялық ұсақ буржуазияға (трудовиктерге) қарама-қарсы, прогрестік қалалық буржуазия деп есептейді. Осыдан келіп, буржуазия революциясының қозғаушы күші деп танылады да, кадеттерді қолдау саясаты жарияланады. Екінші қанаты («большевиктер» деп аталатын қанаты) либералдарды ірі индустрия өкілдері деп есептейді, олар проле-

* Бұған дерек жоқ. Сондықтан жұмысшы куриясынан сайланған сайламшылардың цифры кестеден сызып тасталып отыр. Бізде тек 37 жұмысшы сайламшы туралы ғана анық мәліметтер бар. *Бұлардың бәрі де түгелімен солшылдарға жатады.* Европалық Россиядағы барлық жұмысшы-сайламшылардың жалпы саны заң бойынша 208. Бұлардың 145-і жөнінде ғана біздің неғұрлым анық дерегіміз бар, бұларды жаңағы ірі қалалардың жұмысшы куриясынан сайланған 37 сайламшымен қосқанда не бары 182, яғни жалпы жұмысшы-сайламшыларының $^{9}/_{10}$ бөлігі болады.

тариаттан қорқып, революцияны мүмкіндігінше тез аяқтауға тырысады, реакциямен ымыраласуға барады. Трудовиктерді бұл қанат революциялық ұсақ буржуазиялық демократия деп есептейді де, оларды шаруалар үшін аса маңызды жер мәселесінде — ірі жер иеліктерін конфискелеуде батыл позицияда болуға бейім деген пікірде болады. Осыдан большевиктердің тактикасы келіп шығады. Олар сатқын либерал буржуазияны, яғни кадеттерді қолдауды теріс деп тауып, демократиялық ұсақ буржуазияны либералдардың ықпалынан босатуға тырысады; олар шаруалар мен қалалық ұсақ буржуаны либералдардан ажыратып алып, авангард ретіндегі пролетариатқа ертіп, революциялық күреске бастағысы келеді. Орыс революциясы өзінің әлеуметтік-экономикалық мазмұны жағынан — буржуазиялық революция, бірақ оның қозғаушы күші, дегенмен, либерал буржуазия емес, пролетариат пен демократияшыл шаруалар. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы арқылы ғана революцияның жеңіп шығуы мүмкін.

Егер біз либералдар мен қалалық ұсақ буржуазия арасындағы одақтың қаншалықты берік екенін білгіміз келсе, онда біз үшін ірі қалаларда партиялық блоктарға берілген *дауыстар санының* статистикасы ерекше назар аударарлық. Статистик Смирновтың деректері бойынша, 22 ірі қалада монархистерге — 17 000, октябристерге — 34 500, кадеттерге — 74 000 және солшыл блокқа — 41 000 * дауыс берілген.

Екінші Дума сайлауы кезінде, кадеттермен блок жасасу керек пе немесе кадеттерге қарсы трудовиктермен блок жасасу керек пе деген мәселе жөнінде социал-демократияның екі қанатының, меньшевиктер мен большевиктердің, арасында қиян-кескі күрес болды. Москвада большевиктерді жақтаушылар күштірек. Онда солшыл блок құрылды да, меньшевиктер соның құрамына кірді. Петербургте де большевиктер күштірек болды,

---

* «Солшыл блок» деп отырғанымыз — социал-демократтардың ұсақ буржуазиялық демократия партияларымен (ең әуелі «трудовиктермен», бұл сөзді ең кең мағынада түсініп және бұл топтың сол қанаты социалист-революционерлер деп есептеп) жасасқан сайлау блогы. Бұл блок оңшылдарға да, либералдарға да қарсы бағытталған.

сондай-ақ мұнда да сайлау кезінде солшыл блок құрылды, бірақ меньшевиктер оған қосылмай, ұйымнан шығып кетті. Жікке бөліну пайда болды, ол осы күнге дейін де солай болып келеді. Меньшевиктер қаражүздіктер тарапынан қауіп туып отыр дегенді тілге тиек етті, яғни олар солшылдар мен либералдар дауыстарының бөлінуі себепті сайлауда қаралар жеңіп кетеді деп қауіптенді. Большевиктер бұл қауіпті ұсақ буржуазиялық және пролетарлық демократияны буржуазиялық либерализмнің қанаты астына тарту мақсатын ғана көздеген либералдардың ойдан шығарған өтірігі деп жариялады. Цифрлар солшылдар мен кадеттердің дауыстарын қосып алғанда ол октябристер мен монархистердің дауыстарын қосып есептегендегіден екі еседен де астам көп екенін дәлелдеп отыр *. Демек, оппозиция дауыстарының екіге бөлінуі оңшылдардың жеңуіне көмектесе алмайтын еді.

200 000-нан астам қала сайлаушыларын қамтитын бұл цифрлар, сондай-ақ екінші Думаның жалпы құрамы жөніндегі деректер социал-демократтар мен кадеттер блоктарының шын саяси мағынасы тіпті де «қара» қауіпті жоюда емес (бұл пікір, тіпті, нағыз таза оймен айтылғанның өзінде де, жалпы алғанда жалған пікір), жұмысшы табының дербес саясатын жоюда және оны либералдардың гегемониясына бағындыруда екенін дәлелдейді.

Орыс социал-демократиясының екі қанатының арасындағы таластың мәнісі буржуазиялық революцияда либералдардың гегемониясын мойындау керек пе немесе жұмысшы табының гегемониясына ұмтылу керек пе деген мәселені шешуде болып отыр.

Социал-демократтар мен трудовиктердің кадеттерге қарсы алғашқы келісімі кезінде, үгіт жұмысының кездескен аса зор қиыншылықтарына қарамастан, солшылдар 22 қалада 41 000 дауыс алды, яғни октябристерден

---

* Сол Смирнов мырзаның есебі бойынша, сайлауға 72 000 сайлаушылар келген және 4 емес, 2 (немесе 3) тізім күрескен 16 қалада оппозиция 58,7%, ал оңшылдар 21% дауыс алған. Мұнда да бірінші сан екіншіден екі еседен де артық болып отыр. Қаражүздіктерден қауіп бар деу бұл арада да,— шындығында *«сол жақ қаупінен»* (біз бұл сөзді кадеттердің органы «Речьтен» алып отырмыз) қорқатын болса да, оң жақ қаупі туралы көп сөйлеген,— либералдардың алдамшы құбыжығы.

асып түсіп, либералдардың дауыстарының жартысынан көбін алды; міне, бұл жағдай большевиктерге: қалалардағы демократиялық ұсақ буржуазия кадеттерге ергенде, осы топтардың революцияға ошпенділігінен гөрі олардың ескі әдеттерінен және либералдардың қулықсұмдықтарының салдарынан еретінін дәлелдеуіне негіз болады.

Енді ең соңғы курияға — жер иеленушілік куриясына келелік. Мұнда біз оңшылдардың анық басым екенін көреміз: сайламшылардың 70,9 проценті оңшылдар. Ірі жер иеленушінің революцияға сырт беруі және шаруаның жер үшін күресінің әсерімен оның контрреволюция жағына шығуы — қалай да болмай қоймайды.

Егер біз енді губерниялық сайлау жиналыстарындағы сайлау топтарының құрамын және сол жиналыстарда сайланған депутаттардың саяси бет-әлпеті жағынан Думаның құрамын алып салыстырсақ, онда прогрессист дегеніміз көбінесе солшылдардың бүркеніп жүрген атағы ғана екенін байқаймыз. Сайламшылардың 20,5 проценті — солшылдар және 18,9 проценті—прогрессистер. Депутаттардың 38 проценті солшылдарға жатады! Оңшылдардың депутаттары 25,7 процент қана болды, алайда, сайламшылардың 40 проценті оңшылдар болып есептеледі; ал егер біз бұлардан — шаруалардан шыққан сайламшыларды шығарып тастасақ (сайлау жөніндегі хабарларды бұрмалап теріс көрсеткен орыс үкіметінің агенттері ғана оларды оңшылдар деп есептей алатынын біз жоғарыда дәлелдедік), сонда 2170—764=1406 оңшыл сайламшы, яғни 25,8% болады. Сонымен, екі нәтиже бір-біріне толығынан сәйкес келіп отыр. Либерал сайламшылардың бір бөлігі, сірә, «партияда жоқтар» деген, бір бөлігі «прогрессистер» деген аттарды, ал шаруалар тіпті «оңшылдар» деген атты бүркенетін болса керек.

Россияның орыс емес бөліктерімен, Польшамен және Кавказбен салыстыру Россиядағы буржуазиялық революцияның шын қозғаушы күші буржуазия емес екенін жаңа дәлел болады. Польшада революциялық шаруалар қозғалысы, ешқандай қалалық буржуазиялық оппозиция дегендер мүлдем жоқ, либералдар жоққа тән. Рево-

люцияшыл пролетариатқа қарсы онда ірі және ұсақ буржуазиядан құралған реакциялық блок тұр. Сондықтан онда халықтық демократтар жеңді. Кавказда революциялық шаруалар қозғалысы өте күшті, либералдардың күші Россияда қандай болса, онда да сондай дерлік, бірақ онда солшылдар — ең күшті партия: Думадағы солшылдардың проценті (53,6%) шаруа куриясынан шыққан депутаттардың процентімен (49%) шамалас. Буржуазиялық революцияны тек жұмысшылар мен революцияшыл-демократияшыл шаруалар ғана аяқтай алады. Алдыңғы қатарлы, капиталистік жағынан жоғары дамыған Польшада орыс мағынасындағы аграрлық мәселе жоқ, помещиктер жерін конфискелеу жолындағы шаруалардың революциялық күресі деген мүлдем жоқ. Сондықтан Польшада революцияның пролетариаттан тыс ешқандай берік тірегі жоқ. Тап қайшылықтары онда Батыс Европа типіне жуық. Кавказда біз оның керісінше жағдайға тап болып отырмыз.

Осы арада тағы бір ескерту жасалық, «Речьтің» есептеуіне қарағанда, 180 солшыл жеке партияларға былайша бөлінеді: 68 солшыл, 9 халықтық социалист (трудовиктердің оң қанаты), 28 социалист-революционер және 46 социал-демократ... Іс жүзінде социал-демократтардың саны қазір — 65. Либералдар мүмкін болғанынша социал-демократтардың санын азайтып көрсетуге тырысады.

Бұл топтарды таптық құрылымы жағынан екі жікке бөлуге болады: демократиялық ұсақ буржуазияға, қалалық, әсіресе селолық ұсақ буржуазияға — 134 депутат, пролетариатқа — 46 депутат келеді.

Жалпы алғанда біз Россиядағы әр алуан партиялардың таптық құрылымы өте-мөте айқын екенін көреміз. Ірі жер иелері қаражүздіктерге, монархистерге және октябристерге жатады. Ірі өнеркәсіптің өкілдері октябристер мен либералдар болып отыр. Шаруашылық жүргізу тәсілдері жағынан Россияның помещиктері: шаруашылығын әлі де жартылай феодалдық әдістермен, жұмысын шаруалардың малы және құрал-сайманы арқылы жүргізетіндерге (мұнда шаруа помещикке кіріптар) және шаруашылық жүргізудің осы замапғы капиталистік формаларын қазірдің өзінде енгізгендерге

бөлінеді. Осы соңғылардың ішінде либералдар аз емес. Қалалық ұсақ буржуазияның өкілдері — либералдар мен трудовиктер. Ұсақ шаруа буржуазиясының өкілдері — трудовиктер, әсіресе олардың сол қанаты — социалист-революционерлер. Пролетариаттың социал-демократия болып табылатын өз өкілдігі бар. Россияның капиталистік дамуы көріне артта қалып отырған жағдайда, қоғамның таптық құрылысына қарай партиялық топтасулардың бұлайша айқын көрінуі тоқырау дәуіріне немесе бейбіт прогресс деп аталатын дәуірге қарағанда партиялар анағұрлым тез құрылып, таптық санасезім шексіз тез өсіп, шыңдалып отырған дәуірдің қаулап өскен революциялық пиғылы арқылы ғана түсіндіріледі.

1907 ж. 27 мартта «Die Neue Zeit» журналының 26-номерінде басылған
I. Band, 1906—07
Қол қойған: A. L i n i t s c h

Орыс тілінде бірінші рет 1922 ж. Н. Лениннің (В. Ульяновтың) Шығармалар жинағында басылған, VIII том

Журналдың тексті бойынша басылып отыр
Неміс тілінен аударма

ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ТАКТИКА

«Товарищ» 21 февральда социалист-революционерлер партиясының соңғы, шұғыл шақырылған съезінің қабылдаған қаулыларынан үзінділер алып жариялады [42]. Бұл қаулылар Думадағы тактика туралы мәселеге арналған.

Бұл қаулылар жайында өте көп нәрселер айтуға болады және айтылуға тиіс. Бірақ біз бұл арада бұл қаулылардың жәпе жалпы алғанда эсерлер қаулыларының бәрінің негізгі кемшілігіне: әр түрлі партияларға таптық талдау жасаудың жоқтығына тоқталып жатпаймыз. Тактика деп аталуға лайықты тактика ондай талдаусыз белгілене алмайды. Эсерлер қаулыларын революциялық социал-демократияның платформасымен (15—18 февральда бірнеше большевиктік ұйымдар өкілдерінің кеңесінде жасалған қарарлар *; бұлар жуырда жариялапады) ** салыстыру бұл пікірге біздің әлі де сан рет оралуымызға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ біз революционерлер «сыртқы (?), жеңіл-желпі жанжалдарды туғызуға», «Думаның таратылуын тездетуге», т. с. тіпті де тырыспайды деген ап-айқын ақиқатты эсерлердің бірсыпыра асыра көрсетуіне де тоқталып жатпаймыз. Бұл — жеке мәселе.

---

* Бүгінгі «Современная Речь» [43] (22 февральдағы) 3-бетінде осы кеңестің құрамын дұрыс көрсетіп, қабылданған *алты* карардың біреуінің *кішкене бөлегін* қайта басып отыр. Тіпті осы қайта басылған кішкене бөлектің өзінде де қателер бар екені оқушылардың есінде болсын.

** Қараңыз: осы том, 1—11-беттер. *Ред.*

Қазіргі кезеңнің көкейтесті мәселелері тұрғысынан қарағанда эсерлер тактикасының түйіні мына қаулы болып табылады:

«4. Съезд былай деп табады: Дума ішіндегі айқын жіктелген партиялық топтасулар, әрбір жеке топтың оқшаулапа бой көрсетуі жағдайында және фракция аралық шиеленіскен күрес жағдайында, оппозициялық көпшіліктің қызметін мүлдем әлсіретіп, сол арқылы еңбекші таптардың көз алдында халық өкілдігі идеясының өзінің қадірін төмендетуі мүмкін. Сондықтан съезд партия депутаттары барлық социалистік және барып тұрған солшыл фракциялардың мүмкін болғанынша неғұрлым тұрақты және келісе отырып бой көрсетуін ұйымдастыруға барлық күштерін салулары қажет деп есептейді; халықтың саяси праволары мен бостандығы жолында Думаның оңшылдарымен және үкіметпен күрес жүргізу мәселелерінде Думаның революциялық-социалистік бөлегі мен оның оппозициялық бөлегінің жеке-жеке, мүмкін болғанынша неғұрлым келісе отырып бой көрсетуін арнайы ұйымдастыруға тырысу қажет, сонымен қатар бұл ұзақ уақыттық та, сондай-ақ ішінара келісе отырып та жүргізілетін барлық бой көрсетулер партия программасы мен тактикасының негізгі принциптеріне ешбір жағынан қайшы келмейтін негіздерде жүруге тиіс».

Ұсақ буржуазиялық тактиканың принциптік негіздерін тамаша етіп баяндау! Оның өте солқылдақтығын тамаша етіп әшкерелеу!

«Ұзақ уақыттық (!) және ішінара келісе отырып жүргізілетін бой көрсетулер», «мүмкін болғанынша неғұрлым тұрақты (!) және келісіп алынған ...». Барлық осы «келісушіліктің» негізінде нақ қандай *таптардың* нақ қандай *мүдделер ортақтығы* бар екенін анықтауға әрекет жасаудың болмағандығынан бұлар бос сөз ғана болып тұр! Біз, революцияшыл социал-демократтар, пролетариат партиясы мен демократиялық ұсақ буржуазия партияларының қараларға қарсы және сатқын либерализм партиясы ретіндегі кадеттерге қарсы бірігіп бой көрсетулерін мақұлдаймыз. Ал, эсерлердің Россия революциясының бұл таптық негізін түсінбейтіні соншалық, бір жағынан, социалистік және барып тұрған солшыл фракциялардың *жалпы* келісімге келуі туралы, яғни пролетар мен ұсақ өндірушінің арасындағы қайшылықтарды көмескілеу туралы;—ал, екінші жағынан, Думаның революциялық-социалистік және *оппозиция-*

лық бөлектерінің қараларға қарсы келісімге келуі туралы сөз қылады.

Жоқ, мырзалар, біз сіздермен тұрақты келісімге келу туралы да, келісе отырып бой көрсету туралы да тіпті сөз еткелі отырған жоқпыз. Сіздер әуелі біздермен қараларға да, кадеттерге де қарсы күресу саясаты тұрғысында келісіп алыңыздар, *іс жүзінде* келісіп алыңыздар — біздің қоятын үзілді-кесілді талабымыз осындай. Демократиялық революциядағы біздің саясатымыздың бағыты осындай. Петербургтегі сайлауларда да, осы заманғы революцияның *қай мәселесі жөнінде* де біз былай деп мәлімдейміз: пролетариат қараларға да, кадеттерге де қарсы шайқасуға тайсалмай барады. Ұсақ буржуалар жалтақтап отырған кезде, олар кадеттерге еріп отырған кезде,— ұсақ буржуаларға қарсы аяусыз күрес жүргізіледі. Кадеттеріңізді тастадыңыздар ма? Кадеттерге қарсы күресуге келісесіздер ме? Егер осылай болса, егер бұл қағаз бетінде айтылмай, іс жүзінде көрсетілген болса,— сонда, тек сонда ғана социал-демократтар *демократиялық* бой көрсетуде сіздермен бірге шайқасқа кіреді.

Ал енді, жоғарыда келтірілген қарардың ең тамаша жері, сірә, бірінші бөлімі болар. Мынаны ғана ойлап қараңыздаршы: «Дума ішіндегі айқын жіктелген партиялық топтасулар», «фракциялық шиеленіскен күрес» * арқылы «еңбекші таптардың көз алдында халық өкілдігі идеясының қадірін кетіруге болады»! Мұның өзі сөздің «васильевтік» мағынасындағы эсерлердің «Плехановтары» ғой! **

Жоқ, мырзалар. Тап күресі принципі дегеніміз социал-демократияның барлық ілімдері мен барлық саясатының негізі. Пролетарлар, шаруалар, мещандар—өкілдік идеясы олардың көз алдарында таптардың шиеленіскен таластары мен қатаң күресінен сөнеді деп сенетін жас бала емес. Біз олардың алдында маймөңкелеуге тиіс

* 22 февральдағы «Речь» эсер қарарларына арнап, бас мақалаға қоса арналулы мақала жариялады. «Айқын жіктелген партиялық топтасулардың» зияндылығы туралы айтылған *нақ осы* жерін цитат етіп келтіріп, либерал буржуалардың органы: «Сонымен *жаңа тактиканың түпкі негізі әбден дұрыс* белгіленді» деп жазады. Әрине! жалпы алғанда либерал буржуазия мүдделерінің, әсіресе оның реакциямен мәмлеге келуі тұрғысынан қарағанда эсерлер тактикасы *дұрыс-ақ!*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 258, 261-беттер. *Ред.*

емеспіз, қайта оларды *Дума трибунасы арқылы* партияларды айқын айыра білуге, партиялардың епті буржуалар көмескілеп жүрген *таптық* негіздерін түсіне білуге *үйретуге* тиіспіз.

Думадағы меньшевиктік саясаттың барлық *қылмысының* өзі де осы, әр түрлі партиялардың таптық сипаты жайында, Милюковтардың Столыпиндермен жасырын жасаған саудалары [44] жайында, шаруа мен либералдың арасындағы демократия мақсаттарында,— шаруа мен пролетар арасындағы социализм мақсаттарында түбегейлі айырмашылық бар екені жайында барлық шындықты Дума трибунасы арқылы халыққа айтқысы келмейтіндіктерінде немесе айта білмейтіндіктерінде болып отыр.

Бірақ бар дүние кадеттің нұсқауымен шарларды үнсіз-түнсіз домалата беруден басталған меньшевиктік саясатқа тіреліп тұрмаған шығар.

Бостандық пен демократияны Столыпин мен К⁰-ге жасырын сатып жүрген «оппозициялық» либерализмнің таптық негізін бұлайша мүлдем түсінбеу — ұсақ буржуалар (трудовиктер, халықтық социалистер, социалист-революционерлер) мен жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық қанаты, меньшевиктер, жүргізіп келген оппортунистік тактиканың негізі болып отыр.

Қаралармен күрес дегеніміз көз бояу және қолайлы сылтау. *Іс жүзінде* мұндай ұсақ буржуазиялық тактика, мысалы, Петербургтегі сайлауда және Дума председателін сайлауда болғаны сияқты, қаражүздіктің жеңуі *мүлдем мүмкін болмаған* жағдайда қолданылады. Трудовиктер де (эсерлердің дербестігі — жалған дербестік; іс жүзінде олар трудовиктермен байланысты, олар тек трудовиктердің сол қанаты ғана, мұны Петербургтегі сайлау дәлелдеп берді және қазіргі екінші Думада партиялардың топтасуы дәлелдеп отыр),— трудовиктер де, меньшевиктер де кадеттердің гегемониясын қолдайды, ұсақ буржуазиялық тактиканың мәні, міне, осында. Либералдар Россияда ғана емес, сонымен қатар Европаның барлық жерлерінде де демократиялық ұсақ буржуазияны,— дербес болуға тым ұсақталып кеткен, мешеу қалған, жасқаншақ, ал пролетариатқа еруге тым шаруақор

ниеттегі демократиялық ұсақ буржуазияны өте ұзақ уақыт өз соңынан ертіп келді. Ұсақ буржуазиялық саясаттың Ахиллес өкшесіндей жанды жері — либерал буржуалардың идеялық және саяси гегемониясынан құтыла білмеу және құтыла алмау. Ұсақ буржуалар кездейсоқтан емес, капиталистік қоғам атаулының негізгі экономикалық ерекшеліктерінің салдарынан кадеттердің құйыршығы болып отыр. Сондықтап социал-демократияның негізгі міндеті,— меньшевиктердің түсінігіне мүлдем жат міндет,— либералдың демократқа гегемония жасауын үздіксіз күйрете беру, ұсақ буржуазия бұқарасын кадеттердің қанатының астынан үздіксіз босата беру, сөйтіп оны социал-демократияның әсеріне, ықпалына бағындыру болып табылады.

Трудовик бізге «тұрақты түрде келісе отырып бой көрсетуді» ұсынады. Ықыласыңызға рақмет! Рюмка көрсе дәті шыдамайтын маскүнемдей, кадетке ауып кетуге құштар адамдармен байланыс жасау үшін бе? Петербургтегі сайлауда айлар бойы кадеттермен блок жасасуды сұраған, қойша шұбырып, 19 февральдағы кадет жиналысына барып, демократияны сатып кететін кадетке дауыс берген адамдармен байланыс жасау үшін бе? * Ықыласыңызға рақмет!

1907 ж. 22 февральда (7 мартта) жазылған

1907 ж. 23 февральда «Новый Луч» газетінің 4-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том, 34—37-беттер. *Ред.*

ЖІК ТУҒЫЗУШЫЛАР БОЛАШАҚ ЖІК ТУРАЛЫ

«Русская Жизнь» «Новый Лучтың» Думадағы социал-демократиялық фракцияға көзқарасы жөнінде адам күлерлік байбалам салды. («Тіпті бұл арада да!» деген мақала, № 45).

Адам күлерлік болатын себебі: «Русская Жизнь» тым болмағанда фракцияның іс-әрекеті жөніндегі біздің сынымызға тікелей байланысты бірдеңе деп жауап беруге талаптанудың орнына айналма жолды қалаған.

Біздің фракция председательдікке ұсынылған кадет кандидатына ешбір жағдайда да дауыс беруге тиіс емес еді дегенбіз.

Біздің фракция біздің фракция болғандықтан да, кадеттер мен халықтық-демократтардың оңаша кеңестеріне ешбір жағдайда да баруға тиіс емес еді дегенбіз.

Біз, ақырында келіп, фракцияның іс-әрекеті жікке бөлінуге әкеп соғуы мүмкін, өйткені бұл іс-әрекеттің бағыты партияның Стокгольм съезі қаулыларының рухы мен мәніне қайшы келіп отыр дегенбіз.

Біз, ақырында келіп, біздің фракцияның большевиктік бөлегін фракция көпшілігінің оппортунизміне қарсы мейлінше аяусыз күрес жүргізуге, сөйтіп онда революциялық социал-демократияның позициясын бұлжытпай қорғауға шақырған болатынбыз.

Біз бұл жөнінде өте көп жаздық; біз фракцияның президиум туралы мәселе турасындағы іс-әрекетіне жағдайды барлық жағынан бірдей баяндайтын бірсыпыра мақалалар арнадық.

«Русская Жизнь» тарапынан, шын мәнінде, ешқандай қарсылық болған жоқ; Думадағы фракцияны іс жүзінде басқарып отырған меньшевиктердің тактикалық бағытын қорғау жөнінде бір рет те елеулі әрекет жасалған жоқ.

Біз «Русская Жизнь» өзінің тактикалық бағыты РСДРП Стокгольм съезінің қаулыларына толық сәйкес келеді деп, нақ осы бағыт Думадағы біздің фракциямызды Думаның бүкіл солшыл бөлегіне гегемон болуға жеткізуге тиіс бағыт деп дәлелдеуге тырысар деп күтуге праволы едік — және күткен де едік.

Бірақ біз мұндай еш нәрсе көре алмадық. Мұның бәрінің орнына — «Новый Луч» Думадағы социал-демократиялық фракцияны құдалап отыр, «Новый Луч» фракцияның большевиктік бөлегін дереу жік туғызуға итермелеп отыр деген толып жатқан түкке тұрғысыз сөздер, адам күлерлік байбаламдар естідік.

Нақ осы мәселеге тиісінше жауап қайырудың орнына: ««Новый Луч» анықтаңқырап айтсын. Ол ақырына дейін жеткізе айтсын. Және ол інжілдің: «не істесең де, тез істе» деген кеңесін есінде сақтасын» деп екіжүзділікпен айтысқа шақырды.

Жолдастар! Сіздер өздеріңіздің дөрекіліктеріңіз жағынан алғанда шынында да тамашасыздар. Большевиктер тарапынан жікке бөліну туралы байбаламдарыңыз— шындық пен адалдықтың асқан сорақы түрі.

Қазір жікке бөліну орын алып отырған және оның өте ауыр формасы орын алып отырған бірден-бір партия ұйымы — Петербург ұйымы. Онда жікке бөлінуді туғызған кім? — Жікке бөлінуді туғызған меньшевиктер. Олар кадеттерге жарамсақтанып, ұйымдасқан жұмысшылардың еркіне қарсы, қаражүздік қауіп бар дегенді сылтауратып жікке бөлінуді туғызды, ал қаражүздік қауіп Петербургте болмай шықты. Ал бұған қарамастан, осы күнге дейін меньшевиктер Петербург ұйымының тұтастығын қалпына келтіруге қасарыса қарсы болып, осы жікке бөлінушілікті кеңейтіп, тереңдете беруге қасарыса ұмтылып отыр.

Большевиктер сайлауда кадеттермен келісімдер жасасуға жол беруге қарсы барлық күшін салып күресті.

Бірақ партияның ноябрь айында болған конференциясында келісімдер жасасуға жол беруге болады деп танылды. Большевиктер конференцияда жергілікті ұйымдардың шешімдеріне бағынуға міндеттенді, сөйтіп жергілікті ұйымдар кадеттермен сайлау келісімдерін жасасу қажет деп тапқан жерлердің бәрінде де өздерінің партиялық борышын «қастерлеп, бұлжытпай» орындады. Меньшевиктер де өздеріне осындай міндеттеме алған еді, бірақ, Петербургтің ұйымдасқан жұмысшылары оларға еріп, кадеттердің жетегінде жүруге риза емес екеніне көздері жеткеннен кейін,— ұйымды жікке бөліп жіберді.

Енді келіп жікке бөліну туралы байбалам салып жүр! Ал «Русская Жизньнің» бізді айтысқа шақыруына келетін болсақ, оған жауап қайыру бізге ешбір жағдайда да қиындық туғыза алмайды. Онсыз да біз айтатынымыздың бәрін ақырына дейін жеткізе айтып бергенбіз: оларды көзі бар әрбір адам көре алады.

Партияның бірлігі бізге өте-мөте қымбат. Ал революциялық социал-демократия принциптерінің тазалығы біз үшін одан да қымбат. Біз партияның Стокгольм съезі көпшілігінің еркіне бағындық және бағынамыз да. Біз оның барлық қаулыларын орындау қажет деп санаймыз. Бірақ біз бұл қаулыларды партияның орталық басшы органдарының орындауын талап етеміз. Сондықтан меньшевиктердің оппортунистік бұлталақтары, олардың кадеттерге жағымпазданып, съезд белгілеген жолдан шегіну әрекеттерінің бәрі біздің тарапымыздан аяусыз сынға алынып, табанды тойтарысқа ұшырап келген-ді, әлі де солай бола береді. Бұл — біздің правомыз. Бұл — біздің борышымыз. Бұл правомыздан біз еш уақытта бас тартпаймыз, бұл борышымыздан біз еш уақытта шегінбейміз. Ал егер жік туа қалса, ол Стокгольм съезінде өздерінің өткізген қаулыларын меньшевиктердің өздері аяққа басқанын ғана көрсетеді. Бұдан басқаша жікке бөліну болуы мүмкін емес және болмайды да. Сондықтан бұл жікке бөліну бір ғана нәрсені: меньшевиктердің кадет вассалына біржолата айналып кеткенін ғана көрсететін болады.

Біз бұрнағы күні: «пролетариаттың қызыл туы Думадағы социал-демократиялық фракцияның қолында қалтылдап тұр» деп жазған едік.— Кадеттер қызыл тудың олардың алдына бас июін талап етіп отыр. Меньшевиктердің дегені бойынша осындай адам айтқысыз масқарашылық болған күні жікке бөліну де болады, өйткені сол күні меньшевиктер Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының бір бөлегі болудан қалады.

«Новый Луч» № 5,
24 февраль, 1907 ж.

«Новый Луч» газетінің тексті
бойынша басылып отыр

ОППОРТУНИЗМ ТАКТИКАСЫ ТУРАЛЫ

«Толық билікті Дума» туралы социал-демократтар мен кадеттердің ортақ ұраны болсын деген атақты ұсыныстан кейін Плеханов өзінің бірден-бір ақылға сыйымды тактикасы болған үндемеушілігін бұзды. «Русская Жизньде» Плеханов біздің партияны кадеттерге қарай итермелеуге жаңадан әрекет жасады, «жауапты министрлікті» қолдау жөніндегі партия бірінші Дума кезінде теріске шығарған ұранды қабылдатуға әрекет жасады [45].

Плехановтың пікірін талдап көрелік.

Ең алдымен мынаны көрсете кету керек: большевиктермен өршелене жауласа келіп, Плеханов олардың көзқарастары жөнінде *түп-тура жалған* айтып отыр. Атап айтқанда, ол бізге «омыраулауға барғысы» келіп отыр, «қазірдің өзінде» шайқаса кеткісі келіп, соған ұмтылып отыр дегенді мүлдем айқын таңады.

Плехановтың қаншалықты жалған айтып отырғанын оқушыларға көрсету үшін біз *11 февраль деп* белгіленген большевиктік ресми басылымнан цитат келтірейік: «...Күрестің... болмай қоймайтындығында сөз жоқ. Ал күрес сөзсіз болмай қоймайтыны себепті де, бізге оны жеделдетіп, бастырмалатып, қамшылап жатудың керегі жоқ. Мұның қамын Крушевандар мен Столыпиндер-ақ жасай берсін. Біздің жұмысымыз — пролетариат пен шаруалардың алдында шындықты мейлінше айқын, тура, аяусыз-ашық *әшкерелеу*, оларға келе жатқан дауылдың маңызын түсіндіру, олардың жауды... ұйым-

шылдықпен, байсалды сабырмен... қарсы алуына көмектесу. «Алдымен сендер атыңдар, буржуа мырзалар!» — деген болатын Энгельс 1894 жылы неміс капиталына. «Алдымен сендер атыңдар, Крушеван... мырзалар!» дейміз біз... Сондықтан — мезгілі жетпей тұрып... ешқандай *ұран салу* болмасын» *.

Құрметті Плехановтың «сыншы» міндетін оп-оңай орындап отырғаны рас емес пе? *Ешқандай күн ілгері* шайқасқа *ұран салу болмасын* — дейді большевиктердің ұйымдары, Думадан бір жарым апта бұрын.— Большевиктер *«қазірдің өзінде»* шайқасты бастағысы келіп отыр, «омыраулауға барғысы» келіп отыр дейді Плеханов 23 февральда басылған мақаласында.

Әрине, бұл — большевиктерді *жерден алып, жерден салудың — оларға сорақы ой* таңудың, сонан соң шу көтеріп, балағаттаудың («жөнсіз тырысу», «ақылсыздық», «опасыздықтан да жаман» және басқа және т. с. деудің) ең оңай, тым арзан және жеңіл тәсілі. Бірақ өлі адамдарға аудара салғандай большевиктерге арта беруге болмайтынын, большевиктер Плеханов сөзінің қаншалықты теріс екенін ресми документте көрсетілген *жай ғана анықтама арқылы* жұрттың бәріне, әрбір адамға көрсете алатынын Плеханов бекер ұмытады. Бұл Плехановты ұятқа қалдырады. Сонда ғана Плеханов революционерлер жөнінде осы күнге дейін «Новое Время» *ғана* қайта-қайта айтып келген нәрселерді өзінің большевиктер жөнінде беталды айта беруіне бола қоймайтынын түсіне бастайды.

«Жауапты министрлік» ұранын жұмысшы партиясының қолдауы туралы Плехановтың көтерген мәселесінің мәніне келелік. Плеханов бұл ұранды былай қорғайды:

«Екінің бірі. Не революцияның тез өсіп келе жатқан күші *қазірдің өзінде* үкіметтің күшінен басым болып отыр, ал бұл жағдайда жауапты министрлікті талап ету реакцияға қарсы шешуші шайқасқа шақырған дабыл бола алады және болуға да тиіс.

Не революцияның күші мемлекеттің қарсыласу күшінен *әлі де* басым *емес,* ал онда шешуші шайқасқа шығудың әлі реті *жоқ;* бірақ онда да аталып отырған талап халықтың саяси санасезімін дамытатын, сөйтіп оны келешектегі жеңімпаз шай-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 417—418-беттер. *Ред.*

қасқа әзірлейтін тамаша тәрбиелік құрал ретінде қолданылуға тиіс.

Демек, бұл жағдайлардың қай-қайсысында да социал-демократ депутаттар халық мүдделерін, революция мүдделерін көздей келіп, *көрсетіліп отырған талапты өз талабы етпей отыра алмайды»*.

Бұл пікір — өте ғибрат аларлық пікір. Әуелі оның бірінші бөлімін алайық. Демек, біз, Плехановпен бірге, революцияның күші үкіметтің күшінен басым екен делік. Егер бұл осылай болса, онда жауапты министрлікті талап ету, 1-ден, қажет емес; 2-ден, зиянды; 3-ден, либералдар оны қолдамаған болар еді.

(1) Ол қажет болмас еді, өйткені мұндай «шешуші шайқасқа шақырған дабыл» қалай болған күнде де тікелей шақырған дабыл емес, *жанама* түрде шақырған дабыл. Бұл «дабыл» реакцияға қарсы нағыз *шешуші* шайқас туралы белгілі бір ойды көрсетпейді, керісінше, реакцияның өзі де өз еркімен бара алатын жеңілдік туралы ойды көрсетеді. Біз, жалпы айтқанда, ерекше жағдайларда, шешуші шайқастың өзіне емес, сол шайқасқа құлшындыратын күні-бұрынғы ұсақ-түйек қақтығысқа, тіпті демонстрацияға да шақыратын дабыл қағуға болатынын теріске шығармаймыз. Бірақ бұл — басқа мәселе. Ал Плеханов *келтірген* алғы шартқа (*революцияның* күші қазірдің өзінде басым болып отыр және т. б.) қарағанда жанама дабылдың керексіз екені айқын.

(2) «Революцияның күші қазірдің өзінде реакцияның күшінен басым болып отыр»... Бұл — не деген сөз? Бұған революция күштерінің *саналылығы* кіре ме? Плеханов, сірә, кіреді дегенге келісетін болар. Революциялық міндеттерін түсінбеген халық шешуші шайқаста реакцияны жеңуде жеткілікті дәрежеде күшті болып шыға алмайды. Енді одан әрі баралық: біздің қарастырып отырған талабымыз революцияның реакцияға қарсы күрестегі міндетін *дұрыс* көрсете ме? Жоқ, көрсетпейді, өйткені жауапты министрлік дегеніміз, біріншіден, тіпті де өкіметтің халық қолына көшуі емес, өкіметтің тіпті либералдар қолына да көшуі емес, қайта, шынына келгенде, реакцияның либералдармен мәмлеге келуі немесе мәмлеге келмек болған әрекеті; екіншіден, тіпті

өкіметтің либералдар қолына *шынымен* көшуі де, объективті жағдайлардың әсерінен, революцияның негізгі талаптарын жүзеге асыра *алмайды*. Бұл пікір «Бірінші жинақ» мақаласының Плеханов цитат алған жерінде ашық айтылған, ал Плеханов тіпті мәселенің мәні жөнінен бұл пікірге соғуға да әрекет жасамады.

Енді мынадай сұрақ туады: революцияның (өзінің *күші* үкіметтің күшінен басым — Плехановтың шарты! — *болып отырған* революцияның) талаптарын *теріс* көрсететін ұранның реакцияға қарсы *шешуші* (Плехановтың шарты) шайқас үшін қандай маңызы болмақ? *Сөз жоқ, зиянды болатыны* айқын. Бұл ұран шешуші шайқасқа шығатын бұқараның сана-сезімін *күңгірттендіру* болып табылады. Бұл ұранды көтеру — *шешуші* шайқасқа шақырумен, ал сөйте тұрып шайқастың *шешуші маңызы жоқ объектісін* көрсетумен: қарғаны көздеп, сиырға тигізуге шақырумен бірдей.

Кімнің күші жау күшінен «басым болып отырғанын» шайқас *алдында* әбден дәл анықтауға *еш уақытта* болмайды. Мұны педанттар ғана армандай алады. «Жау күшінен *басым болған* күштер» деген ұғымға күресушілердің міндеттерді *айқын түсінуі де* кіреді. Шайқастың «шешуші» шайқас болатынын болжай келіп, ал сонымен қатар, осы сана-сезімді *күңгірттендіріп,* Плеханов революцияға *тікелей зиян келтіріп отыр*. Міне, бұл, шынына келгенде, «опасыздықтан да жаман», құрметті сыншы! Реакцияны жеңу үшін «күштер» жеткілікті, ал «көсем» әскерді реакциямен *мәмлеге келу* жолындағы күреске шақырады... Плеханов өзін, әзіл ретінде, шайқасты мезгілі жетпей ерте бастағаны үшін баласын жазалаған Рим қолбасшысына теңеді. Уытты әзіл. Ал егер мен «революцияның күші үкіметтің күшінен *басым болып отырған» шешуші* шайқас кезінде «баласы» болсам, мен бір секунд та ойланбастан, реакциямен мәмлеге келу ұранын көтерген *«әкені»* атып салған (немесе, римше айтқанда, түйреп өлтірген) болар едім де, менің қылығым опасызды өлтіру, оны жазалау болды ма әлде шенді сыйлау дәстүріне қарсы жасалған қылмыс болды ма, осыны айыруды болашақ Моммзендерге үн-түнсіз бере салған болар едім.

(3) Бірінші Дума дәуірінде «жауапты министрлік» ұранына қарсы айтысқан кезімізде біз жоғарыда келтірілген екі дәлелмен ғана шектелген едік. Енді мынадай үшінші дәлелді қосуымыз керек: егер жауапты министрлікті талап ету «революцияның» реакцияға қарсы шешуші шайқасына шақырған, *тікелей немесе жанама* дабылға айнала алатын *болса,* онда бұл талапты *либералдардың өздері-ақ* алып тастаған болар еді.

Бұл дәлелді енді келіп қосудың керек болатын себебі не? Өйткені либералдар (соның ішінде кадеттер) бірінші Думадан кейін мейлінше оңға қарай ойысып, революцияға *үзілді-кесілді* қарсы шығып отыр. Өйткені либерализмі үшін жаман социал-демократтар қолдаған Головиннің айтқан бірінші сөзі-ақ либералдық емес, кадеттік емес, *октябристік* сөз болды.

Егер Плеханов орыс істерінен соншама артта қалып, мұны білмейтін болса, онда оның мақаласына, әрине, кешірім етуге болады. Бірақ оның дәлелдері, өзінің маңызы жағынан, оның жеке қателеріне қарамастан, негізінен мүлдем теріс болып қала береді.

Екінші жағдайға келейік. Революцияның күштері *әлі* реакция күштерінен басым *емес,* шешуші шайқасқа шығудың *әлі* реті *жоқ.* Онда ұранның маңызы оның халықтың саяси сана-сезімін дамытуға тигізетін әсерінде болады дейді Плеханов. Бұл рас. Бірақ онда — бұл арада да Плехановтың айтқаны мың мәрте қате — ондай ұран халықтың сана-сезімін ағартпайды, қайта *бұзады;* оны революцияшылдандырмайды, қайта *күңгірттейді;* тәрбиелемейді, қайта *аздырады.* Мұның айдан анық екені соншалық, біз бұл пікірді дамытуға, ең болмағанда, аса құрметті Плехановпен келесі әңгімелескенге дейін, тоқталмай-ақ қоюымызға болады.

Сонымен: былай барсаң өгіз өледі, былай барсаң арба сынадының кері келеді. Революцияның күші өсіп жетті ме немесе өсіп жетпеді ме, бәрібір, Плехановтың ұранын қалай болған күнде де социал-демократиялық пролетариаттың санасына дейін «өсіп жеткен» деп есептеуге болмайды. Бұл ұран демократия мен біздің бүкіл революциямыздың *негізгі мүдделерін — халықтың нақты өкімет жолындағы нақты күресінің* міндеттері жөнінде

бұқараны ағарту ісін — міне, осыларды уақытша, кездейсоқ, қосалқы, шатасқан, *либералдық* ұрандарға, міндеттерге және мүдделерге құрбан етеді.

Пролетариаттың негізгі міндеттерін либерализмнің жартыкеш және шатасқан міндеттеріне осылай құрбан ету — тактикадағы *оппортунизмнің* мәні осы.

Қорыта келіп, тағы бір-екі сөз айталық. Плеханов өзінің мақаласында бойкот үшін бізді шымшылап байқағысы келеді. Біз оның шымшылаудан тікелей күреске көшуге ұйғарған кезінде онымен бұл жөнінде жақсылап сөйлесеміз. Ал әзірше бір ғана нәрсені ескерте кетелік. Рим қолбасшысының баласы шайқасты мезгілі жетпей ерте бастағанымен, бәрібір жеңген еді, ал большевиктер әзірге тек жеңілумен ғана келеді, деп қағытады Плеханов.

Сіз өте ұмытшақсыз, Плеханов жолдас. *Булыгин* Думасын[46] есіңізге түсіріп көріңізші. Парвус пен *Өзіңіз қолдаған* жаңа «Искраның»[47] ол кезде бойкот жасауға қалай *қарсы* болғанын есіңізге түсіріп көріңізші. Большевиктер бойкот жасауды жақтаған болатын.

Революцияның дамуы большевизмді *толық жеңіске* жеткізді, одан октябрь-ноябрь күндеріндегі меньшевиктердің айырмашылығы Троцкийдің әуестенушіліктерінде ғана болды.

Солай болған — солай бола да береді, аса құрметті Плеханов жолдас. Революция бәсеңдеген кезде өткен «Рим қолбасыларының» ролін өз мойнына алатын педанттар өздерінің шағымдарымен сахнаға шыға келеді. Революция өрлей бастаған кезде, революцияшыл социал-демократтарды «албырт жастарға» қаншама теңесе де, сол *революцияшыл социал-демократтардың* дегені *болады.*

1907 ж. 23 февральда (8 мартта) жазылған

1907 ж. 24 февральда «Новый Луч» газетінің 5-номерінде басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

БОЛЬШЕВИКТЕР ЖӘНЕ ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯ

«Новые Силы» [48] осылай деп аталған мақала жариялады, ол мақала бірқатар түсініктер беруге жақсы сылтау болып отыр.

Газет буржуазияны біздің «қайта-қайта» ұсақ, революциялық және либерал буржуазия деп бөлуімізге наразы көрінеді. Дағдылы меньшевиктік дәлелді қайталай келіп, трудовиктердің бұл органы кадеттерге, күмән жоқ, көптеген ұсақ буржуа дауыс берді дейді.

Иә, кадеттерге көптеген ұсақ буржуа дауыс берді. Бұл рас. Бірақ партияның таптық сипатын оған *осы минутта,* айталық, пәлендей және түгендей бір элементтердің дауыс бергеніне қарап қана бағалауға болмайды. Неміс социал-демократтарына көптеген ұсақ буржуаның, неміс «центріне» көптеген жұмысшылардың дауыс беретіні күмәнсыз. Бірақ бұдан «Новые Силы», сірә, еңбекші таптарды ұсақ буржуазияға және пролетариатқа «қайта-қайта» бөле беру теріс деген қорытынды шығаруға болмайды деп түсінетін болар.

Тұтас алғанда кадеттер партиясының бүкіл тарихы және әсіресе соңғы сайлаулар бұл партияның *таптық* негізі капиталистік шаруашылық жүргізетін помещик, орташа буржуа және буржуазиялық интеллигент екенін айқын көрсетті. Халық бұқарасы, яғни қала мещандарының қалың топтары және одан кейін шаруалар бұл партияға жат, бұл партия бұқараның қандай да болса дербес әрекетінен қорқады, оған қарсы күреседі, құнып төлеп алуды қорғайды, «4 талаптың»[49] негізінде жергі-

лікті аграрлық комитеттермен күреседі және т. б. Соңғы сайлауларда ұсақ буржуазияның кадеттерден соншама ғажап тез *бөлініп кетуі* де тек осыдан болып отыр. Жұртқа белгілі, шаруалар кадеттерді мүлдем өткізбей тастады және губерниялық сайлау жиналыстарында олардың жеңілуіне бәрінен де көбірек көмектесті. Солшылдардың күнделікті баспасөзінің және т. б. жоқтығына қарамастан, қала мещандары, «Новый Лучтың» 1-номерінде көрсетіп өткеніміздей*, қалаларда кадеттердің 74 мың даусына қарсы солшыл блокке бірден 41 мың дауыс алып берді.

Кадеттер — либерал буржуалардың партиясы. Бұл таптың экономикалық жағдайы оны шаруалардың жеңісінен және жұмысшылардың топтасуынан *қорқуға* мәжбүр етеді. Осыдан келіп халық бұқарасы неғұрлым тез солшылдана түскен сайын кадеттердің оңға қарай, реакциямен мәмлеге келу жағына қарай, соғұрлым тез, әлдеқалай емес, амалсыздан ойысу тенденциясы туып отыр. Дума қуылғаннан кейін пролетариаттың, шаруалардың және қалалық ұсақ буржуазиялық кедейлердің мықтап солшылдануы, революцияшылдануы, ал кадеттердің мықтап оңшылдануы кездейсоқтан туып отырған жоқ, оны экономикалық қажеттілік туғызды. Бұған тек мещандар мен саясаттағы филистерлер ғана өкіне алады, бұл процесті өзгертуге немесе тоқтатуға тек солар ғана тырыса алады.

Біздің, социал-демократиялық міндетіміз басқаша: бұқараны кадеттердің гегемониясынан босату процесін тездету. Бұл гегемонияны байырғы дәстүр, либералдардың ескі байланыстары мен ықпалы, олардың ұсақ буржуаға шаруашылық жағынан гегемониясын жүргізуі, олардың буржуазиялық интеллигенция, либерал чиновниктер ретіндегі ролі және т. б. қолдап отырады. Бұқара *өзінің* мүдделерін неғұрлым айқынырақ ұғынған сайын, олар бұқаралық қозғалысқа либералдардың дұшпан екенін соғұрлым тезірек түсінеді, белгілі бір демократиялық, революциялық ұйымдар, одақтар, партиялар және т. с. либералдардан саяси жағынан соғұр-

* Қараңыз: осы том, 22-бет. *Ред.*

лым тезірек оқшауланып шығады. Атап айтқанда, Россиядағы бүкіл ұсақ буржуазияның оннан сегіз немесе оннан тоғыз бөлігі болып отырған шаруалар ең алдымен жер үшін күреседі. Либерал помещик (ондайлар Россияда әлі де бар: соңғы сайлауларда жер иеленушілер куриясы 24,4% кадеттер мен олардан да солшылдарды сайлады) бұл күресте шаруаға *қарсы* тұрады, ал либерал чиновник пен буржуазиялық интеллигент либерал помещикке өте жақын. Міне, сондықтан да қаланың ұсақ буржуазиясына қарағанда шаруалар кадеттердің ықпалынан анағұрлым батыл және тезірек босанып шығады. Шаруалардың жер үшін күрестегі жеңісі дегеніміз Россияда буржуазиялық революция жеңісінің нағыз экономикалық негізі. Либералдар (соның ішінде кадеттер де) шаруалардың жеңіске жетуіне *қарсы;* олар құнын төлеп алуды, яғни шаруаның біразын гроссбауэрге, біразын *пруссиялық* типтегі помещик тұсындағы кнехтіге айналдыруды қорғайды. Міне, сондықтан да, шаруаларды либералдардың саяси гегемониясынан босатып алмай тұрып, Россияда буржуазиялық-демократиялық революцияның жеңуі *мүмкін емес.* Шаруалардың жеңуі помещиктік жер иеленушілікті *жойып,* өндіргіш күштердің таза капиталистік негізде дамуына мейлінше кең жол ашады. Либералдардың жеңуі помещиктік жер иеленушілікті *сақтап қалады,* оны тек крепостниктік белгілерінен аздап қана тазартып, капитализмнің *соншама* тез, *соншама* еркін дамып кетуіне жол бермей, былайша айтқанда, американдық емес, пруссиялық үлгіде дамуына әкеледі.

Ұсақ буржуазия өзінің әлеуметтік-экономикалық талаптары жағынан либералдарға, саяси талаптары жағынан пролетарларға жақын, ал «революцияның ауыртпалығы» «саясатқа» ауады дей келіп, «Новые Силы» орыс революциясының осы экономикалық, таптық негізін түсінбейді. «Новые Силыдың» бұл пайымдауының бәрі түгелдей шатасып жатыр. Ұсақ буржуа, соның ішінде шаруа да, әрине, пролетардан гөрі либералға жақын, жақын болғанда, *қожайын* ретінде, ұсақ өндіруші ретінде жақын. Сондықтан ұсақ буржуалар мен пролетарларды бір партияға телу (социалист-революцио-

нерлер осыны тілейді) саяси жағынан ақылға сыймайтын, ал социализм мағынасында тікелей реакциялық пікір болар еді. Бірақ Россиядағы қазіргі, буржуазиялық-демократиялық революцияда күрес қазір тіпті де қожайындар мен жұмысшылар арасындағы антагонизммен болып жатқан жоқ (социалистік революцияда солай болады), шаруа мен помещик арасындағы антагонизмнен болып жатыр: «революцияның ауыртпалығы» осы, тіпті де «саяси» емес, *экономикалық* күреске ауып отыр.

Ал егер біздің революциямыз өзінің экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық революция болса (бұған күмән жоқ), онда бұдан біздің революциямызда буржуазия басшы роль атқарады, буржуазия оның қозғаушы күші болады деген қорытынды шығаруға болмайды. Мұндай қорытынды — Плеханов пен меньшевиктердің дағдылы қорытындысы, марксизмді бұрмалау, марксизмді масқаралау болады. Буржуазиялық революцияға фабрикантпен, көпеспен, адвокатпен және т. с. бірге либерал помещик те,— шаруалар бұқарасымен бірге пролетариат та басшы бола алады. Төңкерістің буржуазиялық сипаты осы екі жағдайдың екеуінде де сақталып қала береді, бірақ оның шеңбері, оның пролетариатқа пайдалы болатын жағдайлары, оның социализмге (*яғни,* ең алдымен, өндіргіш күштер дамуының тездеуіне) пайдалы болатын жағдайлары бірінші жағдай мен екінші жағдайда *мүлдем әр түрлі* болады.

Большевиктер социалистік пролетариаттың буржуазиялық революциядағы *негізгі* тактикасын: демократиялық ұсақ буржуазияны, әсіресе шаруалардың ұсақ буржуазиясын өз соңына ертіп алу, оны либералдардан ажырату, либерал буржуазияның тұрақсыздығын жою, бұқараның крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын, соның ішінде помещиктік жер иеленушілікті, толық *жою* жолындағы күресін дамыту тактикасын осыдан шығарады.

Дума президиумы туралы мәселе социал-демократтардың буржуазиялық революциядағы жалпы тактикасының жеке мәселесі еді. Социал-демократтар не трудо-

виктерге дауыс беріп, не қасақана қалыс қалып және өзінің қалыс қалғанын түсіндіре отырып, трудовиктерді кадеттерден *жұлып алуға* тиіс болды. Кадеттермен өтетін кеңеске бару солшылдардың *қатесі* болғанын «Новые Силы» енді мойындап отыр. Бұл — бағалы мойындау. Бірақ «Новые Силы» «бұл принциптік қате емес, практикалық мақсаттағы қате болды» деп ойлап, қатты адасып отыр. Мұндай пікір, біздің көрсеткеніміздей, социалистік пролетариаттың буржуазиялық революциядағы тактикасының негіздерін, принциптерін түсінбеушіліктен туып отыр.

«Новые Силыдың» басын қатыртып отырған жеке мәселелерге тек осы тұрғыдан келгенде ғана дұрыс жауап табуға болады.

««Новый Луч» одақтасымыз деп танып отырған ұсақ буржуа солшылдарға сырт бермейді, кадеттер лагеріне қашып кетпейді деп кепілдік беруге» бола ма? Осыған кепілдік беруге болмайтындықтан да барып біз трудовиктермен тұрақты келісімдер жасасу атаулыға *қарсымыз*. Біздің бағытымыз — қараларға да, кадеттерге де «бөлек жүріп, *бірлесіп соққы беру»*. С.-Петербургте болған сайлауда біз тап осылай істедік, әрқашан да тап осылай істей береміз.

Кадеттерден ұсақ буржуалардың бір бөлегін ажыратып жіберуге болады,— деп қарсы шығады «Новые Силы».— Болады, С.-Петербургте болған сайлауда біз кадеттік «Товарищтің» бір бөлегін ажыратып та жібергенбіз[50]. Бұған қол жеткізу үшін кадеттік Марья Алексевна не айтар екен деп жалтақтамай, өзіміздің, революциялық жолымызбен нық басып жүре беруіміз керек.

Заң шығару жұмысы «сөзсіз кадеттердің қолына берілуге тиіс». Тіпті де олай емес. Кадеттер, Думаның либералдық «центрінің» көсемдері ретінде, біздің қолдауымызсыз-ақ қаралардан басым болып отыр. Сондықтан біз кеңсе тілімен емес, революциялық тілмен жазылған, либералдық емес, ұсақ буржуазиялық емес, өзіміздің социал-демократиялық заң жобаларымызды ұсынуымыз керек *және оларды дауысқа қоюымыз керек*. Оларды қаралар да, кадеттер де өткізбей-ақ қой-

сын. Сонда біз кадеттік жобаны аяусыз сынауға, оған үнемі түзетулер енгізуге көшетін боламыз. Түзетулер аяқталғаннан кейін — кадеттердің қараларды соққылауына мүмкіндік беріп, кадеттің жалған демократизмінің бейшаралығына және пасықтығына халық алдында жауапты болмай, кадет жобасын түгелінен дауысқа қойған кезде біз қалыс қаламыз.

«Новый Луч» № 6,
25 февраль, 1907 ж.
Қол қойған: Н. Ленин

«Новый Луч» газетінің тексті бойынша басылып отыр

Л. МАРТОВҚА ЖАУАП [51]

«Русская Жизньнің» нақ сол номерінде Л. Мартов жолдастың фельетоны басылған, онда ол біздің 2-номердегі бас мақаламызға* қайта оралып, фракция комитетінің бұл мәселе жөнінде берген түсінігін елемей, өзі кесіп, өзі пішеді.

Мартов жолдас осы таңқаларлық қадамымен не істемек болып отыр? Ол егер *осы* тұрғыдан — жеке тиісулер мен күдіктенулер тұрғысынан — бізді күреске шақырғысы келетін болса, қатты қателеседі. Біз оның жетегіне ермейміз. Бізде өзара кикілжің мен бас араздықтың жетегінде кетіп қалмай, фракцияда да, баспасөзде де, партия ішінде де *принципті* күрес жүргізуімізге тура келетін *елеулі* алауыздықтар тым көп. Жолың болсын, жолдас, бұл соқпақпен жалғыз өзің-ақ тарта бер, біз сізге серік емеспіз. Шынында да «одан әрі» барар «жер қалмайтын» ақтық сөзді айту құрметін сізге ықыластана береміз.

«Новый Луч» № 7,
27 февраль, 1907 ж.

«Новый Луч» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз: осы том. 34—37-беттер. *Ред.*

ДУМАНЫ ҚУУДЫҢ ТАЯЛУЫ ЖӘНЕ ТАКТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

Петербург, 27 февраль, 1907 ж.

Газеттер беті Думаның таяуда қуылатыны туралы хабарларға, қауесеттерге, болжауларға лық толы.

Бұл мүмкін бе? Егер мәселенің объективті жағдайына көз жіберсек: әбден мүмкін деген қорытынды жасауға тура келеді. Думаны шақыру үкімет үшін лажсыз қажеттілік болды. Буржуазиямен келісімге келу үшін, қысым жасауды мүмкін болғанынша күшейте отырып, халық өкілдігін тағы бір шақырып көру керек болды. Тәжірибенің сәтсіздікке ұшырағаны анық. Әскери-дала соттары және столыпиндік конституцияның тағы басқа кереметтерінің бәрі осы кезге дейін қамтылмай келген бұқара арасында революциялық үгіт жүргізуге қатты көмектесті, сөйтіп мужик бұқарасының тап ортасынан солшыл Дума берді. Кадеттер, орыс революциясындағы осы орталық партия, бірінші Думаға қарағанда әлсіреп қалды. Кадеттердің оңшылдана түскені күмәнсыз, бірақ осындай кездегі мұндай Дума тұсында үкімет олармен мүлдем мәмлеге келе алмайды. Кадеттер октябристермен қосылып кете алады және олар бұлтармастан осыған қарай келе жатыр: бұған Струве мырза мен Головин мырзаны атасақ жеткілікті. Бірақ бұл жағдайдың өзгешелігінің өзі де Думада кадеттік-октябристік көпшіліктің жоқтығында болып отыр. Бүкіл «орталық партияны» ұшқарылардың: оң жақтағы монархистер мен Думаның солшыл бөлегінің шиеленіскен күресі мүлдем таптап тастады. Солшыл бөлек бестен екі бөлікке жетіп жығылады. Оның Думадағы ролі

орасан зор. Оның халық бұқарасы арасындағы ықпалы өте күшті. Оның бұл бұқарамен арадағы өсіп келе жатқан байланысының ешбір жартыкеш шаралар арқылы үзілуі мүмкін емес. Үкімет үшін Думаны тарату қажеттілікке айналып отыр: ол туып отырған жағдайдың шырмауынан күш қолданбайынша шыға алатын емес. Бұл туып отырған жағдайдың «заңдылығы» дағдарысты тек ауырлата түседі, өйткені оның халық бұқарасы ішіндегі ақиқат күші оның «заңды» көрінісінен, яғни ондаған және жүздеген полициялық електерден өткен көрінісінен басым болмай тұра алмайды.

Думаның қуылуы әбден мүмкін: оның сөзсіз қуылатын себебі, біз, істің шын мәніне келгенде, тіпті де конституциялық дағдарысты емес, революциялық дағдарысты бастан кешіріп отырмыз. Нақ сондықтан да бас сауғалап қанат астына тығылу, қазіргі саяси жағдайдың болмай қоймайтын салдарынан сылтау айтып құтылуға тырысу, айқын нәрсені сөзбен, жылтыр сөзбен бүркемелеуге, өткір нәрсені жасытып көрсетуге, анық нәрсені көмескілеуге тырысу ең зиянды, адам күлерлік және бейшаралық саясат болар еді.

Осы сияқты саясатты кадеттер жүргізіп отыр. Бүгін Изгоев мырза «Речьте»: «Думаны сақтап қалу —біздің қолымыздан келмейтін *дерлік іс»* деп жазады. Мұнысын дұрыс деуге болады. «3—4 айдан кейін, өзінің заң шығарушылық жұмысымен Дума ел ішінде бедел алатын кезде, жағдай өзгеше бола алар еді». Бұл дұрыс қана емес, анық та. Ал анық нәрсені үкімет те көріп отыр.

Бірақ Изгоев мырза боямаланбаған шындықтан қорқып, абыржи бастайды: «Бірақ оның қарауында осы 3—4 ай болар ма екен? Томаға-тұйықтық, бұдан шығар жол жоқ. Бұдан шығатын жол «ұйымдасқан» немесе «ұйымдаспаған» көшеде емес, егер өкімет басында шын патриотизмге берілген адамдар отырса ғана бұдан шығатын жол болар еді...», — дейді.

Әрине десеңізші! Бос сөздермен өздерін өздері шырмап алып, көлгірсіген сөздердің тұйығына өздерін өздері қамап алып, енді зар еңірейді, шағынады, қамығады...

Шынында да бұл сасқалақтаған, жылауық, бейшара филистердің үлгісі емес пе!

Оқушы Изгоевтің мұндай сөздерін кездейсоқ кадет жазушысының кездейсоқ айта салған сөзі екен деп ойламасын. Жоқ. Бұл — кадеттер партиясының, өз председателін өткізіп алған *бастаушы* партияның ресми түрде *белгілеген* саясатының тұжырымы. Сол «Речьтен» мынаны оқимыз: «Халық бостандығының парламенттік фракциясының кешкі мәжілісінде, 25 февральда, үкімет декларациясына көзқарас туралы мәселе жөнінде ұзаққа созылған айтыстардан кейін: ол жөнінде, сенім де білдірмей, сенбестік те білдірмей, үн-түнсіз қалу керек, сөйтіп ағымдағы мәселелерді қарауға көше беру керек деген қаулы алынды. Егер оңшыл партиялар арандатушылық мақсатпен министрліке сенім білдіретін тұжырым енгізе қалса, оған қарсы дауыс беруге қаулы алынды. Ал егер барып тұрған солшылдар (социал-демократтар) сенбестік білдірілсін деген ұсыныс енгізсе — халық бостандығы партиясы кезектегі істерге көшу туралы өз тұжырымын енгізетін болды. Айтпақшы, бұл мәселе жөнінде бүкіл оппозиция алдын ала келісімге келетін болар деген үміт бар, социалист-революционерлердің, халықтық социалистердің және трудовиктердің қазірдің өзінде осыған бүйрегі бұрып отыр». Бұған біз мынаны қосамыз: Думадағы біздің социал-демократиялық фракция, «Русская Жизньнің» сөздеріне қарағанда, «толық дербес бой көрсетуге» ұйғарған, бұл ұйғарымды біз қызу құттықтаймыз.

Бірақ кадеттердің саясаты деген, шынында, ала бөтен бірдеме. «Сенбестік білдіремін» деу аңғырттық болады. Думаны сақтап қалу керек. Ал «сенім білдірмеймін» деуге болады.— Міне, бұл саясаттағы «құндақтаулы адамдар» емес пе? Бұл сөзсіз төніп келе жатқан дауыл алдында өздерінің түнгі қалпағын көзіне түсіре киіп алып: біз сақпыз... біз сақтап қаламыз... дей беретін филистерлер емес пе. Сіздер өздеріңіздің филистерлік қалпағыңызды ғана сақтап қаласыздар, ал одан басқа еш нәрсені де сақтап қала алмайсыздар, «халық бостандығының» құрметті серілері!

Оңшылдардың министрлікке сенім білдіру туралы тұжырымын бұлайша «арандатушылық» деп атаудан өткен адам күлерлік не болмақ? Думаның әрбір мүшесінің нағыз заңды правосы, министрліктің: менің программам осындай, осы бағытта Дума менімен жұмыс істегісі келе ме, деген сұрағына халық өкілінің беретін нағыз табиғи жауабы қайсы? Кадеттердің бұл мағынасыз сөздерді жазуын олардың тек әбден абыржығандығынан деуге болады. Жоқ, мырзалар, түнгі қалпақ контрреволюциядан қорған бола алмайды. Бейшара либералдар соншама ақымақтықпен дәріптеген конституцияның, оны шынымен қабылдау керек деп халықты өздері соншама сатқындықпен сендірген конституцияның негізінде Думаны тарату правосы — өте-мөте «заңды» право. Министрліктің Думадан оның белгілі бір программаны орындағысы келетін-келмейтінін сұрауынан бұлтаруға болмайды. Ал «сенім білдірмеймін» деген жауап бәрібір Думаны таратуға ең тамаша және әбден жеткілікті «конституциялық» сылтау болады: әскери-дала соттары мен жазалау экспедицияларынан да, тағы сондайлардан да... маңызы анағұрлым төмен нәрселер жөнінде үкімет ұсынысынан бас тартқандары үшін парламентті таратуға тіпті Ковалевскийлердің көмегінсіз-ақ ондаған «конституциялық дәлел» табуға болады.

Бұдан шығатын қорытынды қандай? Қорытынды сол, конституция жоқта конституцияны ойыншық ету ақымақтық. Орыстың тіпті қазіргі «конституциясымағының» да күні бітіп отырғанын, сайлау заңының жойылуы және толық самодержавиеге қайта оралу *болмай қоймайтынын* көрмеу не олар жөнінде жұмған аузын ашпау ақымақтық.

Ал не істеу керек? Aussprechen was ist — барды бар деп айту керек. Үкіметтің Думаны таратуға мәжбүр болып отырғаны сөзсіз. Үкіметке, Думаның құлдық ұра конституциялық комедия жасап, мемлекеттік төңкерістің *болмай қоймайтынын* халыққа білдірмей, үнтүнсіз тарап кеткені пайдалы. Сондықтан қорқақ кадеттер өздерінің: *«үн-түнсіз* қалу керек» деген сияқты адам көрмеген, теңдесі жоқ, «тарихи» тұжырымымен, «сенбестік білдіремін» деудің орнына «сенім білдірмей-

мін» деуімен,— үкіметтің *үн-түнсіз* мемлекеттік төңкеріс жасауына тек қана көмектеседі.

Бостандықты шын жақтаушылар, халықтың шын өкілдері басқаша әрекет етуге тиіс. Олар Думаның одан әрі өмір сүруі сыпайылыққа, сақтыққа, ұқыптылыққа, дипломаттыққа, әдептілікке, үн-түнсіз қалушылыққа және басқа молчалиндік қайырымдылыққа[52] тіпті де байланысты емес екенін түсінуге тиіс. Олар *Дума трибунасынан* халыққа Думаның қуылмай қоймайтыны, мемлекеттік төңкерістің болмай қоймайтыны және нағыз самодержавиеге қайта оралынбай қоймайтыны неліктен екеніне дейін *барлық шындықты* жұрттың бәрі есітетіндей етіп, түсінікті де ашық айтуға тиіс. Үкіметке бұл жөнінде үндемеу *керек.* Халықтың мұны білуі *керек.* Халық өкілдері,— өздері әлі де халық өкілдері болып тұрған кезінде!— мұны Дума трибунасынан айтуға тиіс.

Жағдай әбден айқын. Не құлдық ұрып бас иіп, абыройсыз молчалиндікке душар болу керек, не қаражүздіктердің мемлекеттік төңкерісінің алғашқы әрекеті жасалынып жатқаны жайында халыққа сабырлы түрде, бірақ айқын айтып беру керек: таңдайтын басқа жол жоқ.

Тек халық күресі ғана бұған кедергі жасай алады. Сондықтан халық барлық шындықты білуге тиіс.

Думадағы социал-демократтар бұл шындықты халыққа айтар деп үміттенеміз.

«Пролетарий» № 14,
4 март, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КАДЕТТЕР ЖӘНЕ ТРУДОВИКТЕР [53]

Д. Кольцов жолдас «Русская Жизньнің» 49-номерінде кадеттерді қолдау саясатын қорғап, дағдылы меньшевиктік пікірді қайталап отыр. Бірақ оның мұны төтесінен және аңқаулықпен қайталайтыны соншалық, қате теорияны сандыраққа дейін жеткізгені үшін оған тек рақмет айту ғана қалады.

«Социал-демократтардың жалпы көзқарасы кіммен көбірек жанасады,— деп сұрайды ол «Кадеттер және буржуазиялық демократия» деген мақаласында,— қалалық демократиямен бе немесе селолық демократиямен бе? Социал-демократтар өзінің мәдени, діни, ұлттық және т. с. соқыр сенімдердің барлығына қарсы күресінде ең алдымен кімнен көмек күте алады? Өндіргіш күштердің еркін дамуына бағытталған шаралардың бәрін алдымен кім қолдайды? Социал-демократиялық саясат үшін аса маңызды осы сұрақтарды қойсақ-ақ, жауап өзінен-өзі айқын бола кетеді. «Коммунистік манифесте» буржуазияның революциялық ролі туралы айтылғандардың бәрі ол XIX ғасырда қандай дұрыс болса, XX ғасырда да сондай дұрыс, Англияда қандай дұрыс болса, Россияда да сондай дұрыс болып қала береді... және т. б. Ал селолық демократияны алатын болсақ, ол өзінің революциялық аяқ алыстарына қарамастан көп реттерде өндіріс пен жұртшылықтың ескі, тозығы жеткен формаларын қорғайды... Большевиктер кадеттер туралы айтқан кезде, олардың сыртында тұрған қала демократиясын ұмытады, ал, оның керісінше,— барлық шаруалар оларға эсерлер мен трудовиктердің парламенттік тобында сияқтанып көрінеді. Мұның өзі ағаш тасасынан орманды көрмеу, парламенттік өкілдіктің тасасынан халықтың қалың бұқарасының әлеуметтік мүдделерін көрмеу деген сөз».

Меньшевиктердің бұлайша біздің тактикалық алауыздықтарымыздың *принциптік* негіздерін анықтауға кө-

шуін біз шын көңілмен құттықтаймыз. Мұның мезгілі әлдеқашан жеткен-ді.

Сонымен, кадеттер — *прогрестік қала буржуазиясы* да, трудовиктер — *артта қалған село буржуазиясы*. Сіздердің «марксизміңіз» осыған келіп саяды.

Ал егер осылай болса, сіздер неге мұны бүкіл партия алдында ашықтан-ашық, тура айтпайсыздар? Сіздер «Коммунистік манифеске» бола РСДРП *трудовиктерге қарсы шығып,* кадеттерді қолдауға *міндетті* дегенді партия съезіне арналған қарар жобасында неге әбден айқын мәлімдемейсіздер?

Сіздердің тарапыңыздан мұндай мәлімдеме жасалуына біз өте қуанған болар едік. Біз тіпті әлдеқашан, Бірігу съезінен бұрын-ақ, буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарардың өзіміз жасаған жобасында кадеттердің де, эсерлердің де таптық мазмұнын *анықтаған* кезімізде, сіздердің *өз анықтауларыңызды* берулеріңізді сұрап, осыған шақырған болатынбыз.

Біздің бұл шақыруымызға сіздер қалай жауап беріп едіңіздер?

Сіздер одан жалтарған болатынсыздар. Сіздердің Бірігу съезіне арналған қарарларыңыздың жобасында кадеттер прогрестік қалалық демократия да, ал трудовиктер (Шаруалар одағы [54], социалист-революционерлер және т. с.) — артта қалған селолық демократия деген пікірді айтуға әрекет жасалмаған. *Сіздердің* буржуазиялық партияларға көзқарас туралы Бірігу съезіне арналған қарарларыңыз сасқалақтауы жағынан Амстердам қарарын [55] күлкілі түрде қайталау ғана.

Біз қазір сол шақыруымызды *қайталап отырмыз*. Біз Россиядағы әр түрлі буржуазиялық партиялардың таптық негізін маркстік көзқарас тұрғысынан анықтау мәселесін тағы ұсынып отырмыз. Біз қарардың тиісті жобасын бастырып шығардық.

Ал біз сіздердің *шақыруды тағы да қабылдамайтындарыңызға* шүбәланбаймыз. Біз ресми меньшевиктік қарардың жобасында сіздердің: кадеттер — прогрестік қала буржуазиясы, олар — өндіргіш күштердің еркін даму саясатына *трудовиктерден гөрі көбірек* көмек етеді

және т. б. және т. с. деп жазуға батылдарыңыз бармайтынына шүбәланбаймыз.

Істің жайы осылай.

Россиядағы қазіргі буржуазиялық революцияда ең басты экономикалық мәселе — шаруалардың жер үшін күресі туралы мәселе. Бұл күрес шаруалар жағдайының өте нашарлығынан, орыс деревнясында крепостниктік тәртіп қалдықтарының өте көптігінен және т. б. лажсыз туып отыр. Бұл күрес шаруалар бұқарасын саяси қатынастарды батыл демократияландыруға да (өйткені мемлекет демократиялық жолмен құрылмайынша шаруалар крепостник-помещиктерді жеңе алмайды), помещиктік жер иеленушілікті жоюға да итермелеп отырады.

Социал-демократтардың өз программасында помещиктік жерлерді *конфискелеу* мәселесін қойып отырған себебі осы. Социал-демократтардың ішіндегі тек барып тұрған оппортунистер ғана бұл программаны жаратпайды, «конфискелеу» деген сөзді «иеліктен айыру» деген сөзбен ауыстыруды жақтайды, бірақ *ондай жобаны ашық айтуға қорқады.*

Кадеттер — либерал буржуазияның, либерал помещиктердің, буржуазиялық интеллигенцияның партиясы. Егер Д. Кольцов кадеттердің помещиктік бейнесіне күмән келтіретін болса, онда біз оған мынадай екі фактіні көрсетелік: 1) I Думадағы кадет фракциясының құрамы. Бородиннен қараңыз, Кольцов жолдас, сонда сіз онда қанша помещик бар екенін көресіз; 2) кадеттердің аграрлық жобасы, істің шын мәніне келгенде, *капиталистік помещиктің* жоспары. Жерді құнын төлеп алу да, шаруаны кнехтіге айналдыру да, үкіметтен председатель қосып, помещиктер мен шаруалардан тепе-тең құрамда жергілікті жер комиссияларын құру да, міне, осылардың бәрі кадеттердің аграрлық мәселе жөніндегі саясаты — помещиктік жер иеленушілікті кейбір крепостниктік белгілерінен *тазарту* арқылы, мужикті жердің құнын төлеу арқылы күйзелту және оны чиновниктердің кіріптарлыққа салуы арқылы помещиктік жер иеленушілікті *сақтап қалу* саясаты екенін айдан анық көрсетеді. Ал мұның өзі кадеттік аграрлық саясаттың

экономикалық маңызы өндіргіш күштердің дамуын *баяулатуда* екенін көрсетеді.

Оның керісінше, помещиктік жерлерді конфискелеу және шаруалар демократиясының толық жеңуі капитализм тұсында өндіргіш күштерді мүмкіндігінше тез дамытудың *максимумы* болып табылады.

Кадеттік саясаттың *экономикалық* мәні жөніндегі *осы* баға V съезге арналған біздің қарарларымыздың жобасында *тура* айтылған. Тағы айтамыз: өзіңіздің «маркстік» теорияңызды осындай тура айтып беріңіз, Д. Кольцов жолдас!

Кадеттер мен трудовиктердің аграрлық жобаларын және олардың саяси демократия мәселелеріне көзқарастарын (бірінші Думадағы жиналыстар туралы заң, жергілікті ауыл шаруашылық комитеттерін құрудың әр алуан типтеріне көзқарастар, I Думадағы кадеттер партиясы мен Еңбек тобының программасы және т. с. және т. б.) салыстырып қарасақ, мұның бәрі кадеттер — бостандықты ескі өкіметпен (бостандыққа зиян келтіре отырып), помещикті шаруамен (шаруаға зиян келтіре отырып) бітістіру арқылы революцияны тоқтатуға тырысатын және соған мәжбүр болып отырған либералдар партиясы екенін көрсетеді. Ал Еңбек партиялары (халықтық социалистер, трудовиктер және социалист-революционерлер) дегеніміз революцияны одан әрі дамыта беруге тырысуға *мәжбүр болып отырған* қалалық, әсіресе селолық (яғни шаруалар) ұсақ буржуазиялық демократия.

Пролетариат демократияшыл шаруаларды ескі тәртіпке де қарсы, либералдарға да қарсы өз соңынан ертіп алған жағдайда ғана Россияда революцияның жеңуі мүмкін.

Бүкіл большевиктік тактиканың *негізін* белгілейтін бұл қағиданы бірінші Думаның және Думадан кейінгі дәуірдің барлық тәжірибесі тамаша түрде дәлелдеп отыр. Біздің таластарымызды осы *негіздерге* әкеліп тіреген жағдайда ғана біз оларды жай ұрыс-керістерден Россиядағы буржуазиялық революцияның негізгі мәселелерін шешуге айналдырамыз.

Сондықтан біз: кадеттер мен трудовиктер туралы *осы* ойларын меньшевиктер қалыптастыруға, айқын және екі ұшты етпей айтуға тырысып көрсін деген шақыруымызды қайталап, Кольцов жолдастың ашықтығы мен турашылдығын құттықтаймыз.

«Рабочая Молва» № 1.
1 март, 1907 ж.
Қол қойған Н. Л-н

«Рабочая Молва» газетінің текстi бойынша басылып отыр

РЕВОЛЮЦИЯЛЫҚ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯНЫҢ ПЛАТФОРМАСЫ

I

Бірер аптадан кейін партия съезінің шақырылатыны мәлім. Съезге әзірленуге, партияның сол съезде тиянақтап шешіп алуға тиісті негізгі тактикалық мәселелерін талқылауға неғұрлым жігерлі түрде кірісу керек.

Партиямыздың Орталық Комитеті съездің күн тәртібін белгілеп те қойды, ол газеттерде жарияланды. Күн тәртібінің негізгі пункттері мыналар: 1) «Таяудағы саяси міндеттер» және 2) «Мемлекеттік дума». Екінші пунктке келетін болсақ, оның қажеттігі өзінен-өзі айқын, оған талас болмауға тиіс. Біздің пікірімізше, бірінші пункт те қажет, бірақ, біраз басқаша тұжырымда немесе, дұрысырақ айтқанда, біраз өзгертілген мазмұнда болуы қажет.

Съездің міндеттерін және съезд шешуге тиісті тактикалық мәселелерді жалпы партиялық талқылауды дереу бастау үшін партиямыздың екі астаналық ұйымы мен «Пролетарийдің» редакциялық коллегиясы өкілдерінің бас қосқан кеңесі екінші Думаның шақырылар қарсаңында төменде басылып отырған қарарлардың жобаларын дайындады *. Кеңестің өз міндеттерін *қалай* ұғынғаны, дәл осындай мәселелер жөніндегі қарарлардың жобаларын *неліктен* бірінші кезекке қойғаны және бұл қарарларда *қандай негізгі пікірлер* белгіленгені жөнінде очерк бермекшіміз.

Бірінші мәселе: «Таяудағы саяси міндеттер».

---

* Қараңыз: осы том, 1—11-беттер. *Ред.*

Біздің пікірімізше, өзіміз бастан кешіріп отырған дәуірде РСДРП съезінің алдына мәселені *бұлай* қоюға болмайды. Бұл дәуір — революциялық дәуір. Қай фракцияда екеніне қарамастан барлық социал-демократтар бұған қосылады. Біздің айтып отырған қағидамыздың дұрыстығына көз жеткізу үшін 1906 жылғы ноябрьде болған РСДРП-ның Бүкіл россиялық конференциясында меньшевиктер мен бундшылдар қабылдаған қарардың принциптік бөліміне көз жіберу жеткілікті.

Ал революциялық дәуірде *таяудағы* саяси міндеттерді белгілеп қоюмен шектелуге болмайды, оның екі түрлі себебі бар. Біріншіден, мұндай дәуірлерде социал-демократиялық қозғалыстың *негізгі* міндеттері бірінші қатарға шығарылады, олар «бейбіт» және ұсақ конституциялық құрылыстың дәуірлеріндегідей емес, егжей-тегжейлі талдауды талап етеді. Екіншіден, мұндай дәуірде *таяудағы* саяси міндеттерді белгілеуге *болмайды,* өйткені революцияның өзгешелігінің өзі де мынада: шұғыл өзгерістер, жедел бұрылыстар, күтпеген оқиғалар, қатты дүмпулер болуы мүмкін, болмай қалмайды да. Мұны түсіну үшін, солшыл Думаның қуылып, сайлау заңының қаражүздік рухта өзгертілуі мүмкін және ықтимал екендігін көрсетудің өзі жеткілікті.

Мәселен, австриялықтарға өздерінің «таяудағы» міндетін: жалпыға бірдей сайлау правосы жолындағы күресін белгілеп алу оп-оңай болды, өйткені барлық белгілер азды-көпті бейбіт, дәйекті және сабақтасып жатқан конституциялық даму дәуірі одан әрі жалғасуда екенін көрсетті. Ал бізде, *бейбіт* жолдың болуы мүмкін еместігін, Думаға өтініш айтушыларды емес, күрескерлерді сайлаудың қажеттігін жоғарыда аталған қарарда тіпті меньшевиктер де айтып отырған жоқ па? Олар құрылтай жиналысы үшін күресу керектігін мойындамай отыр ма? Белгілі уақытта конституциялық құрылысы қалыптасып, орныққан, «құрылтай жиналысы» деген ұран туралы, Думадағы «өтініш айтушыларды» «күрескерлерге» қарсы қою туралы әңгіме бола аларлық дәрежеге жеткен европалық бір елді көз алдыңызға елестетіп көріңізші,— сонда сіз мұндай жағдайларда «таяудағы» міндеттер қазір Батыста қалай белгіленіп

отырса, солай белгілеуге *болмайтынын* түсінесіз. Социал-демократия мен революциялық буржуазиялық демократияның Думадағы жұмысы неғұрлым нәтижелі болған сайын, думалық емес күрестің бұрқ ете түсуі де соғұрлым ықтимал болады, бұл күрес бізге мүлдем айрықша таяудағы міндеттерді жүктейді.

Жоқ. Біз партия съезінде таяудағы міндеттерден гөрі, буржуазиялық революцияның дәл қазіргі кезеңінде пролетариаттың алдында тұрған *негізгі* міндеттерді талқылауымыз керек. Олай етпесек, біз оқиғалардың әрбір бұрылысында дәрменсіз болып, сасқалақтап қалатын адамдардың жағдайына түсеміз (1906 жылы бірнеше рет осылай болған-ды). Екінші Думаның және 1905 жылғы 11 декабрьдегі сайлау заңының [56] бір апта, бір ай немесе жарты жыл шыдап тұра алар-алмасын ешкімнің болжап айта алмайтыны сияқты,— біз де, бәрібір, «таяудағы» міндеттерді белгілей алмаймыз. Ал социал-демократиялық пролетариаттың біздің революциядағы негізгі міндеттерін қалай ұғыну керек екені бізде жалпы партиялық жолмен әлі белгіленген жоқ. Ал мұны жасамайынша, ешқандай ұстамды, принципті саясаттың болуы мүмкін емес,— «таяудағы» міндеттерді белгілеудің соңынан қанша түскенмен, одан нәтиже шықпақ емес.

Бірігу съезі кезеңге баға беру туралы және пролетариаттың революциядағы міндеттері туралы қарар қабылдаған жоқ, социал-демократиялық партия ішіндегі екі ағымның екеуі де тиісті жобаларын *тапсырғанына* қарамастан,— кезеңге баға беру мәселесі күн тәртібіне қойылып, съезде *талқыланғанына* қарамастан, қарар қабылдаған жоқ. Демек, *жұрттың бәрі* бұл мәселелердің маңызды екенін мойындады, бірақ Стокгольм съезінің көпшілігі *ол кезде* бұл мәселелерді жеткілікті дәрежеде анықталмаған деп тапты. Бұл мәселелерді талдауды қайтадан бастау қажет. Біз: 1-ден, қоғамдық-экономикалық және саяси эволюцияның негізгі тенденциялары бойынша қазіргі революциялық кезең қандай кезең; — 2-ден, қазіргі Россиядағы таптар (партиялар да) қандай-қандай саяси топтарға бөлініп отыр; — 3-ден, *осындай* кезеңде, қоғамдық күштер *осындай* саяси

топтарға бөлініп отырғанда, социал-демократиялық жұмысшы партиясының негізгі міндеттері қандай болмақ деген мәселелерді қарауымыз қажет.

Әрине, таяудағы саяси міндеттер жайындағы мәселе дегенде оны кейбір меньшевиктер (мүмкін Орталық Комитет те) жай ғана думалық, яғни кадеттік, министрлікті талап етуді қолдау мәселесі деп түсінгенін көрмей отыра алмаймыз.

Өзіне тән,— және, әрине, мақтан тұтылған,— екпінділікпен меньшевиктерді оңға қарай итермелей түскен Плеханов «Русская Жизньде» (23 февральдағы) осы талапты қорғап та үлгерді.

Біздің ойымызша, бұл — маңызды мәселе, бірақ *бағыныңты* мәселе, марксистер революциямыздың дәл қазіргі кезеңіне баға бермейінше, кадеттер партиясының таптық мазмұнына және оның осы күнгі бүкіл саяси роліне баға бермейінше, бұл мәселені жеке қоя алмайды. Бұл мәселені жалаң саясатшылдыққа айналдыру, жалпы алғанда конституциялық құрылыста министрліктің палата алдында жауапты болуы «принципіне» айналдыру дегеніміз тап күресінің көзқарасын түгелдей тастап, либералдың көзқарасына көшу болып шығар еді.

Міне, сондықтан да біздің кеңесіміз кадеттер министрлігі туралы мәселені революцияның қазіргі кезеңіне баға берумен байланыстырды.

Тиісті қарарда біз ең алдымен дәлелдемемізде барлық марксистердің негізгі мәселе деп танығаи мәселесінен, экономикалық дағдарыс пен бұқараның экономикалық жағдайы туралы мәселеден бастадық. Кеңес: дағдарыстың «тез бітетін түрі жоқ» деген тұжырымды қабылдады. Бұл тұжырым — тым сақтықпен жасалған тұжырым. Бірақ социал-демократиялық партия үшін, әрине, мәселенің ғылыми жағынан талдап жасалуын партиялық әдебиетке беріп, даусыз фактілерді анықтау, негізгі белгілерін белгілеу жағы маңыздырақ.

Осы дағдарыстың негізінде біз пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресінің шиеленіскенін (бұл күмәнсыз факт, бұл шиеленісудің байқалып отырғаны жұртқа мәлім), сонан соң деревняда әлеуметтік күрестің шиеленіскенін көрсетіп отырмыз (дәлелдердің

екінші пункті). Деревняда локауттар сияқты көзге бірден түсе қоятын айқын оқиғалар жоқ, бірақ үкіметтің ноябрьдегі аграрлық заңдары [57] («шаруалар буржуазиясын сатып алу») сияқты шаралары күрестің шиеленісе түскенін, жалпы шаруалардың тегеурінін бәсеңдету үшін помещиктер барлық күшін шаруалар арасында жік туғызу ісіне жұмсауға мәжбүр болып отырғанын дәлелдейді.

Мұндай күш салудың, сайып келгенде, немен тынатынын біз білмейміз. «Аяқталмаған» (Маркстің сөзі) буржуазиялық революциялардың бәрі ауқатты шаруалардың тәртіп жағына шығуымен «аяқталатын» еді [58]. Қалай дегенмен де, социал-демократия шаруалардың ең қалың бұқарасының сана-сезімін дамыту үшін, олардың деревняда болып жатқан тап күресін ұғынуы үшін қолдан келгеннің бәрін істеуге тиіс.

Сонан соң, 3-пунктте Россияның бір жыл ішіндегі саяси тарихының негізгі фактісі: жоғарғы таптардың «оңшылданғаны», төмендегі таптардың «солшылданғаны» көрсетіліп отыр. Біз әсіресе, революция дәуірлерінде социал-демократия өз съездерінде қоғам дамуының кезеңдеріне *қорытынды жасап отыруға* тиіс, қорытынды жасағанда, оларға өзінің маркстік зерттеу әдістерін *қолданып* отыруы керек, басқа таптарға өткен жолға көз тастауды, саяси оқиғаларға *принципті* түрде қарауды, шынына келгенде, теория атаулыны жек көретін, бастан кешіріп отырған тарихқа таптық талдау жасау атаулыдан қорқатын буржуазия сияқты бір минуттық мүдденің немесе бірнеше күндік қана табыстың тұрғысынан қарамауды *үйретіп* отыруы керек деп ойладық.

Ұшқары партиялардың күшеюі дегеніміз орталық партияның әлсірегені. Орталық партия дегеніміз, кейбір социал-демократтардың (соның ішінде Мартовтың) қате ойлағанындай, октябристер емес, кадеттер. Бұл партияның *объективті*-тарихи міндеті неде? Марксистер өз іліміне адал болып қала бергісі келсе, бұл сұрауға жауап беруге тиіс. Қарар бұл партияның міндеті: «қаражүздік помещиктер мен самодержавиеге *қолайлы келетін* (өйткені кадеттер ерікті келісім жасасуды жақтайды) жеңілдіктер жасау арқылы революцияны *тоқтату»*

деп жауап береді. К. Каутскийдің «Әлеуметтік революция» деген белгілі еңбегінде реформаның революциядан айырмашылығы сол — реформа өкіметті езушілер табының қолында қалдыра береді, олар өз өкіметін *жоймайақ,* езушілер үшін *қолайлы келетін* жеңілдіктер жасау арқылы езілгендердің көтерілісін басып тастап отырады деп жақсы түсіндірілген.

Буржуазиялық-демократиялық революцияда либерал буржуазияның объективті міндеті атап айтқанда мынау: «ақылға сыйымды» жеңілдіктер жасаудың арқасында монархияны және помещиктер табын сақтап қалу.

Бұл міндет жүзеге асарлық міндет пе? Мұның өзі жағдайларға байланысты. Марксист мұны сөзсіз жүзеге аспайтын міндет деп мойындай алмайды. Бірақ буржуазиялық революцияның *бұлай* аяқталуы мынаны білдіреді: 1) буржуазиялық қоғамның өндіргіш күштерінің еркін дамуы мейлінше баяу болады (помещиктік жер иеленушілік оны кадеттік жоспар бойынша қайта құрғаннан гөрі, революция арқылы жойылса, Россияның экономикалық прогресі әлдеқайда тез болады); 2) халық бұқарасының негізгі мұқтаждары қанағаттандырылмайды және 3) халық бұқарасын *күшпен* басып жаныштау қажет болады. Бұқараны күшпен басып жаныштамайынша, кадеттердің конституциялық жолмен «бейбіт» даму дегені *жүзеге аспайды.* Біз осыны есімізде берік ұстап, бұқараның санасына сіңіруге тиістіміз. Кадеттердің «әлеуметтік бейбітшілігі» помещик пен фабрикантқа арналған бейбітшілік, шаруалар мен жұмысшылардың *басып-жаншылған* котерілісінің *«бейбітшілігі».*

Столыпиннің әскери-далалық жазалаулары мен кадеттердің «реформалары» дегендеріміз бір езушінің екі қолы.

II

Біздің осы тақырыпқа жазылған бірінші мақаламыздың жарияланғанына сегіз күн — ал содан бергі саяси өмірде бірқатар ірі-ірі оқиғалар болып өтті, бұл оқиғалар біздің сондағы айтқанымызды дұрысқа шығарып, сонда қозғаған толғағы жеткен мәселелерді «болған

(яки болып жатқан?) *фактіге»* айналдырып, айқындап берді.

Кадеттердің оңға қарай ойысқандығы Думада қазірдің өзінде-ақ аңғарылып отыр. Баяулықты, сақтықты, жариялылықты, халықты тыныштандыруды, желіктірмеуді уағыздап, Родичевтердің Столыпинді қолдауы,— және Столыпиннің Родичевті қолдауы, әйгілі «жан-жақты» қолдауы фактіге айналды [59].

Бұл факт қазіргі саяси жағдайға жасаған талдауымыздың, екінші Дума ашылмастан *бұрын,* 15—18 февральда жазылған қарарлардың жобаларында жасаған талдауымыздың дұрыстығын тамаша дәлелдеп берді. Біз Орталық Комитеттің ұсынысына ермей, «таяудағы саяси міндеттерді» талқылаудан бас тартқанбыз, біз революциялық дәуірде мұндай ұсыныстың мүлдем негізсіз екенін көрсеткенбіз, біз осы минуттық саясат туралы мәселенің орнына буржуазиялық революциядағы социалистік саясаттың негіздері туралы мәселені қойғанбыз.

Сонымен, революциялық дамудың бір аптасы біздің болжауымызды түгелдей дұрысқа шығарды.

Біз өткен жолы өз қарарымыз жобасының дәлелдеме бөлімін талдағанбыз. Бұл бөлімнің ең негізгі пункті — әлсіреген «орталық» партияның, яғни либералдық-буржуазиялық кадеттер партиясының, қаражүздік помещиктер мен самодержавиеге қолайлы келетін жеңілдіктер жасау арқылы революцияны тоқтатуға тырысатынын көрсету болатын.

Большевизмнің бұл идеясын, өзіміз 1906 жыл бойы (тіпті одан да бұрын, 1905 жылдан, «Екі тактика»* атты кітапша шыққан уақыттан бері) табандылықпен қорғап келе жатқан идеяны Плеханов пен оның РСДРП-ның оң қанатындағы пікірлестерінің мұны буржуазияның роліне бүлікшілдік көзбен қараудан туған жартылай фантастикалық жорамал деп, немесе, ең кем дегенде, мезгілсіз сақтандырғандық, т. т. деп жариялағаны күні кеше ғана еді деуге болады.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

Біздің дұрыс айтқанымызды бүгін *жұрттың бәрі* көріп отыр. Кадеттердің «талабы» жүзеге аса *бастады,* сондықтан тіпті кадеттерді аяусыз әшкерелегені үшін большевизмді бәрінен жек көретін «Товарищ» сынды газет те, кадеттердің қаражүздік үкіметпен келіс сөз жүргізгендігі туралы «Речь» бекерге шығарып отырған лақап жөнінде*: «жел болмаса, шөп басы қимылдамайды»,— деп отыр.

«Товарищте» «большевиктерге арналған аптаның» осы қайта басталуын құттықтағаннан басқа біздің айтарымыз жоқ. Бізге мынаны ескертіп өту ғана қалады: *тарих біздің алдын ала сақтандырған сөздеріміздің, ұрандарымыздың бәрін дұрысқа шығарды,* біздің кадеттерге жасаған сынымызды елемеген «демократтардың», амал не, тіпті кейбір социал-демократтардың да, күллі жеңілтектігін (ең жақсы дегенде жеңілтектігін) тарих әшкерелеп берді.

Кадеттер халықтың сыртынан үкіметпен саудаласып жүр деп бірінші Дума дәуірінде айтқан кім еді? Большевиктер болатын. Соңынан байқап отырсақ, Трепов сияқты адам кадеттік министрлікті жақтап жүр екен. Халық бостандығының партиясы болғансып жүрген партияның үкіметке қарсы сайлау күресінің (бейне бір күрес жүргізгендей-ақ) нағыз қызу кезінде, 15 январьда Милюковтың Столыпинге барып жолығуы жөнінде әшкерелеу науқанын бәрінен де жігерлі түрде жүргізген кім еді? Большевиктер болатын.

1906 жылғы екі миллиард франк заемның іс жүзінде Дубасовтар мен К^0-ге кадеттердің жапамалай жәрдемдесуі бойынша берілгенін, партияның атынан бұл заем-

---

* Біз осы жолдарды жазып қойғаннан кейін «Речьтің» 13 марттағы бас мақаласынан мынадай сөздерді оқыдық: «Өткен жылғы июнь айында кадеттердің үкіметпен жүргізген атышулы келіс сөздері жайында нақты мәліметтер жарияланған кезде, ел оның анығын білетін болады: «халықтың сыртынан» жүргізген осы келіс сөздері үшін кадеттерге пәлендей бір кінә қойылмақ болса, оларға ымыраға келмейді деп ««Россияның» айтып отырғанын кінә етіп қоюға болады». Иә, нақ сол «жарияланған кезде»! Ал әзірше кадеттер, сұрау салына тұрса да, 1906 жылғы июньде болған келіс сөздер туралы да, 1907 жылғы январьда болған келіс сөздер (15 январь күні Милюковтың Столыпинге барып жолыққаны) туралы да, 1907 жылғы мартта болған келіс сөздер туралы да «нақты мәліметтерді» жарияламай отыр. Сөйтіп *халықтың сыртынан* үкіметпен келіс сөздер жүргізілген фактісі *факт* болып қала береді.

ға ашықтан-ашық қарсы тұрыңдар деген Клемансоның формальды ұсынысын кадеттердің қабылдамай тастағанын Петербургте болған сайлау алдындағы жиналыстарда және екінші Думаның алғашқы күндерінде еске салған («Новый Луч» газетін қара) кім еді? Большевиктер болатын.

«Кадеттер саясатының *сатқындық сипатын»* әшкерелеуді екінші Думаның *қарсаңында* дәйекті (яғни пролетарлық) демократизм саясатының түйінді міндеті етіп қойған кім еді? Большевиктер болатын.

Думалық министрлік немесе жауапты министрлік құру талабын, немесе атқару өкіметін заң шығарушы өкіметке бағындыру талабын, т. т. қолдау туралы қауесеттердің бәрін сәл ғана желдің өзі-ақ қауырсындай ұшырып әкетті. Бұл ұранды шешуші шайқасқа шақырған дабыл немесе бұқараны ағартуға құрал етіп пайдаланбақ болған Плехановтың армандары ақ пейіл филистердің арманы болып шықты. Сірә, мұндай ұрандарды шындап қолдауға енді ешкімнің де батылы бара қоймас. Іс жүзіне келгенде бұл арада әңгіме тіпті де «конституциялық негізді» неғұрлым толық, неғұрлым дәйекті түрде жүргізу «принципі» туралы болып отырмағанын, атап айтқанда, *кадеттердің реакциямен мәмлеге келуі туралы* болып отырғанын өмірдің өзі көрсетті — немесе, дұрысырақ айтқанда, көрсете бастады. Бейне бір прогрестік жалпы принциптің либералдық сырт көрінісінің тасасында жиренішті, лас нәрселерді жақсы сөздермен атайтын зәресі ұшқан либералдың тар өрісті таптық мүдделері бар деп білген және соны көрсеткен адамдардың айтқаны дұрыс екенін өмір көрсетіп берді.

Сонымен, біздің бірінші қарарымыздың қорытындыларының дұрыс екенін логика емес, тарих, сөз емес, іс, социал-демократтардың қаулылары емес, революция оқиғалары өзіміз күткендегіден әлдеқайда тез және әлдеқайда жақсы дәлелдеп берді.

Бірінші қорытынды: «біздің көз алдымызда өршіп келе жатқан саяси дағдарыс конституциялық дағдарыс емес, революциялық дағдарыс, мұның өзі пролетариат пен шаруалар бұқарасын самодержавиеге қарсы тікелей күреске бастайды».

Бірінші қорытындыдан тікелей туындайтын екінші қорытынды: «сондықтан алдағы Дума науқанын халықтың өкімет билігі үшін жүргізетін революциялық күресі кезеңдерінің бірі деп біліп, сол мақсатқа ғана пайдалану керек».

Конституциялық дағдарыс пен революциялық дағдарыстың арасындағы айырмашылықтың мәні неде? Оның мәні мынада: конституциялық дағдарыс мемлекеттің қазіргі негізгі заңдары мен тәртіптері негізінде шешілуі мүмкін, ал революциялық дағдарыс бұл заңдар мен крепостниктік тәртіптердің қиратылуын талап етеді. Осы уақытқа дейін біздің қорытындыларымызда айтылған пікірді қай фракцияда екеніне қарамастап бүкіл россиялық социал-демократия түгел мақұлдап келген болатын.

Тек соңғы кезде ғана меньшевиктер арасында бір ағым күшейді, бұл ағым мүлдем қарама-қарсы көзқарасқа — революциялық күрес туралы ниеттерді тастап, қазіргі «конституцияны» сақтап, соның негізінде әрекет істей беруге бүйрегі бұрып отыр. Мемлекеттік думаға көзқарас туралы «бір топ практиктердің қатысуымен Дан, Кольцов, Мартынов, Мартов, Негорев жолдастар және басқалары» жазып, «Русская Жизньнің» 47-номерінде * басылған (жеке листок болып шыққан басылымы да бар) қарар жобасының елеулі пункттері мыналар:

«...2) орыс революциясында ең маңызды орынға көтеріліп келе жатқан тікелей өкімет үшін күрес жүргізу міндеті қоғамдық күштердің (?) арасалмағы қазіргідей болып отырғанда, ең алдымен, халық өкілдігі үшін (?) күресу туралы мәселеге (?) тіреліп отыр (?);

...3) революцияны дәйекті түрде (?) жақтаушыларды едәуір мөлшерде көбейткен екінші Дума сайлауы халық бұқарасы арасында өкімет үшін осы (?) күрестің қажеттігін түсінудің пісіп жетіліп келе жатқанын көрсетті...».

Бұл пункттердің жазылуы қаншама шым-шытырық болып, қаншама шатасып жатқанымен, пролетариат

---

* 24 февраль, 1907 ж.

пен шаруалардың өкімет жолындағы революциялық күресінің орнына жұмысшы партиясының міндетін *осы күнгі* халық өкілдігі жолындағы немесе соның негізіндегі *либералдық* күреске *айналдыру* тенденциясы айқын аңғарылып отыр. Мәселенің осылай қойылуын қазіргі уақытта немесе партияның бесінші съезінде меньшевиктердің шыпында да бәрі бірдей мойындай ма екен, енді осыны күте тұру ғана қалып отыр.

Қалай болғанда да кадеттердің оңға қарай ойысуы және оларды Столыпиннің «жан-жақты» мақұлдауы біздің партияның оң қанатын тез арада-ақ мәселені тікесінен қоюға мәжбүр етеді: не кадеттерді қолдау саясатын одан әрі жүргізіп, сөйтіп, оппортунизм жолына біржолата түсіп алу керек, не кадеттерді қолдауды мүлдем тоқтату керек те, пролетариаттың социалистік дербестігі және демократиялық ұсақ буржуазияны кадеттердің ықпалы мен гегемониясынан босату саясатын қабылдау керек.

Біздің қарарымыздың үшінші қорытындысында былай делінеді: «Қазіргі кезде социал-демократия алдыңғы қатарлы таптың партиясы ретінде жалпы алғанда кадеттік саясатты, жеке алғанда кадеттік министрлікті ешбір жағдайда қолдай алмайды. Социал-демократия бұл саясаттың опасыздық сипатын бұқара алдында ашып көрсетуге, бұқараға олардың алдында тұрған революциялық міндеттерін түсіндіруге, бұқара жоғары саналылық көрсеткен және берік ұйымдасқан жағдайда ғана самодержавиенің беруі мүмкін жеңілдіктері алдау және аздыру құралынан революцияны одан әрі дамыту құралына айнала алатынын оларға дәлелдеп беруге барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс».

Біз жекелеген жеңілдіктер жасалу мүмкіндігін жалпы теріске шығармаймыз және оларды пайдаланудан қашпаймыз. Қарардың тексті бұл жөнінде ешқандай күмән қалдырмайды. Сондай-ақ кадеттік министрліктің де белгілі бір жағынан «самодержавиенің жеңілдіктері» категориясына сай келіп қалуы мүмкін. Бірақ жұмысшы табының партиясы, «бөлшектеп төлегенін» (Энгельстің сөзі) [60] қабылдай беруден бас тартпауымен қатар, істің екінші, өте маңызды және либералдар мен

оппортунистердің көбінесе ұмытып кете беретін жағын, атап айтқанда: «жеңілдіктердің» *алдау және аздыру құралы* ретіндегі ролін ешбір ұмытпауға тиіс.

Буржуазияшыл реформист болғысы келмесе, бұл жағын социал-демократ ұмыта алмайды. Меньшевиктер жоғарыда айтылған қарарында: «...Думаның атқару өкіметті өзіне бағындырып алуға *барлық күш-жігерін салуын* социал-демократия қолдап отыратын болады...» деп, мәселенің осы жағын тіпті кешірімсіз түрде ұмытып отыр. Мемлекеттік думаның күш салуы дегеніміз Дума көпшілігінің күш салуы деген сөз. Думаның көпшілігі солшылдарға *қарсы* оңшылдар мен кадеттерден қалыптасуы мүмкін екенін тәжірибе қазірдің өзінде-ақ көрсетті. Мұндай көпшіліктің «күш салуы» өзіне «атқару өкіметті» халықтың күйін нашарлататындай немесе оны көрер көзге алдайтындай етіп *бағындырып* алуы мүмкін.

Меньшевиктер бұл арада тек асыра сілтеп кеткен болар: қазіргі Дума көпшілігінің жоғарыда айтылған бағыттағы *барлық* күш салуларын олар қолдай қоймас деген үміттеміз. Бірақ меньшевизмнің аса көрнекті көсемдерінің осындай тұжырымды қабылдай *алғаны,* әрине, назар аударарлық.

Кадеттердің оңға қарай ойысуы, іс жүзіне келгенде, қай фракцияда екеніне қарамастан, *барлық* социал-демократтарды кадеттерді қолдаудан бас тарту саясатын, олардың сатқындығын әшкерелеу саясатын, жұмысшы табының дербес және дәйекті революциялық партиясы болуы саясатын қабылдауға мәжбүр етеді.

«Пролетарий», №№ 14 және 15, 4 және 25 март, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ҚАРАРЛАРДЫ БҰЛАЙ ЖАЗБАУ КЕРЕК [61]

1907 ж. 19 мартта (1 апрельде) жазылған; «Соңғы сөз орнына» 1907 ж. 19 және 25 март (1 және 7 апрель) аралығында жазылған

1907 ж. апрельде мына жинақта басылған: «Тактика мәселелері», II. С.-Петербург, «Новая дума» баспасы
Қол қойған: Н. Ленин

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

«Русская Жизньнің» 47-номерінде (24 февральда) қарардың бірінші (бір топ практиктердің қатысуымен, Дан, Кольцов, Мартынов, Мартов, Негорев жолдастар және басқалар жасаған) жобасын жариялағаны үшін меньшевик жолдастарға алғыс айтпай болмайды. (Бөлек листок болып басылғаны да бар.) Партия съезіне шындап әзірлеңу үшін қарарлардың жобаларын алдын ала басып, оларды жете талдау қажет.

Қарар Мемлекеттік дума жөніндегі көзқарасқа арналған.

1-пункт:

«қазіргі уақытта, террордан үрейленіп қалған халық бұқарасының ұйымдасқан қарсы қимылына кездеспеген мейлінше жүгенсіз кеткен диктатураның жеті айлық үстемдігінен кейін, Мемлекеттік думаның қызметі әлгі бұқараның назарын елдің саяси өміріне аудара отырып, оларды жұмылдыруға және олардың саяси белсенділігін арттыруға көмектесе алады және көмектесуге тиіс те».

Мұнымен не айтқысы келген? Дума Дума болмағандықтан жақсы дегендік пе? Немесе бұл — «Думаны сақтау» керек дегендік пе? Сірә, авторлардың пікірі дәл осылай болса керек. Бірақ ол ашық айтылмаған. Оған тек меңзеу ғана бар. Қарарды меңзеулермен жазуға болмайды.

2-пункт:

«орыс революциясында басты орынға көтеріліп келе жатқан (сірә, қойылып отырған дегеннің орнына қате басылған болар)

өкімет үшін тікелей күресу міндеті қоғамдық күштердің арасалмағы қазіргідей болып отырғанда, ең алдымен, халық өкілдігі жолындағы күрес туралы мәселеге тіреліп отыр».

Бұл пункт «Речьтің» мақтауына тегіннен-тегін ілініп отырған жоқ (27 февральдағы бас мақала: «Россия социал-демократиясы үшін бұл ілгері басқан зор адым»... «саяси сана-сезімнің табысы»). Бұл, шынында, тұп-тура ғажап пункт.

Өкімет үшін күресу міндеті «өкілдік үшін күрес туралы» *мәселеге* қалайша тіреле алады?! «Халық өкілдігі *үшін* күрес» дегеніміз не?? «Қоғамдық күштердің қазіргі арасалмағы» қай арасалмақ?? Мұның алдындағы пунктте: «мейлінше жүгенсіз кеткен диктатураның жеті айлық үстемдігі террордан үрейленіп қалған халық бұқарасының ұйымдасқан қарсы қимылын кездестірмеді» деп қана айтылған еді. Бұқараның айқын, орасан зор солшылдануы кезінде, осы жеті айдың аяғында келіп, сайлауда білінген солшылдануы кезінде 7 ай бойы бұқараның ұйымдасқан тойтарыс бермеуі «қоғамдық күштердің арасалмағы» туралы шынымен бірдеме айта қояр ма екен??

Мұның өзі саяси ойдың қайдағы бір ақылға сыйымсыз дерлік күңгірттігі.

Қоғамдық күштердің арасалмағы соңғы жарты жыл ішінде мына мағынада айқын өзгерді: «орталық партия», либералдар әлсіреді; ұшқарылар: қаражүздіктер мен «солшылдар» нығайып, күшейді. Екінші Дума сайлауы мұны даусыз дәлелдеп берді. Демек, саяси қайшылықтардың *(және экономикалық қайшылықтардың да: локауттар, аштық, т. т.)* шиеленісуі салдарынан қоғамдық күштердің арасалмағы *анағұрлым революцияшылдана* түсті. Біздің меньшевиктер революциялық міндеттерді («өкімет үшін күрес») қайдағы бір либералдық міндеттерге («халық өкілдігі үшін күрес») дейін төмендетіп, ол міндеттерді әлсіретуге өздерін мәжбүр еткен керісінше қорытындыға қандай керемет арқылы келді екен?

«Жүгенсіз кеткен диктатура» және солшыл Дума,— осыдан *керісінше* қорытынды шығатыны айқын: халық өкілдігі негізінде күресудің немесе оны сақтап қалу

үшін күресудің либералдық міндеті дегеніміз мещандық утопия, өйткені объективті жағдайлардың себебінен мұндай міндет «өкімет үшін тікелей күрессіз» *орындалмайды.*

Меньшевиктік саяси ой-пікір ілгері қарай шаян сияқты жылжиды.

Екінші пункттен шығатын қорытынды: меньшевиктер революциялық социал-демократия позициясынан либералдардың позициясына ауып кетті. Екінші пункттің қорытынды «көмескілігі» («халық өкілдігі үшін күрес») *іс жүзінде* либерал буржуазияның идеясын білдіреді; ал либерал буржуазия өзінің революциядан «үрейленіп қалғандығын» «халық бұқарасының үрейленіп қалғандығына» жауып отыр, сөйтіп осыны сылтау етіп, бейне жария күрестің («халық өкілдігі үшін күрес») пайдасына революциялық күрестен («өкімет үшін тікелей күрес») бас тартуға асығады. Столыпин көп ұзамай «қоғамдық күштердің қазіргі арасалмағы жағдайында» «халық өкілдігі үшін күрес» дегеннің не екенін меньшевиктерге үйрететін болар!

3-пункт:

«Революцияны дәйекті түрде жақтаушы бірқатар адамдар берген 2-Дума сайлауы халық бұқарасы арасында өкімет үшін осы күрестің қажеттігін түсіну сезімінің пісіп жетіліп келе жатқанын көрсетті».

Бұл не? Бұл қалай? 2-пунктте қоғамдық күштердің қазіргі арасалмағынан өкімет үшін күресті өкілдік үшін күреспен алмастыруға қорытынды шығарылып еді, ал енді сайлау қорытындыларынан өкімет үшін *«осы»* күрестің қажеттігін түсіну сезімінің бұқара арасында пісіп жетілуі жөнінде қорытынды шығарылып отыр!

Жолдастар, мұның өзі былық. Шамамен былай етіп қайта жазу керек еді: екінші пункт: «Екінші Думаның сайлауы өкімет үшін тікелей күрестің қажеттігін түсіну сезімінің халық бұқарасы арасында пісіп жетіліп келе жатқанын көрсетті». Үшінші пункт: «Сондықтан либерал буржуазияның өзінің саяси қызметін осы халық өкілдігі негізіндегі күреспен шектеуге тырысуы идеялық жағынан біздің либералдардың мүлде топастығын

көрсетеді, ал материалдық жағынан олардың реакциямен мәмлеге келу арқылы революцияны тоқтатуға (қазіргі кезеңде жүзеге аспайтын) ұмтылуын көрсетеді». Егер бұған қосымша біздің марксистер халық ішінде ұшқары саяси пікірлердің шиеленісуін қандай экономикалық себептер туғызып отырғанын 1-пунктте анықтауға тырысқан болса, онда бір-біріне байланысы бар бірдеме шыққан болар еді.

Сонан соң, «революцияның дәйекті жақтаушылары» дегеніміз не?? Сірә, бұл арада ұсақ-буржуазиялық демократия, ең алдымен, шаруалар демократиясы, яғни трудовиктер (кең мағынасында, халықтық социалистер мен социалист-революционерлерді де қоса) айтылып отырған болу керек, өйткені бірінші Думадан екінші Думаның айырмашылығы дәл осындай. Бірақ, біріншіден, бұл тағы да меңзеу, ал қарарлар меңзеумен жазылмайды. Ал, екіншіден, *бұл дұрыс емес қой,* жолдастар! Трудовиктерді «революцияның дәйекті жақтаушылары» деп атағандарың үшін біз сіздерді *эсерленуші ересьтер* деп формальды түрде айыптауға тиіспіз. Буржуазиялық революцияның дәйекті (сөздің дәл мағынасында) жақтаушысы *тек* пролетариат *қана* бола алады, өйткені ұсақ өндірушілер, ұсақ қожайындар табының қожайындық талаптар мен революциялық талаптар арасында *ауытқуы сөзсіз,*— мәселен, Петербургтегі сайлауда эсерлердің кадеттерге сатылуға ұмтылу мен кадеттерге қарсы шайқас ашуға ұмтылудың арасында ауытқуы.

Сондықтан абайлаңқырап айту керектігіне,— шамамен алғанда большевиктік қарардың жазылуы рухында айту керектігіне, жолдастар, бізбен, бәлкім, келісерсіздер (27 февральдағы «Новый Лучты» қараңыз):

«...еңбек партиялары... либералдардың гегемониясына бағыну» (Петербургтегі сайлау, кадетті Дума председателі етіп сайлау) «мен помещиктік жер иеленушілікке және крепостниктік мемлекетке қарсы батыл күрес жүргізудің арасында *ауытқи отырып,* шаруалар мен қаланың ұсақ буржуазиясының қалың бұқарасының мүдделері мен көзқарасын *азды-көпті жақын* көрсетеді...» *

* Қараңыз: осы том, 6-бет. *Ред.*

Орайы келгенде айтпай болмайды, осы қарарда Кольцов жолдас (басқа меньшевиктермен бірге) трудовиктерді революцияның дәйекті жақтаушыларына жатқызады да, «Русская Жизньнің» 49-номерінде сол Кольцовтың өзі трудовиктерді *қалалық демократияға* (яғни кадеттерге) *қарағанда* «өндіріс пен қоғамның күні өткен ескі формаларын өте көптеген жағдайларда жақтайтын» селолық демократияға жатқызады. Мұның өзі тым қисынсыз ғой, жолдастар!

4-пункт:

«Думаның құрамында революцияның осындай дәйекті жақтаушыларының болуы халық бұқарасының осы мекемеге деген сенімін көтере және нығайта отырып, ол мекеменің бостандық пен өкімет жолындағы жалпы халықтық күрестің нағыз орталығына айналу мүмкіндігін жеңілдетеді».

Несін айтасың, «сүп-сүйкімді» қорытынды. Бірақ тағы да логика ақсап жатыр. Меньшевиктер қарардың бүкіл дәлелдеме бөлімін осы пунктпен аяқтайды. Олар қарарда *бұл мәселе жөнінде* бұдан басқа тіпті де еш нәрсе айтпайды. Сондықтан қорытынды да ақсап жатыр.

Егер «революцияның дәйекті жақтаушылары» Думада көпшілік болмай, тек «едәуір мөлшерде» ғана болса (3-пунктте айтылғандай және өте дұрыс айтылған), онда сонымен қатар революцияның дұшпандары да, революцияның *дәйексіз* жақтаушылары да бар екені айқын. Демек, тұтас алғанда Думаның тіпті де «бостандық пен өкімет жолындағы жалпы халықтық күрестің» емес, *дәйексіз* демократиялық саясаттың «нағыз орталығына айналу» *«мүмкіндігі»* бар болғаны.

Бұл жағдайда екінің бірі болар еді: (1) Не бұл мекемеге халық бұқарасының сенімі артпас та, нығаймас та еді, қайта төмендеп, әлсіреген болар еді. (2) Не революцияның дәйексіз жақтаушыларының саясатын дәйекті демократиялық саясат ретінде бұқараның ұғынуы нәтижесінде халық бұқарасының саяси сана-сезімі азғындатылған болар еді.

Осыдан келіп, *меньшевиктердің жасаған* қорытындыларынан: революцияның дәйекті жақтаушысы ретінде пролетариаттың партиясы революцияның онша дәйекті

емес (мысалы, трудовиктер) жақтаушыларын революцияның дәйексіз жақтаушыларына *қарсы* және әсіресе революцияны *тоқтатуды көріне көзге* жақтаушыларға (мысалы, кадеттер) қарсы жұмысшы табының соңынан ертуге үздіксіз ұмтылуға тиіс деген алғы шарты *қалайда* туатыны әбден айқын, ал меньшевиктер, неге екені белгісіз, мұндай қорытынды жасамаған.

Меньшевиктерде осы қорытындының болмауы олардың пікірлерінің бір-біріне мүлде жанаспауына әкеп соғады. Былай болып шығады: Думада «революцияның дәйекті жақтаушылары» едәуір мөлшерде болған *жағдайда* революцияны тоқтатуды көріне көзге жақтаушыны қолдап... дауыс беру керек!

Тіпті де жақсы емес, жолдастар!

Талданып отырған қарардың қорытынды бөлімі былай дейді (пункт-пунктімен алайық):

«Социал-демократия — Мемлекеттік думаны нағыз заң шығарушы мекеме деген жалған түсінікті әшкерелей отырып, халық бұқарасына, бір жағынан, іс жүзінде заң жөніндегі кеңесші мекеме болып табылатын Думаның шын сипатын, ал екінші жағынан,— ол қаншалықты болымсыз мекеме болғанымен, оны халықтың өкімет билігі жолында одан әрі күрес жүргізу мақсатында пайдаланудың мүмкіндігі мен қажеттігін түсіндіреді, Думаның заң шығару жұмысына қатысады, мұнда төмендегі ережелерді басшылыққа алады...»

Мұның өзі 4 (Бірігу) съездің қарарында Думаны «революцияның құралына» «айналдыру» туралы, бұқараны «Думаның мүлде жарамсыздығын» ұғынуға дейін жеткізу туралы, т. т. сөздерде *күштірек* айтылған ойдың *әлсіретіліп* айтылуы.

«... I а) Социал-демократия барлық пролетарлық емес партиялардың ұсыныстары мен заң жобаларын қалалық, селолық пролетариаттың және дәйекті демократизмнің мүдделері тұрғысынан сынға алады, сөйтіп оларға өзінің талаптары мен ұсыныстарын қарсы қояды, бұл жұмыста таяудағы саяси міндеттерді пролетарлар бұқарасының әлеуметтік-экономикалық мұқтаждарымен, жұмысшы қозғалысының барлық формалардағы қажеттерімен байланыстырады.

Ескерту. Жағдайлар мұны талап еткен кезде, социал-демократия басқа партиялардың жүзеге асырылатын заң жобалары ішінен халық бұқарасының қолында шын мәніндегі демократиялық бостандыққа жету жолындағы революциялық күрес құралы бо-

ла алатын заң жобаларын, зиянсызырақ жобалар ретінде, қолдайды...»

Бұл ескертуде социал-демократияның *буржуазиялық-реформаторлық* жұмысқа Дума негізінде қатысуының қажеттігі туралы пікір айтылған. Ерте емес пе, жолдастар? Думаны нағыз заң шығарушы мекеме деп ұғынудың жалғандығы жайында сіздер өздеріңіз айтқан жоқ па едіңіздер? Сіздер *жүзеге асырылған жағдайда* алдағы күреске пайда келтіре *алатындай* буржуазиялық заң жобаларын қолдағыларыңыз келеді.

«Жүзеге асырылған жағдайда» деген шарт жөнінде ойланып қараңыздар. Сіздердің қолдауларыңыздың мақсаты — «зиянсызырақ жобаны» жүзеге асыруға көмектесу. Бірақ жүзеге асыратын Дума емес, Дума мен Мемлекеттік совет[62] және жоғарғы өкімет қой! Демек, сіздер өздеріңіздің қолдауларыңыз арқылы «зиянсызырақ жобаны» жүзеге асыруға көмектесетініңізге *ешқандай* кепілдік *жоқ*. Ал «зиянсызырақ жобаны» қолдап, оны жақтап дауыс беру арқылы сіздер бұларыңызбен, дау жоқ, жартыкеш буржуазиялық реформаторлық үшін, Думаның, шын мәнінде, *комедиялық,*— сіздердің өздеріңіз де мойындаған комедиялық! — заң шығару жұмысы үшін жауапкершіліктің бір бөлегін *өз мойындарыңызға,* пролетар партиясына, артасыздар!

Осы екіталай «қолдауды» *не үшін* жасау керек? Өйткені бұлайша «қолдау» өздеріңіз сүйеніп отырған бұқараның *революциялық* сана-сезімін *тікелей* әлсіретуге қауіп туғызады, ал ол қолдаудың *практикалық* пайдасы «жалған үміт»!

Сіздер қарарды *жалпы* реформаторлық жұмыс туралы емес (онда социал-демократтар одан безбейді деп айтуға ғана тура келер еді), *екінші Дума* туралы жазып отырсыздар. Сіздер бұл Думада «революцияның дәйекті жақтаушыларының» саны едәуір деп айтып та қойдыңыздар. Демек, сіздер Думаның *қазірдің өзінде анықталған* партиялық құрамы бар екенін айтып отырсыздар ғой. Бұл — факт. Сіздер қазіргі Думада «революцияның *дәйекті** жақтаушылары» ғана емес, «реформалардың

* Оқушыдан осы сөзге менің жоғарыда жасаған түзетуімнің қажет болғанын әрдайым есте ұстауды сұраймын.

дәйексіз жақтаушылары» да, солшылдар мен трудовиктер ғана емес, кадеттер де бар екенін, оның үстіне оңшылдардан кадеттердің *өздері-ақ* күштірек екенін білесіздер (100 оңшылға қарсы 150-ге жуық кадеттер мен бұларға қосылатын халықтық демократтар). Думада істің жағдайы осындай болып отырғанда «зияnсызырақ жобаны» әйтеуір жүзеге асырудың жөні осы екен деп сіздердің оны қолдауларыңыздың *қажеті жоқ*, реакцияның «реформалардың дәйексіз жақтаушыларына» қарсы күресінде сіздердің *қалыс қалғандарыңыз* жетіп жатыр. Бұл ретте (заң жобаларын жүзеге асыру мағынасында) практикалық нәтиже бұрынғыша болады, ал идеялық-саяси мағынада революцияшыл пролетариат партиясы ретінде сіздер өз позицияңыздың тұтастығын, тазалығын, ұстамдылығын, оған сенімділікті сөзсіз ұтасыздар.

Революцияшыл социал-демократ осы жағдайды елеусіз қалдыра ала ма?

Меньшевиктер төмендегілерге қараудың орнына жоғарыдағыларға қарайды. Меньшевиктер, өз сөздеріне қарағанда, Думада «саны едәуір» «революцияның дәйекті жақтаушыларының» санасы мен жауынгерлік қабілетін көтеруден гөрі «реформалардың дәйексіз жақтаушыларының» реакциямен мәмлеге келуі арқылы «зиянсызырақ жобаның» жүзеге асырылатындығына көбірек қарайды (өйткені заң жобаларын жүзеге асырудың шын маңызы нақ осындай). Меньшевиктердің өздері «революцияның» азды-көпті «дәйекті жақтаушыларының» *бұқараға* арнаған үндеуіне емес, кадеттердің самодержавиемен келісімге келуіне («зиянсызырақ жобаны», реформаларды жүзеге асыруға) қарайды және *халықты* да соған *қарауға үйретеді*. Мұның өзі пролетарлық саясат емес, либералдық саясат. Мұның өзі сөз жүзінде Думаның заң шығарушылық праволарының жалғандығын жариялап, ал іс жүзінде Дума арқылы заң реформаларын жасауға халықтың сенімін нығайтып, революциялық күреске деген сенімді әлсірету болады.

Дәйектірек, адалырақ болыңыздар, меньшевик жолдастар! Егер сіздер революцияны бітті деп сенетін бол-

саңыздар, егер өздеріңіздің осы (бәлкім, ғылыми жолмен анықталған?) сеніміңізден революцияға сенімнің жоқтығы туатын болса, онда революция туралы айтудың да керегі жоқ, онда *өздеріңнің* тікелей міндеттеріңді реформалар жолындағы күрес деп білулерің керек.

Егер де сіздер өздеріңіздің айтқандарыңызға сенетін болсаңыздар, егер сіздер екінші Дума депутаттарының «едәуір бөлегін» шынында да «революцияның дәйекті жақтаушылары» деп санайтын болсаңыздар, онда сіздер реформаларды қолдауды (практикалық жағынан түкке тұрғысыз, идеялық жағынан зиянды қолдауды) емес, қайта әлгі революцияны жақтаушылардың революциялық сана-сезімін ашуды, пролетариаттың ықпалы арқылы олардың революциялық ұйымшылдығы мен батылдығын нығайтуды *бірінші қатарға* қоюға тиіссіздер.

Әйтпесе сіздердікі қисынсыздық пен шатасушылықтың шыңы болып шығады ғой: жұмысшы партиясы *революцияны* дамыту *үшін* «революцияның» азды-көпті «дәйекті жақтаушылары» жөніндегі міндеттерін *бір ауыз сөзбен де* анықтамайды, оның орнына «зиянсызырақ жобаны», *реформалардың* дәйексіз жақтаушыларын қолдау міндетіне ерекше ескерту арнайды!

«Ескертуді» шамамен былай етіп қайта жасау керек еді: «Думада революцияны азды-көпті дәйекті жақтаушылардың саны едәуір болғандықтан, социал-демократтар Думада реформалардың дәйексіз жақтаушылары жүзеге асырғысы келіп отырған заң жобаларын талқылаған кезде осы заң жобаларының жартыкештігі мен сенімсіздігін сынауға, бұл заң жобаларында либералдардың реакциямен жасап отырған келісіміне, революцияның азды-көпті дәйекті жақтаушылары үшін батыл, аяусыз революциялық күрес жүргізудің қажеттігін түсіндіруге баса назар аударуға тиіс. Зиянсызырақ болып табылатын заң жобалары дауысқа қойылған кезде социал-демократтар қалыс қалады, сөйтіп реакцияны қағаз жүзінде «жеңуді», самодержавие тұсында «либералдық» реформаларды жүзеге асырғаны үшін халық алдында жауап беруді тек либералдарға ғана қалдырады».

«...б) Социал-демократия қазіргі режимнің теріс жақтарын ғана емес, буржуазиялық қоғамның бүкіл таптық қайшылықтарын да ашып көрсету үшін түрлі заң жобаларын талқылауды да, мемлекеттік бюджетті талқылауды да пайдаланады...»

Өте жақсы мақсат. Буржуазиялық қоғамның таптық қайшылықтарын ашып көрсету үшін партияны таптарға айналдырып жіберу керек. Думадағы «бейпартиялық», «бірыңғай» «оппозициялық» рухпен күресу керек, мысалы, бейне бір «халық бостандығы» деген ат арқылы «таптық қайшылықтарды» *көмескілеуге бәрінен де көбірек* ұмтылып отырған кадеттердің таптық тар өрістілігін аяусыз *ашып көрсету* керек.

Меньшевиктердің буржуазиялық қоғамның таптық қайшылықтарын ашу туралы айтып қана қоймай (самодержавиенің пасықтықтарын ашу туралы айтып *«қана қоймай»*), *мұны істеуіне де* тілектеспіз...

«...в) Социал-демократия бюджет мәселесінде «жауапкершіліксіз үкіметке бір тиын да берілмесін» деген принципті basшылыққа алады...»

Тамаша принцип, егер: «жауапкершіліксіз» дегеннің орнында үкіметтің Дума алдында жауапкершілігін көрсететіп емес (қазіргі «конституция» кезінде бұл бос сөз), қайта үкіметтің жоғарғы өкімет алдындағы «жауапкершілігін» көрсететін *басқа* сөз тұрған болса (бұл бос сөз емес, *шындық,* өйткені нағыз өкімет халықтың қолында емес, «өкімет үшін күрестің» пісіп жетіліп келе жатқаны туралы меньшевиктердің өздері де айтып отыр), бұл принцип өте жақсы болар еді.

Былай деп айту керек еді: «бүкіл өкімет халық қолына көшкенше, үкіметке бір тиын берілмесін».

«II. Социал-демократия қазіргі үкіметтің шын сипатын және оның барлық іс-әрекеттерінің халық мүдделеріне түгелдей қайшы келетінін халық алдында әшкерелеу үшін; қала мен деревняда жұмысшы табының жағдайын және өзінің саяси, экономикалық жағдайларын жақсарту жолындағы оның күрес жағдайларын анықтау үшін; үкіметтің және оның агенттерінің болсын, сондай-ақ дәулетті таптардың және олардың жоғын жоқтайтын саяси партиялардың болсын жұмысшы табы жөнінде қандай роль атқаратынын баяндау үшін сұраулар қою правосымен пайдаланады...»

Өте жақсы пункт. Думадағы біздің социал-демократтар осы сұрау қою правосын осы кезге дейін (19 март) аз пайдаланып келгені ғана өкінішті.

«...III. Осы жұмыстың негізінде жұмысшы бұқарасымен өте тығыз қарым-қатынас жасай отырып, өзінің заң шығарушылық қызметінде жұмысшы бұқарасының ұйымдасқан қозғалысын бейнелеуші болуға ұмтыла отырып, социал-демократия Думаның ескі тәртіпке қарсы және оның өз қызметінде оны тежеп отырған негізгі заңдардың шеңберінен шығуыпа мүмкіндік беретіндей жағдайларды жасау күресінде Думаны қолдау үшін жұмысшы бұқарасының, жалпы халық бұқарасының да, ұйымдасуына көмектеседі...»

Біріншіден, социал-демократтардың «заң шығарушылық» қызметі туралы айтудың керегі жоқ. Сондықтан «думалық қызмет» деу керек еді.

Екіншіден, «Думаның ескі режимге қарсы күресінде оны қолдау» ұранының қарардың алғы шарттарымен мүлдем байланысы жоқ, шын мәніне келгенде, теріс ұран болып табылады.

Қарардың дәлелдерінде *өкімет үшін* революциялық күрес жүргізу туралы және Думада «революцияны дәйекті жақтаушылардың саны едәуір» екені туралы айтылады.

Бұл арада «өкімет үшін күрес» деген әбден айқын, революциялық категория «ескі режимге қарсы» тұрлаусыз «күреспен», яғни тікелей *реформаторлық* күресті қамтитын сөзбен неге ауыстырылған? Өкімет үшін «алдамшы» күрестің орнына «реформа үшін күресу міндеті» ұсынылатын рухта дәлелдерді қайта жасау керек емес пе екен?

Бұл арада әңгіме «революцияның дәйекті жақтаушыларын» *бұқараның* қолдауы туралы болмай, «Думаны» қолдау туралы болып отырғаны несі? Меньшевиктер бұқараны реформалардың *дәйексіз* жақтаушыларын қолдауға шақырып отырған болып шығады ғой!! Жақсы емес, жолдастар.

Ақырында, «Думаның» ескі тәртіпке қарсы күресінде оны қолдау туралы сөздер, *шын мәнінде, тікелей теріс* пікірлер туғызады. «Думаны» қолдау дегеніміз — Думаның *көпшілігін* қолдау деген сөз. Көпшілік деге-

нiміз — *кадеттер* плюс трудовиктер. Демек, сіздер implicite, яғни, мұны тура айтпасаңыз да, кадеттерге олар «ескі режиммен күресіп жатыр» деп *сипаттама* бердіңіздер.

Мұндай сипаттама дұрыс емес және толық емес. Мұндай нәрселерді жартылай меңзеп айтпайды. Оларды тура, анық айту керек. Кадеттер «ескі режиммен күресіп жатқан» *жоқ,* қайта *осы ескі режимнің өзін реформалауға,* жаңғыртуға тырысып отыр, сөйтіп қазірдің өзінде ескі өкіметпен *келісімге келуді* әбден анық және ашықтан-ашық көздеп отыр.

Қарарда бұл жөнінде түк айтпау, мұны қағыс қалдыру — пролетарлық көзқарастап либералдық көзқарасқа ауып кету деген сөз.

«...IV. Құрылтай жиналысын жеңіп алуға бағытталған халық қозғалысын дамытуға социал-демократия өзінің қызметі арқылы көмектесе отырып, Мемлекеттік думаның атқарушы өкіметті өзіне бағындыру жөнінде жұмсап отырған бүкіл күш-жігерін, осы халық күресінің кезеңі ретінде, қолдайды, сонымен бүкіл мемлекеттік өкіметтің халық қолына көшуі үшін негіз дайындайды...»

Бұл — қарардың «думалық» немесе «жауапты» министрлік деген атышулы ұранды қамтитын ең маңызды пункті. Бұл пунктті тұжырымдау жағынан да, сонан соң, мәні жағынан да талдау керек.

Бұл пункт өте таңырқарлық түрде тұжырымдалған. Бұл мәселе ең маңызды мәселелердің бірі екенін меньшевиктердің білмеуі мүмкін емес. Сонан соң партиямыздың Орталық Комитеті мұндай ұранды *бұдан бұрын* бір рет, атап айтқанда, бірінші Дума кезінде *қойғанын* және ол кезде *бұл ұранды партияның қабылдамағанын* олардың білмеуі мүмкін емес. Мұның дұрыстығы соншалық, *бірінші* Думаның, жұртқа мәлім, *тек* меньшевиктерден құралған, Жордания жолдас сияқты аса көрнекті меньшевик лидері болған Думадағы социал-демократиялық фракцияның өзі де,— осы фракцияның өзі де «жауапты министрлік» ұранын қабылдаған жоқ, оны Думада бірде-бір сөзде *бір рет те* ұсынған жоқ!

Мәселеге ерекше зер сала қарау үшін осының өзі-ақ тым жеткілікті сияқты. Ал біз мұның орнына жалпы

жеткіліксіз ойластырылған қарардан ең салақ жазылған пунктті көріп отырмыз.

«Жауапты министрлік» (Плеханов «Русская Жизньде») немесе «Дума көпшілігінің министрлігі» (Орталық Комитеттің бірінші Дума дәуіріндегі қарары) деген *айқын* ұранның орнына жаңа, анағұрлым бұлдыр тұжырым неге алынған? Бұл нақ сол «жауапты министрлікті» тек қана қайталап айту ма әлде басқа бірдеңе ме? Осы мәселелерді талдап көрейік.

Дума атқарушы өкіметті өзіне қалайша бағындыра алар еді? Не қазіргі (немесе аздап өзгертілген) монархиялық конституция негізінде жария бағындырады, не «өзін тежеп отырған негізгі заңдардың шеңберінен шыға отырып», ескі өкіметті құлатып, революциялық конвентке, уақытша үкіметке, т. с. айнала отырып, құпия бағындырады. Бірінші мүмкіндік «думалық» немесе «жауапты» министрлік деген сөздермен айту әдетке айналған нәрсені көрсетеді. Екінші мүмкіндік — «Думаның» (яғни Дума көпшілігінің) өкімет үшін тікелей-революциялық күреске белсене қатысуын көрсетеді. Думаға атқарушы өкіметті «бағындырудың» басқа жолдары болуы мүмкін емес, ал түрлі жолдардың өзара жымдаса алуы туралы жеке мәселені бұл арада қоюға тура келмейді: біздің алдымызда тұрған — жалпы қандай жағдайлардың мүмкін екендігі туралы ғылыми-академиялық мәселе емес, социал-демократияның дәл нені қолдауға тиіс, нені қолдамауға тиіс екендігі туралы практикалық-саяси мәселе.

Бұдан шығатын қорытынды айқын. Жаңа тұжырым талас мәселенің мәнін *жасыру* үшін, қарар арқылы көрсетілуге тиісті съездің шын еркін *жасыру* үшін әдейі ойлап шығарылған тәрізді. «Жауапты министрлік» ұраны социал-демократтардың арасында қатты таластар туғызды және туғызып отыр. Думаның революциялық қадамдарын қолдау социал-демократтар арасында қатты алауыздықтар былай тұрсын, тіпті, ешқандай алауыздықтар да туғызған емес және туғызбайды да. Осыдан кейін таласты және таласcыз нәрселерді жалпы бір тұрлаусыз формулаға біріктіру арқылы алауыздықтарды *бүркемелейтін* қарарды ұсынған адамдар жайында

не айтуға болады? Съездің қарарын ештеңе шешпейтін сөздермен,— біреулердің бұл сөздерді Думаның «шеңберден шығатын» революциялық қадамдары, т. с. деп түсінуіне, басқа біреулердің—оны кадеттердің министрлікке кіруі туралы Милюковтың Столыпинмен мәмлеге келуі деп түсінуіне мүмкіндік беретін сөздермен жазуды ұсынған адамдар жайында не айтуға болады?

Бұлай істейтін адамдар жайында ең жұмсақ айтқанның өзінде: кадет министрлігін қолдаудың бір кездегі айқын программасын, бір кезде ашық айтылған программасын бүркемелеп, олар шегіншектеп отыр,—деуге болады.

Сондықтан біз бұдан әрі осы бытысқан тұжырымды және мәселені адам түңілерлік бытыстыратын тұжырымды жайына қалдырамыз. Тек мәселенің *мәні* туралы, «жауапты» (немесе, бәрібір, кадеттік) министрлікті талап етуді қолдау туралы сөз етеміз.

Думалық немесе жауапты министрлікті талап етуді қолдаудың қажеттігін қарар немен дәлелдейді? Бұл — «халық күресіндегі құрылтай жиналысы үшін күрес дәуірі», бұл — «бүкіл өкіметтің халық қолына көшуінің негізі» деп дәлелдейді. *Барлық* дәлел осы. Біз бұл дәлелге социал-демократияның думалық министрлікті талап етуді қолдауына қарсы өз дәлелдеріміздің қысқаша қорытындысымен жауап береміз.

1) «Русская Жизньде» Плехановтың істеп отырғанындай және осы мәселені өздері талдағанда меньшевиктердің әрқашан істегеніндей, марксистің «жауапты» министрлікті «жауапкершіліксіз» министрлікке, «думалық» министрлікті самодержавиелік министрлікке абстракт-заңды түрде қарама-қарсы қоюмен, т. с. шектелуі марксист үшін мүлде жақсы емес. Мұның өзі пролетарлық-материалистік пайымдау емес, либералдық-идеалистік пайымдау.

Талқыланып отырған шараның таптық маңызын ашып алу керек. Осылай істеген адам мұның мазмұны — революцияны тоқтату үшін самодержавиенің либерал буржуазиямен мәмлеге келуі немесе мәмлеге келуге әрекеттенуі екенін түсінеді. Думалық министрліктің объективті-экономикалық маңызы нақ осындай.

Сондықтан большевиктердің: думалық немесе жауапты министрлік дегеніміз іс жүзінде кадеттік министрлік деп айтуына толық правосы және негізі болды. Меньшевиктер алмастыру, бұрмалау, т. с. бар деп ашуланды, айқай-шу көтерді. Бірақ олар большевиктердің дәлелдерін — юридикалық жалған нәрсені (думалық министрлік Думадан гөрі монарх алдында көбірек, халықтан гөрі либерал помещиктердің алдында көбірек «жауапты» болады) таптық негізге *тіреген* дәлелдерін түсінгісі келмегендіктен ашуланды. Ал Мартов жолдас қаншалықты ашуланғанымен, енді Думаның өзі де кадеттік Дума емес деп қаншалықты байбалам салғанымен,—ол мұнысымен *шын мәніне келгенде* әңгіме *нақ* кадеттік министрлік туралы болып отыр деген даусыз қорытындыны титтей де әлсірете алмайды, өйткені мәселенің *түйіні* нақ осы либералдық-буржуазиялық партияда болып отыр. Думалық министрліктің болуы ықтимал аралас құрамы (кадеттер плюс октябристер, плюс «партияда жоқтар», плюс тіпті жаман-жәутік «трудовик» немесе жалған «солшыл» және т. т.) мәселенің осы мәнін титтей де өзгертпес еді. Меньшевиктер мен Плехановтың істеп отырғанындай, мәселенің осы мәнінен орағытып өту — марксизмнен орағытып өту деген сөз.

Думалық немесе «жауапты» министрлікті талап етуді қолдау — істің шын мәніне келгенде, жалпы алғанда кадеттік саясатты, жеке алғанда кадеттік министрлікті қолдау деген сөз (V съезге ұсынылған большевиктік қарардың бірінші жобасында дәл осылай айтылған-ды). Кімде-кім мұны мойындаудан қорықса, ол осынысы арқылы-ақ өз позициясының әлсіздігін, социал-демократияның жалпы кадеттерді қолдауын жақтаған дәлелдерінің әлсіздігін мойындайды.

Біз самодержавиенің либерал буржуазиямен мәмлеге келуін, революцияны тоқтатуға бағытталған мәмлеге келуін социал-демократия қолдай алмайды дегенді әрқашан да жақтап келдік және жақтап отырмыз.

2) Меньшевиктер думалық министрлікке әрқашан да жақсылыққа қарай басқан қадам, революция жолындағы одан арғы күресті жеңілдететін шара деп қарайды, ал талданып отырған қарар осы ойды айқын ақ-

ғартты. Бірақ меньшевиктер сыңаржақтыққа салынып, бұл арада қателесіп отыр. Марксист қазіргі буржуазиялық революцияның Россияда толық жеңіске жетуіне кепіл бола алмайды: бұл буржуазиялық-демократиялық идеализм мен утопизмге салыну болар еді. Біздің міндетіміз — революцияның толық жеңіске жетуіне ұмтылу, бірақ біздің аяқталмаған, жартыкеш буржуазиялық революциялардың бұрын болғанын және қазір де болуы мүмкін екенін ұмытуға хақымыз жоқ.

Меньшевиктер өзінің қарарын думалық министрлік құрылтай жиналысы үшін күресте *міндетті* кезең болып шығады, т. т. және т. с. деп тұжырымдайды. *Бұл мүлде дұрыс емес*. Россияның экономикалық дамуының екі типі болуының объективтік мүмкіндігін елемей, думалық министрлікті *тек қана* осы жағынан қарауға марксистің *хақы жоқ*. Россияда буржуазиялық-демократиялық төңкеріс болмай қоймайды. Бірақ ол помещиктік шаруашылық сақталып қалған және оны біртебірте юнкерлік-капиталистік шаруашылыққа көшірген жағдайда (столыпиндік және либералдық аграрлық реформа) болуы мүмкін, сондай-ақ помещиктік шаруашылықты жойып, жерді шаруаларға берген жағдайда да (социал-демократиялық аграрлық программа қолдайтын шаруалар революциясы) болуы мүмкін.

Марксист кадеттік министрлікке бір жағынан емес, екі жағынан да: құрылтай жиналысы жолындағы *күрестің* болуы мүмкін кезеңі ретінде де, *буржуазиялық революцияның жойылуы* мүмкін кезеңі ретінде де қарауға міндетті. Кадеттер мен Столыпиннің ниеттеріне қарағанда, думалық министрлік екінші роль атқаруға *тиіс;* мәселенің объективті жағдайына қарағанда, ол екінші рольді де, *бірінші рольді* де атқара *алады**.

Буржуазиялық революцияны либералдық тежеудің және тоқтатудың мүмкін екендігін (және қауіптілігін) ұмытып, меньшевиктер пролетариаттың тап күресі көзқарасынан монархияны да, құнып төлеуді де, екі пала-

* Біз Плеханов пен меньшевиктер үшін *ең жақсы* жорамал, атап айтқанда: кадеттер думалық министрлік талабын ұсынады деген жорамал жасаймыз. *Бұлай болмауы* әбден ықтимал. Онда Плеханов (және меньшевиктер) өзінің «толық билікті Дума» жөнінде күлкі болғаны сияқты, либералдар ұсынбаған ұранды өзінің «қолдауымен» де күлкі болады.

таны да, революцияны тоқтатуды да, т. т. және т. с. боямалап көрсететін либералдардың көзқарасына ауып кетіп отыр.

3) Мәселенің экономикалық-таптық жағынан мемлекеттік-праволық жағына көше келіп, мынаны айту керек: меньшевиктер думалық министрлікке парламентаризмге қарай басқан адым, конституциялық құрылысты жетілдіріп, оны пролетариаттың өзінің таптық күресі үшін пайдалануын жеңілдететін реформа деп қарайды. Бірақ мұның өзі тағы да «сүйсінерлік құбылыстардың» сыңаржақ көзқарасы болып шығады. Дума көпшілігінен министрлер тағайындау актісінде (кадеттер бірінші Думада дәл осылай тағайындауға ұмтылған болатын) реформаның мейлінше елеулі бір белгісі, конституциядағы белгілі *жалпы* өзгерісті *заңды түрде* мойындау жоқ. Мұның өзі белгілі бір дәрежеде жеке акт, тіпті дербес акт. Ол *құпия* мәмлеге келуге, келіс сөздерге, шарттарға сүйенеді. «Речь» 1906 жылдың июнінде кадеттердің үкіметпен жүргізген келіс сөздері, *әлі де* (!) жариялауға *жатпайтын* келіс сөздер болғанын *қазір* (1907 жылдың мартында!) бекерден-бекер мойындаған жоқ. Кадет жаршысы «Товарищтің» өзі бұлай жасырынбақ ойнауға жол беруге болмайтынын мойындады. Сондықтан Победоносцевтің (газет хабарларына қарағанда) мынандай шараны: либералдық, кадеттік, министрлерді тағайындау керек, ал сонан соң Думаны таратып жіберіп, министрлікті өзгерту керек!— деген шараны ұсынуы таңданарлық емес. Бұл — реформаны жасатпау, заңды өзгерту болмас еді, бұл — монархтың әбден заңды, «конституциялық актісі» болып шығар еді. Кадеттердің думалық министрлікке ұмтылуын қолдап, меньшевиктер *іс жүзінде*, өзінің еркі мен санасына қарсы, халықтың сыртынан жасалатын құпия келіс сөздер мен мәмлеге келулерін қолдады.

Мұнда меньшевиктер кадеттерден ешқандай «міндеттемелер» алған жоқ және ала да алмады. Меньшевиктер жұмысшы табының санасына іріткі салып, аздырып, кадеттерге өзінің қолдауын *сыйға тартты*, оны несиеге берді.

4) Меньшевиктерге тағы бір жеңілдік жасайық. Жақ-

сы бір жағдай болуы мүмкін делік, атап айтқанда: думалық министрлерді тағайындау актісі дербес акт ғана емес, халықты алдау, боямалы мәмлеге келу ғана емес, пролетариаттың күрес жағдайларын *шынымен жақсартатын* нағыз конституциялық реформаның бірінші қадамы болады делік.

Тіпті бұл жағдайда да социал-демократияның думалық министрлікті талап етуді қолдау туралы ұранды ұсынуын ешқандай ақтауға болмайды.

Бұл — жақсылыққа бастайтын кезең, бұдан былайғы күрестің негізі дейсіз ғой сіз? Солай-ақ болсын. Ал жалпыға бірдей, *бірақ төте емес* сайлау правосы жақсылыққа бастайтын кезең болуы *мүмкін* емес пе? Жалпыға бірдей, *бірақ төте емес* сайлау правосын талап етуді «4 мүшелі формула» үшін күрестің «кезеңі» ретінде, осы формулаға «көшудің негізі» ретінде социал-демократияның қолдайтындығын неге жарияламасқа? Онда кадеттер ғана емес, педерактар[63] да, октябристердің бір бөлегі де бізбен бірге болар еді! Құрылтай жиналысы жолындағы халық күресінің «жалпы ұлттық» кезеңі — жалпыға бірдей, *бірақ төте де емес, жасырын да емес* дауыс беруді социал-демократияның қолдауы, міне, осыны білдіреді!

Думалық министрлікті талап етуді қолдау мен жалпыға бірдей, бірақ төте де емес, жасырын да емес дауыс беру талабын қолдаудың арасында тіпті де ешқандай принципті айырмашылық жоқ.

«Жауапты министрлік» ұранын ұсынуды жақсылыққа бастайтын кезең, т. с. деп ақтау — социал-демократияның буржуазиялық реформаторлыққа көзқарасы туралы мәселенің негіздерін түсінбеу деген сөз.

Реформа атаулы (реакциялық, консерваторлық шара емес) тек реформа болғандықтан да жақсылыққа бастаудың белгілі адымын, «кезеңін» корсетеді. Бірақ реформа *атаулының* капиталистік қоғамда екіжақты сипаты болады. Реформа дегеніміз революциялық күресті кешеуілдету, әлсірету немесе тұншықтыру үшін, революцияшыл таптардың күші мен жігерін тозғындату үшін, олардың сана-сезімін күңгірттету және т. т. үшін билеуші таптардың жасайтын жеңілдігі.

Сондықтан революциялық социал-демократия реформаны революциялық тап күресін өрістету мақсаттарында пайдаланудан титтей де бас тартпай («біз төлемді бөліп-бөліп те аламыз», wir nehmen auch Abschlagszahlung — деген болатын Фридрих Энгельс [64]), жартыкеш буржуазиялық-реформистік ұрандарды, ешқандай жағдайда да «өз ұраны етпейді» *.

Бұлай істеу — нақ Бернштейнше әрекет ету деген сөз (өзінің қазіргі саясатын қорғау үшін Плехановтың Бернштейнді ақтауына *тура келеді!* Бернштейн органының, «Sozialistische Monatshefte» [65]-нің Плехановты мақтаудан жалықпауы құр бекер емес!), социал-демократияны *«демократиялық-социалистік реформалар партиясына»* (Бернштейннің атақты «Социализмнің алғы шарттарындағы» әйгілі нақыл сөзі) айналдыру деген сөз.

Социал-демократия реформаларды пролетариаттың революциялық тап күресінің *қосалқы нәтижесі* деп қарап, оларды сол мағынада пайдаланады.

Сөйтіп бұл арада біз талқыланып отырған ұранға қарсы соңғы дәлелімізге келеміз:

5) социал-демократия жалпы алғанда реформа атаулыны, жеке алғанда Россияда конституциялық реформаларды, әсіресе думалық министрлік пен оның пролетариат үшін пайдалы нәтижелерін жүзеге асыруды *іс жүзінде* немен жақындата алады? Ол буржуазиялық реформистердің ұрандарын «өз ұраны ету» арқылы жақындата ма әлде мұндай ұрандарды «өз ұраны етуден» үзілді-кесілді бас тартып, толық, күзеліп болмаған ұрандар туы астында пролетариаттың революциялық тап күресін үздіксіз жүргізе беру арқылы жақындата ма? Бұл сұраққа жауап беру қиын емес.

Буржуазиялық реформаторлықтың әрқашан да жартыкеш, әрқашан да күзеліп отыратын, әрқашан да екіжүзді ұрандарын «өз ұранымыз ету» арқылы біз реформаның жүзеге асырылуының ықтималдығын, мүмкінді-

---

* Плеханов «Русская Жизньде» былай деген: «...*социал-демократ депутаттар көрсетілген талапты* («жауапты министрлік» талабын) халық мүддесі үшін, революция мүддесі үшін *өз* талабы *етпей отыра алмайды...»*.

гін және жақындығын іс жүзінде күшейтпейміз, қайта әлсіретеміз. Өйткені реформаны туғызатын шын күш революцияшыл пролетариаттың күші, оның күрестегі саналылығы, ұйымшылдығы, табанды батылдығы болып табылады.

Бұқаралық қозғалыстың *осы* қасиеттерін біз бұқара ішіне буржуазиялық-реформаторлық ұрандар тарату арқылы әлсіретіп, күшін жоямыз. Әдеттегі буржуазиялық софизм мынада: өзіміздің революциялық талаптарымыз бен ұрандарымыздан жеңіл-желпі жеңілдіктер жасап (мысалы, «думалық министрлікті» «кезең», т. т. ретінде «халық самодержавиесі» мен құрылтай жиналысының орнына қойып), біз осындай әлсіретілген шараның *жүзеге асырылуы* мүмкіндігін *күшейтеміз,* өйткені оның белгілі бір бөлегін пролетариат та, буржуазия да жақтайтын болады деседі.

Мұның өзі буржуазиялық софизм, дейді халықаралық революциялық социал-демократия. Керісінше, біз мұнымен реформаның жүзеге асырылу мүмкіндігін әлсіретеміз, өйткені әрқашан да тек еркіне қарсы жеңілдік жасайтын буржуазияның көңілін табамыз деп, біз бұқараның революциялық сана-сезімін нашарлатамыз, оны азғындатамыз, күңгірттете түсеміз. Біз буржуазияға, *оның* монархиямен мәмлеге келуіне бейімделеміз, сөйтіп бұқараның революциялық күресінің дамуына зиян келтіреміз. Сайып келгенде әрқашан былай болып шығады: мұндай тактика жағдайында реформалар не болмайды, не нағыз алдау болып шығады. Реформалардың бірден-бір *берік* негізі, олардың жалған болмауының, оларды халық игілігі үшін пайдаланудың бірден-бір елеулі кепілі — пролетариаттың оз ұрандарының *құнын түсірмейтін* дербес революциялық күресі.

Меньшевиктер думалық министрлікті талап етуді қолдау ұранын бұқараға 1906 жылдың июнінен бастап таратып келеді. Олар осынысы арқылы бұқараның революциялық сана-сезімін әлсіретіп, күңгірттеуде, үгіттің пәрменділігін нашарлатып, осы реформаны жүзеге асырудың ықтималдығын және оны пайдаланудың мүмкіндігін кемітеді.

Бұқара арасында революциялық үгітті күшейту керек, өзіміздің толық, кесіп-қысқартылмаған ұрандарымызды кеңінен жаю керек, айқынырақ дамыту керек,— *осы арқылы* біз, жақсы болған жағдайда, революцияның толық жеңісін жақындатамыз, ал жаман дегенде, әйтеуір бір жартыкеш жеңілдіктердің жасалуын (думалық министрлік, жалпыға бірдей, бірақ төте емес, сайлау правосы, т. т. сияқтыны) жеңіп алып, оларды революция құралына айналдыру мүмкіндігімен өзімізді қамтамасыз етеміз. Реформалар — революцияшыл пролетариаттың тап күресінің *қосалқы* нәтижесі. Қосалқы нәтиже алуды «өз» ісіміз ету дегеніміз либералдық-буржуазиялық реформизмге салыну.

* *
*

Қарардың соңғы пункті:

«V. Думадағы қызметті тап күресі формаларының бірі деп қарап, Думадағы социал-демократиялық фракция толық дербестігін сақтайды, агрессиялық қимылдар үшін қазіргі кезеңде міндеттері пролетариаттың міндеттерімен сәйкес келетін партиялармен және топтармен, ал халық өкілдігінің өзін және оның правосын қорғауға бағытталған қорғаныс қимылдары үшін — саяси бостандықтың салтанат құруы жолында, ескі тәртіпке қарсы күресуге мүдделі партиялармен әрбір жекелеген жағдайда келісім жасасып отырады».

Мұның бірінші бөлімі қаншалықты жақсы болса («агрессиялық» деген сөзге дейін), екінші бөлімі соншалықты жаман, мүлде өрескел.

«Агрессиялық» және «қорғаныс» қимылдарының күлкі келтірерлік айырмашылығы деген не? Біздің меньшевиктер өткен ғасырдың 90-жылдарындағы «Русские Ведомостидің» [66] тілін еске түсірмеді ме екен, ол кезде либералдар Россияда либерализм «қорғайды», ал реакция — «агрессияшыл» деп дәлелдеген болатын. Тек ойлап қараңыздаршы: марксистер саяси қимылдардың «бұрынғы» революциялық және реформистік, революциялық және контрреволюциялық, парламенттік және парламенттен тыс қимылдар болып бөлінулерінің орны-

на — бізге: «қорғаныс» қимылдары қазіргіні «қорғайды», «агрессиялық» қимылдар одан әрі барады,— деген жаңаша жіктеуді ұсынып отыр! Құдайдан қорықсаңыздар етті, меньшевик жолдастар! «Қорғаныс» және «агрессиялық» қимыл деп осылай айырудағы *сасық* иісті аңғармау үшін революциялық таптық күрес сезімі атаулыны осыншама дәрежеде жоғалтудың не керегі болады екен!

Өздері ашық мойындағысы келмей отырған *ащы* (меньшевиктер үшін) шындық осы бейшаралық тұжырымпан, заттың ойыңқы айнадағы бейнесі сияқты, қандай күлкілі болып көрініп отыр, десеңізші! Меньшевиктер партиялардың атын дәл айту мен шегін айқын ажыратудан қорқып, олар туралы жалпы айтуға дағдыланған, «оппозициялық-демократиялық партиялар» деген жалпы аттың пердесін кадеттерге де, солшылдарға да жаба салуға дағдыланған. Қазір олар өзгеріс туып келе жатқанын сезіп отыр. Олар, шын мәніне келгенде, ендігі жерде *либералдардың* қазіргі Думаны және біздің қазіргі, бұлай айтқанымды кешіріңіздер, «конституциямызды» («Русские Ведомостидің» 80-жылдары земствоны «қорғағаны» сияқты тізе бүгу арқылы) *қорғауға* ғана қабілетті екенін сезіп отыр. Меньшевиктер либерал буржуалардың *онан әрі бара* алмайтынын («агрессияшыл» болу — осындай да жексұрын терминдер болады екен ғой!) және барғысы келмейтінін сезіп отыр. Сөйтіп меньшевиктердің шындықты осылай бұлдыр ұғынуы адам күлерлік және адам айтқысыз былыққан тұжырымға әсер еткен, бұл тұжырымның дәлме-дәл мағынасына қарағанда, социал-демократтар «міндеттері» пролетариаттың міндеттерімен сәйкес *келмейтін* «адамдармен» бірігіп қимылдау үшін олармен *әйтеуір бір кездерде* келісімге келе алады екен!

Меньшевиктік қарардың осы қорытынды түйіні, *шындықты* тура, айқын айтудан осы күлкі келтірерліктей зәресі ұшуы — атап айтқанда, либерал буржуалардың, кадеттердің революцияға көмектесуді мүлде қойғанын,— өзіміз талдаған бүкіл қарардың рухын түгелдей өте тамаша көрсетеді.

СОҢҒЫ СӨЗ ОРНЫНА

Мен РСДРП «Эстон өлкесі одағының» февраль (1907 ж.) конференциясының[67] қарарын алғанымда жоғарыдағы жолдар жазылып та қойған еді.

Бұл конференцияда меньшевик жолдастар М. мен А. сөз сөйлеген (Орталық Комитет делегаттары ретінде сөйлеген болуға тиіс). Мемлекеттік дума туралы мәселе талқыланған кезде олар, сірә, жоғарыда мен талдаған *қарардың дәл өзін ұсынған* болу керек. Сондықтан эстондық социал-демократ жолдастардың бұл қарарға *қандай өзгерістер* енгізгенін қарап өту бір ғибрат аларлық нәрсе. Конференция қабылдаған қарарды толық келтіреміз:

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ

«Халық мұқтаждарын қанағаттандыруға Мемлекеттік думаның қолында ешқандай билік те, күш те жоқ, өйткені бүкіл билік бұрынғыша халық жауларының — патша самодержавиесінің, бюрократия мен бір шоғыр помещиктердің қолында болып отыр. Сондықтан социал-демократия қазіргі Мемлекеттік думаның заң шығарушылық күші жөніндегі алдамшы үміттерді аяусыз жоюға тиіс, сөйтіп патша самодержавиесін жойған бойда халықтың өзі ерікті түрде сайлайтын толық билігі бар бүкіл халықтық құрылтай жиналысы ғана халық талаптарын қанағаттандыра алатынын халыққа түсіндіруге тиіс.

Пролетариаттың таптық сана-сезімін дамыту, халық бұқарасына саяси тәрбие беру үшін, революциялық күштерді дамытып, ұйымдастыру үшін социал-демократия осы әлсіз, дәрменсіз Мемлекеттік думаны да пайдалануға тиіс. Осыны ескере отырып, социал-демократия Мемлекеттік думаның қызметіне төмендегі негіздерде қатысады:

I. Социал-демократия қала мен село пролетариатының мүдделерін көздеп және дәйекті демократизм принциптеріне сүйене отырып, үкімет пен буржуазиялық партиялардың барлық ұсыныстары мен заң жобаларын және мемлекеттік бюджетті сынайды, сөйтіп өзінің талаптары мен заң жобаларын оларға қарама-қарсы қояды, мұнда ол қалың халық бұқарасының талаптары мен мұқтаждарын үнемі негізге алып отырады, өзінің осы қызметі арқылы қазіргі құрылыстың жарамсыздығын, буржуазиялық қоғамның таптық қайшылықтарын әшкерелеп отырады.

II. Қазіргі үкіметтің мәні мен жаратылысын ашып, оның барлық қызметі халықтың мүдделеріне тікелей қарсы бағытталған екендігін халыққа көрсету үшін, жұмысшы табының правосыз жағдайын айқындап, үкімет пен үстемдік етуші таптардың жә-

не бұларға арқа сүйеп отырған партиялардың жұмысшы табы жөнінде атқаратын ролін баяндау үшін социал-демократия сұрау қою правосымен пайдаланады. Айта кеткен жөн, социал-демократия кадеттердің келісімпаз, сатқын партиясына қарсы күресуге тиіс, олардың жартыкештігін, екіжүзді демократизмін әшкерелеуге, осы арқылы олардың гегемониясы мен ықпалынан революциялық ұсақ буржуазияны босатып алып, оны пролетариаттың соңынан еруге мәжбүр етуге тиіс.

III. Пролетарлар табының партиясы болғандықтан социал-демократия Мемлекеттік думада әрқашан да дербес қимыл жасауға тиіс. Социал-демократия Мемлекеттік думадағы басқа революциялық және оппозициялық партиялармен социал-демократияның еркін қимылдауына мүмкіндік бермейтін ешқандай түпкілікті келісімдер мен шарттар жасамауға тиіс. Жеке жағдайларда, басқа партиялардың міндеттері мен жасайтын адымдары социал-демократияның міндеттері мен адымдарына сәйкес келгенде,— социал-демократия осындай адымдар жөнінде басқа партиялармен келіс сөздер жүргізе алады және жүргізуге тиіс.

IV. Қазіргі крепостниктік үкіметпен халықтың ешқандай келісімге келуі мүмкін болмағандықтан, тек толық билік берілген құрылтай жиналысы ғана халық талаптары мен мұқтаждарын қанағаттандыра алатындықтан, конференция қазіргі әлсіз Думаның алдында жауап беріп отыратын министрлік үшін күресуді пролетариаттың міндеті деп есептемейді. Пролетариат жауапты министрлік туы астында емес, құрылтай жиналысы туы астында күресуге тиіс.

V. Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция осылайша күресе отырып, Думадан тыс пролетарлар бұқарасымен, қалың халық бұқарасымен өзін мейлінше тығыз байланыстыруға тиіс және осы бұқараның ұйымдасуына көмектесе отырып, самодержавиені құлату үшін революциялық армияны құруға тиіс».

Бұған түсініктеме берудің қажеті де жоқ. Мен өз мақаламда қарарды талдапылған қарар сияқты етіп жазбау керектігін корсетуге тырыстым. Эстоп революцияшыл социал-демократтары өздерінің қарарында жарамсыз қарарларды қалай түзету керектігін көрсетіп отыр.

ЭСТОН СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ҚАРАРЫНА ЕСКЕРТПЕ [68]

Біздің тілшіміз *РСДРП «Эстон өлкесі одағының»* конференция қабылдаған *уставын* да жіберді. Біз орын жеткіліксіз болғандықтан оны баспай отырмыз.

Оқушылардың назарын Дума туралы қарарға аударамыз. Меньшевиктердің «Русская Жизньнің» 47-номерінде басылған қарары ол қарардың негізі болғаны одан айқын көрініп отыр: меньшевиктер М. мен А-ның ықпалы осыған тиген, *осымен тынған.* Эстон социал-демократтары бұл қарардың *жауынгерлік жерлерінің* бәрін *айқын большевиктік* рухта қайта жазған (әсіресе кадеттер туралы және «жауапты министрлік» туралы). Меньшевиктік қарарларды «түзетудің» жақсы үлгісі!

«Пролетарий» № 15,
25 март, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КӨЗІНДЕ — КҮЛКІ, КӨКЕЙІНДЕ — АРАМДЫҚ [69]

Мемлекеттік думадағы аграрлық айтыстар — өте-мөте ғибрат аларлық айтыстар. Әр түрлі партиялар жетекшілерінің сөздеріне толығырақ тоқтап, ол сөздердің мазмұнына ой жіберу керек.

Сөз жоқ, аграрлық мәселенің басты пункті — помещиктік жер меншігіне көзқарас. Шаруалар өздеріне жер алуға тырысып, жер меншігіне қарсы күресуде. Бұл күреске әр түрлі партиялар қалай қарайды?

Социал-демократтар *құнын төлемей иеліктен айыру* талабын тікелей және ашық ұсынды. Социал-демократтардың өкілі Церетели өзінің сөзінде помещиктік меншік «праволарын» қорғаудың жалғандығын қызу дәлелдеді, оның жыртқыштықтан туғанын түсіндірді, жеке меншіктің мызғымастығы туралы сөздердің шексіз екіжүзділік екенін көрсетті, «мемлекеттік» дегенді *халық мүдделері* емес, *мемлекеттік өкіметпен біте қайнасқан бір топ помещиктердің мүдделері* деп ұғатын премьер-министрдің айтқанын теріске шығарды.

Бұған Церетели жолдастың сөзінің аяғында мәселені жер жөніндегі жергілікті комитеттердің (әрине, жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланған комитеттердің) қарауына беру керек деген ұсынысын қосыңызшы,— сонда сіз жер мәселесі жөніндегі пролетарлық позицияның тұтас және айқын суретін көресіз. Помещиктердің жер иелену праволары бекерге шығарылады. Мұны өзгерту әдісі айқын белгіленеді: жергілікті комитеттер дегеніміз — шаруалар

мүдделерінің помещиктер мүдделерінен басым болуы деген сөз. Құнын төлемей иеліктен айыру — шаруалардың мүдделерін толық қорғау, помещиктердің таптық пайдакүнемдігіне қарсы бітіспес күрес жүргізу деген сөз.

Трудовиктерге келсейік. Караваев «құнын төлемей иеліктен айыру» принципін мейлінше айқын, анық ұсынған жоқ. Шаруалардың өкілі халықтың помещиктерге қоятын талабын жұмысшылардың өкіліне қарағанда батыл қоя алмады. Мәселені жергілікті комитеттерге беру талабы айқын ұсынылмады, либералдардың (кадеттердің) өзекті мәселені халықтан аулағырақ, жария етуден аулағырақ, еркін сыннан аулағырақ әкетіп, комиссияда жасырын талқылау әрекетіне қарсы наразылық білдірілген жоқ. Бірақ, трудовик сөзінің социал-демократ сөзімен салыстырғандағы осы кемшіліктерінің бәріне қарамастан, трудовиктің помещиктерге қарсы шығып, шаруалардың ісін қорғағанын біз қалай дегенмен де мойындауға тиістіміз. Трудовик халыққа шаруалардың бейшаралық жағдайын ашып көрсетті. Ол шаруалардың жер иелігін кеңейту қажеттігін теріске шығаратын Ермоловтың және басқа помещиктік тапты қорғаушылардың қорытындыларына қарсы шықты. Ол шаруалардың жерге мұқтаждығын ең кем дегенде 70 миллион десятина мөлшерінде белгіледі және шаруалардың мұқтажын қанағаттандыру үшін 70 миллион десятинадан астам помещиктік, уделдік және басқа жерлер бар деп түсіндірді. Трудовик сөзінің жалпы сарыны — қайталап айтамыз, біз атап көрсеткен кемшіліктеріне қарамастан — халыққа арналған үндеу, халықтың көзін жеткізуге тырысқандық болды...

Кадет Кутлердің сөзін алайық. Біздің алдымызда бірден-ақ мүлдем басқа көрініс пайда болады. Шаруаларды помещиктерге *қарсы* әбден дәйекті (социал-демократтар) немесе біраз ауытқушы (трудовиктер) қорғаушылардың лагерінен біздің қалайда «жеңілдіктер» берілетінін түсінетін, бірақ жеңілдікті *мейлінше аз* жасау үшін жанын салып жүрген *помещиктердің лагеріне* тап болғанымыз аңғарылады.

Кутлер өзінің трудовиктермен «келісетінін», трудовиктерге «тілеулестігін» айтты, мұны трудовиктердің жобасында керек болады-мыс деген *дереу* шек қоюшылықтарды, кемітулерді, қысқартуларды жуып-шаю үшін *ғана* айтты. Кутлердің бүкіл сөзі социал-демократтарға *қарсы*, трудовиктерге қарсы қойылатын алуан түрлі дәлелдерге толы.

Сөзіміз жалаң соз болмауы үшін Кутлердің сөзін біртіндеп талдайық.

Кіріспе. Трудовиктерге бас ию. Кадет негізгі пікірге қосылады, ол қызу тілеулестік білдіреді... *бірақ... бірақ...* Еңбек тобының жобасы «жері аз шаруаларға *жәрдемдесудің түсінікті* және айқын міндетімен шектелмейді. Жоба одан әрі тереңдей түседі, ол жер жөніндегі қазіргі право қатынастарының бәрін *түбірінен қайта жасауға* тырысады» (цитаттар барлық жерде «Товарищтің» есебінен келтірілген).

Сонымен — *сөз жүзінде* мужикке «тілеулестік», *іс жүзінде* мужиктің талаптарын *шектеу*. Сөз жүзінде — мужикті жақтау, іс жүзінде — помещикті жақтау.

Ал мұның үстіне келіп Кутлер трудовик *түсінікті және айқын* мақсатпен шектелмейді деп Думаны сендірмекші болады! Ойлап қана көріңізші, оқушы: трудовик тура *70 миллион десятина жер туралы* айтады. Ол жерлерді помещиктердің қолынан шаруалардың қолына ауыстыру керек. Бұл «айқын» емес, бұл «түсінікті» емес!!

«Айқындық» үшін еңбек нормасы туралы, тұтыну нормасы туралы, 1861 жылғы үлес болу нормасы туралы сөз ету керек. Ал Кутлер мырза сөйлейді кеп, сөйлейді кеп, сөйлейді. Осы түкке тұрғысыз барлық мәселелер туралы көп сөздер арқылы, ол шаруалардың үлесті жерін 1861 жылғы нормаға жеткізу үшін «менің ойымша... 30 миллион десятина жетпейді» деген қорытынды шығармақ болып тыңдаушылардың басын қатырады, ал ол норма тұтыну нормасынан да төмен. Бар болғаны осы. Бар болғаны мұқтаждық және оны қанағаттандыру мөлшері туралы мәселе жөнінде.

70 миллион туралы осы да жауап болып па? Сіз тек бұлтарып отырсыз ғой, «халық бостандығының» құр-

метті серісі, сіз тек алдамақшы болып отырсыз ғой! Шаруаларға 70 миллион десятина жер берілуге тиісті ме әлде жоқ па? Осылай ма, жоқ па?

Бұл жалтарулардың мәніп одан да айқынырақ көрсету үшін біз трудовиктің дәлеліп жер жөніндегі *ең жаңа* статистиканың қорытынды мәліметтерімен нығайта түселік. 1905 жылғы зерттеу бойынша жеке адамдарда барлығы 101,7 миллион десятина жер болған. Бұл жердің 15,8 миллионы қауымдар мен серіктіктерде; 3,2 миллион десятинасы 20 десятинаға дейін жері бар жер иелерінде; 3,3 миллион десятинасы 20 десятинадан 50 десятинаға дейін жері бар жер иелерінде; *79,4 миллион десятинасы 50 десятинадан астам* жері бар жер иелерінде. Осы соңғы жер иелерінің саны не бары 133 898. Демек, бұлардың әрқайсысына *орта есеппен 594 десятинадан* келеді. Бұл мырзалардың әрқайсысына біз 50 десятинадан жер қалдырамыз делік. Бұл 6,9 миллион десятина болады. 79,4 миллионнан 6,9 миллион десятинаны шығарып тастасақ,— *уделдік, қазыналық, шіркеулік, монастырьлік және басқа жерлерді қоспағанда, 72,5 миллион десятина помещиктік жер босайды.*

Шаруалардың алуына болатын және алуына тиісті жердің көлемін трудовиктің әлі де дұрыс белгілемегенін көріп отырмыз, бірақ оның жалпы цифры (70 миллион десятина) шындыққа жақып.

Сонымен, түсінікті және айқын жауап беруге тырысып бағыңыздар, кадет мырзалар: помещиктерден шаруаларға *70 миллион десятина* жерді алып беру керек, солай ма, жоқ па?

Біздің бұрынғы министр, қазіргі екіжүзді либерал тура жауап берудің орнына, таң намазы алдындағы шайтан сияқты бұлтарып-жалтарып, әсерлі пішінмен былай дейді:

«Мұның өзі право болғанда (Еңбек тобының жобасы бойынша жерді иемдену правосы) — жұрттың бәрі орнығып отырып алған үйге кіру правосы емес пе?».

Расында, жақсы айтылған емес пе? *70 миллион десятина туралы* мәселені орағытып өткен. Шаруаларға либерал төре: *үй бос емес* деп жауап береді.

70 миллион десятина туралы *жағымсыз* мәселені жұтып қойып (неткен надан бұл мужиктер! қайдағы бір 70 миллионды тықпалап қоймайды!), Кутлер жерді национализациялаудың «практикада жүзеге асуы» жөнінде трудовиктерге қарсылық білдіре бастайды.

Мұның бәрі — қасақана алдау, өйткені егер 70 миллион десятина помещиктердің қолында қала берсе, онда *национализациялайтын да ештеңе жоқ!* Бірақ Кутлер мырза *өз ойын жасыру үшін* де сөйлей береді.

Оның жерді национализациялауға қарсы болуының мәні неде?

> «Менің байқауымша, жерді национализациялау туралы жобаның заң күшіне енө алатындай саяси жағдайлар болуы мүмкін деп ойлауға болады, бірақ мен бұл заң шынымен жүзеге асырылатындай саяси жағдайлар таяу арада болады деп ойлай алмаймын».

Дәлелді де нанымды. Өмір бойы «әсемдеп бас иіп келген» либерал чиновник заң шығарушы өкіметтің халық өкілдерінің қолында болатындай саяси жағдай болуы мүмкін деп *ойлай да алмайды.* Әдетте — деп меңзейді біздің сүйкімді либерал,— өкімет халыққа үстемдік ететін бір топ помещиктердің қолында болады.

Иә, солай болады. Россияда істің жайы сондай. Бірақ әңгіме халық бостандығы жолында күресу туралы болып отыр ғой. Нақ помещиктік үстемдіктің экономикалық және «саяси жағдайларын» *қалай өзгерту* туралы мәселе талқыланып отыр. Ал сіз қазір өкімет помещиктердің қолында, сондықтан бас ие түсу керек дегенге сүйеніп *қарсы боласыз:*

> «Шаруа халқына жәрдемдесу жөніндегі түсінікті және сөзсіз пайдалы міндетті қиындату негізсіз және әділетсіз...».

Құлақ маңдайдан жоғары бітпейді, бітпек те емес!

Сөйтіп Кутлер мырза «жүзеге аспайтын» национализациялаудың орнына «шаруалардың жер пайдалануын кеңейту» ғана керектігі туралы ұзыннан-ұзақ сөйлей береді.

Шаруалардың *жер иелігін* (*жер пайдалануын* емес, аса құрметтім!) *помещиктік* жердің есебінен 70 милли-

он десятинаға *кеңейту* туралы сөз болғанда,— онда Кутлер «национализациялау» туралы мәселеге көшті. Ал «национализациялау» туралы мәселеден ол «кеңейту» туралы мәселеге қайта оралды... Бәлкім, *70 миллион десятинаны* еске алмас! деп ойлады.

Кутлер мырза жеке жер меншіктенуді ашық қорғайды. Мұны жоюды ол «барып тұрған әділетсіздік» деп жариялайды.

«Жалпы меншік атаулыны жоюды ешкім ұсынып отырған жоқ екен, онда жер меншігінің бар екенін барынша толық мойындау керек».

Күні бүгін екі адым ілгері басуға болмайды екен, «онда» бір адым ілгері басудан да бас тарту «қажет»! Либералдың логикасы осындай. Помещиктік ашкөздіктің логикасы осындай.

Кутлер мырзаның сөзіндегі сырт қарағанда помещиктердің емес, шаруалардың мүдделерін қорғауға қатысы бар бір ғана пункт оның жеке меншікті жерлерді *күштеп иеліктен айыруды* мойындауы деп санауға болар еді.

Бірақ бұл сөздердің *әуеніне* сеніп қалған адам мықтап қателесер еді. *Помещиктер шаруаларға* жерді көп және арзан беруге *мәжбүр етілгенде* ғана, тек сонда ғана помещиктік жерлерді күштеп иеліктен айыру шаруаларға тиімді болады. Ал егер *помещиктер шаруаларды* ұлтарақтай жер үшін қымбат төлеуге *мәжбүр етсе ше?*

Помещиктердің шаруаларды алдап кетпейтіндігінің *шын* кепілдігі жоқ болып отырғанда «күшпен иеліктен айыру» деген сөздің ешбір мағынасы жоқ.

Кутлер мырза бұл кепілдіктердің *бірде-біреуін* ұсынбайтыны былай тұрсын, керісінше, өзінің бүкіл сөзімен, өзінің бүкіл кадеттік позициясымен *ол кепілдіктерді жоққа шығарады*. Кадеттердің Думадан тыс жұмыс жүргізгісі келмейді. Жергілікті комитеттерді олар ашықтан-ашық *антидемократиялық құрамда* болсын: шаруалардан және помещиктерден өкілдер тең болсын, председательді үкімет қойсын деп уағыздап жүр! Мұның өзі шаруаларды түгелдей помещиктердің табанына салып беру деген сөз.

Бұған мынаны қосыңыздар: жердің бағасын әлгіндей *помещиктік* комитеттер белгілейді,— шаруаларға кадеттер қазірдің өзінде-ақ (Кутлер сөзінің соңын қараңыз) жер үшін ақының *жартысын* төлеуді жүктеп отыр (қалған жартысын да *сол шаруалар* төлейді, тек көбейтілген салықтар түрінде төлейді!) — сонда сіздер кадет мырзалардың *көзінде — күлкі, көкейінде—арамдық* тұрғанына көз жеткізесіздер.

Социал-демократтар мен трудовиктер Думада шаруаларды жақтап сөйледі. Оңшылдар мен кадеттер — помещиктерді жақтады. Бұл — факт, ешқандай айла-шарғы мен бос сөздер мұны бүркей алмайды.

«Наше Эхо» № 1, 25 март, 1907 ж.

«Наше Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

МӘМЛЕ НЕГІЗДЕРІ

Петербург, 21 март, 1907 ж.

Бұдан үш апта бұрын «Пролетарийдің» 14-номерінің бас мақаласы * жазылғаннан бері жағдай едәуір өзгерді. Үкімет пен кадеттер, қаражүздік самодержавие мен либерал-монархиялық буржуазия бір-біріне бір адым жақындай түсті, сөйтіп біріккен күшпен революцияны тұншықтыру үшін, жер мен еріктің орнына халыққа оны жартылай аш-жалаңаштыққа, жартылай құлдыққа душар ететін болмашы қайыр-садақа беру үшін тізе қосуға әзірленіп жатыр. Қалыптасқан жағдайға зер сала үңіліп көрейік.

Қаражүздік самодержавиенің жүрегінде екі мәселе — бюджет пен аграрлық мәселе — зіл қара тас болып жатыр. Бюджетті Дума бекітпейінше — кредит жоқ. Жер мәселесінің ушыққан жарасын уақытша болса да бірдеңе етіп бүркемейінше, аз уақытқа болса да тыныштық болуына сенім жоқ. Дума мақұлдаған бюджет пен аграрлық заң болмайынша, Думаны қууға үкіметтің батылы бармайды. Үкімет Думаны қуудан *қорқады,* ал сонымен қатар Дума туралы байбалам салады, жасқаншақтарды үрейлендіріп, ауытқушыларды мәмлеге келтіру үшін Орыс халқы одағының бүкіл қаражүздік аппаратын іске қосады. Үкімет қуамын деп қорқыту арқылы Думаның үнін өшіріп, Думаны кеңшілік жасауға мәжбүр еткізгісі келеді. Ал, сонан соң масқараланған, бетіне түкіріліп, қарабет етілген «жоғары» жиналысты не

* Қараңыз: осы том, 75—79-беттер. *Ред.*

істейтіні белгілі болады. Бюджетті бекітуді сұрау, финанс министрі заемға рұқсат беру туралы мәселені Мемлекеттік думаға ұсынуды ойламайды да деп сендіру осыдан туып отыр. Осыдан келіп Васильчиков мырзаның мына әдепті сөздері туып отыр: үкімет «жеке адамдардың, жеке топтар мен жеке сословиелердің мүдделері» «жапасатып шектердің бұлжытылмауын қорғайды», бірақ сонымен қатар «белгіленген шектер мемлекеттің жалпы мүдделерімен қаншалықты сәйкес келсе, әлгі қорғау жөніндегі өз міндетін соншалықты кеңейтуге болады деп санайды. *Осы шектер әлгі мүдделермен сәйкес келмейтін жерде олар әрі жылжытылуға тиіс».* Осы сөздерде, әсіресе біз астын сызып көрсеткен жерде, кадеттер жағына қарай әрең байқалатын меңзеудің бар екені, кадеттік «күштеп иеліктен айыру» дегеннің көкейге біраз қонатынына жұқалап меңзеудің бар екені күмәнсыз.

Осы байқалуы қиын үміттердің бәріне кадеттер не жауап береді? О! олар байқалмайтын нәрсені байқалатын нәрсе етуге, жасырын меңзеулер, көмескі пікірлер арқылы бүркемеленген нәрсені — ашық, ақырына дейін жеткізе айтылған нәрсе етуге бар күшін салып тырысып отыр. Сондықтан да өз тарапынан үкіметті шамадан тыс мықтап үміттендіріп отыр, өздеріне тән сақтықпен болса да өзінің сырын әзірше тек жартылай ғана ашып, Столыпин мырзаның өздеріне мейірімділікпен созған сұқ саусағын алу үшін қолын жасқана созып отыр. Кадеттік лейборган «Речь» 18 марттағы номерінде бүкіл дүние жүзіне халық бостандығы партиясы жаңа аграрлық заң жобасын әзірлеуді аяқтап келеді деп, ол жоба бұл партияны «жер мәселесін *іскерлікпен* талқылау үшін жақсы қаруланған партия» етеді, оның үстіне «мәселенің жаңа қойылысында күштердің нақты арасалмағы делінетінге анағұрлым көбірек көңіл бөлінген» деп хабарлап отыр. Келесі күні Думаның мәжілісінде депутат Кутлер шынында «іскерлік» сөз сөйледі, сөйтіп ол осы сөзі арқылы кадет партиясының заң шығарушылық творчествосының жаңа нәтижесінің «реализм» мен «іскерлік сипатының» әзірге ұялшақтап бүркеліп отырған пердесін біраз (онша толық болмаса да) ашты. Біз-

дің түсінуімізше, іскерлік реализм қазіргі жағдайда: біріншіден, «тұтыну нормасының» орнына көптеген жерлерде шаруаларға жер анағұрлым аз,—Кутлер мырзаның өте көмескі айтып отырғанындай, «қанша болса, сонша» берілуіне келіп тіреледі. Шамасы, помещиктік жердің көп миллиондаған десятиналарын «күшпен иеліктен айырғанмен» де иеліктен айырусыз қалпында бос қала беретін болар. Мұның өзі, Васильчиков мырзаның айтқанындай, «шекті біраз жылжыту» деген сөз. Жаңа заң жобасының «реализмін» сипаттайтын екінші бір белгіні Кутлер мырза мына сөздермен бейнелейді: «шаруаларға бөліп беруге жататын жерлерді» «шаруалардың иелігіне біржолата беру» керек, өйткені «бұл жерлер ешқандай жағдайларда да келешекте олардан қайтып алынбайды», ол жерлер «шаруаларға уақытша пайдалануға емес, түпкілікті пайдалануға берілетін» болады, онымен бірге «тек иеліктен айыру мен залог правосын шектеу» керек болады. Мұның бәрі тағы да үкіметтің Васильчиков мырзаның аузымен жариялаған,— «меншіктің бастамаларынан шығып отырған игіліктерді шаруалардың жер иеленуінің осы кезге дейін сол игіліктерден құралақан қалып келген байтақ территориясына жаю ниетіне» өте жақын келеді. Сонымен, ақырында, кадеттік жаңа аграрлық заң жобасының үшінші «іскерлік» белгісіне ерекше көңіл аударуға болады: бұрын жерді қазына есебінен сатып алу көзделіп келген-ді, ал қазір «жер реформасы кезінде болатын шығындардың белгілі бір бөлегінің шамамен жартысын шаруалардың өздері өтеуге тиіс». Ал мұның өзі сатып алу төлемдерінің 1906 жыл үшін үкіметтің жарты мөлшерде шаруаларға белгілеген жарнасынан нендей айырмасы бар? Сонымен, кадеттік аграрлық жоба үкіметтің «алдын ала белгілеген нәрселерімен» принцип жағынан келісетіндігі айтарлықтай айқын көрініп отыр. Жерді кадеттің күшпен иеліктен айыруы жалған болып табылатындықтан да оған күмәндануға болады: кадеттік жер комитеттерінің жартысы шаруалардан, жартысы помещиктерден құралып, олардың мүдделерін чиновниктер «ымыраластырып» отырғанда, ол комитеттерде кім «күштейтін» болады? Мәмлеге келінді. «Речьтің» дума-

лық шолушысы 20 марттағы номерде Васильчиков мырзаның сөзі жөнінде «мәселе бұлай қойылғанда ол іскерлік негізге көшеді» деп босқа ескерту жасап отырған жоқ. Ал мұның өзі қазіргі кадеттердің аузынан шыққан зор мақтаныш қой!

Бюджетке келетін болсақ, онда кадеттердің қаражүздік самодержавие жөніндегі ымыраластыру позициясы «Речьтің» сол 20 марттағы номерінің бас мақаласында жеткілікті түрде көрініп отыр. Мұнда «халық бостандығы партиясы бюджетті түгелдей қабылдамай тастауды ұсынады-мыс» деген лақапты «көрінеу өтірік» деп атаған, мұнда «халық өкілдері, мүмкін, кейбір өзгерістермен 1907 жылдың бюджетін бекітер» деп сенім білдірілген, сонымен ақырында,— тыңдаңыздар, мырзалар! — мұнда былай делінген: «егер Дума финанс министрі мырзаның Дума праволарын кеңейтуге (әрине, «негізгі заңдардың» шеңберінде,— сол мақаланың жоғарғы жағын қараңыз) көмектесуге әзірлігінің дәлелдемесін алса,— Думаның ішінде үкіметке деген сенім көбірек туады», ал «егер Думаның финанс министрі мырзаға сенуге негізі болса, ол *керегінше қарыз алуға рұқсат* етуге жеткізетін тұжырымға келіскен болар еді» ғой (курсив біздікі). Мұның өзі — масқаралық жеңілдіктердің, халық бостандығын осылай жекелеп сатудың,— сайып келгенде халық бостандығын көтере сату үшін қажетті жекелеп сатудың бәрінің осы ұзын тізбегін айтарлықтай қорытатын керемет сөз.

Кімде-кімнің қаражүздіктер мен либерал буржуалардың арасындағы масқаралық саудаың күллі егжей-тегжейін бақылауға шыдамы жетсе, бұл егжей-тегжейлердің қазіргі кезеңде көрініп отырғаны соншалық,— ол адамның: ұлы азаттық қозғалысына түпкілікті, қансырата соққы беруге, күшті, батыл күрескерлердің сағын сындыруға, аңқауларды, жасқаншақтар мен жалтақтарды алдауға, шеттетуге контрреволюциялық күштердің ұйымдасып жатқанына күмәні қалмайды. Оңшылдар, поляк колосы [70], кадеттер осы соққыны беру үшін біртұтас болып бірігіп отыр. Үкімет өзі айдап салып отырған қаражүздіктердің, Думаны қууды және «пасық конституцияны» жоюды талап етіп отырған қаражүздіктердің

даурықпасы арқылы кадеттер мен трудовиктерді қорқытып отыр. Кадеттер дәл сол даурықпаны және Думаны дереу қуу жөніндегі Столыпиннің жалған ниеттерін дәлел етіп, әлгі трудовиктердің өзін қорқытып отыр. Осы қорқытулар мен үрейлендірулердің бәрі қаражүздік самодержавие мен либерал буржуазияның халық сыртынан жақсылап келісуіне, сүйіспендікпен бөлісіп, осы халықты тонауына қажет болып отыр. Барлық сарындағы трудовиктер, алданып қалмаңыздар! Халық мүдделерін қорғаңыздар! Кадеттердің үкіметпен жиркенішті мәмлеге келуіне кедергі жасаңыздар! Социал-демократ жолдастар! біз сіздердің жағдайды түсінетіндіктеріңізге, сіздердің Думаның барлық революцияшыл элементтерін бастай алатындықтарыңызға, либерал-монархиялық буржуазия жасап отырған масқара сатқындыққа трудовиктердің көзін жеткізетіндіктеріңізге сенеміз. Біз осы сатқындықты бүкіл халық алдында Дума трибунасынан сіздердің қаһарлы да қатаң әшкерелейтіндіктеріңізге сенеміз.

«Пролетарий» № 15, 25 март, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ЕКІНШІ МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАДА АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНЕТІН СӨЗДІҢ ЖОБАСЫ [71]

Мырзалар! Түрлі партиялардың жер туралы мәселеге негізгі көзқарастарын баяндаған бірсыпыра шешендер Дума алдында сөйлеп те өтті. Кейбір қорытындылар шығаратын уақыт жетті. Біздің мынадай сұрақтарға айқын да дәл жауап алуымыздың уақыты жетті: таластың мәні неде? жер туралы мәселенің қиындығы неде? өкілдері Думада пікірлерін айтып шыққан барлық басты-басты партиялардың негізгі көзқарастары қандай? жер туралы мәселеде түрлі партиялардың бір-бірінен батыл және үзілді-кесілді пікір алалығы не жөнінде болып отыр?

Думада басты-басты төрт партияның немесе партиялық ағымдардың өкілдері аграрлық мәселе жөнінде негізгі төрт түрлі көзқарасты баяндады. Депутат Святополк-Мирский «оңшылдардың» көзқарастарын баяндады, ол октябристерді, монархистерді және т. б. осы «оңшыл» деген сөзге біріктірді. Депутат Кутлер кадеттердің, немесе «халық бостандығы партиясы» дейтіннің, көзқарасын баяндады. Депутат Караваев трудовиктердің көзқарастарын баяндады. Караваевты шынына келгенде оның пікіріне қосылатын депутаттар — Зимин, Колокольников, Баскин, Тихвинский толықтырды. Ақырында, менің жолдасым Церетели Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының көзқарастарын баяндады. Үкімет өкілі, министр Васильчиков, үкіметтің көзқарастарын баяндады, үкіметтің көзқарастары «оңшылдардың» көзқарастары мен «кадеттердің» көзқарас-


(1

Господа! Перед Думой выступил уже ряд ораторов, изложивших основные взгляды разных партий на ~~[illegible]~~ вопрос о земле. Пора подвести некоторые итоги. Пора дать себе ясный и точный ответ на вопросы: в чем суть спора? в чем трудность вопроса о земле? каковы основные взгляды всех главных партий, представители которых выступали в Думе? в чем [illegible] и [illegible] расхождения между соответствующими партиями по вопросу о земле?

В Думе выступило около четырех главных взглядов на аграрный вопрос, представителей четырех главных партий или партийных течений. Депутат Святополк-Мирский выступал со взглядами „правых“, ~~[illegible]~~ так сказать ок-

В. И. Лениннің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасы» деген қолжазбасының бірінші беті.— 1907 ж.

Кішірейтілген

тарын ымыраластыруға сайып отыр, мұны мен кейін өз сөзімде көрсетіп өтемін.

Ал енді осы төрт саяси бағыттың аграрлық мәселедегі негізгі көзқарастарының мәні неде екенін қарастырып көрелік. Депутаттардың Думада сөйлеген ретімен, яғни оңшылдардан бастайын.

Депутат Святополк-Мирскийдің негізгі көзқарасы — барлық «монархиялық» партиялар дейтіндер мен барлық октябристердің көзқарасы, орыс помещиктерінің орасан көпшілігінің көзқарасы. Депутат Святополк-Мирский мұны өзінің мына сөздерімен тамаша айтып жеткізді: «Сонымен, мырзалар, шынымен жері тарлық ететін ерекше реттерде болмаса, *шаруалардың иеленуіндегі жер көлемін арттыру деген ойды тастаңыздар»* (мен ең толық есеп ретінде «Товарищ» газетінің есебінен цитат келтіріп отырмын, өйткені стенографиялық есептер әлі шыққан жоқ).

Мұның өзі жақсы айтылған: тура, айқын, түсінікті. Шаруалардың жерлерін көбейту деген ойды тастаңыздар — Орыс халқы одағынан бастап октябристерге дейінгі *барлық* оңшыл партиялардың шын көзқарасы, міне, осы. Орыс помещиктерінің және Россияны мекендеген өзге ұлттар помещиктері көпшілігінің көзқарасы нақ осындай екенін біз де жақсы білеміз.

Помещиктер шаруалардың иеленуіндегі жерді кеңейту жөніндегі *ойды тастау керек* деп шаруаларға не себепті кеңес беріп жүр? Депутат Святополк-Мирский мұны былай түсіндіреді: өйткені помещиктік шаруашылықтар шаруалар шаруашылықтарына қарағанда жақсы жолға қойылған, шаруалардың шаруашылықтарынан «мәдениеттірек». Шаруалар «мәдениетсіз, қараңғы, надан» дейді ол. Қарап тұрсаңыздар, помещиктердің басшылығынсыз олардың күні жоқ. «Попына қарай қауымы» деп қуақыланды депутат Святополк-Мирский. Ол, сірә, помещиктің әрқашан *поп* болатынына, шаруалар осылардың әрқашан да *алдына салып айдаған қойы* болып қала беретініне, өзін әрқашан *күзеуге* ерік беретініне кәміл сенетін болса керек.

Барлық уақытта солай бола берер ме екен, Святополк-Мирский мырза? Барлық уақытта солай бола берер ме

екен, помещик мырзалар? Осы арасынан қателесіп жүрмегей едіңіз? Шаруалардың осы уақытқа дейін «айдалып жүрген қой» болып келген себебі, олар өте «қараңғы, надан болды» емес пе? Бірақ қазір шаруалардың *саналылығы* артып келе жатқанын бәріміз де көріп отырмыз. Думадағы шаруалар депутаттары «оңшылдарға» қосылмай, трудовиктер мен социал-демократтарға қосылып отыр. Святополк-Мирскийдің сөзі сияқты сөздер ең қараңғы деген шаруалардың да шындықтың қайда екенін аңғаруына, шаруалардың иелігіндегі жерді кеңейту деген *ойды тастау керек* деп шаруаларға кеңес беріп жүрген партияларға шынымен көмектесуге болатын-болмайтынын аңғаруына көмектеседі.

Міне, сондықтан да мен депутат Святополк-Мирскийдің сөзін және осы мәселе жөнінде болашақта оңшылдар орындығынан тұрып сөз сөйлейтін шешендердің де сөздерін шын ниетіммен құптаймын. Дәл осы рухта сөйлей беріңіздер, мырзалар! Сіздер тіпті ең қараңғы деген шаруалардың да көзін ашуға тамаша көмектесіп отырсыздар!

Жұрт былай деседі: помещиктік шаруашылықтар шаруалар шаруашылықтарынан мәдениеттірек... Шаруалар помещиктердің басшылығынсыз күн көре алмайды!

Ал менің сіздерге айтарым: Россиядағы помещиктік жер иелену мен помещиктік шаруашылықтың бүкіл тарихы, қазіргі помещиктік шаруашылық жөніндегі барлық мәліметтер помещиктердің *«басшылығы»* әрқашан да шаруаларға шектен тыс зорлық жасау, шаруалар мен шаруа әйелдердің жеке басын шексіз қорлау болғанын, әлі де солай болып отырғанын, шаруалар еңбегін ең арсыз, ұятсыз түрде дүние жүзінде болып көрмеген дәрежеде қанау (орыс халқы мұны: тонау деп атайды) болып табылатынын көрсетеді. Орыс шаруалары бастан кешіріп отырғандай жанышталғандықты, топастықты, мұндайлық қайыршылықты Батыс Европа былай тұрсын, Түркиядан да таба алмайсың.

Менің жолдасым, Церетели, жұрт қоныстанған имениелердің временщиктерге және сарай маңындағы «топтардың» сүйіктілеріне қалай үлестіріліп берілгендігі туралы айтып та өтті. Мен сіздердің назарыңызды депу-

тат Святополк-Мирский қозғаған *шаруашылық* туралы мәселеге аударғым келеді, ол помещиктердің атышулы «мәдениеті» туралы айтты.

Бұл депутат мынаны біле ме екен: шаруалар *жұмыспен өтеу немесе панщина* деп нені атайды? экономикалық ғылым *жұмыспен өтелетін шаруашылық* деп нені атайды?

Жұмыспен өтелетін помещиктік шаруашылық деген — *крепостниктік* шаруашылықтың, помещиктердің барщиналық шаруашылығының тікелей ұштығы, тікелей қалдығы. Крепостниктік шаруашылықтың мәні неде еді? Оның мәні мынада: шаруалар өз семьясын асырау үшін помещиктен *үлесті жер* алып, сол үшін помещиктің жерінде үш күн (ал кейде одан да көп) жұмыс істеуге тиіс болды. Жұмысшының ақысын, қазір қалалардың бәрінде төленіп жүргені сияқты, ақшалай төлеудің орнына *жермен төлейді.* Помещиктен алған үлесті жерінен шаруа тамағын әрең ғана асырай алатын. Міне, осы тамағы үшін шаруаның өзі де, оның бүкіл семьясы да помещиктің жерін өзінің ат-көлігімен, шаруаның өз құралдарымен немесе «құрал-саймандарымен» ұқсатып беруге тиіс болды. Крепостниктік шаруашылықтың мәні мынадай: еңбекке ақы алудың орнына қайыршылықпен күнелтетін үлесті жер алады; помещиктің жері шаруаның еңбегімен, шаруаның құрал-сайманымен ұқсатылады; помещиктің қамшы ойнатуымен шаруаны жұмыс істеуге күштеп көндіреді. Мұндай шаруашылықтың тұсында шаруаның өзі де *крепостной* болуға тиіс болды, өйткені *күштеп көндірмесе,* үлесті жерден күнін көріп отырған бірде-бір адам помещикке жұмыс істемес еді. Ал шаруалар үшін осы крепостниктік право қандай болған еді,— бұл жөнінде шаруалардың өздері өте көп біледі, олардың есінде бұл өте жақсы сақталған.

Крепостниктік право жойылған деп *есептеледі.* Бірақ іс жүзінде помещиктердің қолында мұндай билеп-төстеу (өздері талап алған жерлердің арқасында) осы күнге дейін қалып отыр, олар қазір де *жұмыспен өтеу арқылы* шаруаны крепостниктік тәуелділікте ұстап отыр. Жұмыспен өтеу дегеніміз осы заманғы крепостниктік тәртіп болып табылады. Менің жолдасым Церетели үкімет-

тің декларациясы жөнінде сөйлеген сөзінде Россиядағы помещиктік жер иелену мен қазіргі бүкіл мемлекеттік өкіметтің крепостниктік сипаты туралы айтқанда,— үкімет алдында құрдай жорғалаушы бір газет,— бұл газеттің аты «Новое Время»,—депутат Церетели өтірік айтты деп шу көтерді. Жоқ, социал-демократиялық жұмысшы партиясының депутаты шындықты айтты. Жұмыспен өтеу крепостниктік тәртіптің тікелей сарқыншағы, біздің помещиктік шаруашылықты жұмыспен өтеу ұстап тұр, мұны барып тұрған надандар немесе сатқын жазушысымақтар ғана бекерге шығара алады.

Жұмыспен өтеудің мәні неде? Оның мәні мынада: помещик жері помещиктің құрал-сайманымен, жұмысшы жалдау арқылы емес, көрші помещик *кіріптар еткен* шаруаның құрал-сайманымен өңделеді. Ал мужиктің кіріптарлыққа баруына тура келетін себебі, помещик өзіне жақсы жерлерді кесіп алып, мужикті «құмдауытқа» отырғызды, оны қайыршылықпен күнелтетін үлесті жерге апарып тықты. Помещиктердің жерді өзіне көп басып алғаны сонша, шаруалардың шаруашылық жүргізе алмайтыны былай тұрсын, тіпті «тауығын жіберетін жері де жоқ».

1861 жылы помещиктік губерниялық комитеттер мен помещиктер — бітістіруші төрешілер (бұлар, сірә, помещиктерді қуаттаған себепті бітістірушілер деп аталған болу керек) [72] — бұлардың шаруаларды *азат еткені* соншалық, шаруалар жерінің *бестен бір бөлігін* помещиктер кесіп алған болып шықты! Бұлардың шаруаларды *азат еткені соншалық,* әлгі тонаудан кейін шаруалардың қолында қалған үлесті жерге мужикті *үш есе қымбат* ақы төлеуге мәжбүр етті! 1861 жылғы *«төлемнің»* кезінде жердің құнынан *әлдеқайда көп* төлеуге мужикті мәжбүр еткені ешкімге құпия емес қой. Ол кезде шаруаның жері түгіл, *шаруаның бостандығын да сатып алуға* мужикті мәжбүр еткені ешкімге құпия емес. Қазына *помещиктерге берген ақшадан гөрі,* жер үшін шаруалардан *көп* ақша сығып алғаны (сатып алу төлемі түрінде), *мемлекеттік* төлемнің «игілігі» осылай болғаны ешкімге құпия емес! Мұның өзі мужикті тонау үшін помещик пен «либерал» чиновниктердің жа-

сасқан туысқандық одағы еді. Егер Святополк-Мирский мырза мұның бәрін ұмытқан болса, онда шаруалар мұны, сірә, ұмытпаған болу керек. Егер Святополк-Мирский мырза мұны білмейтін болса, онда ол *бұдан тіпті отыз жыл бұрын* профессор Янсонның «Шаруалардың үлестері мен төлемдері туралы статистикалық зерттеудің тәжірибесінде» жазғанын оқып шықсын, мұның өзі содан бері статистикалық-экономикалық әдебиеттің бәрінде мың мәрте қайталанып келді.

1861 жылы шаруаның «азат етілгені» [73] *сондай,* ол бірден помещиктің *тұзағына* түсті. Помещик басып алған жерлерден шаруаның қыспаққа түскені сонша, оның не аштан өлуі, немесе кіріптарлыққа көнуі керек болды.

Сонымен, «азат» орыс шаруасы XX ғасырда әлі де болса көрші помещикке кіріптарлыққа баруға мәжбүр болып отыр, барғанда — XI ғасырдағы «смердтер» («Орыс шындығы» [74] шаруаларды осылай атайды) кіріптарлыққа қалай барып, помещиктердің атына қалай «жазылған» болса, *дәл солай* баруға мәжбүр болып отыр.

Сөз өзгеріп, заңдар шығарылып, жойылып жатты, ғасырлар өте берді,— ал істің мәні бұрынғы күйінде қала берді. Жұмыспен өтеу дегеніміз — өз құрал-сайманымен көрші помещиктің жерін өңдеп беруге мәжбүр болған шаруаның кіріптарлық тәуелділігінің дәл өзі. Жұмыспен өтелінетін шаруашылық дегеніміз — жаңғыртылған, боямаланған, өңі айналдырылған, *крепостниктік* шаруашылықтың дәл өзі.

Өз пікірімді түсіндіру үшін, шаруалар шаруашылығы мен помещиктік шаруашылық жөніндегі әдебиетте толып жүрген қисапсыз көп мысалдың бірін келтірейін. Егіншілік департаментінің 90-жылдардың басында шыққан және Россиядағы помещиктік шаруашылық жүйесі туралы *қожайындардан алынған* мәліметтерге негізделген көлемді басылымы бар («Қожайындардан алынған ауыл шаруашылығы және статистика мәліметтері». Егіншілік департаментінің басылымы. V кітап. СПБ. 1892). Бұл мәліметтерді С. А. Короленко мырза өңдеген — В. Г. Короленкомен шатастырмау керек; С. А. Короленко мырза прогресшіл жазушы емес, реак-

циятшыл чиновник, міне, ол осындай адам. Оның өңдеген кітабының 118-бетінен мынаны оқуға болады:

«Елец уезінің (Орел губерниясы) оңтүстігіндегі помещиктік ірі шаруашылықтарда, жыл бойы жұмыс істейтін жұмысшылардың жер өңдеуімен қатар, жердің едәуір бөлегін шаруалар өздері арендаға жер алғаны үшін өңдеп береді. *Бұрынғы крепостнойлар* (құлақ салыңыз, Святополк-Мирский мырза!) — *өздерінің бұрынғы помещиктерінен әлі де* жер жалдап алып *тұрады* және сол үшін помещиктердің жерін өңдеп беріп отырады. Мұндай деревнялар *әлі де* (мұны ескеріп қойыңыз!) пәлендей помещиктің *«барщиналары»* деп аталып *отыр»*.

Мұның өзі өткен ғасырдың 90-жылдарында, шаруалардың атышулы «азат етілуінен» кейін *отыз жыл* өткеннен соң жазылған. 1861 жылдан кейін *отыз жыл* өткеннен соң да сол баяғы *«барщина»*, сол баяғы шаруаның құрал-сайманымен *бұрынғы* помещиктердің жерін өңдеп беру өмір сүріп отыр!

Бәлкім, мұның өзі некен-саяқ кездесетін жағдай деп маған қарсы шығушылар болар? Бірақ Россияның орталық қара топырақты өңіріндегі помещиктік шаруашылықпен таныс әрбір адам, орыстың экономикалық әдебиетінің тым болмаса шет-пұшпағын көрген әрбір адам мұның некен-саяқ жағдай емес, *жалпы жағдай* екенін мойындауға тиіс болады. Дәл *орыс* губернияларында, атап айтқанда, *нағыз орыс* помещиктері — (олардың оң жақтағы орындықтарда отырған *нағыз орыс* адамдарының бәріне осынша қымбат көрінетіні тегін емес!) — басым болып отырған жерлерде күні бүгінге дейін де *жұмыспен өтелетін шаруашылық басым болып отыр.*

Мәселен, бірқатар ғалымдар құрастырған «Егін шығымдылығы мен астық бағаларының әсері» деген кітап сияқты белгілі ғылыми еңбекке сүйенейін. Бұл кітап *1897* жылы шықты. Помещиктерде *жұмыспен өтелетін* шаруашылықтың басым екені бұл кітапта Уфа, Симбирск, Самара, Тамбов, Пенза, Орел, Курск, Рязань, Тула, Қазан, Нижний Новгород, Псков, Новгород, Кострома, Тверь, Владимир және Чернигов губерниялары, яғни *орыстың* 17 губерниясы жөнінде дәлелденген.

Жұмыспен өтелетін шаруашылықтың басымдығы... бұл не деген сөз?

Мұның өзі помещик жері тағы да сол шаруаның құрал-сайманымен, күйзелген, қайыршыға айналған, кіріптарлыққа түскен шаруаның еңбегімен өңделеді деген сөз. Депутат Святополк-Мирский айтқан және помещик мүдделерін қорғаушылардың бәрі де айтып жүрген әлгі «мәдениет», міне, осындай. Шаруаның лашығында тұратын мужиктің жағдайынан төренің ат қорасындағы малдың жағдайы, әрине, жақсы. Помещиктерде астық өнімі, әрине, жақсы, өйткені помещиктік комитеттер 1861 жылдың өзінде-ақ жақсы жерлерді шаруалардан кесіп алып, оны помещиктердің атына жазуды ойластырған-ды. Бірақ орыс помещиктері шаруашылықтарының «мәдениеттілігі» туралы күлкі үшін ғана айтуға болады. Имениелердің көпшілігінде *ешқандай* помещиктік шаруашылық жоқ, сол баяғы шаруалар шаруашылығы жүргізіледі, жер шаруаның титықтаған атымен айдалады, шаруаның ескі, нашар құрал-сайманымен өңделеді. Ірі және аса ірі жер учаскелерінде кіріптар шаруаның көмегімен жүргізілетін осы крепостниктік шаруашылық күні бүгінге дейін Европаның бірде-бір елінде,— Россиядан басқа бірде-бір елде сақталған емес.

Помещиктік «мәдениет» дегеніміз помещиктік крепостниктіктің сақталуы. Помещиктік мәдениет дегеніміз қайыршыланған шаруа жөніндегі өсімқорлық, бұл өсімқорлық шаруаны жұрдай етіп тонайды және бір десятина жер үшін, жайылым үшін, суат үшін, орман-тоғай үшін, қыста аш мужикке орасан көп проценттер алу үшін қарызға берілген бір пұт ұн үшін, шаруа семьясы жалынып-жалбарынып алған бір сом ақша үшін құлдыққа салады...

Оң жақтағы орындықтарда отырған бұл мырзалар тағы да шаруаларды еврейлер қанайды, еврейлер процент алады деп жүр-ау! Иә, мыңдаған көпес-еврейлер орыс мужигін шын орыс помещиктерінің, православие дініндегі помещиктердің тонағанындай тонап отырған жоқ! Ең жаман өсімқордың алатын проценті қанша көп бол-

са да, қыстыгүні мужикті жазғы жұмысқа жалдайтын немесе оны бір десятина жер бергені үшін ақшалай төлеуге де, жұмыс істеуге де, жұмыртқамен де, тауықпен де төлеуге, тағы да немен төлеттіретінін құдай білсін, осылай төлеуге мәжбүр ететін нағыз орыс помещигі алатын проценттердің маңайын да көрмейді!

Мұның қалжың болып көрінуі мүмкін, бірақ бұл қасіретті қалжың шындыққа тым-ақ ұқсас. Шаруаның *бір* десятина жер үшін не төлейтіні жөнінде сіздерге, міне, мынадай *нақты* мысал келтірейін (бұл мысал Карышевтің шаруалардың арендалары туралы белгілі кітабынан алынған): бір десятина жер үшін шаруа $1^1/_2$ десятина жер өңдеп беруге тиіс, оның үстіне 10 жұмыртқа, 1 тауық әкеліп беруге тиіс, тағы да әйелі бір күн жұмыс істеп беруге тиіс (Карышев кітабының 348-бетін қараңыз).

Бұл не? «Мәдениет» пе әлде барып тұрған арсыз крепостниктік қанау ма?

Біздің шаруалар мәдениетке қарсы күресіп жатырмыс деп ойлауға Россия мен Европаны мәжбүр еткісі келетін адамдар шаруалар жөнінде барып тұрған өтірік айтып, шаруаларға жала жауып жүр. Бәрі өтірік! Орыс шаруалары *крепостниктік* қанауға қарсы бостандық үшін күресіп жатыр. *Нағыз орыс* крепостниктігі, *нағыз орысқа тән* жұмыспен өтеу, кіріптарлық, кедейленген, борышқа батқан шаруаны қорлау неғұрлым берік сақталып отырған, неғұрлым терең тамыр тепкен, *нақ* осы *нағыз орыс* губернияларында шаруалар қозғалысы мейлінше кең, мейлінше батыл өріс алды, шаруалардың помещиктерге қарсы күресі мейлінше күшті болды!

Жұмыспен өтеу заң күшімен сақталып отырған жоқ — заң бойынша шаруа аштан өлуге «ерікті»!—жұмыспен өтеу шаруалардың *экономикалық тәуелділігі* арқасында сақталып отыр. Ешқандай заң арқылы, ешқандай тыйым салу арқылы, ешқандай «бақылау» және «қамқорлық» жасау арқылы жұмыспен өтеуге және кіріптарлыққа қарсы ештеңе де істеуге болмайды. Орыс халқының денесіндегі бұл кеселді жою үшін бір ғана құрал бар: *помещиктік жер мен-*

шігін жою керек, өйткені бұл меншік көптеген жағдайларда осы кезге дейін *крепостниктік* меншік, *крепостниктік* қанаудың көзі, тірегі болып отыр.

Помещиктік жер меншігін сақтау керек пе, жоқ па деген *негізгі мәселені* орағытып өтеді екен, онда шаруаларға «көмектесу» туралы, олардың жағдайын «жақсарту» туралы, олардың жер алуына «жәрдемдесу» туралы айтылып жүрген сөз атаулының бәрі, помещиктер мен чиновниктердің айтуға жаны құмар сөздер, осылардың бәрі құр сылтау, бұлтару болып шығады.

Мәселенің түйіні осында. Сондықтан мен шаруалар мен шаруа депутаттарын өте-мөте сақтандыруға тиіспін: мәселенің осы *түйінді жерін* орағытып өтуге жол бермеу керек. *Ең бастысы:* помещиктік жер меншігінің помещиктер қолында қалатындығы немесе шаруалар қолына көшетіндігі анықталмайынша, ешқандай уәделерге, ешқандай әсем сөздерге сенбеу керек. *Егер бұл меншік помещиктердің қолында қалатын болса — жұмыспен өтеу мен кіріптарлық та сақталады.* Миллиондаған шаруалардың мұқтаждығы мен үнемі ашығуы сақтала береді. Помещиктік жер меншігінің сақталуы — шаруалар үшін аштықтан бірте-бірте құрып біту азабына ұшырау болады.

Аграрлық мәселенің осы мәнінің қандай екенін айқын корсету үшін Россиядағы жер меншігінің қалай бөлінгендігі жайындағы басты-басты цифрларды еске түсіру керек. Россиядағы жер иелену туралы статистикалық мәліметтер — қолда бар мәліметтердің ең жаңасы — *1905 жылғы* мәліметтер. Орталық статистикалық комитет бұл мәліметтерді ерекше зерттеу арқылы жинады, бұл зерттеудің толық нәтижелері әлі жарияланған жоқ. Бірақ басты-басты қорытындылары қазірдің өзінде-ақ газеттерден мәлім. Европалық Россияда барлығы 400 миллион десятинаға жуық жер бар деп есептеліп жүр. $395^1/_2$ миллион десятинаның — бұл туралы алдын ала жасалған мәліметтер бар — 155 миллион десятинасы қазынаға, уделдерге, шіркеулер мен мекемелерге, 102 миллион десятинасы жеке адамдарға, $138^1/_2$ миллион десятинасы шаруалардың үлесті жерлеріне жатады.

Тосыннан қарағанда бәрінен көбі қазынаның жері, сондықтан мәселе әсте де помещиктік жерде болып отырмаған сияқты да көрінуі мүмкін.

Бірақ мұның өзі жұрттың жиі ұрынып жүрген қатесі, бұл қатені біржола жою керек. Рас, қазынаның жері 138 миллион десятина, бірақ *бұл жерлердің барлығы дерлік* солтүстік губернияларда — Архангельск, Вологда, Олонец губернияларында, оның бер жағында бұлар *егіншілік жүргізуге болмайтын* жерлер. Шаруаларға беруге болатын қазына жерлерін үкіметтің өзі, статистиктердің дәл есептері бойынша (мәселен, Прокопович мырзаға және оның «Аграрлық мәселе цифр тілінде» деген кітабына сүйенемін), 7 миллион десятинадан артық таба алмас еді.

Демек, қазыналық жер туралы шындап сөз етуге болмайды. Шаруаларды Сибирьге қоныс аударту туралы да айтуға тура келмейді. Мұны Думада трудовиктерден сөйлеген шешен жеткілікті дәрежеде анықтап айтты. Сибирьге қоныс аударудың пайдалы екеніне өздері шынымен сенетін болса, помещик мырзалардың өздері-ақ Сибирьге қоныс аударсын! Бұған, шаруалар, сірә, келісетін болар... Ал шаруалардың мұқтажын Сибирьмен қанағаттандыру керек деген ұсынысты олар, сірә, келемеждеп қарсы алатын болар.

Орыс губерниялары жөнінде, әсіресе шаруалардың мұқтаждығы бәрінен де күштірек орталық қара топырақты губернияларда, әңгіме басқа ешқандай жер туралы емес, *нақ помещиктік жерлер туралы* болып отыр. Депутат Святополк-Мирский «жері тарлық ететін ерекше бір реттер» туралы бекерге сөз етеді.

Орталық Россияда жердің тарлығы ерекше жағдай емес, қайта ережеге айналған. Ал нақ шаруаларға тар болатын себебі: помещик мырзалар тым-ақ емін-еркін, тым-ақ кең жайласқан. «Шаруалардың тарлық көруі» — помещиктер қыруар жерді басып алып отыр деген сөз.

«Шаруалардың жері аз» болуы дегеніміз помещиктер жерінің көп болғандығы.

Мырзалар, міне, сіздерге түсінікті де айқын цифрлар. Шаруалардың үлестік жері $138^1/_2$ миллион десятина.

Жеке меншіктегі жер 102 миллион десятина. Осы соңғысынан *ірі* жер иеленушілерге қарайтыны қанша?

Әрқайсысының 50 десятинадан астам жері бар жер иеленушілердің *жетпіс тоғыз жарым* миллион десятина жері бар.

Ал енді осы қыруар жердің иесі қанша адам? *135 мыңнан кемірек* (дәл цифры — 133 898 жер иесі).

Осы цифрлар жөнінде жақсылап ойлап қараңыздаршы: *Европалық* Россияның жүз миллионнан астам халқының 135 мың адамында *сексен миллион* десятина *дерлік* жер бар екен!!

Ал осымен қатар үлесті жері бар $12^1/_4$ (он екі бүтін оннан төрт!) миллион шаруа үйлерінің иелігінде $138^1/_2$ миллион десятина жер бар.

Бір ірі жер иеленушіге, бір (оңайлық үшін осылай дейік) помещикке *594 десятинадан* келеді.

Бір шаруа үйіне *$11^1/_3$ десятинадан* келеді.

Святополк-Мирский мырза мен оның пікірлестері *«жері шынымен тарлық ететін ерекше бір реттер»* деп, міне, осыны айтып отыр! 135 мың адам ат төбеліндей байлардың 600 десятинадан, ал миллиондаған шаруалардың әрбір шаруашылығында 11 десятинадан жер болғанда, шаруалар жер жағынан *жаппай* «тарлық» көрмей қайтеді? Помещиктердің *жері* осындай орасан, шектен тыс *көп* болып отырғанда, шаруалардың «жері аз» болмай қайтеді?

Святополк-Мирский мырза бізге шаруалардың иелігіндегі жер көлемін арттыру деген *«ойды тастау керек»* деп кеңес берді. Жоқ, жұмысшы табы бұл ойды тастамайды. Шаруалар бұл ойын тастамайды. Миллиондаған, он миллиондаған адам бұл ойын тастай *алмайды*, өз мақсаттарына жету жолындағы *күресін тоқтата* алмайды.

Мен келтірген цифрлар күрестің не үшін болып жатқанын айқын көрсетеді. *Орта есеппен* әр шаруашылығында 600 десятинадан жері бар помещиктер өз байлықтары үшін, жылына, сірә, 500 миллион сомнан астам болатын өз табыстары үшін күресіп отыр. Ал аса ірі помещиктер — сонымен қатар олар екінің бірінде ең ірі ұлықтар. Біздің мемлекетіміз, менің жолдасым Церете-

лидің әділетті айтып кеткеніндей, халық мүдделерін қорғамайды, *бір топ помещиктердің* мүдделерін қорғайды. Помещиктер көпшілігінің де, бүкіл үкіметтің де шаруалардың талаптарына қарсы жанталаса күресіп жатқанына таңырқауға болмайды. Үстемдік етуші, қанаушы таптардың өздерінің үстемдік ету, қанау праволарынан, кіріптарлыққа түскен шаруалар мен жұмысшылардан мың-мың сомдап табыс келтіру праволарынан өз ықтиярымен бас тартуы жөніндегі мысалдар адамзат тарихында әлі болып көрген емес.

Ал шаруалар кіріптарлықтан, жұмыспен өтеуден, крепостниктік қанаудан азат болу үшін күреседі. Шаруалар аздап болса да адамша тұруға мүмкіндік алу үшін күреседі. Сондықтан жұмысшы табы помещиктерге қарсы шаруаларды *бүтіндей* қолдайды, қолдағанда жұмысшылардың өздерінің мүдделеріне бола қолдайды, өйткені помещиктік езгінің ауыртпалығы бұларға да түсіп отыр,— бүкіл қоғамдық дамудың мүдделеріне бола қолдайды, өйткені помещиктік өкіметтің езгісі қоғамдық дамуға бөгет жасап отыр.

Шаруалардың өз күресі арқылы неге қолы жете алатынын және жетуге *тиіс екенін* сіздерге көрсету үшін, мырзалар, мен сіздерге бір кішкене есеп келтірейін.

Егіншілік министрі, Васильчиков мырза, былай деді: «бұл мәселені айқындап алу үшін соншалық әсем сөздерге емес, енді цифрға, фактілерге, өмір шындығына жүгінетін мезгіл жетті». Мен министр мырзаның айтқанына әбден толық қосыламын. Иә, иә, нақ солай, мырзалар: цифрды көбірек келтіру керек, *помещиктік* жер меншігінің *мөлшері* мен шаруалардың үлесті жер меншігінің мөлшері *туралы* цифрларды көбірек келтіру керек. Помещиктердің «басы артық» жері *қанша* екенін көрсететін цифрларды мен сіздерге бұрын келтіріп өттім. Енді *шаруалардың* жерге мұқтаждығының көлемі туралы цифрларды келтірейін. Орта есеппен алғанда, жоғарыда өзім айтқандай, әрбір шаруа үйінің $11^1/_3$ десятинадан үлесті жері бар. Бірақ бұл *орта* есеп шаруалардың жерге мұқтаждығын *бүркемелейді*, өйткені шаруалардың көпшілігінің үлесті жері *орташа мөлшерден*

төмен, ал болмашы азшылығының жері орташа мөлшерден жоғары.

$12^1/_4$ миллион шаруа үйлерінің 2 миллион 860 мың (жинақтап алып отырмын) үйінде *үй басына 5 десятинадан кемірек* үлесті жер бар. Үш миллион 320 үйдің *5 десятинадан 8 десятинаға дейін* үлесті жері бар. Төрт миллион 810 мың үйдің *8 десятинадан 20 десятинаға дейін* үлесті жері бар. Бір миллион 100 мың үйдің *20 десятинадан 50 десятинаға дейін* үлесті жері бар, тек ширек миллион үйдің ғана *50 десятинадан астам* үлесті жері бар (бұл соңғыларының орта есеппен үй басына, сірә, 75 десятинадан артық емес жері болу керек).

Помещиктердің $79^1/_2$ миллион десятина жері шаруалардың иелігіндегі жерді кеңейтуге кетеді екен делік. Шаруалар одағын жақтаушы священник Тихвинскийдің айтуынша,— шаруалар помещиктерді *құралақан қалдырғысы* келмейді, олардың әрқайсысына *50 десятинадан* жер қалдырады делік. Мұның өзі, бәлкім, біздің помещиктер сияқты «мәдениетті» мырзалар үшін тым көп жер шығар, бірақ сонда да болса біз әзірге, мысал үшін, осы цифрды ала тұралық. 135 мың помещиктің әрқайсысына 50 десятинадан шығарып тастағанда, *шаруалар* үшін 72 *(жетпіс екі)* миллион десятина жер босап қалар еді. Бұл саннан орман-тоғайларды шығарып тастауға (кейбір жазушылар осылай етіп жүр, мәселен, цифрларын өзім талай рет пайдаланған Прокопович мырза осылай етеді) негіз жоқ, өйткені орман-тоғайлар да табыс береді, сондықтан бұл табысты бір шоғыр помещиктердің қолында қалдырып қою мүмкін емес.

Осы 72 миллионға қазынаның жарамды жерлерін (7,3 миллион десятинаға дейін), сонан соң *барлық удельдік* (7,9 миллион десятина), шіркеулік және монастырьлік (2,7 миллион десятина) жерлерді қосыңыздар,— сонда сіздердің алатын санңыз *90 миллион десятинаға дейін* барады *. Бұл сан *барлық* өте кедей шаруалардың иелігіндегі жерді *үй басына кемінде 16 десятинаға дейін кеңейтуге* жетіп жатыр.

Сіздер, мұның мәнісін түсінесіздер ме, мырзалар?

* Толық есебі (мағлұмат керек бола қалған күнде) 3-дәптердің аяқ жағында [75].

Мұның өзі алға қарай орасан зор қадам жасағандық болар еді, мұның өзі миллиондаған шаруаларды аштықтан құтқарар еді, мұның өзі ондаған миллион жұмысшылар мен шаруалардың тұрмыс дәрежесін көтерер еді, олардың қазіргі орыс шаруаларының құрып бара жатқан ұрпағының өмір сүріп отырғаны сияқты емес, «мәдениетті» мемлекеттің азды-көпті мәдениетті азаматтарының өмір сүріп отырғанындай, азды-көпті дәрежеде адамша өмір сүру мүмкіндігін жеңілдетер еді. Бұл, әрине, барлық еңбекшілерді қайыршылық пен езгі атаулыдан құтқармас еді,— (бұл үшін капиталистік қоғамды социалистік қоғамға айналдыру керек) — бірақ олардың осыдан құтылу жолындағы күресін орасан зор көлемде жеңілдетер еді. *6* миллионнан *астам* шаруа үйлерінің, барлық шаруалардың *жартысынан көбінің,* жоғарыда менің айтқанымдай, *әр үйіне келетін жер 8 десятинадан аз.* Олардың иелігіндегі жер *екі еседен астам, үш е с е д е р л і к* артар еді.

Бұл — үнемі жоқшылық көріп, ашығып, қалаларда, фабрикалар мен заводтарда жұмысшылар еңбегінің бағасын түсіріп жүрген шаруалардың тең жартысы,— осы шаруалардың тең жартысы *өздерін адам деп сезіне алар еді* деген сөз!

Ал Святополк-Мирский мырза немесе оның пікірлестері ауыр, қиын жағдайдан құтылудың осындай әбден мүмкін, жүзеге асарлық және төте жолы туралы *ойлауды тастаңдар* деп миллиондаған жұмысшылар мен шаруаларға шындап кеңес бере алар ма екен?

Бірақ кедей шаруа үйлерінің тең жартысынан көбі *жері* тым *көп* помещик мырзаларымыздың есебінен өзінің иелігіндегі жерді *үш есе дерлік* көбейте алуы үшін бұл да аз. Осы *алты* миллион кедей үйлерінен басқа, *8 десятинадан 20 десятинаға дейін* жері бар тағы да *бес* (дәл цифры 4,8) *миллион дерлік* шаруа үйлері бар. Осы бес миллион семьяның да кемінде үш миллионы, дау жоқ, өздерінің мардымсыз үлесті жерлерінде жоқшылық көріп отыр. Сондықтан осы *үш миллион үй* де өздерінің иелігіндегі жерді *әр үйге есептегенде 16 десятинаға дейін* жеткізе алар еді, яғни оны *бір жарым есе,* ал кейбіреулері тіпті *екі есе* көбейте алар еді.

Бәрін жинақтай келгенде, барлық саны $12^1/_4$ миллион шаруа үйлерінің *9 миллион үйі* жері тым *көп* және *крепостниктік шаруашылыққа* тым дағдыланып кеткен *помещик мырзалардың* жері есебінен өз жағдайын (өздері *бағасын түсіруді қоятын жұмысшылардың жағдайын да!) орасан зор мөлшерде* жақсарта алған болар еді!

Ірі помещиктік меншік пен *жеткіліксіз шаруалар* меншігінің салыстыра келгендегі мөлшері туралы цифрлар, міне, осыны көрсетеді. Цифрлар мен фактілерді тәуір көретін егіншілік министрі Васильчиков мырзаға бұл *цифрлар мен фактілер* ұнамай қала ма деп мен қатты қорқамын. Өйткені ол өзінің сөйлеген сөзінде цифрларға жүгіну керек деген тілегінен кейін бізге былай деді ғой:

«...Мұның өзінде *жұрттың көбі* осындай реформаларды жүзеге асырумен (яғни жер реформаларын кеңінен жүзеге асырумен) *байланыстырып жүрген үміттердің цифрлармен салыстыра келгенде* толық жүзеге асуы мүмкін болмай шыға ма деп қауіптенбеске болмайды...»

Басқа қауіптенесіз, егіншілік министрі мырза! Нақ *цифрлармен салыстыра келгенде* шаруалардың жұмыспен өтеуден және крепостниктік қанаудан құтылу жөніндегі үміттерінің *толық* жүзеге асуы *мүмкін болуға тиіс!!* Ал бұл *цифрлар* егіншілік министрі Васильчиков мырзаға немесе Святополк-Мирский мырза мен басқа да помещиктерге қаншалықты ұнамсыз болғанмен, *бұл цифрларды бекерге шығаруға болмайды!*

* *
*

Мен енді шаруалардың талаптарына қарсы қоюға болатын пікірлерге көшемін. Мұны есіту сырттай қарағанда құлаққа түрпідей тигенімен, шаруалардың талаптарына қарсы пікірлерді талдап тексергенде менің *көбінесе* «халық бостандығы» дейтін партияның өкілі Кутлер мырзаның дәлелдерін талдауыма тура келеді.

Мұның қажеттігі әсте де менің Кутлер мырзамен айтысқым *келетіндіктен* туып отырған жоқ. Тіпті де олай емес. Шаруалардың жер үшін күресін жақтаушы-

лардың *тек қана* «оңшылдарға» қарсы *айтысуына* тура келсе, мен бұған өте қуанар едім. Бірақ Кутлер мырза өз сөзінің басынан аяғына дейін, шынына келгенде, социал-демократтар мен трудовиктер мәлімдеген шаруалар талаптарына *қарсы шықты,* трудовиктерге өздерінің талаптарын ықшамдаудың, шағындаудың қажеттігін дәлелдей отырып, тікелей де (мәселен, менің жолдасым Церетелидің бүкіл Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының атынан жасаған ұсынысына келіспей), *жанама түрде* де қарсы шықты.

Депутат Святополк-Мирский, шынында, ешкімді сендірейін деп ойлаған да жоқ. Ол, әсіресе, шаруаларды сендіремін деген пікірден аулақ болды. Ол жұртты сендірейін деген жоқ, *өз еркін білдірді,* дәлірек айтқанда: помещиктер көпшілігінің еркін білдірді. Шаруалардың иелігіндегі жердің көлемін *ешбір* арттыру деген болмасын,— түсінікті етіп, турасын айтқанда, депутат Святополк-Мирскийдің «сөзі», міне осыған келіп тірелді.

Депутат Кутлер, керісінше, жұртты үнемі *сендірумен* болды, әсіресе шаруаларды сендірумен болды, оларды Кутлердің өзі трудовиктердің жобасындағы жүзеге аспайтын немесе шамадан тыс деп жариялаған нәрседен, ал біздің социал-демократиялық партияның жобасындағы социал-демократия өкілінің ұсынысы жөнінде, Кутлердің өзі айтқандай, жүзеге аспайтын ғана емес, сонымен қатар «барып тұрған әділетсіздік» деп те жариялаған пікірден бас тартыңдар деп сендірумен болды.

Мен енді депутат Кутлердің қарсы пікірлерін және «халық бостандығы» дейтін партияның аграрлық мәселе жөнінде жақтайтын көзқарастарының, сол партия жақтап отырған аграрлық реформа жобаларының басты-басты дәлелдерін талдаймын.

Менің партиялас жолдасымның пікіріне қарсы шыға отырып, депутат Кутлердің «барып тұрған әділетсіздік» деп нені атағанынан бастайық. «Меніңше,— деді кадеттер партиясының өкілі,— меншіктің өзге түрлері, қозғалмалы, қозғалмайтын мүлік меншігі әзірше сақталып отырғанда, жерге жеке меншік болуды жою барып тұрған әділетсіздік болар еді»!.. Ал бұдан әрі былай

деді: «...Жалпы алғанда меншіктің жойылуын ешкім ұсынып отырған жоқ екен, жерге де меншіктің болуын барынша мойындау қажет».

«Өзге меншік те (жерге меншіктің болуынан басқа), бәлкім, онша мақтаулы жолмен табылмаған болар» дегенді дәлел етіп, социал-демократ Церетелидің пікірін «теріске шығарған» депутат Кутлер осылай пайымдады. Ал енді мен депутат Кутлердің осы пайымдауы жөнінде неғұрлым көбірек ойлана түссем, мен оны соғұрлым... мұны қалай жұмсағырақ айтсам екен?... оғаштау деп білемін. «...Меншіктің өзге түрлері жойылмайтын болса, жерге меншік болуын жою әділетсіздік...».

Бірақ кешіріңіздер, мырзалар, нақ өз пікірлеріңізді, өз сөздеріңіз бен жобаларыңызды естеріңізге түсіріңіздерші! Помещиктік меншіктің *белгілі бір* түрлері «әділетсіз», әділетсіздігі сонша, оларды жоюдың әдістері мен жолдары туралы ерекше заң шығаруды керек етеді дегенді өздеріңіз айтып отырсыздар ғой.

Шынында да, мұның өзі қалай болып шығып отыр? Әділетсіздіктің өзге түрлерін жоймай тұрып, оның *бір түрін* жою — «барып тұрған әділетсіздік» қой?? Кутлер мырзаның сөзіне қарағанда осылай болып шығады. Мен *«бәрін немесе ешқайсысын»* деген принципті жариялайтын либералды, либерал болғанда да осындай баяу, байсалды, бюрократтықпен машықтанған либералды бірінші рет кездестіріп отырмын! Өйткені Кутлер мырзаның пайымдауы түгелдей «бәрін немесе ешқайсысын» деген принципке негізделіп құрылған. Сондықтан, революцияшыл социал-демократ ретінде, мен пайымдаудың мұндай тәсіліне батыл қарсы шығуға тиіспін...

Маған, мырзалар, ауладан екі үйме қоқсық тасып шығару керек деп санаңыздар. Ал менің арбам біреу. Ал бір арбамен бір үймеден артық шығаруға болмайды. Менің не істеуім керек? Екі үймені бірден тасып шығаруға болмайтындықтан, бір үйме қоқсықты тасып әкету барып тұрған әділетсіздік болады дегенді сылтау етіп, менің аула тазалаудан мүлдем бас тартуым керек пе?

Кімде-кім ауланы *шынымен түгел* тазартқысы келсе, кімде-кім настыққа емес, тазалыққа, қараңғылыққа емес, жарыққа шын ниетімен ұмтылса, ондай адам басқаша пайымдайды, менің ойым осылай. Егер шынымен екі үймені бірден тасып шығаруға болмайды екен, онда алдымен бірден қол жететін, арбаға тиеуге болатын бірінші үймені тасып шығарамыз,— сонан соң екінші үймені қолға алу үшін арбаны босатып, үйге қайтамыз. Бар болғаны осы, Кутлер мырза! Бар болғаны осы!

Алдымен орыс халқы өзінің арбасына крепостниктік, помещиктік меншік деп аталатын қоқсықты түгел тиеп, аулаққа шығарып тастауы керек, ал сонан кейін босаған арбамен неғұрлым таза аулаға қайтып келіп, екінші үймені арбаға тией бастау керек, капиталистік қанаудың қоқсығын сыпыра бастау керек.

Кутлер мырза, егер сіз қоқсық атаулыға шынымен қарсы адам болсаңыз, қолыңызды әкеліңіз? Келіңіз, сіздің өз сөзіңізді цитатқа келтіріп, Мемлекеттік думаның қарарында дәл былай деп жазып қояйық: «капиталистік меншіктің крепостниктік помещиктік меншіктен артық мақтарлық түгі жоқ екенін депутат Кутлермен бірге мойындай отырып, Мемлекеттік дума Россияны алдымен осы соңғы меншіктен құтқарып, сонан кейін біріншісін қолға алуға қаулы етеді».

Егер Кутлер мырза менің осы ұсынысымды қолдамаса, онда менің «халық бостандығы» партиясы бізді крепостниктік меншіктен капиталистік меншікке сілтегенде, бізді әншейін, былайша айтқанда, Понтийден Пилатқа сілтеп отыр[76] немесе — түсініктірек айтқанда — сылтау іздеп отыр, мәселені ашық қоюдан қашып құтылып отыр деген жорамалым сол күйінде қалады. «Халық бостандығы» партиясының социализм үшін күрескісі келеді дегенді біз ешқашан есіткен жоқпыз (*капиталистік меншікке қарсы күрес те социализм үшін күрес* қой). Бірақ бұл партияның бостандық үшін, халықтың правосы үшін күрескісі келеді дегенді біз өте көп... өте, өте көп естідік. Ал енді міне, социализмді дереу жүзеге асыру мәселесі емес, *бостандықты, крепостниктік тәртіптен* азат болуды дереу жүзеге асы-

ру мәселесі күн тәртібіне нақты қойылып отырған кезде,— Кутлер мырза бізді кенеттен социализм мәселелеріне сілтеп отыр! Кутлер мырза жұмыспен өтеуді және кіріптарлықты тірек етіп отырған помещиктік меншікті жоюды «барып тұрған әділетсіздік» деп жариялап отыр — жариялағанда, өзі капиталистік меншіктің әділетсіздігін есіне түсіргендіктен, *тек қана* осы себептен солай деп жариялап отыр... Не десеңіз де, мұның өзі біраз оғаштау.

Осы уақытқа дейін мен Кутлер мырзаны социалист емес деп ойлап келген едім. Енді мен: ол әсте демократ та емес, тіпті халық бостандығын,— тырнақшаға алынбаған нағыз халық бостандығын жақтаушы да емес деген пікірге келіп отырмын. Өйткені бостандық үшін күрес дәуірінде бостандықты құртып, бостандықты жаншып, тұншықтырып отырған нәрсені жоюды «барып тұрған әділетсіздік» деп жариялайтын адамдарды,— мұндай адамдарды дүниеде әлі де ешкім демократ деп атауға, демократ деп санауға келіскен емес...

Кутлер мырзаның екінші бір қарсылығы социал-демократқа емес, трудовикке қарсы бағытталған. «Меніңше,— деді Кутлер мырза,— жерді национализациялау жобасы (әңгіме Еңбек тобының жобасы жайында болып отыр, ал Кутлер мырза оны дәл сипаттамайды, бірақ істің мәні қазір онда емес) заң күшін алуы мүмкін саяси жағдайларды көзге елестетуге болады, бірақ мен бұл заң шынымен жүзеге асатын саяси жағдайлардың жуық арада болуын көз алдыма елестете алмай отырмын».

Тағы да адам таңқаларлық оғаш пайымдау, қисынсыз болғанда, әсте де социализм тұрғысынан қарағанда емес (ешбір олай емес!), тіпті «жерге праволы болу» тұрғысынан немесе басқадай бір «еңбек» принципі тұрғысынан қарағанда да емес,— жоқ, олай емес, Кутлер мырзаның партиясынан өзіміз соншалық көп есітіп жүрген сол «халық бостандығының» өзі тұрғысынан қарағанда оғаш пайымдау.

Кутлер мырза трудовиктердің жобасы —«жүзеге аспайтын» жоба, олар «қазіргі жер қатынастарын түбірінен қайта құру» мақсатын текке көздеп отыр, тағысын-

тағылар деп трудовиктерді өне бойы сендіріп келді. Енді біз Кутлер мырзаның басқа себептен емес, қазіргі кездегі және жуық арадағы *саяси жағдайлардың* себебінен *«жүзеге аспайды»* деп қарайтынын айқын көріп отырмыз!!

Кешіріңіздер, мырзалар, мұның өзі барып тұрған күңгірт, ұғымдарды кешіруге болмайтындай етіп шатастырғандық қой. Біз нашар жағдайларды талқылап, соларды жақсарту жағына қарай *өзгертуді* ұсынып отырмыз, сондықтан да біз бұл арада өзімізді халық өкіліміз деп атаймыз, сондықтан да заң шығарушы мекеменің мүшелері болып есептелеміз. Сөйтіп, біз ең нашар деген жағдайлардың бірін өзгерту туралы мәселені талқылап жатқанымызда, кенеттен бізге: «қазір де... жуық арада да... жүзеге аспайтын... саяси жағдайлар» деп қарсы шығып отыр.

Екінің бірі, Кутлер мырза: не Думаның өзі *саяси жағдай* болып табылады,— онда *өзге* «саяси жағдайлардан» тағы қандай шектеулер туатындығына ыңғайлану, бейімделу демократқа лайықты іс емес. Не Дума «саяси жағдай» емес, жоғары жақта тұратындарға ненің ұнап, ненің ұнамайтынымен санасып отыратын жай ғана кеңсе болып табылады,— онда біздің халық өкілдеріміз деп мардамситын жөніміз де жоқ.

Егер біз халық өкілдері болсақ, онда біз жоғарғы жақтағыларға немесе қайдағы бір «саяси жағдайларға» не ұнайтынын айту емес, халықтың не ойлайтынын, нені тілейтінін айтуға тиістіміз. Егер біз чиновниктер болсақ, онда бізге «бастықтар» өздеріне ненің ұнамайтынын сездірген болса, біз соны алдын ала «жүзеге аспайды» деп жариялайтын боламыз деп түсінуге мен, тегінде, әзірмін.

«...*Саяси* жағдайлар»!.. Бұл не деген сөз? Бұл: әскери-дала соттары, қатал күзет, зорлық-зомбылық пен правосыздық, Мемлекеттік совет және Россия империясының басқа да дәл сондай сүйкімді *ме-ке-ме-лері* деген сөз. Кутлер мырза өзінің аграрлық жобасын әскери-дала соттарының, қатал күзеттің және Мемлекеттік советтің тұсында ненің жүзеге асатынына қарай бейімдегісі келе ме екен? Егер осы үшін Кутлер мыр-

за... халықтың тілектестігімен емес, жоқ, айталық... жарамсақтығы үшін орденімен... наградталған болса, мен бұған таңырқамас едім!

Кутлер мырза жерді национализациялау жобасы заң күшін алуы мүмкін саяси жағдайларды *көз алдына елестете алады*... Елестетпей ше! Өзін демократпын деп атайтын адам демократиялық саяси жағдайларды *көз алдына елестете алмаушы ма* еді... Бірақ халық өкілі деп есептелінетін демократтың міндеті әр түрлі жақсы немесе жаман нәрселерді *«ө з і н і ң* көз алдына елестетуде» ғана емес, сонымен қатар *халыққа* шын халықтық жобалар, мәлімдемелер, мазмұндамалар беруде ғой.

Кутлер мырза мені Думада заңнан таюды немесе оны бұзуды ұсынды деп ойламасын... Тіпті де олай емес! Думада демократия туралы айтуға және нағыз демократиялық аграрлық заң жобаларын ұсынуға тыйым салатын заң жоқ. Социал-демократиялық фракцияның «жерді төлемсіз иеліктен айыру» туралы да, *демократиялық мемлекет* туралы да айтылатын декларациясын ұсынғанда менің әріптесім, Церетели, ешбір заңды бұзған жоқ.

Ал Кутлер мырзаның пайымдауы тұтас алғанда біздің мемлекетіміз демократиялық мемлекет болмағандықтан, біздің демократиялық аграрлық заң жобаларын ұсынуымыздың да керегі жоқ дегенге тіреліп отыр ғой! Сіздер Кутлер мырзаның пайымдауларына қай жағынан қарасаңыздар да, олардан *басқаша* пікірдің, *басқаша* мазмұнның жұрнағын таба да алмайсыздар. Бізде мемлекет помещиктердің мүдделеріне қызмет ететін болғандықтан, бізге *(ха-лық өкілдеріне!)* аграрлық жобаларда да помещиктерге ұнамсыз нәрсені жазуға болмайды... Жоқ, жоқ, Кутлер мырза, бұл демократизм емес, бұл халық бостандығы емес, бұл бостандықтан өте-мөте аулақ, сервилизмге бір табан жақын бірдеңе.

* *
*

Енді Кутлер мырза өз партиясының аграрлық жобасы туралы шынында не айтқанын қарастырып көрелік.

Кутлер мырза, жер туралы айтқанда, ең алдымен, «тұтыну нормасы» жөнінде, жер жете ме деген сөздер жөнінде трудовиктерге қарсы шықты. Кутлер мырза «1861 жылдың нормасын» алды, бұл норма тұтыну нормасынан да төмен екен деді, сөйтіп *«өзінің шамамен жасаған есебі бойынша»* (Дума бұл есеп туралы бірде-бір сөз есіткен жоқ және тіпті ештеңе де білмейді!) керек десеңіз осы норманың өзіне де 30 миллион десятина жетпейді дегенді хабарлады.

Сіздердің естеріңізге салайын, мырзалар, депутат Кутлер Еңбек тобының өкілі Караваевтан кейін сөйлеп, нақ соған қарсы шықты. Ал депутат Караваев шаруалардың иелігіндегі жерді тұтыну нормасына дейін көбейту үшін *70 миллион десятинадай* жер керек екенін Думада *тура, анық* айтты және мұны «Товарищ» газетіне жазған арнаулы хатында (21 мартта) жұртшылыққа растады. Сондай-ақ ол қазыналық, уделдік, шіркеулік жерлер мен жеке меншіктегі жерлердің жиынтығы осы цифрға сай келеді деді.

Депутат Караваев өз есептерінің қандай деректерге сүйеніп жасалғанын айтпады, бұл цифрдың алыну әдісімен Думаны таныстырмады. Орталық статистикалық комитеттің өзім дәл көрсеткен, оның үстіне ресми және ең жаңа басылымына негізделіп жасалған менің есебім бойынша *70 миллион десятинадан астам* цифр шықты. Жеке меншіктегі жерлердің бір өзінен ғана шаруалар үшін *7 2* миллион десятина жер босайды, ал уделдік, қазыналық, шіркеулік және басқа жер 10 миллион десятинадан артық, 20 миллион десятинадай болады.

Қалай болғанда да фактінің аты факт: депутат Караваевқа қарсы шыға отырып, депутат Кутлер шаруаларға көмектесу үшін жердің *жеткіліксіздігін* дәлелдеуге тырысты, бірақ *жалаң* цифрлар келтіріп, жоғарыда мен айтқандай, *теріс* цифрлар келтіріп, мұнысын *дәлелдей алмады.*

Мырзалар, мен тегінде сіздерді: «еңбек нормасы», «тұтыну нормасы» деген осы ұғымдарды пайдаланып, қиянат жасаудан сақтандыруға тиіспін. Бұл «нормалардың» бәрін былай қойып, біздің, социал-демократия-

лық жұмысшы партиямыз әлдеқайда дұрыс істеп отыр. Бұл «нормалар» нақты, айбынды саяси мәселеге чиновниктік, кеңсешілдік сияқты бірдеңелер енгізеді. Бұл «нормалар» жұртты шатастырып, істің шын мәнін *көмескілейді.* Таласты осы «нормалар» жағына аудару, тіпті бұл нормалар туралы тегінде *қазір* әңгіме етудің өзі, шынына келгенде, аюды соғып алмай тұрып, оның терісін бөліскендік болады,— оның үстіне бұл теріні бөліскенде де аюды соғып алғаннан кейін сол теріні *іс жүзінде, сірә, бөліспейтін* адамдардың жиналысында ауызша бөліскендік болады.

Әуре болмаңыздар, мырзалар! Жер өз қолына тиген кезде оны шаруалардың өздері-ақ бөлісіп алады. Шаруалар жерді қиналмай-ақ бөлісе алады,— тек қана олардың қолына жер тисе болғаны. Сондықтан жерді қалай бөлу керек екенін шаруалар ешкімнен де сұрамайды. Жерді өздерінің қалай бөлісетіндігіне шаруалар *ешкімге* қол сұқтырмайды.

Жерді қалай бөлу керек екені туралы айтылып жүрген сөздер — бос сөздер. Бұл арада біз меже белгілеуші кеңсе емеспіз, жерге орналастырушы комиссия емеспіз, *саяси органбыз.* Біз халыққа *экономикалық және саяси міндетті* шешуде көмектесуге тиіспіз, крепостниктік қанаумен өмір сүретін тап ретіндегі помещиктерге қарсы күресінде шаруаларға көмектесуге тиіспіз. «Нормалар» туралы айтылатын сөздер осы нақты, көкейтесті міндетті *көмескілейді.*

Неліктен көмескілейді? Өйткені шаруалар үшін помещиктерден 72 миллион десятина жерді алу керек пе, жоқ па деген мәселені *шындап* шешудің орнына, «нормалар» туралы *көлденең,* сайып келгенде, мүлдем маңызды емес мәселе талқыланып отыр. Мұның өзі мәселеден орағытып өтуді, шын мәнісінде жауап беруден жалтарып кетуді оңайлатады. Еңбек, тұтыну, тағы да әлдененден норма туралы таластар шаруалар үшін 72 миллион десятина помещик жерін алу керек пе, жоқ па? деген мәселенің нағыз *түйінді жерін* шатастырады.

Белгілі бір норма үшін жер жеткілікті ме әлде жеткіліксіз бе дегенді дәлелдемекші болады.

Мұндай дәлелдемелер неменеге керек, мырзалар? Осындай бос сөздер, әлде біреулер оп-оңай балық аулайтын осы лай су неменеге керек? Жоққа жүйрік жетпейді, шаруалардың тілеп отырғаны ойдан шығарыла салған жер емес, өздеріне әбден мәлім *көрші помещиктердің жері* екені өзінен-өзі-ақ айқын емес пе? Сондықтан «нормалар» туралы сөз етпей, *помещиктік* жер туралы сөз ету керек, түрлі нормалардың жеткілікті-жеткіліксіздігі туралы сөз етпей, помещиктік жерлердің *қанша* екені туралы сөз ету керек. Қалғанының бәрі — жай әншейін жалтару, сылтау, тіпті шаруалардың көзін бояуға әрекет жасау.

Мәселеп, депутат Кутлер мәселенің шып мәніне соқпай өте шықты ғой. Трудовик Караваев қалай десеңіз де: *70 миллион десятина* деп турасын айтты. Депутат Кутлер *бұған* не деп жауап берді? *Бұған* ол жауап берген жоқ. Ол мәселені «нормалармен» шатастырды, яғни *барлық помещиктік жерлерді шаруаларға беруге оның өзі келісе ме, жоқ па, оның партиясы келісе ме, жоқ па* дегенге жауап беруден ашықтан-ашық жалтарды.

Депутат Кутлер мәселені жеткілікті түрде айқын, қатты қоймаған депутат Караваевтың қатесін пайдаланып, *істің мәнінен орағытып өте шықты.* Ал мәселенің барлық түйіні дәл осында, мырзалар. Кімде-кім *барлық* помещиктік жерлерді шаруаларға беруге шынымен *келіспейді екен* (еске сала кетейін, ешкімді де құр алақан қалдырмау үшін мен әрбір помещикке 50 десятинадан жер қалдыруға келіскенмін!) — ондай адам *шаруаларды жақтамайды,* ондай адам *шаруаларға шынымен көмектескісі келмейді.* Өйткені егер сіз *барлық* помещиктік жер туралы мәселені көмескілеуге немесе кері сырғыта тұруға жол береді екенсіз, онда *барлық істің жайы екі талай болады.* Онда: помещиктік жердің *қандай үлесін* шаруаларға беру керек болатынын *кім* анықтайды? — деген сұрақ туады.

Кім анықтайды? 79 миллион десятинаның 9 миллион десятинасы да «үлес», 70 миллион десятинасы да «үлес». *Егер біз анықтамасақ, егер Мем-*

лекеттік дума айқын, батыл айтпаса, кім анықтайды?

Депутат Кутлердің бұл мәселе жөнінде үндемегені тегін емес. Депутат Кутлер «күшпен иеліктен айыру» деген сөзден жабысып айрылмады.

Мырзалар, өздеріңізді сөзбен алдарқатуға жол бермеңіздер! Әсем сөзге қызықпаңыздар! Істің мәніне көз жіберіңіздер!

Маған жұрт: «күшпен иеліктен айыру» дегенді айтқанда, мен өзіме: *кім кімді күштеп отыр?* — деп сұрақ қоямын. Егер миллиондаған шаруалар бір топ помещикті халық мүдделеріне күштеп бағындыратын болса, бұл өте жақсы. Егер бір топ помещик миллиондаған шаруаларды өз өмірін осы топтың мүдделеріне күштеп бағындыратын болса, бұл өте жаман.

Міне, дәл осы *кішкентай* мәселеге депутат Кутлер мүлде соқпай өте шықты. Өзінің «жүзеге аспау», «саяси жағдайлар» туралы пайымдауымен ол, *істің шын мәніне келгенде,* халықты өзінің бір топ помещиктерге бағынышты болғандығына *көнуге* шақырды.

Депутат Кутлер менің жолдасым Церетелиден кейін іле-шала сөйледі. Ал Церетели біздің социал-демократиялық фракцияның декларациясында барынша анық *екі* мәлімдеме жасады, бұл мәлімдемелер, атап айтқанда, осы, негізгі және басты мәселені айқын шешіп береді. Бірінші мәлімдеме: жерді *демократиялық* мемлекеттің қарамағына беру. Демократиялық мемлекет дегеніміз бір топ пұрсатты адамдардың мүдделерін емес, халық бұқарасының мүдделерін білдіретін мемлекет. Біз халыққа турадан-тура, ашықтан-ашық мынаны айтуға тиіспіз: демократиялық мемлекет *болмайынша,* саяси бостандық болмайынша, толық билігі бар халық өкілдігі болмайынша, жер жөнінде шаруалар пайдасына *ешқандай* өзгеріс жасау мүмкін емес.

Екінші мәлімдеме: жер жөніндегі мәселені дәл сондай демократиялық *жергілікті комитеттерде алдын ала* талқылау қажеттігі.

Депутат Кутлер бұған не жауап берді? *Үндемеді.* Бұл нашар жауап, Кутлер мырза. Сіз халық мүдделері-

не көнуге помещиктерді шаруалар мәжбүр ете ме әлде тағы да күйзелте түсетін төлемнің жаңа тұзағын мойындарына ілуге шаруаларды помещиктер мәжбүр ете ме деген *нақ* осы сұрақ жөнінде үндемей қалдыңыз.

Мұндай мәселе жөнінде үндемей қалуға болмайды.

Мырзалар, Думада жергілікті комитеттер туралы социал-демократтан басқа, халықтық социалистер де (депутат Баскин), социалист-революционерлер де (депутат Колокольников) айтты. Жергілікті комитеттер туралы баспасөзде әлдеқашан-ақ айтылды, бұлар жөнінде бірінші Думада да сөз болды. Біз мұны ұмытпауға тиіспіз, мырзалар. Бұл мәселе жөнінде неліктен осынша көп айтылғанын, бұл мәселенің шын маңызы қандай екенін біздің өзіміз де жақсылап түсініп алып, халыққа да жақсылап түсіндіріп беруге міндеттіміз.

Бірінші Мемлекеттік дума жер жөніндегі жергілікті комитеттер туралы мәселені он бесінші мәжілісінде, 1906 жылы 26 майда талқылаған болатын. Мәселені Еңбек тобының мүшелері көтерді, бұлар Думаның 35 мүшесі (мұның ішінде екі социал-демократ: И. Савельев пен И. Шувалов бар) қол қойған жазбаша мәлімдеме берген-ді. Мәлімдеме алғаш рет Думада оның 1906 жылғы 24 майдағы 14-мәжілісінде оқылған болатын (бірінші Мемлекеттік думаның мәжілістері туралы «Стенографиялық есептің» 589-бетін қараңыз); мұнан кейін бұл мәлімдеме басылып шығып, бір күн өткеннен соң талқыланды. Осы мәлімдеменің *басты-басты* жерлерін толық келтіріп өтейін:

«...Қажетті дайындық жұмысын жүргізу үшін, мысалы: жергілікті жағдайларға бейімдеп, жер пайдаланудың тұтыну және еңбек нормаларын жасап шығару, жарамды жерлердің мөлшерін анықтау, оның ішінде арендаға алынып, өз құрал-сайманымен және басқаның құрал-сайманымен ұқсатылатын жердің мөлшерін анықтау... және т. т. үшін жалпыға бірдей, тең, төте, жасырын дауыс беретін сайлау правосы негізінде сайланған комитеттерді жергілікті жерлерде дереу құру қажет. Жер жөніндегі заңды жергілікті жағдайлардың барлық өзгешеліктеріне мүмкін қадарынша толық бейімдеу қажет болғандықтан, Думаға енгізілген әр алуан

жобаларда баяндалған жер *реформасының негіздерінің өзін* жалпы талқылауға осы комитеттердің қызу қатысқаны жөн...». Сондықтан трудовиктер *дереу* комиссия сайлап, тиісті заң жобасын тездетіп әзірлеуді ұсынды.

Түрлі партиялар бұл ұсынысты қалай қарсы алды? Трудовиктер мен социал-демократтар өздерінің баспасөз органдарында мұны *бір ауыздан* қолдады. «Халық бостандығы» дейтін партия, өзінің басты органы «Речьте», *1906 жылы 25 майда* (яғни трудовиктердің жобасы Думада бірінші оқылған күннің ертеңіне) трудовиктердің *жобасына* үзілді-кесілді *қарсы шықты*. «Речь» *«турадан-тура:* мұндай жер комитеттері *«аграрлық мәселенің шешілуін солға қарай жылжытуы»** мүмкін деген қауіп білдірді.

«Речь» былай деп жазды:

«Біз жер мәселелері жөніндегі жергілікті комитеттерде олардың *қызмет* сипаты мен арнаулы-іскерлік сипатын, қолымыздан келгенінше, сақтауға ұмтыламыз. Сол себептен де біз бұл комитеттерді жалпыға бірдей дауыс беру жолымен құру — оларды жергілікті жерлерде жер мәселесін бейбіт жолмен шешу үшін емес, мүлде басқа бірдеңе үшін әзірлегендік болар еді деп ойлаймыз. Реформаның жалпы бағытына басшылық ету ісі мемлекет қолында қалдырылуға тиіс: сондықтан мемлекеттік өкіметтің өкілдері мәселені шешу мақсатымен болмаса да, ең болмағанда жергілікті инстанцияның шешімдеріне бақылау жасап отыру мақсатымен жергілікті комиссиялардан орын алуға тиіс. Сонан соң — тағы да сол реформаның жалпы негіздерінің шеңберінде — *мүдделері бір-біріне қайшы келетін* екі жаққа *жергілікті комиссияда мүмкіндігінше теңбе-тең орын берілуге тиіс*, қолданылатын реформаның мемлекеттік маңызын бұзбай-ақ, реформаны бүкіл істің толық сәтсіздікке ұшырауымен тынуы мүмкін бір жақты күштеу актісіне айналдырмай-ақ бұл мүдделерді бітістіруге болады».

Бұл әбден айқын, анық айтылған.

«Халық бостандығы» партиясы ұсынылып отырған шараны *мәніне сәйкес* бағалап, оған қарсы шығып отыр. Бұл партия жергілікті жерлерде жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайлана-

---

* *«Вперед»* [77] газетінің 1906 жылғы 26 майдағы 1-номерін қараңыз, *Г. Ал—ский* қол қойған *«Кадеттер шаруаларға опасыздық істеп отыр»* деген бас мақала.

тын комитеттерді тілемейді, ат төбеліндей аз ғана помещиктер де, мыңдаған, он мыңдаған шаруалар да **тең-бе-тең** орын алатын комитеттерді тілейді. Ал «бақылау жүргізу» үшін *мемлекеттік өкіметтің өкілдері* қатысуға тиіс.

Шаруалардың депутаттары мұны жақсылап ойластырып көрсін. Бұл арада істің мәнінің неде екенін олар түсінетін болсын, мұны барлық шаруаларға түсіндіретін болсын.

Істің қалай болып отырғанын көз алдыңызға елестетіп қана көріңіздерші, мырзалар. Жергілікті комитеттерде помещиктер де, шаруалар да *теңбе-тең* орын алады, ал *үкімет өкілі — бақылау жүргізу үшін,* «бітістіру» үшін орын алады екен. Мұның мәнісі: дауыстың үштен бірін помещиктер, үштен бірін шаруалар және үштен бірін мемлекет өкілдері алады деген сөз. Ал мемлекеттің ірі ұлықтары, мемлекеттік істерді билеп-төстеушілердің бәрі де *аса бай помещиктер!* Сонда шаруаларды да, помещиктерді де помещиктер «бақылап отыратын» болғаны ғой! Шаруалар мен помещиктерді *помещиктер «бітістіріп отыратын»* болғаны ғой!

Иә, иә, мұның өзі, дау жоқ, «күшпен иеліктен айыру» болады, атап айтқанда, шаруалардың ақшалары мен шаруалардың еңбегін *помещиктердің күшпен* иеліктен айыруы болады,— 1861 жылы помещиктердің губерниялық комитеттері шаруалардан жерінің бестен бір бөлігін кесіп алып, ол жер үшін оларға екі есе баға төлеттірген болса, дәл солай!

Мұндай аграрлық реформа шаруаларды *бұрынғыдан да бетер* кіріптарлыққа салу үшін оздеріне керексіз және ең нашар жерлерді помещиктердің шаруаларға *үш есе қымбатқа өткізуінен* басқа ештеңе де емес. *Мұндай* «күшпен иеліктен айыру» шаруалардың помещиктермен *өз еркімен келісуінен әлдеқайда жаман,* өйткені өз еркімен келіскенде, дауыстардың тең жартысына шаруалар, тең жартысына помещиктер ие болады. Ал кадеттердің күшпен иеліктен айыруы болған жағдайда шаруалар дауыстың *үштен біріне,* ал помещиктер *үштен екісіне* ие болады: үштен бірі олар-

дың помещик болғандығы үшін, екінші үштен бірі чиновниктердің де солар екендігі үшін!!

Шаруалардың 1861 жылғы «азат етілуі» мен *«т ө л е м н і ң»* қарғыс атқан ескерткіші жөнінде орыстың ұлы жазушысы, Россиядағы ең алғашқы социалистердің бірі, үкіметтің жендеттері азаптаған Николай Гаврилович Чернышевский былай деп жазған: помещиктердің губерниялық комитеттері арқылы осындай «төлеммен азат еткеннен» гөрі шаруалардың помещиктермен өз еркімен мәмлеге келгені жақсы еді *. Жерді сатып алу жөнінде өз еркімен мәмлеге келген жағдайда шаруалар мен помещиктерді *ү к і м е т т і ң* «бітістіру» арқылы шаруаларды тонағанындай етіп тонай *алмаған болар* еді.

Сөйтіп, орыстың ұлы социалисінің айтқаны дұрыс болып шықты. Қазір, атышулы «төлеммен азат етуден» 46 жыл өткеннен кейін біз *төлем операциясының* қорытындыларының қандай болғанын білеміз. Шаруалардың қолына тиген жердің сату бағасы *648* миллион сом еді, ал шаруаларды *867* миллион сом, жердің бағасынан *2 1 9* миллион сом артық төлеуге мәжбүр етті. Сөйтіп, шаруалар жарты ғасыр бойы әлгі үлесті жерлерде азап шекті, қорлық көрді, ашықты,— осындай төлемдердің езгісінде, үкіметтің шаруаларды помещиктермен «бітістіруінің» езгісінде барлық шаруалар қазіргі адам төзгісіз жағдайға душар болғанға дейін,—құрып жатты.

Россия либералдары шаруаларды помещиктермен осылай *«бітістіруді»* тағы да қайталағысы келеді. Сақтаныңыздар, шаруалар! Социал-демократиялық жұмысшы партиясы сіздерге мынаны ескертеді: егер сіздер осылай «бітістіруге» келіссеңіздер, онда халықты ондаған жылдар бойы тағы да азап шегуге, ашығуға, кіріптар болуға, қорлық, зәбір көруге — міне, осыған душар етесіздер.

Жергілікті комитеттер туралы мәселе мен төлем туралы мәселе дегеніміз аграрлық мәселенің нағыз түйіні. Сондықтан бұл арада күңгірттік, бүгіп қалушылық,

---

* Бәлкім, «Адрессіз хаттардан» және басқа бір жерлерінен дәлірек цитат тауып алған жақсы-ақ болар еді [78].

жұмбақтау, сылтаурату *болмауына* барынша назар аудару керек.

Ал 1906 жылы 26 майда, бұл мәселе бірінші Мемлекеттік думада талқыланған кезде, трудовиктерге қарсы шығып сөйлеген кадеттер *Кокошкин* мен *Котляревский* бастан-аяқ жұмбақтаумен, сылтауратумен құтылды. Олар Дума мұндай комитеттер жөнінде бірден *декрет шығара* алмайды дегенді,— мұндай декрет шығарудың ешқайсысын ешкім ұсынбаса да,— үсті-үстіне қайталай берді! Олар бұл мәселе сайлау правосы мен жергілікті өзін өзі басқару орындары жөнінде жасалатын реформамен байланысты деді — яғни Думаның аграрлық мәселені шешуіне көмектесетін жергілікті *комиссияларды* құру сияқты көкейтесті және қарапайым істі әншейін кері тарта береді. Олар «заң шығару жұмысының барысы бұрмаланды», «жергілікті жерлерде 80 немесе 90 Дума» құру қауіпті, «шынына келгенде, жергілікті комитеттер сияқты органдарды құрудың ешбір қажеті де жоқ», т. т. және т. с. дегенді айтты.

Мұның бәрі — құр сылтау, мырзалар, Дума айқын да анық *шешуге* тиісті мына мәселеден: аграрлық мәселені демократиялық мемлекет шешуге тиісті ме әлде қазіргі мемлекет шешуге тиісті ме? жер жөніндегі жергілікті комитеттерде шаруалар, яғни халық бұқарасы басым болуға тиіс пе әлде помещиктер басым болуға тиіс пе? бір топ помещиктер миллиондаған халыққа бағынуға тиіс пе әлде миллиондаған еңбекшілер бір топ помещиктерге бағынуға тиіс пе? деген мәселеден жаппай жалтару ғана.

Жұрт маған Думаның дәрменсіздігі, әлсіздігі және правосыздығы туралы айтпай-ақ қойсын. Мен мұны әбден жақсы білемін. Мен мұны Думаның қандай қарарында, мәлімдемесінде немесе декларациясында болса да қайталап айтуға, атап көрсетуге ықыластана келісемін. Бірақ бұл мәселеде әңгіме Думаның праволары жөнінде болып отырған жоқ — өйткені біздің ешқайсысымыз болсын Думаның праволары туралы заңды титтей де болса бұзатын ұсыныс жасауды ойлаған жоқпыз. Әңгіме мынада болып отыр: Дума халық мүдделерін айқын, анық және — ең бастысы — дұрыс көрсетуі ке-

рек, аграрлық мәселені шешу жөнінде шындықты айтуы керек, жер туралы мәселені шешуге кедергі болып отырған тосқауылдарды көрсетіп, шаруалар бұқарасының көзін ашуы керек.

Әрине, Думаның еркі әлі заң емес, мен мұны жақсы білемін! Бірақ Думаның еркін шектеуге, Думаны мұрындықтауға кім тырысса да еркі білсін,— *тек Думаның өзі тырыспасын!* Әрине, Думаның шешімі әлі де әр алуан қарсылыққа тап болады,— бірақ мұның өзі басқаның еркіне бейімделіп, халық өкілдерінің шешімін басқа кім көрінгеннің еркіне бейімдеп, күні бұрын тізе бүгіп, маймөңкелей бастаған, бас ұрып, мүсәпірлене бастаған адамдарды ешқандай ақтай алмайды.

Әрине, аграрлық мәселені сайып келгенде Дума *шешпейді,* шаруалардың жер үшін күресінің шешуші кезеңі Думада болмайды. Бірақ, біз либерал чиновниктер емес, шын *халық өкілдері* болғымыз келсе, біз шынымен халық мүдделеріне, бостандық мүдделеріне қызмет еткіміз келсе, біз мәселені түсіндіру арқылы, оны *айқын* қою арқылы, шындықты *толық* баяндау арқылы, астарлы, жұмбақ сөздер атаулыны түгел жою арқылы халыққа *көмектесе аламыз, көмектесуге міндеттіміз* де.

Ал халыққа шынымен көмектесу үшін Думаның қаулысында мен өз сөзімде анықтаған, ал депутат Кутлер орағытып өткен, шатастырған жер туралы *негізгі үш* мәселеге барынша айқын жауап берілу керек.

Бірінші мәселе — жетпіс тоғыз миллион десятина помещиктік жер туралы және соның кемінде 70 миллион десятинасын шаруаларға беру қажеттігі туралы мәселе.

Екінші мәселе — *төлем* туралы. Шаруалар жерді *төлемсіз* алғанда ғана аграрлық өзгерістер шаруаларға азды-көпті елеулі пайдасын тигізе алады. Төлем шаруалардың мойнына жаңадан *тұзақ* салу болар еді, Россияның болашақтағы бүкіл дамуына шамадан тыс ауыр *ауыртпалық* арту болар еді.

Үшінші мәселе — аграрлық реформаны жүзеге асыру үшін қажетті демократиялық мемлекет құрылысы туралы және әсіресе, *жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайланған жер жөніндегі*

жергілікті комитеттер туралы. Мұнсыз жер реформасы бір топ помещиктерді бүкіл халықтың пісіп жеткен талаптарын қанағаттандыруға мәжбүр еткендік болмайды, қайта шаруалар бұқарасын помещиктерге кіріптар болуға мәжбүр еткендік болады.

Мен сөзімнің бас жағында егіншілік министрі Васильчиков мырза «оңшылдарды» «кадеттермен» *ымыраластырды* деген болатынмын. Енді, 70 миллион десятина помещиктік жер туралы, төлем туралы және, *ең бастысы,* жергілікті жер комитеттерінің құрамы туралы мәселенің маңызын айқындағаннан кейін,— министр мырзаның сөйлеген сөзінің бір жерін цитатқа келтіру маған жеткілікті:

«...Осы тұрғыдан,— деді министр мырза, помещиктік меншіктің «межелеріне ешкім қол сұқпайтындығын», ол межелерді «мемлекет мүдделеріне» бола ғана «жылжытуға» болатынын ескере отырып,— осы тұрғыдан *және белгілі жағдайларда шекараларды* **еріксіз** *жылжытуға жол бере отырып,* біз... меншіктің негізгі тіректерін шайқалтпаймыз деп есептейміз...».

Сіздер министр мырзаның осы мағыналы сөздері жөнінде *жақсылап* ойланып көрдіңіздер ме, мырзалар? Бұл сөздер — ойлануға тұратын сөздер... Бұл сөздер жөнінде ойлану керек... Кутлер мырза *«күштеу»* деген сөздің помещиктер үшін ешбір *қолайсыздығы* жоқ екеніне министр мырзаның әбден көзін жеткізді... Неліктен?? *Өйткені, помещик мырзалардың дәл өздері күштейтін болады ғой!!*

* *
*

Мен, мырзалар, сіздерге аграрлық мәселе жөнінде «оңшыл» партияларға да, либералдық орталық партияға да (кадеттерге) біздің, социал-демократиялық, көзқарасымызды анықтап бере алдым деп ойлаймын. Енді мен социал-демократиялық көзқарастың сөздің кең мағынасында алғанда трудовиктердің көзқарастарынан, яғни «еңбек негізінің» тұрғысындағы барлық партиялардың, халықтық-социалистердің де, сөздің тар мағынасында алғанда «трудовиктердің» де, социалист-рево-

люционерлердің де көзқарастарынан ең маңызды бір айырмашылығына тоқталуға тиістімін.

Жоғарыда мен айтқандардың бәрінен шаруалар бұқарасын олардың жер үшін, крепостниктік қанаудан құтылу үшін помещиктерге қарсы жүргізіп жатқан күресінде социал-демократиялық жұмысшы партиясының түгелдей қолдайтыны қазірдің өзінде көрініп отыр. Бұл күресте шаруалардың Россияға бостандық пен жарық сәуле әперу ісіне басқалардан гөрі көбірек құрбандық жасаған пролетариаттан өзге неғұрлым сенімді одақтасы жоқ, болуы да мүмкін емес. Шаруалардың саналы, халықаралық социал-демократияның қызыл туы астында күресіп жатқан пролетариатқа қосылудан басқа өздерінің әділетті талаптарын жүзеге асыртқыза алатын құралы жоқ, болуы да мүмкін емес. Либералдық партиялар барлық жерлерде, Европаның барлық елдерінде шаруаларға опасыздық жасады, олардың мүдделерін помещиктерге құрбандыққа сатып кетті; біздің Россияда да дәл солай болып отыр, мұны мен жоғарыда либералдық, кадеттік, программаны талдау арқылы көрсеттім.

Трудовиктер мен социал-демократтардың аграрлық мәселе жөніндегі көзқарастарының айырмашылықтарына мен өз сөзімнің осының алдындағы бөліктерінде әлденеше рет тоқталып өттім. Енді Еңбек тобының негізгі көзқарастарының бірін талдау керек.

Мұндай талдау жасау үшін мен священник Тихвинскийдің сөйлеген сөзіне тоқталмақшымын. Мырзалар! Социал-демократтар христиан дінінің көзқарастарына қосылмайды. Біздің ойымызша, христиан дінінің *шын* қоғамдық, мәдени және саяси маңызы мен мазмұнын священник Тихвинский сияқтылардан гөрі, епископ Евлогий сияқты діни адамдардың көзқарастары мен ниеттері *дәлірек* көрсетеді. Міне, сондықтан да соқыр сенім атаулыға жат, ғылыми, материалистік көзқараста болғандығымыздан, сонымен қатар барлық еңбекшілердің бостандығы мен бақыты үшін күресу біздің ортақ міндетіміз болғандықтан біздер, социал-демократтар, христиан діні іліміне теріс көзқарастамыз. Бірақ, осыны мәлімдей отырып, мен дәл қазір, социал-демократия то-

лық ождан еркіндігі үшін күреседі және дін жолына шынымен сену күштеу немесе алдау жолымен жүзеге асырылмайтын болса, бұл сенімнің қандайына болса да толық құрметпен қарайды, деп мен тура да ашық айтуды өзімнің борышым деп санаймын. Солай болғандықтан да, мен мұны баса көрсетуге өзімді міндеттімін деп санаймын, өйткені шаруалар депутаты, өзі еш қорқынышсыз, батыл қорғап отырған шаруалар мүдделеріне, халық мүдделеріне шын ниетімен берілгендігі үшін барынша қадірлеуге лайықты *священник* Тихвинскиймен өзімнің келіспейтін пікірлерім туралы айтпақшымын.

Депутат Тихвинский Еңбек тобының жер жөніндегі жобасын қолдайды, бұл жоба жерді *теңгерме* пайдалану негіздеріне сүйеніп жасалған. Осы жобаны қорғай келіп, депутат Тихвинский былай деді:

«Жер мәселесіне шаруалар, еңбекші халық, міне, былай қарайды: жер құдайдікі, сондықтан біздің әрқайсысымыздың су мен ауаға қандай правомыз болса, еңбекші шаруаның да жерге сондай правосы бар. Егер біреулер су мен ауаны сата бастаса, немесе сатып ала бастаса, немесе онымен сауда жасай бастаса, мұның өзі бір таңқаларлық нәрсе болар еді,— сол сияқты біреулердің жермен сауда жасауы, оны сатуы немесе сатып алуы да бізге таңқаларлық нәрсе болып көрінеді. Шаруалар одағы мен Еңбек тобы: барлық жер — еңбекші халыққа берілсін деген принцип ұстағысы келеді. Ал жерге төлем құнын төлеуге келсек — мұның өзі қандай жолмен жүзеге асырылады, төлем құнын төлеу жолымен бе әлде жерді төлемсіз жай иеліктен айыру жолымен жүзеге асырыла ма,— еңбекші шаруалардың бұл мәселемен жұмысы жоқ...»

Депутат Тихвинский Шаруалар одағы мен Еңбек тобының атынан осылай деді.

Трудовиктердің қатесі, өрескел қатесі де дәл мынада: төлем туралы және жер реформасын *жүзеге асыру әдістері* туралы мәселемен олардың жұмысы *ж о қ*,—ал шаруалардың помещиктік езгіден азат болу-болмауы *шынында* осы мәселеге байланысты. Олар жерді сатып алу-сату туралы және жерге барлық жұрттың правосы тең екендігі туралы мәселемен шұғылданып отыр ғой,— ал шаруалардың помещиктік езгіден шынымен азат болуы жолындағы күресте бұл мәселенің *ешқандай елеулі маңызы жоқ*.

Депутат Тихвинский жерді сатып алуға, сатуға болмайды, жерге барлық еңбекшілердің правосы тең деген көзқарасты жақтайды.

Мұндай көзқарастың нағыз игі ниеттерден туып отырғанын, бай арамтамақтардың монополияларына, пұрсаттылықтарына қарсы болудан, адамды адамның қанауына мейлінше қарсы болудан туып отырғанын,— барлық еңбекшілерді езгі атаулыдан, қанау атаулыдан азат ету талабынан туып отырғанын мен әбден түсінемін.

Социал-демократиялық жұмысшы партиясы осы асыл мұрат үшін, социализм мұраты үшін күресуде. Бірақ бұл мұратқа депутат Тихвинский мен оның пікірлестері арман етіп отырған ұсақ қожайындардың жерді теңгермелі түрде пайдалану жолымен жетуге болмайды.

Депутат Тихвинский помещиктер өктемдігіне қарсы адал, шын ниетімен, батыл күресуге әзір,— ал мен ақырына дейін күресуге әзір деп сенемін. Бірақ ол осы замандағы еңбекші адамды неғұрлым езгіге салып отырған, анағұрлым ауыр, басқа бір өктемдікті, *капитал өктемдігін, ақша өктемдігін* ұмытып отыр.

Депутат Тихвинский жерді, суды немесе ауаны сату шаруаға ерсі болып көрінеді дейді. Бүкіл өмір бойы немесе бүкіл өмір бойы дерлік деревняда тұратын адамдарда осындай көзқарастың қалыптасуы тиіс екенін мен түсінемін. Бірақ қазіргі бүкіл капиталистік қоғамға, ірі қалаларға, темір жолдарға, шахталар мен рудниктерге, фабрикалар мен заводтарға көз жіберіп қараңызшы. Сіз байлардың ауаны да, суды да, жерді де қалай басып алғанын көресіз. Сіз он мыңдаған, жүз мыңдаған жұмысшының таза ауа дегеннен қалай құралақан екенін, жер астында жұмыс істеуге, астыңғы үйлерде өмір сүруге, маңайдағы фабрикалар ластаған суды ішуге душар болғанын көресіз. Сіз қалаларда жер бағасының қалай сұмдық өсіп отырғанын, жұмысшыны тек фабриканттар мен заводшылар ғана емес, сонымен қатар үйлер иелерінің де қалай қанап отырғанын көресіз; үйлер иелері, жұртқа мәлім, жақсы пәтерлерден гөрі, жұмысшылар тұрған пәтерлерден, жеркепелерден, бұрыштар мен лашықтардан анағұрлым көп пайда тауып отыр. Осы күн-

гі қоғам *жұмыс күшін* сатып алу-сату арқылы, яғни миллиондаған адамдардың *жалдама құлдығы* арқылы ғана өмір сүріп отырғанда, суды, ауаны, жерді сатып алу-сату туралы сөз етудің не қажеті бар!

Ойлап қараңыздаршы, осы ақша өктемдігі мен капитал өктемдігі өмір сүріп отырғанда, жер иеленудегі теңдік туралы, жерді сатып алу-сатуға тыйым салу туралы сөз болуы мүмкін бе? Тең мөлшерде жер алуға әрбір азаматтың тең правосы бар деп танылатын болса, мұнымен бірге ат төбеліндей бір топ адам он мыңдаған немесе миллиондаған сом ақшаға ие болып, ал бұқара қайыршы болып қалып отырса, орыс халқы езгі мен қанаудан құтылуы мүмкін бе? Жоқ, мырзалар, капитал өктемдігі болып отырғанда,— жер иеленушілер арасында ешқандай *теңдік* болуы мүмкін емес, жерді сатуға, сатып алуға қандай да болмасын тыйым салынуы мүмкін емес, мұның өзі күлкі келтіретін, сорақы нәрсе. *Капитал өктемдігі* болып отырғанда, барлығы, жер ғана емес, адам еңбегі де, адамның жеке басы да, ождан да, махаббат та, ғылым да,— бәрі де *сөзсіз сатылатын* болады.

Бұлай дегенде, мен шаруалардың жер үшін күресін әсте де бәсеңсіткім келмейді, оның маңызын, оның мәнін, оның кезек күттірмейтіндігін бәсеңсіткім келмейді. Тіпті де олай емес. Мен бұрын айтып өттім, тағы да айтамын: бұл күрес—әділетті де қажетті күрес, шаруалар өз мүдделері үшін де, пролетариат мүдделері үшін де, бүкіл қоғамдық даму мүдделері үшін де өз иығынан крепостниктік помещиктік езгіні лақтырып тастауға *тиіс*.

Саналы жұмысшылар шаруалардың жер үшін күресін бәсеңсіткілері келмейді, қайта күшейте түскілері келеді. Социалистер бұл күресті тоқтатуға тырыспайды, қайта *оны одан әрі жүргізе беруге тырысады,* ал бұл үшін айырбас, ақша және капитал өктемдігі өмір сүріп отырғанда ұсақ қожайындарды теңгеру немесе жерді сатып алу-сатуға тыйым салу мүмкін дейтін аңқау сенім атаулының бәрінен арылуға тырысады.

Жұмысшылар — социал-демократтар — помещиктерге қарсы шаруаларды түгелдей қолдайды. Бірақ теңгер-

ме шаруашылық болғанмен ұсақ шаруашылық арқылы адамзатты бұқараның қайыршылығынан, адамды адамның қанауынан, езуінен құтқаруға болмайды. Бұл үшін бүкіл капиталистік қоғамды жою жолында, оны социалистік ірі өндіріспен ауыстыру жолында күресу керек. Бұл күресті қазір дүние жүзінің барлық елдерінде миллиондаған саналы социал-демократ жұмысшылар жүргізіп жатыр. Міне, осы күреске қосыла отырып қана — шаруалар өзінің бірінші жауы крепостник-помещикті лақтырып тастап, екінші, неғұрлым қауіпті жауға қарсы, капитал өктемдігіне қарсы, ойдағыдай күрес жүргізе алады!

1907 ж. 21 және 26 марттың (3 және 8 апрельдің) аралығында жазылған

Бірінші рет 1925 ж. Лениннің IV жинағында басылған

Қолжазба бойынша басылып отыр

ДУМА ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІ БЕКІТУ

Думаның бюджетті бекітуі туралы мәселенің өте елеулі саяси маңызы бар. Заңның әрпі бойынша, Думаның праволары болымсыз, ал үкімет өз әрекетінде Думаның келісіміне ешбір байланысты емес. Бірақ іс жүзінде Думаның бюджетті бекітуіне үкімет белгілі бір дәрежеде тәуелді: мұны жұрттың бәрі мойындап жүр, мұны әсіресе осы азын-аулақ тәуелділіктің азын-аулақ шекарасын анықтауды осы тәуелділік туралы көпірме сөздермен ауыстырмақ болатын либерал буржуалар, кадеттер де, ерекше атап көрсетуде. Үкімет ақшаға мұқтаж, заем керек. Ал Думаның тікелей немесе жанама келісімінсіз заем алу не мүлдем мүмкін емес, не үлкен қиыншылықтармен ғана, жағдайды тым нашарлататын ауыр шарттармен ғана алуға болады.

Осындай жағдайларда Думаның бюджетті талқылап, оны дауысқа қоюының екі түрлі саяси маңызы бар екені айдан анық. Біріншіден, Дума Россияның «мемлекеттік шаруашылығы» деп аталатынды — ат төбеліндей помещиктердің, чиновниктердің және басқа арамтамақтардың ұйымдасқан жыртқыштығының, халық дәулетін үздіксіз, арсыздықпен тонаушылығының барлық тәсілдерін көрсетіп, халықтың көзін ашуға тиіс. Мұны Дума трибунасынан түсіндіру — Россия либерализмінің Балалайкиндері [79] соншама көп айтып жүрген «халық бостандығы» үшін күресте халыққа көмектесу деген сөз. Думаның бұдан былайғы тағдыры қандай болса да және үкіметтің таяудағы аяқ алысы мен «түрі» қандай

Вторникъ, 27-го марта

№ 2.

Цѣна 3 копѣйки.

НАШЕ ЭХО

ежедневная политическая и литературная газета.

Контора и редакція временно помѣщается Невскій 102, кв. 37.

Открыта подписка на ежедневную политическую и литературную газету „НАШЕ ЭХО".

Контора и редакція: временно помѣщается: Невскій 102, кв. 37.

Редакторъ-издатель М. Е. Бакулинъ.

Центральный книжный складъ и магазинъ „Впередъ"

С.-Петербургъ, Караванная, д. № 9, кв. 8.

Адреса для телеграммы: Петербургъ—«ВПЕРЕДЪ»

Съ 1-го апрѣля къ газетѣ «Наше Эхо» въ дни думскихъ засѣданій будутъ прилагаться стенографическіе отчеты о нихъ.

Дума и утвержденіе бюджета.

Но мытьемъ такъ катаньемъ.

Ошиблись!

ОТКЛИКИ.

Побѣдители.

Думскія впечатлѣнія.

1907 ж. 27 мартта В. И. Лениннің «Дума және бюджетті бекіту» деген бас мақаласы шыққан «Наше Эхо» газетінің 2-номерінің бірінші беті

Кішірейтілген

болса да,— қайткен күнде де бостандық үшін күрестің нәтижесі қандай болатынын *сайып келгенде* халық бұқарасының саналылығы мен ұйымшылдығы ғана шешеді. Кімде-кім мұны түсінбесе, ол демократ атағын бекерге алады.

Екіншіден, бюджетті аяусыз *ашық* сынаудың және ол жөнінде дәйекті-демократиялық дауыс берудің Европа үшін және европалық капитал үшін, тіпті Столыпин мырзалардың Россия үкіметіне қарызға ақша беретін европалық орташа және ұсақ буржуазияның қалың топтары үшін де маңызы бар. Банкирлер де, халықаралық капиталдың басқа шонжарлары да Столыпин және $К^0$ мырзаларға қарызға ақша береді, бергенде нақ кез келген өсімқор «тәуекел» ететіндей пайда түсіруге бола береді. Қарызға берілген ақшаның сақталатындығына және процент алатындығының анықтығына сенімі болмаса,— «тәртіпке» деген ешқандай сүйіспеншілік (ал пролетариаттан зәресі ұшқан европалық буржуазия үшін «Россия» бейіттегідей тәртіптің ұнамды үлгісі болып табылады) әлгі Ротшильдтердің, Мендельсондардың және тағы басқалардың бәрін мырзалыққа мәжбүр ете алмас еді. «Столыпин және $К^0$» фирмасының беріктігіне және төлем қабілеттілігіне ақша капиталының европалық алпауыттарының сенімін нығайту немесе нашарлату едәуір дәрежеде Думаға байланысты. Егер Европаның қалың буржуазиялық бұқарасы орыс үкіметіне сенбесе, банкирлер де миллиардтаған заемдар бере алмас еді. Банкирлер де, орыс үкіметі де сатып алып отырған бүкіл дүние жүзінің сатқын буржуазиялық газеттері осы бұқараны үнемі алдауда. Жұртқа көп тарайтын европалық газеттерді орыстарға заем беру пайдасына сатып алу — «дағдылы» құбылыс. Орыстарға заем беруге қарсы науқаннан бас тартуы үшін тіпті Жореске де 200 000 франк ұсынылды: Франциядағы ұсақ буржуазияның социализмге тілеулес бола алатын топтарының да «қоғамдық пікірін» біздің үкімет осылай бағалайды.

Европаның барлық ұсақ буржуазиялық қалың тобының орыс финансының шын жағдайын, орыс үкіметінің шын төлем қабілеттілігін *тексеруге* мүмкіндігі жоқтың

қасы,— дұрысын айтқанда, шындықты анықтауға ешқандай құралы жоқ деуге болады. Думаның жарыс сөздері мен *қарарлары* туралы *бүкіл* Европа жұртшылығы дереу біледі, бұл жағынан Дума үнінің зор маңызы бар. Столыпиндерді және K^0 Европаның финанс жәрдемінен құр алақан қалдыру үшін Думаның істейтініндей көп нәрсені ешкім істей алмас еді.

Осыдан келіп «оппозициялық» Думаның міндеті өзінен-өзі туады. Бұл міндетті *тек* социал-демократтар ғана орындады. Жартылай кадеттік «Товарищтің» мойындауынша, нақ социал-демократтар депутат Алексинскийдің бюджет жөніндегі сөзінде мәселені басқалардың бәрінен гөрі принципті түрде қойды. Сөйтіп, жартылай кадеттік «Товарищтің» пікіріне қарамастан, Россия бюджеті сияқты бюджетті бекіту *социал-демократтар үшін* кешіргісіз екені туралы айқын, тура, анық декларация енгізіп, социал-демократтар дұрыс істеді. Декларацияға таптық буржуазиялық мемлекеттің бюджетіне социалистік көзқарастың мазмұнын қосу керек еді.

Социал-демократтарға өте-мөте солшыл халықшылдар, яғни социалист-революционерлер ғана ерді. Шаруалар демократиясының бұқарасы, трудовиктер мен халықтық социалистер, әдеттегісінше, либералдық партия мен пролетариаттың арасында ауытқып отыр: крепостниктік-фискальдық «қыспақтың» жан төзгісіз езгісі ұсақ қожайынды күресіп жатқан жұмысшы табына қарай күшпен итермелесе де, ұсақ қожайын буржуазияның соңынан ілесіп отыр.

Либералдар, әзірше соңынан трудовиктер ілесіп отырғанда, Думаға басшылық етуде. Социалистердің бюджет туралы мәселеде кадеттердің опасыздық роль атқарып отырғанын көрсетуіне олар... түкке тұрғысыз қалжыңмен немесе социал-демократтардың әсерлі ишарасы және т. с. туралы струвелік даурықпа тәрізді нововремялық, меньшиковтық бос сөздермен жауап береді.

Бірақ *демократтардың* біз жоғарыда көрсеткен екі міндетінің *екеуін де* буржуазиялық либерализмнің аяқ-

қа басқандығынан олар қалжыңмен де, жалтарумен де, бос сөздермен де құтыла алмайды.

Либералдардың революцияға опасыздығы, біздің сан рет анықтағанымыздай, жеке мәмлеге келуде емес, жеке сатқындық жасауда емес, реакциямен қара басына бола ымыраласуды көздеген таптық саясатында, реакцияны тікелей және жанамалап қолдауында. Бюджет мәселесінде кадеттер нақ осы саясатты жүргізіп те отыр. Халыққа шындықты түсіндірудің орнына олар Кутлер сияқты құндақтаулы кеңсе адамын әдейі көлденең тартып, халықтың көңілін *алаң етіп отыр*. Европаға шындықты түсіндірудің орнына олар өздерінің сынын ұсақ-түйекке бағыттап, сол арқылы «Столыпин және К^{0}» фирмасының банкротқа ұшырағанын растаудан Европаның көз алдында бас тартып, үкіметтің позициясын нығайтып отыр.

Бұл қоян жүректік, мещандық-бейшара саясатты кадеттер бұрын да жасырын жүргізіп келген болатын. 1906 ж. көктемде кадеттер үкіметтің атып-асуға, әскери-дала соттарына және жазалау экспедицияларына екі миллиард франк қарыз алуына *көмектескен* еді, мұны социал-демократтар Петербургте екінші Думаны сайлау науқаны кезінде халық жиналыстарында анықтады. Клемансо кадеттерге егер кадет партиясы бұл заемның орыс халқы үшін қолайсыздығын айтып формальды түрде қарсы шықса, заемға қарсы науқан ашатынын мәлімдеді. Кадеттер *мұны істеуден бас тартты*, сөйтіп контрреволюцияның ақша табуына көмектесті. Бұл айла-шарғылары жөнінде олар үндемейді. Бірақ қазір Думада бұл құпия сыр ашылып отыр. Сол адам айтқысыз жексұрын әрекеттерін олар Думада ашық істеп отыр.

Бұл әрекеттерді Дума трибунасынан егжей-тегжейіне дейін әшкерелеп, халыққа барлық шындықты айтатын уақыт жетті.

*«Наше Эхо» № 2,
27 март, 1907 ж.*

«Наше Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

КӨКЕК ҚОРАЗДЫ МАҚТАЙДЫ...

Кадеттер нововремяшылдарды мақтайды. Нововремяшылдар кадеттерді мақтайды. «Халық бостандығы» партиясы министр мырзаның бюджет туралы қорытынды сөзіне дән риза. Әрқашан барлық министрлерге риза болатындардың партиясы думалық «орталықтың» басшысы ретінде кадеттердің Думаны тарату министрлігінің бюджетін бекітуге келіскеніне де риза.

«Егер,— деп бастайды «Речьтің» (28 март) бас мақалашысы салтанатты түрде,— бюджет туралы жалпы жарыс сөздер Мемлекеттік думада жеміссіз болмағанын дәлелдеу қажет болса, финанс министрі мырзаның қорытынды сөзі бұған өте тамаша дәлел болар еді».

Бұл тамаша дәлелдің мәні неде?

Оның мәні мынада: министр мырзаның бұрынғы «өр көкіректік-ақыл айтушылық және ашулы-мысқылшылдық әуенінің» «жұрнағы да қалмаған»... Министр мырзаның жауабы форма жағынан сыпайы болды, мазмұн жағынан — «Думада айтылған сынның күшін *құрметтейтінін»* білдірді, министр мырза Думаның праволары жұрттың ойлағанынан гөрі көп деп Думаны жұбатты; — «кейінгі дауыс беру кезінде Думаның басым көпшілігін өз жағына қаратып алған» (бюджетті комиссияға тапсыруға қосылған) халық бостандығы партиясына қошемет сөздер айтты.

Иә, иә, Дума жұмысының *«жеміссіз болмағаны»* жөніндегі кадеттік тамаша дәлелдер осындай. Оның жемісті болуының себебі мәселенің шын жағдайын жақ-

сартуға елеулі түрде сынай білдірудің ең болмағанда жүрнағы бар екендігінде емес. Халық бұқарасының бірдеңені үйреніп, конституциялық жамылғымен бүркемеленген кейбір міндеттерді айқындағанында да емес. Мүлдем олай емес. Оның жемісті болу себебі мынада: министр сыпайырақ, ілтипаттырақ бола бастады — ілтипатты болғанда, «халық өкілдігінің» атынан қандай да болса ымыраға келуге көнетіндерге ілтипаттырақ бола бастады.

Либералдар қаражүздік үстемдіктің негіздерін нығайту үшін халық өкілдігін сатылғыш етуге келіседі. Столыпин және К° үкіметі *осы* шартпен Думаны *(әзірше...)* таратпауға келіседі. Екі жақтың екеуі де қуанышқа бөленіп, өзара елжіресіп отыр.

Бүгінгі «Новое Время», дін жөніндегі комиссияның «еврейлік» құрамы үшін кадеттерді балағаттаудың орайлы сәтін қалт жібермей, сонымен қатар Думаны таратып жіберудің неліктен тиімсіз екендігі туралы өзінің Думадағы тілшісінің шұбалаңқы пайымдауларын басып отыр. «Тіпті өте-мөте оңшыл элементтердің көзқарасы тұрғысынан алғанда да Думаны дәл қазіргі сәтте тарату өте қолайсыз және зиянды». Сайлау заңын мемлекеттік төңкеріссіз өзгертуге болмайды, ал егер қазіргі сайлау заңы бойынша жаңа Дума сайланса, онда «екінші Мемлекеттік думаның қазіргі орталығынан айрылып қалу» мүмкін. Нововремяшылдың айтуынша, бұл орталық «октябристерден басталады, содан соң бейбіт жаңартушылар, партияда жоқтар, поляктар және кадеттер арқылы трудовиктерге дейін созылып жатыр». «Сөз жоқ, қазіргі орталық қатаң конституциялық-монархиялық көзқараста және осы уақытқа дейін барынша етене жұмыс істеуге ұмтылып келді. *Бұл орталықтан біз қайткен күнде де айрыламыз* (екінші Дума таратылған жағдайда). *Демек, біз Дума бекіткен бюджеттен айрыламыз,* өйткені министрлік енгізген бюджетті — кейбір *болмашы* (тыңдаңыздар!) өзгерістермен — екінші Думаның қабылдайтыны мүлдем күмәнсыз деп ойлаймын».

«Новое Время» осылай деп жазады. Оның пікірі өте айқын. *Өте-мөте оңшылдардың* және сонымен қатар *қа-*

зір Думаны сақтап қалуды тілейтіндердің көзқарасы тамаша баяндалған.

Билеп-төстеуші төрелердің жоғарғы топтарында: Думаны таратып жіберу керек пе әлде әзірге сақтай тұру керек пе деген екі ағым күресуде. Бірінші саясатты «Новое Время» әлдеқашан дамытты, баяндады, қорғады және оқта-текте — дұрысында: әлдеқалай болады! — деп, қазір де қорғап отыр. Бірақ билеп-төстеуші төрелердің басқа да саясаты бар. Таратып жіберуге үлгереміз. Ал Дума бекіткен бюджетпен заем алу оңайырақ болар. Ендеше, күте тұрған тиімді. Таратып жіберу қаупі қала береді, сондықтан «біз» кадеттерге осы қауіп арқылы үнемі қысым жасап отырамыз, сөйтіп оларды жұрттың көз алдында оңға қарай ойысуға мәжбүр етеміз дейді.

Сөз жоқ, реакцияшыл помещиктердің мүдделері тұрғысынан, екінші саясат икемдірек және жақсырақ. Бірінші саясат тұрпайы, икемсіз, асығыс. Екіншісі — неғұрлым ойластырылған саясат, өйткені Думаны таратып жіберу «запаста ұсталады», ал сонымен қатар *үкімет либералдарды пайдаланып отыр.* Дума бекіткен бюджет вексельді көшіріп жазуға берілген келісімге, банкротқа берілген келісімге тең деуге болады. Думаны вексельдің мерзімін ұзартып алуға тырыспай, бірден таратып жібергеннен гөрі, *әрі* жаңа мерзімге *көшіріліп жазылған* вексельді алып, *әрі* кейін таратып жіберу тиімдірек.

Ал бекітілген бюджеттен басқа да осындай вексельдердің болуы мүмкін ғой. Мысалы, кадеттер өздерінің аграрлық жобасын помещиктердің көзқарасы тұрғысынан қазірдің өзінде-ақ *жақсартты.* Бұл жоба Думадан өтсін, содан соң ол Мемлекеттік советтің қарауына және *одан әрі жақсартуына* түсе берсін. Егер «біз» Думаны *осындай* кезеңде таратып жіберсек, онда біз бір емес, қайта көшірілген *екі* вексельге ие боламыз. «Біз» Европадан, бәлкім, бір емес, екі миллиард алу мүмкіндігіне ие болармыз. Бір миллиард — Дума бекіткен бюджет бойынша, ягни «қатаң конституциялық тексерістің сынынан *өткен* мемлекеттік шаруашылық» *негізінде.* Екінші миллиард — «халық өкілдігінің ақиқат

конституциялық творчестволық жұмысының сынынан *өткен* ұлы аграрлық реформа» негізінде.

Мемлекеттік совет кадеттердің аграрлық жобасын *аздап* жөндейді. Қазірдің өзінде де бұл жоба анықтап ештеңе айтпайтын, мейлінше бұлдыр сөздерге толы. *Іс жүзінде* бәрі де жерге орналастыру жөніндегі жергілікті комитеттердің құрамына байланысты. Мұндай комитеттерді жалпыға бірдей, төте, тең және жасырын дауыс беру жолымен сайлауға кадеттер *қарсы*. Кадеттер помещиктер мен шаруалардың үкімет тарапынан бақылау жасалып отыратын *тепе-тең* өкілдігі болуын жақтайды. Тамаша либералдық жобаның осы *негізгі идеясын* қабылдаса, үкімет пен помещиктер еш нәрседен ұтылмайды, өйткені *мұндай* комитеттер Мемлекеттік советтің, Столыпин және $К^0$ ізгі ниетті жәрдемімен помещиктік жерді «күштеп иеліктен айыруды» мужикке бөлінетін құмдақ, батпақ, түбіртекті жерлер үшін тонаушылық жаңа төлем төлейтін мужикті сөзсіз және қалай да күштеп кіріптар етуге айналдырады.

Үкімет саясаты мен кадеттер саясатының шын мәні осындай. Либералдар өздерінің сатқындығымен помещиктердің өз істерін айлакерлікпен ұқсатып алуына көмектесіп отыр. Егер шаруалар — «трудовиктер» — социал-демократияның ескертуіне қарамастан, либералдардың соңынан ере берсе, либерал адвокаттың жәрдемімен помещиктің мужикті ақымақ ететіні сөзсіз.

1907 ж. 28 мартта (10 апрельде) жазылған

1907 ж. 29 мартта «Наше Эхо» газетінің 4-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯНЫҢ ҮСТЕМДІГІНЕ ҚАРСЫ ИНТЕЛЛИГЕНТТІК ЖАУЫНГЕРЛЕР

«Народная Думаның» [80] 13-номерінде бұқаралық жұмысшы ұйымдары туралы және жұмысшы съезі туралы бір топ әдебиетшілер мен практик меньшевиктердің алдағы съезге жобалаған шексіз ұзақ қарары басылды. Меньшевиктердің басқа қарарларынан (Мемлекеттік дума және «тактикалық платформа» туралы) өзгешелігі сол, мұнда әдебиетшілердің есімдері аталмаған. Бұл кемістік кездейсоқ па әлде бұл — осы мәселе жөнінде меньшевиктердің басқаша топтасуы деген сөз бе,— бұл жағы белгісіз күйінде қалып отыр. Эль сияқты қызба меньшевиктің және жұмысшы съезін жақтаушының былай деп мәлімдегенін еске салайық: «Жұмысшы съезіне меньшевиктердің бір бөлегі ғана азды-көпті тілеулестікпен қарайды» («Бүкіл россиялық жұмысшы съезі туралы. РСДРП-ның кезекті съезіне» деген жинақтың 82-беті).

Бірақ қарардың мазмұнына көшейік. Қарар А және Б деген екі бөлімге бөлінеді. Бірінші бөлімнің дәлелдемесінде жұмысшылар бұқарасын ұйымдастырудың және біріктірудің пайдасы туралы жалпы сөздер шексіз көп айтылады. «Маңғаздану үшін», деп Базаров айтқандай, ұйым тіпті *өзіндік ұйымға* айналдырылады. Рас, бұл сөзде шын мәнінде ешқандай мағына, ешқандай да тиянақты пікір жатқан жоқ,— бірақ оның есесіне бұл сөзді жұмысшы съезін жақтаушылардың жаны сүйеді! Бұл «өзіндік ұйым» шын ұйымдастыру идеяларының кедейлігін бүркейтін интеллигенттік жалтарма

сөз екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ,— «өзіндік ұйымды» ойлап шығару жұмысшының еш уақытта да ойына келмес еді...

Ол дәлелдерде «социал-демократияның пролетарлық элементтерімен салыстырғанда оның ішінде интеллигенцияның атқаратын үстемдік етуші және бағыт сілтеуші ролі» үшін социал-демократия сыналады. Қызық сын. Біз әзірге бұл сынның шын қоғамдық-тарихи маңызын талдауға тоқталып жатпаймыз,— өйткені бұл осы тақырыптан едәуір аулақтап кетуге жетелер еді. Біз тек былай деп сұраймыз: «әдебиетші және практик меньшевик» жолдастар, сіздер неге өздеріңізден бастамайсыздар? Неліктен дәрігер өзін өзі емдемейді? Сіздердің «интеллигенцияның үстемдік етуші және бағыт сілтеуші ролі» деп атайтындарыңыз сіздердің қарарларыңыздың әрбір сөйлемінен сезіліп тұр ғой! *Сіздердің* «интеллигенцияңыздың» қарарлар жасауды «пролетарлық элементтерге» беріп, бойды аулақ салудан *іс бастауына* неге *болмайды??* Сіздердің, «азшылықтың *әдебиетшілері* мен практиктерінің», жобалап отырған «өзіндік ұйымдарында» нақ сол құбылыстың қайталанбайтынына кепілдік қайда??

Ларин, Эль, жұмысшы съезін жақтаушы тағы басқа көптеген адамдар қарарларды *амалдап өткізеді* деп социал-демократияны «тілдейді». Осындай сынға *бола әдебиетшілер* «өзіндік ұйым» туралы жалықтыратын, ұзыннан-ұзақ шұбатылған жаңа шимайларын амалдап «өткізеді»... Ғажап көрініс!

Сонымен қатар, орыс социал-демократиялық партиясының (яғни РСДРП-ның ба? Әлде кең мағыналы бұл сөз бұл арада Прокопович мырзаны, Кускова ханымды, Поссе мырзаны және басқаларын енгізу үшін *әдейі* алынып отыр ма?) пролетариаттың алдыңғы қатарлы топтарына «идеялық және *саяси* ықпалын» атап көрсете келіп, қарар *«пролетариаттың саяси саналы элементтерімен»* орыс социал-демократиясының *«күштерін біріктіру»* жөн екенін айтады (А, 6-пункт).

Өздеріңіздің шатысқан сөйлемдеріңізді құрайтын сөздердің мағынасын ең болмаса бір рет *ойлап көріңіздерші,* жолдастар! «Саяси саналы» пролетариаттың *со-*

циал-демократиялық пролетариат болмауы мүмкін бе? Егер мүмкін болмаса, онда сіздердің сөздеріңіз мағынасыз қайталау, көптірме және дәмелі құр көуек. Онда РСДРП-ға осы уақытқа дейін енбеген нағыз социал-демократтарды оған енгізу үшін РСДРП-ны кеңейту туралы айту керек.

Егер мүмкін болса, онда сіздер эсер пролетарды да саналы пролетар деп жариялайсыздар. Оны *«саяси* саналы» емес деу де күлкі! Сонымен былай болып шығады: *таптық* партияның «өзіндік ұйымы» және «дербестігі» туралы даурықпа сөздерді бетке ұстап, сіздер *іс жүзінде пролетарлық емес* идеологтарды тарту жолымен, шын дербестікті (социал-демократияны) дербессіздікпен, буржуазиялық идеологияға және буржуазиялық саясатқа тәуелділікпен (социалист-революционерлермен) *араластыру* жолымен пролетариатқа *іріткі салуды* уағыздайсыздар.

Бір бөлмеге бара жатып, басқа бөлмеге тап болған[81]...

Өздерінің өріссіздігін, өздерінің жүрексіздігін, солқылдақтығын, «өзіндік ұйым», «таза жұмысшы» қозғалысы және т. с. туы астында сенделушілігін жұмысшыларға таңбақ болған баяғы 1895—1901 жылдардағы интеллигент «экономистердің» [82] дәл өзі!

А бөлімінен шығатын қорытынды: «съезд орыс социал-демократиясының кезектегі өте маңызды ісі — жұмысшылар бұқарасының алдыңғы қатарлы элементтерін дербес ұйымдарға, жер және уақыт жағдайларына қарай саяси сипаты кейде қандай қарапайым болса да немесе қандай қарапайым болуға тиісті болса да, дербес ұйымдарға біріктіру жолында ол алдыңғы қатарлы элементтермен қоян-қолтық бірге *(олай болса, эсер-жұмысшылармен* де қоян-қолтық бірге ғой, оларға *қарсы* емес қой?) жұмыс істеу деп таниды».

Бұл арада тиянақты, нақты, интеллигенттік *күрсінудің* шеңберінен шығатын не бар? Әңгіме не туралы болып отыр? Белгісіз.

Тұтыну қоғамдарын алайық. Бұл, сөз жоқ, жұмысшылардың *топтасуы*. Олардың сипаты *саяси жағынан қарапайым*. Бұлар *«дербес»* ұйымдар ма?? Ол — көзқарасқа байланысты. Социал-демократтар үшін *социал-*

демократиялық рухқа толы, «рухқа» толы ғана емес, социал-демократиялық партияға кіру немесе оған *жақын тұру* арқылы социал-демократиямен тактикалық жағынан, саяси жағынан байланысты жұмысшы қоғамдары ғана шын мәнінде дербес қоғам.

Синдикалистер үшін, «беззаглавияшылдар»[83] үшін, Поссені жақтаушылар үшін, эсерлер үшін, «бейпартиялық *(буржуазиялық)* прогрессистер» үшін, мұның керісінше, социал-демократиялық партияға *кірмейтін* және оған *жақын тұрмайтын*, өзінің іс жүзіндегі саясатымен, өзінің тактикасымен нақ социал-демократиямен және тек қана социал-демократиямен байланысы жоқ жұмысшы қоғамдары ғана *дербес* қоғам.

Екі көзқарастың бұл айырмашылығын біз ойдан шығарғанымыз жоқ. Бірін-бірі *жоққа шығаратын* және жұмысшыларды «топтастыру» атаулының бәрінде белгілі бір себеппен барлық жерде және қай жерде болсын күресіп жататын нақ осындай екі көзқарастың, шынында да, бар екенін әркім-ақ мойындайды. Бұлар — бітіспес көзқарастар, өйткені социал-демократтар үшін «бейпартиялық» (тактикада және жалпы алғанда саясатта) жұмысшыларды *буржуазиялық* идеологияға, буржуазиялық саясатқа *бағындырудың* бүркемелі, сондықтан өте зиянды формасы ғана.

Қорытынды: істің мәні жөнінде қарар өзінің қорытындысында түк те айтқан жоқ. Оның қорытындысы, ең жақсы дегенде — бос құрғақ сөз. Жаманына барсақ — пролетариатты дұрыс жолдан тайдыратын, *айқын социал-демократиялық* ақиқаттарды көмескілейтін, Европаның барлық елдерінде *социал-демократиялық* жұмысшы қозғалысына көп және ұзақ уақыт зиянын тигізген, әр түрлі азғындаған буржуаға есікті шалқасынан ашып тастайтын зиянды құрғақ сөз.

Қарарды қалай түзеткен жөн?

Құрғақ сөздерді алып тастау керек. Былай деп қарапайым тілмен айту керек: социал-демократтар жұмысшылардың әр түрлі қоғамдарын, мысалы, тұтынушылар қоғамдарын құруға көмектесуге тиіс, сонымен қатар олар жұмысшылардың қандай да болса қоғамдары *нақ социал-демократиялық* насихаттың, үгіттің, ұйымдасты-

рудың ошағы қызметін атқара алатын болуына үздіксіз қамқорлық жасап отырулары керек.

Бұл, шынында, «саяси-қарапайым», бірақ *тыңғылықты* және *социал-демократиялық* қарар болар еді. Ал сіздерде, «интеллигенцияның үстемдік етуші және бағыт сілтеуші роліне» қарсы интеллигенттік жауынгер мырзалар,— сіздерде пролетарлық іс емес, интеллигенттік құрғақ сөз болып шыққан.

Қарардың екінші (Б) бөлімі туралы келесі жолы әңгімелейміз *.

«Наше Эхо» № 5,
30 март, 1907 ж.

«Наше Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз· осы том, 191—205-беттер. *Ред.*

АШУҒА БУЛЫҒЫП АБЫРЖУ

(ЖҰМЫСШЫ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ)

Талданып отырған * қарардың екінші (Б) бөлімі жұмысшы съезі туралы мәселеге арналған.

Бұл мәселе туралы меньшевиктердің көп жазғаны сонша, көп айтқаны сонша, шын қорытынды шығаратын, идеяларды түсіндірудегі түсініспеушіліктерді, алауыздықтарды жоятын қарар алу, партияның айқын да тиянақты директивасын беретін қарар алу күнә болмас еді. Жұмысшы съезі туралы орыс әдебиетінің ең жаңа тізбесінде (жоғарыда аталған «Бүкіл россиялық жұмысшы съезі туралы» кітапша) бұл мәселені меньшевиктерше түсіндірген 15-ке тарта кітапша мен журналдың аты аталғанын айтса да жеткілікті.

Ал енді бүкіл осы «айтыстың» нәтижелерін көрейік.

Дәлелдердің бірінші пункті:

«тек қана кәсіби, жергілікті (?) және жалпы (?) топтық (??) мұқтаждар мен қажеттер негізінде туатын және қалыптасатын бұқаралық жұмысшы ұйымдарының оларға пролетарлық социал-демократиялық партиялардың немесе ұйымдардың ықпалы болмаса, өзінен-өзі жұмысшылар бұқарасының ақыл-ой және саяси көзқарас өрісін пролетариаттың жеке жіктерінің немесе топтарының кәсіби және жалпы алғанда жеке мүдделері мен күнделікті қажеттерінің тар шеңберінде тарылта беру тікелей тенденциясы болады».

Топтық мұқтаждар негізінде қандай *бұқаралық* ұйымдар қалыптаса алады,— мұны бір алланың өзі бі-

* Бірінші бөлімге жасалған талдауды «Наше Эхоның» 5-номерінен қараңыз. (Қараңыз: осы том, 186—190-беттер. *Ред.)*

леді. Топ деп әрқашан ұсақ, бұқараға тікелей қарама-қарсы бірдеңе айтылып жүр. Қарардың авторлары нақты, белгілі бір мазмұн туралы ойламай, сөзге сөзді тізе береді.

Содан кейін: *жергілікті* мұқтаждар негізіндегі бұқаралық ұйымдар деген немене? Бұл арада әңгіме қандай типтегі ұйым жайында болып отыр,— бұл да күңгірт болып қала береді. Егер әңгіме тұтынушылар қоғамдары, кооперативтер және т. т. сияқты ұйымдар туралы болып отырса, онда олардың өздеріне тән белгісі әсте *жергілікті* сипатында емес. Меньшевиктердің жалпы сөздерді жақсы көретіні, мәселені *нақты* баяндаудан бұлтаруы — нағыз интеллигенттік белгі. Ол өзінің түптамырымен пролетариатқа жат және пролетариаттың көзқарасы тұрғысынан зиянды.

«*Жергілікті* мұқтаждар мен қажеттердің негізіндегі *бұқаралық* жұмысшы ұйымдары» деген сөздердің дәлме-дәл мағынасы *жұмысшы депутаттарының советтерін* қамтиды. Бұл — революциялық дәуірде Россияда әбден мәлім болған бұқаралық жұмысшы ұйымдарының типі. Бұл типтегі ұйым айтылмай өтетін жұмысшы съезі туралы және жалпы бұқаралық жұмысшы ұйымдары туралы мақала сирек кездеседі деп айтуға болатын шығар. Қарарда — белгілі бір пікірлер мен ұрандарды дәлме-дәл және нақты баяндау талабын нақ мазақ еткендей — жұмысшы депутаттарының советтері туралы *бір ауыз сөз* айтылмайды, жұмысшы уәкілдерінің советтері және т. т. туралы *бір ауыз сөз* айтылмайды.

Сонда, қайдағы бір *жергілікті* бұқаралық ұйымдардың *игі* маңызы туралы, олардың жұмыс жағдайлары және басқалары туралы мәселені мүлдем қозғамастан, бізге олар жөнінде жеріне жеткізе айтылмаған қайдағы бір *сынды* ұсынған болып шығады.

Содан соң, сіздер дәлелдердің керемет-қолапайсыз бірінші пунктін бөліп-бөліп қалай түзетсеңіздер де, оның ішінде жалпы, түбірлі қате қала береді. «Пролетарлық социал-демократиялық партиялардың ықпалы болмаса» тек кәсіби, тек жергілікті, тек топтық ұйымдардың ғана емес, сонымен қатар жергілікті емес бұ-

қаралық *саяси* ұйымдардың да «жұмысшылардың ой-өрісін тарылта беру тенденциясы болады».

Авторлардың ойынша, дәлелдердің бірінші пункті «жалпы орыстық жұмысшы съезіне» өтуді түсіндіруге тиіс: жергілікті, кәсіби және басқа ұйымдар ой-өрісін тарылтады-мыс, ал *міне* жалпы орыстық жұмысшы съезінің және т. т. жөні басқа. Бірақ аса қадірменді «әдебиетшілер мен практиктер» логика дегеннен біржола жұрдай, өйткені екі жағдайдың *екеуінде де* социал-демократтардың ықпал жасауы немесе ықпалының болмауы мүмкін ғой! Қарама-қарсы қоюдың орнына былық болып шыққан...

Дәлелдердің екінші пункті:

«Жалпы орыстық жұмысшы съезін шақырып, онда орыс жұмысшыларын саяси жағынан біріктірудің негізін салу мақсатын көздеу туралы жұмысшы топтары тілеулестікпен қарсы алған пікір жұмысшылар бұқарасының ұйымдық құрылысының біріктіруші негізін қалайды және жұмысшы табының ортақ мүдделері мен оның қазіргі орыс революциясындағы міндеттерін олардың алдына бірінші қатарға қояды».

1-ден, атышулы «пікірді» жұмысшы топтарының тілеулестікпен қарсы алғаны рас па? Сол қарар дәлелдерінің 5-пунктінде былай делінген: «жұмысшылардың өздерінің оны (жұмысшы съезін) шақыруға тырысуы съезді әзірлеу үшін олардың тарапынан жасалған қандай да болса елеулі практикалық қадамдарынан *әлі де аңғарыла қойған жоқ»*.

Бұл арада абайсызда шындық айтылған. Жұмысшы съезі туралы қазірдің өзінде *интеллигенттік* шимайлар тау-төбе, ал *жұмысшылардың өздері* ешқандай елеулі практикалық қадамдар жасаған жоқ. Интеллигенттердің ойдан шығарған өтірігін жұмысшыларға аудара салудың реті келмей отыр.

Сонан соң. Жұмысшы съезі деген не? Оның мақсаты —«орыс жұмысшыларының саяси жағынан бірігуінің негізін қалау».

Сонымен, мұндай негізді әлі РСДРП да қалаған жоқ, 1902 жылғы Ростов демонстрациясы[84] да, 1903 жылдың жазындағы стачкалар[85] да, 1905 жылғы 9 январь да, 1905 жылғы октябрь стачкасы да мұның негізін қала-

ған жоқ! Осы уақытқа дейін тарих болған, енді ол жоқ! Аксельрод және К⁰ жұмысшы съезін ойлап табуы арқылы ғана «негіз» салынды... Мұның өзі керемет-ақ.

Жұмысшыларды *«саяси»* жағынан біріктіру дегеніміз не? Егер авторлар осы қарар үшін әдейілеп жаңа терминология ойлап шығармаған болса, бұл — *белгілі бір саяси программа мен тактиканың* төңірегіне біріктіру деген сөз. Нақ қандай программа мен тактика?? Бүкіл дүние жүзінде жұмысшылардың *буржуазиялық саясат* туы астында *саяси бірігулері* бар екенін және болғанын біздің интеллигенттер қалайша білмейді екен? Әлде қасиетті Руське мұның қатысы жоқ па? Қасиетті Русьте жұмысшылардың қандай да болса саяси бірігуінің өзі-ақ социал-демократиялық бірігу болып табыла ма?

Қарардың бейшара авторлары шын мәнінде жұмысшы съезінің негізінде жатқан және оның неғұрлым шыншыл немесе неғұрлым жас және қызу жақтаушылары әлдеқашан айтқан пікірді тура айтуға *батылдары бармағандықтан да* соншалық дәрменсіздік көрсетіп, шатасып отыр. Бұл пікір мынадай: жұмысшы съезі *бейпартиялық* жұмысшы съезі болуға тиіс. Шынында да, *партиялық* жұмысшы съезі туралы шындап айтуға болатын ба еді??

Бірақ «жұмысшылардың бейпартиялық саяси бірігуі» деп *шындықты* тіке және ашық айтуға біздің меньшевиктер қорыққан...

Пункттің соңы: съезді шақыру туралы пікір «жұмысшылар бұқарасының ұйымдық құрылысының біріктіруші негізін қалайды және жұмысшы табының ортақ мүдделері мен оның... міндеттерін олардың алдына бірінші қатарға қояды». Әуелі ұйымдық құрылысы, содан соң *міндеттер*, яғни программа мен тактика! Керісінше ойлау керек емес пе екен, «әдебиетші және практик» жолдастар? Ойлап көріңіздерші: егер таптың мүдделері мен міндеттерін түсіну *біріктірілмесе*, ұйымдық құрылысын *біріктіруге* бола ма? Ойласаңыздар, мұның болмайтынына көздеріңіз жетеді.

Ал жұмысшы табының ортақ мүдделері мен оның қазіргі революциядағы міндеттерін түрлі партиялар *әр түрлі* түсінеді. Бұл міндеттерді тіпті біртұтас

РСДРП ішінде де меньшевиктер, Троцкийді жақтаушылар, большевиктер әр түрлі түсінеді. Ойлап көріңіздерші, жолдастар: бұл алауыздықтардың жұмысшы съезіне *әсерін тигізбеуі* мүмкін бе? съезде *қалқып шықпауы* мүмкін бе? анархистермен, эсерлермен, трудовиктермен және басқалармен және т. т. алауыздық болып шиеленіспеуі мүмкін бе? «Жұмысшы съезін шақыру туралы пікір» немесе съезді шақыру бұл алауыздықтарды *жоя* ала ма??

Сондықтан қарар авторларының «съезді шақыру туралы пікір *біріктіруші* негіз қалайды және т. т.» деп дәмелендіруі не тым жас және соңғы оқыған кітапшасына елігіп қалған интеллигенттің балаң арманы, не демагогия, яғни бұқараны орындалмас уәдемен еліктіру болып шығады.

Жоқ, жолдастар. Шын күрес біріктіреді. Партиялардың дамуы, олардың ұзақ уақыт парламенттік және парламенттен тыс күрес жүргізуі біріктіреді, жаппай стачка және т. т. біріктіреді. Бірақ бейпартиялық съезд шақырумен эксперимент жасап, шын бірігуді енгізе алмайсың, «мүдделер мен міндеттерді» түсінуде бірлік орната алмайсың.

Әрине, әр түрлі партиялардың жұмысшы съезіндегі күресі социал-демократтар қимылының өрісін анағұрлым ұлғайта түседі және оларды жеңіске жеткізеді деп айтуға болады. Егер сіздер жұмысшы съезіне осылай қарайтын болсаңыздар, онда «біріктіруші негіз» телегей-теңіз молшылыққа жеткізеді деп дәмелендірмей, мұны тура айту керек. Мұны тура айтпай, сіздер мынадай қауіпке ұшырайсыздар,— алданған және бекерге дәмелі болған жұмысшылар *саясатты біріктіру* үшін съезге келеді, саясаттағы зор және *бітіспес* алауыздықтарды іс жүзінде көреді, эсерлерді, социал-демократтарды және т. т. дереу біріктіру *мүмкін еместігін* көреді, сөйтіп *түңіліп қайтады,* оларды алдаған интеллигенттердің атына, жалпы «саясаттың» атына, жалпы социализмнің атына қарғыс айтып қайтады. Мұндай түңілудің сөзсіз нәтижесі: саясат жойылсын! социализм жойылсын! бұлар жұмысшыларды біріктірмейді, қайта арасын айырады! деген айқай болады. Бұдан таза тред-юнионизм-

нің немесе анайы синдикализмнің қайдағы бір тұрпайы формалары күшейе түседі.

Әрине, *сайып келгенде* социал-демократия бәрін жеңеді, барлық сынаққа төтеп береді, барлық жұмысшыларды топтастырады. Бірақ бұл авантюралар саясатын жақтауға дәлел бола ала ма?

Дәлелдердің 3-пункті:

«пролетариаттың әлеуметтік-белсенді бұқарасының бытыранды ұйымдастыру әрекеттеріне («маңғаздану үшін» қалай-қалай сілтейтінін көрдіңіз бе?) жалпы жұмысшы съезін (енді жалпы орыстық емес, жалпы съезд! яғни жалпы партиялық па әлде бейпартиялық па? Қорықпай-ақ қойыңдар, жолдастар!) шақыру сияқты біріктіруші нақты мақсат беріп, ол съезді шақыруды көздеп жүргізілетін насихат пен үгіт бұл топтардың өзінен-өзі ұйымдасуға (яғни *социал-демократияның ықпалынсыз* деген сөз ғой, өйткені оның ықпалы тисе өзінен-өзі ұйымдасу болмайды ғой?) ұмтылуына күшті түрткі салады және олардың осы бағыттағы белсенділігін арттырады».

Мұның аты — Понтийден Пилатқа сілтеу. 2-пункт: жұмысшы съезі біріктірудің негізін қалайды. 3-пункт: жұмысшы съезінің нақты мақсаты негізінде біріктіру өзінен-өзі ұйымдасуға түрткі салады. Өзінен-өзі ұйымдасу не үшін керек? Жұмысшы съезі үшін. Жұмысшы съезі не үшін керек? Өзінен-өзі ұйымдасу үшін. Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы әдебиетшілер қарарлары не үшін керек? Интеллигенттер көңілінің тоқ болуы үшін.

4-пункт:

«Жұмысшы съезі туралы пікірдің жұмысшы топтары арасында барған сайын танымал болып отырғандығы себепті, ол съезді жүзеге асыру әрекеттеріне партиялардың (?? қате басылған ба? социал-демократиялық партияның ба?) тарапынан енжар және әсіресе дұшпандық көзқараста болуы принципсіз авантюристердің жұмысшыларды жалған жолға түсіруіне кең жол ашқан болар

еді, сөйтіп жұмысшыларды әр түрлі демагогтардың ықпалына түсірген болар еді».

Тым ашулы пункт. Оның мазмұны — ашуға булығып абыржу. Кімді балағаттап отырғандарын өздері жақсы білмейді де, өз адамдарын төпей береді.

«Үндесудің» [86] соңғы (V) кітабын аламын. Е. Чарский Ю. Ларинге қарсы былай деп жазады: Ю. Ларин «кенеттеп ұйымдастыру еміп табады»... «күтпеген рецептура»... «былық»... «Ю. Ларин революцияның жұмысшы бұқарасын таптық топтастыру ісіне тікелей қас стихиялық тенденцияларын «саналы» әрекетпен баянды етуді ұсынатынын байқамайды. Ал осының бәрі жұмысшы съезінің мүдделері үшін істеліп отыр»... «Қайткен күнде де, біз әр түрлі «жер демагогиясы» үшін өте қолайлы негіздерді көріп отырмыз... Ларин жолдастың шым-шытырық пікірінің қорытындылары».

Жеткілікті шығар? Ларинді *меньшевиктер* әрі демагог деп, әрі авантюрист деп айыптап отыр, ойткені рецептура, ем және басқа мақтау сөздер нақ авантюризмді көрсетеді.

Сонымен біреуді көздеп, екіншіге тигізген болып шығады! Шынында да, өзді-өзін танымай қалып отыр. Тағы мынаны ескеріңіздер: егер қарардың авторлары Ларинді авантюрист және демагог деп отырса, Эль және К⁰ *Лариннен де асып түседі.* Жұмысшы съезі туралы мәселеде *екі ағым* бар, *олар,* Москва меньшевиктері, «питерліктерге» де (10-бет), Ларинге де қосылмайды, деп Эль ашық жазып отыр («Бүкіл россиялық жұмысшы съезі», М. 1907 ж.). «Питерліктер» жұмысшы авангардының съезін ғана тілейді-міс, ал мұның өзі «партия съезінің» жай ғана «бір нұсқасы» (10—11-беттер). Ларин «Питерде діннен безген және жамандықты қолдаушы болып саналады» (10-бет). Ларин «бүкіл россиялық жұмысшы партиясы болуын» тілейді. Москвалықтар *бүкіл россиялық жұмысшы одағы* болуын тілейді.

Егер «Үндесуде» Лариннің осылайша «сілікпесі шығарылса», онда Эльді, Ахмет Ц-ны, Архангельскийді, Соломинді және К⁰ қай жағына қосуға болады? Сонда Ларин де, москвалықтар да ашуға булыққан 4-пунктке тап болып отыр ғой!

Ал егер сіздер ашуланатын болсаңыздар, сүйікімді жолдастар, және өздеріңіздің қарарыңызда *«жалған жолды»* кінәлайтын болсаңыздар, онда сіздер ең болмағанда *дұрыс жолдың* қайда екенін айтып беруге міндеттісіздер. Әйтпесе сіздердің ашуға булығып абыржуларыңыз мүлде сөкет болады. Ал сіздер «бүкіл россиялық жұмысшы одағын» да, «бүкіл россиялық жұмысшы партиясын» да теріске шығара отырып, жұмысшы съезін *сіздердің* қандай практикалық мақсат үшін керек ететіндеріңіз туралы *ештеңе айтпайсыздар!*

Демагогтар мен авантюристер жұмысшы съезіне жалған мақсат үшін жармаса алады. *Сондықтан* біз, социал-демократтар, жұмысшы съезіне *ешқандай мақсат* нұсқамай, ол съезге тілеулестікпен қарауға тиістіміз... Құдай ақы, меньшевиктік қарар — алуан түрлі қойыртпақтардың нағыз қосындысы.

5-пункт:

«екінші жағынан, жұмысшы съезінің міндеттері туралы, оны әзірлеудің жолдары мен әдістері туралы мәселелер социал-демократиялық топтар арасында әлі де өте аз анықталып отыр (дегенмен, анықталғаны соншалық: Ларин де, москвалықтар да съездің міндеттерін, жолдар мен әдістерді *айқын көрсетіп берді* ғой! Бұғып жатып алудың қажеті қанша, «питерлік» жолдастар. Одан Аксельрод басып шығарған үйрек балапандары бәрібір шалшықтан құрғаққа шыға алмайды!), жұмысшылардың өздерінің съезді шақыруға ұмтылуы съезді шақыру үшін олардың тарапынан қандай да бір елеулі практикалық қадамдарынан әлі де аңғарыла қойған жоқ және съезді шақыру ісі партияның жоспарлы түрдегі күшті көмек көрсетуі арқылы жұмысшылардың өздері ұйымшылдықпен өз бетінше әрекет жасап әзірленсе ғана съезд пролетариаттың саналы топтарының коллективтік еркінің жалған көрінісі емес, шын көрінісі болады және оның таптық тұрғыдан бірігуі ісіне қызмет етеді».

Мұның аты: мадақтаумен бастап, балағаттаумен аяқтау. Ларин мен жас москвалықтар енді ғана «өз бетінше әрекет жасай бастап еді», питерліктер оларға: тоқ-

тай тұр! сен әлі коллектив еркін білдіруші емессің! сенің анықтағандарың әлі аз! съезді (*бейпартиялық* съезді) шақыру әлі де *партияның* күшті көмек көрсетуі арқылы әзірленіп отырған жоқ! — деп зекиді.

Байғұс Эль, Ахмет Ц. және $К^0$ жолдастар-ай! Олар қандай жайдарылықпен, жастық албырттықпен шабыттана құлаш сермей бастап еді, жұмысшы съезі туралы мақалалардың тұтас екі жинағын шығарып, мәселені барлық жағынан талдаған еді, оның «жалпы саяси» маңызын да, ұйымдық маңызын да, Думаға көзқарасты да, партияға көзқарасты да, «ұсақ буржуазиялық стихияға» көзқарасты да түсіндірген еді,— енді кенет, Аксельродтың жәрдемімен қандай бетбұрыс жасалды десеңізші!

Төрешілдік меньшевизмге * қарсы осы уақытқа дейін жалғыз Ларин «бүлік жасаса» (естеріңізде шығар: «діннен безген және жамандықты қолдаушы»), енді біз бұл бүлік *көтеріліске* ұласа ма... деп қорқамыз. Аксельрод интеллигенцияның үстемдігіне қарсы өз бетінше әрекет жасауды және шынайы жұмысшы съезін уәде етіп еді,— ал қазір әдебиетші «питерліктер» бұл өз бетінше әрекет жасауды... нақ сол балағатталған «интеллигенттік» партияның рұқсат етуі арқылы болатынып ұғыну керек деп шешіп, солай *түсіндіруде!*

* *
*

Мұндай дәлелдеменің қорытындылары тура күлкілі болып шығатыны таңдапарлық емес:

«Осы пікірлердің бәрін негізге ала отырып, РСДРП съезі жұмысшы және интеллигент жолдастарға (қалайша? интеллигенцияның «үстемдігіне» қарсы күресушілердің тарапынан қандай мархабат жасалып отыр!) жұмысшы съезінің программасы мен міндеттеріне, оны әзірлеу жөніндегі насихат, үгіт және ұйымдастыру жұмысына, оны шақырудың жолдары мен әдістеріне қатынасы бар мәселелерді жан-жақты талқылау (бірақ ларинше емес және ахметше емес!) ісімен шұғылдануды ұсынады.

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 183—184-беттер. *Ред.*

Сонымен бірге партия съезі жұмысшы съезін әзірлеуге бағытталған насихат, үгіт және ұйымдық әрекеттерді барынша қолдау партия мекемелерінің міндеті деп санайды; ал бұл сияқты әрекеттерге қарсы дұшпандық үгіт жүргізуге принципті түрде жол беруге болмайды деп санайды, өйткені ол үгіт орыс социал-демократиясындағы ескірген партиялық тәртіпті сақтап, нығайтуды көздейді, бұл тәртіп оның ішінде және төңірегінде топтасқан пролетарлық элементтердің қазіргі даму дәрежесі мен қажеттеріне де, революцияның қажеттеріне де қазірдің өзінде-ақ сәйкес келмей отыр».

Ал мұны ашуға булығып абыржу демегенде не деуге болады? Мұндай қарарға қалай күлмессің?

Партия съезі *ескірген партиялық тәртіпті* қорғауға тыйым салады, ал сондай тәртіпті сол съездің өзі бекітеді!

Партия съезі ескірген тәртіпке *ешқандай* реформа *жасауды ұсынбайды,* тіпті атышулы «жұмысшы съезін» де (қол жетпес «саяси бірігу» мақсатымен) *кейінге қалдырады* және сонымен қатар *«әрекеттерді»... қолдауға міндеттейді!*

Нағыз дәрменсіз интеллигенттік күңкіл: мен қазіргі ескірген партиялық тәртіпке наразымын, оны сақтағым, нығайтқым келмейді! — Өте жақсы. Сақтағыңыз келмейді екен — белгілі бір өзгерістер ұсыныңыз, біз ол өзгерістерді ықыласпен талқылаймыз. Рақым етіңіз, айтыңызшы, қандай түрдегі жұмысшы съезін қалар едіңіз? — Бұл әлі анықталған жоқ... талпыныс аңғарылмайды... шақыруға әзірлік жоқ. *Талқылаумен шұғылдану* керек. — Өте жақсы. *«Талқылаумен шұғылдану»* жөнінде қарарлар жазудың, шынында, қажеті жоқ, қымбатты жолдастар, өйткені біз *онсыз да* көптен бері талқылап келеміз. Бірақ жұмысшы партиясы — интеллигенттік «талқылаулардың» клубы емес, жауынгерлік пролетарлық ұйым ғой. Талқылаудың аты — талқылау, бірақ тіршілік жасап, әрекет ету керек. Қандай *партия ұйымына* тіршілік жасап, әрекет етуге рұқсат етіледі? бұрынғыға ма? — Бұрынғы ескірген ұйымды қорғаушы бола көрмеңіздер, оны сақтап, нығайтушы бола көрмеңіздер! — Өте жақсы және т. т.

Бәз-баяғы пәтуәсыз әңгіме. Интеллигент қырсығып, өзінің батылсыздығына, өзінің абыржушылығына ашуланады.

«Қазыналық меньшевизмнің» соңғы сөзі осындай.

* *
*

Меньшевиктік әдебиетшілер төңіректеп, айналсоқтап жүріп, өмірде де, әдебиетте де толғағы жетіп, алға қойылған: дербес социал-демократиялық жұмысшы партиясы керек пе әлде оны пролетариаттың бейпартиялық саяси ұйымымен *ауыстыру* керек пе (вариант: оны осыған бағындыру керек пе?) деген мәселені аман-есен орағытып өтті.

Біздің большевиктік қарар бұл мәселені ашықтан-ашық қойып, *тікелей* және тиянақты шешеді. Бұл арада бұлтарудан пайда жоқ,— бұл бұлтару абыржушылықтан болса да немесе ізгі ниетті «ымырашылдықтан» болса да, бәрібір, пайда жоқ. Бұлтарудан пайда жоқ, өйткені *ауыстыру* ұсынылып қойды және *сондай ауыстыру үшін* жұмыс жүргізіліп жатыр. Меньшевизмнің интеллигенттік ұя басар үйректері балапандарын басып шығарды. Балапандары жүзе бастады. Ұя басарлар екінің біріп таңдаулары *керек:* суда жүзу керек пе әлде құрғақта жүру керек пе? Олардың беріп отырған жауабы (ол жауапты: суда да жүзбей, құрғақта да жүрмей, *батпақпен* басу деген сөздермен әжептәуір дәл жеткізуге болады) жауап емес, кейінге қалдыру, созбұйдалау.

Аксельрод Ларинді тежей алмады. Ларин Эльді, Ахмет Ц-ны және К^0 тежей алмады. Бұл соңғы сыбайластар анархист-синдикалистерді тежей алмайды.

Сумен жүзу керек пе әлде құрғақпен жүру керек пе, мырзалар?

Біз құрғақпен жүргіміз келеді. Біздің сіздерге алдын ала айтарымыз: сіздер батпаққа неғұрлым ынталырақ, неғұрлым батылырақ бойлай берсеңіздер, құрғаққа соғұрлым тезірек қайтып шығасыздар.

«Пролетариаттың қалың бұқарасына социал-демократияның ықпалын кеңейтіп, күшейту үшін» біз социал-демократияны бейпартиялық типтегі «жұмысшы партиясымен» ауыстыруды, партиядан жоғары тұратын «бүкіл россиялық жұмысшы одағын», белгісіз мақсаттар үшін жұмысшы съезін ұсынып отырған жоқпыз, қайта жай, қарапайым, сәуегейлік атаулыға жат нәрсені ұсынып отырмыз: «бір жағынан, кәсіптік одақтар ұйымдастыру, олардың ішінде социал-демократиялық насихат пен үгіт жүргізу жұмыстарын күшейту қажет, ал екінші жағынан, жұмысшы табының неғұрлым қалың топтарын әр түрлі партия ұйымдарына қатысуға тарта беру қажет» (большевиктік қарардың соңғы пункті).

Бойкүйез интеллигенттерге бұл тым «ескірген», *тым іш пыстырарлық* болып көрінеді. Сәуегейлікке салына берсін: біз жұмысшыларға ілесіп, «жұмысшы съезіне» де барамыз (егер ол жүзеге асырылса), онда біздің болжауларымыздың дұрыстығын *іс жүзінде* көрсетеміз және... және түңілген (дұрысырақ айтқанда: кейбір интеллигент көсемдерден түңілген) жұмысшылармен бірге кәсіптік одақтардағы және әр алуан партия ұйымдарындағы «ескірген» жұмысқа қайтып ораламыз.

* *
*

Біздің партиямыздағы «жұмысшы съезіндік» ағымның себебі неде? Біз бұл арада, өз ойымызша, негізгі үш себепті қысқаша ғана көрсете аламыз: 1) революциядан интеллигенттік-тоғышарлық шаршау; 2) «таза жұмысшы» қозғалысын буржуазияның ықпалына бағындыру бағытында тарихи дамып келе жатқан орыс социал-демократиялық оппортунизмінің өзіне тән өзгешелігі; 3) Россиядағы октябрь революциясының жете түсінілмеген дәстүрлері.

Ad * 1) Жұмысшы съезін жақтаушылардың *бір бөлігінде* революциядан шаршағандық және партияны қайткен күнде де жария етуге, қандай болсын респуб-

* — Мына пункт жөнінде. *Ред.*

лика, пролетариат диктатурасы дегендерді және басқаларын лақтырып тастауға құштарлық айқын аңғарылып отыр. Жария жұмысшы съезі — бұл үшін қолайлы құрал. Осыдан келіп (бір жағы — екінші себептен де) энестер, «беззаглавияшыл»-бернштейншілдер («Товарищтен» және т. с.), кадеттер мұндай съезге тілектес болып отыр.

Ad 2) Россия социал-демократиялық оппортунизмінің тұңғыш тарихи формасын алыңыз. Бұқаралық жұмысшы қозғалысының басталуы (өткен ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысы) *«экономизм» және струвизм* [87] түрінде осы оппортунизмді тудырды. Бұл екеуінің байланысы бар екенін *ол кезде* Плеханов та, Аксельрод та, *барлық ескі искрашылдар*[88] *да* талай рет көрсетіп берген еді. Әйгілі прокоповичтік-кусковалық «Credo»* (1899—1900 ж.) бұл байланысты анық көрсетті: интеллигенция мен либералдар саяси күресті жүргізсін, ал жұмысшылар экономикалық күресті жүргізсін. Саяси жұмысшы партиясы — революцияшыл интеллигенттің ойдан шығарғаны делінді.

Осы классикалық «Credo»-да «таза жұмысшы» қозғалысымен интеллигенттік әуестенушіліктің тарихи, таптық мағынасы айқын бейнеленген. Мұның мағынасы — жұмысшы табын («таза жұмысшы» міндеттеріне бола) *буржуазиялық* саясат пен идеологияға бағындыру. Интеллигенттердің «әуестенуі» жетілмеген жұмысшыларды либералдарға бағындырудың капиталистік тенденцияларын білдірген еді.

Қазір, дамудың жоғары сатысында *біз тағы да соны* көріп отырмыз. Кадеттермен блок жасасу, жалпы алғанда кадеттерді қолдау саясаты — және бейпартиялық жұмысшы съезі дегеніміз бір медальдің екі беті, «Credo»-да либерализм мен таза жұмысшы қозғалысы қандай байланысты болса, бұлар да сондай байланысты. *Іс жүзінде* бейпартиялық жұмысшы съезі пролетариаттың таптық дербестігін *әлсіретудің* және оны буржуазияға *бағындырудың* нақ сол капиталистік тенденциясын білдіреді. Бұл тенденция социал-демократияны *бейпартия-*

---

* — наным символы, программа, дүние танымды баяндау. *Ред.*

лық жұмысшы ұйымымен ауыстыру немесе оны бейпартиялық жұмысшы ұйымына *бағындыру* жоспарларында айқын көрінеді.

Энестердің, «беззаглавияшылдардың», эсерлердің және басқаларының «жұмысшы съезі» идеясына тілектес болып отырғаны осыдан.

Ad 3) Россияның буржуазиялық революциясы пролетариаттың әдеттегі европалық ұйымдарға (кәсіптік одақтар және социал-демократиялық партиялар) ұқсамайтын, өзіндік бұқаралық ұйымдарын тудырды. Олар — жұмысшы депутаттарының советтері.

Осы сияқты мекемелерді схемалы түрде система етіп дамыта отырып (Троцкийдің істегеніндей) немесе пролетариаттың жалпы революциялық өрлеуіне тілектес бола отырып және «революциялық синдикализмнің» «сәнге айналған» бос сөзімен әуестеніп (Москваның кейбір жұмысшы съезін жақтаушылары сияқты), жұмысшы съезінің идеясына оппортунистік жолмен емес, революциялық жолмен оңай келуге болады.

Бірақ бұл — ұлы да даңқты революциялық дәстүрге сын көзбен қарамағандық.

Іс жүзінде жұмысшы депутаттарының советтері және оларға ұқсас мекемелер көтеріліс органдары болды. Олардың күші мен табысы түгелдей көтерілістің күші мен табысына байланысты болды. Олардың пайда болуы тек қана көтеріліс өрістеген кезде комедия болмай, пролетариаттың ерлігі болды. Күрестің жаңадан өрлеген кезінде, оның *осы кезеңге* ұласқан кезінде мұндай мекемелер, әрине, болмай қоймайды және керек те. Бірақ олардың тарихи дамуы жұмысшы депутаттарының жергілікті советтерін схема жағынан бүкіл россиялық жұмысшы съезіне дейін жалғастыру болмауға тиіс, қайта революциялық өкіметтің бастапқы органдарын (жұмысшы депутаттарының советтері нақ осындай органдар еді) жеңіп шыққан революциялық өкіметтің орталық органдарына, революциялық уақытша үкіметке айналдыру болуға тиіс. Жұмысшы депутаттарының советтері және оларды біріктіру көтерілістің жеңуі үшін қажет. Жеңіп шыққан көтеріліс сөзсіз *басқа* органдар құрады.

* *
*

Әрине, Россия социал-демократиясы жұмысшы съезіне қатысудан бас тартпауға тиіс, өйткені революция бұлтарысы мейлінше көп жолдармен дамып келе жатыр және оның мейлінше алуан түрлі және өзіндік ерекшелігі бар жағдайларға әкеп соғуы мүмкін. Бірақ біресе жоғары өрлеп, біресе төмен түсіп отырған революцияның әр түрлі жағдайларын мұқият зерттеу, ол жағдайларды пайдалануға ұмтылу — бір басқа да, шатасқан немесе антисоциал-демократиялық сәуегейлікпен шұғылдану — мүлде бір басқа.

1907 ж. апрельде жазылған

1907 ж. апрельде мына жинақта басылған: «Тактика мәселелері», II. С.-Петербург, «Новая дума» баспасы
Қол қойған: Н. Ленин

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

МЕНЬШЕВИКТЕРДІҢ ТАКТИКАЛЫҚ ПЛАТФОРМАСЫ

«Алдағы болатын съезге бір топ меньшевик-практиктердің қатысуымен Мартов, Дан, Старовер, Мартынов және басқалар дайындаған *тактикалық платформа»* жеке листок болып басылып шықты.

Мемлекеттік дума туралы меньшевизмнің әлгі лидерлері жазып, «Русская Жизньнің» 47-номерінде басылған қарары жөнінде бұл платформаның көзқарасы қандай екені белгісіз болып отыр. Біз әңгіме етіп отырған листокта, осында баяндалған тактикалық көзқарастарды қарарлардың жобалары түрінде дәл қандай мәселелер жөнінде және т. т. егжей-тегжейлі талдау жасалынатындығы туралы ұйғарылып отыр ма, жоқ па, бұл туралы бір де сөз жоқ. Осы күңгірттік туралы өкінбеске болмайды, өйткені «Тактикалық платформа» тұжырымдарының өзі тым тұрлаусыздықтан және бұлдырлықтан ақсап тұр. Мұны көрсету үшін платформаның «социал-демократияның таяу арадағы кезекті міндеттерін» баяндайтып қорытынды үш тезисін толық келтірейік, оның өзін 3-тезистен бастайық:

«...3) Жалдама жұмысшылар табы ретінде өз мүдделерін өздері қорғау негізінде жұмысшы бұқарасының саяси және ұйымдық қимыл-әрекетін дамыту. Пролетариаттың қалың топтары арасында оның таяудағы кәсіби, саяси және мәдени қажеттерін қанағаттандыру негізінде, олардың ескі тәртіптен тартып алған жеңілдіктерін сақтап, кеңейту үшін күресу негізінде дамып келе жатқан ұйымдық құрылысына партиялық топтар тарапынан көмек көрсету».

Бұдан артық тұрлаусыз, бұлдыр, мазмұнсыз бірдеңені көзге елестету мүмкін бе? 1907 жылғы съезге арналған «тактикалық платформа ма бұл» әлде жалпы жұмысшы табының міндеттері туралы көпшілікке танымал мақаладан үзінді ме?

Жұртқа мәлім, съездің күн тәртібіне кәсіптік одақтар туралы да, жұмысшы съезі туралы да, уәкілдердің советтері туралы да мәселе қойылған,— мұның бәрі жұмысшы қозғалысы дамуының осы замапғы, қазіргі сатысының нақты мәселелері. Өмір ұсынған және партия қойған мәселелер бойынша *өз пікірлерін* әдейі *жасырғысы* келгендей, бізге «өз бетімен әрекет жасау» туралы жауыр болған жалпылама сөздерді үйіп-төгіп отыр! Бұл платформа емес, *атүсті жауап,* жолдастар! Мәселен, жұмысшы съезі сияқты осындай мәселелер жөнінде қазірдің өзінде ресми-партиялық «Социал-Демократтағы» [89] мақалалардан бастап, бірқатар кітапшаларға дейін толып жатқан партиялық әдебиет бар. Платформа мәселеден құтылу үшін емес, шын мәнінде жауап беру үшін жазылады.

«...2) Пролетариаттың таптық дербестігін шектеу әрекеттерінің бәріне қарсы, оның санасына реакциялық мещандық жалған үміттер ұялатуға қарсы және ұйымдасқан таптық күресті анархистік террормен, заговоршылдық авантюризммен ауыстыруға әкеп соғатын тенденциялардың бәріне қарсы үзілді-кесілді идеялық күрес».

Ызамен айтылған. Авторлардың «қаһар төккісі» келгені көрініп тұр. Әрине, бұған олардың правосы бар, біз де айтыстың қатаңдығына шағым етуге құмар емеспіз. Қалағандарыңызша қатаң айтыса беріңіздер, тек нені тілейтіндеріңізді айқын айтыңыздар. Ал сіздердің 2-пункттеріңіз айқын еш нәрсе айтпайды. Ол пункт, байқауымызша, большевиктерді «көздеп отыр», бірақ ол тұжырымының тұрлаусыздығынан оларға *дарымай отыр. Анархистік* террорды, «заговоршылдық авантюризмді», «реакциялық мещандық жалған үміттерді» және «таптық дербестікті шектеу әрекеттерін» айыптауға большевиктердің бәрі екі қолымен қол қоюға, әрине, келіседі.

Біз меньшевик жолдастарға жақсы кеңес береміз. Егер сіздер, жолдастар, большевиктермен қаттырақ айтысқыларыңыз келсе және олардың жанына батыра «шымшығыларыңыз» келсе, онда біз үшін *қолайсыз* қарарлар жазыңыздар. Әлдеқашан көтерілген мәселелерге жаңа жамылғы жаппай, барлық жақшаларды *ашып* айту керек! Бізден үлгі алыңыздар: біздің бейпартиялық саяси ұйымдар туралы қарарымыздың жобасында біз Аксельродтың *мынандай-мынандай* идеяларына, партия мүшелерінің белгілі әдеби шығармаларында көрініс тапқан *мынандай-мынандай* ағымға қарсымыз деп *тура* айтылған. Қарардың осы жобасы үшін бізді не жөнінде кінәлағанмен,— бізге, сірә, көмескілік немесе таластың *мәнін* орағытып өткен деп кінә тақпайтын болар.

«...1) Саяси өмірдің барлық көріністеріне пролетариат бұқарасының жоспарлы түрде араласып отыруын ұйымдастыру арқылы оның саяси инициативасын ояту.

Мұнымен бірге, пролетариатты барлық прогрессил таптардың реакцияға қарсы ортақ күресінде оларды қолдауға шақыра отырып, социал-демократия пролетарлық емес таптардың қандай болсын бөлегімен берік бірігу атаулыны теріске шығарады, ал бұл таптардың жеке фракциялары өзара келіспейтін жерде осындай жағдайдың қай-қайсысында болмасын қоғам дамуының мүдделеріне сәйкес келетін қимылдарды қолдайды. Социал-демократия өзінің революциялық сынын либерал буржуазияның контрреволюциялық тіміскі әрекеттеріне қарсы және аграрлықмещандық социализмнің утопиялық және реакциялық соқыр сенімдеріне қарсы бірдей дәрежеде бағыттайды».

Біз бұл пунктті соңғы орынға әдейі қойдық, өйткені меньшевиктер мен большевиктердің екі түрлі тактикасының принципті негіздері осында *қозғалып отырғандықтан,* осы пункт қана біршама мазмұнды пункт болып табылады. Алайда тағы да тек қана «қозғалған», тағы да бос сөзі көп, нақты материал аз! Алғашқы екі сөйлем — труизм, бұл туралы 1894—1895 жылдары баспасөзде әңгіме ету орынды болар еді, ал 1907 жылы оны әңгіме ету мүлде ыңғайсыз. Ал бұл труизмнің өзі мүлде салақ тұжырымдалған: мысалы, социал-демократия басқа таптармен «бірігудің» тіпті «берігін» ғана емес, жалпы қандайын болса да теріске шығарады.

Тек үшінші сөйлем ғана тактиканың негіздерін қозғайды. Осында ғана перде заманымыздың нақты құбылыстарының бейнесі көрінетіндей болып сәл-пәл көтеріледі.

Социал-демократияға мұнда мыналар қарсы қойылған: 1) либерал буржуазияның контрреволюциялық *тіміскі әрекеттері;* 2) аграрлық-мещандық социализмнің утопиялық және реакциялық *соқыр сенімдері.* Партияға ұсынылып отырған директива мұның екеуін де *бірдей дәрежеде* сынау жөнінде болып отыр.

Осылайша қарсы қоюшылықтың екі бөлегін де және әлгіндей директиваның маңызын талдап көрейік.

«*Либерал* буржуазияның контрреволюциялық тіміскі әрекеттері» деп жолдастардың нені айтып отырғаны онша айқын емес. Одан әрі сипаттамай, жалпы либерал буржуазия туралы 1897 жылы айту орынды болар еді, бірақ 1907 жылы ешбір айтуға болмайды. Меньшевик жолдастар тым ғажап кешігіп қалып отыр! Қазір Россияда бірінші және аздап екінші Думаның өзінде өзін көрсеткен саяси *партияларымыз* бар! Егер Россиядағы осы нақты партияларды әлі де *байқамай* отырған болса, мұның өзі қандай «тактикалық платформа» болғаны?

Либерал буржуазия деп октябристерді айтып отыр деу қиын. Сірә, жолдастар *кадеттер* типті партияны (демократиялық реформалар партиясын, мүмкін, сол типтің құбылысы ретінде бейбіт жаңарту партиясын) айтып отырған болса керек. «Тіміскі әрекеттер» деген сөздер де осыған көз жеткізіп отыр, өйткені біз октябристерден контрреволюция рухындағы тіміскі әрекеттер көріп отырғанымыз жоқ, олардың бүкіл саясаты қазірдің өзінде контрреволюциялық саясатқа айналды.

Сонымен, әңгіме кадеттік *контрреволюциялық «тіміскі әрекеттер»* туралы, яғни кадеттердің қазірдің өзінде *контрреволюциялық* рухта *практикалық* саясат жүргізе бастағаны туралы болып отыр.

Бұл факт, күмәнсыз, рас факт. Мұны ашық та айқын мойындау қазір орыс социал-демократиясы ішіндегі жау ағымдарды, сөз жоқ, жақындастырған болар еді. Мұндай тіміскі әрекеттерді «революциялық жолмен сынаудың» қажеттігіне де тіпті дау жоқ.

Ілгері барайық. Либералдардың реакциялық *тіміскі әрекеттеріне* «аграрлық-мещандық социализмнің» реакциялық *«соқыр сенімдері»* қарама-қарсы қойылған.

Біз аң-таңбыз. *Таптарды* (либерал буржуазия) *ілімдермен* (социализм), *практикалық саясатты* (тімiскі әрекеттер) *көзқарастармен* (соқыр сенімдер) қалай салыстырып, салғастыруға болады?? Мұның өзі барып тұрған қисынсыздық. *Тактикалық платформада* басаяғын байланыстыру үшін мыналарды қарама-қарсы қою керек: 1) бір тапты екінші бір тапқа,— мысалы, либерал буржуазияны демократиялық (немесе реакциялық?) шаруаларға; 2) бір саясатты екінші бір саясатқа,— мысалы, контрреволюциялық саясатты — революциялық саясатқа; 3) бір ілімді, көзқарастарды және соқыр сенімдерді — екінші бір ілімдерге, көзқарастарға және соқыр сенімдерге қарсы қою керек. Мұның айқын екендігі сонша, өзінен-өзі түсінікті екендігі сонша, еріксіз мынадай күдік туады: меньшевиктерде осындай қисынсыздықтың орын алуы кездейсоқ па? логикалық бұлдырлық саяси ой-пікірдің бұлдырлығын көрсетпей ме?

Эсерлердің, трудовиктердің, энестердің «социализмі» утопиялық, реакциялық соқыр сенімдерге толы екені талассыз. Мұны IV съезге де, V съезге де ұсынған өз қарарларының жобаларында большевиктердің айтқанындай, жоғарыда көрсетілген партияларға баға беруде мұны, әрине, айту керек. Осы талассыз ой-пікірді осындай логикасыз үйлесімде қайталап, меньшевиктер, сірә, өзінің кадеттерді қолдау *саясатын* ақтау үшін бірінші кездескен пікірге жабыса кеткен болу керек. Шынына келгенде, талданып отырған платформаның текстінде мұндай саясатты ақтау дәлелдері мен әрекеттерінен олар бұлтарып кете алмады. Буржуазиялық орыс революциясында либерал буржуазияның шаруаларға көзқарасын енді меньшевиктер *қозғап отыр*. Ал мұның өзі, әрине, үлкен прогресс. Бірінші және (ішінара) екінші Думаның тәжірибесінен кейін кадеттермен сайлау келісімдерін, кадеттердің председателіне дауыс беруді, кадеттердің ұрандарын қолдауды қорғау үшін «қаражүздік қауіптің» атышулы жалған-өтірігіне сілтей салумен

шектелуге болмай қалып отыр. Большевиктердің «Екі тактика» (июль, 1905 ж.) * деген кітапшаның өзінде қойған жалпы мәселесін, атап айтқанда, либерал буржуазия мен шаруалардың орыс революциясына көзқарасы туралы мәселені қоюға *тура келіп отыр.* Бұл мәселе жөнінде қазір меньшевиктер, істің шын мәнісінде, не айтып жүр?

«Қалалық буржуазиялық демократия Россияда бүкіл халық шаруашылығын өзіне бағындырып алған жоқ, сондықтан ол бұрынғы ғасырлардың буржуазиялық революцияларында болғанындай, дербес революциялық инициатива көрсете алмайды; сонымен қатар өндірушілердің орасан зор көпшілігі болып саналатын шаруалар буржуазиялық өндіріске дейінгі экономикалық және қоғамдық жағдайлардан енді ғана шыға бастады, сондықтан ол революцияның дербес басшысының ролін атқаруға тіпті де жарамайды».

Либералдар мен шаруаларға көзқарас жөніндегі меньшевиктік саясатты *экономикалық талдау* арқылы негіздеуге жасалған *бірден-бір* әрекет осы! «Қалалық буржуазиялық демократияға қарағанда шаруалар *тіпті де* жарамсыз...» осы «тіпті де» деген сөздерде кадеттерді қолдау саясатын *ақтау* болуға тиіс.

«Тіпті де» деудің себебі не? Себебі: шаруалар «буржуазиялық өндіріске дейінгі экономикалық және қоғамдық жағдайлардан енді ғана шыға бастады». Дәлел көрінеу көзге қанағаттанғысыз. Егер шаруалар «енді ғана шыға бастаса», онда олардың шығуына *«тікелей шаруаларға ауыр езгі болып отырған крепостниктік тәртіптің қалдықтары»* кедергі жасап отыр. Біздің партиялық аграрлық программаның бірінші сөйлемінде осылай делінген. Крепостниктік қалдықтардың ауыр езгісі тікелей шаруаларға түсіп отырған жағдайдан келіп, либерал буржуазия арасынан гөрі, шаруалар арасындағы қазіргі тәртіпке қарсы *неғұрлым терең,* кең және күшті революциялық қозғалыстың қажеттілігі мен болмай қоймайтындығы туады. Либерал буржуалардың не шаруалардың революция *басшысы* роліне жарау-жарамауы жө-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер. *Ред.*

ніпде сөз етуге де болмайды*; «дербес революциялық инициативаға» немесе, дұрысырағы, революцияны *одан әрі дамытуға* дербес қатысуға либералдар мен шаруалардың біршама жарамдылығын меньшевиктер *тікелей теріс* бағалады.

Шаруалардың саяси роліне меньшевиктердің көзқарасы біздің аграрлық программаның негізгі қағидаларына, *бүкіл* партияның, большевиктердің де, меньшевиктердің де мақұлдап отырған нақ сол негізгі қағидаларына қайшы келеді.

1-ден, біздің жоғарыда көрсеткеніміздей, «крепостниктік тәртіп қалдықтарының ауыр езгісі тікелей шаруаларға түсіп отыр». Демек, Россиядағы қазіргі буржуазиялық-демократиялық революцияда шаруалар либерал буржуазияға қарағанда неғұрлым революцияшыл *болмай тұра алмайды,* өйткені революциялық қозғалыстың күші, беріктігі, өміршеңдігі, алғырлығы дәурені өткен ескіліктің езушілік жағдайларының күшіне байланысты.

2-ден, біз өзіміздің аграрлық программамызда «жеке иеліктегі жердің конфискеленуін» талап етеміз. Біз либерал буржуа үшін соншалықты батыл *экономикалық* шараға тіпті алыстан болса да жуықтайтын бірдеңені, бұған ұқсас ештеңені талап етпейміз. Неге? Өйткені, ескіліктің тұрғысынан «заңды» меншіктің тым едәуір бөліктерін *конфискелеу* үшін либерал буржуазияның арасында күрес туғызатындай объективті жағдайлар жоқ. Ал шаруаларда осы объективті жағдайлардың бар екенін біздің бәріміз *мойындаймыз,* өйткені марксистер конфискелеуді талап еткенде әсіре революциялық шараларды ұнататындықтан емес, шаруалар бұқарасының

* Жалпы айтқанда, революциядағы *басшы* ретінде пролетариаттың ролі туралы мәселені меньшевиктердің өз платформасында *көтерген* жағдайын біз қызу құттықтаймыз. Бұл мәселені съезде талқылап, қарар қабылдау мейлінше қажет. Ал басшы болу роліне шаруалардың жарамсыздығын меньшевиктер нашар дәлелдеген. Әңгіме шаруалардың крепостниктік тәртіптен «енді ғана шыға бастағанында» емес, *ұсақ өндірістің* (егіншілік пен өнеркәсіпте) негізгі жағдайларының ұсақ өндірушіні, біріншіі жағынан, «тәртіп» пен «меншіктің», екінші жағынан, ескі тәртіпке қарсы күрестің арасында *ауытқуға* мәжбүр ететіндігінде болып отыр. Дәл осы сияқты либерал буржуазия жөнінде де меньшевиктер оның сенімсіздігінің басты себебін: пролетариаттан қорқуын, большевиктік қарарда айтылғанындай, «пролетариаттың қол сұғуынан» қорғануда ескі тәртіп өкіметінің құралына сүйенудің қажеттігін ескермеген.

лажсыз жағдайын түсінетіндіктен талап етеді. Шаруалардың буржуазиялық-демократиялық революцияшылдығының өте-мөте тереңдігі біздің аграрлық программаның осындай алғы шартынан сөзсіз туады.

3-ден, біздің аграрлық программада «шаруалардың революциялық бой көрсетулерін помещиктік жерлерді конфискелеуге дейін қолдау» туралы айтылады. Мұнда шаруалардың тікелей-революциялық күресіне, елдің байтақ жерін және халқының орасан зор бөлегін қамтып отырған бұқаралық сипаттағы «бой көрсетулерге» нақты түрде қараудың қажеттігі тура мойындалған. «Либерал», яғни орташа, ішінара ірі буржуазия былай тұрсын, *қалалық,* тіпті демократиялық ұсақ буржуазияның өзінде осындай *революциялық бой көрсетулерге* ұқсас ештеңе жоқ. Социал-демократиялық жұмысшы партиясы қалалық буржуазияның қандай болсын «конфискелеу» жоспарларын ешқандай «қолдауға» ешқашан да уәде берген емес және уәде бере де алмайтын. Меньшевиктердің «прогресшіл қалалық» буржуазия мен «артта қалған селолық» буржуазия туралы әдеттегі пайымдауының, талданып отырған платформаның да *меңзеп* отырған пайымдауының қаншалықты *теріс* екені осыдан-ақ көрініп тұр. Бұл пайымдау крепостниктік тәртіптің қалдықтарымен күресу туралы,— Россиядағы буржуазиялық революцияның экономикалық мазмұны болып табылатын күрес туралы мәселе жөнінде біздің бүкіл программаның негізгі идеяларын түсінбеушілікке негізделіп отыр.

4-ден, өзінің бүкіл мешеулігіне, бытыраңқылығына және т. т. қарамастан шаруалардың либерал-буржуазиялық партияларға (соның ішінде кадеттер де) қарағанда *неғұрлым* күмәнсыз *демократияшыл саяси* партияларды («Еңбек» тобы және т. т.) құрудың негізін *бірден* сала білгенін Россияның өткен жыл ішіндегі саяси тарихы, әсіресе бірінші Дума және екінші Думаның сайлауы айқын көрсетті. Кадеттер мен «104-тің» аграрлық жобасын [90], немесе кадеттер мен трудовиктердің жиналыстар бостандығы мен жер жөніндегі жергілікті комитеттердің құрамына көзқарасын, немесе кадеттердің халықты алдарқататын, конституциялық құрғақ сөздермен рево-

люциялық қозғалысты бәсеңдететін баспасөзі және трудовиктердің қалалық, селолық ұсақ буржуазияның *жаңа топтарын* демократиялық мағынада *революцияшылдандыратын* баспасөзін («Известия Крестьянских Депутатов» [91] және т. т.) салыстырудың өзі жеткілікті.

Қысқасы, мәселені қай жағынан алып қарасаңыз да, меньшевиктердің либералдар мен трудовиктерді салыстыра отырып беретін бағасының *түп-тамырымен қате* екенін мойындауға тура келеді.

Бұл қатенің негізі — Россияның ауыл шаруашылығында болып жатқан буржуазиялық төңкерісті түсінбеушілік. Бұл төңкеріс екі формада: не помещиктік жер иеленуді крепостниктік сипаттардан біраз тазарту арқылы оны сақтап қалып, шаруа батырақтарды кіріптар ету; не помещиктік жерлерді конфискелеу арқылы олардың жерге иелігін жойып, жерді шаруаларға беру (национализациялау, бөлу, «муниципализациялау», т. т. және т. с. формасында) болуы мүмкін *.

Орыс ауыл шаруашылығында буржуазиялық төңкерістің болмай қалмайтыны анық. Ал бұл төңкеріс екінші жағдайда да буржуазиялық төңкеріс болып (халықшылдардың іліміне қарамастан) қала береді. Бірақ демократиялық революция жеңе ме әлде ол аяқталмай қала ма; — оның барысы мен нәтижесін шаруалар бұқарасы шеше ме әлде либерал помещик пен фабрикант шеше ме, осыған қарай ол төңкеріс бірінші немесе екінші формада болуы мүмкін.

Помещиктік жер иеленуді сақтап қалу мақсатымен буржуазиялық төңкерісті Столыпин де, либералдар да (кадеттер партиясы) жүргізіп отыр. Столыпин — деревняда күресті тұтандыратын және революцияны күшейтетін ең дөрекі, азиаттық формаларда жүргізіп отыр. Либералдар бұдан қорқады, бәрін тәуекелге тіккісі келмейді, жеңілдіктер жасауды жақтайды, бірақ помещиктік жер иеленуді дегенмен *сақтап қалатын* жеңілдіктер

---

* Мен оқушының көңілін әсіресе мынаған аударамын: аграрлық социал-демократиялық программаның даулы мәселелеріне (бөлу, национализациялау, муниципализациялау) мен әдейі соқпай отырмын, сөйтіп партия съезінің формальды түрде қабылдағаны былай тұрсын, тіпті шын мәніне келгенде талас туғызбайтын немесе социал-демократия арасында фракциялық бөлінушілік туғызбайтын нәрсені ғана алып отырмын.

жасауды жақтайды: құнын төлеп алуды және — ең бастысы — жер жөніндегі жергілікті комитеттерді *үкімет агенттерінің* председательдігімен помещиктер мен шаруалардың *тепе-тең* өкілдіктерінен құруды еске түсіру жеткілікті! Жер жөніндегі жергілікті комитеттердің мұндай құрамда болуы — помещиктердің *басымдығын* сақтап қалу деген сөз. Құнын төлеп алу — шаруа буржуазиясын нығайтып, шаруа пролетариатын кіріптар ету деген сөз. Столыпиндік және кадеттік аграрлық реформаның, міне, осындай негізгі, *экономикалық* ынтымағын меньшевиктер түсінбейді.

Столыпин мен кадеттердің арасында жеңілдіктер жасаудың *мөлшері* жөнінде, реформаны жүргізудің (дөрекі немесе айламен) тәсілі жөнінде алауыздық туып отыр. Бірақ Столыпин де, кадеттер де *реформаны* жақтайды, яғни *шаруаларға жеңілдіктер жасау* арқылы помещиктердің *басымдығын* сақтап қалуды жақтайды.

Пролетариат пен шаруалар *революцияны* жақтайды, помещиктің басымдығын ғана емес, тіпті *бүкіл* помещиктік жер иеленуді де *жоюды* жақтайды.

Помещиктер тарапынан болмашы жеңілдіктер жасау арқылы біз революцияны жоя аламыз, дейді Столыпин.

Помещиктер тарапынан едәуір жеңілдіктер жасау арқылы ғана біз революцияны жоя аламыз, дейді либералдар (оның ішінде кадеттер).

Помещиктік жер иеленуді жойып, біз революцияны ақырына дейін жеткізгіміз келеді, дейді шаруалар мен жұмысшылар.

Аграрлық программалардың осындай арақатынасын теріске шығару — «жеке иеліктегі жерлерді конфискелеу» туралы, «шаруалардың революциялық бой көрсетулерін помещиктік жерлерді конфискелеуге дейін қолдау» туралы айтатын өзіміздің аграрлық программамызды теріске шығару деген сөз.

Мұндай арақатынасты мойындау — социал-демократияның тактикалық бағытын: пролетариат демократияшыл шаруаларды самодержавиеге қарсы, либералдарға қарсы өз соңына ертіп шығуға тиіс екенін мойындау деген сөз.

Сондықтан өзінің бүкіл тактикасында меньшевиктердің ауытқуы кездейсоқ емес, олар әзірше осы аграрлық программаны мойындап отырғанда ауытқуға сөзсіз ұшырайды. Олардың кейбіреулері программадағы «конфискелеу» деген сөзді «иеліктен айыру» деген сөзбен ауыстыруға бейім, сөйтіп олар осы арқылы оппортунизмнің келесі адымын *толық дәйекті* түрде көрсетіп отыр, өзінің кадеттік саясатын аграрлық программаның кадеттік тұжырымымен сәйкестендірудің *қажеттігін* сезіпіп отыр.

Бірақ бұл әлі істелген жоқ. Меньшевизмнің ықпалды көсемдерінің мұны ашық, тура, алдын ала ұсынуға да батылы бармай отыр. Сондықтан олар саясатта ауытқуға сөзсіз ұшырайды.

Кадеттерді қолдау саясатын жүргізуге тура келеді, сонымен қатар оны ашық жариялауға да батылдық жасай алмайды! «Думалық министрлікті» талап етуді қолдау да, жалған қаражүздік қауіпке бола кадеттермен блок жасасу да, Думаның кадеттік председателін жақтап дауыс беру де,— осының бәрі кадеттерді қолдау саясатының, пролетариатты либералдардың гегемониясына бағындыру саясатының жеке көріністері ғана.

Бірақ бұл саясатты ашық қорғауға меньшевиктердің батылы бармай отыр. Сондықтан олардың алып отырған жалған жағдайы, олардың еркі мен санасына қарамай, сайлаудағы «қара қауіп» сияқты, немесе «думалық министрлік» дегеніміз қаражүздік сұрқиялардың кадеттермен мәмлеге келу әрекетін бүркемелейтін жартыкеш жалған реформа емес деген сияқты, немесе (102 дауысқа қарсы 356 дауыс алған) Головиннен өзіміздің 60—70 даусымызды алып қалып, біз кадетті құлатуға «тәуекел еттік», т. т. және т. с. деген сияқты жалған дәлелдерді «ойлап шығаруға» оларды итермелеп отыр.

Жалған жағдай кадеттерді *боямалап көрсетуге* мәжбүр етіп отыр. Бұл партияға оның таптық құрамы жағынан, оның таптық *тірегі* жағынан *тікелей* сипаттама беруден қашып отыр. Съездің орыс буржуазиялық партияларына берген бағасынан ауытқып отыр. «Либерал буржуазия» деудің орнына «қалалық буржуазиялық демократия» дейді.

Кадеттерге берілген осы, *мүлде теріс,* сипаттаманы * сайлау статистикасы неғұрлым көп кадет сайламшыларын ірі қалалар беріп отырғанын көрсетеді деген, алғаш қарағанда өте сыпайы, жалғыз дәлелмен ғана қорғайды. Бұл дәлел негізсіз: 1-ден, екінші Думаның сайлауында, *«Речьтің» деректері бойынша,* солшыл блок болған 22 ірі қалада кадеттер 74 мың дауыс, ал солшылдар 41 мың дауыс алған. Демек, солшылдардың жария үгіт ісінде таңданарлық әлсіздігіне (күнделікті газеттердің мүлде жоқтығына, ашық бюролардың және т. т. мүлде жоқтығына) қарамастан, трудовиктер мен социал-демократтар кадет дауыстарының үштің бірінен көбін бірден-ақ жеңіп алды! Демек, кадеттер тіпті де жалпы қалалық *«демократия»* өкілі емес, қалалық буржуазияның *жоғарғы тобының,* яғни нақ либерал буржуазияның өкілі болып шығады. 2-ден, барлық елдердегі либерал буржуазия қала мен деревнядағы ұсақ буржуазияның төменгі топтарының көптеген элементтерін өз соңынан ұзақ уақыт ертті, бірақ бұдан ол тіпті де *демократиялық* партия, *бұқара* партиясы болған жоқ. Социалистердің қалалық ұсақ буржуазиялық кедейлер бұқарасына *демократиялық* гегемония жүргізу үшін либералдармен күресі дегеніміз ұзақ та қиын күрес. Кадеттерді бірден «қалалық демократия» деп жариялау — осы күрестен *бас тарту, пролетарлық* істен бас тарту, ол істі либералдардың қолына беру деген сөз. 3-ден, либерал *помещиктердің* әлі де болса кадеттер партиясының *таптық тіректерінің* бірі болып табылатындығын теріске шығару — жалпыға белгілі саяси, экономикалық фактілерге: Думадағы кадеттік фракция құрамының, әсіресе, буржуазиялық интеллигенцияның, адвокаттардың және т. т., помещиктермен тығыз байланыстылығының, біріншілердің соңғыларға тәуелділігінің фактілеріне де зорлық жасау деген сөз. Кадеттік аграрлық саясат *дегеніміз*

---

* Талданып отырған платформада кадеттердің қалалық буржуазиялық демократияның партиясы екені тура *айтылмаған,* бірақ бүкіл текст пен барлық қорытындылардың мәні дәл осындай. Меньшевиктік баспасөздің «түсіндірулері» дәл осындай. Платформаның жеткізе айтылмауы түрлі буржуазиялық партиялардың таптық мәні туралы және біздің оларға көзқарасымыз туралы мәселені съездің алдына қоюдың қаншалық қажет екендігін үсті-үстіне баса көрсетіп отыр. Мұнысыз ұстамды тактиканың болуы мүмкін емес.

либерал помещиктің саясаты. Помещиктердің ішінде либералдар азая түскен сайын кадеттік аграрлық саясат дәрменсіз буржуазиялық интеллигенттің тарапынан «әлеуметтік татулық» жөніндегі игі тілегіне соғұрлым тезірек айналатын болады. Октябрист-помещиктің трудовик-шаруамен ымыраласуы және жарастықпен келісуі туралы арман ете беруден кадеттер «демократияшыл» болмайды *.

* *
*

Либерал буржуазия мен шаруалардың қарым-қатынасын анықтаудағы түбегейлі қате меньшевиктердің бүкіл «тактикалық платформасының» өне бойын бойлап өтеді. Осы қате пікірді олардың тағы да бір тұжырымдауы мынадай:

«Түгелдей өзімен-өзі болған және қалалық демократия жеткілікті қолдамаған (!!) пролетариат басымыздан кешіріп отырған жалпы революцияда қалалық демократияның үлесіне тиетін прогрестік рольді елемеуге (октябрь-декабрь кезеңінен кейін) бейімделді және, осыған сәйкес, қалалық демократия жөнінде сыңаржақ-дұшпандық позиция ұстады... Қалалық буржуазияның тарихи ролін пролетариаттың теріс ұғынып қалуының нәтижесінде, пролетариат өзінің бүкіл революциялық үміттерін тарихи сахнаға шығып отырған шаруалардың қозғалысына сыңаржақ арта бастап отыр».

Мұның өзі орыс социал-демократиясы бір бөлегінің 1907 жылы «өзін ұмытуын» сипаттау үшін тарихқа енуге тиісті тамаша жерлер.

Мұның өзі артық та емес, кем де емес социал-демократтардың либералдар алдында түгелдей тәубеге келген сөзі ғой! Ойлап көріңіздерші: екінші Думаның ке-

* Жұртқа мәлім, оңшыл кадеттер, оның ішінде Струве мырза да, екінші Дума председателінің орынбасарлығына октябрист Капустин мен трудовик Березинді сайлауды ұсынған болатын. Мен бұл жоспарды либералдық... «тапқырлықтың» «тамаша» көрінісі деп атауға әзірмін. Шынында, *объективті* түрде іс дәл осылай: кадеттің *тарихи миссиясы* октябрист-помещик пен трудовик-шаруаны ымыраластыруда болып отыр. Солшыл кадеттер солшылдардан қорыққанынан мұны ашықтан-ашық көрсеткісі келмеді. Бірақ бұл соған қарамастан талассыз факт. Істің объективті жағдайы октябрист-помещиктерді трудовик-шаруалармен ымыраластыру арқылы революцияны тоқтатуды кадеттердің тарихи міндеті етіп отыр. Және керісінше: егер де октябрист-помещиктердің де, трудовик-шаруалардың да негізгі экономикалық мүдделерін бірге «қанағаттандыруға» мүмкін болатын жағдай болса ғана Россия революциясы аяқталмай, ақырына дейін жеткізілмей қалуы мүмкін.

зінде, Думаның қаражүздік қанаты мен сол қанатының арасында саяси ұшқарылықтардың ушығуы айқын көрініп отырғанда, өріс алып келе жатқанын ешкім теріске шығаруға тәуекел ете алмай отырған революциялық дағдарыс болып отырғанда, әлсіреген либералдық «орталық» (кадеттер) оңға қарай айқын ойысып отырғанда, демократияшыл шаруалар сайлауда либералдарды ығыстырып отырғанда,— либералдарға «сыңаржақ дұшпандық» жөнінде, олардың прогрестік ролін *елемеу* жөнінде *либералдардың алдында ашықтан-ашық өкінетін* социал-демократтар табылып отыр! Сайып келгенде мұның өзі немене? Социал-демократиялық жұмысшы партиясының ең көрнекті косемдерінің съезд алдында ойластырған, салмақтап көрген тактикалық платформасы ма әлде өзіне қолайсыз пролетарлық жағдайда мұңға батқан ұсақ буржуазияшыл интеллигенттердің байбаламы ма?

«Пролетариат қалалық демократия жөнінде сыңаржақ-дұшпандық позиция ұстады...». Бұл неден көрінеді? Біз өткен жылдың саяси оқиғаларын бір-бірлеп еске түсіріп көрейік. Бойкот жасаудан ба? Бірақ бұл, 1-ден, Бірігу съезіне дейін болды, ал платформаның авторлары одан кейінгі оқиғаларға шолу жасап отыр. Ал, 2-ден, бұл арада «қалалық демократияның» не қатысы бар? Жоқ, сірә, әңгіме бойкот туралы болмаса керек. Думалық министрлік талабын қолдау туралы, кадеттермен блоктар жасасу туралы болып отырса керек. Мұнда *пролетариат* тіпті де қалалық демократия жөнінде емес, *кадеттер* жөнінде, шынында, дұшпандық көзқарас білдірген еді.

Ал *пролетариаттың* осы дұшпандық көзқарасын партияда сол кезде кім білдірген болатын? Большевиктер...

Платформаның авторлары үлкен шындықты, атап айтқанда, большевиктер «думалық» министрлік талабын қолдауға қарсы және кадеттермен блок жасасуға қарсы ашқан өз соғысында *пролетариаттың* саясатын білдіргенін аңдамай айтып салды. Мұнысы әділ айтылған. Ал либералдарға дұшпандық көзқарасты жұмсарту жөнінде жұмысшы партиясының ұсақ буржуазиялық бөлегі ғана арман етеді.

...«Қалалық демократия жеткілікті қолдамаған» пролетариат...

Біріншіден, мұнда либералдарды (кадеттерді) қалалық демократиямен шатастырудың қателігі әсіресе айқын көрінеді. «Солшыл блок» сайлауда, «Речьтің» деректеріне қарағанда, 22 қалада — оның ішінде меньшевиктік ұйымдарда да болды. Бұл қалаларда пролетариатты кадеттерге қарсы *қалалық демократияның* едәуір дәрежеде қолдағаны (солшыл блок үшін 41 мың, кадеттер үшін 74 мың дауыс) күмәнсыз. Бұдан шығатын қорытынды — мүлде меньшевиктердің пайдасына емес: пролетариат либерал буржуазияға қарсы қалалық (және селолық) ұсақ буржуазиялық демократияны өз жағына тарта алады және тартуға тиіс.

Екіншіден, меньшевиктер пролетариатты либералдардың *жеткіліксіз қолдауы* туралы айтқанында, олар пролетариатты либералдық қолдаудың *құнын* түсіне ме екен? Өйткені олар платформаға неғұрлым нақты емес, неғұрлым тиянақсыз сипат беруге қаншалықты тырысқанымен, олардың платформасы мүлде уақыттан және кеңістіктен тыс жазылып отырған жоқ, 1907 жылы жазылып отыр ғой. 1902—1904 жылдары, тіпті 1905 жылы октябрьге дейін Струве мырза да, жалпы либералдар да пролетариатты өздерінің қолдайтындығы туралы талай рет мәлімдеді және самодержавиеге тегеурін көрсетуде пролетариатты іс жүзінде қолдап отырды.

Ал 1905 жылғы октябрьден кейін ше? *Декабрьдің өзінде-ақ және декабрьден кейін* либералдардың пролетариаттан теріс айналғанын және оның революциялық күресін қолдау атаулыны тоқтатқанын меньшевиктердің білмеуі мүмкін емес.

Мынадай сұрақ туады: кім жөнінде кім сыңаржақдұшпандық позиция ұстады?

Либералдар жөнінде пролетариат ұстады ма?

Әлде пролетариат жөнінде, революция жөнінде либералдар ұстады ма?

Әлде пролетарлық таптық күрестің тактикасы жөнінде меньшевиктер ұстады ма?

* *
*

«Сыңаржақ дұшпандық» деуге дейін барған меньшевиктер 1905 жылғы октябрьден кейін Россия революциясына деген екі көзқарасты мейлінше айқын салыстырған. Либералдық көзқарастың — 1848 жылды «есуастық жыл» деп жариялаған неміс Трейчкелерінің орыс жақтаушылары көзқарасының — мәні мынада: пролетариат либерализм жөнінде, конституциялық жариялылық жөнінде, монархиялық конституция жөнінде, құнын төлеп алу және т. т. жөнінде сыңаржақ-дұшпандық позиция ұстады.

Пролетариат көзқарасының—бүкіл Европа социалистерінің Европа буржуазиялық революцияларына деген көзқарасына ұқсас көзқарасының мәні мынада: либерал буржуазия революция жөнінде, бостандық жөнінде, демократия және т. т. жөнінде сыңаржақ-дұшпандық позиция ұстады.

Меньшевиктер жұмысшы партиясын екінші көзқарастан бірінші көзқарасқа ойыстыруға тырысады.

Жұмысшы партиясы меньшевиктердің мұндай әрекетінің бәрін меньшевиктерді жұмысшы партиясынан либералдарға ойыстыруға ұмтылумен қарсы алады.

* *
*

Меньшевиктер жалпы жұмысшы партиясын либералдардың шылауына айналдыруға тырысады деп біздің тіпті де айтқымыз келіп отырған жоқ. Жұмысшы партиясы ішіндегі оппортунистердің оның қатарынан тыс либералдардан айырмашылығының өзі мынада: біріншілер өз партиясына шын ниетімен қызмет істей береді, бірақ сонымен қатар пролетариатты либерализмге саяси жағынан бағындыруға *әкеп соғатын* теріс, тұрақсыз тактикалық позиция ұстайды.

Осы теріс позицияның мынадай «қасіретті» қасиеті бар: большевиктерге тиіспек болып, меньшевиктер пролетариатқа, революцияға деген пролетарлық көзқарасқа тиіседі. Меньшевиктердің тиісуі шынымен принципті болғанда, яғни екі түрлі тактиканың себептері

туралы мәселені қозғағанда, әрдайым осылай болады. Басқаша тиісулер принципті емес; оқушыларға: біздің алдымыздағы платформа ма әлде либералдық айтыс мақала ма? деген сұрақ қою үшін ондай тиісулерді тек қысқаша көрсетіп өтуге болады.

Мысалы, «платформадан» біз мынаны оқимыз: «пролетарлық бұқара» (sic!*) «пролетариаттың өзінің ішкі қозғалысының дамуына тәуелсіз (!!) туатын және самодержавиенің орнына бір-ақ соққымен (!!) еңбекші таптардың саяси үстемдігін қоятын кенеттен жасалатын (!!) көтерілістің саяси кереметінің туатынына сенуге бой ұрады».

Мұндай нәрселерді «пролетариат бұқарасына» осыған дейін *осындай* формада тек либералдық газеттер ғана таңып келді. Мұнда жалпы көтеріліс туралы әңгіме етуге меньшевиктерді ненің мәжбүр еткені бізге түсініксіз. Бірақ тактикалық платформадағы көтеріліс туралы мұндай сөздер,— цитат етіп келтірілген сөздерден басқа, көтеріліс туралы бірде-бір сөз жоқ жерде,— мынандай сұрақты туғызбай қоймайды: «меньшевиктік платформа» дегеннің орнына бұдан былай: «либералдық платформа» деп айтуға болмас па екен?

1907 ж. апрельде мына жинақта басылған: «Тактика мәселелері», I. С.-Петербург, «Новая дума» баспасы
Қол қойған: Н. Ленин

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

* — солай! *Ред.*

АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ ЖӘНЕ РЕВОЛЮЦИЯ КҮШТЕРІ

Трудовиктердің және Шаруалар одағы мүшелерінің органы «Трудовой Народ»[92] газеті шаруалар үшін «өмір мәселесі» болып табылатын жер мәселесі жөнінде Дума ішіндегі күштердің арасалмағын анықтайды.

«Жер мәселесінде, еңбекші халықтың мүдделері үшін, трудовиктердің (100), халықтық-социалистердің (14) және социалист-революционерлердің (34) бір ауызды болуы мүмкін; барлығы 148 адам. Социал-демократтар да (64) жер мәселесінің көптеген пункттері жөнінде олармен бірге болады делік, *барлығы 212 адам*.

Ал жер мәселесінде бұлардың бәріне кадеттер (91), поляк колосы (46), партияда жоқтар (52), октябристер мен баяулар (32), — *барлығы 221 адам* қарсы болады.

Қарсылар көп. Біз мұсылмандарды да (30), казактарды да (17) есепке алғанымыз жоқ; ең жақсы дегенде, олардың жартысының солшылдар жағына, жартысының оңшылдар жағына шығуы мүмкін: бәрібір трудовиктердің жер заңын жақтаушылардан гөрі қарсылар көп».

Бұл есепке тағы да монархистер (22) кірмей қалған, бірақ оларды қосу трудовиктердің қорытындысын тек күшейте түседі.

Бұл қорытындының екі жағынан көңіл бөлерлік жайы бар: біріншіден, ол қазіргі орыс революциясындағы қоғамдық күштердің арасалмағы туралы негізгі мәселені айқындайды; екіншіден, азаттық қозғалысында Думаның және думалық күрестің маңызын анықтауға көмектеседі.

Болып жатқан қоғамдық-экономикалық төңкерістің мазмұны жағынан біздің революциямыздың *буржуазия-*

лық революция екендігіне барлық социал-демократтардың көзі жетеді. Мұның мәнісі — бұл төңкеріс капиталистік өндірістік қатынастар негізінде болып жатыр және төңкерістің нәтижесі қалай да нақ осы өндірістік қатынастардың одан әрі дамуы болып табылады деген сөз. Түсініктірек етіп айтқанда: ең толық *бостандық* тұсында да, *жер* үшін күресте шаруалар мейлінше толық жеңіске жеткенде де, бүкіл қоғамдық шаруашылық рыноктың өктемдігіне, ақшаның өктемдігіне бағынып *қала береді*. Жер үшін күрес, бостандық үшін күрес дегеніміз буржуазиялық қоғамның өмір сүру жағдайлары жолындағы күрес, өйткені ең демократиялық республика тұсында да, «барлық жер халыққа» қалай көшкен жағдайда да *капиталдың* үстемдігі қала береді.

Маркстің ілімімен таныс емес адамға мұндай көзқарастың таңқаларлық болып көрінуі мүмкін. Бірақ мұның дұрыстығына көзді жеткізу қиын емес: ұлы француз революциясын, оның нәтижелерін, Американың «еркін жерлерінің» тарихын және т. т. еске түсірсе болғаны.

Қазіргі революцияны буржуазиялық деп атап, социал-демократтар оның міндеттерін әсте төмендеткісі келмейді, оның маңызын кішірейткісі келмейді. Қайта керісінше. Пролетариаттың неғұрлым ежелгі тарихи жаулары құлатылмай тұрып, жұмысшы табының капиталистер табына қарсы күресі жеткілікті түрде кең өрістеп, жеңіспен аяқтала алмайды.

Сондықтан қазіргі кезеңде пролетариаттың басты міндеті — неғұрлым толық бостандықты жеңіп алу және помещиктік (крепостниктік) жер иеленуді неғұрлым толық жою. Ескі, жартылай крепостниктік қоғамды демократиялық жолмен толық қиратататын осындай жұмыста ғана пролетариат дербес тап ретінде толық нығая алады, «бүкіл правосыз халыққа» ортақ демократиялық міндеттерден өзінің ерекше, яғни социалистік, міндеттерін бөліп шығара алады және социализм жолында неғұрлым еркін, кең және күшейтілген күрестің өзіне ең жақсы жағдайларын қамтамасыз ете алады. Аяқталмаған, ақырына дейін жеткізілмеген буржуазия-

лық-демократиялық азаттық қозғалысының тұсында пролетариаттың өз күштерін пролетарлық-таптық, яғни социалистік міндеттерге емес, жалпы демократиялық, яғни буржуазиялық-демократиялық міндеттерге анағұрлым көбірек жұмсауына тура келеді.

Бірақ социалистік пролетариат дербес және жетекші күш ретінде — буржуазиялық революцияны жасай ала ма? Буржуазиялық революция деген ұғымның мәнісі — оны тек буржуазия жасай алады деген сөз емес пе?

Осы көзқарасқа келгенде меньшевиктер жиі шатасып жүр. Бірақ бұл көзқарас марксизмді келемеж ету болып табылады. Өзінің қоғамдық-экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық болып табылатын азаттық қозғалысы өзінің қозғаушы күштері жағынан буржуазиялық болмайды. Оның қозғаушы күштері буржуазия емес, қайта пролетариат пен шаруалар болуы мүмкін. Мұның мүмкін болатын себебі не? Себебі — пролетариат пен шаруалар крепостниктік тәртіптің қалдықтарынан буржуазиядан гөрі көбірек зардап шегеді, бостандыққа және помещиктік езгіні құртуға буржуазиядан гөрі көбірек мұқтаж болады. Мұның керісінше, толық жеңіс буржуазияға қатер туғызады: пролетариат толық бостандықты буржуазияға қарсы пайдаланады және бостандық неғұрлым толық болса, помещиктік өкіметті жою неғұрлым толық болса, оны соғұрлым оңай пайдаланады.

Осыдан келіп — буржуазия буржуазиялық революцияны жарты жолда, жартылай бостандықпен, ескі өкіметпен және помещиктермен мәмлеге келумен аяқтауға тырысады. Бұл әрекеттің түп-тамыры буржуазияның таптық мүдделерінде жатыр. Бұл әрекеттің 1848 жылғы герман буржуазиялық революциясында айқын көрінгені соншалық, коммунист Маркс сол кезде пролетарлық саясаттың барлық өткір күшін «келісімпаз» (Маркстің сөзі) либерал буржуазияға[93] қарсы бағыттады.

Бізде Россияда буржуазия одан да гөрі қорқақ, ал пролетариат 1848 жылғы неміс пролетариатына қарағанда анағұрлым саналы және жақсы ұйымдасқан. Бізде демократияшыл шаруалар бұқарасы толық бос-

тандық үшін және барлық жер үшін күресте пролетариаттың соңынан ерген күнде ғана «келісімпаз» либерал буржуазияға қарамастан, буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың толық жеңуі мүмкін.

Екінші Дума бұл бағаны бұдан да айқынырақ дәлелдеді. Либерал буржуаны, кадеттерді оңшылдарға қосу керек екенін, ал шаруалар мен жұмысшыларды солшылдарға қосу керек екенін қазір тіпті шаруалар да түсініп алды. Рас, «трудовиктер», халықтық-социалистер, социалист-революционерлер *іс жүзінде* түгелдей либералдардың саяси *құйыршығы* болып, буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқып отыр. (Головинді жақтап дауыс беру, «үндемей қалу тактикасы», бюджетті комиссияға тапсыруға келісім беру және басқалары және т. т. [94]). Бұл ауытқулар кездейсоқ емес. Бұл ауытқулар ұсақ буржуазияның таптық жаратылысынан туындайды.

Жер мәселесі сияқты өте зәру мәселеде кадеттерді оңшылдарға қосу керек болатын себебі не? Себебі, кадеттердің аграрлық саясаты дегеніміз шын мәнісінде *помещиктік* саясат. Кадеттердің «күштеп иеліктен айыруы» дегеніміз іс жүзінде *помещиктердің шаруаларды күйзелерлік* құнын төлеуге *мәжбүр етуі,* өйткені іс жүзінде төлемдердің мөлшерін де, салықтардың мөлшерін де *помещиктер белгілейді:* жергілікті жерлерде помещиктер чиновниктермен бірге жер комитеттерінде басым болады (бірінші Думада кадеттер жер комитеттерін жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайлауға қарсы болды), ал орталық жалпы россиялық заң шығару орындарында помещиктер Мемлекеттік совет арқылы үстемдік етеді және т. т. Кадеттік «либерализм» дегеніміз шаруаны помещикпен *бітістіретін* және *помещиктің пайдасына* бітістіретін буржуазияшыл адвокаттың либерализмі *.

---

* Кадеттердің помещиктік сипаты туралы тек митингілерде айтуға болады деген «Речьтің» сөздері жөнінде тағы да мынаны қоса айтайық: «II Мемлекеттік думаның мүшелері» (СПБ. 1907) деген белгілі кітап бойынша біз 79 анық кадетті есептеп шығардық; *олардың ішінде 20 помещик бар. Тучковты, Богуславскийді, Бигловты,* Бакунинді, *Родичевті, Богдановты,* Салазкинді, *Татариновты, Стаховичті, Иконниковты, Савельевті, Долгоруковты, Челноковты, Головинді, Перелешин-*

Екінші мәселеге көшейік. Кадеттер мен оңшылдар — Думаның көпшілігі. *«Бұдан қалай құтылу керек?»* деп сұрайды «Трудовой Народ». Мұның жауабы оңай: «бұдан құтылу» үшін таза думалық сөз жарыстырулардан аулақ болу керек.

Бұл — солшылдар Думада көпшілік болған жағдайда да қажет болар еді, өйткені Думада билік жоқ, сондықтан Мемлекеттік совет Думаның *кез келген* жобасын помещиктердің мүддесі үшін *«жақсартады»*. Бұл қазіргі уақытта да қажет,— субъективтік-партиялық мағынада емес, қайта объективтік-тарихи мағынада қажет: *мұнсыз* жер туралы мәселенің помещиктерге *ғана* пайдалы болып шешілуі мүмкін.

«Наше Эхо» № 7,
1 апрель, 1907 ж.

«Наше Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

əрдің екеуін де, *Волоцкийді*, Иорданскийді, Черносвитовты атайық. Асты сызылғандар дворяндардың жетекшілері, земство бастықтары және земство басқармаларының председательдері.

ҚАУҚАРСЫЗ ДУМА НЕМЕСЕ ҚАУҚАРСЫЗ ҰСАҚ БУРЖУАЗИЯ

Кадеттерден солшылдау тұрған күнделікті баспасөз органдарының саны аз-аздап көбейіп келеді. Думаның кадеттер мен социал-демократтар арасында тұрған солшыл бөлегінің даусы көтеріңкі шығып келеді.

«Халықтық социалистердің» күнделікті баспасөзінің шығуы жаңалық болып отыр. Олардың газеті — «Общественное Дело» [95] (1 апрель, жексенбі) шағым етудің, өкінудің, опынудың өте-мөте ерекше және мәнді сарынына бірден көшті.

Олар не деп шағым етеді? Дума «анемиялы» (яғни, жай сөзбен айтқанда, қауқарсыз, қан-сөлсіз жүдеу) деп шағым етеді.

Олар неменеге өкініп отыр? «Думаны сақтаңдар» деген ұранның ұзақ үстемдік етіп отырғанына өкінеді.

Олар неменеге опынып отыр? Кадеттер тактикасына өздерінің көмектескеніне опынады.

Рас, бұл опыну толық, нағыз, шын жүректен шыққан опынудан,— жұртқа мәлім нақыл сөз бойынша, жартылай түзелу болып табылатын опынудан аулақ жатыр. «Халықтық социалистер» опынуының жалғандығы соншалық — өздерінің опынған бірінші номерінде-ақ бізге ызалы жауап береді, оларша, біздер, социал-демократ большевиктер, «алауыздықтарды шешкенде дұшпанды надан, сорлы деп атап шешетін» көрінеміз және т. т., біздер дұшпанды «келісімпаздық жолға түсті» деп *«іс жүзінде теріс»* жазғыратын көрінеміз.

Егер бұл мәселе бүкіл екінші Думаға баға беруде,— ол былай тұрсын: бүкіл Россия революциясына баға беруде шешуші маңызы бар мәселелермен тығыз және тікелей байланысты болмаса, халықшылдық опынудың шындығы немесе жалғандығы туралы мәселемен біз оқушыны, әрине, алаң етпеген болар едік.

Халықшылдар,— Думаның осы үш фракциясы, бірқатар негізгі мәселелерде ынтымақтас, азды-көпті бір ауызды ортақ саясат жүргізеді, белгілі бір дәрежеде орыс халқының орасан зор бұқарасының мүдделері мен көзқарасын білдіреді.

Депутаттардың бұл категориясының арасында бәрінен де шаруалар көп, сондықтан шаруалардың қалың бұқарасының өз қажеттерін (және өз соқыр сенімдерін) Дума депутаттарының басқа бір категориясы арқылы емес, нақ осы категориясы арқылы бәрінен де гөрі дәл білдіргеніне таласуға бола қояр ма екен. Демек, халықшылдардың Думадағы саясаты туралы мәселе шаруалар бұқарасының саясаты туралы мәселеге байланысты, ал шаруалар бұқарасының қатысуынсыз азаттық қозғалысының жеңуі туралы соз болуы да мүмкін емес.

Социал-демократтар алауыздықты ұрыс-керіспен шешеді-міс немесе трудовиктерді (яғни халықшылдарды) келісімпаз деп бекерден-бекер жазғырады-мыс деп халықтық социалистер көрінеу көзге сорақы өтірік айтады. Бұл — өтірік, мырзалар, өйткені екінші Думаның қызметінің *ең бастапқы кезінен-ақ,* халықшылдарға және оларға қарсы күреске ешқандай қатыссыз-ақ, социал-демократтар «Думаны сақтаңдар» деген атышулы ұранға өздерінің бағасын *берген болатын,*— енді сіздер, аяқтарыңды сүйрете басып, сол бағаға қарай келе жатырсыздар.

««Думаны сақтаңдар!»,— деп жазды *21 февральда* біздің әріптесіміз Н. Р.,— буржуазиялық сайлаушылар күн құрғатпай айтып жүрген және кадеттік баспасөз сияқты буржуазиялық баспасөз ғана емес, «Товарищ» сияқты «солшыл» баспасөз де қайталап жүрген ұран осы... Думаны сақтаудың сырын қаражүздік-октябристік баспасөз бен үкімет әлдеқашан ашты. Егер Дума «іске қабілетті» және «заңның тілін алғыш» болса, яғни егер ол жасқаншақтықпен жалынудан, мүсәпірсіп өтініш айтудан әрі

баруға тәуекел ете алмай, үкіметтің алдында құлдық етіп бас ұрса, Думаны сақтау оңай. Егер Дума бүкіл халықтық азаттық ісіне опасыздық істесе және ол істі қаражүздік топқа құрбандық етсе, Думаны сақтау оңай. Егер өкімет бұрынғы қолда қалса ғана, Думаны осындай жағдайда ғана сақтауға болады. Бұл — жұрттың бәріне айқын болуға тиіс, мұны ұмытуға болмайды. Бірақ Думаны опасыздық істеу арқылы сақтауға болар ма! Бұл сұраққа социал-демократия: еш уақытта болмайды! — деп бар даусымен, айқын жауап береді. Опасыз Думаның пролетариат пен шаруаларға керегі жоқ. Москва шаруаларының да өз депутатына берген тапсырмасында: «Сендерді қуып жіберсін, бірақ халықтың тілегіне опасыздық істеме» деп мәлімдеуі де тегін емес. Егер Дума негізінен үкіметті ашуландырмаудың қамын ойластыратын болса, ол халықтың сенімінен айрылады, ол өзіне жүктелген міндетті: реакцияны жеңу үшін және азаттық қозғалысының салтанат құруы үшін мүмкін болғанынша халық бұқарасын ұйымдастыруға жәрдемдесу міндетін орындамайды... Тек күштілерден ғана қорқады. Тек күштілерді ғана қадірлейді. «Думаны сақтаңдар» деп жанталаса зарлау ерікті халыққа және оның қалаулыларына лайық емес».

Бұл екінші Дума ашылғаннан кейінгі *екінші күні* жазылған. Анық жазылған да тәрізді!

Өздерінің әдебиетінде де, жалпы саясатында да, Думада да ұсақ буржуазияның әр алуан топтарының, ұсақ қожайындардың (қалада, бірақ әсіресе деревняда, яғни шаруалардың) өкілдері болып табылатын халықшылдар социал-демократтардың шындықты айтқанын енді түсіне бастады. Оқиғалар біздің саясатымызды *дәлелдеді*.

Бірақ «тым кешігіп келмеу» үшін, «ақылы түстен кейін енетін» саясатшыға айналмау үшін,— оқиғалардан үйрену жеткіліксіз. Оқиғалардың барысын *түсіну* керек, әр түрлі партиялардың және бүкіл Думаның саясатын *белгілейтін* таптардың арасындағы *негізгі* арасалмақтарды түсіну керек.

«Думаны сақтаңдар» деген — кадеттік саясатты білдіретін кадеттік ұран. Оның мәні неде? Халықтың талаптарына қарсы реакциямен келісім жасасуда. Бұл келісім неден көрінеді? Реакция белгілеген мекемелерге, қызмет шеңберлеріне бағындырудан көрінеді. Бостандықтың талаптары мен халықтың талаптарын сол шеңберлерге *сыятын* болымсыз, бейшара, жалған «ре-

формаларға» айналдырудан көрінеді. Либералдардың бұл саясатын социал-демократтар неліктен опасыздық саясат деп атайды? Өйткені сәтсіз болған барлық буржуазиялық революциялардың жеңілуі әрқашан либералдардың реакциямен келісім жасасуының салдарынан ғана, яғни *іс жүзінде* олардың халық бостандығынан реакция жағына шығуының салдарынан ғана мүмкін болды. Революциядағы либералдық реформизм дегеніміз халық бостандығына опасыздық істеу. Ал оның өзі кездейсоқ жағдайдан туып отырған жоқ, халықтан, әсіресе, жұмысшы табынан *қорқатын* буржуазияның және помещиктердің бір бөлегінің таптық мүдделерінен туып отыр.

«Думаны сақтаңдар» деген ұранның маңызды болатын себебі де оның әлгі опасыздық саясаттың *жалпы* бағытын айқын білдіретіндігінен. Оның жекелеген көріністері: декларацияға жауап ретінде *үндемей қалу* тактикасы, азық-түлік және жұмыссыздар жөніндегі комиссиялардың міндеттерін қысқарту, Думадағы сөздерді қысқарту, Думаны комиссияларға бөлшектеу, бюджетті комиссияға тапсыру және басқалары.

Халықшылдар, ұсақ буржуазияның өкілдері, кадеттердің осы саясатын *қолдап келді және қолдап отыр.* Халықшылдар қалыс қалудың орнына Головинді жақтап дауыс берді. Халықшылдар бейшаралық «үндемей қалу тактикасына» қатысты, халықтық социалистер де, *эсерлер де* қатысты. Социал-демократтар қайтадан ықпал жасағанда ғана барып халықшылдар *кадеттерден бөліне бастады.* Бірақ қазір трудовиктер де, халықтық социалистер де, социалист-революционерлер де кадеттерге қарсы күресу және оларды Дума трибунасынан әшкерелеу *міндетін түсінбей,* өздерінің бүкіл саясатында ауытқып отыр.

Бұл ауытқулар — *ұсақ буржуаның қауқарсыздығының* нәтижесі.

Бір бөлегі революциядан шаршаған, бір бөлегі (әлеуметтік) жаратылысынан ауытқушы және солқылдақ ұсақ буржуаның «қауқарсыздығы» — «Дума қауқарсыздығының» негізгі себебі. Сондықтан біз халықшылдарға: айнаға өкпелеме... дейміз.

Өз саясатыңызда қауқарсыз болмаңыздар, кадеттерден қол үзіңіздер, пролетариатқа батыл еріңіздер, Думаны *сақтауды* либералдарға беріңіздер, ал өздеріңіз азаттық қозғалысының мүдделері мен дәстүрлерін ашық, батыл және берік қорғаңыздар — міне, сонда сіздердің опынуларыңыз, шын мәнінде, «жартылай түзелу» болады!

1907 ж. 2 (15) апрельде жазылған

1907 ж. 3 апрельде «Наше Эхо» газетінің 8-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

МАСАТТАНҒАН ПАСЫҚТЫҚ НЕМЕСЕ КАДЕТТЕНУШІ ЭСЕРЛЕР

Дума бір ай өмір сүргеннен кейін халықшылдардың есіне бірдеме түсе кеткендей болып, олар Думаны сақтаңдар деген атышулы кадеттік ұранның бүкіл опасыздығын түсіне бастады... деп айтпаймын, бірақ сезе бастады деп кеше біз атап көрсеттік. Бұл жөніндегі мақалада біз: кадеттік ұран — кездейсоқ емес, буржуазия мен помещиктердің терең жатқан таптық мүдделерінен туатын саясаттың көрінісі деп көрсеттік *.

Бүгін (3 апрельде) кадеттердің басты органы «Речь» бұл мәселеге бас мақаласын арнап отыр. ««Думаны сақтаңдар» деген тактикаға қарсы солшыл газеттердің соңғы күндердегі қатты наразылықтары,— деп жазады кадеттік бас мақалашы,— едәуір қатерлі нышан болып табылады».

Солай. Солай. «Думаны сақтау» жөнінде халықшылдардың опынуын кадеттердің де байқағанына біз қуаныштымыз. Демек, біздің кешегі байқауымыз қате болмағаны ғой. Демек, ұсақ буржуазияның ішінде либерал помещиктерден жұмысшы табына қарай ойысқан *ағымның* шынында болғаны ғой. Іске сәт!

Кадеттік «Речьтің» «Думаны сақтау» тактикасын мадақтаған сөздерінің ұсқынсыздығы сонша, оларды пасықтықтың керемет үлгісі ретінде мәңгі есте қалдыруға болар еді. Тек тыңдап көріңдерші: «егер Дума өмір сүріп отырған болса, осының өзі-ақ *сіздердің* (оп-

* Қараңыз: осы том, 228—232-беттер. *Ред.*

позицияның) күш жұмсауларыңыздың саналы нәтижесі. Осының өзі сіздердің еркіңіздің оқиғаларға араласуының көзге ұрып тұрған тұңғыш нәтижесі. Осы фактілердің *болмауы* дегеніміз өзінен-өзі асқан зор маңызы бар факт, мұның өзі сіздер ойластырып, жүзеге асырған жоспардың орындалуы».

Щедриннің Россияның «ұлы» революциясына дейін өмір сүрмегені өкінішті-ақ. Ол, мүмкін, «Головлев мырзаларға» жаңа бір тарау қосар еді, ол дүре соғылған, таяқ жеген, аш, кіріптар болған мужикті: сен жағдайдың жақсаруын күтесің бе? — деп жұбатып отырған Иудушканы суреттеген болар еді. Сен аштыққа, халықты атып-шабуға, дүре мен қамшыға негізделген тәртіптерге өзгеріс жасалмағанына назаланасың ба? Сен «фактілердің жоқтығына» шағым етесің бе? Жақсылықты білмейтін надан! Осы фактілер болмауының өзі аса зор маңызы бар факт ғой! Лидвальдардың бұрынғыша қожайындық істеп отырғаны, мужиктердің «күрес поэзиясы» туралы зиянды армандарға салынбай, дүре соқтыруға бүлк етпей арқасын тосатыны өз еркіңнің араласуының саналы нәтижесі ғой.

Қаражүздіктерді жек көру қиын: соғыстағы бірқатар ұзақ шайқастардан кейін, адамдарды атуға әбден машықтанып алғаннан кейін және жарылып жатқан гранаттар мен зуылдап жатқан оқтың арасында болғаннан кейін адамның еті өліп кетеді деседі, мұнда да нақ сондай, табан астында етің өліп кетеді. Соғыстың аты соғыс,— ал қаражүздіктерге қарсы барлық жерде бір, ашық, *дағдылы* соғыс жүріп жатыр.

Бірақ кадеттік Иудушка Головлев өшпенділік пен жек көрушіліктің ең күшті сезімін тудыра алады. Бұл «либерал» помещик пен буржуазиялық адвокатты жұрт тыңдайды, тіпті шаруалар да тыңдайды ғой. Ол шын мәнісінде халықтың көзін бояйды, шын мәнісінде жұртты топастандырады ғой!..

Крушевандарға қарсы сөзбен, қаламмен күресуге *болмайды*. Оларға қарсы басқаша күресуге тура келеді. Контрреволюцияға қарсы сөзбен, қаламмен күресу дегеніміз, ең алдымен, бәрінен бұрын «халық бостандығы» үшін, «демократия» үшін саяси тоқырауды, халық-

тың үндемеуін, тоғышарға айналдырылған азаматтың пәстігін, «фактілердің болмауын» жыр қылатын жексұрын екіжүзділерді әшкерелеу деген сөз. Осы либерал помещиктер мен буржуазиялық адвокаттарға қарсы күресу керек, олар халықтың үндемеуіне және контрреволюцияның үстемдігіне «әдепсіздікпен» ашу-ыза білдірушілерді тәтті сөздермен жұбатып, өздерін ешбір жаза тартпай, қаймықпай «мемлекеттік қайраткер» етіп көрсете алатынына дән риза.

Мынадай сөздерді жайбарақат тыңдауға және оған өлтіре жауап бермей қалдыруға болар ма:

> «Таврический сарайындағы таластар күндізгі түскі тамақ, кешкі театр сияқты сөзсіз қажеттілік ретінде көрінетін, күн тәртібі жұрттың бәрін бірдей емес, белгілі бір адамдарды әдейілеп (!!) қызықтыратын, жалпы саясат туралы таластар сирек кездесіп, мағынасыз шешендікке салыну тыңдаушылардың жоқтығынан іс жүзінде мүмкін болмайтын күнді,— міне, сол күнді Россиядағы өкілдік басқарманың түпкілікті салтанат құрған күні деп құттықтауға болады».

Бұл сен ғой, Иудушка! Дүре соғылғандар «айтысудың» орнына есінен танып үндемейтін күн, либерал Иудушкаларға күндіз түскі тамақ, кешке театр қандай қамтамасыз етілген болса, помещиктерге помещиктік ескі өкімет («либералдық» реформалармен *күшейтілген)* нақ сондай қамтамасыз етілетін күн,— міне, сол күн «халық бостандығының» түпкілікті салтанат құрған күні болмақ. Контрреволюция түпкілікті салтанат құрған күн конституцияның түпкілікті салтанат құрған күні болмақ...

Буржуазияның Европадағы барлық опасыздықтарының тұсында *осылай болды. Осылай болады...* Россияда да осылай болар ма екен, мырзалар?

«Сақтауды» жақтаушылар солшыл партиялардың арасында да болды және бар, деп Иудушкалар өздерін ақтауға тырысады. Біздің бағымызға, бұл жолы Иудушкалар адастырғандардың арасында социал-демократ емес, эсер жүр. Кадеттермен «ынтымақтасуға» шақыратын, оларға қарсы күрестің уақыты жеткендігіне және қажеттігіне дау айтатын қайдағы бір эсердің Таммерфорста сөйлеген сөзінен кадеттер цитат келтіреді.

Біз ол сөзді білмейміз, одан «Речьтің» цитатты қаншалықты дұрыс келтіріп отырғанын білмейміз.

Бірақ біз жеке сөзді емес, эсерлердің соңғы съезінің *қарарын* білеміз,— және бұл қарар *шынында да* либерал Иудушка басын айналдырып қойған ұсақ буржуаның топастанғанын білдіреді.

Социалист-революционерлер партиясының ресми органында [96] (1907 жылғы 8 марттағы 6-номері) бұл қарар басылып шықты және бұрын, февральда газеттер бұл қарардан үзіндіні дұрыс келтірген көрінеді. Қарарда шынында да тайға таңба басқандай былай деп жазылған: «съезд (эсерлер партиясының съезі) былай деп табады: әрбір жеке топтың оқшаулана әрекет жасауы және шиеленіскен фракция аралық күрес жағдайында Дума ішінде партияның мейлінше топ-топ болып бөлінуі оппозициялық көпшіліктің жұмысын әлсіретіп, сол арқылы еңбекші таптардың көз алдында сол халық өкілдігі идеясының беделін түсірер еді». «Речь» сол кезде-ақ (22 февральда) осы пасықтықты мақтаған болатын. Біз сол кезде-ақ (23 февральда) оны жарыққа шығарып, мұндай съезд қарарының ұсақ буржуазиялық тегі мен либералдық-сатқындық мәнін көрсеткен едік *.

Иудушканың сүйгенінен қайсыбір эсер көсемі саяси жағынан өле ме, жоқ па,— бізге мұның бәрібір. Бірақ эсерлер съезінің *кадеттік қарары* солқылдақ социал-демократтарды сақтандыру үшін, пролетариат пен революцияшылсымақ эсерлердің арасындағы байланыс атаулыны үзу үшін жұмысшылар алдында мың мәрте айтылуға тиіс.

1907 ж 3 (16) апрельде жазылған

1907 ж. 4 апрельде «Наше Эхо» газетінің 9-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

---

* Қараңыз осы том, 53—57-беттер. *Ред.*

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ФРАКЦИЯ ЖӘНЕ ДУМАДАҒЫ 3 АПРЕЛЬ

Рига түрмесіндегі кісі өлтірушіліктер мен азаптаушылықтар туралы және 74 адамды әскери-дала сотына тарту туралы сұрау қойылуына байланысты Мемлекеттік думада болған жанжалға қайта оралуға тура келеді. Мұны істеуге тура келетін себебі, айтар болсақ, мынау дейміз біз: әйтеуір бір себептермен «Народная Думаға» оқиғалардың шын мазмұнын күңгірттеу және сол арқылы Думадағы социал-демократиялық фракцияның бұл істегі әрекетінен туып отырған өте қолайсыз әсерді күшейте түсу қажет болды.

Рас, «Народная Дума» да Думада сұрау қоюдың осы бірінші күні туралы: «көш жүре түзеледі»,— дейді; рас, «Народная Дума» бұл жөнінде «Думадағы фракциялардың парламенттік негізге бейімделуі әлі жеткіліксіз» деп көрсетеді, бірақ мәселе мұнда емес. Біздің ойымызша, бұл арада социал-демократиялық фракция *парламенттік* емес, нағыз *саяси* тәжірибесіздік көрсетті. Бұл арада қырсық социал-демократиялық фракцияның кейде белгілі бір «формальды қақпандарға» («Народная Думаның» сөздері) түсіп қалатындығында емес, оның кейде позициясын мүлде бекерге беріп қоятынында, жақсы басталған күрес ісін ақырына дейін жеткізбейтінінде, толық мүмкіндік болған кезде де жеңісті өзіне *баянды етпейтінінде*.

Үкімет декларациясына жауап бергенде осылай болды, онда социал-демократиялық фракция өз жеңісінің тең жартысын бостан-босқа... Столыпин мырзаға беріп

қойды, Ригадағы сұмдықтар туралы сұрау қоюға байланысты 3 апрельде осылай болды.

Кадеттер шұғыл сұрау қоюға қарсы; бұл — әбден табиғи нәрсе: шұғыл сұрау қоюда, оның үстіне, үкіметтің халыққа қарсы әскери-далалық соғысы сияқты іс жөнінде шұғыл сұрау қоюда әрқашан «қыр көрсету әрекеттерінің» элементтері, министрлерге қысым жасаудың элементтері болады. Мұндай іс жөнінде шұғыл сұрау қою дағдылы «күндізгі түскі тамаққа» немесе «кешкі театрға» сәйкес келмейтін «фактілердің» бірі, Дума тарапынан болған «әрекеттердің» бірі екеніне күмән жоқ, ал құрдай жорғалаушы «Речь» Думаның өзін де осылармен қатар қоюға құштар. Бірақ кадеттік азғындаудың осы уы Думаның солшыл бөлегіне де, тіпті социал-демократиялық фракцияға дейін қалайша әсер ете қояр екен?! Біз солай болады деп ойламаймыз, ал оның бер жағында...

— *Шұғыл* сұрау қоюдың қажеті жоқ,— деп жағымпазданды Родичев мырза мінбеден,— шұғыл сұрау қою бұл ретте министрлердің намысына тиюі мүмкін.

Думадағы «tas de blagueurs»* өкілдің ролін соншалықты ынтамен атқарып отырған кадеттік Мирабоның аузынан мұндай сөздердің шығуы бізге мүлде таң емес.

Ал депутат Джапаридзе (социал-демократ) Родичевке тамаша жауап берді: «біздің борышымыз,— деп ескертті ол жағымпаз кадеттерге,— жендет құрбанына қол көтерген кезде өз сөзімізді айту».

Сол кезде мінбеге Кузьмин-Караваев көтеріліп, Ригадан сондағы сатрап Меллер-Закомельскийден, Сибирьде шешелері өз балаларын осы күнге дейін атын атап қорқытатын нақ сол Меллер-Закомельскийден алынған телеграмманы оқиды. Телеграмма адам айтқысыз арсыздықпен жазылған, өрескел қорлауға толы: «...Ригада 74 адамды да, 70 адамды да, 4 адамды да сотқа беруге дәлел болған жоқ; әзірге құтқаратындай ешкім жоқ».

Депутат Алексинский Риганың прогресшіл сайламшыларынан алынған және әскери-дала сотына беруге

* Бір топ мылжың.

әзірлік жүріп жатыр деген телеграмманы әлгі телеграммаға қарама-қарсы қойды.

Қанша айтқанмен шұғыл сұрау қоюды әбден орынды талап еткен депутат Алексинскийден кейін іле-шала шұғыл сұрау қою талабына Еңбек тобы мен социалист-революционерлер тобы қосылды.

Сол кезде *кадеттер шегіне бастады.* Пергамент тіпті дәлел келтірмеді, *талап-тілектер қою жөніндегі комиссияның атынан* бұл сұрауды бір тәуліктің ішінде комиссия арқылы қоюды ұсынып, ол Думаның солшыл бөлегінен шұғыл сұрау қоюдың талап етілмеуін *өтінді.* Тек сұраудың шұғыл қойылуынан бас тартыңдаршы, деді!

Тәтті тілді-мистик Булгаков сөз сөйлеп, сол шұғыл сұрау қоюдан бас тарту үшін ғана бұл мәселеде партиялық қызбалық көрсетпеуді өтінді. Мұндай істерде құлдық ұруға басқа қандай істегіден де гөрі жол беруге болмайтынын, сондықтан партиялық қызбалықты әрқашан ешкімге қажеті жоқ *пароксизмге* дейін жеткізу *табиғи нәрсе* болатынын Булгаков мырзаның ең алдымен партиядағы әріптестеріне түсіндіруі керек еді.

Булгаковтан кейін Кизеветтер сөйледі, солға қарай жаңа қадам, жаңадан кішкене жеңілдік жасалды. Кизеветтер сұрау қоюды комиссияға тапсыруды ұсынады, ал комиссия өз міндетін *«мерзімінен тыс»* орындасын дейді.

Деларов халықтық социалистердің атынан шұғыл сұрау қоюды жақтаған пікір айтады.

Басқаша айтқанда, барлық солшылдар Думада сирек кездесетін бір ауыздылықпен, кадеттерге қарсы шықты. Саяси мәселе қойылып отырғандығы, кадеттердің құлдық ұрушылығына қарсы басталған күрес ісін ақырына дейін жеткізуге болатындығы және жеткізу керек екендігі барған сайын айқын аңғарылды. А. Столыпиннің 4 апрельдегі «Новое Времяда» басылған «Заметкаларын» оқып көріңіздерші. Кадеттік партияны мақтағанда ол қандай майда тілге салынады десеңізші! Мұндай реттерде мұншалықты қатты кету жөн емес, кадеттердің қазіргі келе жатқан келісімпаздық жолынан оларды үркітіп жіберу жөн емес деп, «оңшылдарға», ақырында, ұғындыру үшін ол өз одақтастары —

«оңшылдарға» қалай дүрсе қоя береді десеңізші! Байқап қараңызшы, бұл күні «кадеттердің сөзінен» Столыпин мырзаға «шыншылдық пен байсалдылық» естіледі!

Сөйтіп, жеңіс социал-демократиялық фракцияның уысына түсіп тұрғанда Церетели орнынан тұрды да, фракция шұғыл сұрау қою туралы өз ұсынысын қайтып алады деп мәлімдеді. Неге? қандай дәлелдер бойынша? Сұрау қоюдың комиссияға тапсырылуы шұғыл сұрау қоюға қарағанда көбірек әсер етеді деп жорамалдауға мүлдем ешқандай дәлел жоқ еді. Мұны кесіп айтуға, әрине, ешкімнің батылы бармайды.

Церетелидің мәлімдеме жасауына ешқандай дәлел жоқ еді. Бұл — толық мағынасында өзін өзі дүрелеу деген сөз. 3 апрель күнін социал-демократиялық фракцияға пайдалы болды деуге болмайды. Қайталап айтамыз, бұл арада мәселе *парламенттік* тәжірибесіздікте емес. Бұл арада мәселе социал-демократиялық фракцияның бұдан бұрын талай рет аңғарылған және оның Дума ішінде бүкіл думалық солшылдардың шын көсемі болуына кедергі келтіріп отырған саяси болбырлығында, жүрексіздігінде. Бұған көз жұмып қарамай, бұдан құтылуға тырысу қажет!

1907 ж. 4 (17) апрельде жазылған

1907 ж. 5 апрельде «Наше Эхо» газетінің 10-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ КҮШІ МЕН ӘЛСІЗДІГІ

I

Кешегі «Народная Думадағы» осылай деп аталған мақала социал-демократия ішіндегі нағыз принциптік алауыздықтарды сабырлы, анық, қарапайым баяндаудың үлгісі болып табылады. «Приветтегі» [97] немесе «Үндесудегі» байбаламға жауап беру қаншалықты қолайсыз және мүмкін емес болса, мұндай негізде айтысу соншалықты қолайлы және пайдалы.

Сонымен, іске көшейік. Алауыздықтар кадеттер мен халықшылдарға баға беру жөнінде туып отыр. Кадеттер жөніндегі алауыздықтар, «Народная Думаның» әбден дұрыс пікірінше, *олар кімнің өкілі* болып табылады деген мәселеге келіп тіреледі. «Орташа және ұсақ, көбінесе қалалық, буржуазияның өкілі болып табылады», деп жауап қайтарады «Народная Дума». «Мұндай партиялардың экономикалық негізі,— дейді большевиктердің қарары,— орташа помещиктер мен орташа буржуазияның бір бөлегі, әсіресе буржуазиялық интеллигенция болып табылады,— ал қаланың демократиялық буржуазиясы мен деревняның ұсақ буржуазиясының бір бөлегі бұл партияларға әлі де тек дәстүр бойынша ғана және либералдардың тура алдауы бойынша еріп келеді»*.

Бізге қарағанда, меньшевиктердің кадеттерге оптимистік баға беретіні анық. Олар кадеттердің помещиктермен байланысын көмескілейді немесе жоққа шыға-

* Қараңыз: осы том, 5—6-беттер. *Ред.*

рады, біз оны атап көрсетеміз. Олар кадеттердің қаладағы демократиялық ұсақ буржуазиямен байланысын атап көрсетеді, біз бұл байланысты өте нашар деп есептейміз.

Помещиктерге келгенде «Наше Эхоның» 7-номеріндегі біздің пайымдауымызды «Народная Дума» аңқаулық деп жариялайды, онда біз кадеттердің Думадағы *өткендегі* емес (бұл «Народная Думаның» қатесі), *қазіргі* фракциясында 20 помещик бар дегенбіз *. Миллионерлер мен жай генералдар тіпті социал-демократтардың арасында да бар деп мысқылдайды «Народная Дума».

Жеңіл мысқыл! Зингерлер, Аронстар, Наливкиндер— буржуазиядан пролетариатқа жекелеп өтудің көрінісі екенін жұрттың бәрі түсінеді. Сонда қалай, мырзалар, сіздер 20 помещик (кадеттер фракциясының санап шығарылған 79 мүшесінен, яғни *төрттен бірі)* 60 буржуазияшыл интеллигенттің соңынан жеке еріп келеді, қайта оның керісінше емес деп шын айтпақсыздар ма?? Сіздер помещиктік саясатты либерал интеллигенттер жүргізіп отырған жоқ, қайта либералдық-интеллигенттік саясатты помещиктер жүргізіп келеді деп айтпақсыздар ма?? Зингер және Наливкин жолдас жөніндегі сіздің әзіліңіз — үмітсіз көзқарасты бүркемелеу үшін айтылған сыпайы әзіл, одан басқа ештеңе де емес.

Әрине, кадеттердің Думадағы фракциясының құрамы — негізгі дәлел емес, ол тек сырт белгісі ғана. Негізгі дәлел —1-ден, Русьтегі помещиктік либерализмнің тарихында (мұны «Народная Дума» да мойындайды); 2-ден,— және бұл бастысы — кадеттердің *қазіргі* саясатын талдауда. «Кадеттік аграрлық саясат дегеніміз *істің шын мәнінде* (осыны ескеріңіздер) помещиктік саясат» («Наше Эхо» № 7). «Кадеттік «либерализм» дегеніміз шаруаны помещикпен бітістіретін және помещиктің пайдасын көздеп бітістіретін буржуазияшыл адвокаттың либерализмі» (бұл да сонда).

Бұл дәлелге «Народная Думаның» айтатын ештеңесі жоқ.

Сонан соң. Кадеттер партиясының қалалардың демократиялық ұсақ буржуазиясымен таптық байланысын

---

* Қараңыз: осы том, 226-бет. *Ред.*

немен *дәлелдейді?* Сайлаулардың статистикасымен. Қалалар кадеттерді бәрінен көп береді. Бұл факт дұрыс. Бірақ ол дәлелді емес. 1-ден, біздегі сайлау правосы қала буржуазиясының *демократиялық* топтарына артықшылық *бермейді.* Жұрттың бәріне мәлім, халық жиналыстары «қалалардың *демократиялық* ұсақ буржуазиясының» көзқарасы мен пиғылын *дәлірек* білдіреді. 2-ден, ұсақ қалалардың қалалық курияларына қарағанда, ірі қалалардың қалалық курияларында кадеттер күштірек, солшылдар әлсізірек. Мұны сайламшылар статистикасы көрсетіп отыр. Ал осыдан кадеттер — демократиялық ұсақ буржуазия емес, қайта либералдық орташа буржуазия деген қорытынды туады. Қала неғұрлым ірі болса, пролетариат пен буржуазияның арасындағы антагонизм де соғұрлым күштірек, қалалық (буржуазиялық) курияда солшылдарға қарсы кадеттер де соғұрлым күштірек. 3-ден, солшыл блок болған 22 ірі қалада оңшылдар 17 мың дауыс, октябристер — 34, кадеттер — 74 және солшылдар — 41 мың дауыс алған. Кадеттер демократ *емес,* сондықтан ғана олардан *бірден* осынша көп дауыс тартып алуға мүмкін болды. Либерал адвокаттар демократиялық ұсақ буржуазияны барлық жерде де алдаумен болды, бірақ оларды социалистер әшкерелеп отырды.

«Народная Дума»: «Біздің орташа және ұсақ буржуазия өзіне тікелей қауіп төндіріп отырған пролетариаттың күшін мұқату үшін қазірдің өзінде революцияның басып-жаншылуына мүдделі деген дұрыс па?» — деп сұрайды да, оған «сөзсіз дұрыс емес» деп жауап береді.

Бұл жерде *біздің* көзқарасымыз *сөзсіз дұрыс айтылмаған.* Қымбатты жолдастар, мұның өзі енді принципті айтыс емес... Мынаны сіздер өте жақсы білесіздер: кадеттердің контрреволюцияшылдығын октябристердің контрреволюцияшылдығынан біз ажырата қараймыз; — *ұсақ буржуазияға* біз контрреволюцияшыл деп айып тақпаймыз; — біз кадет помещиктерді тек жұмысшылардан ғана емес, шаруалардан да қорқады деп санаймыз. Бұл қарсылық білдіру емес, бұрмалау.

«Народная Думаның» төмендегі дәлелдері қарсылық

білдіру болып табылады. Кадеттер революцияның өрлеуінен емес, оның бәсеңдеуінен, яғни өзінің контрреволюцияшылдығының салдарынан емес, өзінің әлсіздігінің салдарынан баяу да реакцияшыл бола түседі. Кадеттердің тактикасы,— деп жазады «Народная Дума» курсивпен,— *«контрреволюциялық күштің тактикасы емес, революциялық әлсіздіктің тактикасы»*.

Сонда кадеттердің де революционер, тек қана әлсіз революционер болғаны ғой. Сорақы қорытынды. Осындай барып тұрған сорақы пікірді айтуға дейін бару үшін пайымдауды түпкі қатеден бастау керек еді. Бұл қате — кадеттердің помещиктік сипатын теріске шығару *(помещик* — Россияда не қаражүздік пен октябрист тәрізді, не кадет тәрізді контрреволюцияшыл) және кадеттердің арасында буржуазиялық *интеллигенцияның* басым екенін теріске шығару. Осы екі қатені түзетсек, дұрыс қорытындыға келеміз: *кадеттердің тактикасы — помещиктік контрреволюцияшылдықтың, буржуазиялық-интеллигенттік әлсіздіктің тактикасы*. Помещиктер — контрреволюциялық күш. Ірі буржуа да солай. Буржуазияшыл интеллигент пен либерал чиновник — олардың қорқақ, өздерінің контрреволюцияға малайлықтарын «демократиялық» екіжүзділікпен бүркемелеп жүрген малайлары.

Кадеттер революция өрлегенде емес, тек бәсеңдегенде ғана «оңшылданды» деу дұрыс емес. *«Народная Думадағы»* жолдастар, «Началоны» [98] еске түсіріңіздерші. «Витте — бюржаның агенті, Струве — Виттенің агенті» деген рухта жазылған мақаланы еске түсіріңіздерші. Бұлар жап-жақсы мақалалар еді! Жап-жақсы уақыт еді... кадеттерге баға беру жөнінде біз ол кезде меньшевиктерден ажыраспаған едік... Кадеттердің революцияның өрлеуіне немесе революцияның өрлеулеріне көзқарасын дұрыс түсіндіру үшін былай деу керек: *революция көшеге шықса-ақ, кадет министрдің босағасынан сығалайды*.

1905 жылғы ноябрьде Струве Виттеде болды. 1906 жылғы июньде кадеттердің бірсуі қаражүздіктердің бірінде болды. 1907 жылғы 15 январьда Милюков Столыпинде болды. Солай болған — солай бола да береді...

*
* *

«Народная Дума» өзінің кадеттерге көзқарасын экономикалық жағынан дәлелдей келіп, былай деп қорытындылайды:

«Россиядағы қалалар нашар дамып және қала өнеркәсібіне ірі индустрияның ықпалы басым болып отырғанда біздің орташа және ұсақ қалалық буржуазия, ағылшын және француз буржуазиялары өздерін кезінде қалай дербес саяси күш деп сезінсе, өзін солай деп сезінуі үшін еліміздің жалпы экономикалық өміріне тым аз ықпал жасап отыр...». Өте жақсы және әбден әділ айтылған. Тек мұның *кадеттерге* қатысы *жоқ*. Ал сонан соң, бұл арада «қаланың ірі прогресшіл» буржуазиясына «селоның артта қалған ұсақ» буржуазиясын бейне бір маркстік әдіспен қарама-қарсы қою мүлдем керексіз болып қалады, бұлайша қарсы қою арқылы меньшевиктік тактиканы ақтауға талай рет әрекет жасалған еді... «Ол пролетариатты өзінің қол шоқпары ете алмайды, өйткені пролетариат қазірдің өзінде өзінің социал-демократиялық туы астында күресіп жатыр...». Дұрыс!.. «Самодержавиелік крепостниктік құрылысқа қарсы күресте оның барлық бұлталақтаушылығының, оның барлық жалтақтығының негізі, міне, осында...». Бұл да дұрыс, бірақ тек кадеттер жөнінде емес, ал селодағы ұсақ буржуазияға ғана емес, сонымен бірге қалалық ұсақ буржуазияға да сүйенетін *еңбек* партиялары мен топтары жөнінде дұрыс!

«...Біздің буржуазияшыл демократтар солшылдана бастаса-ақ болғаны, олар дереу қалалық негізін жоғалтып, халықшылдық-шаруалар батпағына бата бастайтынын да қалалық буржуазиялық демократияның осындай біршама әлсіздігімен түсіндіруге болады».

Дұрыс! Мың мәртебе дұрыс! Большевиктік тактиканы «Народная Дума» осылай толық қуаттайды деп ойлауға біздің батылымыз да бармаған еді. «Біздің буржуазияшыл демократтар солшылдана бастаса-ақ болғаны,— олар халықшылдарға айналады». Нақ солай: *солшыл* буржуазияшыл демократтар дегеніміз нақ

халықшылдар. Ал кадеттер тек демократ болғансиды, ал іс жүзінде тіпті де демократ емес. Сондықтан, пролетариатқа буржуазиялық революцияны буржуазиялык демократиямен бірге жасауға тура келетіндіктен,— қараларға қарсы және кадеттерге қарсы, сөздің кең мағынасында айтқанда, оның саяси «блок» жасасуына тура келеді, бұған пролетариат тек қана сайлау келісімдерін емес және тек қана парламенттік келісімдерді емес, сонымен қатар *солшыл,* яғни халықшыл ұсақ буржуазиямен ешбір келісім жасамай-ақ бірлесе отырып қимыл жасауды да қосады!

Quod erat demonstrandum — дәлелдеуді қажет еткеннің өзі де осы еді.

Халықшылдар туралы «Народная Думамен» келесі жолы әдейілеп әңгімелесеміз.

II*

Егер «халықшылдарды — кадеттердің сол жақ көршісі», олар «үнемі кадеттер мен социал-демократтар арасында ауытқып отырады» деп білетін болсақ, онда мұнан большевиктік саясатты сөзсіз мойындап, халықшылдарды қаражүздіктер мен кадеттерге қарсы шығару үшін социал-демократтар жағына шығуға мәжбүр ету керек деген қорытынды туады.

Өздерінің мойындауларынан тумай қоймайтын бұл қорытындыны меньшевиктер әлсіреткілері келеді немесе либералдарға қарағанда шаруалар *«революцияшылырақ және демократияшылырақ»* бола отырып, сонымен бірге «әлеуметтік реакцияшыл утопия санасына сіңген» және «экономика саласында тарих доңғалағын кері бұруға» тырысады деген сылтаулармен жылы жауып қоюға тырысады.

Біздің социал-демократиялық әдебиетте тым дағдылы болып кеткен бұл пайымдауда үлкен, логикалық және тарихи-экономикалық қате бар. Аршын пұтпен, социалистік революция жөніндегі шаруалар идеясының реак-

* «Народная Думаны» үкімет жауып тастағандықтан, біз, мүмкіндігінше, онымен тікелей айтысты қоя тұрып, халықшылдыққа марксизмнің берген принциптік бағасына тоқталамыз.

цияшылдығы буржуазиялық революциядағы либералдық саясаттың реакцияшылдығымен салыстырылады.

Егер социализмнің міндеттері жөнінде шаруалар, сөзсіз, реакциялық утопияны жақтаса, либерал буржуа *бұл* міндеттер жөнінде 1848 ж. июньдегі немесе 1871 жылғы майдағы жазалаулар [99] сияқты реакциялық жазалауды жақтайды.

Егер *осы*, яғни буржуазиялық революцияда шаруалар мен олардың идеологтары, халықшылдар, либералдармен салыстырғанда реакциялық саясат жүргізсе, онда марксист халықшылдарды еш уақытта да либералдардан гөрі солшылырақ, революцияшылырақ, демократияшылырақ деп тапымайды.

Бұл жерде бір нәрсенің теріс екені анық.

Либералдар мен халықшылдардың аграрлық саясатын салыстырыңыздар. Онда осы кездегі экономикалық-реакциялық белгілер бар ма? Жер иеленушілікті мобилизациялауға шек қоюға ұмтылғанда екі партияның да реакциялылығы көрінеді. Бірақ кадеттік аграрлық саясаттың чиновниктік сипаты (помещиктік-*бюрократиялық* жер комитеттері) оның реакцияшылдығын *практикалық жағынан* және дереу анағұрлым қауіптірек етеді. Демек, бұл пункт жөніндегі салыстырудың бәрі либералдардың пайдасы емес.

Жерді пайдаланудағы «теңгермешілік»... Социалистік революцияның міндеттерін шешуді ілгеріден іздемей, кейінгі жақтан іздеу әрекеті сияқты ұсақ өндірушілердің теңдік идеясы да реакциялық идея. Пролетариат ұсақ қожайындардың теңдік социализмін емес, қоғамдастырылған ірі өндіріс социализмін әкеледі. Бірақ сол теңдік идеясы дегеніміздің өзі буржуазиялық-демократиялық міндеттердің ең толық, дәйекті және үзілді-кесілді бейнеленуі. Мұны ұмытқан марксистерге Маркстің «Капиталының» бірінші томы мен Энгельстің «Анти-Дюрингін» қарауға кеңес беруге болады. Теңдік идеясы крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарына қарсы күресті, товар өндірісін мейлінше кең және таза түрінде дамыту жолындағы күресті бәрінен де толығырақ бейнелейді.

Халықшылдардың «теңгермешілік» аграрлық жоба-

ларының реакцияшылдығы туралы сөз еткенде, бізде көбінесе осы ұмыт қалады.

Теңдік еркін капитализм мен товар өндірісі неғұрлым толық жүзеге асырылатын жағдайларды идеялық жағынан ғана бейнелеп қоймайды. Бұл жағдайларды материалдық жағынан да бейнелейді, егіншіліктің крепостниктік тәртіптен туындайтын экономикалық қатынастары саласында ұсақ өндірушілердің тең болуы капиталистік ауыл шаруашылығының мейлінше кең, толық, еркін және тез дамуының шарты болып табылады.

Бұл даму Россияда әлдеқашаннан жүріп жатыр. Революция оны тездетті. Барлық мәселе мынада болып отыр: бұл даму, былайша айтқанда, пруссиялық (мардымсыз үлесті жер үшін «әділетті баға бойынша» төлем төлейтін кнехті кіріптар ету арқылы помещиктік шаруашылықты сақтайтын) типте бола ма немесе американдық (помещиктік шаруашылықты жойып, барлық жер шаруаларға берілетін) типте бола ма.

Бұл — біздің бүкіл буржуазиялық-демократиялық революциядағы негізгі мәселе, революцияның жеңілуі немесе жеңуі жөніндегі мәселе.

Социал-демократтар барлық жердің шаруаларға төлем төленбей берілуін талап етеді, яғни капитализм дамуының екінші, халыққа тиімді типі үшін үзілді-кесілді күресіп отыр. Шаруалардың крепостник-помещиктерге қарсы күресінде теңдік идеясы жер үшін күрестегі ең күшті идеялық түрткі болып табылады,— және крепостниктік тәртіптің қалдықтары атаулының бәрін мейлінше толық жою ұсақ өндірушілердің арасында теңдік орнату болып табылады. Сондықтан теңдік идеясы — шаруалар қозғалысы үшін тек саяси күреске ынталандыру мағынасында ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығын крепостниктік қалдықтардан экономикалық жолмен тазартуға ынталандыру мағынасында да ең революциялық идея.

Халықшылдар теңдік товар өндірісінің негізінде ғана бола алады, бұл теңдік социализмге қарай дамудың элементі бола алады деп қиялдайды,— олардың көзқарасы қате болғандықтан олардың социализмі — реак-

циялық социализм. Мұны әрбір марксист білуге және есте сақтауға тиіс. Бірақ марксист осы теңдік идеясы мен теңгермешіліктің түрлі жоспарлары социалистік *емес,* буржуазиялық революция міндеттерінің, капитализмге қарсы емес, помещиктік және бюрократиялық құрылысқа қарсы күрес міндеттерінің мейлінше толық көрінісі екенін ұмытса, онда ол буржуазиялық-демократиялық революцияның ерекше міндеттерін тарихи тұрғыдан қарау жөніндегі өз ісіне опасыздық жасаған болар еді.

Не пруссиялық типтегі эволюция болады: крепостник-помещик юнкерге айналады. Мемлекет ішіндегі помещиктік өкімет ондаған жылға нығайтылады. Монархия. Демократияның орнына «парламенттік формалармен қапталған әскери деспотизм» [100]. Теңсіздіктің көбі селодағы және қалған жерлердегі халық арасында орын алады. Немесе американдық типтегі эволюция болады. Помещиктік шаруашылықты жою. Шаруа еркін фермерге айналады. Халық өкіметі. Буржуазиялық-демократиялық құрылыс. Еркін капитализмнің бастама пункті және шарты ретінде село халқының арасында неғұрлым көбірек теңдік орнату.

Кадеттердің (елді бірінші жолмен бастайтын) екіжүзділігімен және халықшылдардың (елді екінші жолмен бастайтын) әлеуметтік-реакциялық утопизмімен боямаланған тарихи альтернатива іс жүзінде, міне, осындай.

Пролетариаттың екінші жолды қолдау үшін барлық күш-жігерін салуға тиіс екені анық. Тек осы жағдайда ғана еңбекші таптар буржуазиялық соңғы жалған үміттен неғұрлым тез арыла алады,— өйткені теңдік социализмі дегеніміз ұсақ қожайынның соңғы буржуазиялық жалған үміті. Халық бұқарасы осындай жағдайда ғана, кітаптардан үйренбей, тәжірибеден үйреніп, ең қысқа мерзім ішінде барлық теңгерме жоба құмарлық атаулының дәрменсіздігін, капитал өктемдігіне қарсы дәрменсіздігін іс жүзінде байқайды. Пролетариат осындай жағдайда ғана «еңбектік», яғни мещандық дәстүрлерді неғұрлым тез сілкіп тастайды, қазір ауыртпалығы амалсыздан өзіне түсіп отырған буржуазиялық-

демократиялық міндеттерден құтылады, сөйтіп өзінің жеке, нағыз таптық, яғни социалистік міндеттеріне *түгелдей* беріледі.

Буржуазиялық-демократиялық міндет пен социалистік міндеттің арасалмағын түсінбеушілік қана кейбір социал-демократтарды буржуазиялық революцияны ақырына дейін жеткізу саясатынан қорқуға мәжбүр етеді.

Буржуазиялық революцияның міндеттері мен мәнін түсінбеушілік қана мынадай пайымдауларды туғызады: «Ол (біздің революция) сайып келгенде шаруалардың мүдделерінен келіп туған жоқ, *ал* (??) дамып келе жатқан буржуазиялық қоғамның мүдделерінен туған» немесе «мұның өзі буржуазиялық революция, *сондықтан* да (!!??) ол шаруалар туының астында және олардың басшылығымен жүре алмайды» («Народная Думаның» 4 апрельдегі 21-номері). Сонда Россиядағы шаруалар шаруашылығының басқа бір өзге, буржуазиялық емес, негізде тұрғаны ғой! Шаруалар бұқарасының мүдделері дегеніміздің өзі де «буржуазиялық қоғамды» мейлінше толық, дереу және кең көлемде «дамыту», «пруссиялық» емес, «американық» жолмен дамыту. Міне, сондықтан да буржуазиялық революция «шаруалардың басшылығымен» (дұрысында: шаруалар кадеттер мен социал-демократтар арасында ауытқи отырып, жалпы және тұтас алғанда социал-демократтардың *соңынан* еретін болса, пролетариаттың басшылығымен) *жүре алады*. Буржуазияның басшылығымен болатын буржуазиялық революция тек қана аяқталмаған революция (яғни турасын айтқанда, революция емес, тек реформа) бола алады. Революция тек пролетариат пен шаруалардың басшылығымен ғана нағыз революция бола алады.

«Наше Эхо» №№ 10 және 12, 5 және 7 апрель, 1907 ж.

«Наше Эхо» газетінің тексті бойынша басылып отыр

«И. Ф. БЕККЕРДІҢ, И. ДИЦГЕННІҢ, Ф. ЭНГЕЛЬСТІҢ, К. МАРКСТІҢ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫҢ Ф. А. ЗОРГЕГЕ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРҒА ЖАЗҒАН ХАТТАРЫ» ДЕГЕН КІТАПТЫҢ ОРЫСША АУДАРМАСЫНА АРНАЛҒАН АЛҒЫ СӨЗ

1907 ж. 6 (19) апрельде жазылған

1907 ж. С.-Петербургте П. Дауге шығарған кітапта басылған

Кітаптың тексі бойынша басылып отыр

Маркстің, Энгельстің, Дицгеннің, Беккердің және өткен ғасырдағы халықаралық жұмысшы қозғалысының басқа да көсемдерінің орыс жұртшылығына ұсынылып отырған хаттарының жинағы біздің алдыңғы қатарлы маркстік әдебиетімізге қажетті толықтыру болып табылады.

Біз бұл хаттардың социализм тарихы үшін және Маркс пен Энгельстің қызметін жан-жақты көрсету үшін қажетті екендігіне бұл арада егжей-тегжейлі тоқталып жатпаймыз. Істің бұл жағын түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Тек мынаны айта кетелік: басылып отырған хаттарды түсіну үшін Интернационал тарихы (қараңыз: Jekk: «Интернационал». «Знание» басып шығарған орысша аудармасы), одан соң неміс және американ жұмысшы қозғалысының тарихы (қараңыз: Фр. Меринг: «Герман социал-демократиясының тарихы» және Морис Хилквит: «Американдағы социализм тарихы»), т. т. жөніндегі негізгі еңбектермен танысу қажет.

Сондай-ақ біз бұл арада осы хат-хабар алысудың мазмұны жөнінде жалпы очерк және бұл хаттардың жазылған түрлі тарихи кезеңдеріне баға бермекші емеспіз. Меринг өзінің «Der Sorgesche Briefwechsel» («Neue Zeit», 25. Jahrg., Nr. 1 und 2) деген мақаласында бұл міндетті өте жақсы орындады, бастырушы бұл мақаланы, бәлкім, осы аудармаға қосымша етер немесе өз алдына орысша жеке басылып шығар [101].

Біз бастан кешіріп отырған революциялық заманда орыс социалистері Маркс пен Энгельстің 30 жылдай (1867—1895) дерлік уақыттың ішіндегі қызметінің жеке қарым-қатынастарымен танысудан күресуші пролетариаттың алатын сабақтарына ерекше назар аударады. Сондықтан Маркс пен Энгельстің Зоргеге жазған хаттарымен оқушыларды таныстырудағы алғашқы әрекеттер біздің социал-демократиялық әдебиетімізде де орыс революциясындағы социал-демократиялық тактиканың «айбынды» мәселелеріне байланысты жасалғандығы таңырқарлық емес (плехановтық «Современная Жизнь» [102], меньшевиктік «Үн қосу» [103]). Біз оқушылардың назарын басылып отырған хаттардың Россиядағы жұмысшы партиясының қазіргі уақыттағы міндеттері тұрғысынан қарағанда ерекше маңызды жерлеріне баға беруге аудармақпыз.

Маркс пен Энгельс өздерінің хаттарында бәрінен де гөрі ағылшын-американ және неміс жұмысшы қозғалысының көкейтесті мәселелері жөнінде жиі-жиі пікір айтып отырды. Бұл түсінікті де, өйткені олар сол кезде Англияда тұрып, өздерінің американ жолдасымен хат жазысып тұрған немістер болды. Маркс неміс социал-демократы Кугельманға жазған хаттарында француз жұмысшы қозғалысы жөнінде және әсіресе Париж Коммунасы жөнінде анағұрлым жиі және егжей-тегжейлі пікір айтып отырды *.

Маркс пен Энгельстің ағылшын-американ және неміс жұмысшы қозғалысының мәселелері жөніндегі пікірлерін салыстырып көру өте-мөте ғибрат аларлық нәрсе. Егер, бір жағынан, Германияның, екінші жағынан, Англия мен Американың капиталистік даму сатылары түрліше екендігін, буржуазияның осы елдердің барлық саяси өмірінде тап ретінде үстемдік ету формаларының түрліше екендігін ескерсек,— онда әлгі айтылған салыстыру ерекше зор маңыз алады. Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда, мұнан біз материалистік диалектиканың шағын үлгісін көреміз, белгілі бір саяси және эко-

---

* Қараңыз: «К. Маркстің доктор Кугельманға жазған хаттары». Аударманың редакциясын қарап, алғы сөз жазған Н. Ленин. СПБ. 1907 ж. (Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 403—412-беттер. *Ред.)*

номикалық жағдайлардың нақты ерекшеліктеріне сәйкес қолданғанда мәселенің әр түрлі пункттерін, әр алуан жақтарын бірінші қатарға қойып, баса көрсете білгендікті байқаймыз. Жұмысшы партиясының практикалық саясаты мен тактикасы тұрғысынан алғанда, мұнан біз «Коммунистік манифесті» жасаушылардың күресуші пролетариаттың міндеттерін түрлі елдердегі ұлттық жұмысшы қозғалысының түрлі кезеңдеріне қолдануға болатын етіп белгілеудің шағын үлгісін көреміз.

Маркс пен Энгельс ағылшын-американ социализмінде оның жұмысшы қозғалысынан қол үзгендігін бәрінен де гөрі қатты сынайды. Англиядағы «Социал-демократиялық федерация» [104] мен американ социалистерінің марксизмді догмаға, «қатып қалған (starre) ортодоксияға» айналдырғаны үшін, марксизмді *«іске басшылық* деп білмей, сенім символы» [105] деп білгені үшін, оларды төңірегіндегі, теория жағынан дәрменсіз, бірақ жанды, бұқаралық, құдіретті жұмысшы қозғалысына жанаса білмейтіндігі үшін айыптау Маркс пен Энгельстің Англиядағы «Социал-Демократиялық федерация» (Social-Democratic Federation) мен американ социалистері туралы көптеген пікірлерінің бәріне арқау болды. Энгельс өзінің 1887 ж. 27 январьда жазған хатында былай дейді: «Егер біз 1864 жылдан 1873 жылға дейінгі дәуірде үнемі біздің программамызды ашықтан-ашық мойындағандармен ғана қоян-қолтық болуды әрқашан тілеген болсақ, қазір де біз қай жерде болған болар едік?» [106]. Ал мұнан бұрынғы (1886 ж. 28 декабрьдегі) хатында ол Американдағы жұмысшы табына Генри Джордж идеяларының ықпалы туралы мәселені қозғай келіп, былай деп жазады:

«Теория жағынан кіршіксіз программаға берілген жүз мыңдаған дауыстан гөрі, қазіргі уақытта нағыз («bona fide») жұмысшы партиясына ноябрь айында берілген бір немесе екі миллион жұмысшының даусы шексіз маңызды».

Бұл — өте қызықты жерлері. Бізде хаттың бұл жерлерін «жұмысшы съезі» идеясын немесе Ларинның «кеңейтілген жұмысшы партиясы» дегені тәрізді бірдеңені

қорғау үшін пайдалануға асыққан социал-демократтар табылды. Біз Энгельсті мұндай ұшқары «пайдаланушылардан»: мұны неліктен «солшыл блокты» қорғау үшін пайдаланбайсыздар? деп сұраймыз. Цитат алынған хаттар жұмысшылардың Америкадағы сайлау кезінде Генри Джорджға дауыс берген кезінде жазылған. Орысқа күйеуге шығып, Энгельстің шығармаларын аударған американ Вишневецкая ханым, Энгельстің оған қайтарған жауабына қарағанда, Энгельстен Г. Джорджды мықтап сынауды сұраған. Энгельс былай деп жазады (1886 жылғы 28 декабрьде): бұлай істеуге *әлі мезгіл жеткен жоқ*, өйткені жұмысшы партиясы аса мінсіз емес программа негізінде-ақ қалыптаса берсін. Жүре келе жұмысшылардың өздері де істің мәнін ұғынып, «өздерінің қатесінен сабақ алады», ал «бәрібір, қандай программаның негізінде болмасын, жұмысшы партиясының ұлттық жағынан бірігіп-нығаюына» бөгет жасауды «мен үлкен қате деп санар едім» [107].

Әрине, Г. Джордж идеяларының *социалистік* көзқарас тұрғысынан алғанда, мүлде ақылға сыймайтындығын және *реакцияшылдығын* Энгельс өте жақсы ұғынып, оны талай рет атап айтты. Зоргеге жазған хаттарының ішінде К. Маркстің 1881 жылғы 20 июньде жазылған өте қызық бір хаты бар, бұл хатында ол Г. Джорджға *радикал буржуазияның* идеологы деген баға береді. «Теория жағынан Г. Джордж мүлде артта қалған адам» (total arrière),— деп жазды Маркс[108]. Дәл осы нағыз *социалист-реакционермен* сайлауға бірге барудан Фр. Энгельс қорыққан жоқ, тек бұқараға «өзі жасаған қателерінің нендей зардабы болатынын» (Энгельс, 1886 жылғы 29 ноябрьде жазылған хатта) [109] күні бұрын айта алатын адамдар болса болғаны.

Американ жұмысшыларының сол кездегі ұйымы «еңбек рыцарьлары» (Knights of Labor) [110] туралы Энгельс сол хатында былай деп жазды: «олардың ең нашар жағы (дәл айтқанда: шірік жағы, faulste) — *саяси тартыншақтығы* болды...». «Қозғалысқа жаңадан кіріскен әрбір елдің алғашқы аса маңызды адымдарының бірі — дербес жұмысшы партиясын ұйымдастыру болуға тиіс,

бұған қандай жолмен болса, сондай жолмен қол жетсін, тек ол нағыз жұмысшы партиясы болса болғаны»[111].

Бұдан *социал-демократиядан* бейпартиялық жұмысшы съезіне және т. т. секіріп түсуді қорғайтын ешқандай қорытынды шығаруға болмайтыны айқын. Кімде-кім Энгельстің марксизмді «догмаға», «ортодоксияға», «сектанттыққа» және т. т. дейін төмендеттің деген айыптауына тап болғысы келмесе, бұдан сайлау науқанын кейде радикал «социал-реакционерлермен» бірге жүргізуге жол беруге қажет деген қорытынды жасауға тиіс.

Бірақ осы американ-орыс салыстырмаларына тоқталудан гөрі (біз бұларды өзімізге қарсы адамдарға жауап беру үшін сөз қылуға тиістіміз),— ағылшын-американ жұмысшы қозғалысының *негізгі* белгілеріне тоқталу, әрине, анағұрлым қызықты. Бұл белгілер — пролетариат алдында қандай да болсын ірі, жалпы ұлттық *демократиялық* міндеттердің тұрмауы; пролетариаттың буржуазия саясатына толық бағындырылуы; бір топ, ат төбеліндей социалистердің пролетариаттан сектанттықпен қол үзуі; социалистердің сайлау кезінде жұмысшы бұқарасының алдында ешбір табысқа жете алмауы және т. б. Кімде-кім осы негізгі жағдайларды ұмытып, «американ-орыс салыстырмаларынан» кең қорытынды жасамақ болса, ол адам мейлінше ұшқарылық көрсетеді.

Егер Энгельс мұндай жағдайда жұмысшылардың экономикалық ұйымдарына көп көңіл бөлсе, оның себебі мынада: әңгіме пролетариаттың алдына таза социалистік міндеттер қоятын неғұрлым қалыптасқан демократиялық тәртіптер жайында болып отыр.

Егер Энгельс нашар программамен болса да дербес жұмысшы партиясы болуының маңыздылығына көп көңіл бөлсе, оның себебі мынада: әңгіме жұмысшылардың ешқандай да саяси дербестігі туралы осы уақытқа дейін ешбір ауызға алынбаған,— жұмысшылар саясатта көбінесе буржуазияға еріп келген және еріп те отырған елдер жайында болып отыр.

Бұл сияқты пайымдаулардан алынған қорытындыларды, пролетариат өз партиясын либерал буржуалар-

дан бұрып құрған,— пролетариаттың дәстүрінде буржуазия саясат құмарларына дауыс берудің нышаны да жоқ,— кезекте тікелей социалистік міндеттер емес, буржуазиялық-демократиялық міндеттер тұрған елдерге немесе тарихи кезеңдерге қолдануға тырысу,— осылай етуге тырысу — Маркстің тарихи методын қорлау деген сөз.

Егер біз Энгельстің ағылшын-америкап қозғалысы туралы пікірлерін неміс қозғалысы туралы пікірлерімен салыстырсақ, біздің ойымыз оқушыға бұдан да гөрі айқынырақ болады.

Басылып отырған хаттарда мұндай пікірлер өте көп және олар өте қызықты. Сөйтіп, осы пікірлердің барлығына арқау болып отырған мүлдем басқа нәрсе: жұмысшы партиясының «оң қанатынан» сақтандыру, социал-демократиядағы *оппортунизмге* қарсы аяусыз (1877—1879 жылдары Маркс айтқандай — кейде *өршелене)* соғыс ашу.

Мұны ең алдымен хаттардан алынған цитаттармен дәлелдеп алып, содан кейін бұл құбылысқа баға беруге кіріселік.

Бұл арада ең алдымен К. Маркстің Хёхберг пен К° туралы пікірлерін атап көрсетуге тура келеді. Фр. Меринг өзінің «Der Sorgesche Briefwechsel» деген мақаласында Маркстің оппортунистерге қатты айтқан сөздерін, Энгельстің де кейінгі кезде қатты айтқан сөздерін жұмсартуға тырысады, біздің ойымызша, бұған шамадан тыс тырысады. Атап айтқанда, Хёхберг пен $К^0$ жөнінде, Меринг өзінің Лассаль мен лассальшылдарға[112] Маркс теріс баға берді деген пікірін қасарыса қорғайды. Тағы да айтамыз, бұл арада бізге керектісі Маркстің нақ қайсыбір социалистерге қатты айтқандарының дұрыстығына немесе асыра айтылғандығына тарихи баға беру емес, Маркстің жалпы алғанда социализмдегі белгілі бір *ағымдарға* берген *принципті* бағасы.

Маркс неміс социал-демократтарының лассальшылдармен және Дюрингпен компромисс жасасқанына өкініш білдіріп (1877 ж. 19 октябрьде жазылған хаты), «социализмге «неғұрлым жоғары идеалистік» бағыт

беруді, яғни оның материалистік базасын — (оны пайдаланбастан бұрын объективті түрде мұқият зерттеп алуды талап ететін базасын) — әділеттік, бостандық, теңдік және fraternité (бауырластық) тәңірлері атаулымен қоса жаңа мифологиямен ауыстыруды өздеріне мақсат етіп қойған кілең дүмбілез студенттер мен асқан ақылды докторлардың» («доктор» немісше — ғылыми дәреже, біздің «кандидатымызбен» немесе «университетті 1-разрядпен бітірген адамымызбен» бірдей) «бүтіндей бандасымен» компромисс жасасуын да айыптайды. «Осы бағыт өкілдерінің бірі — партияға келіп «киліккен» «Zukunft»[113] журналын шығарушы доктор Хёхберг — ол «мейлінше адал» ниетімен-ақ келді делік, бірақ мен «ниет» атаулыға түкіремін. Оның «Zukunft» программасынан өткен жексұрын нәрсе және одан өткен «шағын талап» жарық дүниеден сирек кездеседі» (№ 70 хат)[114].

Маркс осыдан екі жылдай уақыт өткеннен кейін (1879 ж. 19 сентябрьде) жазылған басқа бір хатында, өзімен Энгельс екеуі *И. Мостты* жақтайды-мыс деген өсекті теріске шығара келіп, неміс социал-демократиялық партиясындағы оппортунистерге өзінің көзқарасы жайында Зоргеге егжей-тегжейлі баяндайды. «Zukunft» журналын Хёхберг, Шрамм және Эд. Бернштейн шығарды. Маркс пен Энгельс мұндай басылымға қатысудан *бас тартты,* ал сол Хёхбергтің қатысуымен және оның ақшалай көмек көрсетуімен партияның жаңа органын құру туралы сөз қозғалған кезде, Маркс пен Энгельс ең алдымен «докторлардың, студенттердің және катедер-социалистердің» осындай «қойыртпағына» бақылау жасап отыру үшін өздері тағайындаған жауапты редактор Гирштi қабылдауын талап етті, ал содан кейін: егер Хёхбергтің, Шрамның, Бернштейннің бағыты өзгермейтін болса, «теория мен партияны бұл сияқты кемсітушілікке (Verluderung — немісше *одан да гөрі күшті* сөз)» қарсы ашық күресетінін ескертіп, Бебельге, Либкнехтке және социал-демократиялық партияның басқа да көсемдеріне тікелей нұсқау хат жолдады.

Бұл — неміс социал-демократиялық партиясындағы Меринг өзінің «Тарихында» «Лайсаң жыл» («Ein Jahr der Verwirrung») деп жазған мезгіл еді. Партия «ерекше заңнан» соң әуелі Мосттың анархизміне және Хёхберг пен К^0-ның оппортунизміне ұшырап, бірден дұрыс жол таба алмады. «Теория жағынан нольге тең, практика жағынан түкке жарамсыз бұл адамдар,— деп жазды Маркс Хёхберг пен К^0 жайында,— социализм орнатқысы келеді (олар социализммен университет рецепті арқылы ғана таныс) және, ең алдымен, социал-демократиялық партияны баяу партия етіп, өздерінің білімі шала-шарпы болса да, жұмысшылардың көзін ашқысы келеді, немесе, жұмысшыларға, өздері айтқандай, «білім элементтерін» дарытқысы келеді және, оның үстіне, олар бәрінен бұрын ұсақ буржуазияның көз алдында партияның маңызын көтеруді өздеріне міндет етіп қояды. Қайткенмен де олар контрреволюциялық бейшара мылжыңдардан басқа ешкім де емес» [115].

Маркстің «өршелене» шабуыл жасауынан оппортунистер шегінді және... үндерін өшірді. Маркс өзінің 1879 ж. 19 ноябрьде жазған хатында Хёхберг редакциялық комиссиядан аласталды, партияның Бебель, Либкнехт, Бракке және тағы басқа ықпалды жетекшілерінің бәрі Хёхбергтің идеясынан *бас тартты* деп хабарлайды[116]. Социал-демократияның партиялық органы «Социал-Демократ» [117] сол кезде партияның революциялық қанатында болған Фольмардың редакциялауымен шыға бастады. Тағы бір жыл өткен соң (1880 ж. 5 ноябрьде) Маркс Энгельс екеуінің осы «Социал-Демократтың» «бейшара» (miserabel) түрде басқарылуына қарсы үздіксіз күрескенін және жиі-жиі *аяусыз* күрескенін («wobei's oft scharf hergeht») айтады. Либкнехт 1880 жылы Маркске барып кездесіп, *барлық жағынан* «жақсару» басталады деп уәде берді [118].

Тыныштық қайта орнады да, тартыс басылып қалды. Хёхберг шеттеп кетті, ал Бернштейн қалай дегенмен де 1895 жылы Энгельс қайтыс болғанға дейін... революцияшыл социал-демократ болды.

Бұл күрес жайында өтіп кеткен іс ретінде айта келіп, Энгельс 1882 ж. 20 июньде Зоргеге былай деп жазады:

«Жалпы алғанда Германиядағы істің беталысы өте жақсы. Рас, партиялық әдебиетші мырзалар партия ішінде реакциялық бетбұрыс туғызуға тырысты, бірақ олар оңбай жеңілді. Жұмысшы социал-демократтардың барлық жерде қорлыққа ұшыратылуы оларды бұдан үш жыл бұрынғыдан анағұрлым революцияшыл ете түсті... Бұл мырзалар (партиялық әдебиетшілер) қайткен күнде де жуастығымен, көнгіштігімен және құрдай жорғалауымен өздерін дөрекі түрде әдеби табыстан айырған социалистерге қарсы заңды қайткен күнде де жойғысы келді. Бұл заң бұзылысымен, сөз жоқ, жікке бөліну пайда болады, сөйтіп Фирек пен Хёхберг және т. б. мырзалар оң қанат құрып, бөлініп қалады; олар мүлде бірте-бірте үндерін өшіргенше олармен ауық-ауық келіс сөз жүргізуге болады. Бұл пікірді біз социалистерге қарсы заң шығысымен-ақ іле-шала Хёхберг пен Шрамм «Ежегодникте» партия жұмысына берілген барып тұрған пасық бағаны басып шығарып, партия тарапынан неғұрлым әдепті, тәлімді және сыпайы қимыл жасалуын талап еткен кезде айтқан болатынбыз»[119] (gebildetes-тің орнына —«jebildetes». Энгельс неміс әдебиетшілерінің берлиндік акцентін айтып отыр).

Бернштейниада [120] туралы 1882 жылғы болжам 1898 және одан кейінгі жылдары тамаша дәлелденді.

Міне, содан бері, әсіресе Маркс қайтыс болғаннан кейін, Энгельс,— асыра айтпағанның өзінде: талмастан — неміс оппортунистері майыстырған «таяқты қайта түзетіп» отырды.

1884 жылдың аяғы. Пароход қоғамдарына жәрдем беруді («Dampfersubvention» Мерингтің «Тарихынан» қараңыз) жақтап дауыс берген рейхстагтағы неміс социал-демократ депутаттарының «мещандық соқыр сенімдері» айыпталды. Энгельс Зоргеге бұл мәселе жөнінде көп хат жазысуға тура келетінін айтады (1884 ж. 31 декабрьде жазылған хат) [121].

1885 жыл. «Dampfersubvention»-ның бүкіл тарихына баға бере келіп, Энгельс «іс жікке бөлінумен тына жаздады» деп жазады (3 июньде). Социал-демократия депутаттарының «филистерлігі» *«орасан зор»* болды.

«Германия сияқты елде ұсақ буржуазиялық-социалистік фракцияның болуы сөзсіз»,— дейді Энгельс [122].

1887 жыл. Фирек (Хёхберг типтес социал-демократ) сияқты адамдарды депутат етіп сайлау арқылы партия өзінің беделін түсіреді деп жазған Зоргеге Энгельс жауап қайтарады. Амал қанша,— деп қынжылады Энгельс,— жұмысшы партиясы рейхстагқа сайлайтын жақсы депутаттарды қайдан алады. «Оң қанаттағы мырзаларға олар тек социалистерге қарсы заң болғандықтан ғана сыйысып отырғаны, ал партияның тынысы кеңіген бірінші күні-ақ олардың партиядан аласталынатыны мәлім». Әрине, жалпы алғанда «партия өзінің парламенттік ерлерінен төмен тұрғаннан гөрі жоғары тұрғаны» (1887 ж. 3 март) артық. Либкнехт — ымырашыл,— деп мұң айтады Энгельс,— ол алауыздықтарды бос сөздермен бүркемелей береді. Бірақ іс жікке бөлінуге дейін жеткен кезде,— шешуші сәтте ол бізбен бірге болады [123].

1889 жыл. Парижде халықаралық социал-демократиялық екі конгресс болды[124]. Оппортунистер (француз поссибилистерінің [125] бастауымен) революцияшыл социал-демократтардан бөлініп шықты. Энгельс (бұл кезде ол 68 жаста еді) олармен шайқасқа албырт жас адамдай араласты. Бірқатар хаттар (1889 ж. 12 январьдан бастап, 20 июльге дейін) оппортунистерге қарсы күреске арналған. Оппортунистер ғана емес, сонымен қатар ымырашылдығы үшін Либкнехт, Бебель және басқа немістер де сыбағасын алды.

Поссибилистер үкіметке сатылып кетті,— деп жазады Энгельс 1889 ж. 12 январьда. Ал ағылшын «Социал-демократиялық федерациясының» (S. D. F. мүшелерін ол поссибилистермен одақтасып кетті деп әшкерелейді [126]. «Осы қарғыс атқан съезге байланысты зыр қағу және бұл жөнінде орасан көп хаттар жазу менің басқа еш нәрсеге уақытымды қалдырмайды» (1889 ж. 11 май). Поссибилистер әрекет етуде, ал біздің адамдарымыз ұйқыдан бас көтермейді,— деп кейиді Энгельс. Қазір Ауэр мен Шиппель де біздің поссибилистер конгресіне баруымызды талап етеді. Бірақ мұның өзі «ақырында» Либкнехттің көзін ашты. Энгельс Бернштейнмен

бірге оппортунистерге қарсы памфлеттер жазады (бұларға Бернштейн қол қойды,— Энгельс мұны: «біздің памфлеттеріміз» деп атайды) [127].

«Поссибилистердің жағында бүкіл Европада S. D. F.-дан басқа социалистік ұйымдардың бірде-бірі жоқ (1889 ж. 8 июнь). Олай болса, олардың кейін қарай социалистік емес тред-юнионға келуден басқа шарасы жоқ» (бұл біздің кеңейтілген жұмысшы партиясын, жұмысшы съезін және т. т. жақтайтын адамдарымыздың есінде болсын!). «Америкадан оларға *еңбек рыцарьларынан* бір ғана делегат келеді». Дұшпан — сол бакуниншілдерге қарсы күрескендегі дұшпан: «бар айырма сол, анархистер туы поссибилистер туымен алмастырылған, концессия үшін бөлшектеп сату, ал бастысы басшыларға керекті жылы орындар үшін (қалалық думаның, еңбек биржасының және т. т. мүшелігі) өз принциптерін буржуазияға баяғы бір сатып жіберу». Брусс (поссибилистердің көсемі) пен Гайндман (поссибилистермен біріккен S. D. F. көсемі) «авторитарлық марксизмге» шабуыл жасап, «жаңа Интернационалдың ұйтқысы» болғылары келеді.

«Сен немістердің соншалықты аңқаулығын түсіне алмайсың! Бұл арада істің мәнісі, шынында, неде екенін тіпті Бебельдің өзіне ұғындыру үшін маған көп күш жұмсауға тура келді» (1889 ж. 8 июнь) [128]. Сөйтіп, екі конгресс болып, революцияшыл социал-демократтардың саны поссибилистерден *(тред-юниоишылдармен,* S. D. F.-мен және австриялықтардың бір бөлегімен және т. т. *біріккен* поссибилистерден) асып түскен кезде, Энгельстің қуанышы қойнына сыймайды (1889 ж. 17 июль) [129]. Ол Либкнехттің және басқалардың ымырашылдық жоспарлары мен ұсыныстарының өтпей қалғанына қуанады (1889 ж. 20 июль). «Ал біздің сентиментальды ымырашыл ағайындарымыздың өздерінің татулығы үшін жанды жерінен қатты соққы жегені сауап болды». «Бәлкім, бұл соққы олар үшін біраз уақытқа дейін ем болар» [130].

...Мерингтің («Der Sorgesche Briefwechsel») Маркс пен Энгельс «сыпайыгершілікпен» сөйлеуге ұмтыла бермейтін деуі дұрыс: «соққы бергенде көп ойланып

жатпайтын еді, бірақ өздеріне тиген әрбір соққыға да қынжылмайтын». «Егер сіздер өздеріңіздің түйреуішпен түйреулеріңіз менің көпті көрген, әбден иі қанған, қалың терімс отеді деп ойлайтын болсаңыздар,— деп жазды бірде Энгельс,— онда сіздер қателесесіздер» [131]. Өздерінің бойына біткен осы төзімділікті,—деп жазады Меринг Маркс пен Энгельс туралы,— олар басқаларда да бар деп ойлаушы еді.

1893 жыл. «Фабийшылдар» [132] жазаланды, бернштейншілдер туралы пікір айтқанда осы жазалау жөнінде де айтуға тура келеді... (өйткені Бернштейн өз оппортупизмін Англияда «фабийшылдар» арқылы текке «тәрбиелеген» жоқ қой). «Мұндағы Лондондағы фабийшылдар — мансапқорлардың бандасы, алайда олардың әлеуметтік төңкерістің болмай қалмайтындығын түсіпуге акылы жетеді; бірақ олар бұл орасан үлкен жұмысты бір ғана дөрекі пролетариатқа беріп қоюға сенбей, пролетариатқа басшылықты өз қолына алмақ. Революциядан зәресі ұшу — олардың негізгі принципі. Олар par excellence * «интеллигенттер». Олардың социализмі муниципальдық социализм: ең болмағанда, алғашқы кезде өндіріс құрал-жабдықтарына ұлт ие болмай, коммуна ие болу керек. Олар өздерінің социализмін буржуазиялық либерализмнің ең ақырғы, бірақ сөзсіз болатып нәтижесі етіп суреттейді. Осыдан келіп олардың тактикасы: либералдармен жау есебінде батыл күреспеу керек, қайта оларды социалистік қорытындыларға қарай итермелеу керек, яғни оларды алдап соғу керек, «либерализмге социализмді сіңіру керек», социалистік кандидаттарды либералдарға қарсы қоймау керек, қайта оларды либералдарға тықпалай беру керек, яғни оларды алдап өткізіп отыру керек... Бірақ, олар бұлай еткенде не өздері алданып, не социализмді алдайтындығын, әрине, түсінбейді.

Фабийшылдар түкке тұрғысыз нәрселермен қатар, бірнеше насихаттық жақсы шығармаларды да басып шығарды, ал мұның өзі осы салада ағылшындардың істеген барлық нәрсесінің ішіндегі ең оңдысы. Бірақ

* — көбінесе. *Ред.*

олар өздерінің ерекше тактикасына — тап күресін бүркемелеуге — қайтып оралса болғаны, іс жаманға айналады. Олар тап күресі үшін Марксті және біздің бәрімізді өлердей жек көреді.

Фабийшылдардың буржуазиялық жақтаушылары, әрине, көп, сондықтан олардың «көп ақшалары» да бар...» [133].

СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯДАҒЫ ИНТЕЛЛИГЕНТТІК ОППОРТУНИЗМГЕ БЕРІЛГЕН КЛАССИКАЛЫҚ БАҒА

1894 жыл. Шаруалар мәселесі. «Континентте,— деп жазады Энгельс 1894 ж. 10 ноябрьде,— қозғалыстың күшейе бастауына қарай, онан да көп табыстарға жету талабы да күшейіп келеді, ал шаруалардың соңына түсу, сөздің дәлме-дәл мағынасында айтқанда, модаға айналып барады. Ең алдымен француздар Лафарг арқылы Нантта: ұсақ шаруалардың күйзелуін тездету біздің ісіміз емес екені былай тұрсын — бізде ол туралы капитализм қам жейді,— қайта мемлекеттік қазынаның, өсімқорлар мен ірі жер иелерінің зәбірлеуінен тікелей қорғау керек, деді. Бірақ біз мұнымен әсте келісе алмаймыз, өйткені мұның өзі, біріншіден, есуастық, ал, екіншіден,— мүмкін де емес. Оның артынша Франкфуртта Фольмар сөз сөйлейді, ол *тегінде шаруаларды* сатып алуға тырысады, ал жоғарғы Баварияда Фольмар істес болып отырған шаруа, Рейн жағасындағы борышқа батып, еңсесі түскен ұсақ шаруа емес, қайта еркек, әйел батырақтарды қанап, мал мен астық сатып сауда жасайтын орта шаруа және дербес ірі егінші. Ал мұнымен барлық принциптерден бас тартпай тұрып келісу мүмкін нәрсе емес» [134].

1894 жыл, 4 декабрь: «...Бавариялықтар мүлде оппортунисшіл болып алды және жай ғана халық партиясына айналуға аз-ақ қалды (мен көсемдердің көпшілігі және партияға жаңадан кірген, көптеген жаңа адамдар туралы айтып отырмын); олар Бавария ландтагында бюджеттің тұтас қабылдануын жақтап дауыс берді, әсіресе Фольмар шаруалар арасында үгіт

ұйымдастырды, ондағы мақсаты — батырақтарды емес, жоғарғы бавариялық ірі егіншілерді — 25 акрден 80 акрге дейін (10—30 гектардан) жер иеленетін адамдарды, яғни жалдама жұмысшыларсыз мүлдем жұмыс істей алмайтын адамдарды, өз жағына тарту еді...» [135].

Біз бұдан Маркс пен Энгельстің неміс социал-демократиялық партиясындағы оппортунизмге қарсы он жылдан астам уақыт бойы үнемі, табандылықпен күресіп, социализмдегі интеллигенттік филистерлік пен мещандықты қудалап отырғанын көреміз. Бұл — аса маңызды факт. Неміс социал-демократиясы пролетариаттың маркстік саясаты мен тактикасының үлгісі болып саналатынын қалың жұртшылық жақсы біледі, бірақ марксизмнің негізін салушылардың бұл партияның «оң қанатына» (Энгельстің сөзі) қарсы үнемі қалай шайқас жүргізуіне тура келгенін білмейді. Энгельс қайтыс болғаннан кейін көп ұзамай бұл шайқас жасырын шайқастан ашық шайқасқа айналды,— мұның өзі кездейсоқ емес. Бұл — герман социал-демократиясының ондаған жылдар бойындағы тарихи дамуының болмай қоймайтын нәтижесі.

Сөйтіп, енді біздің алдымызда Энгельстің (және Маркстің) кеңестерінің, нұсқауларының, түзетулерінің, қорқыту мен өсиеттерінің екі бағыты мейлінше айқын көрініп отыр. Олар ағылшын-американ социалистерін жұмысшы қозғалысына қосылып, өз ұйымдарындағы өрісі тар және азғын сектанттық рухты жоюға мейлінше табандылықпен шақырып отырды. Неміс социал-демократтарын олар мейлінше табандылықпен: филистерлікке, «парламенттік идиотизмге» (Маркстің 1879 ж. 19 сентябрьде жазған хатында айтқан сөзі) [136], мещандық-интеллигенттік оппортунизмге салынып кетпеңдер деп үйретті.

Біздің социал-демократиялық өсекшілердің алғашқы кеңестер туралы пыш-пыш етіп, екінші кеңестерге келгенде жұмған ауыздарын ашпай қалғаны соларға тән қасиет емес пе? Маркс пен Энгельстің хаттарына баға берудегі *мұндай* сыңаржақтық біздің, россиялық, социал-демократиялық... кейбір «сыңаржақтықты» жақсы көрсетпей ме?

Қазіргі уақытта, халықаралық жұмысшы қозғалысында терең адасу мен ауытқудың белгісі аңғарылып отырған кезде, оппортунизмнің, «парламенттік идиотизмнің» және филистерлік реформизмнің ұшқарылығы революциялық синдикализмнің оған керісінше ұшқарылығын туғызып отырған кезде,— міне, осы уақытта Маркс пен Энгельстің ағылшын-американ және неміс социализміне енгізген «түзетулерінің» жалпы бағыты ерекше маңыз алады.

Социал-демократиялық жұмысшы партиясы *жоқ*, парламенттерде социал-демократ депутаттары *жоқ*, не сайлауда, не баспасөзде және т. т. жүйелі, ұстамды социал-демократиялық саясаты *жоқ* елдерде,— мұндай елдерде Маркс пен Энгельс социалистерді *қайткен күнде де* өресіз сектанттықты бұзып, пролетариатты *саяси серпілту* үшін жұмысшы қозғалысына *қосылу керек* деп үйретті. Өйткені XIX ғасырдың соңғы үштен бір бөлігінде Англияда да, Америкада да пролетариат *ешбір дерлік* саяси дербестік көрсеткен жоқ. Бұл елдердегі саяси арена — буржуазиялық-демократиялық тарихи міндеттер мүлде дерлік жоқ болып отырған кезде — жұмысшыларды алдауға, аздыруға және сатып алуға шеберлігі жағынан әлемде ешкім тең келмейтін, шат-шадыман, тоқмейіл буржуазияға *түгелдей* толы болды.

Маркс пен Энгельстің ағылшын-американ жұмысшы қозғалысына берген бұл кеңестерін Россия жағдайларына жайдан-жай, тұп-тура қолдануға болады деп ойлау,— марксизмді оның *методын* анықтап, белгілі бір елдердегі жұмысшы қозғалысының нақты тарихи ерекшеліктерін *зерттеу* үшін пайдалану емес, фракциялық, интеллигенттік есеппен пайдалану деген сөз.

Керісінше, буржуазиялық-демократиялық революция аяқталмай қалған, «парламенттік формалармен қапталған әскери деспотизм» (Маркстің «Гота программасына сында» айтқан сөзі) [137] үстем болған және үстем болып отырған, пролетариат әлдеқашан саясатқа тартылып, социал-демократиялық саясатты жүргізіп отырған елде,—мұндай елде Маркс пен Энгельс жұмысшы қозғалысының міндеттері мен қарқынын ең алды-

мен парламенттік кемсітуден, филистерлік төмендетуден қауіптенді.

Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде біз марксизмнің *бұл* жағын онан сайын баса көрсетуге және оны бірінші кезекке қоюға міндеттіміз, өйткені бізде көп тараған, «керемет», бай либералдық-буржуазиялық баспасөз коршілес неміс жұмысшы қозғалысының «үлгі боларлық» адалдығы, парламенттік жариялылығы, қарапайымдылығы мен баяулығы туралы пролетариатқа мыңдаған үн қосып жар салып отыр.

Орыс революциясының буржуазияшыл опасыздарының бұл арам ойлы өтірігі кездейсоқтықтан және кадеттік лагерьдің қайсыбір бұрынғы немесе болашақ министрлерінің жеке бастарының бұзылғандығынан туып отырған жоқ. Бұл өтірік Россияның либерал помещиктері мен либерал буржуаларының экономикалық терең мүдделерінен туып отыр. Сондықтан, бұл өтірікке, бұлайша «бұқараны топастандыруға» («Massenverdummung»— Энгельстің 1886 ж. 29 ноябрьдегі хатында айтқан сөзі) [138] қарсы күресте Маркс пен Энгельстің хаттары бүкіл Россия социалистері үшін теңдесі жоқ құрал қызметін атқаруға тиіс.

Либерал буржуалардың арам ойлы өтірігі халыққа неміс социал-демократтарының үлгі боларлық «қарапайымдылығын» көрсетеді. Бұл социал-демократтардың көсемдері, марксизм теориясының негізін салушылар, бізге былай дейді:

«Француздардың революциялық бой көрсетуі Фирек пен К⁰-ның (неміс социал-демократиясының парламенттік фракциясындағы оппортунист социал-демократтар) екіжүзділігін бұрынғысынан да гөрі сорақы етіп көрсетті» (әңгіме француз палатасында жұмысшы партиясының құрылуы жайында және француз радикалдарын француз пролетариатынан бөліп шығарған Деказвиль стачкасы жайында болып отыр [139]). «Соңғы социалистік айтыстарда тек Либкнехт пен Бебель ғана шығып сөйледі және екеуі де тауып сөйледі. Біз мұндай айтыстармен әжептәуір қоғамда қайтадан көріне

аламыз, амал не, бұрын бұл әр уақытта осылай бола берме еді. Немістерде, әсіресе олар рейхстагқа осыншама көп филистерлер жібергеннен соң (алайда, бұл осылай болмай қоймайтын еді), халықаралық әлеуметтік қозғалыс басшыларының ролін атқаруға талас туып отыр, мұның өзі жалпы жақсы нәрсе. *Жайбарақат уақытта Германияда барлығы да филистерлік болады,* сондықтан мұндай кездерде француз бәсекесінің қысымы *аса қажет...»* (1886 жылғы 29 апрельде жазылған хат) [140].

Көбінесе неміс социал-демократиясының идеялық ықпалында болып отырған Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы, міне, осы сабақтарды ең алдымен мықтап үйреніп алуға тиіс.

Бізге бұл сабақтарды XIX ғасырдағы ең ұлы адамдардың жазған хаттарының кейбір жерлері ғана үйретпейді,— пролетариаттың халықаралық тәжірибесін олардың дипломатия мен ұсақ мүдделерге жат жолдастық түрде, тура сынауының бүкіл рухы мен бүкіл мазмұны үйретеді.

Маркс пен Энгельстің барлық хаттары бұл рухқа, шынында, қаншалықты дәрежеде толы екенін, рас, біршама жеке түрде болғанымен, ерекше сипатты мына бір жерлері көрсете алады [141].

1889 жылы Англияда үйретілмеген, мамандығы жоқ, қарапайым жұмысшылардың (газ жұмысшылары, докерлер және т. т.) жас, тың, жаңа революциялық рухқа толы қозғалысы басталды. Энгельс бұл қозғалысқа қатты қуанды. Жұмысшылар арасында үгіт жүргізген Маркстің қызы «Тассидің» (Tussy) ролін Энгельс масаттана атап көрсетеді. «Мұндағы ең жиіркенішті нәрсе,— деп жазады Энгельс 1889 ж. 7 декабрьде Лондоннан,— жұмысшылардың сүйегі мен қанына сіңіп қалған буржуазиялық «құрметшілдік». Қоғамды толып жатқан, жұрттың бәрі сөзсіз мойындаған, жоғарылы-төменді әлеуметтік жіктерге бөлу дегеніміздің көптен келе жатқаны, беріктігі сонша — бұқараны алдап-арбаудың буржуазия үшін ешбір қиындығы жоқ, бұл жоғарылы-төменді жіктердің барлығының да өз «менмендігі» бар, «жақсыларды» және «дәрежелілерді»

сыйлау сезімі олардың сүйегіне сіңген. Мәселен, мен Джон Бёрнстің (Burns) өзінің кардинал Маннингке, лорд-мэрге және жалпы буржуазияға кәнігі болғанынан гөрі, өз табының ішінде кәнігі болғанын шын ықыласымен мақтаныш ететініне оншама сенбеймін. Ал Чэмпион (Champion) — отставкадағы лейтенант — бұдан көп жылдар бұрын буржуазиялық және, ең алдымен, кертартпа элементтермен істес болып, ал поптардың шіркеулік съезінде социализмді, т. т. уағыздаған еді. Тіпті мен олардың ішіндегі ең тәуірі деп санайтын Том Мэннің (Mann) өзі лорд-мэрмен ертеңгі аста табақтас болатынын айтуды жақсы көреді. Міне осыларды француздармен салғастырғанда ғана, бұл жөнде революцияның қаншалықты жақсы әсер ететінін көресің»[142].

Түсіндіріп жатудың қажеті жоқ.

Тағы бір мысал. 1891 жылы Европада соғыс қаупі төнген еді. Энгельс бұл жөнінде Бебельмен хат жазысып, Россия Германияға шабуыл жасайтын болса, неміс социалистері орыстарға да, орыстардың қандай да болсын одақтастарына да қарсы аянбай шайқасуға тиіс дегенге келісті. «Егер Германия тұншықтырылатын болса, онымен бірге біз де тұншықтырыламыз. Ал істің бет алысы жақсы болған жағдайда, күрестің кескілескен сипат алатыны сонша, Германия революциялық шараларға ғана сүйеніп тұра алатын болады, сондықтап біз, мүмкін оп-оңай-ақ, үкімет басына келуге және 1793 жылды қайталауға мәжбүр болармыз» (1891 ж. 24 октябрьдегі хат)[143].

1905 жылы «якобиндік» перспективалар орыс жұмысшы партиясы үшін социал-демократиялық перспектива бола алмайды деп, бүкіл дүние жүзіне жар салған оппортунистердің есінде болсын! Энгельс Бебельге социал-демократтардың уақытша үкіметке қатысуына тура келуі мүмкін дегенді ашып айтты.

Социал-демократиялық жұмысшы партияларының міндеттеріне осындай көзқараста болған Маркс пен Энгельс орыс революциясына және оның бүкіл дүние жүзілік аса зор маңызына шын ықыласымен сенген-ді, бұл әбден түсінікті. Біз бұл хаттан Россияда револю-

ция болуын жиырма жыл дерлік уақыт бойы ынтыға күткендікті көреміз.

Міне, Маркстің 1877 жылы 27 сентябрьде жазған хаты. Шығыстағы дағдарыс[144] Маркстi қатты қуантады. «Россия көптен бері-ақ үлкен төңкерістердің қарсаңында тұр, ал бұған қажетті элементтердің бәрі әбден пісіп жетілген... Түрік жігіттерінің берген соққысы арқасында төңкеріс мерзімі көп жылдарға жылдамдатылды. Төңкеріс secundum artem («өнердің барлық ережелері бойынша») *конституциялық жалпаштанудан* басталады да, сұрапыл ойнаққа айналады (il y aura un beau tapage). Табиғат-ана мейірімділік жасаса, біз осы салтанатты да көрерміз!»[145]. (Маркс ол кезде 59 жаста еді.)

Табиғат-анамыз «бұл салтанатты» Маркстің көруіне мүмкіндік бермеді — мүмкіндік бере де алмас еді. Бірақ «конституциялық жалпаштануды» ол *болжап айтты* және оның сөздері Россияның бірінші және екінші Думалары туралы кеше ғана жазылған сөз тәрізді болып көрінеді. Ал халықты «конституциялық жалпаштанудан» сақтандыру либералдар мен оппортунистер соншалық жек көретін бойкот жасау тактикасының «нағыз жаны» еді ғой...

Міне, Маркстің 1880 жылы 5 ноябрьде жазған хаты. Ол «Капиталдың» Россияда[146] көп тарауына шаттанып, сол кезде жаңа ғана пайда болған қаралай бөлісшілер тобына[147] қарсы шыққан халық ерікшілері жағына шығады. Қаралай бөлісшілердің көзқарастарындағы анархистік элементтерді Маркс тап басып байқайды, сөйтіп — қаралай бөлісші-халықшылдардың болашақта социал-демократтарға айналу эволюциясын білмей тұрып, білуге мүмкіндігі де болмай тұрып — Маркс өзінің өткір сарказмінің бар күшін жұмсап, қаралай бөлісшілерге шүйлігеді:

«Бұл мырзалар қандай да болсын саяси революциялық қимылға қарсы. Россия, олардың пікірінше, анархистік-коммунистік-атеистік мың жылға бір-ақ секіруге тиіс. Оның үстіне олар бұл секірісті тым іш пыстырарлық доктринерлікпен әзірлеп жатыр. Олардың доктри-

наларының принциптері дейтіні марқұм Бакуниннен алынған» [148].

Социал-демократияның «саяси-революциялық бой көрсетулерінің» 1905 және одан кейінгі жылдардағы Россия үшін қаншалықты маңызды екенін Маркстің қалай бағалайтынын осыдан байқауға болады *.

Міне, Энгельстің 1887 жылы 6 апрельде жазған хаты: «Оның есесіне, шамасы, Россияда дағдарыс болғалы тұр. Соңғы жасалған қастандықтар үлкен абыржушылық туғызды...». 1887 ж. 9 апрельдегі хатта да осы айтылады... «Армия іштей наразы офицерлерге толы» (Энгельс ол кезде халық ерікшілдік революциялық күрестің әсерінде болып, офицерлерге үміт артты, орыс солдаты мен матросының 18 жыл өткен соң барып сондай тамаша байқалған революцияшылдығын ол кезде Энгельс білмеген еді...). «...Істің қазіргідегідей жағдайы тым болмаса тағы да бір жылдай бола тұрады деп ойламаймын. Ал Россияда революция бұрқ еткен кезде, («losgeht»), олай болса, ура!» [150].

1887 жылғы 23 апрельде жазылған хат: «Германияда (социалистерді) қуғындау үстіне қуғындап жатыр. Бисмарк, шамасы, Россияда бірнеше айдың мәселесі болып отырған революция бұрқ еткен кезде, Германияны дереу Россияның істегенін істеуі үшін барлығын даярлағысы келсе керек» («losgeschlagen werden») [151].

Бірнеше ай дегеніміз өте көпке ұзап кетті. Энгельстің «революционаризмін» қабағын түйіп, мұрнын тыжырайтып, қатты кінәлайтын немесе қарт революционер-эмигранттың бұрынғы утопиясын кемсітіп, күлкі ететін филистерлердің табылатынына күмән жоқ.

Иә, революцияның таяуда болатынын анықтауда, революцияның жеңетініне үміт артуда (мәселен, 1848 жылы Германияда), герман «республикасының» жақындағанына сенуде (Энгельс империя конституциясы үшін 1848—1849 жылдары болған соғыс науқанына

* Реті келгенде айта кетейік. Ұмытпасам, «Біздегі алауыздықтар» туралы және Россияда болатын алдағы революцияның сипаты туралы Энгельстің Плехановқа жазған хаты бар дегенді маған 1900—1903 жылдары Плеханов немесе В. И. Засулич айтқан болатын. Мұндай хат болды ма, болса ол түгел ме және оны жариялайтын уақыт жеткен жоқ па, мұны анықтап білген жақсы болар еді. [149].

қатысушы ретіндегі өзінің көңіл-күйін есіне түсіре келіп, сол дәуір туралы «республика жолында мерт болайық» деп жазды[152]) Маркс пен Энгельс көп қателесті және жиі қателесті. Олар 1871 жылы, «Францияның оңтүстігін көтеру» ісімен шұғылданған кезінде, «бұл үшін олар (Беккер былай деп жазады: «біз» дегені өздері және ең жақын достары туралы еді: 1871 жылғы 21 июльде жазылған № 14 хат) адамның қолынан келетіннің бәрін құрбан етіп, тәуекелге тіккен...» кезде қателесті. Сол хатта былай дейді: «Егер бізде март пен апрельде ақша көбірек болғанда, біз бүкіл оңтүстік Францияны көтеріп, Париж Коммунасын аман алып қалған болар едік» (29-бет). Бірақ бүкіл дүние жүзі пролетариатын ұсақ, күнделікті, бір тиындық міндеттердің дәрежесінен жоғары көтерген және көтере білген революциялық ойдың асқан алыптарының *мұндай* қателері,— революциялық әбігерліктің әбігерлігі туралы, революциялық күрестен түк шықпайтындығы туралы, контрреволюциялық «конституциялық» сандырақтардың ғажаптығы туралы сарнап, жар салатын, опынып, тілмарланатын қазыналық либерализмнің жексұрын даналығынан мың есе парасатты, асқақ және *тарихи жағынан бағалы, шындыққа жанасымды...*

Орыс жұмысшы табы өзіне бостандықты жеңіп алады және өзінің қателерге толы революциялық қимылдарымен Европаның ілгері басуына түрткі салады — ал пасықтар өзінің революциялық әрекетсіздігінің қатесіздігін айтып көпіре берсін.

6 апрель, 1907 ж.

Н. Ленин

ДУМА ЖӘНЕ ОРЫС ЛИБЕРАЛДАРЫ

С.-Петербург, 10 апрель.

Россия «қоғамы» деп аталатынның көңілі жабырқаңқы, үрейлі, абыржулы. Өзінің бүркеншік атын өте сәтті таңдап алған Ф. Маловер мырзаның жексенбіде шыққан (8 апрель) «Товарищтегі» мақаласы осы пиғылды дұрыс бейнелегендіктен де ғибрат аларлық және сипатты құбылыс болып отыр.

Маловер мырзаның мақаласы «Дума және қоғам» деп аталады. Орыстың ескі сөз қолдануы бойынша, бұл арада өздерін жердің нәрі деп санайтын, өздерін тәкаппарлықпен «интеллигенция» деп атайтын, «қоғамдық пікір» тудыратын адамдармыз, т. т. және т. с. деп санайтын либерал чиновниктердің, буржуазиялық интеллигенттердің, еріккен рантьелердің және менмен, тоқмейіл, шөп басын сындырмайтын басқа да жұртшылықтың бір тобы қоғам деліпіп отыр.

Маловер мырзаға «соңғы күндері солшыл баспасөзден байқалып отырған, Думаға қарсы жасалған жорық мейлінше қатерлі болып көрінеді». Мақаланың негізгі пікірі осы. Маловер мырзаның дәлелдері мынау: ол қоғамның пиғылына қарайды. Қоғам қажыды-мыс, саясаттап «ат-тонын ала қашады», сорақылықтарға наразылық білдірмейді, оқуға «жеңіл» беллетристиканы кітапханадан оқиды, магазиннен сатып алады. «Жұрттың бәрі болбыр»... «Думаның жандануы үшін,— елдің қайта жандануы керек». «Дума, әрине, кез келген сәтте ерлікпен қаза таба алар еді, бірақ, тарап жүрген лақаптарға қарағанда, мұның өзі Думаға лажсыздан өкіл әке болғандардың ғана көңілінен шығар еді. Ал

халық бұдан жаңа сайлау заңынан басқа не ұта алар еді?».

Біз осы цитаттарды Россия либералдарының орасан зор көпшілігіне және либерализмнің барлық интеллигенттік малайларына *тән* болғандықтан келтіріп отырмыз.

Соңғы сөйлемде «қоғам» деген сөздің орнына кенеттен «халық» деген сөздің шыға келгенін ескеріңіздер! Маловер мырза, өзіне өзі қулық істеп (барлық сенімі аз интеллигенттердің жасайтыны сияқты), өзінің барлық дәлелдерін бұрмалады, мәселені атышулы «қоғам» шынында «сырттан қолдауды» немесе *бұқараның* көзқарасын анықтайды-мыс деп көрсетті. Бірақ бұл көзбояушылық қаншалықты шебер жасалса да, бәрібір іске аспай қалды: «қоғамнан» «халыққа» көшуге тура келді. «Қоғам» адамдарының көшедеп мұқият бөліп тасталған және қорғалған қапырық және сасық кабинеттерінде жиналған барлық шаң «көше» жаққа қарай есік ашылысымен-ақ будақтай жөнеледі. Өзін «интеллигент», «білімді» деп есептейтін қақталған майшабақтың софистикасы айқын аңғарылады.

Тезис: *солшылдардың* Думаға қарсы жорығы қатерлі.

Дәлел: *қоғам* қажыды және оқуға жеңіл беллетристиканы тәуір көріп, саясаттан ат-тонын ала қашады.

Қорытынды: Думаның ерлікпен қаза табуынан *халық* ештеңе де ұтпаған болар еді.

Саяси ұран: «енді, сірә, таяу арада үкіметке қарсы күрестің халық (!) қолындағы бірден-бір (!) құралы ретіндегі Думаның праволарын пығайту және ұлғайту жолында ғана саяси күрес жүргізуге болатыны ешкімге де күмән келтірмесе керек».

Скептицизм мен шамадан тыс немқұрайдылықтың мейірбан шапанын киген контрреволюцияшыл екіжүзділердің теңдесі жоқ логикасы екені рас емес пе?

Тезис: біз, «қоғам», батпақта отырмыз. Сіздер, солшылдар, тазартып көрмекшісіздер ме! — Тимеңіздер— батпақтың зияны жоқ.

Дәлел: біз батпақтан тазарту әрекеттеріпен (біз жасамаған) шаршадық. Тазартуға біздің зауқымыз соғып отырған жоқ.

Қорытынды: батпаққа қол тигізу қатерлі.

Маловер мырзалар жасаған пайымдаулардың маңызы зор, өйткені олар, қайталап айтамыз, сайып келгенде негізі орыс революциясындағы тап күресі болып табылатын пиғылды дұрыс көрсетеді. Буржуазияның шаршап-шалдығуы және оның «жеңіл» беллетристикаға үйір болуы — кездейсоқ құбылыс емес, болмай қоймайтын құбылыс. Халықтың партияларға бөлінуі,— революцияның II Думаның сайлауы кезінде алған осы аса маңызды сабағы және осы аса маңызды саяси табысы,— помещиктер мен буржуазияның қалың топтарының оңға қарай бұл бетбұрысын жалпы ұлттық көлемдегі фактілер арқылы айқын көрсетіп берді. «Қоғам» мен «интеллигенция» — осы ондаған мың жоғары топтың жай ғана бейшара, мүсәпір, қорқақ-пасық құйыршығы.

Буржуазиялық интеллигенцияның көпшілігі саясаттан қашқалақтағандармен бірге тұрады, солардың төңірегінде сарқыт ішеді. Халық бұқарасының саяси кітапшаға, газетке және социалистік білімге *«ашқарақ»* екенін тәжірибе арқылы білетін аздаған интеллигенттер ғана жұмысшы партиясының насихатшылар үйірмелеріне барады. Бірақ, әрине, мұндай интеллигенттер егер ерлікпен қаза табуға бармаса да, мардымсыз ақы алатын, жартылай аш, ылғи шаршап-шалдығып жүретін, әбден титықтаған, «қатардағы» партия мүшесінің ерлікке толы каторгалық өміріне бел байлайды. Интеллигенцияның «қоғамның» көң-қоқыс үймесінен арылуы және *оның* аудиториясы қоғамдық-саяси мәселелерге немқұрайды қарайды деп ойлауды ұмытуы *мұндай* интеллигенцияны риза қылады. Ал осы мәселелерге бүйрегі бұратын аудиторияны таба алмайтын «интеллигент», ақшаға сатылып тұрмысқа шыққан әйел сүйіп қосылған зайыпқа қандай ұқсаса, «демократқа» және сөздің дұрыс мағынасында интеллигентке нақ сондай ұқсайды. Бұлардың қай-қайсысында да — ресми-сыпайы және түгелдей ашық жезөкшеліктің жай ғана көріністері бар.

Солшыл партиялар шын мәнінде «қоғамның» *емес*, қандай да болсын бір тоғыр сарыуайымшыл интеллигенттік қоқыстың *емес*, қара халықтың, пролетариат-

тың және ұсақ буржуазиялық, селолық және қалалық, бұқараның белгілі бір бөлегінің мүдделерін қаншалықты білдірсе және психологиясын қаншалықты бейнелесе, соншалықты солшыл және осы атаққа лайық болады. Солшыл партиялар дегеніміз—аш адамның еш уақытта бір тілім нанға немқұрайды қарай алмайтыны сияқты,— аудиториясы *еш уақытта* қоғамдық-саяси мәселелерге немқұрайды қарай алмайтын партиялар. Осы солшыл партиялардың «Думаға қарсы жорығы» дегеніміз қара халық арасындағы белгілі бір ағымның көрінісі, өздерін қоршаған қоқыс үйінділерін ұнататын, өзіне өзі мәз тоқмейілсігендерге қарсы кейбір бұқаралық... былайша айтқанда, наразылық көрсетудің жаңғырығы болады.

Осындай өзіне өзі мәз тоқмейілсігендердің бірі Ф. Маловер мырза былай деп жазады: «Қазіргі кезең үшін халық бұқарасының психологиясы мүлдем белгісіз өлшем, сондықтан бұл бұқараның екінші Думаның таратылуына бірінші Думаның таратылуына қарағаннан басқаша қарайтынына ешкім де кепіл бола алмайды».

Мұның буржуазиялық қоғамда ақшасы көбірек адамға тұрмысқа шықсам, маған сүймей шықты деп ешкім де айта алмайды дейтін «адал әйелдің» психологиясынан қандай айырмашылығы бар?

Ал сіздің өз сезімдеріңіз, мадам, ешкімге ешқандай кепілдік бола қояр ма екен? Ал сіздер, Маловер мырзалар, өздеріңізді «халық бұқарасының» бір бөлшегіміз деп сезінбейсіздер ме, өздеріңізді (тек көруші емес) қатысушымыз деп сезінбейсіздер ме, өздеріңізді жалпы пиғылды қалыптастырушылардың біріміз, алға қозғаушылардың біріміз деп ұғып жүрген жоқсыздар ма?

Пролетариаттың жеңілістерден жеңіске келе жатқанына буржуазия «кепіл бола алмайды». Бостандық жолындағы күресте халықтың жеңілістері тұсында да, жеңістері тұсында да буржуазияның бірдей бейшаралықпен көзге түсетініне пролетариат *кепіл болады.*

Ауытқушылық пен күдіктепушілікке бейім социал-демократтар Маловер мырзалардың мысалынан үйренетін болсын, енді тек социал-демократтардың либералдар

жөніндегі «бір жақты-өшпенділік» позициясы туралы сөздердің ғана емес, сонымен қатар «жалпы ұлттық» (Маловерлер басқарған!?) революция туралы сөздердің де қаншалықты *реакцияшыл* екенін түсінуді үйренетін болсын.

«Наше Эхо» № 14,
10 апрель, 1907 ж.

«Наше Эхо» газетінің
тексті бойынша
басылып отыр

ЛАРИН МЕН ХРУСТАЛЕВ [153]

Меньшевиктік «Народная Газетаның» [154] бірінші номерінде (10 апрель) Г. Хрусталев жолдас жұмысшы съезі туралы айбынды, айрықша қызғылықты және тамаша (большевиктік фракциялық тұрғыдан алғанда) фельетон жазды. Бұл фельетонды біздің тамаша деп есептейтін себебіміз, меньшевик Ларин сияқты меньшевик Хрусталев те — егер артығырақ болмаса — өзінің фельетонымен *бізге* көмектесіп отыр. Оның екеуіне бірдей риза болғандығымыздан біз ол екеуін бір-біріне көрнекі түрде салғастыра отырып, олардың идеяларының мәнін талдап көрейік.

Өзінің «Кеңейтілген жұмысшы партиясы мен жұмысшы съезі» деген кітапшасында Ю. Лариннің нені уағыздағанын еске түсіріңіздер. Лариннің идеясы бойынша, кеңейтілген жұмысшы партиясы бүкіл Россиядағы 9 миллион пролетариаттың, шамамен, 900 мыңдайын қамтуға тиіс. «Маңдайшадағы жазуды» алып тастау керек — яғни бұл партия социал-демократиялық партия болуға тиіс емес. Социал-демократтар мен социалист-революционерлер қосылуға тиіс. Жаңа партия, шынына келгенде, «бейпартиялық партия» болуға тиіс (Лариннің өз сөзі). Социал-демократтар да, социалист-революционерлер сияқты, «кеңейтілген партия ішінде насихатшы қоғамдардың» ролін атқаруға тиіс.

Лариннің жоспары әбден айқын екенін әркім-ақ көріп отыр, ал оның жұмысшы съезі туралы идеялары Аксельродтың басында көп кездесетін қайсыбір бүгіп

қалушылық атаулының, екіұштылық атаулының жоқтығымен көзге түседі. Ой-пікірінің осы айқындылығы үшін біздер, большевиктер, шыншыл Ларин жолдасты мақтап, осы айқындылықты «қазыналық меньшевизмнің» (Лариннің сөзі) екіұштылықтарына қарама-қарсы қойған едік. Сонымен қатар біз Лариннің жоспарын оппортунистік авантюра деп жариялаймыз, өйткені эсерлермен қосылу және «бейпартиялық партия» жұмысшының сапа-сезімін күңгірттеуден басқа, социал-демократиялық ұйымды қиындыққа ұшыратудан басқа ештеңе бере алмайды.

Енді оқушы Хрусталев жолдастың жоспарын зейін салып талқылап көрсін. Ол тура былай деп жазады: «Съезді шақыру жөніндегі жұмысты партия өз қолына алуға тиіс емес». «Оны шақыруға кәсіптік одақтар мен съезді шақыру жөніндегі арнаулы комитеттер инициатива жасауға тиіс».

Бұл комитеттер қалай құрылуға тиіс?

Хрусталев жолдас бұған тура жауап бермейді. Бірақ мына сөздерде, жанама болса да, едәуір айқын жауап бар:

> «Съездің құрамы жөнінде қандай жорамал бар? Қандай болмасын бір ценз қойыла ма? — деп сұрайды да, ол былай деп жауап береді:— Біз ұйымды кеңейтуге ұмтылып отыр екенбіз, біз осы арқылы шектеу атаулыға қарсы шығамыз. Съезде — жұмысшылардың барлық сайланған өкілдеріне орын берілсін. Кәсіптік одақтар, тұтыну қоғамдары, жұмысшы кассалары, жұмысшылардың өзара жәрдем қоғамдары, завод комитеттері, съезді ұйымдастыру үшін арнайы құрылған комитеттер, завод комитеттері жоқ заводтар мен фабрикалардан сайланған депутаттар,— осылардың бәрінің бүкіл россиялық жұмысшы съезінде өздерінің өкілдері болуға тиіс. Оның құрамы осындай».

Бұл әбден түсінікті. Қандай жолмен болса да жұмысшылар сайлаған адамдар түгелдей —«шектеу атаулыға қарсы» шығыңыздар. «Жұмысшыларды» қызметші (сауда, почта, телеграф, темір жол және т. т. қызметшілері) атаулыдан және біздің социал-демократиялық ұйымдарға да, «тұтыну қоғамдарына да» кіріп отырған шаруалардан қалай *шектеуге* болатыны туралы —автор айтпайды. Бұл — оның «шектеу атаулыға қарсы» деген көзқарасы тұрғысынан алғанда, техникалық ұсақ-ту-

йек екені рас! ұсақ буржуазиялық элементтерді шектеудің керегі қанша еді?

Алайда ілгері барайық. Хрусталев жолдас съездің құрамын айқын белгіледі. Оның міндеттері туралы да ол айқын пікір айтты. «Қайткен күнде де,— деп жазады ол,— жұмысшы съезінің комитеттері мен жергілікті социал-демократиялық ұйымдар қат-қабат өмір сүретін болады».

«...Завод комитеттері бірінші ұйымдастыру ұясы болады. Еңбек пен капитал арасындағы жанжалды жайғастырудан, экономикалық стачкаларға жоспарлы түрде басшылық етуден, жұмыс іздестіруден және т. т. бастап, кассаларды, клубтарды, лекцияларды, кітапханаларды ұйымдастыруға дейінгі завод өмірінің барлық көріністеріне қатыса отырып,— сайланып қойылған және есеп беріп отыратын завод комитеттері өз шеңберімен пролетариаттың қалың топтарын қамтиды.

Бір қаланың немесе өнеркәсіп орталығының завод комитеттері жұмысшы съезінің комитетін құрады. Бұл комитеттің үлесіне кәсіптік және кооперативтік қозғалысқа басшылық ету, оны тереңдетіп, ұлғайту, жұмыссыздарға жәрдем ұйымдастыру, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі қалалық өзін өзі басқару орындарына ықпал ету, ішіп-жем тағамдарының қымбаттауына қарсы үгіт жүргізу, жұмыссыздарға көмек көрсету жөніндегі Дума комиссиясымен байланыс жасау, *жұмысшы табының мүдделеріне қатысы бар заң жобаларының бәрін жергілікті жерлерде талқылау* (курсив автордікі); жергілікті өзін өзі басқару орындарының реформасы кезінде — сайлау науқанын өткізу және т. т. тиеді.

Жұмысшы съезі бүкіл қозғалысқа басшылық етуші, оған бағыт беруші ғана орган болады. Шамамен алғанда схема осындай. Әрине, өмір өзінің түзетулерін енгізеді».

Бұл әбден түсінікті. Бейпартиялық завод комитеттері. Жұмысшы съезінің бейпартиялық комитеттері. Бейпартиялық жұмысшы съезі. «Осы комитеттер арқылы және олардың көмегімен,— дейді Хрусталев жолдас,— партия бүкіл жұмысшы табына ықпал ететін құдіретті тұтқаға ие болады».

Мұның Ларинкен айырмашылығы қандай?? деген сұрақ туады. Бұл — тек сәл басқа сөздермен айтылған *нақ сол жоспардың өзі.* Мұның өзі социал-демократияны іс жүзінде «кеңейтілген партия ішіндегі насихатшы қоғамның» ролінде қалдыру деген сөз, өйткені Хрусталев жолдастың «жоспары» *іс жүзінде* социал-демокра-

тияға *басқа ешқандай міндет қалдырмай отыр.* Жұмысшы табының саяси қызметін ол Ларин сияқты «бейпартиялық жұмысшы партиясына» берді, өйткені *«заң жобаларының бәрін талқылау», «сайлау науқанын өткізу және т. т.»*— жұмысшы табының *бүкіл* саяси қызметі дегеніміздің өзі де осылар ғой.

Тек қана Ларин Хрусталевтан гөрі шыншылырақ және ашығырақ, ал іс жүзінде олардың екеуі де «социал-демократиялық жұмысшы партиясын жоюды, оны пролетариаттың бейпартиялық саяси ұйымымен ауыстыруды» ұсынады және соны жүргізіп отыр. Бейпартиялық жұмысшы ұйымдары туралы большевиктік қарардың бірінші пункті де дәл осыны айтады, ал Хрусталев жолдас бұл қарарға қатты ашуланды, бізді прокурор және т. т. деп балағаттады.

Хрусталев жолдастың ашуланған себебі, біздің қарарда пролетариаттың күресін кім басқаруға тиіс, *социал-демократиялық* партия ма әлде «пролетариаттың *бейпартиялық* саяси ұйымы» ма?— деп тура қойылған сұрақтан жалтару қажеттігін сезді. Қалалық өзін өзі басқаруға ықпал етуде, Дума комиссияларымен қарым-қатынас жасауда (Хрусталев жолдас *Думадағы социал-демократиялық фракция* жайында тіс жармады! Бұл кездейсоқтық па әлде «жұмысшы съезінің» бейпартиялық «комитеттерінің» социал-демократтармен де, социалист-революционерлермен де, трудовиктермен де қарым-қатынас жасайтынын бұлдыр сезген адамның «сәуегейлік сөзі» ме?), заң жобаларын талқылауда, сайлау науқанын өткізуде *және т. т.* «басшылық етуші және бағыт беруші орган» кім болуға тиіс?

Осы мәселе оның алдына қойылғанда Хрусталев жолдастың ашуланудан басқа амалы қалмайды, өйткені пролетариаттың саяси қызметін бейпартиялық «комитеттер» басқаруға тиіс деп мойындау ыңғайсыз. «Антипартиялық съезді шақыру үшін үгітті қай социал-демократ жүргізді немесе жүргізіп отыр?— деп сұрайды ол зығырданы қайнап.— Қарсы жақ бірде-бір адамды атай алмайды». Ашуланбаңыз, Хрусталев жолдас, біз өз қарарымыздың бірінші пунктінде-ақ бірқатар адамдардың есімін *көрсеткенбіз,* ал енді біз оларға

Г. Хрусталев жолдастың есімін қоса алар едік. Хрусталев жолдас іс жүзінде Ларин сияқты *кеңейтілген еңбек партиясы* * үшін үгіт жүргізіп отыр. Жұмысшы партиясы демей, «еңбек» партиясы деп отырмыз, өйткені (1) бейпартиялық саяси ұйымның құрамынан Ларин де, Хрусталев те еңбектік, яғни ұсақ буржуазиялық демократияны шығарып тастамайды (мысалы, жұмысшы съезінде «тұтыну қоғамдарынан» делегаттардың болуы немесе «шектеу атаулыға қарсы» ұран), ал (2) жұмысшы саяси ұйымының бейпартиялығы қалайда социал-демократиялық көзқарас пен еңбектік көзқарастың араласып кететінін көрсетеді.

Хрусталев жолдас былай деп жазады: «Зубатов пен Гапон құрған ұйымдар полициялық сипаттан тез арылып, таза таптық саясат жүргізді». Пролетарлардың саясатына басшылық етуді бейпартиялық ұйымдарға беруге ешқашан да келіспеген, ұйымдасқан *социал-демократиялық* партияның бұл іске саналы түрде қатысуы *арқасында* арылды. Хрусталев жолдас «таза таптық» саясатты *социал-демократиялық* саясаттан, сірә, ажырататын болар? Одан өз ойын *ашық* түсіндіруді қатты өтінер едік.

«Жұмысшы съезі болады,— деп бұйыра сөйлейді Хрусталев жолдас,— ал социал-демократтар оған қатысады». Егер болса, әлбетте, қатысамыз. Біз социал-демократия жолында күресу үшін зубатовтық және гапондық жұмысшы қозғалысына да қатысқанбыз. Социал-демократия үшін трудовиктік және трудовиктік-*бейпартиялық* идеяларға қарсы күресу үшін еңбектік жұмысшы съезіне де қатысамыз. Бұл — ескі гапоншылдықтың пайдасы үшін де, жаңа бейпартиялықтың пайдасы үшін де дәлел болмайды.

Хрусталев жолдас сөзін «жұмысшы большевиктерге» арнайды, сөйтіп жұмысшы депутаттары Советіне қарсы үгіт жүргізген большевиктермен оларды жанжалдастыруға тырысады. Бұл әрекетке жауап беріп жатпаймыз. Фракцияда жоқ Троцкийге жүгінейік. Хрусталев жол-

---

* Бұл сөз Г. Линдов жолдастікі, ол бұл сөздің дұрыстығын «Тактика мәселелері» атты жинаққа кірген «Жұмысшы съезі» деген мақалада тамаша негіздеп, дәлелдеді.

дас оның: «Партияны қорғау жөнінде» деген кітабын оқып шықсын, *82-бетін,* осы тақырыптағы § 2. «Прокопович мырзаның жалақорлықпен тура айтуы» деген мақаланы ашсын. Хрусталев жолдас мұны оқып шыққанда, ол фракциялық теріс әрекеттерді фракциялық емес жұмысшы съезінің идеясымен бүркемелегені үшін ұялатын болады.

Біз саналы жұмысшыларға тек екі ауыз сөзбен ғана былай деп көрсетеміз: пролетариат *саясатында* (сайлау науқаны және т. т.) *бейпартиялық* комитеттердің басшылық роль атқаруы дегеніміз таза интеллигенттік елес, ол *ондаған есе ұлғайған* ұрыс-керіс пен өсек-аяңға ғана, ал осы ұрыс-керіс пен өсек-аяң арқылы «қайтадан социал-демократияға» әкелер еді.

Қорыта келгенде жұмысшы съезін айқын және жеткізе уағыздағаны үшін Хрусталев жолдасқа тағы да алғыс айтамыз. Ларин мен Хрусталев — большевиктердің Аксельродқа қарсы ең жақсы одақтастары.

«Труд» № 1,
15 апрель, 1907 ж.

«Труд» газетінің тексті бойынша басылып отыр

ФР. МЕРИНГ ЕКІНШІ ДУМА ТУРАЛЫ

Немістің социал-демократиялық «Die Neue Zeit» * журналының соңғы номерлерінің бірінде осы журналдың кәдуілгі «бас мақалашысы» Франц Мерингтің кәдуілгі белгісімен бас мақаласы басылған. Бюджет жөніндегі кәдуілгі жарыс сөзде социал-демократ шешендер Зингер мен Давид соңғы сайлауда жеңіліске ұшырады-мыс деген социал-демократия [155] өзінің пролетарлық позициясын табандылықпен қалай қорғап отырғандығын көрсету үшін қолайлы жағдайды ұтымды пайдаланды, автор осыны атап айтады. Мұның керісінше, сайлауда клерикалдық «орталыққа» қарсы және социал-демократияға қарсы үкіметпен ауыз жаласқан неміс либералдары реакцияның абыройы түскен одақтастарының ең бейшаралық жағдайына ұшырайды. «Либерал буржуазия,— дейді Меринг,— ост-эльба юнкерлерінің қандайда бір болмашы садақасы үшін бағынышты күңнің (немісше «Dirne» шын мәнісінде, «жәлеп әйел» деген сөз) ролін атқарады.

Германиядағы либералдар туралы мәселені социал-демократиялық тұрғыда қоюдың сарыны мен мазмұны жағынан қазір орыстың кадеттік газеттерінде жиі кездесіп жүргендей тұрғыда қоюдан қандай айырмашылығы бар екенін оқушыларға айқын көрсету үшін біз осы қатты айтылған сөздерді дәлме-дәл цитат етіп келтіріп отырмыз. Жұртқа мәлім, бұл газеттер Герма-

* 1907 ж. 6 мартындағы 23-номер (25. Jahrg., Bd. I).

ниядағы сайлаудың нәтижесі жөнінде мүлде басқа әуенге басты, буржуазиялық демократияны елемедіміс немесе ол жөнінде «сыңаржақты-дұшпандық позиция» ұстады-мыс және т. т. деп, социал-демократияның қателері туралы қақсап жүр.

Бірақ бұл — жол-жөнекей айтылған сөз. Бұл жерде біздің назарымызды аударып отырған Мерингтің неміс либерализміне берген бағасы емес, орыс Думасы мен *орыс либерализміне* берген бағасы, өйткені ол орыс либерализмінің ұрандарын («Думаны сақтау», «ұнамды жұмыс» жүргізу) тамаша дәл және айқын талдайды.

Меринг мақаласының бүкіл екінші бөлімінің толық аудармасын келтіріп отырмыз.

НЕМІС ЛИБЕРАЛИЗМІ ЖӘНЕ ОРЫС ДУМАСЫ

...Осы айтыстардың * мейлінше түкке тұрғысыз екенін түсіну үшін бұдан 60 жыл бұрын не болғанына, буржуазияның парламенттік күреске тұңғыш рет белді бекем байлаған кезіндегі Берлиннің Біріккен ландтагына көз жіберу пайдалы. Ал сол кезде де буржуазияның ерлігі мәз емес-ті. Маркс оны былай деп сипаттайды: «Өзіне сенбей, халыққа сенбей, жоғарғыларға қарсы күңкілдеп, төменгілерден үрейленіп, мұның екеуіне келгенде де өзімшіл және өзінің өзімшілдігін мойындайтын, консерваторларға келгенде революцияшыл, революционерлерге келгенде консерватор; өзінің ұрандарына сенбейтін, дүние жүзілік дауылдан қорқатын және оны өз пайдасына пайдаланатын; ешқандай жігері жоқ, жаппай плагиат болып табылатын, ол пасық, өйткені онда ерекше ештеңе жоқ, оның ерекшелігі өзінің пасықтығы, ол озімен-өзі саудаласады; инициативасыз, дүние жүзілік-тарихи ешбір талабы жоқ — нақ шал сияқты, шал болғанда қарғыс атқан, жігерге толы халықтың әдепкі тың серпілістерін қайтару және ол серпілістерді өзінің кәрі мүдделеріне бағындыру маңдайына жазылған — көзсіз, құлақсыз, мұрынсыз — әбден қаусаған шал сияқты» [156].

* Әңгіме бюджет жөнінде рейхстагта болған айтыстар туралы болып отыр.

Дегенмен, мұның бәріне қарамастан, ол кездегі буржуазия өзінің жеке басының правосы қамтамасыз етілмейінше, ақшаны қолынан шығармай және король мен юнкерлердің табыстарын қысқарта білетін; ол —король өзінің үлкендік правосын пайдаланып банкроттықтан құтылуға тырысқанда, оған жәрдемдескеннен гөрі, корольдің қаһарына тозуды жөн көрді.

Қазіргі еркін ойлыларға қарағанда, біріккен ландтагтың либералдары ол кезде, ең болмағанда, неғұрлым көреген болған еді. Олар «ұнамды жұмыс» туралы мылжың сөзді елегісі келмеді, сондықтан өздерінің конституциялық правосынан бас тартуды мойынсұнудан гөрі сол кездегі шығыс темір жол құрылысы сияқты елдің жағдайын жақсартудағы маңызды істі кешеуілдеткенді жөн көрді.

Бюджет туралы рейхстагта болған айтыстардың қорытындылануы мен екінші орыс Думасының ашылуы қатар келгендіктен, ол кезді еске түсіру өте керек болып отыр. Күмән жоқ, орыс революциясының парламенттік тарихы осы кезге дейін, 1789 жылғы француз революциясының парламенттік тарихынан гөрі, 1848 жылғы Пруссия революциясының парламенттік тарихына көбірек ұқсас болып келді; бірінші орыс Думасының тарихы бір кезде Берлин театрында мәжіліс құрған атышулы «келісімпаздар жиналысының» тарихын кейбір жағдайларда өте-мөте еске түсіреді, ұсақ-түйектерге дейін, алым-салықтарды төлемеуге шақырған, құрдымға сіңіп, құрып кеткен нәтижесіз үндеуге дейін еске түсіреді; жиналыс бұл үндеуді конституциялық-демократиялық көпшілік қуып таратылғаннан кейін шығарды. Пруссияда да үкімет шақырған екінші ландтагтың, қазіргі орыс Думасы сияқты, неғұрлым айқын оппозициялық сипаты болды, ал сонан соң бір айдан кейін қарулы күшпен қайтадан қуылып жіберілді. Жаңа орыс Думасының да тағдыры дәл солай болады деген пікірлер аз естіліп жүрген жоқ. Ал тым данасынған либералдар былай деп тамаша кеңес береді: Думаны сақтаңдар, «ұнамды жұмыс» жүргізу арқылы халықтың сеніміне ие болыңдар. Либералдар түсінген мағынада алғанда,—

мұның өзі жаңа Думаға ғана кеңес етуге болатын барып тұрған ақымақтық.

Тарих қайталауды сүймейді. Жаңа Дума — революцияның жемісі, ол бір кезде болған екінші пруссиялық парламентке мүлде ұқсамайды. Дума жексұрындық пен пасықтық түрде қысым жасау арқылы сайланды, мұнымен салыстырғанда немістің — «империялық өтіріктер одағы» істегендердің бәрі түкке тұрмайтын болып шығады. Ал қазіргі Думаның солшылдары арасында да конституциялық демократия енді үстемдік етпейді; қазіргі солшылдарды күшті социалистік фракция шынықтырған. Думаны тез арада қуып тарату ісі де онша оңай болып отырған жоқ. Егер Думаны қуып тарату немесе таратпау түгелдей патша өкіметінің еркіне байланысты болса, онда ол сайлауға қысым жасаудың осыншалықты мезі қылатын, осыншалықты жиреніштi әрекетімен машақаттанбаған болар еді. Патша өкіметіне несие берушілер үшін оны банкрот болудан құтқаратын халық өкілдігі керек,— тіпті ол қиыншылыққа ұрынбаған күнде де — бұдан да бейшара сайлау жүйесін ойлап шығаруға және сайлауға бұдан да гөрі қысым көрсетуге патша өкіметінің енді титтей де мүмкіндігі қалған жоқ.

Бұл жөнінде 1849 жылғы Пруссия реакциясының тағы бір ірі мүмкіншілігі болды: жалпыға бірдей сайлау правосын жойып, үш сатылы сайлау жүйесін енгізіп, ол халық өкілдігі деп аталатын өкілдікке, өзіне ешқандай елеулі қарсылық жасамайтын, ал мемлекетке несие берушілер үшін дегенмен біраз кепілдік болып табылатын өкілдікке ие болды.

Атап айтқанда жаңа Думаның сайлауы неміс революциясының бір кездегі қарқынынан гөрі, орыс революциясының қарқыны анағұрлым күшті екенін көрсетті. Сондай-ақ жаңа Думаны революцияның кездейсоқ таңдамағаны, революцияның оны пайдаланғысы келіп отырғаны күмәнсыз. Егер неміс либералдарының даналық кеңестерін тыңдап, олардың түсіну мағынасында «ұнамды жұмыс» жүргізу арқылы халық сеніміне ие болуға тырысса, онда революция өзіне-өзі опасыздық жасаған болар еді; бұлай істесе, ол неміс либерализмі-

нің алпыс жыл бойы жүріп келе жатқан бейшаралық және масқаралық жолына түскен болар еді. Осы ғажап батырдың «ұнамды жұмыс» деп түсінген түсінігі патша өкіметінің финанс қыспақтарынан шығуға жаңа Думаның көмектесуіне, сөйтіп қайсыбір Столыпин сияқтының министрлігі ғана істей алатын «реформалар» түрінде болмашы қайыр-садақа алуына әкеп соққан болар еді.

«Ұнамды жұмыс» ұғымын тарихи мысалмен түсіндірейік. Ұлттық жиналыс 1789 жылы жазғы бір түнде француз шаруаларын азат еткен кезде, конституциялық демократияның асқан батыры, данышпан-сатқын авантюрист Мирабо бұл оқиғаны қанатты сөзбен: «жексұрын жын-ойнақ» деп атады. Ал біздіңше, бұл «ұнамды жұмыс» еді. Мұның керісінше, Пруссия шаруаларын азат ету, өгіз аяңмен 60 жыл бойына, 1807 жылдан 1865 жылға дейін созылған, оның бер жағында қатыгездікпен, аяусыз түрде сансыз көп шаруалардың өмірін жойған азат ету — біздің либералдардың көзқарасы тұрғысынан қарағанда «ұнамды жұмыс» болған-ды, олар бұл жайында барынша даурығып жар салып жүр. Біздіңше, бұл — «жексұрын жын-ойнақ» болған еді.

Сонымен — жаңа Дума, егер ол өзінің тарихи міндетін орындағысы келсе, «ұнамды жұмыспен» сөзсіз шұғылдануға тиіс. Бұл жөнінде қуанышты бір ауыздылық үстем болып отыр. Бұл «ұнамды жұмыс» қандай түрде болуға тиіс, мәселе тек осында ғана. Біз өз тарапымыздан Дума орыс революциясының, оны туғызған революцияның құралы болады деп үміттенеміз және солай болғанын тілейміз.

* *
*

Мерингтің бұл мақаласы орыс социал-демократиясындағы қазіргі ағымдар жөнінде ой жүгіртуге мәжбүр етеді.

Ең алдымен, автордың 1905 жылғы және келесі жылдардағы орыс революциясын 1848—1849 жылдардағы неміс революциясымен салыстырып, бірінші Думаны

атышулы «келісімпаздар жиналысымен» салыстырып отырғанын айтпауға болмайды. Тырнақшада алынған сөз Маркстікі. Ол өзінің «Жаңа Рейн Газетінде» [157] сол замандағы неміс либералдарын осылай деп атаған еді. Ал оның берген атағы буржуазиялық революцияға баға берген пролетарлық ой-пікірдің берік мұрасы ретінде тарихқа енді.

Маркстің революциялық замандағы неміс либералдарын «келісімпаздар» деп атаған себебі, ол кезде «келісу теориясы», тәждің халықпен, ескі өкіметтің революцияның күштерімен келісім жасасуы либерал буржуазияның саяси тактикасының негізі болды. Бұл тактика немістің буржуазиялық революциясында неміс буржуазиясының таптық мүддесін білдірді: буржуазия революцияны ақырына дейін жеткізуден қорықты, пролетариаттың дербестігінен қорықты, шаруалардың өзінің орта ғасырлық қанаушыларын — помещиктерді, ол кезде шаруашылығы крепостниктік тәртіп белгілерін едәуір сақтап отырған помещиктерді толық жеңуінен қорықты. Буржуазияның таптық мүдделері оны революцияға қарсы реакциямен мәмлеге келуге («келісім жасасуға») итермеледі, ал «келісу теориясын» жасаған либерал интеллигенттер сол теория арқылы өздерінің революциядан шегіншектеуін бүркемеледі.

Меринг келтірген тамаша цитат революциялық заманда осы келісімпаз буржуазияны Маркстің қалай соққылағанын айқын көрсетеді. Ал Маркс пен Энгельстің 40-жылдардағы Меринг бастырып шығарған шығармаларымен таныс адам, әсіресе олардың «Жаңа Рейн Газетінде» шыққан мақалаларымен таныс адам, *мұндай* цитаттарды көптеп келтіруге болатынын, әрине, біледі.

Плеханов сияқты социал-демократияның оң қанатының Россия буржуазиялық революциясындағы тактикасын ақтау үшін Маркске сүйенуге әрекеттенетін адам бұл жөнінде ойланып көрсін! Мұндай адамдардың дәлелдері цитаттарды орынсыз қолдануға негізделінеді: олар реакцияшыл ұсақ буржуазияға қарсы ірі буржуазияны қолдау жөніндегі жалпы қағидаларды алып,

оларды орыс кадеттеріне, орыс революциясына талғамсыз қолдана береді.

Меринг бұл адамдарға жақсы тағылым береді. Кімде-кім пролетариаттың буржуазиялық революциядағы міндеттері жайында Маркспен ақылдасқысы келсе, ол адам Маркстің *нақ* немістің буржуазиялық революциясы заманына қатысты пікірлерін алуға тиіс. Ал біздің меньшевиктердің бұл пікірлерден соншама қорқынышпен орағытып өтетіні тегін емес! Біз бұл пікірлерден орыс «большевиктерінің» орыстың буржуазиялық революциясында *келісімпаз* буржуазияға қарсы жүргізіп отырған аяусыз күресінің ең толық, ең айқын бейнесін көріп отырмыз.

Маркс немістің буржуазиялық революциясы кезінде революцияны ақырына дейін жеткізуді, пролетариаттың басшылық рольді жеңіп алуын, «келісімпаз» буржуазияның сатқындығын әшкерелеуді, осы буржуазияның ықпалынан халық бұқарасын, әсіресе шаруаларды * шығарып алуды пролетариаттың негізгі міндеті деп есептеді. Бұл — тарихи факт, Маркстің атын босқа қабылдаушы адамдар ғана бұл факт жөнінде ештеңе айтпауы немесе орағытып өтуі мүмкін.

Ал Мерингтің «ұнамды жұмыс» пен «жиіркеніштi әдепсіздікке» берген бағасы осымен тығыз, ажырамастай байланысты.

Оның бұл салыстыруы қазір әскери-дала самодержавиесінің бюджетін екінші Думада бекітуді енгізіп отырған Россия либералдарының, кадеттердің, өңменінен оқтай қадалып отырғаны сонпалықты, Мерингтің сөздеріне бірдеңе қосу, шын мәнінде, ол сөздерді әлсірету ғана болып шығар еді.

Біз Мерингтің мәселе қоюына неміс социал-демократиясының оң қанатының мәселе қоюын қарама-қарсы қоямыз. «Neue Zeit»-тің барлық редакциялық коллегиясы сияқты Мерингтің де революциялық социал-демократиялық көзқараста екені оқушыларға, әрине, белгілі. Бернштейншілдер қарама-қарсы, оппортунис-

---

* Шаруалардың буржуазиялық революциядағы роліне баға бере келіп, Маркс 1848 жылы былай деді: неміс буржуазиясы *өздерінің табиғи одақтастарын, шаруаларды* сатып кетеді [158].

тік позиция ұстап отыр. Олардың басты органы «Sozialistische Monatshefte» журналы болып табылады. Осы журналдың соңғы кітапшасынан (апрель, 1907) Роман Стрельцов деген бір мырзаның: «Екінші орыс парламенті» деген мақаласын кездестіріп отырмыз. Мақала большевиктерге қарсы ызалы сөздерге лық толы, автор, мысқыл үшін болу керек, большевиктерді «лениниаңашылдар» деп атайды. Бұл стрелецтің неміс жұртшылығын қапшалықты адал ниетпен хабардар етіп отырғанын тіпті мынадан да көруге болады: Петербургтегі сайлау кезінде Лениннің кітапшасынан ең қатты айтылған жерлерін цитат етіп алып, автор меньшевиктер жасаған және жікке бөліну негізінде күрес тудырған арсыздықпен *жікке бөліну* жайында *жұмған аузын ашпайды!*

Бірақ бұл жол-жөнекей айтылған нәрсе. Бізге маңыздысы — бернштейншілдің принциптік жағынан мәселе қоюы. Ол меньшевиктерді, *әсіресе Плехановты,* Россия социал-демократиясының *реалистік қанаты* ретінде мадақтайды. Неміс социал-демократиясының орталық органы «Vorwärts» [159] халық екінші Думаға өтініш айтушыларды емес (Fürsprecher), күрескерлерді (Vorkämpfer) жіберді деген сөзі үшін «реалистен» сөз естиді: «лениниаңашыл сияқты, «Vorwärts» те, сірә, Россиядағы қазіргі жағдайды жақсы деп есептейтін болса керек» (аталған кітаптың 295-беті) *. Автордың қорытындысы айқын және нақты. «Сонымен,— деп жазады ол, өз мақаласын аяқтай келіп,— сонымен, Думаны сақтау (Erhaltung der Duma), бәрін қосып алғанда, бүкіл оппозицияның мақсаты әзірге осындай». Ал бұдан соң: социалистер «кадеттерге қарсы пайдасыз күреске өздерінің күштерін сарп етуге» тиіс емес (296-бет, бұл да сонда).

Мерингтің «жиіркенішті әдепсіздік» туралы пікірі-

* Айта кетейік. Стрельцов мырзаның неміс социал-демократиясының алдында большевиктерге күйе жағуға тырысқаны үшін біз оған қалайда терең және ыстық ризалық білдірсек, сірә, артық болмас. Стрельцов мырзаның мұны осылай... шебер істейтіні соншалық, неміс социал-демократтарының арасында большевизмді насихаттау үшін біз бұдан жақсы одақтасты тілемеген де болар едік. Тырысып бағыңыз, тырысып бағыңыз, Стрельцов мырза!

нің барысы мен Стрельцов мырзалардың «Думаны сақтау керек» деген ұраны туралы пікірінің барысын салыстырудан қорытынды жасауды оқушының өзіне қалдырамыз.

Мұндай салыстыру қазіргі Думадағы большевиктік саясат пен меньшевиктік саясат жөніндегі,— Мемлекеттік думаға көзқарас туралы большевиктік қарар мен меньшевиктік қарардың жобалары жөніндегі түсіндірмелердің орнын толық баса алады.

1907 ж. апрельде жазылған

1907 ж. апрельде мына жинақта басылған: «Тактика мәселелері», II. С.-Петербург, «Новая дума» баспасы
Қол қойған: К. Т.

Жинақтың тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ЖІККЕ БӨЛІНУДІ ЖОЮ

Қазірдің өзінде күнделікті жария баспасөзден оқушыларға белгілі болып отырғандай, партияның жергілікті мүшелерінің көпшілігі әлдеқашан ұйғарған қайта құру РСДРП Петербург ұйымында, ақырында, аяқталды. Жергілікті ұйымның барлық мүшелерінен ерекше сайланған конференция 1907 жылдың 25 мартында жиналды [160], Петербург комитетін қайта құру жобасын («Пролетарийдің» 15-номерінде басылған) және меньшевиктердің қарсы жобасын («Русская Жизньнің» 51-номерінде басылған) талқылады, сөйтіп болмашы өзгерістермен Петербург комитетінің жобасын қабылдады.

Осы ұйымдық уставтың мәні — демократиялық централизм принципін дәйекті түрде жүзеге асыруда болып отыр. Белгілі бір норма бойынша (бірінші конференция партияның әрбір 50 мүшесінен 1 адамнан сайланған делегаттардан тұратын) төте сайлау арқылы (екі сатылы сайлау жоюға мүмкін емес кедергілер кездескенде ғана болады) партияның барлық мүшелері сайлаған *конференция* бүкіл ұйымның басшысы болады. Бұл конференция тұрақты мекеме болып табылады. Конференция айына екі реттен сирек жиналмайды, сөйтіп ұйымның жоғарғы органы болып табылады. Ол әрбір жарты жылда қайта сайланып отырады.

Конференция жергілікті ұйымның белгілі бір ауданында жұмыс істейтіндерден ғана емес, *партияның барлық мүшелерінен* Петербург комитетін сайлайды.

Ұйым осындай типте болғанда аудандардың өкілдігінің әркелкілігі атаулы жойылады, ал ең бастысы — аудандардың өкілдерінен Петербург комитетін құрудың ыңғайсыз, көп сатылы, демократиялық емес жүйесінің орнына тікелей бірден-бір басшы конференция біріктірген барлық партия мүшелерінің шын бірлігі құрылады. Бұл конференцияның құрамы аса көрнекті жұмысшылардың басым көпшілігінің бүкіл жергілікті ұйымның барлық істеріне басшылық етуге қатысуына мүмкіндік береді және сөзсіз қатыстырады.

Конференция ұйымның осы жаңа типін қазірдің өзінде жүзеге асырды, өзін тұрақты мекеме деп жариялады, 19 жолдастан жаңа Петербург комитетін сайлады, сөйтіп ағымдағы барлық мәселелерді шешу үшін екі мәжіліс өткізді (дұрысырағы: мәжіліске екі рет жиналды).

Конференция қабылдамай тастаған меньшевиктік қайта құру жобасының қандай екепін сипаттау үшін бір, ең маңызды, жағдайды көрсетіп өтейік. Бұл жоба ұйымның басшысы етіп әлгіндей конференцияны қояды (оны совет деп атайды). Бірақ конференцияның атқару органы, Петербург комитеті, бұл жоба бойынша мүлде жойылады! «Жалпы қалалық совет,— делінген меньшевиктердің жобасында,— ағымдағы жұмысты жүргізу үшін бірсыпыра комиссияларға бөлінеді (насихат, үгіт, әдебиет, кәсіптік, финанс комиссиялары және т. т.)». Ал «ұйымның басқа партиялар алдындағы өкілдігі және өз партиямыздың орталық мекемелерімен қарым-қатынас жасауы» совет сайлаған 5 адамнан құрылған «президиумға тапсырылады».

Ағымдағы жұмысты конференцияның бір атқару органына бірікпеген бытыраңқы комиссиялар жүргізетін ұйымның іске қабілеті қандай болатынын көз алдыңа елестетуге болады! Мұнда демократиялық *централизм* бос сөзге айналдырылған: істің шын мәнінде, мұның өзі социал-демократиялық партияны бірыңғай ұйымға онша мықты байланысты болмауы ықтимал жұмысшы бұқарасының арасындағы *насихат қоғамының* роліне түсіру жөніндегі атышулы лариндік жоспарға қарай бір қадам жасағандық. Меньшевиктердің бұл жобасы-

ның бірден қабылданбай тасталғанын айтудың да керегі жоқ. РСДРП-ның осындай негіздердегі *меньшевиктік* комитеттерінің немесе ұйымдарының жұмыс тәжірибесімен бізді таныстыруды осы жобаның авторларынан сұрау ғана қалып отыр.

Содан соң. Петербург ұйымының жаңа конференциясының *Петербургтегі жікке бөлінуді жойғанын* көрсетіп өту өте-мөте маңызды. Жұртқа мәлім, меньшевиктер 1907 жылгы 6 январьдағы конференциядан,— РСДРП-ның Петербургтегі сайлау науқаны туралы мәселені шешкен конференциядан кетіп (бейне, ресми себептермен), екінші Дума сайлауы кезінде олар Петербургте жікке бөлінуді туғызды. 25 мартта бірінші рет жиналған жаңа конференцияның сайлауы РСДРП Орталық Комитеті *әдейі* осы мақсат үшін тағайындаған, латыш социал-демократиясынан сайланған Орталық Комитет мүшесі енгізілген *ерекше* комиссияның *тікелей* бақылауымен жүргізілді. 25 марттағы конференция (қазір де жұмысын жалғастырып отырған конференция, өйткені, біздің бұрын айтқанымыздай, ол өзін тұрақты мекеме деп жариялады) соңғы жыл ішінде Петербургте болған, өкілдіктің дұрыстығын, мандаттардың заңдылығы мен санын және т. т. *титтей де талассыз* анықтаған *бірінші* социал-демократиялық конференция болды.

Петербург үшін, большевиктер мен меньшевиктер арасында неғұрлым қырқысқап күрес болып жатқан Петербург үшін бұл — осы кезге дейін *көз көріп, құлақ естімеген* факт. Бойкот конференциясы да (1906 жылғы февраль)[161], «думалық» министрлік талабын қолдау туралы мәселе жөніндегі конференция да (1906 ж. июнь)[162] большевиктерді жеңіске жеткізді, бірақ әңгіме әрқашан да өкілдіктің дұрыстығы туралы сөзсіз таластардан басталатын.

Сондықтан Петербургтегі сайлау алдында болған, енді өтіп кеткен жікке бөлінудің шын себептері мен шын маңызын түсініп алу үшін Петербургтегі социал-демократиялық екі фракцияның күші жайындағы осы *талассыз*, тұңғыш рет талассыз, деректерді пайдалану мейлінше тағылым аларлық нәрсе. Жұртқа мәлім, меньшевиктер бұл жікке бөлінуді формальды себептер-

ден: 1) 6 январь конференциясындағы өкілдіктің дұрыс еместігінен (большевиктер дауыстардың, әсіресе приказчик дауыстарының санын арттырып жіберуі жөнінде және меньшевиктік мандаттарды заңсыз қысқартуы жөнінде айыпталды); 2) қалалық және губерниялық конференцияға бөліну туралы Орталық Комитеттің талабын орындаудан конференцияның бас тартуынан деп дәлелдеді.

Іс жүзінде екінші «дәлел» Петербургтегі жікке бөлінушілікті жасауға Орталық Комитеттің (яғни оның меньшевиктік бөлегінің) *қатысуына* келіп тіреледі, бұл «Пролетарийдың» бұдан бұрынғы номерлерінде жеткілікті дәрежеде анықталды. Жалпы қалалық конференциялардың қалалық және губерниялық конференцияларға бөлінуін Орталық Комитеттің *еш жерде* талап етпегенін *және талап ете алмағанын* өте жақсы білетін, біздің партияның басқа қалалардағы барлық мүшелері де мұны оңай түсінеді. Бұл талаптың ультиматумдық сипаты Орталық Комитетке Петербургте С.-Петербург ұйымын *жікке бөліп,* содан соң бөлініп шыққан меньшевиктерге кадеттермен келіс сөздерді бастауға (немесе соза беруге) көмектесу *үшін* керек болды.

Бірақ жікке бөлінудің бірінші «дәлелі» партиямыздың Петербургтегі мүшелерінен басқа мүшелерінің бәріне мүлде күңгірт және даулы күйінде қалып отыр. Олар 6 январь конференциясындағы өкілдіктің дұрыстығы туралы және Петербургтегі большевиктік және меньшевиктік күштердің шын арасалмағы туралы пікір айта алмайды. Мұны документтер арқылы дәлелдеу — социал-демократиялық баспасөз үшін мүлде шамасы келмейтін міндет, өйткені документтерді тек ерекше комиссия ғана жинап, зерттей алар еді. Бірақ 25 март конференциясындағы өкілдіктің тексерілген және дау туғызбайтын цифрларының арқасында біз Петербургте сайлау алдындағы жікке бөлінуді меньшевиктердің ақтауында қаншалықты шындықтың болғанын бүкіл партиямызға көрсетуге мүмкіндік аламыз. Бұл үшін 6 январь конференциясы мен 25 март конференциясына сайлаулар кезінде большевиктер мен меньшевиктерге дауыс берген социал-демократтар саны

туралы *аудандар бойынша келтірілген деректерді* тек *салыстырса* болғаны.

25 март конференциясына сайлау бойынша берілген дауыстар туралы деректер *дау туғызбайды:* оларды Орталық Комитет комиссиясы тексерген және большевиктер де, меньшевиктер де қабылдаған.

6 январь конференциясына сайлауда дауыс бергендер туралы *даусыз* деректерді алу үшін, *біз меньшевиктердің цифрларын аламыз.* 6 январь конференциясынан кеткенде 31 меньшевик ерекше мәлімдеме — «Біздің конференцияны тастап кетуге мәжбүр болған себебіміз не? (Конференцияның 31 мүшесінің Орталық Комитетке жолдаған мәлімдемесі)» деген атпен листок басып шығарды. Біз «Пролетарийдің» 12-номерінде бұл листокты талдағанбыз*. Енді біз «Петербург ұйымы конференциясындағы сайлаушылардың құрамы туралы цифр деректерін» (6 январь конференциясы) аламыз, бұл деректер сол листоктың 7 және 8-беттерінде *басылған.* Мұнда большевиктер үшін ** және меньшевиктер үшін *дауыс бергендердің саны* 11 ауданның әрқайсысы бойынша келтірілген, оның үстіне берілген дауыстардың бәрі тағы да даусыз және даулы дауыстарға, ал даулы дауыстар большевиктер дау көтерген және меньшевиктер дау көтерген дауыстарға бөлінген.

Бұл арада бізге осы егжей-тегжейлі бөлудің бәрін келтіріп жатудың қажеті жоқ. Меньшевиктердің енгізген *барлық* түзетулерін біз ескертуде ерекше айтамыз. Ал салыстыру үшін большевиктер мен меньшевиктерге «дауыс бергендер санының» *қорытындысын* аламыз, яғни осы деректерді 25 март конференциясына сайлау кезіндегі дауыстар туралы деректермен салыстыру арқылы 6 январь конференциясына сайлау кезінде *кімнің тарапынан қандай* теріс әрекеттер жасалғанына әрбір партия мүшесі көзін жеткізе алуы үшін даусыз дауыстар мен даулы дауыстарды қосып жібереміз.

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 334—338-беттер. *Ред.*

** Бұл цифрлар тағы да большевиктік дауыстар мен диссиденттік («революциялық блоктың платформасы») дауыстарға бөлінген. Бұлардың екеуі де большевиктер, олардың арасында: солшыл блок жасасу керек пе немесе таза социал-демократиялық тізім жасау керек пе деген мәселе жөнінде дау болды.

Петербург ұйымының 12-ауданы, приказчиктер ауданы, бойынша 31-дің листогында кестеге түсірілген деректер жоқ. Олар тексте (4-бет) былай дейді: Петербург комитеті ұйымдасқан 313 приказчикке сайлаудың демократиялық емес сипатын еске алып, 50 адамнан емес (жалпы норма), 60 адамнан 1 өкілден деп есептеп, 5 өкіл сайлауға право берді. Осыған сүйеніп меньшевиктер приказчиктердің дауыстарын *мүлде* мойындамады. 5 өкілдің біреуі меньшевик, төртеуі большевик болғандықтан, біз 63 дауысты меньшевиктерге, 250 дауысты большевиктерге берілген дауыс деп есептейміз.

Сонан соң біз Петербург социал-демократиялық ұйымының барлық 12 ауданын дауыс дау туғызбаған алты ауданға және дау туғызған алты ауданға бөлеміз. Дауыс дау туғызған аудандарға большевиктерге немесе меньшевиктерге берілген дауыстардың *жартысынан астамына* 6 январь конференциясында не меньшевиктер, не большевиктер *дау туғызған* аудандарды жатқыздық. Бұған жататын аудандар: Выборг ауданы (большевиктер меньшевиктерге берілген 256 дауыстың 234-іне онша дұрыс алынбаған дауыс деп дау көтерді), Қалалық аудан (меньшевиктерге берілген 459 дауыстың 370-іне большевиктер дау көтерді), Москва ауданы (меньшевиктерге берілген 248 дауыстың 97-іне большевиктер, 107-іне меньшевиктер дау көтерді; большевиктерге берілген 185 дауыстың *бәріне* меньшевиктер дау туғызды *), темір жол ауданы (большевиктерге берілген 21 дауыстың бесеуіне дау туды; меньшевиктерге берілген 154 дауыстың 107-іне дау туды); эстон ауданы (большевиктерге берілген 100 дауыстың бәріне меньшевиктер дау туғызды) және приказчиктер ауданы (меньшевиктер 313 дауыстың бәріне *түгелдей қарсылық білдірді,* олар бұл дауыстарды, тек осы дауыстарды, тіпті берілмеген дауыстар: ұйымның мүшелері

* Екінші жақтың онша дұрыс емес, тексерілмеген, өсіріп көрсетілген, бірақ мүлде жалған емес деп есептеген дауыстары барлық жерде дау туғызған дауыстар деп аталады. Большевиктер 6 январь конференциясында дау туғызған *дауыстар үшін* 50 адамға бір делегаттың орнына 75 адамға 1 делегаттан есептеп, олардың *бәрі* үшін өкілдіктің мөлшерін арттыруға ұйғарды.

орнына ұйымның басшылары сайланды-мыс деп жариялады).

Даусыз аудандарға Василеостровск, Нарва, округтік, латыш аудандары (осы 4 аудан бойынша дауыстардың бәрі даусыз дауыс болды), сонан соң Нева ауданы (*большевиктерге* берілген 150 дауыстың 15 даусы даулы болды; *меньшевиктерге* берілген 40 дауыстың 4 даусы даулы болды) және Петербург ауданы (*меньшевиктерге* берілген 120 дауыстың 22 даусы даулы болды) жатады.

Дауыс бергендердің саны туралы аудандар бойынша деректер мынадай түрде болды:

РСДРП-ның Спб. ұйымы	Аудандар:	6 январь конференциясы *Берілген* дауыстар саны: больш.	меньш.	Барлығы	25 март конференциясы *Берілген* дауыстар саны: больш.	меньш.	Барлығы
Дау тұғызбаған аудандар	Вас.-Островск	329	339	668	798	435	1 233
	Петербург	161	120	281	528	254	782
	Нарва	24	6	30	202	231	433
	Нева	150	40	190	585	173	758
	Округтік	451	63	514	737	—	737
	Латыш	117	47	164	100	—	100
	Барлығы	1 232	615	1 847	2 950	1 093	4 043
Дау тұғызған аудандар	Выборг	97	256	353	155	267	422
	Қалалық	220	459	679	701	558	1 259
	Москва	185	248	433	331	83	414
	Темір жол	21	154	175	29	105	134
	Эстон	100	—	100	150	—	150
	Приказчиктер	250	63	313	300	50	350
	Барлығы	873	1 180	2 053	1 666	1 063	2 729
	Жиыны	2 105	1 795	3 900	4 616	2 156	6 772

Бұл деректерден мынадай қорытындылар шығады:

1) Петербургтің социал-демократ жұмысшылары қалалық курия бойынша Дума сайлауынан гөрі (6 январь конференциясының мақсаты) С.-Петербург ұйымының реформасына (25 март конференциясының мақсаты) анағұрлым көбірек көңіл аударған.

Социал-демократиялық ұйым мүшелерінің саны 2 жарым ай ішінде өте көп мөлшерде өзгере *алмайтын еді*. Жиналыстар өткізу және дауыстарды есептеу үшін полициялық жағдайлар мартта бұрынғыдан жақсы болған жоқ, қайта жаман болды (университетте жиналыстар болған жоқ; жұмысшыларды қудалау күшейді).

Социал-демократиялық ұйымның *дауыс берген* мүшелерінің саны бір жарым еседен астам, үштен екі еседен астам (3900-ден 6772-ге дейін) өсті.

2) Дауыс берушілердің саны едәуір көп болған жағдайда большевиктердің меньшевиктерден басымдылығы дауыс беруге нашар қатысқан жағдайдағыдан *анағұрлым күштірек* болып шықты. 6 январьда меньшевиктердің 3900 дауыстан 1795 даусы, яғни 46 процент даусы болды, 25 мартта олар 6772 дауыстан 2156 дауыс, яғни 32 процент дауыс алды.

3) Дауыс дау тұғызбаған аудандарда (алғашқы 6 аудан) *большевиктер* үшін де, *меньшевиктер* үшін де берілген дауыстардың саны өсті (бірінші сан едәуір көбірек өсті). *Дауыс дау туғызған аудандарда (соңғы алтауында) большевиктер үшін берілген дауыстардың саны өсті, ал меньшевиктер үшін берілген дауыстардың саны кеміді.*

Большевиктер үшін берілген дауыстардың саны 873-тен 1666-ға дейін өсті. *Меньшевиктер* үшін берілген дауыстардың саны 1180-нен 1063-ке дейін кеміді. Дауыс дау туғызған аудандарда меньшевиктердің басымдығы *жоқ болып шықты.*

Жікке бөліну жөніндегі кінәның кімнің жағында жатқаны туралы мәселені осы факт шешіп береді.

Тексеру сайлауы, Орталық Комитеттің ерекше комиссиясы тексерген сайлау мынаны көрсетті: дауыс дау туғызған аудандардағы большевиктік дауыстардың саны шын саннан *кем* болып шықты,— меньшевиктік дауыстардың саны шын саннан *артық* болып шықты!!

Дауыс дау туғызған аудандардағы дауыстардың санын большевиктер көбейтіп көрсетіп отыр деп меньшевиктер айтып та жүрді, жазып та жатты. Большевиктер бұл жөнінде меньшевиктерді кінәлады. Тексеру сайлауы большевиктік дауыстардың санын көбейтіп,

меньшевиктік дауыстардың санын кемітіп жіберді. Большевиктердің әділдігін дәлелдейтін бұдан айқын және шешуші дәлел бола қояр ма екен?

Бұл қорытындыны теріске шығару жөнінде аудандар бойынша деректер кездейсоқ болуы мүмкін дегенді де, 6 январьда дауыстардың дау туғызғандарын да, дау туғызбағандарын да большевиктер қосып алды дегенді де тілге тиек етуге болмайды. Бірінші қарсылық есепке алынбайды, өйткені біз кездейсоқтықты тілге тиек етудің *қандайын* да болдырмау үшін әдейі жеке аудандарды ғана алғанымыз жоқ, біз *бір топ* ауданды алдық, алты ауданды алты ауданмен салыстырдық. Жеке аудандар бойынша деректер (мысалы, Москва ауданы!!) біз үшін он есе қолайлы болар еді.

Екінші қарсылық та есепке алынбайды, өйткені біз әдейі *меньшевиктік* цифрларды негізге алдық, бұл цифрларға меньшевиктердің өздері де болмашы түзетулер енгізді. Өздерінің бастырған листогында (7-бет), 31-дің ойынша, «шынымен бекітуге жатпайтын» дауыстар тек мыналар ғана: Нева ауданы бойынша 150 большевиктік дауыстың 15 даусы және Эстон ауданындағы большевиктік дауыстардың бәрі; Москва ауданы бойынша 248 меньшевиктік дауыстың 107 даусы және темір жол ауданы бойынша 154 меньшевиктік дауыстың 41 даусы, яғни не бары большевиктік 115 дауыс және меньшевиктік 143 дауыс. Приказчиктер ауданы дауыстарын (барлығы 313) меньшевиктер түгелдей қабылдамады. Біз жасаған жалпы қорытындыларға бұл түзетулердің ешбір нұқсан келтіре алмайтынын көру оңай.

Орталық Комитет комиссиясы сайлауын ерекше тексерген және берілген дауыстарына жұрттың бәрі дау туғызбаған 25 март конференциясы 6 январь конференциясында өкілдік үшін болған таласта шындықтың түгелдей большевиктер жағында болғандығын, большевиктердің басымдығы едәуір болып шыққандығын *дәлелдеді;* меньшевиктердің басымдығы біржолата теріске шығарылды. Әрине, 25 март конференциясының сайлау науқанынан кейін болғанын, сөйтіп бұл мәселеде социал-демократ жұмысшылардың большевиктер

жағына шыққанын, 1907 жылғы 6 январьдан кейін шыққанын бейнеледі деп біздің пікірімізге қарсылық білдіріп көруге де болады. Бірақ мұндай қарсылық сайлау себебінен туған жікке бөліну үшін нақ меньшевиктердің кінәлы болғандығын, әрине, әлсіретпейді, қайта (басқа жағынан болса да) күшейте түседі.

Екінші Дума сайлауында Петербургтегі жікке бөліну жөнінде кінә *түгелдей меньшевиктерге жүктеледі.* Біз әрқашан да осылай деп келдік және партия алдында дәлелдеуге міндеттенгенбіз.

Енді біз мұны біржолата дәлелдедік.

1907 ж. апрельде жазылған

1907 ж. 2 майда «Пролетарий» газетінің 16-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ЖАЛПЫ ҰЛТТЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ

Сөздің шын мәнісінде, тек жалпы ұлттық революция ғана жеңімпаз революция болуы мүмкін. Бұл мына мағынада алғанда дұрыс: революция жеңуі үшін осы революцияның талаптары жолындағы күреске халықтың орасан зор көпшілігін біріктіру қажет. Бұл орасан зор көпшілік не түгелдей бір таптан, не кейбір бірыңғай міндеттері бар түрлі таптардан құралуға тиіс. Қазіргі орыс революциясына келетін болсақ, әрине, осы сөздің *жоғарыда айтылған мағынасында алғанда,* оның да жалпы халықтық революция ретінде ғана жеңіп шығуы мүмкін екені, оның да жеңіске жетуі үшін күреске халықтың орасан зор көпшілігінің саналы түрде қатысуы қажет екені анық.

Жұрт арасына лақап болып тарап кеткен: «жалпы ұлттық» революция деген сөздің шартты дұрыстығы осымен ғана шектеледі. Шынына келгенде, бұл ұғымнан жоғарыда көрсетілген труизмнен (ұйымдасқан және үстемдік етуші азшылыққа қарсы күресте тек орасан зор көпшілік қана жеңіске жете алады) басқа, ешқандай қорытындылар жасауға болмайды. Сондықтан оны жалпы формула ретінде, шаблон ретінде, тактиканың өлшемі ретінде қолдану — түбірінен теріс, терең антимарксистік болады. «Жалпы ұлттық революция» деген ұғым марксистке белгілі, анық, шектеулі жалпы міндеттерге сәйкес келетін *әр түрлі* таптардың түрлі мүдделеріне дәл талдау жасаудың қажет екенін көрсетуге тиіс. Бұл ұғым ешқандай жағдайда да белгілі

бір революцияның барысында тап күресін зерттеуді *көмескілеп,* бүркемелей алмайды. «Жалпы ұлттық революция» деген ұғымды бұлай қолдану — марксизмнен толық бас тарту, сөйтіп ұсақ буржуазияшыл демократтардың немесе ұсақ буржуазияшыл социалистердің тұрпайы бос сөзіне қайта оралу деген сөз.

Біздің оң қанаттағы социал-демократтар осы ақиқатты жиі ұмытады. Олар *революцияның прогресі революциядағы таптардың арасалмағын өзгертетінін* одан да жиі естен шығарады. Революцияның әрбір шын прогресі — қозғалысқа неғұрлым қалың бұқараны тарту,— демек, таптық мүдделердің мейлінше саналылығы,— демек, саяси, партиялық топтардың мейлінше айқындылығы және түрлі партиялардың таптық пішінін неғұрлым дәл бейнелеу,—демек, өзінің абстрактілігімен жалпылама, абстрактілі, бұлдыр, күңгірт саяси және экономикалық талаптарын әр түрлі таптардың нақты, дәл белгіленген *әр алуан* талаптарымен мейлінше көбірек ауыстыру деген сөз.

Мысалы, орыс буржуазиялық революциясы, барлық буржуазиялық революция атаулы сияқты, сөзсіз «саяси бостандық», «халық мүдделері» деген жалпы ұранмен басталады, қала берді, бұл ұрандардың нақты маңызы бұқара үшін және таптар үшін күрестің барысында ғана, осы «бостандықты» жүзеге асыруға, «демократия» сияқты бос сөзді болса да *нақтылы* мазмұнмен толықтыруға іс жүзінде қадам жасалғанда ғана айқындалады. Буржуазиялық революция алдында, оның бас кезінде, демократия үшін бәрі: пролетариат та, қалалық ұсақ буржуазиялық элементтермен бірге шаруалар да, либерал помещиктермен бірге либерал буржуалар да бой көрсетеді. Тек тап күресінің барысында ғана, революцияның азды-көпті ұзақ тарихи дамуында ғана бұл «демократияны» әр түрлі таптың түрліше ұғынуы айқындалады. Ол ол ма: сол бір «демократия» үшін *түрлі* экономикалық және саяси шараларды талап ететін әр түрлі таптардың мүдделері арасындағы терең тұңғиықтың беті ашылады.

Бір «демократиялық» таптың немесе топтың басқасындай алысқа кеткісі келмейтіндігі немесе алысқа

кете алмайтындығы,—«жалпы» (бейне бір жалпы) міндеттерді жүзеге асыру негізінде соларды жүзеге асыру *әдісі* үшін, мысалы, бостандықтың, халық билігінің белгілі бір дәрежесі, оның ауқымдылығы мен дәйектілігі үшін, жердің шаруаларға белгілі бір жолмен өтуі және т. т. үшін қиян-кескі қақтығыстардың өріс алатындығы күрес үстінде ғана, революцияның дамуында ғана анықталады.

Жақында екі газеттің арасында болған таласты оқушыға түсіндіру үшін біз осы ұмытылған ақиқаттың бәрін еске салуға тиіс болдық. Олардың біреуі, «Народная Газета», екіншісіне, «Наше Эхоға», қарсы, міне, былай деп жазды:

««Халықтың партияларға бөлінуі,—деп жазады «Наше Эхо»,— осы ең маңызды саяси сабақ және II Дума сайлауы кезіндегі революцияның ең маңызды саяси табысы,— помещиктер мен буржуазияның қалың топтарының оңға қарай жасаған осы бет бұрысын жалпы ұлттық көлемнің фактілері арқылы айқын көрсетті». Өте дұрыс; бірақ жергілікті орындардан келген «солшыл» депутаттардың — эсерлердің, трудовиктер мен халықтық социалистердің — пиғылы мен мандаттары да кадеттік «конституциялық жалған үміттердің» қазіргі кезеңде «халықтың» көкейінен аз дәрежеде орын алмай отырғанын, Думаның қасиетті қызметіне «халықтың» шектен тыс үміт артатындығын, Думаны «сақтау» туралы халықтың шектен тыс қамқорлық жасайтындығын «жалпы ұлттық көлемде айқын көрсетті». «Наше Эхо» газетінің әдебиетшілері, міне, осы пілдей нәрсені байқамаған. Олар халықтың Думаға *кімді* жібергенін байқаған, олар халықтың оларды оған *не үшін* жібергенін байқамаған. Ал олай болса, пролетариатты «жалпы ұлттық» міндеттерді елемеуге шақыра отырып, буржуазиялық «қоғам» былай тұрсын, тіпті ұсақ буржуазиялық «халықтан» да оны оқшаулауға шақырып отырғанына «Наше Эхо» келісе ме екен?».

Мұның өзі оппортунизмнің ірі-ірі үш қатесін ашатын айрықша сабақ боларлық, тамаша тирада: 1-ден, сайлаудың нәтижелеріне депутаттардың пиғылы қарсы қойылады; бұл — халықтың пиғылын депутаттардың пиғылымен ауыстыру, неғұрлым терең, кең, негізгі нәрседен неғұрлым ұсақ, тар, ойдан шығарылған нәрсеге шақыру деген сөз *. 2-ден, пролетариаттың бекем,

* «Мандаттарға» келетін болсақ, онда біз бұл дәлелді мүлде қабылдамаймыз. Революциялық және оппортунистік тапсырмалар мен мандаттарды кім есептеп отыр? Революциялық тапсырмаларды басқаны үшін қанша газеттің жабылғанын кім білмейді?

ұстамды саяси бағыты мен тактикасы туралы мәселе белгілі бір «пиғылды» есепке алу туралы мәселемен ауыстырылып отыр. 3-ден,— ал *бұл ең маңыздысы,*— «жалпы ұлттық революцияның» тұрпайы-демократиялық фетиші үшін пролетариатты «ұсақ буржуазиялық халықтан» «*оқшаулану»* дегенмен қорқытып отыр.

Алғашқы екі қатеге мүмкін қысқаша тоқталармыз. Сайлау бұқараны қозғалтты, сөйтіп олардың бір сәттік пиғылын ғана емес, сонымен қатар олардың *терең мүд-делерін* де көрсетті. Таптық мүдделерден (сайлауда партиялық топтар көрсеткен мүдделерінен) бір сәттік пиғылға жүгіну марксистерге мүлде лайықты емес. Депутаттардың зауқы пәс болуы мүмкін, ал бұқараның экономикалық мүдделері бұқаралық күрес туғызуы мүмкін. Сондықтан «пиғылды» есепке алу белгілі бір қимылдың, қадамның, үндеудің, т. с. *кезеңін* белгілеу үшін қажет болуы мүмкін, бірақ пролетариат *тактикасын* белгілеу үшін ешбір қажеттігі жоқ. Басқаша пайымдау — ұстамды пролетарлық тактиканы «пиғылға» принципсіз тәуелділікпен ауыстыру деген сөз. Ал әңгіме барлық уақытта да «кезең» туралы емес, нақ *бағыт* туралы болып келді. Қазіргі кезеңде пролетариат өзіне өзі келді ме әлде келген жоқ па («Народная Газетаның» ойлағанындай), мұның өзі жұмысшы табы *іс-қимылдарының* тактикалық *бағытын* белгілеуге емес, *іс-қимылдардың «кезеңін»* есепке алу үшін маңызды.

Үшінші қате — ең терең және ең елеулі қате: социал-демократтарды немесе (бәрібір) пролетариатты ұсақ буржуазияшыл халықтан «оқшаулау» қорқынышы. Бұл — мүлдем қолайсыз қорқыныш.

Эсерлер, трудовиктер мен халықтық социалистер кадеттердің соңынан шынымен сүйретіліп еріп отырғандықтан,— бұл бола береді және Головинді жақтап дауыс беруден бастап, жұмған аузын ашпай мүлде үндемеудің, т. т. атышулы тактикасына жалғастырылып өте жиі болып келді,— социал-демократия өзін ұсақ буржуазиялық халықтан оқшаулауға *міндетті* болады. Өйткені екінің бірі: немесе ұсақ буржуазияшыл халықтың ауытқулары ұсақ буржуалардың жалпы

солқылдақ жаратылысын көрсетеді, революцияның ауыр және қиын дамуын көрсетеді, бірақ бұл революция шегіне жетті, оның күштері сарқылды деген сөз емес (біз осылай ойлаймыз). Онда, социал-демократиялық пролетариат ұсақ буржуазияшыл халықтың ауытқуы мен солқылдақтығы атаулының қай-қайсысынан болсын өзін оқшаулап, осы халықты күреске *тәрбиелейді,* оны күреске әзірлейді, оның сана-сезімін, батылдығын, табандылығын, т. т. дамытады. Немесе ұсақ буржуазияшыл халықтың ауытқулары осы буржуазиялық революцияның толық біткен жері болып табылады (біздің ойымызша, мұндай көзқарас *теріс,* ал әсіре оңшыл социал-демократтар бұған күмәнсыз бой ұрғанымен де, социал-демократтардың ешқайсысы ол көзқарасты тура және ашық қорғаған емес). Онда жұмысшы бұқарасының таптық сана-сезімін тәрбиелеу үшін және оларды келесі революцияға неғұрлым жоспарлы, берік, батыл түрде қатысуға әзірлеу үшін социал-демократиялық пролетариат *та* өзін ұсақ буржуазияның солқылдақтығынан (немесе сатқындығынан) оқшаулауға *міндетті.*

Социал-демократиялық пролетариат *кадеттік жалған үміттер санасына сіңген* ұсақ буржуазияшыл халықтан өзін оқшаулауға екі жағдайда да, барлық жағдайда да сөзсіз міндетті. Ол барлық жағдайда да шын революцияшыл таптың табанды, ұстамды саясатын жүргізуге тиіс, жалпы ұлттық міндеттер туралы да, жалпы ұлттық революция туралы да ешқандай реакциялық немесе мещандық сылдыр сөздермен өзін қобалжытпауға тиіс.

Күштердің белгілі бір үйлесуі және қолайсыз жағдайлардың тоғысуы кезінде буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық топтардың басым көпшілігі жағымпаздыққа, құлдық ұрушылыққа немесе қорқақтыққа шалдығуы мүмкін. Мұның өзі «жалпы ұлттық» қорқақтық болған болар еді,— сондықтан тұтас алғанда социал-демократиялық пролетариат бүкіл жұмысшы қозғалысының мүдделері үшін одан өзін *оқшаулайды.*

«Пролетарий» № 16,
2 май, 1907 ж.

«Пролетарий» газетінің тексті бойынша басылып отыр

РОССИЯ СОЦИАЛ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ НОЯБРЬДЕГІ ӘСКЕРИ-ЖАУЫНГЕРЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ПРОТОКОЛДАРЫ ЖӨНІНДЕ [163]

«Народная Думаның» 20-номерінде (осы жылғы 3 апрельдегі) мынадай мәлімдеме басылған: «РСДРП Орталық Комитеті партия ұйымдарына мынандай хат жазды: «Жуырда *«Әскери және жауынгерлік ұйымдардың бірінші конференциясының протоколдары»** деп аталған кітап баспадан шықты. Болуы мүмкін түсініспеушіліктердің бәрін жою мақсатымен Орталық Комитет бұл жөнінде төмендегіше түсініктеме беруді қажет деп табады: 1) Бұл конференцияны бірнеше әскери және жауынгерлік ұйымдардың өкілдері Орталық Комитеттің келісімінсіз ғана емес, жауынгерлік ұйымдардың бірігуінің қандай формаларына болса да жол беруге болмайды деп тапқан оның үзілді-кесілді қарсылығына қарамастан шақырды. 2) Орталық Комитет жанындағы техникалық топ «конференцияға» қатысуға Орталық Комитеттен рұқсат алған жоқ, ал Орталық Комитетке айтпай, конференцияға қатысқан осы топтың мүшесі Орталық Комитет тарапынан қатты жазғырылды. Бұған мынаны қоса айтуды қажет деп санаймыз: Прибалтика өлкесінің әскери ұйымдары конференцияға социал-демократиялық Латыш өлкесінің Орталық Комитетінің қаулысына қарамастан қатысты»».

Бұдан оқушылар біздің Орталық Комитеттің қайдағы бір конференцияны партия алдында қаралауға асығып,

* Орталық Комитет *қысқартқан* нағыз аты былай деп аталады: *«Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясы* ұйымдарының,—1916 ж. ноябрьде болған (конференцияның)...» (С.-Петербург, 1907. Бағасы 60 тиын. IV+168 бет).

формальды теріс нәрселерді тізіп келтіру арқылы істің мәнін көлегейлеп, өте ашуланып отырғанын көреді.

Орталық Комитеттің ашу-ызасының қызықты сипатына әркім өзінің көзін жеткізу үшін партияның барлық мүшелеріне айрықша назар аударарлық «РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының протоколдарымен» танысуға кеңес береміз. Өз тарапымыздан, қысқаша болса да осы кітапқа (және онымен байланысты «жанжалға») баға беруге тоқталу қажет деп санаймыз.

Әуелі Орталық Комитеттің ашулы мәлімдемесіндегі мәселенің формальды жағы туралы екі ауыз сөз. Конференция оның қарсылығына қарамастан шақырылды, өйткені ол «жауынгерлік ұйымдардың бірігуінің қандай формаларына болса да жол беруге болмайды» деп тапты. Мұның өзі өте ашулы айтылған, тек байланысы жоқ қисынсыз айтылған. Егер ол *конференцияларды* «бірігудің формаларына» мүлде жатқызбайтын болса, онда атылған оқтың бәрі далаға кетеді. Егер «бірігудің формасы» сияқты жауынгерлердің кеңесіне *де* («конференция») жол беруге болмайтын болса, онда біз таңырқапып, өзімізден былай деп сұраймыз: әзір партия ұйымдары — партиялық ұйым болып тұрғанда, әзір оларды партия съезі де, Орталық Комитет те таратпаған жағдайда, *партия* ұйымдары өкілдерінің *кеңесуіне* қалай тыйым салуға болады?? Орталық Комитет өзінің шын пікірін (жауынгерлік ұйым атаулыны мүлде тарату тілегін) тура айтудан, сірә, қорқатын болу керек, сондықтан да күлкі келтірерліктей ашуланады. Шынына келгенде, «кеңестер өткізуге жол бермеймін» деп жекіруді естудің орнына, конференцияның *белгілі қадамдарына немесе шешімдеріне* қарсы *шын мәнінде* айтылған пікірлерді күту табиғи нәрсе болмас па еді? Мынандай ой көңілге еріксіз келеді: осы ақырып-жекіру арқылы шын мәнінде мәселенің қойылуына кедергі жасағысы келмей ме екен?

РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының конференциясын шақыру тарихына көшейік. Өткен жылдың күзінде Петербург әскери ұйымы мен Орталық Комитет арасында осы негізде жанжал шықты. «Конференция шақыру жөнінде партия уставының жергілікті

ұйымдарға *берген* правосына»* сүйеніп, Петербург әскери ұйымы әскери және *жауынгерлік ұйымдардың* конференциясын шақырды. Орталық Комитет Петербург әскери ұйымының инициативасына және оған жауынгерлік ұйымдарды қатыстыруға қарсы болды. Сонымен *екі* конференция болды: 1) Орталық Комитет өкілдерінің қатысуымен әскери ұйымдардың *ғана октябрь* конференциясы; 2) Орталық Комитет өкілдерінің қатысуынсыз (*бұл* конференцияға қатысуға Орталық Комитет өзінің бір мүшесін *тағайындаса* да) әрі әскери, әрі *жауынгерлік* ұйымдардың *ноябрь* конференциясы болды. Октябрь конференциясына *8* әскери ұйымның өкілдері қатысты. Ноябрь конференциясына *11* әскери ұйымның және *8* жауынгерлік ұйымның өкілдері қатысты. *Екі* конференцияға да РСДРП Петербург комитетінің өкілдері және басқа партия қызметкерлері кеңесші дауыспен қатысты.

Орталық Комитет *октябрь* конференциясының қарарларын жоғарыда көрсетілген листокта («Қысқаша үзінді») шығарды. *Ноябрь* конференциясының қарарлары — «Пролетарийдің» 9-номерінде басылды, сонан соң қазір жеке кітап болып басылған *«Протоколдарға»* кірді. Біз мақаланы бастағанда айтқан Орталық Комитеттің қарсылығы *ноябрь* конференциясына қатысты.

Әрине, екі конференция болғандығын айыптамауға болмайды. Мұның біртұтас партиядағы ұнамсыз құбылыс екені сөзсіз. Формальды жағын қоя тұрып, *екі* конференцияны туғызған жанжалдың *мәні* туралы мәселе қойып көрейік: жауынгерлік ұйымдардың конференцияға қатысуы пайдалы болды ма әлде зиянды болды ма? Октябрь конференциясының қарарынан мынаны оқимыз: «...халықтың қарулы күресіне қатысуға әскерді дайындау туралы мәселе талқылау үшін әскери ұйымдарға арналған арнаулы конференцияны шақыру партия үшін өте қажет нәрсе болып табылады,— жауынгерлік жасақтар өкілдерінің қатысуы бұл конференцияның жұмыстарының ойдағыдай болуына ешқан-

* Қараңыз: Орталық Комитет бастырған: «РСДРП-ның әскер арасында жұмыс жүргізіп отырған ұйымдарының 1-конференциясының протоколдарынан қысқаша үзінді» — 13 беттен тұратын листок, Орталық Комитет баспаханасы бастырған.

дай пайда келтіре алмайды» (Орталық Комитет листогы, 4-бет). Тек осы ғана. Бар дәлелі де осы.

Бұлардың терістігі бадырайып тұр. Барлық нашар пікірлер жауынгерлерге қарсы бағытталған делік. Бірақ олардың бұрынғы көтеріліс жасау әрекеттеріне қатысқаны — факт. Тек осының өзі үшін ғана олармен кеңесу пайдалы және қажет. Олар қатысып отырған конференцияда олардың қызметінің белгілі бір сипатын *әшкерелеп*, партия алдында олардың *зиянды* тенденцияларының *бетін ашу* пайдалы. Орталық Комитет те, конференция мүшесінің *қай-қайсысы* да осыны істей алатын және істеуге міндетті еді. Конференцияның Орталық Комитет үшін де, жергілікті комитеттер үшін де сөзсіз міндетті емес қарарлары ешкімді *еш нәрсеге* міндетті ете алмайды. Осындай жағдайларда біріккен кеңестен *қорқу* күлкі келтіреді.

Ал егер Орталық Комитет қазір жауынгерлер қатысқан конференцияны тікелей айыптап, онымен бірге осы конференцияның бірде-бір қарарын соншалықты тікелей *айыптамай отырса*, демек, онда мұндай конференцияның Орталық Комитеттің жорамалдарын *теріске шығарғаны* ғой!

Осы конференцияның қарарларына бірден көшу үшін мысалға оның *жауынгерлік ұйымдардың міндеттері* туралы қарарын алайық. Былай делінген: «Әскери және жауынгерлік ұйымдардың конференциясы жауынгерлік ұйымдардың басты міндеттері мыналар екенін мойындайды: 1) қарулы көтеріліс идеялары туралы дұрыс түсінік тарату және қандай нақты жағдайларда қарулы көтерілістің туа алатынын, өте алатынын және ойдағыдай аяқтала алатынын түсіндіру, өйткені тіпті партия қызметкерлерінің арасында да қарулы көтеріліс туралы ең бұлдыр, теріс түсінік бар; 2) қарулы көтерілісті ойдағыдай өткізу үшін қажетті техникалық деректердің бәрін әзірлеу; 3) белсенді бой көрсету үшін РСДРП төңірегіне топталып отырған саналы жұмысшылар кадрларын ұйымдастыру; 4) халықтың революциялық-демократиялық топтарын жауынгерлік мақсаттарда ұйымдастыруға және ол топтарға социал-демократияның жауынгерлік басшылығын нығайтуға көмектесу».

Сонымен, жауынгерлік ұйымдардың басты міндеті, ең алдымен, *қарулы көтеріліс туралы дұрыс түсінік тарату* деп жарияланды. Бұл ой әскери және жауынгерлік ұйымдардың қарулы көтерілістегі ролі туралы қарарда одан да айқын былай деп қайталанған: «жауынгерлік ұйымдардың ролі — халық бұқарасы арасында қарулы көтеріліс туралы дұрыс түсінікті дамыту...»

Сонда *осы туралы* кеңесті біздің меньшевиктік Орталық Комитет «жол беруге болмайтын» деп тани ма?? Әлде ол жауынгерлік ұйымдардың *атап айтқанда қандай* міндеттерін өзінің дұрыс қойылған деп және қандай міндеттерін дұрыс қойылмаған деп есептейтінін партия алдында *нақты* баяндап, пікір айтудың қолайсыз міндетінен өзін құтқару *үшін* «ешқандай бірігіп қимыл жасауға, тіпті кеңестерге де, жол бермейтін» чиновниктік-қазыналық шымылдықтың тасасына жасырынуға асықты ма??

Әңгіменің өзі де меньшевиктердің арасында жауынгерлік ұйымдарға нағыз екіжүзді көзқарас тарағанында болып отыр: *бей*партиялық жауынгерлік ұйымдар қызметінің белгілі бір «нәтижесін» пайдаланудан олар қашпайды, бірақ оның есесіне олар бұқара ішінде қарулы көтеріліс, т. т. туралы дұрыс түсінік таратудың әдістері жөніндегі мәселені *мүлде орағытып өтуге* мүмкіндік беретін *партиялық* жауынгерлік ұйымдар жөнінде желбуаз өсек-аяң таратып отыр.

Мысалы, жауынгерлер (большевиктердің ізімен) көтерілістің *техникасын* асыра бағалайды деп тарап жүрген пікір осындай өсек-аяңдардың қатарына жатады.

Өте жақсы, мырзалар! Сіздер бізді «техниканы» асыра бағалайды деп айыптайсыздар ма? Бұл мәселе жөнінде шындықтың байыбына бару үшін сіздерге екі қарарды: меньшевиктік (октябрь) конференциясы мен большевиктік (ноябрь) социал-демократиялық әскери конференцияның қарарларын оқып шықсаңыздар қалай болар екен?

Офицерлер арасындағы жұмыс туралы. Меньшевиктік (октябрь) конференциясының қарары:

«Социал-демократиялық әскери-революциялық ұйымның офицерлер арасындағы жұмысы бейбітшілік уақытта әскер ішіндегі

біздің жұмысымызды көптеген жағдайларда жеңілдете алатындығынан да, қарулы көтеріліс уақытында революцияшыл офицерлердің көтерілістің техникалық басшылары болып қызмет ете алатындығынан да офицерлер арасындағы революциялық насихаттың маңызды міндет болып табылатындығын конференция мойындайды. Сондықтан конференция әскери-революциялық ұйымға офицерлерді мүмкіндігінше социал-демократиялық партияның саналы жақтаушыларына айналдыруға ұмтыла отырып, олардың арасындағы жұмысқа елеулі көңіл аударуды ұсынады» (Орталық Комитет листогы, 13-бет).

Большевиктік (ноябрь) конференцияның қарары:

«1) Офицерлердің таптық әлеуметтік құрамы да, офицерлердің мүдделері де, кәсіби әскери каста ретінде оларды тұрақты армияны және халықтың правосыздығын сақтауға ұмтылуға мәжбүр етеді; 2) осының нәтижесінде офицерлер болып жатқан буржуазиялық-демократиялық төңкерісте тұтас алғанда реакциялық роль атқарады; 3) офицерлер арасындағы қазіргі оппозициялық пиғылдағы топтар белсенді роль атқармайды; 4) сонымен қатар жеке офицерлердің біздің партияға өтуі мүмкін, олар өзінің арнаулы білімдерімен және арнаулы әскери әзірлігімен армияның көтерілісі кезінде және оның халық жағына өтуі кезінде, сондай-ақ қарулы көтеріліске техникалық жағынан әзірленуде едәуір қызмет етуі мүмкін,— осыларды еске ала келіп, әскери және жауынгерлік ұйымдардың конференциясы мыналарды мойындайды: 1) әскери ұйымдар офицерлер арасында дербес социал-демократиялық ұйым құра алмайды; 2) офицерлер арасындағы қазіргі бар оппозициялық пиғылдағы топтарды пайдалану қажет, сөйтіп, біздің партиялық әскери және жауынгерлік ұйымдарға жеке мүшелерін нұсқаушылар етіп, практикалық басшылар етіп тарту, хабардар ету мақсаттарын көздеу қажет» («Протоколдар», 132-бет).

Меньшевиктердің қарарында офицерлердің *таптық* құрамы *туралы да*, олардың *бүкіл* буржуазиялық революцияда атқаратын рольдері туралы да *бір ауыз сөз жоқ*. Большевиктер ол екеуіне де баға беруді *басты нәрсе* етіп қойған. Бұл бір. Меньшевиктердің қарарында *жалаң техника* ғана бар, өйткені офицерлер арасындағы жұмыстың *«маңыздылығының» бар* дәлелі офицерлер арасындағы жұмыс біздің әскер ішіндегі жұмысымызды «жеңілдете алады» (пәтерлер беру? жария орындар құру?), сонан соң техникалық басшылар бере алады деғенге ғана тіреліп отыр. Большевиктердің қарарында «жеке офицерлердің» қызметтеріне берілетіні сияқты, тех-

никаға *бағыныңқы* орын берілген, ал жұмысшы партиясының офицерлер арасында *«дербес социал-демократиялық ұйым»* құра алмайтынын дәлелдеу бірінші қатарға қойылған. Бұл екі. Меньшевиктердің қарарында офицерлердің буржуазиямен таптық байланысын көрсетуден қорқатын мещандық ойына *«мүмкіндігінше* социал-демократиялық партияның саналы *жақтаушыларына* айналдыру» деген қорытындының жасқаншақтығы қосылады. Большевиктердің қарарында *тұтас* реакциялық топқа берген ашық пролетарлық баға: оппозициялық офицерлерді «хабардар ету үшін» пайдалану, ал «жеке мүшелерін» *біздің партиялық* әскери және жауынгерлік ұйымдарға тарту керек деген батыл қорытынды жасауға әкелді. Бұл үш.

Мынадай сұрақ туады: осыдан кейін жалпы алғанда большевиктерді, жекелеп алғанда большевиктік жауынгерлерді «техниканы» асыра бағалады деп жүрген меньшевиктік сыбыстарды желбуаз өсек-аяң деп қалай атамассың? Бұл сыбыстар іс жүзінде, біздің көріп отырғанымыздай, бір жағынан, офицерлерге деген меньшевиктік көзқарастың техникалық өресіздігін бүркемелеу үшін қызмет етті, ал, екінші жағынан, офицерлердің буржуазиялық таптық құрамына баға беруден және шаруалар мен жұмысшылардан шыққан «төменгі шенділер» бұқарасының және бір шоғыр дворян балаларының немесе әскери қызмет арқылы дворяндыққа өтуге ұмтылып отырған буржуалардың арасындағы таптық алакөздік идеясын әскер арасындағы жұмысқа енгізуден таза интеллигенттік *оппортунистік* қорқынышты бүркемелеу үшін қызмет етті.

Офицерлерге деген осы «техникалық» және мещандық-оппортунистік көзқарасты шағын октябрь конференциясының меньшевиктік мүшелері ғана байқатып қойған жоқ. Сол көзқарасты біз өзіміздің меньшевиктік Орталық Комитеттен де көріп отырмыз: оның ұйымдарға (Думаның қуылу дәуірінде) жазған атышулы *4*-хатын еске түсіруге болады, онда құрылтай жиналысын шақыратын өкімет органы ретіндегі «Дума үшін» деген ұран «орта буржуазия мен *офицерлердің»* мүдделеріне және сана-сезім дәрежесіне бейімделуге тырысу арқылы

ақталады[164]. Орталық Комитет сол хаттың өзінде жұмысшы депутаттары Советтерінің өкімет билігі жолындағы күресте *жеңіске жетуі* халық жағына шыққан армияның әскери диктатурасына ғана әкеп соққан болар еді деп айтуға дейін барды! Көрдіңіздер ме, «либерал» офицерлерсіз, солдаттар тіпті жұмысшы депутаттары Советтерімен бірігіп те әскери диктатурадан басқа ештеңені қамтамасыз ете алмаған болар еді!

Біз офицерлерге деген мещандық көзқарасты меньшевиктердің идеялық көсемі Плехановтан да көріп отырмыз. Біз оның бүкіл 1906 жыл бойы большевиктерді көтерілістің техникалық міндеттерін асыра бағалады деп айыптауға күш салғанын көріп келеміз. Құрметті Плеханов жолдастың өзі осы уақыт ішінде көтерілістің қандай жағы туралы жазды екен? Көтерілістің бұқаралық тамырлары туралы ма, шаруа элементтер мен пролетар элементтердің көтерілістегі ролі туралы ма? Тіпті де олай емес. Барлық осы уақыттың ішінде Плеханов жолдас «Дневниктің»[165] 7-номерінде *ғана* (август, 1906 ж.) бір *либерал* офицердің *бір* хаты туралы ғана жазды, ол бұл офицерді оның «төменгі шендегілерге», Витте министрлігі кезеңінің «тыныштық» сипатына деген буржуазиялық көзқарасын сыпайы, тым сыпайы түрде «түзетіп отырды», т. с. «Менің ойымша,— деп жазды Плеханов жолдас,— тіпті офицерлердің соғыс ұйымдарына қатысуының өзі ғана (осы «ғана» деген сөзді еске сақтаңыз!) революция үшін керекті күштерді жоспарсыз және нәтижесіз шығын ету болып табылатын осы *бүлікті* (солдаттар мен матростардың бүлігін) тоқтатады». Көрдіңіз бе, қалай жігерлі айтылған: офицерлердің қатысуы *ғана* бүлікті тоқтатады!! Мужиктердің дүлей күштерін *«жоспарсыз»* шығын ету офицерлерсіз тоқталмайды. Ал егер большевиктік жауынгерлер кеңеске жиналып, *бұқараны* соғыс ілімдеріне үйретуді, көтерілістің барысын түсінуді, оны *жоспарлы* түрде жүргізудің шарттарын түсінуді әскери ұйымдардың *басты* міндеті ету жөнінде социал-демократиялық партияға азын-аулақ кеңес бергісі келсе,— онда қазыналық меньшевизмнің жәдігөйлері: «жоспарлылықты» қандай тар техникалық тұрғыда түсіну! Жауынгерлердің Орталық

Комитеттің еркін бұзып өткізетін неткен «жол беруге болмайтын» кеңестері! — деп даурығады.

Бұл екіжүзділер туралы жетер енді. Протоколдарға қайтып оралайық. Біз олардың *бір* жерінен социал-демократиялық партияға «азын-аулақ кеңестер» беруді емес, қайта сыңаржақ және қисынсыз сәуегейлікті кездестірдік. Бұл — Изаров жолдастың партияның қарулы көтерілістегі ролі туралы баяндамасында. Изаров жолдас мұнда барлық партия ұйымдарын басты үш типке: әскери, жауынгерлік және пролетарлық типтерге болу сияқты сорақылықтарға дейін барған!! Ол тіпті осы үш типті ұйымдардың *саны бірдей* делегаттарынан «әскери-жауынгерлік советтер» құру «жоспарларын» жасауға дейін барған (95-бет), т. т. Әрине, біздер, большевиктер, мұндай *«жауынгерліктен» әрқашан мейлінше батыл түрде* өзімізді аулақ ұстаймыз. Басымдық пен шешуші дауыс жалпы пролетарлық ұйым жағында екенінде сөз жоқ,— оған барлық әскери және жауынгерлік ұйымдарды *толық* бағындыру — сол жауынгерлік ұйымдарды *түгелдей партиялық* социал-демократ жұмысшылар кадрларына негіздеудің (немесе, бәлкім, тіпті *жауынгерлік ұйымды партиялық милициямен ауыстырудың) қажеттігі,* біз үшін мұның бәрі шүбәсыз.

Ал егер фракциялық мақсаттармен Изаров жолдастың қисынсыз әуестігін бізге ұсынатын болса, онда біз мұндай «сыншылардың» мынаны ұмытпауын сұраймыз: *большевиктік әскери-жауынгерлік конференция изаровтық ушқары сорақылыққа ерген жоқ!* Біздің жауынгерлерге жабылған жалаларды теріске шығарудың ең жақсысы мынау: олардың *өздері* өз конференциясында изаровтық сәуегейлікті аулақ ысырып тастады. Социал-демократиялық партияның қарулы көтерілістегі ролі туралы мәселе жөнінде өздерінің даусы сыңаржақтықпен таңу немесе бұйыру, т. с. сияқты болып қабылданатын *болмауы* үшін, бұл мәселе жөнінде өз конференциясын олардың *өздері жеке кеңеске* айналдырды (қараңыз: «Пролетарий» № 9 және «Протоколдар», 116-бет). Сөйтіп, жеке кеңесте ғана бір ауыздан қарар шығарды, онда Изаров á la ешқандай сәуегейлік жоқ, қайта «жалпы пролетарлық, әскери және жауынгерлік ұйымдардың ең

тығыз байланыста болуын, өзара бірлесіп қимыл жасауын қамтамасыз ету» туралы ғана айтылады. Мұнымен қатар әскери ұйымдардың міндеттері туралы қарарда «жалпы пролетарлық ұйымдардың саяси басшылығына» *«барлық жұмысты бағындыру» ерекше* атап көрсетілген («Пролетарий» № 9 және «Протоколдар», 137-бет). Егер тіпті большевиктік жауынгерлердің бір өзі ғана Изаровты түзете алған болса, онда бүкіл партияның әскери және жауынгерлік ұйымдарының жалпы кеңесі алдында Орталық Комитеттің үрейі ұшуына қандай негіз бар екенін елестетіп көруге болады.

Орынның жоқтығы конференция жұмысының басқа жақтарына да біздің осылай толық тоқталуымызға мүмкіндік бермей отыр. Мынаны атап көрсете кетелік, қомақты кітаптың *жартысы дерлік* әскер арасындағы жұмыс туралы (10—49-беттер) және қарулы көтеріліс жасаудың бұрынғы әрекеттері туралы (53—59, 64—79-беттер) баяндамаларға арналған. Бұл—өте бағалы материал, сондықтан оны жинап және өңдегені үшін барлық саналы социал-демократ жұмысшылар әскери-жауынгерлік конференцияға алғыс айтады. Варин жолдастың «қарулы көтеріліс жасаудың бұрынғы әрекеттері туралы» баяндамасын атап өтейік; бұл баяндамада қарулы көтерілісті, *бұқара қозғалысының ерекше түрі* ретінде, пролетариаттың тап күресінің ерекше түрі ретінде зерттеу бірінші кезекке қойылған. Белгілі бір таптар күресінің мейлінше шиеленісуінің тарихи кезеңі көтерілістің шарты ретінде атап көрсетіледі. Жеке таптардың ролі,— әскердегі қозғалыстың қоғамдық күштердің арасалмағына байланыстылығы,— котерілістің саяси жағының жауынгерлік жағынан бөлінбейтіндігі,— «халық бұқарасының кең демократиялық ұйымдарының» маңызы революциялық уақытша үкіметтің, т. т. алғы шарты ретінде қаралады. Әрине, мұндай мәселелерді зерттеу — «тұтқиыл көтерілістің кереметіне пролетарлық бұқараның сенімі» туралы (Мартовтың және К°-нің «Тактикалық платформасын» қараңыз) кадеттік сылдыр сөздермен «тактикалық платформалар» жазудан гөрі біраз қиынырақ.

Ақырында, ағымдағы кезең туралы жарыс сөздермен бірге Ильян жолдастың тамаша сөзін атап өтелік, ол *1906 жылғы ноябрьде әскери-жауынгерлік* конференцияда *екінші* Думаға деген көзқарасты, оқиғалар тамаша түрде дәлелдеген көзқарасты көрсете білді. «Думаға тоқтап өтуді қажет деп есептеймін,— деді ол.— Дума құрамы өткен Дума құрамына қарағанда мүлде басқаша болады. Думада ұйымдасқан революция мен ұйымдасқан реакция болады. Әсіресе, өзінің күткендерінің орындалмауы себепті шаруалар мұның алдындағы Думаға жібергенінен гөрі неғұрлым революциялық элемент жібереді. Пролетариаттың да осылай істейтіні күмәнсыз... Бізді қинайтыны сол —социал-демократияның бір бөлегі Думаны либералдардың қайдағы бір аралық тобымен толтыруға тырысады» («Протоколдар», 84-бет).

1906 жылғы ноябрьдегі Плеханов пен меньшевиктік Орталық Комитеттен гөрі *жауынгерлік* конференция *саясатқа* дұрысырақ баға бере білген!

Газет мақаласында «Протоколдардың» мазмұнын түгел қамту, әрине, мүмкін емес, сондықтан біз протоколдарды *зерттеу* жөнінде қызу кеңес берумен,— көтеріліс мәселелері туралы либералдық мысқылсыз айта алатын социал-демократтарға осы жөнінде кеңес берумен аяқтаймыз.

1907 ж. апрельде жазылған

1907 ж. 2 майда «Пролетарий» газетінің 16-номерінде басылған

Газеттің тексті бойынша басылып отыр

ПЕТЕРБУРГТЕГІ ЖІККЕ БӨЛІНУ ЖӘНЕ СОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ПАРТИЯ СОТЫН ҚҰРУ ЖӨНІНДЕ РСДРП V СЪЕЗІНЕ АРНАЛҒАН БАЯНДАМА [166]

Буржуазиялық газеттерден («Товарищ» және басқалар) белгілі болып отырғанындай, біздің партияның Орталық Комитеті менің істеген ісімді — атап айтқанда екінші Думаның сайлауы кезінде Петербург социал-демократиялық ұйымы жікке бөлінгенде шыққан *«С.-Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі»** деген менің кітапшамды қарау үшін партия сотын құрды.

Сот менің жағымнан үш өкілден, 31 меньшевиктің жағынан үш өкілден және латыш, поляк социал-демократиялары мен Бундтың Орталық Комитеттері тағайындаған президиумның үш мүшесінен құрылған. Мен бұл сотқа 31 меньшевик пен *Дан* жолдастың (Орталық Орган редакциясының мүшесі—Орталық Орган арқылы Орталық Комитеттің де мүшесі) жөнсіз әрекеттері жөнінде қарсы айып ұсындым. Осы қарсы ұсынылған айыпты, бірінші жағынан, Петербургтің 234 большевигінің, партия мүшелерінің жиналысы (олардың барлық мәселеге қысқаша қорытынды жасайтын қарары, баяндамаларымен бірге, «Пролетарийдің» 13-номерінде басылған), ал екінші жағынан, Петербург социал-демократиялық конференциясы (бөлініп шыққан меньшевиктерсіз) қолдады. Бұл конференцияның қарары «Пролетарийдің» 14-номерінде басылды [167].

---

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 339—351-беттер. *Ред.*

Орталық Комитет құрған сот мекеме ретінде 31 меньшевик пен Дан жолдасты өз бетімен айыпқа тартуға өзін праволы деп санамады да, қарсы қойылған айып туралы мәселе жөнінде өзінің міндетін анықтауды сол Орталық Комитеттің өзінен сұрады. Орталық Комитет бұл мәселені ерекше мәжілісте қайта қарады, сөйтіп бұл соттың тек Ленин туралы істі қарау үшін құрылатынын, жаңа адамдарды сотқа беру түгелдей Орталық Комитетке байланысты екенін, ал ол, әрине, жөнсіз қылықтар жөнінде осы сот кімге қарсы айып тақса, оның бәрін сотқа тартуды өзінің борышы деп есептейтінін қуаттады. Бұл жаңа соттың құрамы тағы да толығымен сол Орталық Комитеттің шешуіне беріледі.

Сонымен, барып тұрған сорақылықтар мен қайшылықтардың шатасқан үлкен шумағы пайда болды. Меньшевиктік Орталық Комитет сотқа беретін, соттың құрамын және соттың қызмет көлемін белгілейтін мекеменің ролін атқарады. Қарсы айып Орталық Комитеттің меньшевиктік бөлегінің басшыларына қойылды. Сотты тағайындайтын да, прокурор да, *олардың өздеріне қарсы* қойылған айыптың бағыты туралы мәселені шешетін де сол адамдардың өздері болып шықты!

Мұндай тәртіптердің партияны құрметтеуді арттыра алмайтыны түсінікті. Сорақылықтардың шатасқан шумағын тек партия съезі ғана тарқата алады. Сондықтан мен съезге мынандай өтініш жасаймын: сотқа толық сот билігі тікелей съезд атынан берілсін; іске көріне мүдделі (оның меньшевиктік бөлегі) Орталық Комитетке сот ешқандай тәуелді болмасын; соттың істі ешқандай шектеулерсіз, жан-жақты қарауына және Орталық Комитеттің меньшевиктік бөлегін қоса партияның барлық мүшелерін және оның мекемелерінің бәрін айыпқа тартуына право берілсін, т. т.

РСДРП съезінің мүшелеріне мәселені түсіндіру үшін мынаны қоса ұсынамын: 1) соттың бірінші мәжілісінде сотқа оқыған өзімнің ақталу (немесе Орталық Комитеттің меньшевиктік бөлегіне қарсы айыптау) сөзімнің толық тексті. (Соттың не бары екі мәжілісі болды, онда-

ған куәлардың үшеуінен жауап алды. Соттың мәжілісін съезд бөліп кетті.) 2) Петербургтегі жікке бөлінудің шын тарихының қысқаша конспектісін қоса ұсынамын.

I. ЛЕНИННІҢ ПАРТИЯ СОТЫНДАҒЫ АҚТАЛУ (НЕМЕСЕ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ МЕНЬШЕВИКТІК БӨЛЕГІН АЙЫПТАУ) СӨЗІ

Судья жолдастар!

Орталық Комитет маған *партия мүшелерінің айтуына болмайтын сөз айттың* (баспасөз бетінде) деп айып тақты. Орталық Комитеттің партия сотын құру туралы қаулысында осылай делінген. Мен тура істің шын мәнінен бастаймын: Орталық Комитеттің «сот қарауына ұсынып отырған» «мәлімдемесін» толық оқып берейін.

«...Орталық Комитет былай деп атап көрсетеді: Ленин жолдастың қолы қойылып шыққан «С.-Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» деген кітапшада С.-Петербург ұйымының 31 мүшесіне тұп-тура: «жұмысшылардың дауыстарын кадеттерге сату үшін» бұлар кадет партиясымен келіс сөз жүргізді, «меньшевиктер жұмысшылардың қарсылығына қарамастан, кадеттердің жәрдемімен өз адамын Думаға өткізіп жіберу үшін кадеттермен саудаласты» деп айып тағылған.

Орталық Комитет мұндай айыптың баспасөз бетінде шығуы, әсіресе сайлау қарсаңында шығуы, партия мүшелерінің саяси адалдығына күдік туғызып, пролетариаттың арасына іріткі салуға тиіс, мұны пролетариаттың дұшпандары социал-демократиямен күресу үшін пайдаланады деп атап көрсетеді.

Мұндай сөздерді айту партия мүшесіне лайықсыз іс деп тауып, Орталық Комитет Ленин жолдастың істеген ісін партия сотының қарауына ұсынады».

Тағылып отырған айыптың толық тексті осындай. Алдымен менің бір ескертетінім — мұнда ірі, тура іс жүзінде *дұрыс еместік* бар, мұны маған айып етіп тағылып отырған кітапшаның *тексті* негізінде соттың түзетуін сұраймын. Атап айтқанда: бұл кітапшада менің 31 меньшевикті *ғана емес, сонымен қатар Дан жолдасты, яғни* Орталық Комитеттің *мүшесін де* айыптайтындығым тура және анық айтылған.

Өзінің қаулысын жазған кезде Дан жолдастың (мүмкін, оның өзі мәселені талқылауға немесе Данды айыптағаным үшін мені сотқа беру жайындағы қаулыны шы-

ғаруға қатысқан да шығар?) Орталық Комитетке мүше екендігін де, менің 31 меньшевикті ғана емес, сонымен қатар Данды да айыптап отырғанымды Орталық Комитеттің *білмеуі мүмкін емес.* Демек, менің айыптап отырған адамдарымның құрамынан Орталық Комитет *өз мүшесін біле тұра* бөліп тастаған. Мұнда, іс жүзіндегі дұрыс еместіктен басқа, жаманырақ бірдеңе, жол беруге болмайтын бірдеңе бар, сондықтап мен істің *бұл* жағына баға беруге кейін толық тоқталамын және сот тергеуінің барлық материалы бойынша *дәл соны* анықтауға тырысамын.

Тағылып отырған айыптың шын мәніне көшейін.

Орталық Комитет менің кітапшамнан екі цитат келтірген, ал мен осы цитаттардың әрқайсысын мүмкіндігінше егжей-тегжейлі талдап өтуге тиіспін. Әңгіме тек осы екі цитат туралы ғана емес, жоғарыда көрсетілген *бүкіл* кітапша туралы болып отырғанын мен, әрине, түсінемін. Бірақ, Орталық Комитеттің ізімен, мен оларды негізгі және басты нәрсе ретінде алып отырмын.

Бірінші цитат кітапшаның ең басынан келтірілген. Бұл цитаттың қандай байланыста тұрғанын корсету үшін бүкіл бір бетті оқып шығамын:

««Товарищ» газетінде бүгін (20 январьда),— естеріңізде болсын, демек, әңгіме С.-Петербургте солшыл блок құрылардан *бес* күн бұрын және Мемлекеттік думаның С.-Петербург қаласы бойынша болған сайлауынан *16 күн* бұрын болған,— С.-Петербургтегі сайлаудың қарсаңында социалистік ұйымнап бөлініп шыққан 31 меньшевиктің үндеуінен үлкен-үлкен үзінділер басылған»*.

Кітапшаның алғашқы сөйлемінде-ақ сайлау қарсаңында С.-Петербургте болған *жікке бөлінудің* негізгі фактісі ең маңызды мәселе ретінде қойылып отырғанын атап көрсетеміп. Менің бұл жағдайды атап көрсететін себебім, мұның қандай маңызы бар екенін кейін әлі де талай рет көрсетуіме тура келеді.

Цитатты онан әрі оқимын:

«...Алдымен социал-демократиядан бөлініп шыққан меньшевиктердің конференциядан кетіп қалғаннан ке-

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 339-бет. *Ред.*

йінгі істеген істерінің нақты тарихын екі ауыз сөзбен болса да еске салып өтейік...». Осы кету туралы және оның маңызы туралы мына қаралып отырған кітапшадан бірнеше күн бұрын мен «Социал-демократия және С.-Петербургтегі сайлау» деген кітапша, сондай-ақ ««Есалаңның төрелігін тыңдар болсаң»... (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)»* деген кітапша бастырып шығардым. Соңғы кітапшаның барлығын дерлік полиция конфискеледі. Тек бірнеше данасы ғана аман қалды, сот сол кездегі оқиғалардың жайын бөлшектеп зерттемей, тұтас зерттеуі үшін мен сол кітапшаға сілтеме жасап отырмын.

«...1) Социал-демократиялық жұмысшылардан бөлініп шыққаннан соң, олар бірлесіп кадеттерден орын алуды саудаласу үшін ұсақ буржуазиямен (социалист-революционерлер, трудовиктер және халықтық-социалистер) блок жасасты. Бөлініп шыққан социал-демократтардың осы ұсақ буржуазиялық блокқа кіргендігі туралы жазбаша шартты *олар жұмысшылар* мен жұртшылықтан *жасырды.*

Бірақ біз бұл шарт қайткенде де жарияланады, сөйтіп құпия сыр ашылады деген үмітімізді үзбейміз».

Соттың назарын мынаған аударамын: менің Данды және 31 меньшевикті айыптаған кітапшамда жазбаша шартты жұмысшылардан жасырған кезең бірден атап көрсетілген. Ілгері барайық:

«2) Ұсақ буржуазиялық блоктың («солшыл блок» деп газеттерде теріс аталып жүрген блоктың) құрамдас бөлігі ретінде, бөлініп шыққан меньшевиктер осы блокқа алты орыннан үш орын беру туралы кадеттермен саудаласты. Кадеттер екі орын берді. Саудалары піспеді. Ұсақ буржуазиялық «конференцияның» (біздің сөзіміз емес, газеттерден алынды) кадеттермен бас қосқан мәжілісі *18 январьда* болды. Ол мәжіліс туралы «Речь» пен «Товарищ» хабарлаған болатын. «Речь» бүгін келісім жасалған жоқ деп жариялап отыр (бірақ, біз, әрине, келіс сөздердің әлі де болса жасырын жүргізіліп жатқан жағдайына әзір болуға тиіспіз).

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том 271—297, 298—318-беттер. *Ред.*

Меньшевиктер жұмысшылардың даусын кадеттерге сатпақ болған өздерінің осы *«әрекеттері»* туралы әзір баспасөзде хабарламай отыр».

Бірінші цитат, міне, осындай жағдайда тұр. Менің меньшевиктерге қарсы сөздерім Петербург социал-демократиялық ұйымының көпшілігіне *қарсы* меньшевиктер мен халықшылдардың кадеттермен жасаспақшы болған блогының болмай қалғандығын газеттерден *өзім бірінші рет* білген күні жазылған болатын, оның бер жағында, мен келісім *түпкілікті* болмай қалды деп есептей алмаймын, іс *жаманға айналған жағдайға:* келіс сөздердің *«жасырын»* жүргізіле беру мүмкіндігіне әзір болу керек деп сонда-ақ ескерткенмін. Мен онда (ал мен ондағы өзімнің көзқарасымды қазірде де дұрыс деп есептеймін) неліктен істің осы жаманға айналған жағдайына әзір болу керек деп есептеген едім? Себебі, меньшевиктердің ұсақ буржуазиялық блокпен жасасқан жазбаша шартын жұртшылықтан жасыру—теріс қылық, социалиске лайықсыз қылық және *ең жаман күдіктерді* еріксіз туғызатын қылық болатын.

Бұл арада әңгіме жұмысшылардың дауыстарын кадеттерге «сатудың» қандайы туралы болып отыр? Кейбір қалжыңбастар — *ақшаға* сату туралы айтады екен деп ұғып қалдық деп менің өзіме де айтты. Әрине, бұл қалжыңда тапқырлық та жоқ емес. Бірақ сауатты және кітапшаның әр жерін үзіп оқымай, тұтас кітапшаны байыпты оқитын адам мұның алдындағы сөйлемдердің және мұнан кейінгі сөйлемдердің бәрінен әңгіме *ақшаға сату* жайында *емес, Думадағы орынға сату* жайында болып отырғанын контекстен салған жерден-ақ көретіні түсінікті. «Сауда» және «сатып алу-сату» дегенде экономикалық эквиваленттердің айырбасы емес, саяси эквиваленттердің айырбасы, дауыс үшін ақша беру емес, дауыс үшін орын беру айтылып отырғаны түсінікті.

Осындай анық та айқын жағдайға тоқталу қажет пе еді? деген сұрақ туады.

Қажеттігіне менің көзім анық жетті, өйткені осы пунктте біз Орталық Комитет қойып отырған мәселеге,

атап айтқанда: баспасөз бетінде айтуға болатын не болмайтын сөздер туралы мәселені анықтауға мейлінше жақындай түсеміз.

Егер кітапшаның талданылып отырған жерінде: 31 меньшевик жұмысшылардың дауыстарын кадеттерге ақшаға сатқан делінген болса, онда бұл қарсы адамыңа масқара және қылмысты түрдегі әрекетті таңғандық болар еді. Бұлай дегені үшін оны істеуші адам, әрине, тіпті де «пролетариат арасына іріткі салғаны» үшін емес, *жала* жапқандығы үшін сотқа тартылған болар еді. Бұл әбден түсінікті.

Мұның керісінше, егер кітапшаның талданып отырған жерінде: 31 меньшевик Думада социал-демократтарға орын алу шартымен жұмысшылардың дауыстарын кадеттердің дауыстарына *қосуды* жақтап шықты делінген болса,— онда мұның өзі адал, әдепті, партия мүшесіне лайық айтыстың үлгісі болар еді.

Осы тұжырымнан менің алған тұжырымымның айырмашылығы қайсы? Айырмашылығы бұл музыканы жасайтын дауыс ырғағында. Атап айтқанда дәл осы тұжырым жаңағыдай қылықтарды істеуші адамдарды оқушыға жек көрінішті, жиіркенішті, жексұрын етіп көрсетуге есептелген сияқты. Бұл тұжырым көзін жеткізіп сендіруді емес, қатарын бұзуды,— қарсы жақтың қатесін түзетуді емес, оның ұйымын құртып, жермен-жексен етуді көздеген тұжырым. Бұл тұжырымның шынында да қарсы жақ туралы ең жаман ойлар, ең жаман күдіктер туғызатын сипаты бар; көзін жеткізе иландыратын және қателікті түзететін тұжырымға қарағанда, шынында да бұл тұжырымның «пролетариат арасына іріткі салатын» сипаты бар.

Олай болса, сіз мұндай тұжырымды *лайықсыз* деп білесіз бе? — деп сұрар менен. — Әрине, солай,— деп жауап беремін мен,— тек *кішкене ғана қосымша* бар: лайықсыз болғанда, *біртұтас* партияның мүшелері үшін ғана лайықсыз. Мәселенің барлық түйіні осы қосымшада. Орталық Комитеттің маған тағып отырған айыбының терістігі, тіпті батыра айтсам, арам ниеттілігі сол: ол кітапша жазылған уақытта, кітапшаның өзі (формальды түрде емес, шын мәнінде) шыққан, мақсаттары-

на осы кітапша қызмет еткен ұйымда біртұтас партияның *жоқтығы туралы Орталық Комитет үндемей отыр.* Партияда *жік* болып отырғанда «баспасөз бетінде партия мүшесінің айтуына болмайтын сөз айтқаны» үшін деген сылтаумен айыптаудың өзі адалдыққа жатпайды.

Жікке бөліну дегеніміз ұйымдық байланыстың қандайын болса да үзу, пікір тартысын ұйым ішінен әсер ету негізінен ұйымнан тыс жерден әсер ету негізіне, жолдастардың қатесін түзеп, көзін жеткізе сендіру негізінен олардың ұйымын жою негізіне, бөлініп шыққан ұйымға жұмысшы (және жалпы халықтың) бұқарасын қарсы қою негізіне аудару.

Біртұтас партияның мүшелері арасында жол беруге болмайтын нәрсе, партияның бөлініп шыққан бөлектерінің арасында жол беруге болатын және міндетті нәрсе болды. Партиялас жолдастар туралы жазғанда ой-пікірі үйлеспегендерді жұмысшы бұқарасына жек көрінішті, жиркенішті, жексұрын және т. с. етіп көрсетерлік тілмен жазуға болмайды. Бөлініп шыққан ұйым туралы нақ осындай тілмен жазуға *болады да,* жазу *керек те.*

Керек болатын себебі не? Себебі жікке бөліну бөлініп шыққандардың қол астынан бұқараны *тартып алуды* міндеттейді. Маған: сіз пролетариат арасына іріткі салдыңыз деседі. Менің беретін жауабым: мен Петербург пролетариатының сайлау қарсаңында бөлініп шыққан меньшевиктердің соңынан ерген болегінің қатарына әдейі және есеппен іріткі салдым *және мен жікке бөліну кезінде әрқашан* осылай істеймін.

С.-Петербургтегі сайлау қарсаңында меньшевиктерді қатты жәбірлеп айыптауым арқылы мен *оларға сеніп, олардың соңынан еріп келген* пролетариаттың қатарын шынында да қобалжуға мәжбүр еттім. Бұл менің мақсатым еді. Бұл менің солшыл блоктың науқанын жүргізуші С.-Петербург социал-демократиялық ұйымының мүшесі ретіндегі борышым еді. Өйткені *жікке бөлінуден кейін* бұл науқанды жүргізу үшін пролетариатты кадеттердің соңынан ерткен меньшевиктердің қатарын бұзу *керек болды,* олардың қатарына іріткі салу *керек*

болды, біртұтас партияның мүшесі болудан *қалған,* біздің социал-демократиялық ұйымның сайлау науқанын аяқтан шалып, саяси дұшпанға айналған осы адамдарды қалың бұқараға жек көрінішті, жиіркенішті, жексұрын етіп көрсету керек болды. *Мұндай* саяси дұшпандарға мен ол кезде *жойқын* күрес жүргіздім,— ал жікке бөліну қайталанған немесе өріс алған жағдайда *әрқашан да осылай ететін боламын.*

Егер С.-Петербургте меньшевиктер шығарған жікке бөлінуден кейін *меньшевиктер бастаған* пролетариаттың қатарына біз іріткі салмаған болсақ, онда біз өзіміздің солшыл блогымыздың сайлау науқанын өткізе алмаған болар едік. Ал мен Питерден тыс жерде болғандығымнан, бөлініп шыққан меньшевиктердің ықпалынан қалың бұқараны *тартып алу* ісіне *жеткіліксіз* жәрдем көрсеткеніме өкініштімін, өйткені бұл міндетті анағұрлым ынтамен және ойдағыдай орындағанда, С.-Петербургте солшыл блок жеңіп шыққан болар еді. Бұл — сайлау нәтижелері жайындағы цифр мәліметтерімен дәлелденілді.

Тағылған айыптың негізгі логикалық (әрине, тек логикалық қана емес) қатесі дәл сол — жікке бөліну туралы мәселені зымияндықпен орағытып өтеді, жікке бөліну фактісін ауызға алмайды, партия бірлігінің тұрғысынан қарағанда заңды болатын талаптарды бірлік *жоқ,* бір партия *жоқ* болып отырған және оның үстіне — мен мұны кейін дәлелдеп беремін — жікке бөлінуді шығарған және бүркеген айыптауды Орталық Комитеттің өз кінәсынан жоқ болып отырған жағдайлар жөнінде талаптар қоюға әрекеттенеді!

Егер біреу партия ішінде жол беруге болатын күрестің өлшеуін жікке бөліну негізіндегі күреске, партияға қарсы сырттан бағытталған немесе (жергілікті жікке бөліну кезінде) партияның белгілі бір ұйымына қарсы бағытталған күреске қолданса, онда мұндай адамды не бала сияқты аңқау, не екіжүзді деп санауға тура келер еді. Ұйымдық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, жікке бөліну — ұйымдық байланыстың *қандайын болса да* үзу деген сөз, яғни ұйым ішінде жолдастардың көзін жеткізіп сендіруді көздеген күрестен дұшпан ұйым-

ды *күйрететін* күреске, оның пролетариат бұқарасына ықпалын жоятын күреске көшу деген сөз. Психика тұрғысынан алып қарағанда, жолдастардың арасындағы қандай да болсын ұйымдық байланыстың үзілуі *қазірдің өзінде* өзара жек көрісу мен жауласудың өшпенділікке айналуының *ең шегіне* жеткенін көрсетеді.

Ал Петербургтегі жікке бөлінуде күрестің өткірлігі мен аяусыздығын он есе күшейтіп жіберген тағы да ерекше екі жағдай болды.

Бірінші жағдай — партияның Орталық Комитетінің ролі. «Устав бойынша», ол біріктіруге тиіс еді, жергілікті жерлердегі қандай болсын жікке бөліну жік негізіндегі күреске апарып соқпай, қайта Орталық Комитетке шағым беруге немесе, кеңірек айтқанда, бірлікті қайта қалпына келтіру жөнінде Орталық Комитеттен жәрдем сұрауға апарып соғуға тиіс еді. *Іс жүзінде,* Орталық Комитет С.-Петербургтегі сайлау қарсаңында жікке бөлінуге бастамашы және қатысушы болды. Конференцияның қарсы айып тағу жайындағы шешімінің дәлелінде толық және документпен күшейтіле көрсетілген дәл осы жағдайдың өзі бізді Петербургтегі жікке бөлінуді *адалдыққа жатпайтын* жікке бөліну деп тануға мәжбүр етіп отыр. Мен бұл туралы кейін айрықша айтамын және айыпкердің айыптаушыға тағып отырған осы айыбының заңды табиғатынан туатын мәселелерді соттың мәселе етіп қоюын қатты талап етемін.

Екінші жағдай: жікке бөліну кезіндегі Петербургтегі сайлау науқаны. Партияның дереу ашық және бұқаралық саяси бой көрсетуі немесе жалпы саяси қимылы жоқ кезде жікке бөліну кейде *дереу* аяусыз жойқын соғыстың қажеттігін білдірмеуі мүмкін. Бірақ, мысалы, сайлау сияқты бұқаралық бой көрсету болып отырғанда, қалай да сайлауға дереу араласып, оны не олай, не бұлай өткізу керек болып отырғанда,— онда жікке бөліну дегеніміз дереу сөзсіз жойқын соғыс болып табылады, сайлауды *кім* өткізетіні: жергілікті социал-демократиялық ұйымның немесе одан бөлініп шыққан топтың өткізетіні үшін соғыс болып табылады. Мұндай жікке бөліну кезінде бөлініп шыққандардың ықпалынан бұқараны тартып алу, бөлініп шыққандардың

ұйымын тоздырып жіберу, оларды саяси жағынан жоққа айналдыру міндетін бір минут та кідіртуге болмайды. Меньшевиктер 6 январьда жікке бөлінгеннен *кейін,* большевиктердің меньшевиктерге жасаған шабуылының аяусыз күшті болғандығының арқасында ғана,— астанадағы сайлау науқаны әлі де біршама ынтымақты, азды-көпті партиялық, тым болмағанда, социал-демократиялық науқанға ұқсас науқан болып шықты.

Күресіңдер, бірақ қаруларың уланған қару болмасын дейді. Талас жоқ, бұл өте сұлу және әсерлі сөз. Бірақ бұл не сұлу сылдыр сөз, не қарсы жақты бұқараға жек көрінішті, жиіркенішті, жексұрын етіп көрсететін күрес жайындағы — біртұтас партия ішінде жол беруге болмайтын, жікке бөлінген кезде сол жіктің мәнісіне қарай еріксіз, қажетті болатын күрес жайындағы ойды,— сөзімнің басында-ақ мен дамытқан ойды тұрлаусыз және көмескі-күңгірт түрде аңғартатын сөз. Бұл сөйлемді немесе бұл метафораны қанша бұлаңдатсаңыз да, бұдан сіз: ұйым ішінде сендіру жолымен жүргізілетін күрестің адал, әдепті әдісі мен жікке бөліну арқылы, яғни жау ұйымды бұқараға жек көрінішті, жиіркенішті, жексұрын етіп көрсетуді қоздыру жолымен қирату арқылы жүргізілетін күрестің әдісі арасындағы баяғы бір сол айырмашылықтан басқа нақты мазмұн ұштығын да таппайсыз. Уланған қару дегеніміз жікке бөлініп болғаннан кейін туатын жойқын соғыс емес, адалдыққа жатпайтын жікке бөліну.

Жікке бөліну негізінде жүргізуге болатын күрестің шектері бар ма? Партиялық жағынан мұндай күрестің шегі жоқ және ондай шектің болуы да мүмкін емес, өйткені жікке бөліну — партияның өмір сүруінің тоқталуы деген сөз. Партияның жікке бөлінуінен туатын күрес әдістеріне қарсы партия жолы арқылы, партия шешімі және т. т. арқылы күресу туралы ойлаудың өзі де күлкілі нәрсе. Жікке бөліну негізіндегі күрестің шектері — партиялық шектер емес, жалпы саяси шектер немесе, тіпті дұрысырағы, жалпы азаматтық шектер, қылмыстық заңдардың шектері деген сөз, басқа еш нәрсе де емес. Егер сіз менімен жікке бөлініскен екенсіз, онда кадеттен, немесе эсерден, немесе көшеде кез-

дескен адамнан, т. т. талап ететіннен артық ештеңе талап ете алмайсыз.

Өз ойымды бір көрнекті мысалмен тағы да түсіндірейін. «Пролетарийдің» жақындағы санында Ковно қаласындағы сайлау туралы жергілікті жерден келген бір хат басылып шығады. Тілші Литва социал-демократтарына қарсы бундшылдардың жеткізімпаздармен [168] блок жасағанына оте паразы жәие Бундты қатты сынайды. Біртұтас партияның мүшелері үшін қандай сынға жол беруге болады? Наразылықты шамамен мынадай сөздермен білдіру керек болар еді: бундшылдар басқа ұлттың социалистеріне қарсы еврей буржуаларымен блок жасасып, дұрыс істемеді; бұл әрекетте ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық идеялардың ықпалы біліпіп тұр, т. т. және т. с. Әзір біз Бундпен біртұтас партия болып отырғанымызда, оларға қарсы жазылған, бұқара арасында сайлау қарсаңында таратылған, бундшылдарды пролетариатты сатып кетушілер ретінде қорлайтын кітапша мүлде орынсыз болар еді. Ал *егер* 1903 жылғы тарих қайталанған болса — тегінде тарих қайталанбайды, мен тек ойдан шығарған мысалды алып отырмын— Бунд партиядан бөлініп шыққан болар еді. Сонда, еврей буржуазиясына сатылушы, ол арқылы өзінің адамдарын Думаға, т. т. өткізіп жіберуші және тонын айналдырған буржуа ретінде қарап, оның көсемдеріне бунд жұмысшы бұқарасының өшпенділігін, жек көрушілігін, жиіркеніштілігін күшейтуге есептелген кітапша шығаруға болмайтындығы туралы шынымен біреу мәселе көтере қояр ма екен? Мұндай шағым көтергеннің қайқайсысын болса да жұрт тікелей күлкі еткен болар еді: жік шығармаңыздар, жіктің «уланған қаруын» қолданбаңыздар немесе уланған семсер көтергендердің уланған семсерден мерт болатынына кейін өкпелемеңіздер!

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін екінші цитатқа тоқталудың керегі де жоқ. Онда былай делінген: «Меньшевиктер кадеттермен саудаласқанда, жұмысшыларға қарамастан, кадеттердің көмегімен, Думаға өз адамын өткізіп жіберу үшін саудаласты, социал-демократиядан ұсақ буржуазиялық блокқа, ұсақ буржуазиялық блоктан кадеттерге қарай осылай сергелдеңге

түсудің бар сыры міне осында» *. Осы цитатты формальды түрде және сырттай алып *біртұтас* партияның тұрғысынан қарастырып көріңіздерші, әрине, сіздер былай дейсіздер: «саудаласты» дегеннің орнына партия мүшелері туралы: «келіс сөздер жүргізді» деп; «өткізіп жіберу» дегеннің орнына — «өткізуге» деп; «өз адамын» дегеннің орнына — «социал-демократиялық депутатты» деп, т. т. және т. с. деп жазу керек. Бірақ цитатты бұлай «талдау» немесе пікір айтудың әдісі жөнінде осындай «пікір айту» күлкіден басқа бірдеңе туғыза ала ма? Барлық нәрсені жақсыға емес, жаманға жоритын, ең зәбірлі, жек көрінішті пікір айту әдісі дегеніміз жергілікті социал-демократиялық пролетариаттың саяси науқанына *кесел жасайтын* ұйымды *құрту үшін* жікке бөліну негізінде жүргізілген күрес екендігі айқын емес пе? Мұндай пікір айтулардың жәбірлі, тіл тигізетін, күдік туғызатын сипатына шағым ету *штрейкбрехердің* өзін жұрттың жек көретіндігіне шағым етуімен бірдей болар еді! Шағымдарды немесе айыптарды осылайша қарау — белгілі бір адамның қылығы шын штрейкбрехерлік болған-болмағаны туралы мәселені шын *мәнісінде* тексеріп, білмей жатып, «штрейкбрехер» деген сөзді жол беруге болмайтын деп айып таққанмен бірдей болар еді.

Жікке бөлінудің де жікке бөлінуі бар. Мен: «адалдыққа жатпайтын» жікке бөліну деген сөзді бұған дейін талай қолдандым. Мен енді мәселенің осы жағына тоқталамын. Орталық Комитет маған таққан айыбында мені партия мүшелерінің саяси адалдығына күдіктенеді деп жазады. Бұл — тым босаң айтылған және жаңа ғана келтірілген цитаттарға теріс қолданылған сөз. Мен 31 меньшевик пен Данның «саяси адалдығына күдіктеніп» қана отырғаным жоқ. Мен өзімнің «сайлау жөніндегі кітапшаларымның» барлық мазмұнымен оларды *саяси адалдыққа жатпайтын* немесе *партиялық адалдыққа* жатпайтын жікке бөлінуі жөнінде *айыптаймын.* Мен осы айыптауды қолдаймын. Бұл айыптың ауыр салмағын жік туғызушылар жайындағы жалпы, негізгі

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 346-бет. *Ред.*

және түбегейлі мәселеден қайдағы бар ұсақ, жеке, кездейсоқ туынды мәселелерге аударып жіберуге тырысқан әрекеттердің бәрі тек қана босқа арам тер болғандық.

Жікке бөлінудің қандайы болса да партияға қарсы істелген орасан зор қылмыс, өйткені ол партияны жояды, партиялық байланысты үзеді. Бірақ жікке бөлінудің де жікке бөлінуі бар. Менің «адалдыққа жатпайтын жікке бөліну» деп талай рет қолданған сөзімді жікке бөліну біткеннің бәріне бірдей қолдана беруге болмайды. Мұны мысалмен түсіндірейін.

Айталық, партия ішінде кадеттер саясатын жақтайтын немесе қолдауға қарсы екі ағым көптен бері күресіп келеді делік. Кадеттік тенденцияларды шиеленістіре түсетін, кадеттердің реакциямен мәмлеге келуін жақындататын елеулі саяси оқиға болады. Кадеттерді қолдауды жақтаушылар оны қолдауға қарсылардан қатынасын үзеді. Жікке бөлінудің қай-қайсысы сияқты, мұндай жікке бөліну де ең шиеленіскен, ызалы, өшпенділіктің ұрығын себетін, т. т. күресті еріксіз туғызады, бірақ бұл жікке бөлінушілікті адалдыққа жатпайтын жікке бөліну деп табуға болмайды, өйткені мұндай жікке бөлінуде принципті алауыздықты шиеленістіруден басқа ешқандай астар жоқ.

Басқаша түрде жікке бөлінуді елестетіп көріңіз. Партиядағы екі ағым түрлі жердегі түрлі тактиканы шешуде бір жерден шықты деп санаңыз. Егер біреу жолдастары жөнінде сатқындық әрекет істеп, осы ортақ келісімді бір жерден бұзса, егер оны жасырын, ұрланып бұзса,— онда мұндай жікке бөлінуді *адалдыққа жатпайтын* жікке бөліну деп табуға кім болса да көнетін болар.

Петербургте сайлау қарсаңында меньшевиктер дәл осындай адалдыққа жатпайтын жік шығарды. 1-ден, Бүкіл россиялық конференцияда партиядағы екі ағымның екеуі де сайлауда жергілікті ұйымдардың жергілікті тактикасына бағынуға салтанатты түрде уәде берген болатын. Бұл уәдені бүкіл Россияда тек Петербург меньшевиктері ғана бұзды. Бұл адалдыққа жатпайды. Бұл — партияға опасыздық істеу.

2-ден, Орталық Комитет партияны біріктірудің орнына фракцияшылдық саясат жүргізгені сонша, меньшевиктердің жік туғызуына тікелей жәрдемдесті, ал Орталық Комитеттің мүшесі Дан жік туғызуға белсепе қатысты. Бұл адалдыққа жатпайды. Бұл — партия берген билікті партияның өзіне қарсы қолданғандық болады. Бұл сөз жүзінде партияның бірлігін қорғаған болып, іс жүзінде жасырынып, ұрланып келіп, уланған пышақ салғандық болады.

Саяси жағынан адал емес адамдар есебінде 31 меньшевикті де, Данды да айыптауға мені мәжбүр еткен негізгі *екі* факт осы. Менің кітапшам *бастан-аяқ* дәл осындай айыптау рухында шыққан.

Мен сот алдында да осы айыпты қолдадым. Сот тергеуінің Петербургтегі жікке бөлінудің бүкіл жағдайын судьяларға ашып беріп, бұл жікке бөліну адалдыққа жата ма, жатпай ма? «уланған қаруды» қолданғандар осы жікке бөлінуді шығарғандар ма әлде жікке бөлінуді шығарушыларға қарсы аяусыз, жойқын соғыс ашқандар ма? деген мәселені судьялардың әбден көзі жетіп, шешуіне мүмкіндік беру үшін мен барлық күшімді жұмсадым.

Осы мәселені ақырына дейін, *оның ең түбіне және астарына дейін* жете анықтаудың, РСДРП-ға *іс жүзінде* бірінші рет кіріп отырған ұлттық социал-демократиялық партиялар делегаттарының түсініп алуының нашар бүркелген жіктің орнына партиямызда шын партиялық қатынастардың орнауы үшін орасан зор маңызы болады.

Бұл соттың мазмұны формальды, өрісі тар юридикалық мәселе болып отырған жоқ. Шынында, әңгіменің түйіні біртұтас партияда жазу, саудаласу немесе келіс сөздер жүргізу керек пе, өткізу немесе өткізіп жіберу керек пе, дауысты орынға сату немесе орын алатын болса, дауысты қосып жіберу, т. т. ету керек пе, жоқ па дегенде болып отырған жоқ. Мәселенің бұлай ұғынылуы әрине, тек күлкі ғана туғызған болар еді.

Партиямыздың бірлігін біз шын мәнінде бағалаймыз ба әлде бірдеңелер жазып, бұл мерезден формальды айламен бойды аулақ салып, жікке бөлінуге көнтерілік

көрсете береміз бе,— әңгіменің түйіні осында. Судья жолдастар, Петербургтегі жікке бөліну жалпы партиялық жікке бөлінудің өтіп кеткен дәуірінің ақырғы, шын ақырғы жаңғырығы болып қала ма, әлде... әлде ол — жаңадан жікке бөлінудің басы, демек, барлық жерде де уланған қару жұмсалатын жаңа күрестің басы бола ма, бұл жағдай сіздердің соттарыңыздың үкіміне байланысты — және көбінесе осыған байланысты болуы мүмкін.

Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының шайқалып тұрған бірлігі бәсеңдей ме немесе күшейе түсе ме,— бұл сіздердің үкімдеріңізге байланысты болады.

II. ПЕТЕРБУРГТЕГІ ЖІККЕ БӨЛІНУДІҢ НАҚТЫ ТАРИХЫНЫҢ ҚЫСҚАША КОНСПЕКТІСІ

РСДРП ноябрь (1906 ж.) конференциясында сайлау мәселесінде жұрттың бәрі *жергілікті* социал-демократиялық ұйымдардың қаулыларына бағынады деп бір ауыздан шешілген.

Ленин сол конференцияда: «Выборг ауданы да (С.-Петербургтегі социал-демократиялық ұйымның меньшевиктік бөлегінің есебі) Петербург комитетінің қаулыларын бұзбасын!» —деп мәлімдеп, осы арқылы міндеттеменің өзара байланысты екенін ескерткендей болады.

«Пролетарийдің» 8-номеріндегі (1906 ж., ноябрь) арнаулы мақалада большевиктер кадеттермен блоктар жасасуды қатты сынауға, бірақ жергілікті ұйымдарға *бағынуға* шақырылған.

1906 жылғы сол ноябрьде Орталық Комитеттің мүшесі Дан жолдас инженер Федорович ұйымдастырған жиналысқа *«мүлде жеке* (оның сотта мәлімдегені бойынша) *түрде»* қатысады, бұл жиналыста Милюков пен Набоков (кадеттердің Орталық Комитеті мен Петербург комитетінің көсемдері), эсерлердің бір көсемі және Пешехонов (энестердің көсемі) болады. Сайлау туралы, *бірақ Петербургтегі* сайлау туралы *емес,* сөз болған (Дан жолдастың сөздері бойынша). Дан жолдас осы жиналыс туралы Орталық Комитетке де, Петербург комитетіне де баяндауды қажет деп таппаған.

1906 жылғы декабрьде Дан жолдас сайлау туралы мәселе жайындағы информациялық жиналысқа барады, мұнда РСДРП Петербург комитетінің, сонан соң кадеттердің, халықтық-социалистердің және эсерлердің өкілдері болған. Онда Дан өзін Орталық Комитеттің өкілімін, бірақ С.-Петербургте *аудандар бойынша келісімге келу* қажеттігі жайында *«өзімнің жеке басымның көзқарасын»* баяндаймын,— деп мәлімдеген.

1907 жылғы 4 январьда Орталық Комитеттің жиналысында Петербург социал-демократиялық ұйымы конференциясынан оның *қалалық және губерниялық болып бөлінуін* үзілді-кесілді талап ету жөнінде шешім қабылданады. Орталық Комитет мүшелері, большевиктер (Максимов, Зимин, Строев), Петербург ұйымын Орталық Комитеттің іс жүзінде жікке бөлуімен пара-пар бұл қадамға қарсы наразылық білдіреді.

1907 жылғы 6 январьда С.-Петербург социал-демократиялық ұйымының сайлау туралы мәселені шешкен конференциясы болды. 39 большевик және 31 меньшевик қатысты. Меньшевиктер формальды екі дәлел негізінде конференциядан кетіп қалды: 1) олар мандаттардың бөлінуін дұрыс емес деп санады; 2) Орталық Комитет талабына сәйкес қалалық және губерниялық болып бөлінуден конференцияның бас тартуы салдарынан кетті.

Жікке бөлінудің осы негіздерін бағалауға үш факт келтірейік: 1) 6 январь конференциясында большевиктердің 42 мандаты, меньшевиктердің 28 мандаты бекітілді. *Өздері басып шығарған листокта* 35 большевик және 32 меньшевик деп есептеу керек екендігін меньшевиктердің өздері мәлімдеді, *яғни* большевиктердің басым екенін *мойындады.* 2) Жікке бөлінудің салдарынан С.-Петербургтегі социал-демократиялық ұйымның келесі конференциясы Орталық Комитеттің арнайы тағайындаған комиссиясының ерекше бақылауымен сайланды. Сайлау 25 март конференциясына 92 большевик, 41 меньшевик жіберді. Жаңа сайлау большевиктердің бұрынғыдан да гөрі басым екенін дәлелдеді. 3) Россияның бірде-бір қаласында, не **Вильнода, не Одессада, не Бакуде** Орталық Комитет конференцияның бөлінуін талап еткен жоқ. Бұл үзілді-кесілді талап заңсыз еді және тек

Петербургке қарсы көрінеу көзге фракциялық ойлардан туды.

Конференциядан кетіп, меньшевиктер өзінің атқарушы органын сайлады, өздерінің листоктарын шығара бастады (Орталық Комитеттің меньшевик мүшелерінің, оның ішінде Дан жолдастың қатысуымен), сөйтіп дербес сайлау науқанын жүргізді. Олар кадеттермен бірлесіп келісім жасау үшін халықтық партиялармен (халықтық-социалистер, социалист-революционерлер және трудовиктер) большевиктерсіз келісім жасасты.

Петербургтің буржуазиялық баспасөзі («Речь», «Страна», «Товарищ», т. т.) жікке бөлінгені үшін меньшевиктерді қызу құттықтады, оларды «баяу-социалистік партия» деп атады, большевиктермен батыл күресуге шақырды, осы «бланкистерді» оқшаулау жөнінде масайрады, т. т. Большевиктер 6 январьда халықшылдарға кадеттерге *қарсы* блок жасасуды ұсынып, басқа ешқандай келіс сөздерге қатысқан жоқ.

«Речь» 14 январьдағы бас мақаласында большевиктерге қарсы блок нәтижелі болған күнде меньшевиктерге *жұмысшы куриясынан орын* беруге уәде етеді.

Меньшевиктер 17 январьдағы жиналыста өздеріне тиетін орынның бәрін жұмысшы куриясының қарауына берілсін деп қаулы етеді. «Товарищ» 19 январьда осы жөнінде хабарлайды.

Милюков 15 январьда Столыпиннің қабылдауында болады, бұдан кейін кадеттер көрінеу көзге оңға қарай ойысады.

18 январьда меньшевиктердің, халықшылдардың және кадеттердің конференциясы болды. Кадеттер 2 орын берді, олардан 3 орын талап етілді. Кадеттерден ажырасу.

«Товарищ» 20 январьда меньшевиктердің большевиктерге қарсы бағытталған, олардың сайлау науқанына залал келтіретін листогынан үзінді басады. Мен дәл сол күні — «С.-Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» деген кітапша жаздым;— ол үш күннен кейін жарыққа шықты.

25 январьда Петербургте солшыл блок жасалды. 28 январьда С.-Петербург *қаласының* жұмысшы куриясы

бойынша фабрикалар мен заводтардан сайланған (7 және 14 январь) уәкілдердің жиналысы болады. 271 адамнан 200—250 адам қатысады. 10—12-ге қарсы көпшілікпен *солшыл блокты жақтаған* қарар қабылданды. Қарар меньшевиктерді *«кадеттерге жасырын түрде болса да жәрдем көрсетпеңдер»* деп арнаулы түрде шақырады.

17 январьда «өз» орындарын жұмысшы куриясына беруге уәде еткен меньшевиктер *барлық* уәкілдердің жиналысының үніне құлақ аспағаны былай тұрсын, тіпті оны «эсерлік-большевиктік бүліншілік» деп жариялады.

30 январьда *социал-демократиялық* уәкілдердің жиналысы болады. Петербург комитетінің кандидаттары сайламшылар болып белгіленді.

29 январьда солшыл блок Коломна учаскесінің партияда жоқ прогресшіл сайлаушыларының өздерінің меньшевиктермен жасаған *жазбаша* шартын бұзуға түрткі болады, өйткені бұл шартта (меньшевиктердің *баспа* листогындағы сияқты) мынандай шарт бар: *«меньшевик-сайламшылар халықшылдық-большевиктік блоктың депутаттық орындарды бөлуге қатысты шарттарын орындауға міндетті болып саналмайды»* (II пункт, 3-бөлімше). Бұл шарт — *солшыл блокқа қарсы кадеттермен бірге* екінші сатыда дауыс беру мүмкіндігімен өзін қамтамасыз етуге ашық әрекет жасау деген сөз.

7 февральда Петербургте сайлау болып өтеді. Қаражүздік қауіп біржолата теріске шығарылды. Кадеттер — 28 798 дауыс, солшыл блок — 16 703, октябристер — 16 613, ал монархистер 5270 дауыс алды. Бүкіл Питерде жеңіске жету үшін солшыл блок 5 учаске бойынша *1573* дауысты кадеттерден тартып ала алмады. *Коломна* учаскесінде солшыл блок кадеттерден не бары 196 дауыс кем алды.

Фактілердің қысқаша тізбесі осындай. Бұл фактілерден *істің шын мәнісінде* С.-Петербургте сайлау науқанын меньшевиктердің бүлдіргені айқын көрініп отыр. Шынында, жікке бөліну жөніндегі заговор *ноябрьдің өзінде-ақ* басталған еді және оны *Орталық Комитеттің*

мүшесі Дан бастаған болатын. Шынына келгенде, С.-Петербургте жергілікті ұйымның көпшілігіне қарсы жікке бөлінуді *жүргізген* — атап айтқанда Дан плюс *Орталық Комитеттің* меньшевик мүшелері...

1907 ж. апрельде жеке кітапша болып басылған
Қол қойған: Н. Ленин

Кітапшаның тексті бойынша басылып отыр

РСДРП V СЪЕЗІ[169]

30 АПРЕЛЬ — 19 МАЙ (13 МАЙ — 1 ИЮНЬ), 1907 ж.

Бірінші рет 1909 ж. мына кітапта басылған: «РСДРП Лондон съезі (1907 ж. болған). Протоколдардың толық тексті». Париж, Орталық Комитет басылымы

Кітаптың текстімен салыстырылған қолжазба тексті бойынша басылып отыр; Либердің түзетуіне қарсы пікір және сөйленген сөздер кітаптың тексті бойынша басылып отыр

1

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАРЫС СӨЗДЕРДІ ТОҚТАТУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫСҚА ҚАРСЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [170]

1(14) МАЙ

Жарыс сөздерді тоқтатуға үзілді-кесілді қарсымын. Принциптік маңызы бар мәселелерді жай ғана дауыс беру арқылы қалай болса солай шеше салуға болмайды.

2

СЪЕЗДІҢ КҮН ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ ЖАРЫС СӨЗДЕР КЕЗІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

2(15) МАЙ

Бұл мәселе жөнінде болған жарыс сөздерден социал-демократтардың ішіндегі түрлі ағымдардың арасында ірі-ірі тактикалық алауыздықтар бар екені толық анықталып отыр. Мұндай жағдайда бізге барлық жалпы принциптік мәселелерді съездің күн тәртібінен алып тастауды ұсынады деп кім ойлаған? Принциптік мәселелерді бұлайша алып тастауды — практицизм мен іскерлікті жақтағансып — осында сонша софистік дәлелдермен қорғады емес пе!

Буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариаттың міндеттері туралы мәселенің Россия социал-демократиясының алдына әлдеқашан-ақ қойылғанын мен сіздердің естеріңізге сала кетейін. Бұл мәселе 1905 жылдың бас кезінде, революцияға дейін, РСДРП-ның, яғни оның большевиктік бөлегінің III съезінде де[171], онымен бірге бір мезгілде болған меньшевиктердің Женева конференциясында да[172] талқыланған болатын. Онда меньшевиктер жалпы принциптік мәселелерді өз съезінің күн тәртібіне өздері қойған еді.

Ол кезде буржуазиялық революциядағы пролетариат тактикасының негіздерін олардың өздері талқылап, бұл мәселе жөнінде дәлелді шешімдер қабылдаған болатын. Егер қазір мұндай мәселелерді алып тастауды ұсынып отырған болса, онда бұл ұнжырғасы түскендіктің салдары болып табылады, ал мұндай ұнжырға түсушілікке қарсы күресіп, оған берілмеу керек!

Съездері «іскерлікпен» өтетін Батыс Европа социал-демократиялық партияларының тәжірибесі туралы айтып жүр. Ал мен сіздерге немістердің съездерінде біздегі болып жатқан революцияға және осы революциядағы пролетариаттың міндеттеріне баға беруге қатысты мәселелерден әлдеқайда абстрактілі, анағұрлым теориялық мәселелер талай рет талқыланғанын айтып бере аламын. Біз басқа партиялардың тәжірибесінен өзімізді күнделікті күйбең, күйкі істердің белгілі бір дәуірі дәрежесіне дейін төмендететін нәрселерді алмауға тиіспіз. Біз одан өзімізді жалпы мәселелерге дейін, тұтас алғанда пролетариаттың бүкіл революциялық күресінің міндеттеріне дейін көтеретін нәрселерді алуға тиіспіз. Біз нашар үлгілерден үйренбей, жақсы үлгілерден үйренуге тиіспіз.

«Елеулі тактикалық мәселелерді оншақты дауысты артық алу арқылы шешуге болмайды» деседі. Ал мұның өзі софизм емес пе? Бұл принциптіліктен принципсіздік жағына қарай дәрменсіздікпен бұлталақтау емей немене?

Мәселе еш уақытта да дауыс беру арқылы шешілмейді. Біз революциямызға маркстік баға беру мәселесін бірнеше жыл бойы шешіп келеміз. Біз өзіміздің теориялық көзқарастарымызды және жалпы тактикалық шешімдерімізді революциямыздың тәжірибесі арқылы бірнеше жыл бойы тексеріп келеміз. Ал енді келіп бізге осы партиялық жұмыстың қорытындысын шығаратын мезгіл әлі жеткен жоқ дегенді айтады! Бақсақ, тактика негіздерін белгілеудің керегі жоқ көрінеді, оқта-текте шеше отырып, оқиғалардың соңынан салпақтап ере беру керек көрінеді...

Стокгольм съезін еске түсіріңіздерші. Бұл съезде жеңіп шыққан меньшевиктер кезеңге баға беру жөніндегі өз қарарын алып тастады, буржуазиялық партияларға көзқарас жөніндегі өз қарарын алып тастады. Мұның салдары қандай болды? Өзінің алдына қойылған мәселелерді шешу үшін Орталық Комитеттің ешқандай принциптік негіздері болмай шықты. Ешқандай саясаты болмағандықтан Орталық Комитет бүкіл бір жыл бойы босқа сенделді. Бүгін ол құрылтай жиналысын

жақтаса, ертең думалық министрлікті уағыздап шықты, онан арғы күні «құрылтай жиналысын шақыруға арналған өкімет органы ретіндегі Думаны» уағыздады, сонан соң толық билікті Думаны, онан соң кадеттермен блок жасасуды уағыздады... Сіздер осыны да ұстамды пролетарлық саясат деп атайсыздар ма? (Центрде және большевиктер отырған тұста қол шапалақтау.)

«Партиядағы татулық үшін... практикалық жұмыс үшін жалпы мәселелерге соқпай-ақ қоялық» деседі. Бұл — софизм. Мұндай мәселелерге соқпай өтуге болмайды. Оларға соқпай өтуден татулық орнамайды, тек түк те болжамайтын, сондықтан да неғұрлым ызалы, жемісі мардымсыз партиялық күрес келіп шығады.

Мұндай мәселелерге соқпай өтуге болмайды. Олар кез келген жерден жарып шығады. Плехановтың съезді ашардағы сөзін еске түсіріңіздерші. Біздегі революция буржуазиялық революция болғандықтан — деп пайымдады ол — буржуазия арасынан одақтастар іздестіруге мейлінше асығу керек. Мен бұл пайымдаудың негіздері қате деймін. Мен осы негіздерді түсініп алмайынша, сіздер партияны ұшы-қиыры жоқ керексіз практикалық қателер жасауға итермелейсіздер деймін.

Плеханов сол сөзінде Россия социал-демократиясында оппортунизм әлсіз деген болатын.— Егер Плехановтың өз шығармаларын әлсіз деп санайтын болсақ, солай болуы да мүмкін! (Большевиктер отырған тұста қол шапалақтау.) Ал мен былай деп ойлаймын: бізде оппортунизм нақ мынадан — буржуазиялық революциядағы біздің тактикамыздың негіздері туралы жалпы мәселелерді бірінші шын жалпы партиялық съездің талқылауынан алып тастауға тырысушылықтан байқалып отыр. Біз теориялық мәселелерді алып тастауға тиіс емеспіз, қайта өзіміздің бүкіл партиялық практикамызды жұмысшы партиясының міндеттерін теориялық жағынан көрсету дәрежесіне дейін көтеруге тиіспіз. (Большевиктер қол шапалақтайды.)

3

ЗАПИСКАЛАР АРҚЫЛЫ АТАП ДАУЫСҚА ҚОЮ ӘДІСІН ЖАҚТАП СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [173]

2(15) МАЙ

Біз және латыш делегациясының өкілі запискалар арқылы дауыс берудің бүгінге дейін қолданылып келген әдісін сақтау жағындамыз. Мұның өзі неғұрлым демократиялық әдіс, уақыттан ұтамыз, анығын көрсетеді. Айла-шарғы жөнінде сөз болуы да мүмкін емес. Дауыстап атап шығу жолымен дауыс беруді ұсынушылар атап дауысқа қоюды тек ұзаққа созып, бұл арқылы оны қолдануға мүмкіндік бергісі келмейді.

4

СЪЕЗДІҢ 6-МӘЖІЛІСІНДЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЬ РЕТІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

3(16) МАЙ

1

Ағылшын Социал-демократиялық федерациясының өкілдеріне съезді өткізуде көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуды ұсынамын. (Қол шапалақтау.)

2

Мен пункттерді мынадай тәртіп бойынша рет-ретімен талқылауды ұсынамын: Орталық Комитеттің есебі, Думадағы фракцияның есебі, буржуазиялық партиялар мен Мемлекеттік думаға көзқарас.

Қалған мәселелерді талқылау жөнінде барлық фракциялардың өкілдері бір ауыздан мынадай шешімге келді:

5) жұмысшы съезі, 6) кәсіптік одақтар және партия, 7) партизандық қимылдар, 8) жұмыссыздық, дағдарыс және локауттар, 9) ұйымдық мәселелер, 10) Штутгарт конгресі, 11) армиядағы жұмыс, 12) әр түрлі мәселелер.

5

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

4(17) МАЙ

Мен мәселенің тек саяси жағы туралы ғана айтпақшы едім. Бірақ Абрамович жолдастың соңғы сөзі мені оның ескертпелеріне қысқаша тоқтала кетуге мәжбүр етіп тұр. Абрамович жолдас «қоршауда қалған» меньшевиктік Орталық Комитет туралы айтқан кезде, мен ішімнен: «Сорлы меньшевиктер! Олар тағы да қоршаудағы жағдайда қалып отыр. Олар тек азшылық болған кезде ғана емес, сонымен қатар көпшілік болған кезде де «қоршаудағы жағдайға» тап болады екен ғой!» — деп ойладым.

Пролетариат партиясы қоршап алды деп үнемі наразы болуға меньшевиктерді мәжбүр ете беретін, меньшевиктік саясат сипатының өзінде жатқан ішкі себептер жоқ па екен?

Меньшевиктік Орталық Комитеттің қоршау жағдайында қалуы жөнінде Абрамович жолдас келтірген фактілер қандай? Бұл фактілер үшеу: төтенше съезд шақыруды жақтап үгіт жүргізу, әскери және жауынгерлік ұйымдардың конференциясы, ақырында, Абрамович жолдастың айтқанындай, «басқа да ұйымдық мәселелер».

Осы үш фактіні қарастырып көрейік.

Төтенше съезд шақыруды жақтаған үгіт Орталық Комитет саясаты партия көпшілігінің еркіне сөзсіз қарсы келетіндігі анықталған соң кең өріс ала бастады. Еске сала кетейін, мұның өзі Орталық Комитет жауапты министрлікті қолдау туралы ұран ұсынғаннан кейін

болған еді. Ол кезде біздің партияға Бунд әлі кірмеген болатын, бірақ поляктар мен латыштар кірген еді. Олардың екеуі де Орталық Комитет саясатын ашықтан-ашық қабылдамады. Демек, ол кезде Орталық Комитет партияның басым көпшілігінен іргені аулақ салғаны мүлдем даусыз факт. Кімді кім қоршауға алды: партия көпшілігі оның съезге есеп беруін талап етіп партиялық Орталық Комитетті қоршауға алды ма? немесе партияға қарсы шығу арқылы Орталық Комитет партияны қоршауға алды ма? Ол кезде Плехановтың не істеуге дейін барғанын еске түсіріңіздерші. Оның съезге қарсы жазған хатын Орталық Комитет ресми түрде шығарып тұрған «Социал-Демократ» қайта басты. Ал бұл хатта Плеханов съезд болсын деген шақыруға үгіттің дәлелдеріне шүбәланумен және жұмыстағы уақтүйектер туралы бос сөздермен жауап берді! Ойлап қараңыздаршы: съезді талап еткен партия көпшілігіне қарсы осы сияқты нәрселерді айтқан Плехановтікі теріс емес пе?

Ал мен мынаны ғана айтар едім: РСДРП-ның ноябрьдегі Бүкіл россиялық конференциясының шешімінен кейін төтенше съезд шақыруды жақтаған үгіт тоқталды.

Екінші факт: әскери және жауынгерлік ұйымдардың конференциясы. Конференция екеу болып шықты. Әрине, бұл өкінішті нәрсе, бірақ осыдан Орталық Комитет «қоршауда» қалды деп білу таңқаларлық нәрсе. Қоршауда қалды деп наразылық білдіруден гөрі Орталық Комитеттің араласуынсыз өткен конференция шешімдерінің неліктен жаман болғанын түсіндірген жақсы емес пе еді? Еске сала кетейін, *екі* конференцияда да Москва комитетінің де, Петербург комитетінің де өкілдері болды,— демек, партияның белгілі бір фракциясы өзін бірде-бір конференциямен фракция ретінде байланыстырған жоқ. Ал әскери және жауынгерлік ұйымдардың большевиктік конференциясының 1906 жылы ноябрьде басылып шыққан қарарлары осы уақытқа дейін елеулі сынға ұшыраған жоқ.

Үшінші факт: «басқа да ұйымдық мәселелер». Бұл не деген сөз? Мұның нақты мағынасы қандай? Сайлау

кезінде Орталық Комитеттің көмегімен Петербургте меньшевиктер жасаған жікке бөліну емес пе екен? Бірақ бұл жөнінде Орталық Комитет қоршауда қалды деу тура адам күлерлік нәрсе болар еді.

Мәселенің саяси жағына көшейін. Біздің басты міндетіміз пролетариаттың таптық күресіне Орталық Комитеттің қалай басшылық еткендігін, Бірігу съезінде қабылданған тактиканы оның іс жүзінде қалай қолданғандығын қарастыру болып табылады.

Орталық Комитеттің партияға берген бірінші ұраны «думалық» немесе «жауапты» министрлік болсын деген талапты қолдау ұраны болды. Осында біздің алдымызда Мартов жолдас бұл ұран Думаның үкіметпен жанжалын ұлғайтып, өршіту үшін қойылды деді.

Бұл солай ма? Жанжалды пролетарлық тұрғыдан ұлғайтып, өршітудің мәні неде болуға тиіс? Әрине, мұның мәнісі — жанжалды туғызған күрес пен қақтығыстардың нағыз аренасын,—жалпы алғанда тап күресі аренасын, ал бұл ретте — халықтың ескі өкіметке қарсы күресін көрсету болады. Думадағы жанжалды ұлғайтып, өршіту үшін Думадағы жанжал халықтың ескі өкіметпен жанжалын жарым-жартылай және бұрмалап қана көрсететіндігін, Думадағы күрестің Думадан тыс революциялық күрестің әлсіз жаңғырығы болып табылатындығын өзіміздің түсінуіміз және халыққа түсіндіруіміз керек еді. Ұлғайтып, өршіту үшін саяси сана мен саяси талаптарды Думадағы ұрандардан жалпы революциялық күрес ұрандарына дейін көтеру керек еді. Орталық Комитет керісінше істеді. Ол революциялық күрес ұрандарын думалық министрлік ұранына дейін қожыратып, өрісін тарылтты. Бұл күрес істің бүкіл объективтік жағдайынан туып отырса да, ол халықты өкімет билігін алу үшін күреске шақырмай, либералдардың өкіметпен келісім жасасуы жолындағы күреске шақырды. Іс жүзінде объективтік жағдайлардан парламенттен тыс революциялық күрес туып отырған кезде Орталық Комитет, еркімен немесе еріксіз болсын бәрібір, партияны парламенттік «бейбіт» жол ұрандарын қабылдауға шақырды. Іс жүзінде «жауапты министрлікті» жақтаған ешқандай белгілі бір елеулі

қоғамдық қозғалыс болған жоқ және оның болуы да мүмкін емес еді. Орталық Комитеттің бұл ұранын керек десе Думадағы социал-демократиялық меньшевиктік фракция да (1-Дума) қабылдаған жоқ. (Мартов: «Дұрыс емес!».) Жоқ, дұрыс, Мартов жолдас, Орталық Комитеттің қарарымен және 1-Думаның стенографиялық есептерімен жай танысудың өзі-ақ мұның дұрыс екендігін көрсетеді.

Орталық Комитеттің ұраны, оның тілектері мен дәлелдеріне қарамастан, іс жүзінде либералдық саясатқа икемделу болды. Мұндай икемделуден ешқандай нәтиже шығуы мүмкін емес еді, өйткені либералдық саясат сол кездегі шын қоғамдық қозғалысты бейнелеген жоқ, революция ол кезде ешбір тоқталмаса да, революцияны тоқтату жөніндегі арманды бейнеледі. Оқиғалардың барысы «жауапты министрлік» жөніндегі осы тарихтың бәрі де жарамсыз құралдармен қастандық жасау болғандығын дәлелдеді.

Орталық Комитеттің екінші ұраны июльдегі ереуілдер [174] дәуіріне жатады. Ол кездегі бой көрсетудің сәтсіз болғаны үшін Орталық Комитетті кінәлауға болмайды. Мұндай меньшевиктік Орталық Комитет үшін бұл тіпті кінәлау емес, қайта мақтағандық болады, өйткені ол сол кезде қалай дегенмен де революцияны қуаттаған болатын. Орталық Комитет Петербургте отырған соң, бүкіл Россия пролетариатының пиғылын білмегендігі оның кінәсы емес. Біздің ол кезде көтеріліске сеніп, оны күткенімізді де қате деуге болмайды. Көтеріліс шынында да болды, ал біздің алдын ала ұсынған ұрандарымыз, біздің көтеріліс алдындағы саясатымыз осы көтерілістің сәтті немесе сәтсіз болуының элементтерінің бірі болды.

Орталық Комитеттің қатесін мен мынада деп білемін: көтеріліске дейін жеткен революциялық күресті революциялық емес немесе күзелген революциялық ұрандардың ауқымынан шығармауға тырысты. Мұның өзі Орталық Комитеттің: «ішінара бұқаралық бой көрсетулер» деген ұранынан байқалды. Бұл «құрылтай жиналысын шақыруға арналған өкімет органы ретіндегі Дума үшін» деген ұраннан одан да айқын аңғарыл-

ды. Мұндай өмірге жанасымсыз ұрандар тастау пролетарлық саясатты либерал буржуазия саясатына икемдеу болды. Мұндай икемдеуге тырысушылықтың мүлде бос әурешілік және мүлде дәрменсіздік екендігін оқиғалар тағы да көрсетті. Бізде жұмысшы партиясы дәрменсіз деп шағыну және күңкілдеу жиі байқалады. Ал мен былай деймін: сіздердің дәрменсіз болатын себептеріңіз—өз ұрандарыңызды мұқалтасыздар! (Большевиктер отырған тұста қол шапалақтау.)

Онан әрі барайық. II Думаға сайлауда кадеттермен блок жасасу туралы мәселені қарап көрейік. Мартов өзі оқып шыққан Орталық Комитеттің есебінде бұл мәселеден таңқаларлықтай жайбарақат формализммен құтыла салды: Орталық Комитет блоктарға жол беріледі деп қаулы алған еді, сөйтіп Орталық Комитет директиваларына дәлме-дәл сүйене отырып блок жасасуга жол берілді деді ол! (Күлкі.) Орталық Комитеттің саяси есебінде алынған қаулылардың ресми заңдылығына сүйенбей, осы саясаттың мәні жағынан дұрыстығын өмірде тексеруге сүйенсе, күнә болмас еді. Біз, большевиктер: атышулы қаражүздік қауіп іс жүзінде солдан төнген қауіптен либералдық қорғануға келіп саяды, ал өз саясатымызда қаражүздік қауіптен қорқуды басшылыққа алатын болсақ, біз шындығында либералдардың қармагына түсеміз деп әрдайым айтып келдік. Сайлаудың қорытындылары біздің дұрыс айтқандығымызды дәлелдеді. Бірсыпыра қалаларда сайлау статистикасы либералдар мен меньшевиктердің лақаптарын теріске шығарды. (Дауыстар: «Ал Киев, Польша, Вильнолар ше!».) Менің жекелеген жерлерді айтып жатуға уақытым жоқ, мен жалпы саяси нәтижелер туралы айтамын. Статистик Смирнов 22 қала бойынша берілген дауыстардың санын есептеп шығарған, солшыл блокқа—41 мың, кадеттерге—74 мың, октябристерге — 34½ мың және монархистерге—17 мың дауыс берілген. Басқа 16 қала бойынша 72 мың дауыстың 58,7 проценті оппозицияға, 21 проценті реакцияға берілген. Сайлау қаражүздік қауіптің жалған екенін әшкереледі, ал кадеттермен ерекше түрде блоктар жа-

сасуға «болады»-мыс дейтін саясат пролетариатты либерал буржуазияға тәуелді ету жөніндегі саясат *болып шықты.*

Мен сіздерге былай деймін: теориялық таластарды елемеуге болмайды, алауыздықтар турасында ойдан шығарылған фракциялық өтіріктер жайында қолды тыжырынып бір-ақ сілтемеңіздер. Біздің ескі таластарымыз, біздің теориялық және әсіресе тактикалық алауыздықтарымыз революцияның барысында ұдайы нағыз тікелей практикалық алауыздықтарға айналып отырады. Буржуазиялық революцияға баға беру жөніндегі, кадеттер мен трудовиктердің арақатынасы, т. т. жөніндегі бәз-баяғы негізгі мәселелерге кездеспейінше, практикалық саясатта бір қадам да ілгері басуға болмайды. Практикалық өмір алауыздықтарды жоймайды, қайта оларды шиеленістіріп, жандандыра түседі. Сондықтан да Плеханов сияқты көрнекті меньшевиктердің кадеттермен блок жасасу саясатын нағыз мағынасыздыққа дейін жеткізгені кездейсоқ емес. Плеханов өзінің атышулы «толық билікті Думасын» ұсына отырып, пролетариатқа да, либерал буржуазияға да ортақ ұранды уағыздады. Бүкіл меньшевиктік саясаттың ішкі мәнін, негізгі тенденциясын: жұмысшы табының дербес бағытын либерал буржуазияға икемделумен алмастыруды Плеханов басқаларға қарағанда тек айқынырақ, күштірек көрсетеді. Біздің Орталық Комитеттің банкротқа ұшырауы бәрінен бұрын және бәрінен де гөрі оппортунизмнің осы саясатының банкроттыққа ұшырауы болды. (Центрдің бір бөлегі мен большевиктер жағында қол шапалақтау.)

6

ДУМАДАҒЫ ФРАКЦИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

8(21) МАЙ

Мен жарыс сөзді Думадағы фракцияның саясатына принципті баға беру мәселесіне қайта оралтқым келер еді. Церетели жолдас былай деді: «біздің қателеріміз болды, бірақ солқылдақтық болған жоқ». Менің ойымша, Думадағы жас, іске жаңа кірісіп жатқан фракцияны жіберген қателері үшін кінәлау мүлдем дұрыс болмас еді. Бірақ істің мәні нақ мынада: фракция саясатының өзінде *солқылдақтық* сөзсіз болды. Сондықтан жұртты кінәлау үшін емес, тұтас алғанда пролетарлық партияны тәрбиелеу үшін біз бұл солқылдақтықты тура мойындап, оны жоюды өзімізге міндет етіп қоюға тиіспіз.

Церетели жолдас Европа тарихын тілге тиек етті. 48-жыл,— деді ол,— бізді социализм үшін жағдайлардың әлі пісіп жетілмегендігіне ғана үйретіп қойған жоқ, сонымен қатар буржуазиялық демократиямен белгілі бір одақ жасамайынша бостандық жолында күресуге болмайтындығына да үйретті. Церетели жолдастың бұл қорытындысы тап-таза ревизионизмнің өзі. Қайта, 1848 жылғы революция да, онан кейінгі тарихи тәжірибе де халықаралық социал-демократияны нақ бұған керісінше нәрсеге үйретті, атап айтқанда: буржуазиялық демократия барған сайын пролетариатқа қарсы шығып отыр, ал бостандық жолындағы күрес оған пролетариат басшылық еткен жерде ғана дәйекті түрде жүргізіледі деп үйретті. 1848 жыл буржуазиялық демократиямен одақтар жасасуға емес, қайта халық

бұқарасының жетілуі кенжелеп қалған топтарын тіпті демократия үшін де күресуге қабілетсіз буржуазиялық демократияның ықпалынан босатып алу қажеттігіне үйретеді. Церетели жолдас 1848 жылдың тәжірибесіне бернштейншілдік рухта сүйенемін деп ревизионизмнің бар екенін көрсетті; ал Плеханов біздің партияда осы ревизионизмнің өзі әлсіз деп ешбір негізсіз айтқан еді.

Сондай-ақ, Церетели жолдастың принциптік позициясының бүкіл солқылдақтығына опың азық-түлік комиссиясы жөніндегі мәлімдемесі де тән нәрсе. Істі жергілікті жерлерде тексеру жөніндегі ұсынысымызды *жария түрде* айтқанымызды біз жеткілікті түрде атап көрсеткеніміз жоқ,— деді Церетели. Жоспарымыздың жариялылығы туралы дәлелдер арқылы басқалардың көзін жеткізетін сәтті өткізіп алып, біз жалпылама пікір айтумен әуестеніп кеттік. Келесі жолы бұл қатені түзетеміз.

Біздің фракция позициясының бүкіл солқылдақтығы мәселенің бұлайша қойылуынан мейлінше анық аңғарылады. Тек ойлап қараңыздаршы: жұрт жариялылықты жақтайтын дәлеліміз жеткіліксіз болды деп уайымдайды екен! Бұл арада істің мәні тіпті де дәлелде емес, тіпті де жариялылыққа сүйенуде емес, тіпті де кадеттердің немесе басқа біреудің *«көзі жетуінде»* емес екендігін олар қалайша көрмейді екен? Үкімет жергілікті жерлердегі тексеру жұмысын бұқараға жүгіну деп біліп (бұлай деп білуі әділ де), *істің шын мәніне келгенде* тексеруге жол бере алмағандығы және жол бермейтіндігі оларға қалайша айқын емес екен?

Жариялылық қаншама тілге тиек болғанымен де бұдан істің мәні өзгермеген болар еді. Ал төменгі халыққа қараудың орнына,— халық бұқарасын иландырудың, оған шындықты көрсетудің орнына,— Церетели жоғарыдағыларға қарайды, либералдарды иландырып, оларды жариялылық арқылы тартқысы келеді... Мұның өзі нағыз буржуазиялық парламентаризм. Ал бұл сияқты ұсақ, жұтаң, түкке тұрғысыз саяси аярлықтың жеміссіздігі бадырайып тұр, өйткені меньшевиктердің де, кадеттердің де ешқандай парламенттік айла-шарғысы

Столыпинді өз саясатынан тайдыра алмайтындығы айқын. Бұқарадан қол үзгендік — нақты бар факт, Столыпиндер мен кадеттерді жариялықпен сендіруден пайда көрем деу — еріккен интеллигенттің әншейін бос арманы.

Халықтық-демократтармен келіс сөздер жүргізуді де мен оппортунизмнің нақ осындай еріккендіктен туған ермегі деп білемін; бұл келіс сөздерді Бебельге сүйеніп қорғау тым әлсіз нәрсе. Бебель: егер іс үшін қажет болса жын-шайтанмен болса да қарым-қатынас жасауға барамыз, депті-міс. Жолдастар, Бебель дұрыс айтқан: *егер іс үшін қажет болса,* әрине, ол уақытта жын-шайтанмен де келісім жасасуға болады. Ал сіздердің халықтық-демократтармен қарым-қатынас жасауларыңыз қандай *іс* үшін керек болды? Ешбір іске керек болған жоқ. Олардан келер пайда — ноль. Сөйтіп, Бебель жақсы айтқан, ал сіздер оны нашар түсінген болып шығып отырсыздар.

Халықтық-демократтарға барғыштау да, Головинді жақтап дауыс беру де, конфискелеуді алып тастауға тырысу да,— міне, осылардың бәрі бір теріс бағыттың жеке бөлектері. Мұның бәрі — тәжірибесіздіктің емес, нақ *саяси солқылдақтықтың* көріністері. Міне, осы тұрғыдан қарағанда Прокопович мырзаны шақыру да уақ-түйек нәрсе емес. Осында бізге былай деді: Прокопович мырза мұнда жоқ, оның кіруін оның өзі жоқта кінәлауға болмайды. Мұның өзі бізді Понтийден Пилатқа сілтегенге ұқсайды. Петербургтегі конференцияда бізге: съезге дейін қалдыра тұрайық, съезсіз қарауға болмайды дегенді айтты. Енді съезде: Прокоповичсіз болмайды, кейінге қалдырып, Петербург ұйымына жіберейік, дейді. Мұның өзі софизм.

Прокопович — әдебиетші, сондықтан оның шығармалары жұрттың бәріне белгілі. Прокопович — белгілі бір, оппортунистік мақсаттар үшін біздің партиямызға кіргісі келетін буржуазиялық интеллигенттің типі. Оның темір жол ауданына кіруі — барып тұрған мазақ. Бұл — *думалық ортада* жұмыс істеу үшін жасаған бүркеніш. Ал біздің Орталық Комитеттің кінәсы — оның мұндай бүркеністі пайдаланғандығы. Думадағы біздің

фракцияның кінәсы — оның партияда жұмыс істемейтін және партияға принциптік тұрғыдан жау, «Товарищте» қызмет істейтін либерал әдебиетшілердің Дума баспалдағы арқылы біздің партияға енуін жеңілдеткендігі.

Череванин осында Думадағы фракцияның саясатын жақтап, былай деді: кадеттер қазір артта қалып қойды, қазір реакцияшыл болды делік. Бірақ бұл әрқашан осылай болмайды. Мұны жіпке тізіп керегі жоқ. Кадеттер құлдырау дәуірінде нашар адамдар, өрлеу дәуірінде олардың керегі болуы мүмкін, ол кезде олар тез солшылданады.

Бұл — кәдімгі меньшевиктік пікір, тек тым тіке және қатты айтылған. Бұдан оның жалғандығы бұрынғыдан да айқынырақ көрінеді. Революцияның ірі-ірі екі кезеңін алып қараңыз: 1905 жылғы октябрь — неғұрлым өрлеу кезеңі, ал 1907 жылғы көктем — неғұрлым құлдырау кезеңі болды. 1905 жылы демократия үшін кадеттер керек болды ма? Жоқ. Мұны «Началода» меньшевиктердің өздері де мойындады. Витте — биржа агенті, Струве — Виттенің агенті, сол кезде меньшевиктер осылай деп жазған болатын және дұрыс жазды да. Ол кезде біз кадеттерді қолдамай, қайта оларды әшкерелеуге тиіспіз, демократия ішінде олардың беделін түсіруге тиіспіз деген біздің пікірімізге меньшевиктер қосылған болатын.

Енді, 1907 жылдың көктемінде, біздің кадеттер жарамсыз демократтар деген пікірімізбен сіздердің бәріңіз де келісе бастап отырсыздар. Сөйтіп, өрлеу дәуірінде де, құлдырау дәуірінде де кадеттер жарамсыз болып шығып отырғаны ғой. Ал осы екі дәуірдің арасындағы уақытты қай тарихшы болса да қалайда ауытқу дәуірі деп атайды, бұл кезде социал-демократтардың бір бөлегі де ұсақ буржуазиялық саясат жағына ауытқыды, бұл кезде социал-демократтардың бұл бөлегі кадеттерді «қолдамақ» болып босқа әуреге түсті, мұнысымен жұмысшы партиясына зиян ғана келтірді, сөйтіп ақыр аяғында өз қатесін көрді.

Троцкий туралы бірер сөз. Ол «центрдің» атынан сөйледі, ол Бундтың көзқарасын білдірді. «Қолайсыз»

қарар ұсынғанымыз үшін ол бізді соққылап алды. Ол тура жікке бөлінумен қорқытты, біздің қарарымыз намысына тиді дегенді желеу етіп, Думадағы фракцияның кететінімен қорқытты. Мен бұл сөздерді баса айтамын. Мен сіздерді біздің қарарды зер сала қайтадан оқып шығуға шақырамын.

Қатты айтып ешбір кінә тақпастан, қателерді сабырмен мойындауды намысқа тиеді деу, бұл жөнінде жікке бөліну туралы сөз қозғау, мұның өзі барып тұрған сұмдық емес пе?? Мұның өзі біздің партиямыздың ауруын, қателерді мойындаудан қорқатындығын көрсетпей ме? Думадағы фракцияны сынаудан қорқатындығын көрсетпей ме?

Мәселені бұлайша қою мүмкіндігінің өзі ғана біздің партиямызда партиялыққа жатпайтын бірдеңе бар екенін көрсетеді. Бұл партиялыққа жатпайтын нәрсе Думадағы фракцияның партияға көзқарасында болып отыр. Думадағы фракция неғұрлым партиялық болуы, партиямен неғұрлым тығыз байланысты болуы, бүкіл пролетарлық жұмысқа барынша бағындырылуы тиіс. Сонда намысқа тию жөніндегі байбаламдар және жікке бөлінушілікпен қоқан-лоққы жасаулар жойылады.

Троцкий: сіздердің қолайсыз қарарларыңыз сіздердің дұрыс пікірлеріңізді өткізуге бөгет жасайды деген кезде,— мен оған былай деп дауыстадым: «*өз* қарарыңызды берсеңізші!». Троцкий былай деп жауап берді: жоқ, алдымен өз қарарларыңызды қайтып алыңыздар.

Қалай, «центрдің» позициясы жақсы-ақ емес пе, ә? Біздің қатеміз («әдепсіздік») үшін (Троцкийдің ойынша) ол бүкіл партияны жазалайды, оның нақ сол принциптерді «әдепті» түрде баяндауына ерік бермейді! Жергілікті жерлерде бізден: сіздер өз қарарларыңызды неге өткізбедіңіздер? — деп сұрайды. Өйткені, оған центр өкпелеп қалды, өкпелеген соң өз принциптерін баяндаудан бас тартты!! (Большевиктер мен центрдің бір бөлегі қол шапалақтайды.) Бұл принципті позиция емес, центрдің принципсіздігі.

Біз съезге партия үшін әлдеқашаннан бері белгілі екі тактикалық бағытпен келдік. Жұмысшы партиясы-

на алауыздықтарды бүркемелеу және оларды жасыру ақылға сыймайды және лайықсыз нәрсе. Екі көзқарасты да айқынырақ салыстырайық. Осы екі көзқарасты саясатымыздың барлық мәселелеріне қолдануда көрсетейік. Партия тәжірибесінің айқын қорытындыларын шығарайық. Тек осылай еткенде ғана біз өз борышымызды орындап, пролетариат саясатындағы солқылдақтықты жоя аламыз (Большевиктер мен центрдің бір бөлегі қол шапалақтайды.)

7

НАҚТЫ МӘЛІМДЕМЕ

10(23) МАЙ

Мартов жолдас «L'Humanité»-де басылған менімен интервьюден (Étienne Avenard деп қол қойылған) * цитат келтіріп, кейбір жерлерін теріс баяндады.

Интервьюде Орталық Комитет (яғни, әрине, оның меньшевиктік бөлегі) кадеттерді *құпия және астыртын* хабардар етті делінген. Менің бұл айтқанымды қазір съездегі жарыс сөздер дәлелдеп отыр. 1906 жылғы *ноябрьде-ақ* Данның *ресми емес* түрде Милюковпен, Набоковпен, эсерлер мен энестердің көсемдерімен бірге «бір шыныаяқ шай ішуге» қатысқаны съезде анықталды. Бұл туралы не Орталық Комитетке, не Петербург комитетіне баяндауды Дан қажет деп таппаған.

Не Орталық Комитетке, не Петербург комитетіне хабарламастан кадеттермен бұлайша жолығысу кадеттерді нақ құпия және астыртын хабардар ету болды.

Интервьюде одан әрі былай делінген: меньшевиктер тарапынан кадеттерге көрсетілген көмек үшін жұмысшылардың орындары меньшевиктерге берілсін деген кадеттік масқара ұсынысты меньшевиктер бекерге шығармады. Мартов жолдас меньшевиктер мұны *сөзбен* бекерге шығарды деп дәлелдемек болады. Мен былай деп нақты мәлімдеме жасаймын: меньшевиктердің *істері* олардың сөзбен бекерге шығаруына қайшы келді: 1) меньшевиктер сөз жүзінде барлық орынды жұмысшы куриясына беруге уәде етті. Іс жүзінде, *барлық*

* Қараңыз: осы том, 12—19-беттер. *Ред.*

жұмысшы уәкілдер бірге жиналып, кадеттерді «жасырын қолдаудан» бас тартуға меньшевиктерді шақырған кезде (10—20 дауысқа қарсы 220—230 дауыс көпшілік болып),— меньшевиктер бұған *бағынудан бас тартты;* 2) 25 январьдан кейін, солшыл блок жасалғаннан кейін, меньшевиктер *баспасөзде* өздерінің мынадай шартын: сайламшы меньшевиктер 2-кезеңде не істесе де ерікті болатын болса, бұл блокқа көмектесеміз деген шартын қойды. Бұл шарт объективті түрде тек бір-ақ нәрсені: 2-кезеңде социал-демократтарға қарсы кадеттерді қолдауға әзір тұрғандықты ғана аңғарта алатын еді.

Н. Ленин

8

МӘЛІМДЕМЕ

11(24) МАЙ[175]

Кешегі шешімді бұзуға болмайды деп түсіндіріп, бюро дұрыс істеп отыр (д а у ы с: «Әрине!»). Шешімді бұзу үшін мұндай ұсынысты дауысқа қоюға болатыны туралы съездің арнайы қаулысы керек. Бұл арада кешегі шешімді бұзу керек деп ешкім ұсыныс жасап отырған жоқ. Ол шешім күшінде қалады. Кейінге қалдыруға бола ма? Абрамович ең елеулі бір жағдайды ескермеді, атап айтқанда, кейінге қалдыру туралы мәселе директивалар жөніндегі кешегі дауыс беруден соң шыққан жаңа жағдайдан (латыштардың дәлелдемесінен) туғандығын ескермеді. Мұның өзі Абрамович ескермеген жаңа дәлел. Сонымен, Вернердің ұсынысы ресми жағынан дұрыс.

9

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

12(25) МАЙ

Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе Россия социал-демократиясын көптен бері екі лагерьге бөліп келген принципті алауыздықтардың ең бір өзекті мәселесі. Революцияның сонау алғашқы ірі табыстарына дейін де немесе тіпті революцияға дейін де — егер 1905 жылдың бірінші жартысы туралы осылай деп айтуға болса — бұл мәселе жөнінде әбден айқындалған екі көзқарас сол кезде-ақ болған еді. Таластар Россиядағы буржуазиялық революцияға баға беруге байланысты болды. Социал-демократтар арасындағы екі бағыт та бұл революция—буржуазиялық революция деген пікірге келді. Бірақ олардың бұл категорияны түсінудегі және одан шығатын практикалық-саяси қорытындыларға баға берудегі пікірлері бір жерден шықпады. Социал-демократияның бір қанаты—меньшевиктер— бұл ұғымды былай түсінді: буржуазиялық революцияда оның басты қозғаушысы буржуазия болып табылады, ал пролетариат тек «барып тұрған оппозиция» жағдайында ғана бола алады. Бұл революцияны дербес жүргізу міндетін, оған басшылық ету міндетін пролетариат өзіне ала алмайды. Бұл алауыздықтар әсіресе уақытша үкімет туралы (дұрысырақ айтқанда: социал-демократтардың уақытша үкіметке қатысуы туралы) таластардан — 1905 жылы болған таластардан мейлінше айқын аңғарылды. Социал-демократтардың революциялық уақытша үкіметке қатысуын меньшевиктердің теріске шығарған себебі ең алдымен нақ мынада еді: олар

буржуазиялық революцияның басты қозғаушысы немесе көсемі буржуазия деп санады. Бұл көзқарас жаңа «Искра» мақұлдаған Кавказ меньшевиктерінің қарарынан (1905 жылы)[176] әбден айқын аңғарылды. Бұл қарарда социал-демократтардың уақытша үкіметке қатысуы буржуазияны үркітіп жіберуі мүмкін, сөйтіп *революцияның қарқынын бәсеңдетуі* ықтимал деп ашықтан-ашық айтылды. Бұл арада буржуазиялық революцияда пролетариат буржуазиядан әрі бара алмайды және баруға тиіс те емес деп анық мойындалып отыр.

Большевиктер бұған керісінше пікірде болды. Олар біздің революция өзінің қоғамдық экономикалық мазмұны жағынан буржуазиялық революция болып табылады деген пікірді сөзсіз қолдады. Мұның мәнісі мынадай: бұл, қазір Россияда болып жатқан, төңкерістің міндеттері буржуазиялық қоғамның шеңберінен шықпайды. Қазіргі революция мейлінше толық жеңіске жеткеннің өзінде де, яғни неғұрлым демократиялық республика орнатылып, шаруалардың бүкіл помещиктік жерді конфискелегенінің өзінде де, ол буржуазиялық қоғамдық құрылыстың негіздерін тіпті де шайқалтпайды. Өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің болуы (немесе жердің заң жүзіндегі иесі кім болса да, жерде жеке шаруашылықтың болуы) және товар шаруашылығы сақталып қалады. Капиталистік қоғамның қайшылықтары, олардың ішіндегі басты қайшылық — жалдама еңбек пен капиталдың арасындағы қайшылық—жойылмағаны былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, неғұрлым кең және неғұрлым таза түрде дами отырып, бұрынғысынан да шиеленісіп, тереңдей түседі.

Мұның бәрі әрбір марксист үшін ешбір талас тудырмауға тиіс. Бірақ бұдан революцияның басты қозғаушысы немесе көсемі буржуазия болып табылады-мыс деген қорытынды тіпті де шықпайды. Мұндай қорытынды шығару марксизмнің қадірін түсіргендік, пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресін түсінбегендік болар еді. Мәселе мынада: біздегі революция пролетариат өзін ерекше тап ретінде тани бастаған

кезде және дербес, таптық ұйымға біріге бастаған кезде болып отыр. Мұндай жағдайларда пролетариат буржуазияға *қарсы* өзінің таптық ұйымын күшейту үшін демократия жетістіктерінің қандайын болса да пайдаланады, бостандықтың әрбір қадамын пайдаланады. Революцияның тым өткір талаптарын жұмсартуға, оны ақырына дейін жеткізуге мүмкіндік бермеуге, пролетариатқа өзінің таптық күресін толық ерікті түрде жүргізуіне жол бермеуге буржуазияның тырысып бағатыны, міне, осыдан келіп сөзсіз туады. Буржуазия мен пролетариаттың антагонизмі буржуазияны пролетариатқа *қарсы* қолдану үшін ескі өкіметтің белгілі бір құралдары мен мекемелерін сақтап қалуға тырысуға мәжбүр етеді.

Сондықтан ең жақсы дегенде, революцияның неғұрлым жоғары өрлеген дәуірінде, буржуазия революция мен реакция арасында ауытқып отыратын элемент болып табылады (буржуазияның мұндай болуы кездейсоқ нәрсе емес, ал оның экономикалық мүдделерінің әсерінен болатын қажетті нәрсе). Сөйтіп, буржуазия біздің революцияның көсемі бола алмайды.

Бұл революцияның аса бір ірі ерекшелігі аграрлық мәселенің қатаң қойылып отырғандығы болып табылады. Осындай жағдайларда басқа елдердің қайсысында болса да болғаннан гөрі Россияда бұл мәселе анағұрлым күштірек шиеленіскен. 1861 жылғы шаруалар реформасы дейтіннің дәйекті түрде және демократиялық жолмен өткізілмегендігі соншалық, крепостниктік помещиктік үстемдіктің ең ірі негіздері мызғымастан қала берді. Сондықтан аграрлық мәселе, яғни шаруалардың жер үшін помещиктерге қарсы күресі, қазіргі революцияның шешуші мәселелерінің бірі болып отыр. Жер үшін бұл күрес шаруалардың орасан зор бұқарасын демократиялық төңкеріске итермелейтіні сөзсіз, өйткені оларға мемлекет ішінде үстемдік әпере отырып, тек демократия ғана жер бере алады. Шаруалардың жеңіске жетуінің шарты помещиктік жер иеленушілікті толық талқандау болып табылады.

Қоғамдық күштердің мұндай арақатынасынан мынадай қорытынды сөзсіз келіп шығады: буржуазия рево-

люцияның басты қозғаушысы да, көсемі де бола алмайды. Бұл революцияны тек пролетариат қана ақырына дейін, яғни толық жеңіске дейін жеткізе алады. Бірақ бұл жеңіске тек мынадай жағдайда ғана, пролетариат шаруалардың көпшілік бөлегін өзінің соңынан ерте алған жағдайда ғана жетуге болады. Россиядағы қазіргі революцияның жеңісі пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы ретінде ғана болуы мүмкін.

Мәселенің 1905 жылдың бас кезінде-ақ осылайша қойылғандығы,— мен 1905 жылдың көктемінде болған РСДРП III съезі туралы айтып отырмын,— орыс революциясының барлық ең ірі кезеңдерінің оқиғалары арқылы толық дәлелденді. Біздің теориялық қорытындыларымыз іс жүзінде, революциялық күрестің барысында дәлелденді. Ең ірі өрлеу кезінде, 1905 жылғы октябрьде, пролетариат ең алда болды, буржуазия ауытқып, бұлталақтады, ал шаруалар помещиктердің усадьбаларын талқандады. Революциялық өкіметтің ең алғашқы органдарына (жұмысшы депутаттарының Советтері, шаруа және солдат депутаттарының Советтері, т. т.), негізінен, пролетариаттың өкілдері, сонан соң көтеріліске шыққан шаруалардың алдыңғы қатарлылары қатысты. Бірінші Дума кезінде шаруалар неғұрлым солшыл, яғни либералдарға — кадеттерге қарағанда неғұрлым революцияшыл демократиялық «Еңбек» тобын дереу құрды. Екінші Дума сайлауы кезінде шаруалар либералдарды тура талқан етті. Пролетариат алға бастап отырды, шаруалар самодержавиеге қарсы және солқылдақ либералдарға қарсы азды-көпті батыл түрде пролетариаттың соңынан ерді.

Алдымызда жатқан қарарлардың жобаларына көшейік. Мен суреттеп өткен көзқарастардағы айырмашылық большевиктік және меньшевиктік қарарлардың қарама-қайшылығынан толық көрініп отыр. Большевиктік жоба буржуазиялық партиялардың негізгі *типтерінің таптық* мазмұнын анықтауға сүйеніп жасалған. Біздің Бірігу съезіне, Стокгольм съезіне, арналған қарарымызда да осылай жасалған болатын. Біз соның өзінде-ақ буржуазиялық партиялардың негізгі үш типі бар,

олар: октябристер, либералдар және шаруалар демократтары (ол кезде олар толық белгілене қоймаған болатын, ал «трудовик» деген сөз орыстың саяси лексиконында жоқ болатын) деп белгілеген болатынбыз*. Біздің қазіргі қарарымыз да сол құрылымын сақтап отыр. Бұл қарар Стокгольм қарарының өзгертілген түрі ғана болып табылады. Оқиғалардың барысы оның негізгі қағидаларын дәлелдегені соншалық, бірінші және екінші Думалардың тәжірибесін есепке алу үшін ол қарарды сәл ғана өзгерту керек болды.

Бірігу съезіне арналған меньшевиктік қарарда партиялардың типіне де, олардың таптық мазмұнына да ешқандай талдау жасалған жоқ. Қарар дәрменсіз түрде былай дейді: «буржуазиялық-демократиялық партиялар Россияда енді ғана қалыптасып келеді, сондықтан олар әлі тұрақты партиялардың сипатын алып үлгерген жоқ», «қазірден бастап дәйекті демократизм мен революцияшылдықтың екеуін бірдей әлден-ақ ұштастыра алатын партиялар қазіргі тарихи кезеңде Россияда жоқ». Мұның өзі дәрменсіз мәлімдеме емей немене? Мұның өзі маркстік міндеттен ауытқу емей немене? Пролетариаттан тыс толық «дәйекті» демократизмнің де еш уақытта болмайтыны сияқты, партиялардың толық тұрақтылығы да еш уақытта болмақ емес. Бірақ біздің міндетіміз — тарих сахнасына шығатын барлық партиялардың таптық тамырларын ашып көрсету. Ал мұның орындалатын іс екендігін біздің қарарымыз көрсетіп отыр. Менің бірінші және екінші Думалардың мысалы арқылы көрсетіп өткенімдей, біздің қарарымызда айтылған партиялардың үш типі революцияның тұтас бір жылы ішінде жеткілікті дәрежеде «тұрақты» болып шықты.

Меньшевиктердің көзқарастары тұрлаусыз болып шықты. Олардың қазіргі қарары — тіпті былтырғы жобамен салыстырғанда да мықтап кері кеткендік. «Народная Думаның» 12-номерінде (1907 жылы 24 мартта) басылған осы қарарды қарастырып өтелік. Дәлелдеме бөлегінде, біріншіден, пролетариаттың буржуазиялық

* Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 242—244-беттер. *Ред.*

демократиямен «бірқатар ортақ міндеттері» бар екені, екіншіден, пролетариаттың «өз қимылдарын басқа қоғамдық таптар мен топтардың қимылдарымен ұштастыруы» қажет екені айтылады, үшіншіден, шаруалар басым және қалалық демократия әлсіз болып отырған елде пролетариат «өзінің қозғалысы арқылы»... «елдегі бүкіл буржуазиялық демократияны алға бастырады», төртіншіден, «буржуазиялық партиялардың қазіргі топтасуында елдегі демократиялық қозғалыс өзінің толық айқын көрінуіне әлі де жеткен жоқ; ол бір полюсінде қалалық буржуазияның «реализмі» мен оның күреске әзір емес екендігін, ал екінші полюсінде шаруалардың «ұсақ буржуазиялық революционизмі мен аграрлық утопияларының жалған үміттерін» ғана көрсете алды». Дәлелдеме бөлегі осындай. Енді қорытындыларын қарастырып көрейік: бірінші қорытынды мынадай — пролетариат дербес саясат жүргізе отырып, біреулерінің оппортунизмі мен конституциялық жалған үміттеріне де, екіншілерінің революциялық жалған үміттері мен экономикалық-реакциялық жобаларына да бірдей қарсы күресуге тиіс. Екінші қорытынды: «өз қимылдарын осы партиялардың қимылдарымен ұштастыру» керек.

Мұндай қарар жұмысшы партиясының буржуазиялық партияларға көзқарасын анықтағысы келетін марксистің қай-қайсысы болса да өзінің алдына қоюға міндетті мәселелердің бірде-біреуіне жауап бермейді. Бұл ортақ мәселелер қандай? Ең алдымен партиялардың таптық сипатын анықтау қажет. Онан кейін әр түрлі таптардың жалпы бұл революциядағы негізгі арақатынасын түсініп алу керек, яғни революцияны жүргізе беруге немесе дамытуға бұл таптардың мүдделері қалай қарайтындығын біліп алу керек. Сонан соң, жалпы алғанда таптардан әр алуан партиялардың немесе әр алуан партия топтарының қазіргі роліне көшу керек. Ақырында, жұмысшы партиясының бұл мәселедегі саясаты жөнінде практикалық нұсқаулар беру керек.

Меньшевиктік қарарда мұнан түк те жоқ. Бұл қарар — мәселеге қайдағы бір үстірт қараушылық, пролетариаттың саясатын буржуазияның саясатымен «ұштастыру» туралы жалпы сылдыр сөздерге салынып үс-

тірт қараушылық. Нақ қалай «ұштастыру» керек және нақ қандай буржуазиялық-демократиялық партиялармен «ұштастыру» керек, міне, бұл туралы бірде-бір сөз айтылмаған. Бұл — партияларсыз партиялар туралы жазылған қарар. Мұның өзі біздің көзқарасымызды анықтау үшін жазылған қарар болғанымен — әр түрлі партияларға біздің қалай қарайтынымызды еш нәрсемен анықтамайтын қарар. Мұндай қарарды басшылыққа алуға болмайды, өйткені ол нені болса да және қалай болса да «ұштастыра» беруге кең жол ашады. Мұндай қарар ешкімді тежемейді; бұл — осы сөздің толық мағынасында айтқанда, барып тұрған «либералдық» қарар. Оны олай да, былай да түсінуге болады. Ал онда марксизмнен түк те жоқ. Марксизмнің негізгі қағидаларының бұл қарарда мүлде ұмытылғандығы соншалық, мұндай қарарға солшыл кадеттің қайсысы болса да қол қояр еді. Оның пролетариат пен буржуазиялық демократияның «ортақ міндеттері»... деген негізгі пункттерін алып қараңыз. Бүкіл либералдық баспасөз осы жөнінде жар салып жүрген жоқ па?..— «Ұштастыру» қажеттігі дегенге келсек — кадеттер нақ осыны талап етеді... Оң жақта оппортунизммен күресу, сол жақта революционизммен күресу дейді,— мұның өзі трудовиктер мен буржуазиялық либералдардың арасында отырғысы келгенсіп жүрген солшыл кадеттердің ең сүйіп айтатын сөздері емес пе! Бұл буржуазиялық демократиядан тыс ерекше және дербес тұрған жұмысшы партиясының позициясы емес, бұл — буржуазиялық демократияның *арасында* «орталық» орынға ие болғысы келетін либералдың позициясы!

Меньшевиктердің: пролетариат өзінің қозғалысы арқылы «елдегі бүкіл буржуазиялық демократияны» «алға бастырады» деген қағидасын мәні жағынан алып қарастырып көріңіздерші. Осы дұрыс па? Әрине, жоқ. Біздің революцияның ең ірі оқиғаларын еске түсіріңіздерші. Булыгин Думасын алып қараңыз. Патшаның жария жолға түсуге шақыруына, бірінші халық өкілдігін шақыру жөніндегі оның, патшаның, шарттарын қабылдауға шақыруына пролетариат үзілді-кесілді бас тартып жауап берді. Пролетариат халықты бұл мекемені жай-

пап тастауға, оның пайда болуына мүмкіндік бермеуге шақырды. Пролетариат барлық революцияшыл таптарды халық өкілдігін шақырудың жақсырақ шарттарын белгілеу жолында күресуге шақырды. Мұның өзі, біздің барлық күш салуымызға қарамастан, мұндай мекеме өмірге шын келген күнде, тіпті сол жаман мекеменің өзін де пайдалану мәселесін ешбір жоққа шығарған жоқ. Мұның өзі халық өкілдігін шақырудың нақ осы нашар шарттарының жүзеге асырылуына *қарсы* күрес болды. Бойкот жасауға баға бере отырып, сол мекемеге *сүйеніп* күрес жүргізуді бұл мекеменің жүзеге асырылуына *қарсы* жүргізілген күреспен шатастыру сияқты логикалық және тарихи қатені жұрт тым жиі жасайды.

Пролетариаттың шақыруына либерал буржуазия қалай жауап берді? Ол бойкотқа қарсы аузына келгенін айтып жауап берді. Ол Булыгин Думасына шақырды. Либерал профессорлар студенттерді стачкалар жасаудың орнына оқу оқуға шақырды. Пролетариаттың күреске шақыруына буржуазия пролетариатқа қарсы күреспен жауап берді. Бұл таптардың антагонизмі тіпті демократиялық революцияда да соның өзінде-ақ мейлінше анық байқалды. Буржуазия пролетариат күресіне құлаш жайғызғысы келмеді, пролетариатты Булыгин Думасы жөніндегі мекеменің шеңберінен шығарғысы келмеді.

Либералдық ғылымның жұлдызы профессор Виноградов нақ сол кезде былай деп жазды: егер біздің революция 1848—1849 жылдардың жолымен кетсе, онда Россия үшін бақыт болған болар еді, егер ол 1789—1793 жылдардағы революцияның жолымен кетсе, онда бақытсыздық болған болар еді. Осынау «демократ» аяқталмай қалған революция жолын, жеңіліске ұшыраған көтеріліс жолын бақыт деп атады! Егер біздің революция өз жауларын 1793 жылғы француз революциясы сияқты аяусыз жаныштаған болса, онда, «либералдың» ойынша, тәртіпті қалпына келтіру үшін пруссиялық вахмистрді шақыруға тура келген болар еді. Меньшевиктер біздегі буржуазияның «күреске дайын еместігі» туралы айтып жүр. Ал іс жүзінде буржуазия сол кездің өзінде-ақ күреске, атап айтқанда пролетариатқа *қарсы*

күреске, революцияның «шамадан тыс» жеңістеріне қарсы күреске *дайын* еді.

Онан әрі барайық. 1905 жылғы октябрь — декабрьді алайық. Революциямыздың сол бір мықтап өрге басқан дәуірінде буржуазия пролетариатқа қарсы «күреске дайын екендігін» көрсетті,— мұны дәлелдеп жатудың қажеті де жоқ. Мұны сол кездегі меньшевиктік баспасөз толық мойындаған болатын. Буржуазия, оның ішінде кадеттер де, революцияны қалай да қаралауға, оны көзсіз және тағылық анархия деп көрсетуге тырысты. Буржуазия халық құрған көтеріліс органдарын—жұмысшы депутаттары Советтерінің, шаруа және солдат депутаттары Советтерінің бәрін, т. т.— қолдамағаны былай тұрсын,— буржуазия бұл мекемелерден қорқып, оларға қарсы күресті. Бұл мекемелерді адамның намысына тиетін көрініс деп атаған Струвені еске түсіріңіздерші. Буржуазия бұларды революцияның тым ілгері басып кеткендігі деп білді. Либерал буржуазия халықтың революциялық күресінің жігерін полициялық-конституциялық реакцияның тар шеңберіне салғысы келді.

Бірінші және екінші Думаларда либералдардың өздерін қалай ұстағандығы туралы көп айтып жатудың қажеті жоқ. Бірінші Думада социал-демократтардың және трудовиктердің бір бөлегінің революциялық саясатына кадеттердің *кедергі жасағанын,* олардың қызметін тежегенін меньшевиктер де мойындады. Ал екінші Думада кадеттер қаражүздіктерге тікелей қосылып кетті, үкіметті тікелей қолдады.

Енді келіп: пролетариат өзінің қозғалысы арқылы «елдегі бүкіл буржуазиялық демократияны алға бастырады» деу — фактілерді аяққа басу деген сөз. Қазіргі уақытта біздегі буржуазияның контрреволюцияшылдығы туралы үндемеу — маркстік көзқарастан мүлде таю, тап күресінің көзқарасын мүлде ұмыту деген сөз.

Меньшевиктер өз қарарында қалалық буржуазия таптарының «реализмі» туралы айтады. Бұл таңқаларлық терминология оларды ықтиярсыз ұстап беріп отыр. Біз оң қанаттағы социал-демократтардың реализм деген сөзге ерекше мән беретіндігіне дағдыланып кеттік. Мәселен, плехановтық «Современная Жизнь» оң қанатта-

ғы социал-демократтардың «реализмін» солшыл социал-демократтардың «революциялық романтикасына» қарама-қарсы қойды. Реализм туралы айтқанда, меньшевиктік қарар нені айтқысы келеді? Онда ол буржуазияны баяулығы және мұқияттығы үшін мақтаған болып шығады ғой!

Буржуазияның «реализмі» туралы, оның күреске «дайын еместігі» туралы меньшевиктердің бұл пікірлері — социал-демократтардың либералдарға «бір жақты дұшпандығы» туралы меньшевиктердің тактикалық платформасының тікелей мәлімдемесіне байланысты — бір-ақ нәрсені, тек бір-ақ нәрсені көрсетеді. Мұның бәрі іс жүзінде жұмысшы партиясының дербес саясаты либерал буржуазияға тәуелді болу саясатымен алмастырылады деген сөз болып шығады. Ал меньшевизмнің бұл мәнін біз ойдан шығарып отырғанымыз жоқ, олардың тек теориялық пікірлерінен ғана шығарылған жоқ: бұл олардың өткен жылғы саясатының барлық ірі қадамдарынан көрінді. «Жауапты министрлікті», кадеттермен жасасқан блоктарды, Головинге дауыс беруді, т. т. алып қараңыз. Мұның өзі іс жүзінде либералдарға тәуелді болу саясатының нақ өзі болды.

Ал меньшевиктер шаруалар демократиясы туралы не айтады? Қарарда буржуазияның «реализмі» мен шаруалардың «аграрлық утопиялары» мәні бірдей немесе ең кемі толық біртектес нәрселер ретінде қатар қойылып, салыстырылады. Меньшевиктер былай дейді: буржуазияның оппортунизміне және шаруалардың утопизміне, «ұсақ буржуазиялық революционизміне» қарсы бірдей күрес жүргізу керек. Бұл — меньшевизмге әбден тән пікір. Сондықтан бұған тоқталып өтуге тұрады, өйткені бұл пікір түбірінен дұрыс емес. Практикалық саясатта бұл пікірден толып жатқан қате қорытындылар сөзсіз келіп шығады. Бұл арада шаруалардың утопияларын сынаудың тасасында пролетариаттың демократиялық революцияда толық жеңіп шығу үшін шаруаларды ілгері басуға итермелеу жөніндегі міндеттерін түсінбеушілік жасырынып жатыр.

Шынында да, қазіргі революциядағы шаруалардың аграрлық утопияларының маңызына көз жіберіп көрі-

ніздерші. Оның басты утопиясы неде? Күмән жоқ, оның басты утопиясы теңгермелік идеясында, жерге жеке меншікті жою мен жерді тең бөлісу (немесе жерді пайдалану) мұқтаждықтың, қайыршылықтың, жұмыссыздықтың, қанаушылықтың негіздерін жоя алады-мыс дегенге сенгендікте болып отыр.

Социализм тұрғысынан қарағанда мұның утопия екендігіне, ұсақ буржуаның утопиясы екендігіне талас жоқ. Социализм тұрғысынан қарағанда бұл — реакциялық соқыр сенім, өйткені пролетарлық социализм көздейтін мұратымыз ұсақ қожайындардың теңдігінде емес, қоғамдастырылған ірі өндірісте деп біледі. Бірақ, қазір біз шаруалардың көздейтін мұраттарын бағалағанда оны социалистік қозғалыс тұрғысынан емес, нақ қазіргі, буржуазиялық-демократиялық революция тұрғысынан бағалап отырғандығымызды ұмытпаңыздар. Барлық жердің помещиктерден тартып алынып, шаруаларға теңбе-тең таратылып берілуі немесе бөлінуі *қазіргі* революцияда утопиялық бола ма, реакциялық бола ма?! Жоқ! Мұның реакцияшылдық емес екені былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, мұның өзі бүкіл ескі тәртіпті, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын мейлінше толық жоюға тырысушылықты барынша батыл, барынша дәйекті түрде бейнелейді. «Теңгермелік» товар өндірісі кезінде сақталып қала алады-мыс және тіпті жартылай социализмнің бастамасы бола алады-мыс дейтін пікір — утопиялық пікір. Шаруалардың помещиктерден жерді дереу тартып алып, оны теңбе-тең бөлісуге тырысуы утопиялық емес, сөздің барынша толық, барынша дәл, ғылыми мағынасында алғанда революцияшылдық болып табылады. Жерді осылайша тартып алып, осылайша бөлісу капитализмнің мейлінше тез, мейлінше кең, мейлінше еркін дамуына негіз жасаған болар еді.

Біздің тілектеріміз тұрғысынан емес, Россияның қазіргі экономикалық дамуы тұрғысынан қарағанда, біздегі революцияның негізгі мәселесі, атап айтқанда, объективті түрде мынаған: революция капитализмнің дамуын шаруалардың помещиктерді толық жеңуі арқылы қамтамасыз ете ме немесе помещиктердің шаруа-

ларды жеңуі арқылы қамтамасыз ете ме дегенге келіп саяды. Россияның экономикасында буржуазиялық-демократиялық төңкерістің болуы әбден созсіз. Оған дүние жүзінде ешбір күш кедергі жасай алмайды. Бірақ бұл төңкеріс екі түрлі формада: егер осылай деп айтуға болса, пруссиялық типте немесе америкаи типінде болуы мүмкін. Мұның мәнісі мынау: помещиктердің жеңуі мүмкін, шаруаларға жердің құнын өтеуді немесе басқа бір болмашы жеңілдіктерді әкеп таңуы мүмкін, бір шоғыр байлармен қосылып, бұқараны біржола күйзелтуі мүмкін, сөйтіп өз шаруашылықтарын юнкерлік, капиталистік шаруашылыққа айналдыруы мүмкін. Мұндай төңкеріс буржуазиялық-демократиялық төңкеріс болады, бірақ ол шаруалар үшін неғұрлым тиімсіз болады — капитализм дамуының шапшаңдығы тұрғысынан неғұрлым тиімсіз болады. Мұның керісінше, шаруалар көтерілісінің толық жеңуі, бүкіл помещиктік жерді конфискелеу, оны теңбе-тең бөлісу капитализмнің неғұрлым тез дамуы, буржуазиялық-демократиялық төңкерістің шаруалар үшін неғұрлым тиімді формасы болып табылады.

Мұның өзі тек шаруаларға ғана тиімдірек болып қоймайды. Пролетариатқа да осындай болмақ. Социализмге буржуазиялық-демократиялық төңкеріс арқылы баратын жолдан басқа жол жоқ екенін және болуы да мүмкін емес екенін саналы пролетариат біледі.

Демек, бұл төңкеріс неғұрлым толық болмаса және неғұрлым батыл болмаса, социалистік емес міндеттердің, таза таптық емес, пролетарлық емес, жалпы демократиялық міндеттердің ауыртпалығы пролетариатқа ұзақ та күштірек түсетін болады. Шаруалардың жеңісі неғұрлым толық болса, пролетариат тап ретінде соғұрлым тез біржола бөлініп шығады, өзінің таза социалистік міндеттері мен мақсаттарын соғұрлым анық қоя білетін болады.

Бұдан сіздер шаруалардың теңгермелік туралы идеялары — социализм тұрғысынан қарағанда реакциялық және утопиялық идеялар — буржуазиялық демократизм тұрғысынан қарағанда революциялық идеялар екенін көріп отырсыздар. Сондықтан бұл революциядағы либе-

ралдардың реакцияшылдығын социалистік революция туралы идеялардағы шаруалардың реакциялық утопизмімен салыстыру — логикалық және тарихи өрескел қателік жасау деген сөз. Либералдардың бұл революцияны төлемге дейін, конституциялық монархияға дейін, кадеттік аграрлық программаға және т. т. дейін күзеп шұнтитуға тырысуы мен шаруалардың помещиктерді дереу талқандауға, бүкіл жерді тартып алуға, оның бәрін бөліске салуға деген өз талаптарын реакциялық рухта утопиялықпен дәріптеуге тырысуын бір қатарға қою,— міне, осыларды бір қатарға қою — тек пролетариаттың көзқарасынан ғана емес, сонымен қатар тіпті дәйекті революцияшыл демократтың көзқарасынан да мүлде қол үзу деген сөз. Бұл революцияда либералдың оппортунизмі мен мужиктің революционизміне қарсы күресу туралы қарар жазу — социал-демократиялық емес қарар жазу деген сөз. Мұны социал-демократ жазбайды, буржуазиялық демократияның ордасында либерал мен мужиктің арасында отырған интеллигент жазады.

Мен бұл арада меньшевиктердің «пролетариаттың либерализмге сыңаржақ өшпенділігіне» қарсы күресу жөніндегі атышулы ұраны қойылған әйгілі тактикалық платформасына тиісті дәрежеде егжей-тегжейлі тоқтала алмаймын. Мұндай ұранның маркстік және пролетарлық сипаты жоқ екені мейлінше анық болып отыр.

Қорытындысында мен бізге қарсы айтылып жүрген бір пікірсымаққа тоқталамын. Бізге былай дейді: «сіздердің» трудовиктеріңіз түгелдей кадеттерге қосылып, бізге қарсы шығып отыр. Бұл дұрыс. Бірақ бұл біздің көзқарасымызға және біздің қарарымызға қарсы болғандық емес, өйткені біз мұны барынша анық және батыл мойындадық.

Күмән жоқ, трудовиктер толық дәйекті демократтар емес. Трудовиктер (оның ішінде эсерлер де) либералдар мен революцияшыл пролетариаттың арасында ауытқып отыратыны күмәнсыз. Біз мұны айтқанбыз және бұл айтылуға тиіс те. Мұндай ауытқу тіпті де кездейсоқ нәрсе емес. Бұл ауытқу ұсақ өндірушінің экономикалық жағдайы мәнінің салдарынан сөзсіз бо-

лады. Бір жағынан, ол езілген, ол қанауға ұшырап отыр. Ол мұндай жағдайға қарсы күресуге, демократия жолында күресуге, қанауды жоюды көздейтін идеяларға еріксіз итермеленеді. Екінші жағынан, ол — *ұсақ қожайын.* Шаруада қожайынның,— бүгінгі қожайынның болмаса да, ертеңгі қожайынның,— түйсігі болады. Осы қожайындық, меншікшілдік түйсік шаруаны пролетариаттан сыртқа тебеді, шаруаның адам санатына қосылу, өзі буржуа болу, өзінің ұлтарақтай жерінде, Маркстің ызамен айтқанындай, қорда үйіндісінде[177] бүкіл қоғамға қарсы жасырынып жатып алуды аңсайтын арманы мен талабын туғызады.

Шаруалардың және шаруалардың демократиялық партияларының ауытқуы болмай қоймайды. Сондықтан да социал-демократия бұл сияқты ауытқулардан өзім оқшау қалады екем деп бір сәт те қынжылмауға тиіс. Трудовиктер тұрлаусыздық көрсетіп, либералдардың соңынан салпақтап ерген кездің бәрінде де,— біз қорықпастан және толық табандылықпен трудовиктерге қарсы шығуға тиіспіз, ұсақ буржуазиялық ұстамсыздықты және болжырлықты әшкерелеп, соққылауға тиіспіз.

Біздегі революция ауыр кезеңді бастан кешіріп отыр. Сенбеушілік пиғылға, күштердің құлдырауына, немқұрайдылыққа, күрестен бас тартушылыққа қарсы тұра білу үшін топтасқан пролетариат партиясының бүкіл ерік-жігер күші, бүкіл ұстамдылығы және табандылығы керек. Ұсақ буржуазия бұл сияқты пиғылға қашан да және қайткенде де оңай беріліп кетеді, тұрлаусыздық көрсетеді, революциялық жолға опасыздық жасап, қынжылады, өкіне береді. Ал мұндай жағдайлардың бәрінде де жұмысшы партиясы ауытқушы ұсақ буржуазиялық демократиядан іргесін аулақ салып отырады. Мұндай жағдайлардың бәрінде де, тіпті Дума трибунасынан да солқылдақ демократтарды ашық әшкерелей білу керек. «Шаруалар! — деуге тиіспіз біз Думада мұндай жағдайларда,—шаруалар! сіздердің өкілдеріңіз либерал помещиктердің соңынан еріп, сіздерге опасыздық жасап жүр. Думадағы сіздердің депутаттарыңыз шаруалардың ісін либерал мылжыңдар мен адвокаттарға сатып кетіп

жүр». *Тек* жұмысшы партиясының социализмнің ғана емес, сонымен қатар демократияның да, барлық еңбекшілер мен қаналушылардың ғана емес, сонымен қатар крепостниктік қанауға қарсы күресетін бүкіл шаруалар бұқарасының да мүдделерін шын сенімді, ақырына дейін айнымас қорғаушысы екендігін шаруалар білетін болсын — біз мұны оларға фактілер арқылы дәлелдеуге тиіспіз.

Егер біз мұндай саясатты табанды түрде және бұлжытпай жүргізетін болсақ,— онда біз өз революциямыздан пролетариаттың таптық дамуының ісі үшін орасан көп материал аламыз, тағдырдың қандай қиыншылықтарын бастан кешіруге тура келсе де, біздің үлесімізге революцияның (ерекше қолайсыз болатын жағдайларда) қандай жеңіліске ұшырауы тиетін болса да, қайткен күнде де осындай материал аламыз. Бұлжымас пролетарлық саясаттың бүкіл жұмысшы табына идеяларды өте мол беретіні соншалық, күресте айқын түсініктілік және ұстамдылық беретіні соншалық, бұларды социал-демократиядан тартып алуға дүниеде еш нәрсенің күші жетпейді. Тіпті революция жеңіліп қалған күнде де,— пролетариат ең алдымен либералдық партиялардың да, демократиялық партиялардың да экономикалық-таптық негіздерін түсінуге үйренеді,— ал сонан кейін ол буржуазияның опасыздығын жек көруді және ұсақ буржуазияның болжырлығы мен солқылдақтығына өш болуды үйренеді.

Нақ осындай білім қоры бар, нақ осылай ойлауға дағдыланған пролетариат жаңа, социалистік, революцияға ұйымшылырақ және батылырақ баратын болады. (Большевиктер мен центрде қол шапалақтау.)

10

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ БАЯНДАМА БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

14(27) МАЙ

Поляк делегациясының позициясы туралы осында қозғалған мәселеден бастайын. Поляк жолдастарды — әсіресе бундшылдар — дәйекті емессіңдер, комиссияда өздерің қанағаттанғысыз деп жариялаған біздің қараммен келісесіңдер деп кінәлады. Мұндай кінәлаушылық тым оңай айла-шарғыға негізделген: күн тәртібіндегі осы пункт бойынша съездің алдында тұрған мәселелердің *мәніне* соқпай өтуге негізделген. Кімде-кім мәселенің осы мәніне соқпай өткісі келмесе, ол адам біздің, большевиктердің, ойымыз ең түбегейлі екі мәселеде қашан да поляктармен бір жерден шығып келгенін және қазір де бір жерден шығып отырғанын оп-оңай көреді. Біріншіден, пролетариаттың социалистік міндеттерін көздеуге келгенде, барлық басқа, буржуазиялық партиялар қаншама революцияшыл болса да, олар қандай болсын демократиялық республиканы қорғаса да, бұлар жөнінде пролетариаттың таптық оқшаулығы сөзсіз қажет деген пікірде біздің ойымыз бір жерден шығады. Екіншіден, тек самодержавиеге ғана емес, сонымен қатар сатқын либерал буржуазияға да қарсы күреске ұсақ буржуазиялық демократиялық партияларды, оның ішінде шаруалар партияларын да, өз соңынан ертуге жұмысшы партиясының правосы бар екенін және міндетті екенін мойындауда біздің ойымыз бір жерден шығады.

Думадағы социал-демократиялық фракцияның есебі бойынша поляк жолдастардың съезге ұсынған қарарын-

да бұл пікірлер немесе қағидалар мейлінше анық айтылған. Онда барлық партиялардан, ақыр аяғы эсерлерден де, таптық жағынан оқшаулану туралы бүкпесіз айтылған. Онда социал-демократияның еңбек топтарымен бірге либералдарға қарсы шығуы мүмкін және қажет екендігі туралы бүкпесіз айтылған. Мұның өзі бізде Россияда солшыл блок немесе солшыл блок саясаты деп аталатынның нақ өзі.

Бізді поляктармен біріктіріп отырған нәрсе буржуазиялық партияларға көзқарас жөніндегі мәселенің негізгі пункттері бойынша шын ынтымақтылық екендігі осыдан айқын көрінеді. Мұны теріске шығару және поляктардың қылығында қайшылық бар деу—принциптік алауыздықты тікелей қоюдан бойды аулақ салу деген сөз.

Барлық, тіпті ең революциялық және республикалық партиялардан болса да пролетариаттың социалистік оқшаулануы керек,— сонан соң, бүкіл революциялық демократияның осы революциядағы күресіне пролетариат тарапынан басшылық болуы керек. Поляк қарарының да, большевиктік қарардың да негізгі және басшы идеялары нақ осындай екендігін теріске шығаруға бола ма?

Троцкий туралы бірер сөз. Онымен екі арадағы алауыздықтарымызға тоқталып жатуға бұл арада менің уақытым жоқ. Тек мынаны ғана көрсете кетейін: Троцкий «Партияны қорғау жөнінде» дейтін кітапшасында өзінің Каутскиймен ынтымақтас екенін баспасөз жүзінде білдірді, ал Каутский Россиядағы қазіргі революцияда пролетариат пен шаруалар мүдделері экономикалық жағынан ортақ екенін жазған болатын. Троцкий либерал буржуазияға қарсы солшыл блок жасасуға болатынын және оның дұрыс екенін мойындады. Троцкийді біздің көзқарастарымызға жақындады деп тану үшін маған осы фактілер де жеткілікті. «Үздіксіз революция» туралы мәселеге қарамастан бұл арада буржуазиялық партияларға көзқарас жөніндегі мәселенің негізгі пункттеріндегі ынтымақтастық айқын көрініп тұр.

Либер жолдас пролетариаттың буржуазиялық-демократиялық одақтастарының ішінен тіпті трудовик-

терді де шығарып тастап отыр деп мені өршелене кінәлады. Либер таластың мәніне зер салып қарамай, бұл арада тағы да бос сөзге салынып кетті. Мен трудовиктермен бірге қимыл жасауға болмайды дегенім жоқ, трудовиктердің *ауытқуларынан* өзімізді аулақ ұстау қажеттігі туралы айттым. Трудовиктер кадеттердің соңынан еруге бейім тұрған кезде, өзімізді олардан «оқшаулаудан» қорықпауымыз керек. Трудовиктер революцияшыл демократтың дәйекті козқарасында болмаған кезде, оларды аяусыз әшкерелеу керек. Екінің бірі, Либер жолдас: не жұмысшы партиясы шын дербес пролетарлық саясат жүргізеді,— онда біз буржуазияның бір бөлегімен, *ол,* буржуазияның бұл бөлегі, *біздің* саясатымызды қабылдаған кезде ғана, мұның керісінше болмаған кезде ғана, бірігіп қимыл жасауға жол береміз. Не пролетариаттың таптық күресінің дербестігі туралы біздің айтып жүргеніміз бос сөз болып қала береді.

Либермен бірге Плеханов та таластың мәніне соқпай өте шықты, бірақ ол мұны басқаша үлгіде істеді. Плеханов Роза Люксембург туралы айтты, ол оны бұлт үстінде қалықтаған Мадонна етіп көрсетті. Несін айтасың! Айтыс сыпайы,— әдемі,— әсерлі айтыс... Бірақ әйтсе де мен Плехановтан: Мадонна Мадонна болсын, ал мәселенің *мәні* жөнінде сіз қалай деп ойлайсыз? — деп сұрар едім (Центр мен большевиктерде қол шапалақтау.) Егер Мадонна мәселенің мәнін талдаудан қашқалақтау үшін керек болған болса, онда бұл жақсы нәрсе емес қой. Мадонна Мадонна болсын, ал біз «толық билікті Думаны» не істеуіміз керек? Бұл не? бұл марксизмге немесе пролетариаттың дербес саясатына ұқсай ма?

«Оқта-текте келісім жасасу керек»— дейді бізге Либер де, Плеханов та түрліше әуенге салып. Мұның өзі өте ыңғайлы формула. Бірақ бұл — мүлде принципсіз формула. Бұл — мүлде мағынасыз формула. Жолдастар, біз де белгілі бір жағдайларда трудовиктермен келісім жасасуға *тек* оқта-текте *ғана,* әрдайым оқта-текте ғана, жол береміз ғой. Біз бұл сөздерді өз қарарымызға да ықыласпен енгіземіз.

Мәселе мұнда емес қой. Мәселе мынада: оқта-текте *қандай* біріккен қимылдар жасауға болады, кіммен, қандай мақсат үшін жасауға болады! Бұл елеулі мәселелерді өзінің әсерлі өткір сөздері арқылы Плеханов та, өзінің мағынасыз шабыты арқылы Либер де боямалап, бүркемеледі. Ал мұның өзі теориялық мәселе емес, нағыз практикалық жанды мәселе. Меньшевиктердің оқта-текте болатын атышулы келісімдерінің, атышулы «техникалық» келісімдерінің не екенін біз тәжірибеден көрдік! Мұндай келісімдер жұмысшы табын либералдарға тәуелді ету саясаты болып табылады, онан басқа түк те емес. «Оқта-текте» дегеніміз осы оппортунистік саясаттың нашар бүркемеленуі ғана.

Плеханов буржуазияны қолдаудың қажеттігі туралы Маркстің шығармаларынан цитаттар келтірді. Плехановтың «Жаңа Рейн Газетінен» цитат келтірмегені бекер болған, Германияда буржуазиялық революция қызған дәуірде Маркстің либералдарды қалай «қолдағандығын» оның ұмытқаны бекер болған. Талассыз нәрсені дәлелдеу үшін онша алысқа барудың керегі де жоқ еді ғой. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының либералдарды — тіпті дворяндардың жетекшілерін де — қолдауының қажеттігі туралы ескі «Искра» да талай рет жазған болатын. Буржуазиялық революцияға дейінгі кезеңде, социал-демократия халықты саяси өмірге әлі оятуға тиіс болған кезде, мұның өзі әбден заңды еді. Енді, сахнаға әр түрлі таптар шыққан кезде, бір жағынан, шаруалардың революциялық қозғалысы екінші жағынан, либералдық опасыздықтар көрініп отырған кезде,—қазір либералдарды біздің қолдауымыз туралы сөз болуы да мүмкін емес. Социал-демократтар енді помещиктік жерді конфискелеуді талап етуге тиіс дегенге біз бәріміз де қосыламыз, ал бұған либералдар қалай қарайды?

Плеханов былай деді: азды-көпті прогресшіл таптардың бәрі пролетариаттың қолында құрал болуға тиіс. Плехановтың тілегі осындай екендігіне мен күмәндан-баймын. Бірақ мен меньшевиктік саясаттың нәтижесі іс жүзінде мұндай болмайды, мұның керісінше болып

шығады деймін. Өткен жылдың өн бойында, меньшевиктер кадеттерді қолдады деген кезде, іс жүзінде барлық жағдайда да меньшевиктердің нақ өздері кадеттерге құрал болды. Думалық министрлік талабын қолдаған кезде де, кадеттермен сайлау блоктарын жасасу кезінде де осылай болды. Плехановтың және басқа меньшевиктердің «тілектеріне» қарамастан, бұл жағдайларда пролетариаттың нақ өзі құрал болып шыққанын тәжірибе көрсетті. «Толық билікті Дума» туралы және Головинді жақтап дауыс беру туралы мен айтып та отырғаным жоқ.

Либерал буржуазияның контрреволюциялық жолға түскендігін барынша айқын мойындап, оған қарсы күрес жүргізу қажет. Тек сонда ғана жұмысшы партиясының саясаты дербес саясат бола алады және тек сөз жүзіндегі ғана революциялық саясат болып шықпайды. Тек сонда ғана біз либерализм мен революциялық күрестің арасында ауытқып жүрген ұсақ буржуазияға да, шаруаларға да ұдайы әсер ете алатын боламыз.

Либералдардың ұсақ буржуазияны алдап жүргені туралы біздің дәлелдерімізді дұрыс емес деп осында бекерге шағынды. Халықтың көптеген топтары арасында либерализмнің ықпалы тек алдауға ғана сүйенетінін біздің революция ғана емес, сонымен қатар басқа елдердің тәжірибесі де көрсетті. Бұл топтарды либералдардың ықпалынан шығарып алу үшін күресу — біздің тікелей міндетіміз. Герман социал-демократтары, мысалы, Берлинде халықтың қалың бұқарасына либералдардың ықпал жүргізуін ондаған жылдар бойы бұзып келді және бұзды да. Бұған біз де жете аламыз және жетуге тиістіміз де, сөйтіп кадеттерді демократиялық жақтаушыларынан айыруға тиістіміз.

Меньшевиктердің кадеттерді қолдау саясатының неге әкеп соққанын мысал арқылы көрсетейін. 1907 ж. 22 февральдағы меньшевиктік «Русская Жизнь» газетінде (№ 45) қол қойылмаған, яғни редакциялық, мақалада Головинді сайлау және оның сөзі жөнінде былай делінген: «Мемлекеттік думаның председателі 140 миллион халықтың негізгі талаптары мен мұқтаждары мейлінше

айқын көрсетілетін сөз сөйлеу жөніндегі асқан зор әрі жауапты міндетті өз мойнына алды... Головин мырза кадет партиясының мүшелігінен бір сәтке болса да жоғары көтеріле алмады, бүкіл Думаның еркін білдіруші бола алмады». Мұның қандай сабақ аларлық нәрсе болып отырғанын көрдіңіздер ме? Меньшевиктер дауыс беру арқылы жай ғана қолдаудан либералдың жауапты міндетін — «халық» атынан сөйлеу міндетін шығарып отыр. Бұл — идеялық-саяси басшылықты тікелей либерализмге бергендік. Бұл — таптық көзқарастан толық бас тартқандық. Ал мен былай деймін: егер солшыл блок кезінде қайсыбір социал-демократ трудовиктің жауапты міндеті туралы, «еңбек» мұқтажын көрсетуді, жазуға батылы барса,— онда мен бұл сияқты социал-демократты батыл айыптауға бар ықыласыммен қол қойған болар едім. Бұл —меньшевиктердің кадеттермен идеялық блок жасасуы, ал біз ешкіммен де, тіпті эсерлермен де, мұндай блок жасасудың ешқайсысына жол бермеуге тиіспіз.

Айтпақшы, бүкіл жер туралы және бүкіл ерік туралы айтқан кезде, Мартыновтың айтуынша, біз осындай блок жасасуға дейін төмендейтін көрінеміз. Бұл дұрыс емес. Меньшевиктік «Социал-Демократты» сіздердің естеріңізге салайын. Онда, Орталық Комитет жасаған сайлау платформасының жобасында, біз нақ сол жер мен ерік ұрандарын көреміз! Мартыновтың сөздері — тек тырнақ астынан кір іздеуден басқа түк те емес.

Қорытындысында менің поляк жолдастарға арнап бірер сөз айтқым келер еді. Бәлкім, олардың кейбіреулеріне ұсақ буржуазиялық партияларға дәл сипаттама беріп жату керексіз нәрсе болып көрінер. Польшадағы анағұрлым шиеленіскен тап күресі, бәлкім, мұны керексіз ететін болар. Бірақ бұл орыс социал-демократтары үшін қажет нәрсе. Бүкіл үгіт пен насихатқа басшылық ету үшін еңбек партияларының таптық сипатын дәл көрсетудің айрықша маңызы бар. Біз өзіміздің: пролетариат социалистік таптық оқшауланауын іске асыратын болсын, сөйтіп самодержавиеге де қарсы, сатқын буржуазияға да қарсы күрес пролетариаттың басшылығы-

мен жүргізілсін деген тактикалық міндетімізді бүкіл жұмысшы табының алдына қойғанда, партияларға таптық талдау жасауға сүйене отырып қана барынша анық қоя аламыз. (Большевиктер мен центрде қол шапалақтау.)

11

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАР ТУРАЛЫ ҚАРАРДЫҢ ПОЛЯК ЖОБАСЫНА КӨЗҚАРАС ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

15(28) МАЙ

Осы жарыс сөздердің түкке тұрмайтыны туралы Попов жолдастың айтқан сөздері қаншалықты әділ екенін мұның алдындағы сөзден көрдіңіздер. Либер сөзі мүлде принципсіз сөз екеніне сіздердің өздеріңіздің көздеріңіз жетті. Мен тек мынаны ғана еске саламын: біздің сәтсіз болған комиссияда *поляк* жобасын негізге алуды жақтап, бізге және латыштарға *қарсы 4 меньшевик, 1 бундшыл, 2 поляк* дауыс берді.

Сонымен, комиссияда поляктардан *бәрінен де гөрі* принципті түрде *алыс* тұрған адамдар поляк жобасын негізге алды. Олар мұны жобаға меньшевиктік рухта түзетулер енгізу үшін,— қарарды оның авторларына жарамсыз ету үшін істеді! Либер бұл ретте де меньшевиктермен бірге дауыс берді (Л и б е р: «дұрыс емес!») және кадеттермен блоктар жасасуға жол беруді дауысқа қойғанда да осылай етті. Бұдан соң оның принциптер туралы айтқан лепірме сөздері тура адам күлерлік нәрсе.

Поляктардың өз жобасын негізге алғызуға тырысқандығын мен әбден түсінемін. Біздің қарардың егжей-тегжейлі жазылуы оларға керексіз нәрсе болып көрінді. Олар бізді өздерімен шын мәнісінде біріктіретін, негізгі екі принциппен: 1) социализмге қатысы бар нәрселердің бәрінде пролетариатты *барлық* буржуазиялық партиялардан таптық жағынан оқшаулау; 2) социал-демократияның да, ұсақ буржуазиялық демократияның да ортақ қимылдарын сатқын либерализмге қарсы

біріктіру принциптерімен шектелгілері келді. Бұл идеялардың екеуі де большевиктік жобаның да өне бойындағы өзекті мәселе болып табылады. Бірақ поляк жобасының қысқалығы меньшевиктік айла-шарғының өрісін тым кеңейткен. Меньшевиктер өздерінің түзетулерімен тұтас алғанда өз жобасына қарсы дауыс беруге авторлардың өздерін де мәжбүр етті. Соның өзінде осылайша өздері «түзеткен» поляк жобасын қорғауға меньшевиктердің де, бундшылдардың да батылы бармады. Бүкіл комиссияның жұмысы толығынан күйреп тынды.

Енді жалпы біздің бәрімізге, әсіресе поляк жолдастарға, бір ғана жол: большевиктік жобаны негізге алуға тырысып көру ғана қалып отыр. Егер бұл жобаға да қолайсыз түзетулер енгізілетін болса, онда съезді жұмыс істеуге қабілетсіз деп тануға тура келеді. Бірақ партиялардың негізгі типтерінің бәріне дәлме-дәл талдау жасалатын осы жобаның негізінде революциялық социал-демократияның рухына сай келетін мейлінше айқын шешім алынуы мүмкін.

Біздің жобаға қарсы шыққанда, ол жоба партияларды тым ұсақ суреттейді деп қарсы шығады. Партиялардың жікке бөлінуі, қайтадан топтасуы мүмкін ғой,— сонда бүкіл қарар жарамсыз болып қалады деседі.

Мұндай қарсылық мүлде дәлелсіз нәрсе. Бізде нақ ұсақ топтар және тіпті жеке партиялар да суреттеліп отырған жоқ, қайта партиялардың ірі топтары суреттеліп отыр. Бұл топтардың ірілігі сонша, олардың арасындағы қарым-қатынастардың тез өзгеруі революцияның құлдырауының өрлеумен толық ауысуына немесе мұның керісінше болуына қарағанда анағұрлым екіталай нәрсе. Осы топтарды алыңыздар да, оларға зер салып қараңыздаршы. Реакцияшыл және азды-көпті прогресшіл буржуазия — *барлық* капиталистік елдердің өзгермейтін типтері. Өзгермейтін осы екі типке қоса бізде екі тип қана: октябристер (қаражүздіктер мен либералдардың арасындағылар) мен еңбек топтары беріліп отыр. *Бұл* типтер тез өзгере ала ма? Егер біздегі революция қалай болғанда да және қайткенде де бізді съезд қарарларын ғана емес, сонымен бірге тіпті

программамызды да батыл қайта қарауға мәжбүр ететіндей батыл бетбұрыс жасамайтын болса, онда тез өзгере алмайды.

Бүкіл помещиктік жерді конфискелеу жөніндегі *программалық* талабымыз туралы ойлап көріңіздерші. Басқа елдердің ешқайсысында социал-демократтар ұсақ буржуазияның конфискелеу жөніндегі тілектерін еш уақытта да қолдай алмаған болар еді. Бұл *кәдімгі* капиталистік елдегі шарлатандық болар еді. Бізде, буржуазиялық-демократиялық революция дәуірінде, бұл — қажетті нәрсе. Ал еңбек партияларына баға беру жөніндегі негізгі мәселелерді біздің конфискелеу жөніндегі программалық талабымыздан ерте қайта қарауға тура келмейтіндігіне кепіл болуға болады.

Менің тағы бір көрсете кетейін дегенім — әр түрлі түсініспеушілікті және солшыл блокты теріс түсіндірушілікті болғызбау үшін біз еңбек партиялары күресінің *мазмұнын* дәл анықтаймыз. Іс жүзінде олар жалпы қанауға қарсы (олардың өздеріне осылай болып көрінеді) күреспейді және әсте капиталистік қанауға қарсы (олардың идеологтары істі осылай суреттейді) күреспейді, олар *т е к* крепостниктік мемлекетке қарсы және помещиктік жер иеленушілікке қарсы күреседі. Ал күрестің осы шын мазмұнын дәл көрсету социализм жолындағы күресте, капитализмге қарсы күресте жұмысшы партиясы мен шаруалардың бірігіп қимылдауына болады дейтін жалған пікір атаулыны бірден тыяды.

Онын үстіне, біз өз қарарымызда еңбек партияларының «жалған социалистік сипаты» туралы ашық айтамыз, біз қожайынсымақ пен пролетардың арасындағы таптық араздықты бүркемелеуге қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізуге шақырамыз. Біз ұсақ буржуаның күңгірт социалистік идеологиясын әшкерелеуге шақырамыз. Ұсақ буржуазиялық партиялар туралы мұны міндетті түрде айту керек. Бірақ айтылуға тиістінің *б ә р і* осы. Меньшевиктер қазіргі революциядағы шаруалардың революционаризміне және утопизміне қарсы күресуді бұған әкеп қосып, мүлде теріс істеп отыр. Олардың қарарынан нақ осылай болып шығып отыр. Ал мұндай

пікір *объективті* түрде мынаған: помещиктік жерді *конфискелеуге* қарсы күреске шақырушылыққа келіп саяды. Істің бұған келіп саятын себебі — либерализмнің ең ықпалды және ең көп тараған идеялық-саяси ағымдары нақ конфискелеуді революционаризм, утопизм және т. т. деп жариялайды. Өткен жылдың ішінде меньшевиктердің мұндай принциптерден практика жүзінде конфискелеуді жақтаудан бас тартуға қарай ойысуы кездейсоқтықтан емес, қажеттіліктен болды.

Сіздер бұған дейін жібермеуге тиіссіздер, жолдастар! Дан өзінің бір сөзінде ділмарсып, былай деді: егер бізді көбіне-көп істемеген нәрсеміз үшін сынайтын болса, онда біздің сыншыларымыз нашар сыншылар болғаны. Біздің конфискелеуден тек бас тартқымыз ғана келді, бірақ бас тартқанымыз *жоқ!*

Ал мен бұған былай деп жауап беремін: егер сіздер бас тартқан болсаңыздар, бізде қазірдің өзінде біртұтас партия болмас еді. Біз мұндай бас тартуға дейін жеткізбеуге тиіспіз. Егер біз мұндай саясат туралы титтей болса да қаперімізге алатын болсақ, онда біз буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариаттың дербес таптық күресінің бүкіл революциялық негіздерін шайқалтамыз. (Большевиктер, поляктар және латыштар қол шапалақтайды.)

12

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ СЪЕЗД ҚАБЫЛДАҒАН ҚАРАРЫНА ЛИБЕР ЕНГІЗГЕН ТҮЗЕТУГЕ ҚАРСЫ АЙТЫЛҒАН ПІКІР [178]

15(28) МАЙ

Либердікі теріс. Оның түзетулерінің сипатын сіздер осыдан-ақ көріп отырсыздар. Либердің мәлімдемесі мектеп оқушысының мәлімдемесі секілді, ал мұның өзі оның принципсіздігіне тән нәрсе.

13

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ СЪЕЗД ҚАБЫЛДАҒАН ҚАРАРЫНА ТРОЦКИЙ ЕНГІЗГЕН ТҮЗЕТУЛЕРГЕ ҚАРСЫ АЙТЫЛҒАН ПІКІРЛЕР [179]

15 ЖӘНЕ 16 (28 ЖӘНЕ 29) МАЙ

1

Бұл арада екі пункт маңызды. Оларды шығарып тастауға болмайды. Бірінші пункт — буржуазияның экономикалық жағынан неғұрлым прогресшіл топтарына нұсқау. Бұл — елеулі нәрсе. Буржуазиялық интеллигенцияға нұсқаудың бұдан да гөрі елеулі маңызы бар. Буржуазиялық партияларда буржуазиялық интеллигенцияның саны көбейіп келеді, бұл интеллигенция крепостник-помещиктерді еңбекші шаруалармен татуластыруға тырысады және самодержавиенің қалдықтары мен сарқыншақтарының бәрін сақтауды жақтайды.

2

Троцкийдің түзетуі меньшевиктік түзету емес, ол да «нақ сол», яғни большевиктік пікірді көрсетеді, мұнымен келіспеуге болмайды. Бірақ бұл пікірді Троцкий жақсырақ айта алды ма екен. Біз: «бір мезгілде» дегенде, қазіргі саясаттың *ортақ* сипатын білдіреміз. Бұл ортақ сипаттың мәнісі, сөзсіз, мынадай болып отыр — жағдай бізді Столыпинге де, кадеттерге де бірден қарсы шығуға мәжбүр етіп отыр. Кадеттердің сатқындық *саясаты* жөнінде де нақ осылай деуге болады. Троцкий қосымшасы артық нәрсе, өйткені біз қарардағы бірен-саран жеке кемістіктерге жармаспаймыз, буржуазиялық орыс революциясындағы социал-демократияның *негізгі* бағытын белгілейміз.

14

БОЛЬШЕВИКТЕРДІҢ БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАРЫНА МАРТОВ ЕНГІЗГЕН ТҮЗЕТУЛЕРГЕ ҚАРСЫ АЙТЫЛҒАН ПІКІРЛЕР

16(29) МАЙ

1

Мартов енгізген түзетудің өте маңызды екенін жұрттың бәрі түсінеді[180]. «Техникалық келісімдер» деген тым жалпылама түсінік. «Техника» деген түсінікке «толық билікті Думаны» да әкеп енгізетін көрінеді. Егер Мартов бізді трудовиктермен жасасқан келісімді техникалық келісім емес деп есептейді деп ойлайтын болса, онда ол қателеседі. Либерал буржуазиямен техникалық келісімдер жасасуға болмайды деп біздің қарарда айтылған жоқ. Қарарда рұқсат ету немесе тыйым салу дегендерге орын болуға тиісті емес, онда тек идеялық саяси бағыт көрсетілуге тиіс. Егер сіздер бұл тыйым салудың жоқтығына қанағаттанбай, «рұқсат ету» туралы өздеріңіздің ескертулеріңізді енгізетін болсаңыздар, онда бұларыңызбен біздің қарарымыздың бүкіл рухын, бүкіл мағынасын жоясыздар. Ал егер мұндай түзету қабылданатын болса, онда бізге жалғыз ғана нәрсе — өз қарарымызды қайтарып алу ғана қалар еді.

2

Мартов бізді революцияшыл халықшылдармен екі арадағы антагонизміміз туралы айтудың қандайын болса да өз қарарына енгізуден бас тартады деуге дейін барғанда, ол өзінің мұндай көрінеу, жан түршігерлік өтірігімен өз түзетуінің ойдан шығарылғандығын көрсетіп, өзін өзі соққылайды[181]. Жоқ, халықшылдардың жалған социалистігіне қарсы күрестен біз бас тартқанымыз

жоқ, қайта сіздер, меньшевик жолдастар, *революциялық* демократияны қолдаудан бас тартып, *либералдарды* (кадеттерді) артық көрдіңіздер. Халықшылдық фракциялардың көпшілігі (халықтық социалистер мен трудовиктер) эсерлердің терроризміне әдейі қосылмағандығы былай тұрсын, қайта, мұның керісінше, либералдарға қарай икемділігін көрсетті. *Барлық* халықшылдардың шын революцияшылдығы — помещиктік жер иеленушілікті *жоюға* тырысу. *Бұдан* тек либералдар ғана «авантюризм мен утопистікті» көріп отыр. *Іс жүзінде* Мартов либералдарға көмектеседі.

15

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС ТУРАЛЫ ҚАРАРҒА МАРТЫНОВ ЕНГІЗГЕН ТҮЗЕТУЛЕРГЕ ҚАРСЫ АЙТЫЛҒАН ПІКІРЛЕР[182]

16(29) МАЙ

1

Мартыновтың түзетуі қазіргі революцияда кадеттерден гөрі шаруалар реакцияшыл (немесе неғұрлым реакцияшыл болуы мүмкін) деген меньшевиктік көзқарасты өткізуге тағы да тырысады, өйткені кадеттердің реакцияшылдығы туралы меньшевиктер бірде-бір сөз айтпайды. Мартыновтың екі жақтылық шаруалардың революция мен реакция арасында ауытқушылығында емес, олардың кадеттер мен социал-демократтар арасында ауытқып отыратындығында деген дәлелі шатастырады. Меньшевиктер помещиктік жерді конфискелеудің реакцияшылдығы туралы және құнын өтеп алудың прогрессшілдігі туралы өздерінің сүйікті идеяларын Мартынов айтып отырған анархистік тенденцияларға сөзсіз түрде және қайткен күнде де әкеп саятын болады. Шаруалардың «анархистік тенденциялары» деген сөз — либерал помещиктердің бос сөзі. Пролетарлық қозғалысты шаруалар қозғалысына бағындыру туралы айтудың өзі адам күлерлік нәрсе, бұл жөнінде біз бұған керісінше ондаған рет мәлімдеме жасап, мұны қарарларда көрсеткен болатынбыз.

2

Күмән жоқ, егер біз Мартыновтың түзетуін қабылдаған болсақ, онда бұл социал-демократияны мазақ еткендік болар еді. Крепостниктік мемлекетке қарсы үзілді-кесілді күрес жүргізу туралы біздің қарардың бас жағында айтылған болатын-ды. Енді осы әлеуметтік-эко-

номикалық жағдайдан саяси қорытынды жасау керек. Біздің міндетіміз — осындай үзілді-кесілді күреске қабілеті жоқ буржуаның ықпалынан (либерал помещиктердің, кадеттердің ықпалынан) буржуазияның өзінің экономикалық жагдайы күреске итермелейтін бөлегін (яғни шаруаларды) шығарып алу. Мартынов анық айтылған саяси қорытындыны байқатпау үшін аяқ жағында айтылғандарды бас жағында қайталауды ұсынады.

16

МЕМЛЕКЕТТІК ДУМА ТУРАЛЫ ҚАРАР ДАЙЫНДАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ БАЯНДАМАСЫ [183]

18(31) МАЙ

Біздің комиссиямыз келісімге келе алмады. Большевиктердің жобасын 6 адам жақтап, 6 адам оған қарсы шықты. Меньшевиктердің жобасын 5 адам жақтады, 5 адам қарсы болды. Бір адам қалыс қалды. Маған сіздердің алдарыңызда біздің большевиктік жобаны, поляк социал-демократтары да, латыштар да қосылып отырған осы жобаны, қысқаша қорғауға тура келеді.

Біз буржуазиялық партиялар туралы қарарда айтылған нәрсенің бәрі Мемлекеттік дума туралы қарардан шығарылып тасталуға тиіс деген пікірге сүйендік, өйткені Думадағы күрес — біздің буржуазиялық партияларға және самодержавиеге қарсы бүкіл күресіміздің тек бір бөлегі ғана, онда да басты бөлегі емес.

Біз бұл қарарда біздің Думадағы саясатымыз қандай болуы керектігі туралы ғана айтамыз. Біздің Думаға қалай тап болғанымызға баға беруге келетін болсақ, онда қарардың бұл бөлегін — бойкот жасау туралы пунктті — біз мынадай себептермен алып тастадық. Барлық большевиктер сияқты менің өз ойымша да, бүкіл либералдық баспасөз ұстаған қағидаға қарағанда, біздің Думаға қалай тап болғандығымызға баға берген жөн болар еді. Жұмысшы партиясы бүкіл либерал буржуазияға қарсы мынаны мәлімдеуге міндетті: біздің бұл сияқты жексұрын мекемемен уақытша санасуымызға тура келіп отырғанына нақ буржуазиялық опасыздықтар кінәлы. Бірақ латыш жолдастар бұл пунктке қарсы болды, сондықтан жұмыстың тез аяқталуына бөгет жасамау

үшін (бұрынғы ұйғарым бойынша съезді ертең жабу үшін біздің асығуымыз керек) біз бұл пунктті алып тастадық. Съездің еркі бәрібір анықталды, ал принципті айтыс жүргізуге уақыттың тапшылығы мүмкіндік бермейді.

Біздің қарардағы негізгі пікірлерге тоқталып өтейін. Шындығында, мұның бәрі біздің Стокгольм съезіне арналған қарардың жобасында айтылғандарды қайталау болып табылады. Бірінші пунктте Думаның нақ Дума ретінде мүлде жарамсыз екендігі баса көрсетіледі. Бұл қажетті пікір, өйткені шаруалардың және жалпы ұсақ буржуазияның өте көп топтары осы уақытқа дейін Думаға мейлінше аңқаулықпен үміт артып келеді. Өздерінің өзімшіл-таптық мақсаттарын көздеген либералдар қолдап отырған бұл аңқау жалған үміттерді әшкерелеу — біздің тікелей борышымыз.

1-пункттің 2-бөлімінде парламенттік жолдың жалпы жарамсыз екендігі туралы және бұқараның ашық күресінің болмай қоймайтындығын анықтап алу туралы айтылады. Мұнда қазіргі жағдайдан шығудың амалдарына біздің дұрыс көзқарастарымыз анықталады. Біз қайткен күнде де мұны баса көрсетуге және өзіміздің революциялық ұрандарымызды анық қайталауға тиіспіз, өйткені бұл сияқты мәселеде тұрлаусыздық көрсетіп ауытқу тіпті социал-демократтар арасында да жиі кездеседі. Социал-демократия өзінің бұрынғы, революциялық, жолында қалатындығын жұрттың бәрі білетін болсын.

Екінші пункт Думадағы тікелей «заң шығару» жұмысы мен үгіттің, сынның, насихаттың, ұйымдастыру жұмысының арасындағы қатынасты анықтауға арналған. Думадағы жұмыс пен Думадан тыс жердегі жұмыстың арасындағы байланысқа жұмысшы партиясы тіпті де либерал буржуазия сияқты қарамайды. Көзқарастардың бұл негізгі айырмашылығын атап көрсету керек. Бір жағында — халықтың сыртынан жасалған парламенттік ойынға масайраған буржуазиялық саясат құмарлар. Екінші жағында — ұйымдасқан пролетариат отрядтарының бірі, ол жау лагеріне жіберілген және пролетариаттың *бүкіл* күресіне *байланысты* жұмыла жұмыс жүргі-

зетін отряд. Біз үшін тек бір ғана, біртұтас және бөлінбейтін жұмысшы қозғалысы, пролетариаттың таптық күресі бар. Біз бұл күрестің барлық жеке формаларын, оның ішінде парламенттік күрес формасын да, түгелдей осы күреске бағындыруға тиіспіз. Біз үшін пролетариаттың Думадан тыс жерде жүргізетін күресі шешуші күрес болып табылады. Біз бұқараның экономикалық мүдделерімен және мұқтаждарымен және т. т. санасамыз деу жеткіліксіз болар еді. Мұндай сөздер (меньшевиктік ескі қарардың рухында айтылған сөздер) бұлдыр болады және бұған қай либерал болса да қол қояды. Халықтың жалпы экономикалық мұқтаждары туралы сөйлеуге қай либерал болса да дайын. Бірақ бірде-бір либерал Думадағы жұмысты *тап күресіне* бағындырмайды, нақ сондықтан да осы көзқарасты біз, социал-демократтар, барынша айқын білдіруге тиіспіз. Біздің бүкіл және қандай болсын буржуазиялық демократиядан айырмашылығымыздың өзі де осы принципте ғана.

Кейде (әсіресе бундшылдар — ымырашылсымақтар) мұның керісінше жағын да: Думадан тыс жердегі социал-демократиялық күрестің Думадағы социал-демократиялық фракцияның жұмысымен байланысын да көрсету керек деседі. Мен былай деймін: бұл дұрыс емес, ол мейлінше зиянды парламенттік жалған үміттер ғана туғызуы мүмкін. Бөлшек бүтінге ыңғайласуға тиіс, мұның керісінше болуға тиіс емес. Дума тұтас алғанда тап күресінің уақытша бір майданы болуы мүмкін, бірақ егер бұл бүтін ұмытылмаса ғана, егер тап күресінің революциялық міндеттері бүркемеленбейтін болса ғана осылай болуы мүмкін.

Біздің қарардың келесі пункті Думадағы либералдық саясатқа арналған. Бұл саясаттың ұраны — «Думаны сақтау» — либералдардың қаражүздіктермен бірігуін ғана бүркемелейді. Мұны халыққа ашық айтып, түсіндіру керек. Либералдық ұран бұқараның саяси және таптық санасын ұдайы азғындатып отырады. Осы либералдық тұманға қарсы аяусыз күресу — біздің борышымыз. Либерализмнің бет пердесін сыпырып тастау, демократия туралы сылдыр сөздің ар жағында қаражүздіктермен қол ұстасып дауыс беріп жатқандығын көрсету —

бостандықтың буржуазиялық сатқындарынан демократияның қалдықтарын тартып алу деген сөз.

Думадағы өз саясатымызды анықтағанда біз нені басшылыққа алуға тиіспіз? Біздің қарар әйтеуір жанжал шыға берсін деп жанжал шығару туралы пікірдің қайсысын болса да қабылдамай, «дер кезінде» деген ұғымға сөздің социал-демократиялық мағынасында дұрыс анықтама береді: Думадан тыс жерде объективтік жағдайлардың әсерімен өріс алып отырған революциялық дағдарыспен санасу керек.

Соңғы пункт атышулы «жауапты министрлікке» арналған. Либерал буржуазия бұл ұранды кездейсоқ қойып отырған жоқ, амалсыздан қойып отыр, бұқараның революциялық сана-сезімін әлсірету үшін толастау кезеңін өз мақсаттарына пайдалануды көздеп қойып отыр. Бұл ұранды меньшевиктер бірінші Думада да, екінші Думада да қолдаған еді, ал Плеханов екінші Дума кезінде меньшевиктік газетте ашықтан-ашық: бұл талапты социал-демократия *«өз талабына айналдыруға»* тиіс деп жазды. Сөйтіп бұл ұран біздің революцияның тарихында әбден айқын роль атқарды. Жұмысшы партиясы бұл ұранға өзінің қалай қарайтынын анықтап алуы қажет. Либералдардың қазір бұл ұранды қоймай отырғандығын басшылыққа алуға болмайды: олар мұны уақытша, оппортунистік ойлармен алып тастап отыр, бірақ, шынына келгенде, патша өкіметімен мәмлеге келуге олар бұрынғыдан да қатты тырысуда. Ал «думалық министрлік» ұраны либерализмнің мәмлеге келуге деген бұл иммаиенттік тенденциясын неғұрлым айқынырақ көрсетеді.

Біз думалық министрліктің революцияның бір кезеңі болып шығуы мүмкін екендігін де, оны пайдалануға бізді жағдайлардың мәжбүр етуі мүмкін екендігін де теріске шығармаймыз және теріске шығара алмаймыз. Мәселе мұнда емес. Социал-демократия реформаларды пролетариаттың революциялық таптық күресінің қосымша жемісі ретінде пайдаланады, бірақ революциялық күрессіз жүзеге аспайтын жартыкеш реформаларға халықты шақыру біздің ісіміз емес. Социал-демократия мұндай ұрандардың бүкіл дәйексіздігін тіпті таза демократия-

лық көзқарас тұрғысынан да әшкерелеуге тиіс. Социал-демократия пролетариатқа оның *жеңіске* жетуінің шарттарын анықтап беруге тиіс, ал жеңістің толық болмау мүмкіндігімен, ішінара жеңілу мүмкіндігімен,— «думалық министрліктің» проблемалық іске асуының шарттары нақ осындай,— міне, осылармен ол өз саясатын алдын ала байланыстырмауға тиіс.

Либералдар-ақ демократияны болмашы нәрселерге айырбастап, жартымсыз садақа туралы пасық та дәрменсіз, мүсәпірлік армандарға бола тұтас нәрсені лақтырып тастай берсін. Социал-демократия халық арасында тұтас алғандағы демократиялық міндеттерді түсінуді жандандырып, пролетариатты анық түсінілген революциялық мақсаттарға бастауға тиіс. Біз жұмысшы бұқарасының сана-сезімін ағартуға, олардың күреске әзірлігін өрістете беруге тиіспіз, олардың сана-сезімін қайшылықтарды әлсіретіп көрсету арқылы, күрес міндеттерін әлсіз көрсету арқылы күңгірттендірмеуге тиіспіз. (Қол шапалақтау.)

17

СЪЕЗДІ ҚАЛАЙ АТАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ [184]

19 МАЙ (1 ИЮНЬ)

Меньшевиктердің съезді V съезд деп атауға қорқатына қайран қаламын. Біздің тарихымыз біреулерге құпия болып па екен?

18

ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТКЕ САЙЛАНҒАНДАРДЫ ҚАЙТА ДАУЫСҚА САЛУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕ ЖӨНІНДЕГІ ЖАРЫС СӨЗ КЕЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР [185]

19 МАЙ (1 ИЮНЬ)

1

Қайта дауысқа салынуға тиіс. Либердікі дұрыс емес. Оның пікірлерінің бәрі — адам күлерлік софизм. Ал енді жеребе салуды кім шешеді десеңізші? Біз! Біз съездің ең соңғы мәжілісінде отырмыз. Келісім болуы мүмкін емес. Өйткені бұл — съезд, фракциялардың жиналысы емес. Сіздер біз тек техникалық және формальды мәселелерді ғана шешуге уәкілдік алдық дейсіздер, ал біз заем туралы жаңа ғана саяси қарар қабылдадық қой[186].

2

Сіздерді билікті қолға алу жөніндегі үрейлі сөздермен қорқытпақ болған. Бірақ біз Орталық Комитетке кандидаттарды осы мәжілісте сайлауға уәкілдік алдық қой. (Ш у л а ғ а н д а у ы с т а р.) Тынышталыңыздар, жолдастар, сіздер мені айғаймен бәрібір жеңе алмайсыздар! Бізді бір дауысты пайдаланып қалғысы келеді деп кінәлайды. Мен мұны істеуге болады және істелуге тиіс деп санаймын. Біз бұл арада саяси, принциптік мәселені шешіп отырмыз. Бұл мәселені шешу ісін жеребе салуға — кездейсоқтықтың еркіне — беріп жіберу — қызба ойынға салынғандық болып шығады. Партияны бір жыл бойы қызба ойынға салуға болмайды ғой. Мен сіздерге мынаны ескертемін: егер — дауыс тең шығып — біздің партия бұл мәселені жеребеге салу арқылы шешетін болса, онда жауапкершілік сіздерге жүктеледі. Сондықтан осы жиналыс қайта дауысқа салуға тиіс.

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯНЫҢ ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢІНДЕГІ ПРОЛЕТАРИАТТЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ [187]

1) Россия бастан кешіріп отырған ұзаққа созылған экономикалық дағдарыстың негізінде және үкімет реакциясының шектен тыс күшеюіне байлапысты пролетариат пен буржуазия арасындағы тап күресі едәуір шиеленісіп отыр, сондай-ақ шаруалардың ескі құрылысқа қарсы күресі тереңдеп, етек алып келеді;

2) революцияның өткен бір жылы барлық таптардың сана-сезімі тез өскенін, ұшқары партиялардың күшейгенін, конституциялық жалған үміттердің құлдырағанын, «орталық партиялардың», яғни қаражүздік помещиктер мен самодержавиеге қолайлы жеңілдіктер жасау арқылы революцияны тоқтатып тастауға тырысатын либералдық партиялардың әлсірегенін көрсетті;

3) буржуазиялық революциядағы пролетариаттың таптық мүдделері дәулетті таптарға қарсы, социализм жолында барынша кең күрес жүргізуге мүмкіндік туғызатын жағдайлар жасауды талап етіп отыр;

4) бұл жағдайларды жасаудың бірден-бір әдісі — демократиялық республиканы, халықтың толық өкімет билігін және пролетариат үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық талаптардың минимумын (8 сағаттық жұмыс күнін және социал-демократиялық программа-минимумның басқа да талаптарын) жеңіп алу;

5) қазіргі қоғамның бірден-бір дәйекті революциялық табы ретінде пролетариат қапа помещиктік жер иелену мен крепостниктік мемлекетке қарсы аяусыз күрес жүргізу үшін шаруалар бұқарасын өзінің соңынан ерткен

жағдайда демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізе алады,—

осыларды еске ала келіп, съезд былай деп санайды:

а) қазіргі тарихи кезеңде пролетариаттың басты міндеті — Россияда демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу;

б) бұл міндеттің маңызын түсірудің қандайы болсын демократияшыл шаруалар бұқарасын өзінің соңынан ертетін жұмысшы табын халықтық революцияның көсемі болудан революцияның либерал буржуазияның соңынан салпақтап еріп отыратын енжар қатысушысына айналдыруға әкеп соқтыратыны сөзсіз;

в) бұл міндетті жүзеге асыруды бар күшімен қолдай отырып, социал-демократиялық партия пролетариаттың дербес, социалистік мақсаттарын бір сәтке де естен шығармауға тиіс.

1907 ж. 21 және 25 майдың (3 және 7 июньнің) аралығында жазылған

1907 ж. 7 июльде «Zihna» газетінің 78-номерінде басылған

Орыс тілінде бірінші рет, газеттің тексті бойынша басылып отыр
Латыш тілінен аударма

БУРЖУАЗИЯЛЫҚ ПАРТИЯЛАРҒА КӨЗҚАРАС

Социал-демократияның буржуазиялық партияларға көзқарасы туралы мәселе «жалпы» немесе «теориялық» мәселелер деп аталатын, яғни қазіргі кезеңде партияның алдында тұрған қайсыбір белгілі практикалық міндетке тікелей байланысты емес мәселелердің қатарына жатады. Мұндай мәселелерді РСДРП Лондон съезінің күн тәртібіне енгізуге қарсы меньшевиктер мен бундшылдар қатты күрес жүргізді, амал не, осында бұларды фракциядан тыс Троцкий қолдады. Басқа социал-демократиялық партиялар сияқты, біздің партиямыздың да оппортунистік қанаты съездің «іскерлік», «практикалық» күн тәртібін қорғады. Ол «жалпы кең» мәселелерден аулақ болды. Ол кең принципті саясат дегеніміз сайып келгенде бірден-бір, шын практикалық саясат екенін ұмытты. Ол кімде-кім жалпы мәселелерді алдын ала шешіп алмай тұрып жекелеген мәселелерді қолға алса, оның әрбір қадам басқан сайын өзінен-өзі еріксіз сол жалпы мәселелерге қалайда «тіреле беретінін» ұмытты. Ал ол мәселелерге әрбір жеке ретте еріксіз тіреле беру — өз саясатын ең жаман солқылдақтыққа және принципсіздікке ұшыратып отыру деген сөз.

Съездің күн тәртібіне бірсыпыра «жалпы мәселелердің» енгізілуін талап еткен большевиктер поляктардың және латыштардың көмегімен тек бір мәселені: буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселені ғана енгіздіре алды. Сөйтіп бұл мәселе съездің барлық принципті мәселелерінің ғана емес, жалпы алғанда бүкіл

жұмысының да ең басты мәселесі болды. Осылай болып шықты және осылай болып шығуға тиісті де еді, оның себебі нақ мынадан еді: орыс революциясындағы пролетариаттың практикалық саясатының мәселелері жөніндегі елеулі алауыздықтардың бәрін дерлік және олардың сөзсіз бәрін, барлық пікір алалықтарын тудырған шын қайнар көз пролетарлық емес партияларға біздің көзқарасымызды әр түрлі бағалаушылық болды. Социал-демократтар арасында революцияның сипатына, пролетариаттың бұл революцияда атқаратын роліне негізгі екі көзқарас бар екені орыс революциясының басынан-ақ байқалған болатын. Кімде-кім РСДРП ішіндегі тактикалық алауыздықтарды осы негізгі көзқарастардың айырмашылығына соқпай талдамақшы болса, ол ұсақ-түйек пен ішінара нәрселердің шырмауынан шыға алмай қалады.

1

Біздегі революцияға және пролетариаттың бұл революциядағы міндеттеріне баға беру туралы мәселе жөнінде орыс социал-демократиясында болып отырған екі ағым 1905 жылдың бас кезінде-ақ толық айқындалып, 1905 жылдың көктемінде РСДРП-ның Лондонда өткен большевиктік III съезінде және сонымен бір мезгілде Женевада болған меньшевиктердің конференциясында белгілі ұйымдар тарапынан толық, дәлме-дәл және ресми жағынан танылған түрге келген еді. Өз партиясының немесе тіпті фракциясының тарихын ұмытып жүрген, не болмаса принципті алауыздықтардың шын себептерін анықтаудан бұлтарып кеткісі келетін адамдар қазір елемеуге тым бейім болып отырған қарарларды сол кезде большевиктер де, меньшевиктер де талқыға салып, қабылдаған болатын. Большевиктердің көзқарасы бойынша, пролетариатқа буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу, оның көсемі болу жөнінде пәрменді міндет жүктеледі. Пролетариат самодержавиеге қарсы және сатқын либерал буржуазияға қарсы күресте демократияшыл ұсақ буржуазия бұқарасын, әсіресе шаруаларды, соңынан ерте алған жағдайда ғана мұны жүзеге асыра алады. Либерал буржуа-

зия сатқындық істемей қоймайды деген пікірге большевиктер сол кезде-ақ, басты либералдық партияның, кадеттердің, ашық бой көрсетуінен бұрын-ақ келген болатын, бұл пікір пролетарлық қозғалыстан қорыққан буржуазияның таптық мүдделерінен туған еді*.

Меньшевиктер буржуазиялық революцияда оның қозғаушысы әрі ауқымын анықтаушысы буржуазия болуға тиіс деген көзқарасқа бейім болды. Пролетариат буржуазиялық революцияға басшылық ете алмайды, ол өкіметті өз қолына алуға талпынбай, нағыз оппозицияның ролін ғана атқаруға тиіс деді. Пролетариат пен шаруалардың революциялық демократиялық диктатурасы идеясын меньшевиктер барынша үзілді-кесілді теріске шығарды.

Ол кезде, 1905 жылдың майында (яғни бұдан дәл екі жыл бұрын), алауыздықтар таза теориялық жағынан, жалпылама анықталды, өйткені біздің партиямыздың алдына практикалық міндеттің ешқайсысы әлі тікелей қойылған жоқ еді. Сондықтан,— съездердің күн тәртібінен жалпы мәселелерді сызып тастап, олардың орнына «іскерлік» практикалық мәселелерді қоюды жақсы көретін адамдарға ғибрат болуы үшін,— бұл алауыздықтардың кейіннен практикада *нақ қалай* көрінгенін қадағалап қарап шығу өте маңызды.

Большевиктер меньшевиктердің көзқарастарынан іс жүзінде революциялық пролетариаттың ұрандарын либерал-монархиялық буржуазияның ұрандары мен тактикасына дейін төмендетушілік келіп шығады деп көрсетті. Меньшевиктер 1905 жылы шын пролетарлық саясатты біздер ғана жақтап келеміз, ал большевиктер жұмысшы қозғалысын буржуазиялық демократияға сіңіріп жіберіп отыр-мыс деп құлшына дәлелдеді. Пролетариаттың дербес саясаты жөнінде меньшевиктердің нағыз шын тілектері болғанын 1905 ж. майда өткен меньшевиктік конференция қабылдаған сол кездегі қарарлардың біріндегі ғибрат аларлық мына тирададан көруге болады. «Социал-демократия,— делінген бұл қарарда,—

* Революция, деді большевиктер, пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы түрінде ғана толық жеңіске жете алады.

халықтың екіжүзді достарына, либералдық және демократиялық туды бетке ұстап, пролетариаттың революциялық күресін шын қолдаудан бас тартатын саяси партиялардың бәріне бұрынғысынша қарсы шығады». Осы ізгі тілектерінің бәріне қарамастан, меньшевиктердің теріс тактикалық теориялары іс жүзінде пролетарлық дербестікті монархиялық буржуазияның либерализміне құрбан етуге апарып соқтырды.

Революцияның осы екі жылының ішінде большевиктер мен меньшевиктер саясаттың қандай практикалық мәселелері бойынша екіге бөлінгенін еске түсірейікші. 1905 ж. күзіндегі Булыгин Думасы. Большевиктер бойкот жасауды, меньшевиктер Думаға қатысуды жақтады. Витте Думасы — бұл жолы да солай болды. I Думадағы саясат (1906 ж. жаз) — меньшевиктер жауапты министрлік ұранын жақтады, большевиктер бұған қарсы шықты: олар солшылдардың, яғни социал-демократтар мен трудовиктердің атқару комитетін құруды жақтады. Думаның қуылуы (1906 ж. июль) — меньшевиктер: «құрылтай жиналысын шақыратын өкімет органы ретіндегі Дума үшін» деген ұран ұсынды, большевиктер революциялық ұранның бұлайша либералдықпен өңі айналдырылуын қабылдамады. II Дума сайлауы (1906 ж. аяғы және 1907 ж. басы): меньшевиктер кадеттермен «техникалық блоктар» жасасуды жақтады (ал Плеханов «толық билікті Дума» деген платформамен саяси блок жасасуды жақтады). Большевиктер кадеттермен блоктар жасасуға қарсы болды, солшыл блокқа жол берілетін дербес науқан жүргізілуін жақтады. Екі жыл ішіндегі социал-демократиялық тактиканың тарихынан алынған осы өте ірі фактілерді жоғарыда баяндалған негізгі принциптік алауыздықтармен салыстырыңыздаршы. Большевиктердің жалпы теориялық талдауын революцияның екі жылы *растап бергенін* сіздер бірден көресіздер. Социал-демократияның сатқын либерализмге қарсы шығуына тура келді, трудовиктермен және халықшылдармен «бірлесіп соққы беруге» *тура келді:* екінші Дума бұл басымдықты Думада дауыстың көп берілуімен түпкілікті баянды етті. Пролетариаттың рево-

люциялық күресін қолдаудан бас тартушылардың бәрін халықтың екіжүзді достары деп әшкерелеу жөніндегі меньшевиктік ізгі тілектер тіпті либералдардың ұрандарын қабылдауға дейін барып, олармен азапты *саяси* блоктар жасасуға өткел салу болып шықты.

Социал-демократтардың буржуазиялық революциядағы тактикасының түйінді мәселесі либерализмнің сатқындығы туралы және шаруалардың демократиялық қабілеттері туралы мәселе екенін большевиктер теориялық талдаудың негізінде 1905 жылы болжап айтқан болатын. Жұмысшы партиясының саясаты туралы *бұдан кейінгі* практикалық алауыздықтардың бәрі нақ осы түйінді мәселенің төңірегінде болды. Меньшевиктік тактиканың теріс негіздерінен либералдарға тәуелділік саясаты шынында тарихи өсіп шықты.

1906 жылы Стокгольмде өткен Бірігу съезінің алдында большевиктер мен меньшевиктер буржуазиялық партиялар туралы елеулі айырмашылығы бар екі қарар әзірледі. Большевиктер өздерінің қарарында либерализмнің сатқындығы туралы және де пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы туралы негізгі пікірді түгелдей өткізді, бұл пікірді тек октябрьден кейінгі кезеңнің фактілері мен оқиғаларынан жаңа мысалдар арқылы көрсетті (октябристер мен кадеттердің жікке бөлінуі; Шаруалар одағының және радикал интеллигент одақтарының құрылуы және басқалары). Әр түрлі буржуазиялық партиялардың негізгі типтерінің таптық мазмұнын талдай келіп, большевиктер өздерінің бұрынғы, абстракт схемасының шеңберіне, былайша айтқанда, нақты мәліметтерді енгізді. Меньшевиктер Стокгольм съезіне арналған қарарында әр түрлі партиялардың таптық мазмұнына талдау жасаудан бас тартты, бұл партиялардың сипаты оншама «орнықты» емес дегенді тілге тиек етті. Шынында, мұның өзі істің байыбына барып жауап беруден жалтарғандық еді. Ал бұл жалтарудың өзі мынадан мейлінше айқын көрінді: Стокгольм съезінде жеңіске жеткен меньшевиктер Россиядағы буржуазиялық партияларға көзқарас туралы өз қарарын өздері қайтып алды. 1905

жылдың көктемінде меньшевиктер өз қарарында пролетариаттың революциялық күресін қолдаудан бас тартқан барлық либералдар мен демократтарды халықтың екіжүзді достары ретінде әшкерелеуді ұсынды. 1906 жылдың көктемінде меньшевиктер емес, ал большевиктер өз қарарында белгілі бір либералдық партияның, атап айтқанда, кадеттердің, *екіжүзділігі* туралы айтса, меньшевиктер бұл мәселені ашық қалдырғанды жөн көрді. 1907 жылдың көктемінде, Лондон съезінде, меньшевизм өзін бұрынғыдан бетер әшкерелей түсті: пролетариаттың революциялық күресін либералдар мен демократтардың қолдауы жөніндегі бұрынғы талап мүлдем сыртқа лақтырылды. Меньшевиктік қарар (мұның жобасын «Народная Думаның» 1907 жылғы 12-нөмерінен қараңыз — *өте-мөте маңызды документ)* пролетариат пен жалпы алғанда буржуазиялық демократияның қимыл-әрекетін «комбинациялауды», яғни, орысша айтқанда, үйлестіруді бүкпесіз, ашық уағыздайды!!

Бір сатыдан бір саты. 1905 жылы — социалистің ізгі ниеттері мен нашар теория. 1906 жылы — ешқандай теория және ешқандай ниет жоқ. 1907 жылы — ешқандай теория жоқ, ашық оппортунистік саясат бар. Социал-демократиялық саясат пен либералдық-буржуазиялық саясатты «үйлестіру» — меньшевизмнің соңғы сөзі, міне, осындай. Кадеттермен блок жасасудан, Головинді жақтап дауыс беруден, кадеттермен оңаша кеңестер өткізуден кейін, помещиктік жерлерді конфискелеуді біздің міндетті түрдегі талаптарымыздың қатарынан шығарып тастауға әрекет етуден және меньшевиктік саясаттың басқа да кереметтерінен кейін басқаша болуы мүмкін емес те еді.

Лондон съезінде либерализмге көзқарас жөніндегі меньшевиктік саясат мейлінше толық сәтсіздікке ұшырады. Өздерінің «Народная Думада» (№ 12) басылып шыққан бірінші қарарын енгізуге меньшевиктердің батылы да барған жоқ. Олар қарарын қайтып алды, оны съездің барлық бес фракциясынан 15 өкіл (4 большевик, 4 меньшевик, 2 поляк, 2 латыш, 3 бундшыл) болған комиссияда да ұсынған жоқ. Сірә, социалистік саясат пен либералдық саясатты «комбинациялау», үйлес-

тіру ұранынан бундшылдар ғана емес, көптеген меньшевиктер де безіп шыққан болса керек. Комиссияға меньшевиктер «біраз тазаланып» келді: олар жаңа қарар жазып әкелді, «комбинациялауды» одан мүлдем алып тастады. «Комбинациялаудың» орнына пролетариаттың өз мақсаттары үшін басқа партияларды пайдалануын, пролетариаттың саяси міндеті — республика орнату және басқалары деп тануды қосты. Бірақ еш нәрсенің жәрдемі тимеді. Бұл әсем киімнің бәз-баяғы «комбинациялау» саясатын бүркеу үшін әдейі жылтырата боялғаны жұрттың бәріне әбден айқын болды. Қарардан шығарылатын практикалық қорытынды: «жеке, белгілі бір жағдайларда ол партиялармен (либералдармен де, халықшылдармен де) келісе отырып қимыл жасау керек» деген қорытынды қалпында қала берді. Мұндай қарарды негізге алуға комиссияның 15 мүшесінің төртеуі ғана, яғни тек меньшевиктер ғана келісті! Меньшевиктік саясаттың бұдан артық күйрей жеңілуі мүмкін емес еді. Съезде большевиктердің қарары негізге алынды, содан кейін біраз болмашы түзетулер енгізілген соң, тұтас қабылданды, оны 158—163 дауыс жақтады, жүзден біраз артық (бір ретте 106) дауыс оған қарсы болды, 10—20 дауыс қалыс қалды. Бірақ бұл қарардың негізгі пікірлерін және меньшевиктер енгізген түзетулердің мәнін талдауға кіріспестен бұрын комиссияда қарарды талқылағанда болған, назар аударарлық тағы бір оқиғаға тоқталайық.

Комиссияға қарардың екі жобасы емес, үш жобасы: большевиктік, меньшевиктік және поляк жобалары тапсырылды. Негізгі пікірлер жөнінен поляктар большевиктерге қосылды, бірақ біздің қарарымызда партиялардың әрбір жеке тобына талдау жасалуымен келіспеді. Поляктарға бұл әдебиетшілдік болып көрінді; біздің қарарымызды олар тым салмақты деп санады. Өздерінің жобасын олар буржуазиялық партияларға көзқарас жөніндегі пролетарлық саясаттың жалпы екі принципін: 1) басқа партиялар қаншама революцияшыл және тіпті республикашылдық тұрғыдан қаншама батыл болса да, өзінің социалистік міндеттері үшін пролетариаттың *барлық* басқа партиялардан таптық оқшаулануын, 2) само-

державиеге қарсы және сатқын либерализмге қарсы еңбек партияларымен бірігу принциптерін қысқаша тұжырымдауға сүйеніп құрды.

Дау жоқ, поляк қарарының бұл елеулі екі пікірі мәселенің нағыз өзегін тамаша қамтиды. Әр түрлі партиялардың типтері туралы «социологиялық» пайымдау жасамай-ақ, Россияның барлық ұлттарының пролетариаты үшін қысқаша анық директива беру жоспары да тартымды екені даусыз. Бірақ, солай бола тұрса да, тәжірибе мынаны көрсетті: бұл съезд поляк қарарына сүйеніп мәселенің толық, айқын және тиянақты шешілуіне жете алмайды. Меньшевизмге тойтарыс беру үшін социал-демократияның әр түрлі партияларға дұрыс көзқарастарын мейлінше толық анықтау керек еді, әйтпесе түсініксіздік тууына сылтау қалдырылған болар еді.

Меньшевиктер мен бундшылдар нақ осындай сылтауды пайдаланып қалу үшін комиссияда поляк қарарына бірден жармаса кетті. Комиссия поляк жобасын негізге алды: жеті дауыс жақтады (4 меньшевик, 2 поляк, 1 бундшыл), жеті дауыс қарсы болды (4 большевик, 2 латыш, 1 бундшыл, комиссияның он бесінші мүшесі қалыс қалды немесе болған жоқ). Содан соң комиссия поляк жобасына оны танымастай етіп өңін айналдыратын «түзетулер» енгізе бастады. Тіпті либералдармен «техникалық» келісімдер жасасуға болатыны туралы түзетуді де қабылдады. Бұдан соң меньшевиктер әбден бүлдірген жобаны поляктар, әрине, қайтып алды. Съезге *мұндай* жобаны енгізуге поляктардан басқа бундшылдар да, меньшевиктер де келіспейтін болып шықты. Комиссияның күллі жұмысы зая кетті; сондықтан съездің большевиктік жобаны негізге алуды тікелей дауысқа салуына тура келді.

Енді съездің бұл жобаны негізге алуының қандай принциптік маңызы бар? — деген сұрақ туады. Съезд пролетарлық тактиканың қандай негізгі пункттеріне бола осы жобаның төңірегіне топталып, меньшевиктік жобаны не үшін қабылдамай тастады?

Екі жобаны да зейін қоя оқи келіп, мынадай негізгі екі пунктті аңғару оңай. Біріншіден, большевиктік ка-

рарда пролетарлық емес партиялар іс жүзінде социалистік тұрғыдан сыналады. Екіншіден, бұл қарар революцияның «көсемі» деген ұғымға әбден айқын нақты мазмұн беріп, кіммен «бірлесіп соққы беруге», кімді және нақ қандай жағдайларда соққылауға болатынын және қажет екендігін көрсете отырып, пролетариаттың қазіргі революциядағы тактикасын дәл анықтайды.

Меньшевиктік қарардың негізгі күнәсы нақ мынада: ол мұның ешқайсысын да айтпайды, сөйтіп осы бос қуыс арқылы оппортунизмге, яғни, түптеп келгенде, социал-демократиялық саясатты либералдық саясатпен ауыстыруға есікті шалқасынан ашып тастайды. Шынында да: меньшевиктердің пролетарлық емес партияларды социалистік тұрғыдан сынауына көз жіберіп көріңіздерші. Бұл сын мынадай қағидаға әкеп саяды: «бұл (яғни біздегі) революция өтіп жатқан қоғамдық-экономикалық жағдайлар мен тарихи жағдай буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың дамуын тежеп, бір полюсінде күрестегі тартыншақтықты және ескі тәртіпті бейбіт конституциялық жолмен жоюдың жалған үміттерін туғызып, ал екінші полюсінде ұсақ буржуазиялық революционизм мен аграрлық утопиялардың жалған үміттерін туғызып отыр».

Біріншіден, біздің алдымызда жатқан — партиялар туралы қарар, бірақ онда партиялар атап көрсетілмеген. Екіншіден, біздің алдымызда жатқан — буржуазиялық демократияның әр түрлі «полюстерінің» таптық мазмұнына талдау жасалмайтын қарар. Үшіншіден, бұл қарарда «біздегі революцияға» әр түрлі таптардың көзқарасы қандай болуға тиіс екенін анықтайын дейтін емеурін де жоқ. Осы кемшіліктердің бәрін жинақтай келіп, *тап күресі туралы* маркстік *ілімнің* қарарда *жоғалып кеткенін* айту керек болады.

Буржуазиялық партиялардың әр түрлі типтерін капиталистік қоғамның әр түрлі таптарының түбегейлі мүдделері тудырмайды,— біреулердің бейбіт жалған үміттерін немесе «ымыраластыру тенденцияларын», екіншілердің «революцияшылдығын» таптық мүдделер тудырмайды. Жоқ. Нендей бір беймәлім қоғамдық-эко-

номикалық жағдайлар мен тарихи жағдай *жалпы алғанда буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың дамуын тежеп отыр*. Ендеше, капиталдың ымырашылдығы мен мужиктің революционизмі буржуазия мен шаруалардың крепостниктік тәртіптен құтылып келе жатқан капиталистік қоғамдағы алатын орнынан емес, жалпы алганда бүкіл «біздегі революцияның» нендей бір жай-жагдайларынан туатын болып шығады. Келесі пунктте тіпті былай делінген: «революцияның дамуын тежеп отырган бұл теріс тенденциялар» «уақытша толастың қазіргі кезеңінде» мейлінше күшті «сырттай аңғарылып отыр».

Бұл — маркстік теория емес, ал әр түрлі әлеуметтік тенденциялардың түп-тамырын әр түрлі таптардың мүдделерінен *тысқары жерден* іздейтін либералдық теория. Бұл — социалистік қарар емес, солшыл кадеттік қарар; екі полюстың екеуінің де ұшқарылығы айыпталады, кадеттердің оппортунистігі, халықшылдардың революционизмі айыпталады, сөйтіп іс жүзінде солардың *ортасындағы әлдебірдеңе* дәріптеледі. Біздің алдымыздагылар кадеттер мен эсерлердің арасынан қақ ортаны іздеуші *энестер* емес пе екен? — деген ой еріксіз туады.

Егер біздегі меньшевиктер Маркстің тап күресі туралы теориясынан таймаган болса, партиялардың әр түрлі типі: бір жағынан, либералдық, екінші жағынан, халықшылдық партиялар болуының себептері «ескі тәртіпке» қарсы күрестегі буржуазия мен шаруалардың әр түрлі таптық жағдайынан екенін ұққан болар еді. Орыс революциясының барысында пайда болған орасан көп әр қилы, алуан түрлі партиялардың, топтардың, саяси ұйымдардың бәрі (реакциялық партиялар мен пролетариат партиясын есептемегенде) әрқашан және үнемі нақ осы екі типке қарай икемделді,— бұған күмән жоқ және бұл дәлелдеуді қажет етпейді. Біртұтас буржуазиялық-демократиялық қозғалыстың «екі полюсін» көрсетумен шектелгенде, біз әбден сіліксесі шыққан сөзден басқа түк те айтпаймыз. Барлық істе және әрқашан да екі «ұшқарылықты», екі полюсті атап көрсетуге болады. Нендей бір кең қоғамдық қозғалыстың қайсысында болсын мұн-

дай «полюстер» де, азды-көпті «қақ» орта да әрқашан болады. Буржуазиялық демократияны *бұлайша* сипаттау — маркстік қағиданы *Россиядағы* партиялардың әр түрлі *типтерінің таптық* тегіне талдау жасауға қолданудың орнына, оны мағынасыз құр бос сөзге айналдыру деген сөз. Меньшевиктерде буржуазиялық партияларды социалистік тұрғыдан сынау деген жоқ, өйткені барлық пролетарлық емес оппозициялық партияларды буржуазиялық-демократиялық партиялар деп атау — әсте социалистік тұрғыдан сынау деген сөз емес. Егер сіздер қандай таптардың мүдделері және қазіргі уақытта нақ қандай басым мүдделер әр түрлі партиялардың және олардың саясатының мәнін белгілейтінін көрсетпеген болсаңыздар, онда сіздер іс жүзінде марксизмді қолданған жоқсыздар, сіздер *іс жүзінде* тап күресінің теориясын алып тастағансыздар. Онда сіздердің «буржуазиялық-демократиялық» деген сөздеріңіз марксизмді қадірлеудің құр сүлдерлі белгісі ғана болып шығады, өйткені бұл сөздерді қолданғанда сіздер либерализмнің немесе демократизмнің пәлендей типін буржуазияның белгілі бір топтарының пәлендей пайдакүнемдік мүдделерімен теңестіріп қорытынды жасамайсыздар. Біздің либералдардың, демократиялық реформалар партиясы мен кадеттерден бастап, ақыр-аяғы «Товарищтегі» бейпартиялық беззаглавияшылдарға дейін, меньшевиктердің марксизмді *осылай* қолдануын көре тұра, демократия ішіндегі оппортунизм мен революционизмнің шектен шығушылықтарының зияндылығы туралы «идеяларды» қуана іліп әкетіп жүргендеріне таңырқауға болмайды... өйткені бұл — идея емес, сілікпесі шыққан азғындық сөз. Шынында да, либералдарды «буржуазиялық демократия» деген *сөздер* қорқытып отырған жоқ қой! Олар өздерінің либералдық программалары мен құрғақ сөздерінің нақ қандай дәулетті таптардың қандай материалдық мүдделеріне келіп саятынының халық алдында әшкереленуінен қорқады. Істің мәні, міне, осында, ал «буржуазиялық демократия» деген сөздерде емес. Тап күресі туралы ілімді, «буржуазиялық демократия» деген сөздермен өзін бейне бір крестке шоқынғандай әрдайым қорғаштайтын адам қолданбайды, ал белгілі бір

партияның буржуазияшылдығы нақ неде екенін іс жүзінде көрсетіп отыратын адам қолданады.

Егер «буржуазиялық демократия» деген ұғым оппортунизмнің де, революционизмнің де шектен шығушылықтарын айыптауға ғана шақыратын болса, онда бұл ұғым маркстік ілімді жай либералдық құрғақ сөз дәрежесіне дейін төмендетеді. Либералға бұл ұғымның бұлайша қолданылуы қорқынышты емес, өйткені, қайталап айтамыз, оған *сөз* қорқынышты емес, іс қорқынышты. Өзі үшін жағымсыз және «марксизмнің иісі аңқыған» терминді қабылдауға оның келісуі мүмкін. Ол, кадет, қайсыбір ісімен революцияны сататын буржуаның мүдделерін білдіреді деген көзқарасты қабылдауға,— міне, бұған либерал да, «Товарищтегі» бернштейншілденуші «интеллигент» те аттап баспайды. Нақ сондықтан, марксизмді қолданғанда меньшевиктер оны жалаң, түк мағынасыз, ештемеге міндеттемейтін бос сөзге дейін төмендеткендіктен, нақ осы себептен беззаглавияшылдар, Прокоповичтер, Кусковалар, кадеттер және басқалары меньшевизмді қолдауға қос қолдап жармасып жүр. Меньшевиктік марксизм дегеніміз буржуазиялық либерализмге шақтап қайта пішілген марксизм.

Сонымен, бұл мәселедегі меньшевиктік позицияның бірінші негізгі күнәсы — пролетарлық емес партияларды меньшевизмнің іс жүзінде социалистік тұрғыдан сынамайтындығында. Тап күресі туралы Маркс ілімінің негізінен меньшевизм іс жүзінде тайып кетіп отыр. Лондон съезі социал-демократиялық саясат пен теорияны бұлай бұрмалаушылықты жойды. Екінші негізгі күнәсы — меньшевизм қазіргі революциядағы пролетариаттың дербес саясатын іс жүзінде мойындамай отыр, оған белгілі бір тактиканы көрсетіп бермей отыр. Оппортунизм мен революционизмнің шектен шығушылығынан сақтан — меньшевиктердің қарарынан туатын меньшевизм уағыздарының бірі, міне, осы. Оқта-текте либералдармен және демократтармен келісім жасап отыр,— міне, бұл екінші уағызы. Өз саясатыңды либералдық және демократиялық саясаттармен комбинацияла (үйлестір),— «Народная Думада» және меньшевиктердің сол кездегі қарарында айтылған үшінші уағыз

осындай. Үшінші уағыз туралы ескертуді бұдан қалағаныңызша алып тастай беріңіздер; «пролетарлық саясат дербес болуға тиіс» деген тілек пен талапты қосыңыздар, республиканы талап етуді қосыңыздар (Лондон съезінде меньшевиктер мұны осылай істеді),— мұнымен сіздер меньшевизмнің екінші негізгі күнәсын тіпті де жоя алмайсыздар. Пролетарлық саясаттың дербестігі «дербес» деген сөзді тиісті жерге апарып тіркеумен белгіленбейді, республика туралы айта кетумен белгіленбейді,— ол *шын дербес жолды дәл көрсетумен* ғана белгіленеді. Ал меньшевизм мұны істемей отыр.

Іс жүзінде, таптар мен қоғамдық күштердің объективтік арасалмағы бойынша, біздің көз алдымызда екі тенденцияның күресі болып жатыр: либерализм революцияны тоқтатуға, пролетариат оны ақырына дейін жеткізуге ұмтылып отыр. Егер бұл арада пролетариат либерализмнің мұндай тенденциясын аңғармай отырса, оған қарсы тікелей күресу жөніндегі өзінің міндетін түсінбей отырса, демократияшыл шаруаларды либерализмнің ықпалынан шығарып алу жолында күреспей отырса, онда *іс жүзінде* пролетариаттың саясаты *дербес саясат болмағаны*. Меньшевиктер іс жүзінде дербес емес, дәл осы саясатты заңдастырып отыр: келісім жасасудың *бағытын* белгілемейінше, біздің революциядағы екі тактиканы бөлетін басты шекара сызығын белгілемейінше, оқта-текте келісім жасасуға жол берудің мәні нақ осындай. «Оқта-текте келісім жасасу» деген формула іс жүзінде кадеттермен блок жасасуды да, «толық билікті Думаны» да, жауапты министрлікті де, яғни жұмысшы партиясының іс жүзінде либерализмге тәуелді болуының бүкіл саясатын бүркемелеп отыр. Егер жұмысшы партиясы революцияны тек самодержавиеге ғана емес, либерализмге де қарсы ақырына дейін жеткізу жолында күресуді, демократияшыл шаруаларға ықпал ету жолында либерализмге қарсы күресуді өзінің алдына тікелей міндет етіп қоймаса, қазіргі тарихи жағдайда ол партияның дербес саясаты болуы туралы сөз қозғалуы мүмкін емес. XX ғасырдың басында Европадағы буржуазиялық революцияның тарихи жағдайы мынадай:

социал-демократияның басқа саясатының қандайы болса да іс жүзінде либералдық саясатқа бағынуға әкеп соғады.

Лондон съезінің пролетарлық емес партиялар туралы большевиктік қарарды қабылдауы тап күресінен шегінушіліктің қандайын болса да жұмысшы партиясының үзілді-кесілді қабылдамай тастағанын, пролетарлық емес партияларды социалистік тұрғыдан сынау мен пролетариаттың қазіргі революциядағы дербес революциялық міндеттерін іс жүзінде мойындағанын көрсетеді.

Қарарға меньшевиктер енгізбекші болған түзетулердің қабылданбауы мұны онан бетер айқын көрсетті.

II

Съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарардың большевиктік жобасын негізге алған кезде меньшевиктер мен бундшылдар тарапынан түзетулер жаңбырша жауды. Съездің бюросына берілген кейбір наразылық білдірген мәлімдемелерде түзетулердің жалпы саны 70-ке жетіп, одан да асып түсті. Екінші съездегі Акимовтың атышулы 22 түзетуін[188] шаңына да ілестірмеген бұл обструкция жасауды тоқтату жолындағы күрестің егжей-тегжейлерін мен бұл арада суреттеп жатпаймын, толып жатқан мүлдем түкке тұрғысыз, уақ-түйек түзетулерді тізіп жатпаймын. Шынында да аса зор принциптік маңызы болған *бес* түзетуді ғана атап өтемін. Съездегі талқылану ретімен алғанда ол түзетулер мыналар.

Біздің қарар дәлелдемелерінің үшінші пунктінде пролетариаттың «буржуазиялық-демократиялық революциядағы көсем ролін атқару» міндеті туралы ашық айтылады. Меньшевиктер «көсем» деген сөзді «авангард», «алдыңғы қатарлы отряд» деген сөзбен немесе «басты қозғаушы» деген сөзбен ауыстыру керек деп түзету енгізді. Бұл түзетулердің бәрі қабылданбады. Пролетариаттың толық таптық дербестігін сақтау туралы қалағанынша қайталай беруге,— бұған большевиктер ешқандай қарсылық білдірген жоқ. Ал революция-

да *көсем болу* ролін көрсетуді *әлсірету* — оппортунизм үшін есік ашу деген сөз еді. Пролетариат помещиктік-шұнтиған буржуазиялық революцияның да «басты қозғаушысы» бола алады. Өз табының мүдделерін қорғауды білмеген соң, басқа таптың жеңісінің де басты қозғаушысы болуға болады. Өзіне-өзі опасыздық жасаймын демесе, революциялық социал-демократияның мұнымен шектеліп қалуға хақысы жоқ. Ол пролетариаттың басты қозғаушы болудың енжарлық ролінен көсем болудың белсенді роліне дейін көтерілуіне,— шұнтиған бостандық үшін күресуші тәуелді күрескердің жағдайынан жұмысшы табы үшін тиімді толық бостандық үшін күресуші неғұрлым дербес күрескер жағдайына дейін көтерілуіне көмектесуі керек. Социал-демократияның буржуазиялық революциядағы оппортунистік және революциялық тактикаларының айырмашылығының өзегі осы деуге болады: бірінші тактика пролетариаттың басты қозғаушы болу ролін атқаруына көнеді, ал екінші тактика пролетариаттың әсте «қозғаушы» болу ролін ғана емес, көсем болу ролін атқаруын жүзеге асыруға бағытталған.

«Алдыңғы қатарлы отряд» деген сөз де пролетариаттың басқа демократиялық таптарға басшылық ету міндетін мойындауды әлсіреткен болар еді немесе, ең болмағанда, осындай әлсіреткендік деп түсіндірілуі мүмкін еді.

Екінші түзету: дәл қарар бөлімінің үшінші пунктінен (либералдық партияларға берілген сипаттама) демократияшыл ұсақ буржуазияны либералдар *алдайды* дегенді алып тастау. Мұны алып тастау немесе өзгерту марксизм үшін керек, деді меньшевиктер, өйткені партиялардың әлеуметтік құрамын «алдау» арқылы түсіндіру материалистерге лайық емес. Бұл пайымдаудың софизмі мүңкіп тұрды, сондықтан съезд мұндай қармаққа іліккен жоқ. Марксизм үшін буржуазияның саясатындағы алдаушылықтың ролін теріске шығару «экономикалық фактор» үшін зорлық-зомбылық атаулыны теріске шығарумен бірдей. Давидтер, Фольмарлар және оппортунизмнің басқа мықтылары ғана марксизмді осылай түсінеді. Ал, атап айтқанда, Россиядағы шаруа-

лар мен мещандарға көзқарас жөнінде кадеттердің қазіргі саясатындағы алдаушылықтың ролін теріске шығару немесе оны әлсіретуге тырысу — фактілерді либерализмнің пайдасына бұрмалап, оны боямалау деген сөз. Өйткені, кадеттердің шаруалар мен мещандар арасындағы өз сайлаушыларын тура алдап отырғаны — нағыз даусыз факт. Таптың мүдделері белгілі бір теориялық жалған үміттер, ягни алдамшы елестер тудырып отырған кезде (мысалы, шаруалардың мүдделері помещиктік жерді экспроприациялаудан барлық игіліктердің жалған үмітін тудырып отырған кезде), партияның өз сайлаушыларын алдағаны туралы айтып жату орынсыз. Халықтың белгілі бір топтарының парламенттегі өкілдері сол топтардың тікелей мүдделерін осы топтарды қанаушыларға құрбандық етіп отырғанда (шаруаларды помещиктерге сатып отырғанда және т. б.) халықтың белгілі бір топтарын сол өкілдердің алдап отырғанын барша жұртқа міндетті түрде естірте және ашық айту керек. Неміс буржуазиясы шаруаларды сатып кетті, деп жазды Маркс 1848 жылы [189]. Егер 1907 жылы Россияда біздің буржуазия туралы және біздің кадеттер туралы осыны айтуға батылымыз бармаса, мұны халық бұқарасына түсіндіре білмесек, онда біз социал-демократтар деген ұлы атақты батпаққа былғаймыз.

Үшінші түзету: сол 3-пунктке қосымша ретінде кадеттермен «техникалық келісімдер» жасасуға болатындығын мойындау. Бұл түзету съезде атап дауысқа салғанда қабылданбай қалды. Біз бұл түзетудің қабылдануы біздерді бүкіл қарарды қайтып алуға мәжбүр етеді деп мәлімдедік: егер түзетулер қарардағы негізгі ойды бұрмаласа, қарарды қайтып алуға біздің хақымыз бар. Кадеттермен қандай да болмасын келісім жасасуға әдейі тыйым салу туралы біз ештеңе айтпаймыз,— деп мәлімдедік біз. Әңгіме шатақ істерге тыйым салу немесе жол беру туралы болып отырған жоқ, жалпы саяси бағыт туралы болып отыр. Кімде-кім съездің осы қарарын адалдықпен қолданғысы келсе, ол кадеттермен сайлау келісімдерін жасасуға немесе солармен бірге ортақ ұрандар көтеруге бармайды, бірақ Думада бірігіп дауыс

берудің қандай да «шатақ» туғызу мүмкіндігі мұнымен жоғалмайды. Ал съезд қарарын адал орындамайтындарды белгілі бір тұжырымға «іліктіруге» тырысудың жалпы түк пайдасы болмас еді. Либералдармен «техникалық келісімдер жасасу» дегеннің біздегі меньшевиктер үшін не екендігімен бүкіл партиямыз практика жүзінде тым жақсы танысты.

Төртінші түзету: 4-пунктке халықшылдардың аграрлық утопизмі мен революционизміне қарсы күресу керектігін көрсетуді қосу туралы түзетуді енгізгенде меньшевиктер түзетудің текстіндегі кейбір сөздерді немесе оның қарарға енгізілетін орнын белгілеуді бірнеше рет ылғи өзгертіп отырды. Съезд бұл түзетулердің бәрін қабылдамай тастады. Бұл түзетулер жөніндегі айтыстардың, сөз жоқ, принциптік маңызы болды. Меньшевиктер, марксизм туын бетке ұстап, мұнда марксизмге өте жат бірдеңені өткізуге тағы да тырысты. Сөз жоқ, марксизм халықшылдардың аграрлық утопияларын да, ұсақ буржуазиялық революционизмнің тәсілдерін де қабылдамайды. Егер солай болса,— деп пайымдады меньшевиктер,— оны осында, өз қарарларыңызда айтыңыздар. — Ғапу етіңіздер, қымбатты жолдастар,— деп жауап бердік біз оларға,— мұнда қалай айтылуы керек болса, бәрі де дәл солай айтылған. Ал сіздердің түзетулеріңіз, сіздердің еріктеріңіз бен саналарыңызға қарамастан, помещиктік жерді *конфискелеуге* қарсы әрекет маңызына ие болып отыр. Барлық либералдар ғана емес, Прокопович мырза мен Кускова ханым á la көптеген бейпартиялық социал-демократтардың да, Думадағы социал-демократиялық фракцияға да, партияның Орталық Комитетіне де конфискелеуді үзілді-кесілді талап етпеуді ұсынған кейбір (біздің бағымызға, олар көп емес) партиялық социал-демократтардың да нақ осы конфискелеуді «утопизм» және «революционизм» деп жариялап жүргенін біз ұмытқанымыз жоқ қой.

Қарар жазғанда оны түсінетіндей етіп жазу керек. Қарар социал-демократтардың белгілі бір бөлегінің жақсы ниеттерімен емес (ең жақсы ниеттерге әрқашан жол бере отырып), шын саясатта орын алып отырған

саяси тенденциялардың бәрімен санасуға тиіс. Халықшылдардың *«жалған* социализмін» біз өз қарарымызда ашық және анық айттық. Олардың «социалистік» идеологиясы бізде тұп-тура әншейін *«тұман»* деп аталды. Олардың пролетар мен ұсақ қожайынсымақтың арасындағы таптық қарама-қарсылықты бүркемелеуіне қарсы күресу социал-демократтың сөзсіз міндеті деп танылды. Осы арқылы бәрі айтылды, осы арқылы халықшылдық ішіндегі шын утопиялық элемент айыпталды, осы арқылы «таптан тыс» ұсақ буржуазиялық революционизм де айыпталды. Ол ол ма. Біздің қарарда тек айыптау ғана, тек теріске шығару ғана айтылмайды, онда қазіргі партиялардың дұрыс мазмұны да көрсетіледі. «Помещиктік жер иеленуге және крепостниктік мемлекетке қарсы күрес»,— міне, бізде бұл мазмұн осылай белгіленген. Сондықтан мещандық социализмнің «тұманына» қарсы күреске бола мұны ұмытқан адам марксист емес. Қазіргі революцияда халықшылдардың ертеңгі күн туралы тұманды армандарынан гөрі, бұл нақты мазмұнның маңызы өлшеусіз зор. Осы нақты күрес себепті қазір либералдық саясат пен пролетарлық саясат түпкілікті түрде екіге жарылып отыр. Либералдық саясат помещиктік жер иеленуді және крепостниктік мемлекетті толық жоюды *утопия және әншейін бос революционизм* деп санайды: бұлайша тас-талқанын шығару буржуазияға *тиімсіз* және қауіпті. Осы күнгі шын саясатта, басқа мүдделердің ешқайсысы да емес, буржуазияның нақ осындай таптық пайдакүнемдік мүддесі халықшылдардың утопизмі мен революционизміне шабуыл жасаудан білініп отыр. Мұның керісінше, пролетарлық саясат таптық емес социализмнің утопизмін, революционизмін және жалпы алғанда «теңгермешілдік» армандарының *тұманын* помещиктер мен крепостниктерге қарсы батыл күресудің *нақтылығынан* бөліп тастайды. Либералдар үшін зиянды утопия болып табылатын нәрсе — помещиктік жер иеленушілік пен крепостниктік мемлекетті толық талқандау — қазіргі уақыттағы біз үшін пролетариаттың ең көкейтесті мүддесі болып табылады. Осы негізде біз қазір либерализмге қарсы мейлінше кескілескен тікелей практикалық

күрес жүргізуге тиістіміз, демократияшыл шаруаларды оның ықпалынан шығарып алу жолында күрес жүргізуге тиістіміз.

Меньшевиктердің қарастырылып отырған бұл түзетулері меньшевизмнің ең етек алған қателерінің бірін: қазіргі революциядағы буржуазияның реакцияшылдығын (яғни помещиктерге қарсы және самодержавиеге қарсы күрестегі реакцияшылдығын) шаруалардың реакцияшылдығымен теңестіруді білдіреді (ал бұл реакцияшылдықтың помещиктерге қарсы және самодержавиеге қарсы күреске қатысы жоқ, қайта капиталға қарсы күреске, яғни қазіргі буржуазиялық революцияның емес, болашақ, социалистік революцияның міндеттеріне қатысы бар). Меньшевиктердің бұл түбірлі қатесін съезд қабылдамай тастады. Ал бұл қатенің практикалық мәні зор, өйткені пролетариаттың либералдармен және шаруалар демократиясымен бірлесіп қимылдауына бірдей жол беретін саясат осы қатені бүркемеленіп келді.

Меньшевиктердің жалпы көңіл аударарлық, соңғы түзетуі де 4-пунктке, атап айтқанда, оның соңғы жағына қатысты. Меньшевиктер бұдан кадеттерге қарсы күресу керектігін көрсеткен сөздерді («...қаражүздіктер *мен кадеттерге* қарсы күресте социал-демократтар жағына шығады» деген сөздерді) алып тастауды ұсынды. Бұл съезд үшін мүлдем қолайсыз осы түзетуді тым болмаса *түрі жағынан* шамалап болса да қолайлы ету үшін олар өздеріне ұнамсыз сөздерді демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізу жолында күресу деген сөздермен ауыстыруды ұсынды. Бұл өзінше бір «жуып-шаю» әрекеті болды, большевиктерге қолайсыз *саясатты* (кадеттерге қарсы тікелей күреспеу саясатын) большевиктерге өте қолайлы *ұранмен* бүркемелеп өткізіп жіберу әрекеті еді. Жалау сенікі, ал жүк біздікі болсын,— барып тұрған оппортунист-саясат құмарлар ретінде меньшевиктер өздерінің ұсынысы арқылы шынына келгенде, міне, осылай деді.

Меньшевиктердің аңқаулық әскери айласын большевиктер отырған орындықтар жақтан шыққан күлкі, әрине, бірден-ақ әшкереледі (Лондондағы шіркеуде біз

шынында да орындықтарда отырған едік, сондықтан бұл — тура мағынасында айтылып отырған сөз). Меньшевиктердің түзетуі өтпей қалғаннан кейін бір поляк: *кадеттерге қарсы күресу* керектігі айтылған жері сақталсын және сонымен бірге революцияны ақырына дейін жеткізу жолында күресу керектігі де мойындалсын деп екінші түзету енгізгенде, әлгі орындықтарда отырғандар тура шек-сілесі қатып ұзақ күліп, мысқылдап қатты ду қол шапалақтады. Әрине, съезд бұл түзетуді қабылдады. Л. Мартов «Үндесуде» (№ 5) революцияны ақырына дейін жеткізудің осынау бейне бір буржуазиялық-республикалық идеясы үшін бізге қарсы бұрқан-тарқан болып ашу шақырғаннан соң, әлгі түзетуді жақтап дауыс берген меньшевиктерге («жағдай міндеттейді»!) мысқылдап қол шапалақтау өте орынды болды.

Меньшевиктердің сәтсіз қулығы бізге көрсеткен өте сәтті қызметі болып шықты, өйткені съезд осы түзетудің арқасында біздің съезге ұсынылмаған басқа бір қарарымыздағы, атап айтқанда: пролетариаттың таптық міндеттері туралы қарардағы өте маңызды пікірді мойындады.

III

Съезде бір көрнекті меньшевик (Мартынов болса керек), былайша айтқанда, меньшевизмнің қашқын болып шықпай, үлгілі тәртіппен кері шегінген болып шығуын тілеп, кадеттерге қазіргі көзқарасты қағазға түсіріп жатудың қажеті жоқ дегенді айтты. Енді кадеттер түкке жарамайды, солай-ақ болсын. Бірақ мұны қағазға түсірмей-ақ қойыңдар, өйткені олардың әлі кәдеге асуы мүмкін.

Бұл сөздерде меньшевизмнің аса елеулі бір пікірі сәтсіз тұжырымдалып отыр, буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселені қарастырудың қорытындысында сол пікірге тоқталып өтуге болады. Бұл тұжырымның сәтсіз болып шыққан себебі — «кәдеге аса» алатынның бәрін пайдалану мүмкіндігі осы, қазіргі, контрреволюциялық саясаттың таптық түп-тамырын

анықтайтын қарарда әсте мүмкін емес делінген жоқ. Бұл арада: егер қазір кадеттер меньшевиктердің сенімін ақтамаған болса, олардың ол сенімді ақтаған кезі болды ғой деген елеулі пікір бар.

Бұл пікір қате. Меньшевиктердің кадеттерге деген сенімін кадеттер еш уақытта ақтаған емес. Бұған көзді жеткізу үшін біздегі революцияның ең ірі өрлеу кезеңін, 1905 жылғы октябрь — декабрьді алып, онымен қазіргі кезеңді, неғұрлым құлдыраған деп айтуға болатын кезеңді салыстырудың өзі жеткілікті. Неғұрлым өрлеу кезінде де, неғұрлым құлдырау кезінде де кадеттер меньшевиктердің сенімін ақтаған жоқ, олардың тактикасын қуаттаған жоқ, қайта өздерінің қылығымен ол тактиканы бұзып отырды. Өрлеу кезеңінде меньшевиктердің өздері либералдарға қарсы белсене күрес жүргізді («Началоны» еске түсіріңіздер), ал қазір II Думадағы барлық дауыс берулердің жиынтығы «солшыл блок» саясатының пайдасына және кадеттерді қолдау саясатына қарсы айдан анық дәлел болып отыр.

Біздегі революцияның неғұрлым өрлеуі мен неғұрлым құлдырауының арасындағы уақытты Россиядағы социал-демократияның болашақ тарихшысы бұлталақтау дәуірі деп атауға тиісті болады. Бұл кезде социал-демократия меньшевиктер арқылы либерализм жағына ауытқыды. Таластар жылы (1904 жылдың аяғы — 1905 жылдың аяғы) даулы мәселелерді және ол мәселелерге жалпы баға беруді тарихи жағынан әзірлеу жылы болды. Революцияның бір жарым жылы (1905 жылдың аяғы — 1907 жылдың жартысы) осы даулы мәселелерді практикалық саясат саласында практикалық сыннан өткізу болды. Бұл сыннан өткізу либерализмді қолдау саясатының толық сәтсіздікке ұшырағандығын тәжірибеде көрсетіп берді, бұл сыннан өткізу буржуазиялық революциядағы пролетариаттың бірден-бір революциялық саясатын: сатқын либерализмге қарсы демократияшыл шаруаларды өзіне қосып ала отырып, революцияны ақырына дейін жеткізу жолында күресу саясатын мойындауға әкеп жеткізді.

Социал-демократияның либерализм жағына бұлталақтауының бұл кезеңін Лондон съезімен аяқталды деп

айту өте қиын. Бірақ қайткен күнде де бұлталақтаудың жойылуына қарай елеулі бастама жасалды.

P. S. Буржуазиялық баспасөз большевиктерді бейне бір өліге балап, даттау үшін социал-демократтардың лажсыздан үндемеуін және Лондон съезінің «жартылай жариялылығын» мықтап пайдаланып отыр. Біздің күнделікті газетсіз бейпартиялық «Товарищті» қуып жетеміз деп ойлауымыздың, әрине, керегі де жоқ; онда бұрынғы социал-демократ А. Брам, одан соң Юрий Переяславский мырза және tutti quanti * —шүкіршілік, протокол жоқ әйтеуір, сондықтан ойға келген өтірікті айта беруге болады деп,—нағыз канкан биін билеп жүр ғой. Бұл А. Брамдардың, Переяславскийлердің және К⁰ мақалаларында бейпартиялық буржуазиялық интеллигенттердің әдеттегі ызақорлығынан басқа дәнеме де жоқ, сондықтан бұл мақалалардың өздеріне лайықты жиіркенішпен қарсы алынуы үшін сол мақалалардың аттарын атап өтсе де жеткілікті. Струве мырзаның «Биржевка» [190] таратқан және осы уақытқа дейін, сірә, тойтарыс берілмеген әңгімесінің жөні мүлде бөлек. Ол әңгіме жиіркеніш тудыруымен қатар, бұл... пендеге ғылыми жағынан көңіл бөлдіреді. Оның октябристерге іш тартуы, оның солшылдарға өшпенділігі — либерализмнің имманенттік тенденцияларының нағыз классикалық белгісі. Өзінің бюроға (Думаның) октябристі өткізгені туралы да, жалпы алғанда октябристермен келіс сөздер жүргізгені, кеңестер өткізгені туралы да бұрынғы лақаптарды Струве мырза мойындайды. Ол октябристермен бірігуді жақтайды! Рахмет сізге, Струве мырза, октябристер мен кадеттер туралы «Пролетарийдің» өткен күзде-ақ жазғанын (№ 5: «Орыс саяси партияларын жіктеу тәжірибесі») сіз тым тамаша растап отырсыз!**, Струве мырза буржуазиялық *интеллигенцияның* дәрменсіздігін сезіп отыр, сөйтіп либерализмнің салмақ ауыртпалығын *дәу-*

---

* — солар сияқтылар. *Ред.*

** Қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 23—30-беттер. *Ред.*

летті таптарға қарай жақындатып қойғысы келеді. Кадеттер типтес либералдардың патшамен келісім жасасуынан еш теңе шықпай жүр,— жоғалсын кадеттер, тым болмаса октябристер типтес «либералдармен» келісім жасалса екен. Бұл — дәйекті сөз. Бұл біз үшін тиімді де, өйткені бұл — жағдайды айқындай, анықтай түседі. Жаңа, помещиктік Дума. Сенімді помещиктер мен буржуазия шонжарларын сенімсіз шаруалардан, қала мещандары мен жұмысшылардан барынша қажетті айқындықпен тамаша бөлетін жаңа сайлау заңы. Либерализмдегі жаңа ағым: Струве мырзаның «солшылдардың авантюристік саясатына» қарсы, солшылдардың *«жетілмеген шаруалар бұқарасының қараңғы әлеуметтік түйсіктерін!!* («әлеуметтік түйсіктер» деу — сауатсыз, бірақ өзінің сауатсыз айтылуымен соғұрлым айқын көзге түседі. Струве мырза өзінен онша қашық емес Орыс халқы одағына неғұрлым жақындаған сайын, сірә, ол мырзаның жазғандары соғұрлым сауатсыз және соғұрлым айқынырақ бола түсуі мүмкін) *қанауға»* қарсы күресі.

Иә, бұл кездейсоқтық емес. Буржуазиялық либерализм интеллигенттік партия ретінде дәрменсіз. Ол революцияшыл («қараңғы әлеуметтік түйсіктер») шаруаларға қарсы күрестен тыс дәрменсіз. Ол ақшалы қапшықпен, помещиктер бұқарасымен, фабриканттармен... *октябристермен* тығыз одақтан тыс дәрменсіз. Шындықтың аты — шындық. Біз кадеттерге: «не істесең де, тез істе» деп әлдеқашан айттық. Кімде-кім патшамен келісім жасасуды жақтаса — октябристерге, Столыпиндерге, Орыс халқы одағына барсын.

Кімде-кім халықты жақтаса — либерализмнің трудовиктерге ықпал жүргізуіне қарсы жалғыз өзі ғана аяусыз күрес жүргізіп келген және күрес жүргізіп отырған социал-демократияның соңынан ілесіңдер.

Кейбіреулер: кадеттерді нақ меньшевиктік саясат қана жікке бөле алады деп ойлады. Аңғал жалған үміт! Кадеттерді революциялық социал-демократияның солшыл блогының саясаты *ғана* жікке бөліп келді және жікке бөледі. Араның сөзсіз ашылуын: буржуазиялық либералдардың октябристер жағына, буржуазияшыл

демократтардың трудовиктер жағына шығуын *тек* осындай саясат *қана* тездетеді. Социал-демократия, бұлардың соңғыларын пролетарлық дәйекті демократизм мен либерализмнің біреуін таңдауға, осыған дейінгісіндей, бұдан былай да мәжбүр ете береді.

Струве á la саясатшылар, алға қарай батыл басыңдар!

1907 ж. мына жинақта басылған «РСДРП Лондон съезінің қорытындылары». С.-Петербург
Қол қойған: Н. Ленин

Жинақтың текстi бойынша басылып отыр

В. И. ЛЕНИННІҢ ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЕСКЕРТУЛЕР

КӨРСЕТКІШТЕР

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

В. И. ЛЕНИННІҢ ОСЫ УАҚЫТҚА ДЕЙІН ТАБЫЛМАҒАН ЕҢБЕКТЕРІНІҢ ТІЗІМІ

(Февраль — июнь, 1907)

АҒЫМДАҒЫ КЕЗЕҢ ЖӘНЕ ПАРТИЯНЫҢ МІНДЕТТЕРІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

1907 жылы мартта Куоккаладағы (Финляндия) «Ваза» дачасында В. И. Ленин РСДРП V съезіне делегаттар сайлауды өткізу үшін жергілікті жерлерге жүріп бара жатқан большевиктердің нұсқау кеңесінде ағымдағы кезең және партияның міндеттері туралы баяндама жасады. Лениннің баяндамасы туралы мәліметтер РСДРП V съезінің делегаты А. Г. Шлихтердің (қараңыз: «Комсомольская Правда», 1937, № 107, 12 май, 3-бет) және П. И. Лебедев-Полянскийдің (Валерьян Полянский) естеліктерінде келтірілген. Лебедев-Полянский былай дейді: Ленин бір сағаттан астам уақытқа созылған баяндамасында Мемлекеттік дума сайлауы туралы, сайлау алдындағы келісімдер туралы айтты, сол тұста жаңа ғана шыққан «Алдағы болатын съезге меньшевик-практиктердің қатысуымен Мартов, Дан, Старовер, Мартынов және басқалар дайындаған тактикалық платформаны» сынады (Ленин туралы. Естеліктер. II кітап. М., [1925], 105—110-беттер). КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде «Тактикалық платформа...» листовкасының бір данасы сақтаулы, онда Лениннің сөздердің астын сызған, белгі соққан, басылым туралы жазып қойған сөздері бар.

П. Г. ДАУГЕГЕ ХАТТАР

Бұл хаттар жайында П. Г. Дауге өзінің В. И. Ленин туралы естеліктерінде айтады. 1907 жылғы 6 (19) апрельден ертерек жазылған хаттарының бірінде Ленин Даугеге американ социалисі Эрнест Унтерманның «Антонио Лабриола және Иосиф Дицген. Тарихи және монистік материализмді салыстыру тәжірибесі» деген кітапшасына (С.-Петербург, 1907) оның алғы сөзі жөнінде жазады. Мұнымен бірге, П. Г. Дауге «И. Ф. Беккердің, И. Дицгеннің, Ф. Энгельстің, К. Маркстің және басқалардың Ф. А. Зоргеге және басқаларға жазған хаттары» деген кітапты (1907) басып шығару кезінде ол осы кітапқа алғы сөз жазған Ленинмен

хат алысып тұрғанын хабарлайды (қараңыз: Ленин туралы. Латвия революционерлерінің естеліктері. Рига, 1959, 59—60-беттер).

ОСЛОҒА НОРВЕГИЯ ЖҰМЫСШЫ ПАРТИЯСЫНЫҢ ПРЕДСЕДАТЕЛІНЕ ТЕЛЕГРАММА

Телеграмманы В. И. Ленин 1907 жылы 21 және 28 апрель (4 және 11 май) аралығында Мальмёден (Швеция) Норвегия жұмысшы партиясының председателі Оскар Ниссенге жіберген. Бұл телеграммада Ленин РСДРП V съезін Норвегия территориясында өткізу мүмкіндігі туралы сұрайды. Ниссен Норвегия сыртқы істер министріне жолығады. Норвегия үкіметі съезді өткізуге рұқсат етпеді. Лениннің телеграммасы туралы мағлұматтарды А. Эгеде-Ниссен хабарлайды (қараңыз: Adam Egede-Nissen. Et liv i strid. (Күреспен өткен өмір). Oslo, [1945], 107-бет).

РСДРП V СЪЕЗІНІҢ БОЛЬШЕВИКТІК ФРАКЦИЯСЫ МӘЖІЛІСТЕРІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕР

В. И. Лениннің большевиктік фракция мәжілістерінде сөйлеген сөздері туралы партияның V съезінің делегаттары — большевиктер К. Д. Гандуриннің, Н. С. Каржанскийдің және басқалардың естеліктерінде айтылған. К. Д. Гандуриннің естеліктерінде В. И. Лениннің (1907 жылғы 21 және 28 апрельдің (4 және 11 майдың) аралығында) Копенгагенде большевик-делегаттардың мәжілісінде жауынгерлік жасақтар туралы мәселе жөнінде сөйлеген сөзі туралы мағлұматтар бар. Гандурин Лениннің большевиктік фракцияның Лондондағы мәжілістерінде сөйлеген сөздері туралы да хабарлайды, рас, ол нақты қай мәжілістерде және нақты қандай мәселелер бойынша сөйлегенін көрсетпейді (қараңыз: К. Гандурин. Астыртын жұмыс көріністері (Қарт большевиктің естеліктері). [Иваново], 1941, 123, 139—140-беттер). Н. С. Каржанский большевиктік фракцияның 1907 жылы 30 апрельдің (13 майдың) кешінде, съездің бірінші мәжілісінен кейін өткен мәжілісінде съездегі күштердің орналасуы туралы мәселе жөнінде Лениннің сөйлеген сөзі туралы хабарлайды (Владимир Ильич Ленин туралы естеліктер. 1-бөлім, М., 1956, 350—351-беттер).

РСДРП V СЪЕЗІ ТУРАЛЫ БАЯНДАМА

В. И. Ленин 1907 жылы майдың аяғында — кеш дегенде 3 (16) июньде Териокиде (Финляндия) Петербургтен келген жұмысшылар алдында РСДРП V съезі туралы баяндама жасады (қараңыз: Н. К. Крупская. Ленин туралы естеліктер. М., 1957, 126-бет).

В. И. ЛЕНИН РЕДАКЦИЯЛАУҒА ҚАТЫСҚАН БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТІЗІМІ

«НОВЫЙ ЛУЧ» ГАЗЕТІ

№ 1 — 20 февраль, 1907 ж.
№ 2 — 21 февраль, 1907 ж.
№ 3 — 22 февраль, 1907 ж.
№ 4 — 23 февраль, 1907 ж.
№ 5 — 24 февраль, 1907 ж.
№ 6 — 25 февраль, 1907 ж.
№ 7 — 27 февраль, 1907 ж.

«ПРОЛЕТАРИЙ» ГАЗЕТІ

№ 14 — 4 март, 1907 ж.
№ 15 — 25 март, 1907 ж.
№ 16 — 2 май, 1907 ж.

«НАШЕ ЭХО» ГАЗЕТІ

№ 1 — 25 март, 1907 ж.
№ 2 — 27 март, 1907 ж.
№ 3 — 28 март, 1907 ж.
№ 4 — 29 март, 1907 ж.
№ 5 — 30 март, 1907 ж.
№ 6 — 31 март, 1907 ж.
№ 7 — 1 апрель, 1907 ж.
№ 8 — 3 апрель, 1907 ж.
№ 9 — 4 апрель, 1907 ж.
№ 10 — 5 апрель, 1907 ж.
№ 11 — 6 апрель, 1907 ж.
№ 12 — 7 апрель, 1907 ж.
№ 13 — 8 апрель, 1907 ж.
№ 14 — 10 апрель, 1907 ж.

В. И. ЛЕНИН ЖАЗҒАН БОЛУЫ ЫҚТИМАЛ ЕҢБЕКТЕРДІҢ ТІЗІМІ

«КАДЕТТЕР ШАБУЫЛҒА ШЫҚТЫ»

«Кадеттер шабуылға шықты» деген мақала 1907 жылы 22 февральда «Новый Луч» газетінің 3-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.

Тақырыбы мен мазмұны жағынан мақала II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракция жұмысының алғашқы қадамдарына және меньшевиктердің оппортунистік тактикасын сынауға арналған «Алғашқы маңызды қадам», «Жік туғызушылар болашақ жік туралы» деген мақалаларға жақын. Ленин Дума президиумы туралы мәселе бойынша дауыс беруді осы оппортунистік тактиканың мысалы ретінде алады. «Алғашқы маңызды қадам» деген мақалада Ленин былай деп жазды: «Президиум сайлау уақ-түйек мәселе емес. Бұл — бірінші қадам, оған келесі қадамдар жалғасады» (осы том, 37-бет). «Кадеттер шабуылға шықты» деген мақалада осы ой одан әрі жалғастырылған: «Сіздер біздің соңымыздан ердіңіздер,— дейді кадеттер солшылдарға,— бұл жақсы... Бірақ сіздер өздеріңіздің бұл қадамдарыңызға тек қиын алғашқы қадам ретінде карауларыңыз керек». «Жік туғызушылар болашақ жік туралы» деген мақалада Ленин «Кадеттер шабуылға шықты» деген мақалаға тікелей сілтеме жасайды: «Біз бұрнағы күні: «пролетариаттың қызыл туы Думадағы социал-демократиялық фракцияның қолында қалтылдап тұр», деп жазған едік» (осы том, 61-бет). «Кадеттер шабуылға шықты» деген мақалада: «Пролетариаттың қызыл туы Думадағы социал-демократиялық фракцияның қолында қалтылдап тұр» деген нақ осы сөздер бар.

ЕСКЕРТУЛЕР

1 *«РСДРП бесінші съезіне арналған қарарлардың жобалары»* «Пролетарий» газетінің 1907 жылғы 4 марттағы 14-номерінде жарияланды, оған редакциядан мынадай кіріспе берілді: «Петербург комитеті, Москва комитеті, Москва округтік комитеті, Орталық өнеркәсіпті аудан облыстық бюросы, «Пролетарий» редакциясы өкілдерінің жиналысы 1907 ж. 15—18 февральда партиялық дискуссия үшін және съезді әзірлеу үшін кейбір аса маңызды тактикалық мәселелер жөнінен материал ретінде съезге қарарлардың мына жобаларын әзірледі». Бұл жиналыстың протоколдары сақталмаған.

«РСДРП бесінші съезіне арналған қарарлардың жобалары» 1907 жылы 25 және 27 февральда большевиктік жария газет — «Новый Лучтың» 6 және 7-номерлерінде, сондай-ақ 1907 жылы апрельде шыққан «Тактика мәселелері» (II жинақ) деген большевиктік жинақта басылды (толық емес). «Қарарлардың жобаларын» сол кезде РСДРП Москва комитеті толық емес күйінде, кейбір редакциялық өзгерістермен қайта басып шығарды.

«Пролетарий» — большевиктік құпия газет. 1906 жылғы 21 августан (3 сентябрьден) 1909 жылғы 28 ноябрьге (11 декабрьге) дейін В. И. Лениннің редакциялауымен шығып тұрды; 50 номері шықты. Редакцияның жұмысына М. Ф. Владимирский, В. В. Воровский, И. Ф. Дубровинский, А. В. Луначарский белсене қатысты; газетті шығару жөніндегі техникалық жұмысты А. Г. Шлихтер, Е. С. Шлихтер және басқалар жүргізді. Газеттің алғашқы жиырма номері Выборгте баспаға әзірленді және терілді (одан жіберілген матрицадан басып шығару Петербургте ұйымдастырылды; құпиялық сақтау мақсатымен газетте ол Москвада шығарылады деп көрсетілді). Сонан соң, Россияда құпия органды басып шығару ісінің жағдайы өте-мөте нашарлауы салдарынан, «Пролетарийдің» редакциясы, РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің шешіміне сәйкес, газеттің шығарылуын шетелге

көшірді (21—40-номерлері Женевада, 41—50-номерлері Парижде шықты).

«Пролетарийдің» 1—2-номерлері — РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің, 3—4-номерлері — РСДРП Москва, Петербург және Москва округтік комитеттерінің, 5—11-номерлері — РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь және Курск комитеттерінің, 12—20-номерлері — РСДРП Москва, Петербург, Москва округтік, Пермь, Курск және Қазан комитеттерінің, 21-номерінен бастап (редакция шетелге көшірілгеннен кейін) ақырына дейін қайтадан — РСДРП Москва және Петербург комитеттерінің органы ретінде шықты.

Іс жүзінде «Пролетарий» большевиктердің Орталық Органы болды. «Пролетарийдің» редакциясындағы барлық негізгі жұмысты Ленин атқарды. Газеттің көптеген номерлерінде оның бірнешеден мақалалары басылды. «Пролетарийде» жұмысшы табының революциялық күресінің аса маңызды мәселелері жөнінен Лениннің 100-ден астам мақаласы мен заметкасы жарияланды. Газетте тактикалық және жалпы саяси мәселелер кеңінен жазылды, онда РСДРП Орталық Комитетінің қызметі туралы есептер, конференциялардың және Орталық Комитет пленумдарының шешімдері, партия қызметінің әр түрлі мәселелері жөнінен Орталық Комитеттің хаттары және басқа бірқатар документтер жарияланып отырды. Газеттің 46-номеріне қосымшада 1909 жылы 8—17 (21—30) июньде Парижде өткізілген «Пролетарийдің» кеңейтілген редакциясының кеңесі туралы хабар, сондай-ақ осы кеңестің қарарлары басылды. Газет жергілікті партия ұйымдарымен тығыз байланысты болды.

Столыпин реакциясы жылдарында «Пролетарий» большевиктік ұйымдарды сақтап қалуда және нығайтуда, жойымпаздарға, шақырымпаздарға, ультиматистерге және құдайжасампаздарға қарсы күресте аса көрнекті роль атқарды. 1910 жылы январьда РСДРП Орталық Комитетінің Пленумында ымырашылдардың жәрдемімен меньшевиктер фракцияшылдықпен күресу деген сылтаумен «Пролетарий» газетін жабу туралы шешім қабылдаттырды.— *1.*

2 *I Мемлекеттік дума* (Витте Думасы деп аталатын) министрлер Советінің председателі С. Ю. Виттенің жасаған ережесі бойынша 1906 жылы 27 апрельде (10 майда) шақырылды.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы (1905) патшаны 17 октябрь манифесін шығаруға мәжбүр етті, онда, революция жайпап тастаған кеңесші Булыгин Думасынан өзгеше, заң шығара алатын Мемлекеттік думаның шақырылатыны жарияланды. Патша үкіметі жаңа Дума шақыру жолымен революциялық қозғалысты жікке бөліп, әлсіретуді, елдің дамуын бейбіт конституциялық-монархиялық жолға түсіруді көздеді. Конституциялық уәделер бере отырып, үкімет сонымен бірге Мемлекеттік думаны ұйымдастырғанда оның құрамы өзінің қалағанындай болуын қамтамасыз ететін форма-

ларды іздестірді. 1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі Дума сайлауы жөніндегі заң және Мемлекеттік советті патша жанындағы кеңесші органнан Мемлекеттік дума қабылдаған заң жобаларын бекітуге немесе қабылдамай тастауға праволы заң шығаратын палатаға айналдырған 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң осыған бағытталған болатын. 1906 жылы 23 апрельде (6 майда) II Николай бекіткен «Негізгі мемлекеттік заңдар» жарияланды, бұл заңдарда мемлекеттік саясаттың неғұрлым маңызды мәселелерін Думаның қарауынан алу көзделді.

I Мемлекеттік дума сайлауы 1906 жылы февраль — мартта өткізілді. Большевиктер сайлауға бойкот жариялады. Бойкот Мемлекеттік думаның беделін едәуір түсірді, оған халықтың бір бөлегінің сенімін әлсіретті, бірақ сайлауды болдырмай тастауға шамасы келмеді. Бойкоттың сәтсіздікке ұшырауының негізгі себебі Думаның шақырылуына кедергі бола алатын жаппай революциялық өрлеудің болмауынан еді. Меньшевиктердің іріткі салушылық бағыт ұстауы мен шаруаларда конституциялық жалған үміттердің күшті болуы да бойкоттың сәтсіздікке ұшырауына себеп болды. Қайткенмен де Дума жиналған соң, Ленин оны революциялық үгіт пен насихат мақсатында, Дума халық өкілдігін дөрекі боямалау екенін әшкерелеу мақсатында пайдалану міндетін алға қойды.

I Мемлекеттік думаға 478 депутат сайланды, олардың ішінде: кадеттер — 179, автономистер — 63 (бұған поляк колосы, украин, эстон, латыш, литван және басқа буржуазиялық-ұлттық топтардың мүшелері кірді), октябристер — 16, партияда жоқтар — 105, трудовиктер — 97 және социал-демократтар — 18. Сонымен, Думадағы орындардың үштен бірінен астамына кадеттер ие болды.

Мемлекеттік дума өзінің мәжілістерінде басқа мәселелермен қатар адамның жеке басына тимеу туралы, өлім жазасын жою туралы, ождан және жиналыс бостандығы туралы, азаматтардың тең праволылығы туралы және басқа мәселелерді талқылады. Алайда бұл мәселелер жөніндегі көбінесе кадеттер ұсынған заң жобалары шын мәнісінде «сөз бостандығына да *қарсы*, жиналыстар бостандығына да *қарсы* және басқа жақсы нәрселерге де қарсы каторгалық заң жобалары» (В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 13-том, 316-бет) еді. Мемлекеттік думада аграрлық мәселе маңызды орын алды. Думада негізгі екі аграрлық программа: 42 депутат қол қойған кадеттердің заң жобасы және «104-тің жобасы» деген атпен белгілі болған трудовиктердің заң жобасы ұсынылды. Трудовиктерге қарама-қарсы, кадеттер помещиктік жер иеленушілікті сақтап қалуға тырысты, тек негізінен шаруалардың құрал-саймандарымен өңделген немесе арендаға берілген помещиктік жерлерді ғана иеліктен айырып, «әділ бағамен» төлем құнына беруді ұйғарды.

I Мемлекеттік дума өзінің дәрменсіздігіне, шешімдерінің жартыкештігіне қарамастан, үкіметтің үмітін ақтамады. Патша үкіметі оны 1906 жылы 8 (21) июльде таратып жіберді.— *3.*

³ *Конституцияшыл-демократтар,* кадеттер — Россиядағы либерал-монархиялық буржуазияның жетекші партиясы — конституциялық-демократиялық партияның мүшелері. Кадеттер партиясы 1905 жылы октябрьде құрылды; оның құрамына буржуазияның өкілдері, помещиктерден шыққан земство қайраткерлері және буржуазиялық интеллигенттер кірді. Кадеттердің көрнекті қайраткерлері: П. Н. Милюков, С. А. Муромцев, В. А. Маклаков, А. И. Шингарев, П. Б. Струве, Ф. И. Родичев және басқалар болды. Еңбекші бұқараны алдау үшін кадеттер өздеріне «халық бостандығы партиясы» деген жалған ат алды, ал іс жүзінде олар конституциялық монархияны талап етуден әрі аспады. Кадеттер өздерінің басты мақсаты революциялық қозғалыспен күресу деп білді, өкімет билігін патшамен және крепостник-помещиктермен бөлісуге ұмтылды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында кадеттер патша үкіметінің басқыншылық сыртқы саясатын белсене қолдады. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезеңінде олар монархияны сақтап қалуға тырысты. Буржуазиялық Уақытша үкіметте басшы орындарға ие бола отырып, кадеттер халыққа қарсы, американ-ағылшын-француз империалистеріне жағымды, контрреволюциялық саясат жүргізді. Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейін кадеттер Совет өкіметінің бітіспес жауы болды, барлық контрреволюциялық қарулы қимылдарға және интервенттердің жорықтарына қатысып отырды. Интервенттер мен ақ гвардияшылар талқандалғаннан кейін кадеттер эмиграцияда жүріп, өздерінің антисоветтік контрреволюциялық әрекеттерін тоқтатқан жоқ.— *3.*

⁴ *«Орыс халқы одағы»* — монархистердің барып тұрған реакциялық, қаражүздік ұйымы; революциялық қозғалыспен күресу үшін Петербургте 1905 жылы октябрьде құрылды. «Одақ» реакцияшыл помещиктерді, ірі үй иелерін, көпестерді, полиция чиновниктерін, дін басыларын, қала мещандарын, кулактарды, азғындағап және қылмыскер элементтерді біріктірді. «Одақты» басқарғандар: В. А. Бобринский, А. И. Дубровин, П. А. Крушеван, Н. Е. Марков 2-ші, В. М. Пуришкевич және басқалар. «Русское Знамя», «Объединение» және «Гроза» газеттері «Одақтың» баспасөз органдары болды. Россияның көптеген қалаларында «Одақтың» бөлімшелері ашылды.

«Одақ» патша самодержавиесінің мызғымастығын, жартылай крепостниктік помещиктік шаруашылықтың, дворяндар пұрсаттылығының сақталуын қорғады. Оның программалық

ұраны крепостниктік право заманындағы «православие, самодержавие, халықтық» деген монархиялық ұлтшылдық ұран еді. «Одақ» революцияға қарсы күрестің басты әдісі етіп ойран салуды және кісі өлтірушілікті таңдап алды. Оның мүшелері полицияның жәрдемімен және бетімен жібергендігінен алдыңғы қатарлы революцияшыл жұмысшылар мен демократиялық пиғылдағы интеллигенция өкілдерін тасадан жасырынып келіп ашықтан-ашық, қаймығу-қорқусыз ұрып-соқты, өлтірді, митингіге қатысушыларды қуып таратты, оларға оқ атты, еврей ойрандарын ұйымдастырып, орыс емес ұлттарды өршелене қуғындады.

II Дума таратылған соң, «Одақ» 2 ұйымға: III Думаны контрреволюциялық мақсаттарға пайдалануды көздеген, Пуришкевич бастаған «Михаил Архангел палатасына» және бұрынғы атын сақтап, ашық террор тактикасын одан әрі жүргізген Дубровин бастаған «Орыс халқы одағына» бөлінді. 1917 жылгы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы кезінде бұл қаражүздік ұйымдардың екеуі де жойылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін бұл ұйымдардың бұрынғы мүшелері Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық бүліктер мен заговорларға белсене қатысты.— *5.*

[5] *Біріккен дворяндар советі* — крепостник-помещиктердің контрреволюциялық ұйымы, 1906 жылы майда губерниялық дворяндар қоғамдары уәкілдерінің бірінші съезінде құрылып, 1917 жылдың октябріне дейін өмір сүрді. Ұйымның басты мақсаты самодержавиелік құрылысты, ірі помещиктік жер иеленуді және дворяндардың пұрсаттылығын қорғау болды. Біріккен дворяндар советін басқарғандар: граф А. А. Бобринский, князь Н. Ф. Касаткин-Ростовский, граф Д. А. Олсуфьев, В. М. Пуришкевич және басқалар. Ленин Біріккен дворяндар советін «біріккен крепостниктер советі» деп атады. Біріккен дворяндар советі іс жүзінде үкіметті крепостниктердің мүдделерін қорғауға бағытталған заң шығару шараларын жасауға мәжбүр етіп отырған жартылай үкімет органына айналды. Біріккен дворяндар советі мүшелерінің едәуір бөлегі Мемлекеттік советке және қаражүздік ұйымдардың басшы орталық орындарына енді.— *5.*

[6] *«17 октябрь одағы»* (октябристер партиясы) Россияда 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін құрылды. Бұл — ірі буржуазияның және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін білдіретін және қорғайтын контрреволюциялық партия еді; оны белгілі өнеркәсіпші және Москвадағы үйлер иесі А. И. Гучков пен ірі помещик М. В. Родзянко басқарды. Октябристер патша үкіметінің ішкі және сыртқы саясатын толық қолдап отырды.— *5.*

[7] *Сауда-өнеркәсіп партиясы* — ірі капиталистердің контрреволюциялық партиясы; 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланғаннан кейін Москвада ірі капиталистер: Г. А. Крестовников, В. П. Рябушинский және басқалар құрды. Өзін 17 октябрь манифесін жақтаушы деп жариялай отырып, партия революциялық қозғалысты басу үшін күшті үкімет билігін орнатуды талап етті, құрылтай жиналысын шақыруға, жерді национализациялауға, сегіз сағаттық жұмыс күнін енгізуге және стачкалар бостандығына қарсы шықты. І Мемлекеттік дума сайлауында октябристермен бір блокта болды. 1906 жылдың аяқ кезінде сауда-өнеркәсіп партиясы тарап кетті, оның мүшелерінің көпшілігі «17 октябрь одағына» кірді.— *5.*

[8] *«Бейбіт жаңарту» партиясы* — ірі буржуазия мен помещиктердің конституциялық-монархиялық ұйымы; 1906 жылы І Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін біржола қалыптасты. Партия солшыл «октябристер» мен оңшыл кадеттерді біріктірді. Бейбіт жаңартушылардың лидерлері П. А. Гейден, Н. Н. Львов, П. П. Рябушинский, М. А. Стахович, Е. Н. және Г. Н. Трубецкойлар, Д. Н. Шипов және басқалар болды. Өзінің программасы жағынан партия октябристерге жақын тұрды. Партияның қызметі сауда-өнеркәсіп буржуазиясының және шаруашылығын капиталистік тұрғыда жүргізетін помещиктердің мүдделерін қорғауға бағытталды. Ленин «бейбіт жаңарту» партиясын «бейбіт тонау партиясы» деп атады, өйткені бұл партияның қызметі «...миллиондаған «мужик адамдардың» табан ет, маңдай терімен Россияның ақсүйек дворяндарының *правосын* әйтеуір бір амалын тауып сенімдірек, ептірек, шеберірек, іш жағынан берігірек, сырт жағынан белгісізірек етіп қорғап қалу» (Шығармалар, 13-том, 43-бет) бағытында болды. ІІІ Мемлекеттік думада «бейбіт жаңарту» партиясы «демократиялық реформалар» партиясы дейтінмен «прогрессистер» фракциясына бірікті.— *5.*

[9] *Халықтық социалистер* — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшелері, бұл партия 1906 жылы социалист-революционерлер (эсерлер) партиясының оң қанатынан бөлініп шықты. Олар кулактардың мүдделерін білдірді, жерді помещиктерден құнын төлеп алатын ішінара национализациялауды және оны еңбек нормасы деп аталатын норма бойынша шаруаларға бөліп беруді жақтады. Энестер кадеттермен блок жасасуды жақтады. Ленин оларды кадеттер мен эсерлер арасында ауытқып жүрген «социал-кадеттер», «мещан оппортунистер», «эсер меньшевиктер» деп атады, бұл партияның «кадеттерден айырмашылығы өте аз, өйткені республиканы да, барлық жерді талап етуді де программадан шығарып тастап отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 26-бет) деп атап көрсетті. Партияны А. В. Пешехонов, Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин және басқалар басқарды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революция-

сынан кейін халықтық социалистер партиясы трудовиктермен қосылды, буржуазиялық Уақытша үкіметтің қызметін белсене қолдап, оның құрамына өзінің өкілдерін жіберді. Октябрь социалистік революциясынан кейін энестер Совет өкіметіне қарсы контрреволюциялық заговорларға және қарулы қимылдарға қатысты. Шетел соғыс интервенциясы және азамат соғысы кезеңінде партия өзінің өмір сүруін тоқтатты.— *6*.

10 *Еңбек тобы* (трудовиктер) — Россия Мемлекеттік думаларындағы шаруалардан және халықшылдық түсініктегі интеллигенттерден құралған ұсақ буржуазияшыл демократтар тобы. Трудовиктер фракциясы 1906 жылы апрельде I Мемлекеттік думаның шаруалар депутаттарынан құралды.

Трудовиктер барлық сословиелік және ұлттық шектеуді жою, земстволық және қалалық өзін өзі басқаруды демократияландыру, Мемлекеттік дума сайлауы үшін жалпыға бірдей сайлау правосын жүзеге асыру талабын қойды. Трудовиктердің аграрлық программасы жерді теңгермелі түрде пайдаланудың халықшылдық принциптеріне негізделді: егер иеліктегі жер көлемі белгіленген еңбек нормасынан асса, қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік, сондай-ақ жеке меншіктегі жерлерден жалпы халықтық қор ұйымдастырылады; иеліктен айрылған жеке меншіктегі жерлер үшін ақы төлеу көзделді. Кәдуілгі трудовик — шаруа,— деп көрсетті В. И. Ленин 1906 жылы, ол «монархиямен мәмлеге келуден, буржуазиялық құрылыс шеңберінде *өзінің* ұлтарақтай жерінде тыныштыққа ұмтылудан қашпайды, бірақ қазіргі уақытта оның басты күші жер үшін помещиктермен күресуге, демократия үшін крепостниктік мемлекетпен күресуге жұмсалып отыр» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 27-бет).

Трудовиктер Мемлекеттік думада кадеттер мен социал-демократтардың арасында ауытқумен болды. Бұл ауытқу сол ұсақ қожайындардың — шаруалардың таптық табиғатына байланысты еді. Әйтседе, трудовиктер шаруалар бұқарасының өкілдері болғандықтан, большевиктер Думада патша самодержавиесіне және кадеттерге қарсы ортақ күрес жүргізу үшін жекелеген мәселелер жөнінде олармен келісімге келу тактикасын қолданды. 1917 жылы Еңбек тобы «халықтық социалистер» партиясымен бірікті, буржуазиялық Уақытша үкіметті белсене қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін трудовиктер буржуазиялық контрреволюция жағында әрекет жасады.— *6*.

11 *Эсерлер* (социалист-революционерлер) — Россиядағы ұсақ буржуазиялық партия; 1901 жылдың аяғы — 1902 жылдың басында әр түрлі халықшылдық топтар мен үйірмелердің («Социалист-революционерлер одағы», Социалист-революционерлер партиясы, т. б.) бірігуі нәтижесінде пайда болды. «Революционная Россия» газеті (1900—1905) мен «Вестник Русской Революции» журналы (1901—1905) оның ресми ор-

ганы болды. Эсерлер пролетариат пен ұсақ меншік иесінің арасындағы таптық айырмашылықты көрмеді, шаруалардың ішіндегі таптық жіктелуді және қайшылықтарды бүркемеледі, пролетариаттың революциядағы басшылық ролін жоққа шығарды. Эсерлердің козқарасы халықшылдық пен ревизионизм идеяларының эклектикалық қойыртпағы болды; Лениннің сөзімен айтқанда, эсерлер «халықшылдықтың жыртықтесігін марксизмді сәнге айналған оппортунистік «сынаудың» жамауларымен» жөндеуге тырысты (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 308-бет). Эсерлер самодержавиемен күрестегі негізгі әдіс ретінде уағыздаған жеке террор тактикасы революциялық қозғалысқа үлкен кесел келтірді, бұқараны революциялық күреске ұйымдастыру ісін қиындатты.

Эсерлердің аграрлық программасы жерге жеке меншікті жоюды және оны қауым қарамағына беруді, жерді пайдалануда «еңбек негізін» және «теңгермелі әдісті» қолдануды, сондай-ақ кооперацияны дамытуды көздеді. Эсерлер «жерді социализациялау» деп атаған осы программада шынында социалистік дейтіндей түк жоқ еді. В. И. Ленин эсерлер программасын талдай келіп, ортақ жерде товар өндірісін және жеке меншік шаруашылықты сақтау капитал үстемдігін жоя алмайды, еңбекші шаруаларды қаналу мен күйзелістен құтқара алмайды; капитализм жағдайында кооперация да ұсақ шаруалар үшін аман қалудың құралы бола алмайды, өйткені ол село буржуазиясын байыту үшін қызмет етеді деп көрсетті. Сонымен қатар жерді теңгермелі түрде пайдалану талаптарының социалистік болмағанымен, деп атап көрсетті Ленин, тарихи прогрестік революциялық-демократиялық сипаты болды, өйткені ол талаптар реакциялық помещиктік жер иеленушілікке қарсы бағытталған болатын.

Большевиктер партиясы эсерлердің социалистер болып көрінуге тырысқан әрекеттерін әшкереледі, шаруаларға ықпал жасау үшін эсерлермен табанды күрес жүргізді, олардың жеке террор жасау тактикасы жұмысшы қозғалысына зиянды екенін көрсетіп отырды. Сонымен бірге большевиктер патша өкіметіне қарсы күресте эсерлермен белгілі бір жағдайда уақытша келісім жасасудан да қашпады.

Шаруалардың таптық жағынан әр тектілігі эсерлер партиясында саяси және идеялық тұрақсыздық, ұйымдық алауыздық, олардың либерал буржуазия мен пролетариат арасында үнемі ауытқуын тудырды. Бірінші орыс революциясы жылдарының өзінде-ақ эсерлер партиясынан оның оң қанаты бөлініп шығып, жария Халықтық социалистік еңбек партиясы (энестер) құрылды, ол өзінің көзқарасы жағынан кадеттерге жақын тұрды, ал сол қанатынан жартылай анархистік «максималистер» одағы қалыптасты. Столыпиндік реакция кезінде эсерлер партиясы идеялық және ұйымдық жағынан толық күйреді. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында эсерлердің көпшілігі социал-шовинизм позициясында болды.

1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясы жеңгеннен кейін эсерлер меньшевиктермен және кадеттермен бірге контрреволюциялық буржуазиялық-помещиктік Уақытша үкіметтің басты тірегі болды, ал партияның лидерлері (Керенский, Авксентьев, Чернов) үкімет құрамына кірді. Эсерлер партиясы помещиктік жер иелепушілікті жою жөніндегі шаруалар талабын қолдаудан бас тартты, жерге помещиктік жеке меншікті сақтауды жақтады; Уақытша үкіметтің эсер министрлері помещиктердің жерлерін басып алған шаруаларға қарсы жазалау отрядтарын жіберді.

1917 жылы ноябрьдің аяқ кезінде эсерлердің сол қанаты дербес солшыл эсерлер партиясын құрды. Солшыл эсерлер шаруалар бұқарасы арасында өз ықпалын сақтауға тырысып, Совет өкіметін формальды түрде таныған болды және большевиктермен келісімге келді, бірақ көп ұзамай Совет өкіметіне қарсы күрес жолына түсті.

Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында эсерлер контрреволюциялық қастандық жұмыс жүргізді, интервенттер мен ақ гвардияшыларды белсене қолдады, контрреволюциялық заговорларға қатысты, Совет мемлекеті мен Коммунистік партияның қайраткерлеріне қарсы террорлық әрекеттер ұйымдастырды. Азамат соғысы аяқталғаннан кейін эсерлер ел ішінде және эмиграциядағы ақ гвардияшылар қосынында жүріп, Совет мемлекетіне қарсы дұшпандық әрекетін тоқтатпады.— *6.*

12 Ленин бұл арада революцияның барысында жұмысшылардың қолы жеткен жеңістерді тартып алу үшін Лодзь фабриканттары одағы жариялаған локаутқа қарсы 1906 жылғы декабрь — 1907 жылғы марттағы Лодзь пролетариатының қаһармандық күресін айтып отыр. Лодзь фабрикаларының біріндегі толқулар локаутқа сылтау болды. Жұмысшылардың «тәртіп бұзушыларды» ұстап беруден бас тартуына жауап ретінде фабриканттар әрбір бесінші жұмысшыны жұмыстан шығарамыз деп қорқытты. Жұмысшылар фабриканттардың талаптарын үзілді-кесілді қабылдамай, ереуіл жариялаған соң, фабриканттар одағы әуелі Лодзьдің ең ірі 7 фабрикасын, одан кейін барлық басқа фабрикалар мен шеберханаларды да жауып тастады. Лодзь фабриканттарының ізінше Варшава мен Вильноның тоқыма фабрикаларының фабриканттары локаут жариялады. Лодзь фабриканттары жұмысшыларға қарсы бірлесіп күресу туралы Орталық өнеркәсіпті ауданның тоқыма фабриканттарымен келіс сөздер жүргізіп, заказдардың біразын соларға берді.

Үш айға созылған күреске 30 000 жұмысшы қатысты. Лодзь жұмысшыларына Варшаваның, Петербургтің, Москваның және басқа қалалардың жұмысшылары көмек берді. Олар локаутқа ұшыраған жұмысшыларға көмекке қаржы жинау науқанын ашты; кәсіподақ органдары Лодзь жұмысшыларына жәрдемге жиналған ақша қаражаттары туралы

есептерді, ереуілшілерді қолдауға шақырған үндеулерді және локаут туралы басқа материалдарды жариялап отырды.

Алайда Лодзь жұмысшыларының қарсыласуы аштықпен және жазалау шараларымен басып тасталды. 1907 жылы 25 мартта «Пролетарий» газеті «Польшадан» деген бөлімінде былай деп жазды: «Лодзь локаутының жергілікті маңызы ғана болған жоқ; ол бүкіл поляк буржуазиясының поляк пролетариатымен күресі болды, сөйтіп поляк пролетариатының таптық санасының жетілуіне орасан зор ықпалын тигізді».— *9.*

13 П. Б. Аксельрод ұсынған және басқа меньшевиктер қолдаған «жұмысшы съезі» дейтінді шақыру идеясы әр түрлі жұмысшы ұйымдары өкілдерінің съезін шақырып, жария «кеңейтілген жұмысшы партиясының» негізін қалауда болды, оған социал-демократтар, эсерлер және анархистер кіреді. Іс жүзінде бұл РСДРП-ны жойып, оның орнына бейпартиялық ұйым құру деген сөз еді. РСДРП V съезі «жұмысшы съезінің» меньшевиктік идеясын батыл айыптады және оны жақтап үгіт жүргізуді пролетариаттың таптық санасының жетілуі үшін зиянды деп тапты. Большевиктермен бірге поляк және латыш социал-демократтары да «жұмысшы съезіне» қарсы күресті. «Жұмысшы съезінің» меньшевиктік идеясы жөніндегі сынды В. И. Лениннің мына шығармаларынан қараңыз: «Революциялық ортадағы тоғышарлық», «Меньшевизмнің дағдарысы», «Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы интеллигент жауынгерлер», «Ашуға булығып абыржу (Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде)», (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 47—59, 162—188-беттер; осы том, 186—190, 191—205-беттер).— *10.*

14 Одессаның «Освобождение труда» кітап баспасы 1907 жылы жұмысшы мәселесі жөніндегі мақалалар жинағын шығарды, оған жұмысшы съезін жақтап үгіт жүргізуді қолдаған «Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде» деген мақала (қол қойылмаған) енгізілген болатын.— *10.*

15 Бұл арада РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы қабылдаған «Жұмысшы съезін жақтап үгіт жүргізудің шектері туралы мәселе жайында» деген қарар айтылып отыр (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 206-бет).

РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») *конференциясы* Таммерфорста 1906 жылы 3—7 (16—20) ноябрьде болып өтті. Конференцияға шешуші дауыспен 32 делегат: меньшевиктерден — 11, бундшылдардан — 7, большевиктерден — 6, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясынан — 5, Латыш өлкесі социал-демократиясынан — 3 делегат қатысты.

Орталық Комитеттің және Орталық Орган редакциясының мүшелері кеңесші дауыс правосымен қатысты.

Конференция мынадай күн тәртібін қабылдады: 1. Сайлау науқаны. 2. Партия съезі. 3. Жұмысшы съезі. 4. Қаражүздікке және ойрандарға қарсы күрес. 5. Партизандық қимылдар.

Меньшевиктік Орталық Комитет бірқатар жалған ұйымдардың өкілдігін ұйымдастырып, конференцияда меньшевиктердің көпшілік болуын қамтамасыз етті. Мұның өзі конференцияға бірқатар мәселелер жөнінен меньшевиктік қарарлар қабылдатуға мүмкіндік берді. Конференцияда Петербургтің, Москваның, Орталық өнеркәсіпті ауданның, Поволжьенің, поляк және латыш социал-демократтарының 14 делегаты большевиктік бағытты қорғады. II Мемлекеттік думаға сайлау науқаны туралы мәселе жөнінде конференцияда төрт баяндама тыңдалды. Кадеттермен блок жасасуға қарсы большевиктік тактиканы қорғап, В. И. Ленин және Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының өкілі А. Варский (А. С. Варшавский) баяндамалар жасады. Кадеттермен блок жасасудың меньшевиктік тактикасын Л. Мартов және бундшыл Р. А. Абрамович қорғады.

Баяндамалар талқыланғаннан кейін конференция 14 дауысқа қарсы 18 дауыспен (меньшевиктер мен бундшылдар) «РСДРП-ның сайлау науқанындағы тактикасы туралы» меньшевиктік қарарды қабылдады, бұл қарарда кадеттермен блок жасасуға жол берілді. Бұл оппортунистік қарарға қарама-қарсы Ленин 14 делегаттың атынан сайлау науқанындағы большевиктік платформаны — «Ерекше пікірді» ұсынды, онда жұмысшы табы партиясының ұйымдық және идеялық дербестігі қажет екені атап көрсетілді. «Ерекше пікір» ұсақ буржуазиялық демократияның өкілдері ретінде трудовиктермен және эсерлермен ғана уақытша келісімдер жасасуға болады деп есептеді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 113—115-беттер). Ленин конференцияда Орталық Комитет конференцияның бекітуіне ұсынған сайлау платформасының меньшевиктік жобасын сынап сөз сөйледі, оған бірқатар түзетулер енгізуді ұсынды. Большевиктердің қысымымен конференция сайлау платформасының жобасына түзетулер енгізу туралы қарар қабылдады. Конференция «Жергілікті жерлердегі сайлау науқанының бірлігі туралы» қарарды Лениннің түзетуімен қоса қабылдады. Бұл түзету меньшевиктік Орталық Комитеттің жергілікті жерлерде кадеттермен блок жасасу тактикасын жүргізуіне шек қоятын еді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 140-бет).

Ленин конференцияда партияның төтенше съезін шақыру қажеттігін қорғады. Конференция кезекті съезді 1907 жылғы 15 (28) марттан кешіктірмей шақыруға қаулы алды. Большевиктердің «жұмысшы съезін» жақтап үгіт жүргізуді партия тәртібін бұзушылық деп есептеп, осы мәселені талқылауды талап еткеніне қарамастан, конференция бұл мәселені талқыламады, «Жұмысшы съезін жақтап үгіт жүргізудің шектері

туралы мәселе жөнінде» деген ымырашылдық қарар қабылдаумен шектелді.

Қаражүздіктер мен ойрандарға қарсы күресу туралы және партизандық қимылдар туралы мәселелер уақыттың тарлығынан талқыланған жоқ. Конференция Орталық Комитетке қарарлардың барлық жобалары мен ерекше пікірлерді конференция туралы қысқаша есепте жариялауды тапсырды. Алайда меньшевиктік Орталық Комитет өзінің органы «Социал-Демократта» конференцияның қарарларын ғана жариялап, большевиктердің «Ерекше пікірін» баспай қойды.

Лениннің мына мақалаларында конференцияның жұмысына талдау жасалып, сын айтылған: «Кадеттермен блок жасасу туралы» және «Кадеттенуші социал-демократтармен күрес және партиялық тәртіп» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 122—136, 137—141-беттер).— *10.*

16 1906 жылы сентябрьде Петербургтің әр түрлі аудандарындағы жұмысшыларының жиналысы болды, онда «жұмысшы съезі» туралы мәселе талқыланды. 11 дауысқа қарсы 74 дауыспен «жұмысшы съезінің» меньшевиктік идеясын айыптаған қарар қабылданды. Қарарда бейпартиялық «жұмысшы съезін» жақтап үгіт жүргізу «партия мен таптың арасындағы айырмашылықты бүркемелеуге, социал-демократиялық сананы пролетариаттың аз жетілген топтарының дәрежесіне дейін төмендетуге әкеп соғады» және «пролетариат ісіне тек зиянын ғана тигізе алады» деп көрсетілді. Қарар 1906 жылы 8 сентябрьде «Пролетарий» газетінің 3-номерінде жарияланды.

Сол жылдың сентябрінде Орталық Россия социал-демократиялық ұйымдарының кезекті екінші конференциясы болып өтті. Конференцияға Москваның, Москва Округтік комитетінің, Костроманың, Иваново-Вознесенскінің, Брянскінің, Нижний Новгородтың, Тверьдің, Сормовоның, Смоленскінің, Ярославльдің, Орелдің, Елецтің, Тверь округтік ұйымының, Вологданың, Тамбовтың, сондай-ақ Орталық Комитеттің және «Пролетарий» газеті редакциясының өкілдері қатысты. Басқа мәселелермен бірге конференция «жұмысшы съезі» туралы мәселені талқылады. Баяндаманы «Пролетарий» редакциясының өкілі жасады. Конференция бейпартиялық «жұмысшы съезін» жақтап үгіт жүргізуді «саналы жұмысшыларды өздерінің социал-демократиялық партиясын топтастыру және нығайту міндеттерінен алаңдататын зиянды демагогия» деп таныған қарарды көпшілік дауыспен қабылдады.— *10.*

17 *«L'Humanité»* («Адамзат») — күнделікті газет; 1904 жылы Француз социалистік партиясының органы ретінде Ж. Жорес негізін салған. 1905 жылы газет Россияда басталған революцияны құттықтап, «өзінің 89-жылын жасап жатқан орыс ұлтымен» француз халқының ынтымақтас екенін білдірді.

Газет редакциясы орыс революциясына жәрдемге қаржы жинауды ұйымдастырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) газет Француз социалистік партиясының барып тұрған оң қанатының қолында болып, шовинистік позиция ұстады.

1918 жылы газетті француз және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері Марсель Кашен басқарып, оның саяси директоры болды. 1918—1920 жылдары өзінің қарулы күштерін Совет республикасымен күресуге бағыттаған француз үкіметінің империалистік саясатына газет қарсы шықты. 1920 жылдың декабрінен, Француз социалистік партиясы жікке бөлініп, Франция Коммунистік партиясы құрылғаннан кейін, газет Франция Коммунистік партиясының Орталық органы болды.

Екінші дүние жүзілік соғыстың басында, 1939 жылғы августа француз үкіметі газетке тыйым салды, газет құпия жағдайға көшті. Францияны гитлерлік әскер оккупациялаған кезде (1940—1944) газет құпия түрде шықты, Францияны фашистік басқыншылардан азат ету жолындағы күресте ол орасан зор роль атқарды.

Соғыстан кейінгі дәуірде газет елдің ұлттық тәуелсіздігін нығайту жолында, жұмысшы табының қимыл бірлігі жолында, халықтар арасында бейбітшілік пен достықты нығайту жолында, демократия және әлеуметтік прогресс жолында талмастан күрес жүргізіп келеді.— *12.*

18 *РСДРП төртінші (Бірігу) съезі* 1906 жылғы 10—25 апрельде (23 апрель — 8 майда) Стокгольмде болып өтті. В. И. Ленин съезд алдында, февральдың екінші жартысында большевиктердің тактикалық платформасын — революцияның барлық негізгі мәселелері жөніндегі съезд қарарларының жобасын әзірледі. Большевиктердің қарарлары еңбекші бұқараны самодержавиеге жаңа революциялық тегеурін жасауға әзірленуге шақырды. Меньшевиктер съезге өздерінің тактикалық платформасын ұсынды, онда олар шын мәніне келгенде революциялық күрестен бас тартты. Съезге сайлау осы платформалар бойынша өтті. Екі платформаны талқылау және съезге делегаттар сайлау науқаны екі айға жуық уақытқа созылды. Бұл науқанның нәтижесінде партия ұйымдарының көпшілігі большевиктік платформаны жақтады.

Съезде РСДРП-ның жергілікті 57 ұйымынан шешуші дауыспен 112 делегат және кеңесші дауыспен 22 делегат болды. Съезге ұлттық ұйымдардан: Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясынан, Бундтан және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясынан үш өкілден, Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясы мен Финляндия жұмысшы партиясынан бір өкілден қатысты. Съезде Болгар социал-демократиялық жұмысшы партиясының өкілі де болды.

Большевик-делегаттар қатарында В. И. Ленин, В. В. Воровский, К. Е. Ворошилов, М. И. Калинин, Н. К. Крупская, А. В. Луначарский, Ф. А. Сергеев (Артем), И. И. Скворцов-Степанов, И. В. Сталин, М. В. Фрунзе, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский болды.

Съезде меньшевиктер көпшілік еді. Мұның себебі, бұқараның қарулы қимылдарын басқарған көптеген большевиктік партия ұйымдары талқандалған еді, сондықтан олар өздерінің делегаттарын жібере алмады. Большевиктердің тірегі — Орталықтан, Уралдан, Сибирьден, Солтүстіктен делегаттар тым аз келді. Елдің бұқаралық революциялық қимылдар болмаған өнеркәсіпті емес аудандарында сан жағынан анағұрлым үлкен ұйымдары болғандықтан меньшевиктер делегаттарды көбірек жіберуге мүмкіндік алды.

Съезд мынадай күн тәртібін қабылдады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Қазіргі кезең және пролетариаттың таптық міндеттері туралы; 3) Мемлекеттік дума сайлауының қорытындылары және Думаның өзі жөніндегі тактика туралы мәселе; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Революциялық уақытша үкімет және революциялық өзін өзі басқару; 7) Жұмысшы депутаттары Советтеріне көзқарас; 8) Кәсіптік одақтар; 9) Шаруалар қозғалысына көзқарас; 10) Социал-демократиялық емес әр түрлі партиялар мен ұйымдарға көзқарас; 11) Партия программасындағы ұлт мәселесіне байланысты Польша үшін ерекше құрылтай жиналысын шақыру талабына көзқарас; 12) Партияны ұйымдастыру; 13) Ұлттық социал-демократиялық ұйымдармен (Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы, Бунд) бірігу; 14) Есеп беру; 15) Сайлау. Бірақ күн тәртібі толық талқыланған жоқ. Съезд мына мәселелерді ғана талқылады: 1) Аграрлық программаны қайта қарау; 2) Ағымдағы кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері; 3) Мемлекеттік думаға көзқарас; 4) Қарулы көтеріліс; 5) Партизандық қимылдар; 6) Ұлттық социал-демократиялық партиялармен бірігу және 7) Партия уставы.

Съезде барлық мәселелер бойынша большевиктер мен меньшевиктер арасында қиян-кескі күрес болды. Ленин аграрлық мәселе жөнінде, қазіргі кезеңге баға беру және пролетариаттың таптық міндеттері туралы, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, қарулы көтеріліс туралы және басқа мәселелер жөнінде баяндамалар жасады, сөз сөйледі; РСДРП уставының жобасын дайындау жөніндегі комиссияға қатысты. Съезде меньшевиктердің сан жағынан басым болуы оның шешімдерінің сипатына әсер етті. Табанды күрестен кейін съезд Мемлекеттік дума туралы, қарулы көтеріліс туралы меньшевиктік қарарларды бекітті, меньшевиктердің аграрлық программасын қабылдады. Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе бойынша съезд халықаралық Амстердам конгресінің қарарын қуаттаумен шектелді. Съезд

кәсіптік одақтар туралы ымырашыл қарарды және шаруалар қозғалысына көзқарас туралы қарарды талқылаусыз қабылдады.

Сонымен бірге, партия бұқарасының талап етуі бойынша, съезд уставтың бірінші параграфының лениндік тұжырымын қабылдады, сөйтіп Мартовтың оппортунистік тұжырымын алып тастады. Демократиялық централизм туралы большевиктік тұжырым уставқа тұңғыш рет енгізілді.

Съезде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясымен және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу туралы мәселе шешілді; олар РСДРП құрамына белгілі бір территориядағы барлық ұлттардың пролетариаты арасында жұмыс жүргізетін территориялық ұйым ретінде кірді. Съезд Бундпен бірігу шарттарының жобасын да қабылдады, бірақ арнаулы қарарда пролетариаттың ұлттар бойынша ұйымдасуына үзілді-кесілді қарсылық білдірді. Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясының инициативасы бойынша съезде Украин социал-демократиялық жұмысшы партиясымен бірігу жөнінде мәселе қойылды, бірақ оның ұсақ буржуазиялық ұлтшылдық сипатына байланысты онымен келісім жасалмады.

Съезде сайланған Орталық Комитеттің құрамына 3 большевик және 7 меньшевик енді. Орталық Орган — «Социал-Демократ» газетінің редакциясы меньшевиктерден ғана құралды.

Съезд партия тарихына «Бірігу» съезі ретінде енді. Алайда съезде РСДРП-ның формальды түрде бірігуі ғана жүзеге асырылды. Іс жүзінде меньшевиктер мен большевиктердің революцияның аса маңызды мәселелері бойынша өз көзқарастары, өз платформалары болды және олар шынында екі партия еді. Съездегі күрес большевиктер мен меньшевиктер арасындағы принципті алауыздықтардың мазмұны мен тереңдігін партия бұқарасына ашып берді. Съездің материалдары партия мүшелері мен саналы жұмысшылардың идеялық күресті түсінуіне, большевиктердің революциялық бағытын айқынырақ және тереңірек ұғынуына мүмкіндік берді.

Съезден кейін іле-шала Ленин большевик-делегаттардың атынан партияға үндеу жазды, онда IV съездің шешімдеріне принциптік баға берді, меньшевиктердің оппортунизмін әшкереледі.

Ленин «РСДРП Бірігу съезі туралы баяндама (Петербург жұмысшыларына хат)» деген кітапшасында съезд жұмысына талдау жасады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 1—73-беттер).— *12.*

19 *Бунд* («Литвадағы, Польша мен Россиядағы жалпы еврейлік жұмысшы одағы») 1897 жылы Вильнода еврей социал-демократиялық топтарының құрылтай съезінде ұйымдасты; Россияның батыс облыстарындағы еврей қолөнершілерінің көбінесе жартылай пролетарлық элементтерін біріктірді. Бунд

РСДРП I съезінде (1898) РСДРП құрамына «автономиялы ұйым ретінде кіреді, ол тек еврей пролетариатына қатысы бар мәселелерде ғана дербес ұйым болады» («КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 14-бет).

Бунд Россия жұмысшы қозғалысында ұлтшылдық пен сепаратизмді таратушы болды. 1901 жылы апрельде Бундтың IV съезі РСДРП I съезі белгілеген РСДРП-мен ұйымдық қатынастарды өзгерту жөнінде қаулы алды. Съезд өзінің қарарында: ол РСДРП-ны ұлттық ұйымдардың федерациялық бірігуі деп қарайды, сондықтан Бунд оған федерациялық бөлік ретінде кіруі керек деп мәлімдеді.

РСДРП II съезінде, Бундтың оны еврей пролетариатының бірден-бір өкілі деп тану туралы талабы қабылданбағаннан кейін, Бунд партиядан шықты. 1906 жылы, партияның IV (Бірігу) съезінің шешімі негізінде, Бунд РСДРП құрамына қайтадан кірді.

РСДРП ішінде бундшылдар үнемі партияның оппортунистік қанатын («экономистерді», меньшевиктерді, жойымпаздарды) қолдап отырды, большевиктерге және большевизмге қарсы күрес жүргізді. Ұлттардың өзін өзі билеу правосы жөніндегі большевиктердің программалық талабына Бунд мәдени-ұлттық автономия құру талабын қарсы қойды.

Столыпин реакциясы жылдарында Бунд жойымпаздық позиция ұстады, антипартиялық Август блогын құруға белсене қатысты. 1914—1918 жылдардағы бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде бундшылдар социал-шовинизм позициясында болды. 1917 жылы Бунд буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады, Октябрь социалистік революциясының жаулары жағында күресті. Шетел соғыс интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында Бундтың басшылары контрреволюциялық күштермен тізе қосты. Осымен бірге Бундтың қатардағы мүшелері арасында Совет өкіметімен ынтымақтасуды жақтаған бетбұрыс аңғарыла бастады. 1921 жылы мартта Бунд өзін өзі жойды, оның мүшелерінің бір бөлегі жалпы негізде РКП(б) қатарына қабылданды.— *12.*

20 *Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы* 1904 жылы июньде партияның I съезінде құрылды. 1905 жылы июньде Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының II съезінде партияның программасы қабылданды. 1905—1907 жылдарда Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы жұмысшылардың революциялық қимылына басшылық етті. Ленин «революция кезінде латыш пролетариаты мен латыш социал-демократиясы самодержавиеге және ескі құрылыстың барлық күштеріне қарсы күресте алдыңғы қатардағы, аса маңызды орындардың бірінде болды» (Шығармалар, 16-том, 273-бет) деп көрсетті.

IV (Бірігу) съезде (1906) территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына кірді. Съезден кейін Латыш өлкесінің социал-демократиясы деп аталды.— *12.*

21 *Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД)* — поляк жұмысшы табының революциялық партиясы, 1893 жылы әуелі Польша Корольдігі социал-демократиясы ретінде, ал 1900 жылғы августан, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиялық ұйымдарының съезінен кейін, осы съезде поляк социал-демократтары мен Литва социал-демократтарының бір бөлегі қосылғаннан кейін, Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы (ПКмЛСД) деп атала бастады. Поляк жұмысшы қозғалысын орыс жұмысшы қозғалысымен ынтымақтасуға бағыттап отыру және ұлтшылдықпен күресу партияның сіңірген қызметі болып табылады.

1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы большевиктік партияның ұрандарына үндес ұрандар көтеріп күреске шықты, либерал буржуазия жөнінде ымырасыз позиция ұстады. Сонымен бірге Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының бірқатар қателері де болды, ол социалистік революцияның лениндік теориясын түсінбеді, партияның демократиялық революциядағы басшылық ролін ұқпады, жұмысшы табының одақтасы ретіндегі шаруалардың ролін және ұлт-азаттық қозғалыстың маңызын жете бағаламады. В. И. Ленин Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының қате көзқарастарын сынай отырып, сонымен бірге Польшаның революциялық қозғалысы алдындағы оның қызметін де атап көрсетті. Ол поляк социал-демократтары «Польшада бірінші рет таза пролетарлық партия құрды, поляк және орыс жұмысшысының өздерінің таптық күресінде өте тығыз одақ жасауының орасан зор маңызды принципін жариялады» (Шығармалар, 20-том, 448-бет) деп атап көрсетті. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы территориялық ұйым ретінде РСДРП құрамына қабылданды.

Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы Ұлы Октябрь социалистік революциясын құттықтады және Польшада пролетарлық революцияның жеңісі жолында күресті өрістетті. 1918 жылы декабрьдегі Бірігу съезінде екі партия — Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы және Поляк социалистік партиясы-«солшылдар» бірігіп, Польша Коммунистік жұмысшы партиясы болып ұйымдасты.— *12.*

22 Бұл арада РСДРП Петербург ұйымының жалпы қалалық және губерниялық конференциясында меньшевиктер жасаған жікке бөлінушілік айтылып отыр; бұл конференция Териокиде 1907 жылы 6 (19) январьда өтті. Конференцияға шешуші

дауыспен 70 делегат (42 большевик, 28 меньшевик) қатысты. Кеңесші дауыспен меньшевиктік Орталық Комитет пен Орталық Органнан 4 өкіл, РСДРП Петербург комитеті мен большевиктік «Пролетарий» газеті редакциясынан бір өкілден және басқалар болды. Мандаттарды тексергенде, негізінен меньшевиктер өткен кейбір кіші аудандарда Петербург комитетінің конференцияға делегаттар сайлау міндетті түрде кадеттермен келісім жасау қажет пе, жоқ па деген мәселені партия мүшелері талқылаған соң өткізілуін талап еткен қаулысы бұзылған болып шықты. Конференция мұндай мандаттарды күшінде емес деп тапты. Конференция Орталық Комитет өкілінің конференцияны сайлау округтерінің санына лайықтап екіге (қалалық және губерниялық) бөлу жөніндегі ұсынысын көпшілік дауыспен қабылдамай тастады, өйткені бұл ұсыныс конференцияда әдейі меньшевиктердің көпшілік болуын қамтамасыз етуге бағытталған еді. Меньшевиктер революциялық социал-демократиямен ажырасып, кадеттермен мәмлеге келу үшін бұл шешімдерді сылтау ретінде пайдаланды; олар конференциядан кетіп қалды, сөйтіп осы арқылы сайлау қарсаңында Петербург ұйымын жікке бөлді.

Қалған делегаттар конференцияның жұмысын жалғастыра беруге қаулы етті. Дума сайлауындағы сайлау келісімдері туралы мәселе жөнінде Ленин баяндама жасады. Баяндаманы талқылағаннан кейін конференция РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясында большевиктер ұсынған «Ерекше пікірді» бекітті (қараңыз: В. И. Ленин. Шығармалар толық жинағы, 14-том, 113—115-беттер). Конференция кадеттермен блок жасасуды қабылдамай тастады, егер эсерлер мен трудовиктер кадеттермен қандай болсын бірігуден бас тартатын болса, оларға сайлау кезінде келісім жасасуды ұсынуға шешім қабылдады.

Петербург конференциясының жұмысын Ленин «Социал-демократия және Дума сайлауы», ««Есалаңның төрелігін тыңдар болсаң...» (Социал-демократ публицистің заметкаларынан)» деген кітапшаларында, «Жұмысшы партиясының Петербургтегі сайлау науқаны», «Социал-демократияның Петербургтегі сайлау науқаны», «31 меньшевиктің наразылығы» деген және басқа мақалаларында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 14-том, 271—297, 298—318, 264—270, 319—328, 334—338-беттер) егжей-тегжейлі баяндаған.— *13*.

23 Әңгіме Петербургте 1906 жылы декабрьдің аяғында (1907 жылы январьдың басында) өткен, сайлау келісімдері туралы мәселе жөніндегі информациялық кеңес туралы болып отыр. Кеңеске кадеттердің, эсерлердің, халықтық социалистердің, трудовиктердің өкілдері, РСДРП Орталық Комитетінің өкілі — меньшевик Ф. И. Дан қатысты. Мұнымен бірге кеңесте буржуазиялық партиялардың сайлау келісімдері жөнінде жасаған ұсыныстары туралы хабар беріп тұру мақсатымен РСДРП Петербург комитетінің екі өкілі болды. 1907 жылы

январьдың аяғында (февральдың басында) өткен, Петербург ұйымының 234 мүшесі қатысқан Петербургтің аудандық большевик-қызметкерлерінің жиналысы Данның буржуазиялық партиялардың өкілдері алдында сөйлеген сөзін *«Петербург социал-демократиялық ұйымында осы бағытта істелмекші жікке бөлінушілікті жасауға уәде беру»* («Пролетарий», № 13, 11 февраль, 1907 ж.) деп бағалады.— *13.*

24 *«Речь»* («Тіл») — күнделікті газет, кадеттер партиясының орталық органы; 1906 жылғы 23 февральдан (8 марттан) Петербургте іс жүзінде П. Н. Милюков пен И. В. Гессеннің редакциясымен, М. М. Винавердің, П. Д. Долгоруковтың, П. Б. Струвенің және басқалардың белсене қатысуымен шығып тұрды. Газетті 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. 1918 жылғы августқа дейін «Наша Речь», «Свободная Речь», «Век», «Новая Речь», «Наш Век» деген аттармен шығып келді.— *14.*

25 *«Товарищ»* («Жолдас») — буржуазиялық күнделікті газет; 1906 жылғы 15 (28) марттан 1907 жылғы 30 декабрьге (1908 ж. 12 январьға) дейін Петербургте шығып тұрды. Газет формальды түрде ешбір партияның органы болып саналмады, ал іс жүзінде солшыл кадеттердің органы болды. Газетке С. Н. Прокопович пен Е. Д. Кускова белсене ат салысты. Газетке меньшевиктер де қатысып тұрды.

Социалист-мильеранистер — социал-демократиядағы оппортунистік ағымның — мильеранизмнің өкілдері; бұл ағым 1899 жылы Францияның реакциялық буржуазиялық үкіметінің құрамына кіріп, сауда министрі болып істеп, үкіметтің халыққа қарсы саясатын қолдаған француз социалист-реформисі Мильеранның есімімен аталған. Мильеранның буржуазиялық үкіметке кіруі социал-демократияның оппортунист лидерлерінің буржуазиямен таптық ынтымақ жасау саясатының айқын белгісі, олардың революциялық күрестен бас тартуы, еңбекші таптардың мүдделерін сатып кетуі болды. Мильеранизмді ревизионизм және ренегаттық ретінде сипаттай келіп, Ленин социал-реформистер буржуазиялық үкіметке кіре отырып, дереу жалған тұлғаларға, капиталистер үшін пердеге, бұл үкіметтің бұқараны алдау құралына айналды деп көрсетті.— *14.*

26 *«Страна»* («Ел») — күнделікті газет, демократиялық реформалар партиясының органы; 1906 жылғы 19 февральдан (4 марттан) 1907 жылға дейін Петербургте шығып тұрды.

Демократиялық реформалар партиясы — 1906 жылдың басында I Мемлекеттік дума сайлауы кезінде кадеттер программасын тым солшыл деп санаған элементтерден құрылған ли-

бералдық-монархиялық партия. Партияның басшылығына К. К. Арсеньев, И. И. Иванюков, М. М. Ковалевский, В. Д. Кузьмин-Караваев, А. С. Посников және басқалар белсене ат салысты. 1907 жылдың аяғына таман партия өмір сүруін тоқтатты.— *14.*

27 *«Новое Время»* («Жаңа Заман») — күнделікті газет; 1868 жылдан 1917 жылға дейін Петербургте шығып тұрды; газет түрлі бастырушылардың қолынан өтіп, өзінің саяси бағытын талай рет өзгертті. Бастапқы кезде баяу-либералдық бағыт ұстаған газет 1876 жылы А. С. Суворин бастырушысы болғаннан кейін реакцияшыл дворяндық және чиновниктік-бюрократтық топтардың органына айналды. 1905 жылдан — қара-жүзділердің органы. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін газет буржуазиялық Уақытша үкіметтің контрреволюциялық саясатын қолдап, большевиктерге өршелене жала жапты. 1917 жылы 26 октябрьде (8 ноябрьде) Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады. В. И. Ленин «Новое Времяны» сатқын газеттердің үлгісі деп атады. ««Нововремяшылдық» дегеніміз,— деп жазды ол,— шегінушілік, ренегаттық, жағымпаздық деген түсініктермен бір мағыналы сөз болды» (Шығармалар, 18-том, 276-бет).— *15.*

28 Эсерлердің, трудовиктердің, халықтық социалистердің және меньшевиктердің өкілдерімен кадеттердің конференциясы 1907 жылы 18 (31) январьда Петербургте өтті. Меньшевиктер алты орыннан үш орынды ұсақ буржуазиялық блокқа беру туралы кадеттермен осы конференцияда саудаласты, оған берілген бағаны В. И. Лениннің мына мақалаларынан қараңыз: «Бір сатыдан бір саты», «Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 329—333, 339—351-беттер).— *15.*

29 *«Екінші Мемлекеттік думаның ашылуы»* деген мақала 1907 жылы 20 февральда «Новый Луч» газетінің 1-номерінің бас мақаласы ретінде жарияланды.

«Новый Луч» («Жаңа Сәуле») — большевиктік күнделікті саяси және әдеби газет; 1907 жылғы 20 февральдан 27 февральға (5 марттан 12 мартқа) дейін Петербургте В. И. Лениннің редакциясымен шығып тұрды. Газет елдің саяси өмірін, жұмысшы қозғалысын кеңінен жазды; меньшевиктердің оппортунистік саясатын қатты сынады, сондай-ақ либерал буржуазияның контрреволюцияшылдығын және ұсақ буржуазиялық партиялардың тартыншақтығы мен солқылдақтығын әшкерелеп отырды. Газеттің барлық номерлерінде дерлік Лениннің мақалалары басылды. «Новый Лучтың» 1907 жылғы 25 және 27 февральдағы 6 және 7-номерлерінде партияның бесінші съезіне арналған қарарлардың большевиктік жобалары жарияланды.

Газетке В. В. Воровский, М. Горький, А. В. Луначарский, М. Н. Лядов, М. С. Ольминский, М. Н. Покровский, И. И. Скворцов-Степанов, А. Г. Шлихтер және басқалар да қатысты. Патша үкіметі 7-номерінен кейін газетті жауып, оның шығарушысына қарсы сот ісін қозғады.— *20.*

30 *II Мемлекеттік дума* 1907 жылы 20 февральда (5 мартта) жиналды. Дума сайлауы тәте, тең сайлау емес-ті және әскери-дала соттары мен қудалау жағдайында өтті. Осыған қарамастан, екінші Дума бірінші Думаға қарағанда құрамы жағынан солшылдау болды. Мұның себебі мынада еді: бірінші Дума кезіндегіге қарағанда партиялар неғұрлым айқын және күрт ажырасты, бұқараның таптық санасы өсті, сондай-ақ большевиктер сайлауға қатысты.

Думаның құрамы ұшқары партиялардың: бір жағынан, социал-демократтар мен халықшылдық топтардың, екінші жағынан, кадеттердің есебінен оңшылдардың күшейгенін дәлелдеді. II Мемлекеттік дума мүшелерінің саяси топтар бойынша бөлінуі мынадай болды: оңшылдар, яғни монархистер мен октябристер — 54, кадеттер мен оларға жақындар — 99, националдар — 76, партияда жоқтар — 50, казактар топтары— 17, халықтық социалистер — 16, эсерлер — 37, трудовиктер — 104, социал-демократтар — 65. Алайда құрамы жағынан анағұрлым солшылдау екінші Дума, революция қайтып бара жатқандықтан, бірінші Думадан гөрі әлсіздеу болды.

II Мемлекеттік думадағы оңшыл партиялар барлық мәселелер бойынша самодержавиелік үкіметтің саясатын сөзсіз қолдап отырды. Екінші Думаға дейін өздерінің контрреволюцияшылдығын біржола көрсеткен кадеттер самодержавиемен мәмлеге келу позициясын ұстады.

II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияда меньшевиктер басым болды. Кадеттермен блок құруды жақтаған және халықта конституциялық жалған үміттерді туғызуды қолдаған меньшевиктердің оппортунистік тактикасы фракцияның қызметіне әсер етпей қалған жоқ. Ленин Думадағы социал-демократиялық фракцияның қателіктерін қатты сынады, Россия социал-демократиясының көпшілігі мен оның Думадағы өкілдерінің көзқарастары арасындағы сәйкессіздікті көрсетті. Большевиктер Думаны патша өкіметін және контрреволюцияшыл буржуазияның сатқындық ролін әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін, шаруаларды либералдардың ықпалынан босатып алып, Думада жұмысшы табы мен шаруалар өкілдерінің революциялық блогын құру үшін трибуна есебінде пайдаланды. Большевиктердің ұстаған бағыты парламенттік мекемелердегі пролетариат өкілдерінің іс-әрекетіндегі жаңа, революциялық-маркстік бағыт еді. Ал меньшевиктер Думада кадеттерді қолдаудың оппортунистік тактикасын жүргізді. «I және II Думаның *күллі* тарихын,— деп жазды кейіннен Ленин,— либералдардың шаруалармен және соци-

ал-демократтармен алысқан күресі лық толтырып отыр. Большевизм мен меньшевизмнің күресі, либералдарды қолдау жолындағы күрес ретінде, либералдардың шаруаларға жүргізген гегемониясын құлату жолындағы күрес ретінде, осы тарихпен *тығыз* байланысты» (Шығармалар, 16-том, 400-бет).

Бірінші Думадағы сияқты, екінші Мемлекеттік думада да талқыланған басты мәселе аграрлық мәселе болды. Дума өзінің мәжілістерінде басқа мәселелермен бірге бюджетті, ашаршылыққа ұшырағандар мен жұмыссыздарға көмек көрсету мәселелерін, амнистия туралы мәселені талқылады.

Революцияның күші жеткіліксіз екені анықталған кезде патша үкіметі Думаны қуып таратуды ұйғарды. П. А. Столыпин патша охранкасының жәрдемімен Думадағы социал-демократиялық фракцияға ол социал-демократиялық жауынгерлік ұйыммен және социал-демократиялық әскери ұйыммен байланысты, мемлекетке қарсы заговор әзірлеп жатыр деген айып тағып, арандатушылық әрекет жасады. 1 (14) июньде Столыпин Думаның жабық мәжілісінде бүкіл социал-демократиялық фракцияны Думадан дереу аластауды және социал-демократтардың 16 депутатын тұтқынға алуға Думаның келісім беруін талап етті. Кадеттер социал-демократиялық фракцияның басшыларын тұтқындауға келісім берді, ал фракцияның қалған мүшелері туралы мәселені Думаның комиссиясына тапсыруды ұсынды. Бұл — Думаны қуып таратуға және сайлау жүйесін өзгертуге сылтау болды. 1907 жылы 3 (16) июньге қараған түні Думадағы социал-демократиялық фракция тұтқынға алынды, ал 3 (16) июньде патшаның указымен II Мемлекеттік дума таратылды. Мұнымен бірге жаңа сайлау заңы шығарылды, заң III Думада помещиктер мен ірі буржуазияның толық көпшілік болуын қамтамасыз етті. 1907 жылғы 3 июнь елдің тарихына контрреволюциялық төңкеріс күні ретінде кірді. II Мемлекеттік думаны қуып тарату мейлінше қатал реакция кезеңінің басталғанын көрсетті.— *20.*

31 *Сенат түсініктемелері* — Мемлекеттік дума сайлауы туралы 1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі заңның түсініктемелері; бұл түсініктемелерді II Дума сайлауы алдында Үкіметтік сенат шығарды. Сенат бұл түсініктемелері арқылы жұмысшылардан, шаруалардан және орыс емес ұлттардың өкілдерінен халықтың жаңа топтарын сайлау праволарынан айырды. В. И. Ленин бұл түсініктемелерді ««конституцияның мәнін» столыпиндік тұрғыдан ғажап түсіндірулер» деп атады.— *23.*

32 *«Екінші Дума және пролетариаттың міндеттері»* деген мақала 1907 жылы 23 февральда «Рабочий» газетінің 2-номерінде жарияланды.

«Рабочий» («Жұмысшы») — большевиктік құпия газет, Петербург қаласы Выборг және Петербург аудандарының

РСДРП кіші аудандық ұйымдарының органы. Газет РСДРП Петербург комитетінің шешімімен көпшілікке арналған бұқаралық орган ретінде 1907 жылғы 13 (26) февральдан бастап шығарылды. 1907 жылдың апрелінен газетті шығаруға РСДРП Петербург комитеті жанындағы жауынгерлік ұйым қатысты. Газетке В. И. Ленин, Е. М. Ярославский және басқалар жазып тұрды. 1907 жылы июньнің басында газеттің баспаханасын полиция талқандап кетті, сөйтіп газеттің шығуы тоқтады.— *27.*

33 1905 жылы 9 январьда Петербургтің 140 мыңнан астам жұмысшысы патшаға петиция тапсыру үшін қолдарына иконалар мен құдай суреттерін ұстап, бейбіт шеру тартып, Қысқы сарайға қарай беттеді. 1905 жылы 3 (16) январьда Путилов заводында басталып, 7 (20) январьға қарай жаппай стачкаға айналған Петербург жұмысшыларының стачкасына байланысты бұл шеруді охранканың жасырын агенті священник Гапон ұйымдастырған еді. Большевиктер шерудің ұйымдастырылуына бөгет жасай алмады. Олар Гапонның арамза әрекетін әшкереледі және патша жұмысшыларды қанға бояп жазалауы мүмкін деп ескертті. Жұмысшылар жиналыстарына қатысқан большевиктердің ықпалымен петицияға саяси амнистия, саяси бостандық, министрлердің халық алдындағы жауапкершілігі, барлық жұрттың заң алдында теңдігі, еңбектің капиталға қарсы күрес бостандығы, ождан бостандығы, сегіз сағаттық жұмыс күні талаптары және социал-демократиялық программаның талаптарына сәйкес келетін басқа бірқатар талаптар енгізілді.

Большевиктердің сақтандыруы дұрыс болып шықты. Әйелдерін, балаларын ерткен жұмысшылардың қарусыз шеруін патшаның бұйрығы бойынша әскерлер мылтықтан оқ жаудырып, қылышпен, қамшымен қарсы алды. Мыңнан астам адам өлді, бес мыңға жуық адам жараланды. Қанды жексенбі деп аталған 9 январь — 1905 жылғы революцияның басталуына түрткі болды. Қысқы сарай алдындағы атқылауға жауап ретінде Петербург жұмысшылары баррикадалар жасауға кірісті. 10 (23) январьда Петербургте жұмысшылардың әскерлермен қарулы қақтығыстары болып жатты. Бүкіл елде наразылық стачкалары болып өтті: 10 (23) январьда Москвада жаппай ереуіл басталды; 13 (26) январьда Ригада жұмысшылар стачка жариялап, саяси демонстрацияға шықты; 14 (27) январьда Варшавада, 18 (31) январьда Тифлисте жаппай ереуіл басталды. 1905 жылы январьда барлығы 440 мың жұмысшы, яғни мұның алдындағы он жыл ішіндегіден көп жұмысшы ереуіл жасады.

1905 жылғы 9 январь оқиғаларына В. И. Лениннің берген бағасын «Россияда революцияның басталуы», «Революция күндері» деген (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 215—219, 221—246-беттер) және басқа мақалалардан қараңыз.— *28.*

34 *Бүкіл россиялық октябрь стачкасы* — Россияда 1905 жылы октябрьде болған жаппай саяси стачка; ол 1905—1907 жылдардағы революцияның аса маңызды кезеңдерінің бірі болды. Стачка пролетариаттың 1905 жылғы революциялық күресінің бұған дейінгі бүкіл барысында әзірленді. Москва қаласының аса ірі кәсіпорындарының бәрін қамтыған сентябрь стачкалары Бүкіл россиялық октябрь стачкасының прологы болды. 6 (19) октябрьде Қазан, Ярославль және Курск темір жолдарының большевиктік ұйымдары өкілдерінің жиналысы большевиктердің Москва комитетінің нұсқауына сәйкес 7 (20) октябрьде темір жолшылардың ереуілін бастауға қаулы етті. Көп кешікпей ереуіл елдің барлық темір жолдарын, почта мен телеграфты, фабрикалар мен заводтарды қамтыды. Стачка бүкіл россиялық стачкаға айналды; ереуілші жұмысшыларға ұсақ қызметшілер, студенттер, адвокаттар, дәрігерлер және басқалар қосылды. Стачкаға Россияның түрлі ұлттарының жұмысшылары қатысты. *«Бүкіл россиялық саяси стачка,*— деп жазды Ленин,— бұл жолы шынында да бүкіл елді қамтыды, ең езілген, ең алдыңғы қатарлы таптың ерлік өрлеуіне қарғыс атқан Россия «империясының» *барлық халықтарын* біріктірді» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 2-бет). Стачкашылар саны екі миллион адамнан асты. Октябрь стачкасы самодержавиені құлату, Булыгин Думасына белсенді бойкот жариялау, құрылтай жиналысын шақыру және демократиялық республика орнату ұрандарымен өтті. Стачка кезінде кейде полициямен және әскермен қарулы қақтығыстарға ұласқан бұқаралық митингілер мен демонстрациялар болып жатты. Бүкіл россиялық октябрь стачкасының барысында елдің көптеген қалаларында жұмысшы депутаттарының Советтері пайда болды. Жұмысшы табының революциялық творчествосы тудырған Советтер алғашқы кезде экономикалық және саяси стачкаларға басшылық ету үшін құрылды; күрестің барысында олар көтерілісті әзірлеу органдарына айналып, жаңа өкіметтің бастамасы болды. Советтердің құрылуы жұмысшы табының аса ұлы тарихи жеңісі болды.

Революциялық қозғалыстың қарқынынан үрейі ұшқан патша үкіметі 17 (30) октябрьде манифест жариялап, «азаматтық бостандықтар» беруге, «заң шығаратын» Дума шақыруға уәде етті. Большевиктер патша манифесінің жалғандығын батыл әшкерелеп, жұмысшыларды күресті жүргізе беруге шақырды. Ал дәл сол кезде меньшевиктер мен эсерлер манифестің жариялануын қанағаттанғандықпен қарсы алып, стачканың тоқтатылуын талап етті. Манифест жарияланғаннан кейін буржуазия тарапынан қолдау тапқан патша үкіметі меньшевиктер мен эсерлердің сатқындығын пайдалана отырып, революцияға қарсы батыл шабуылға шықты. Елде ойрандар мен арандатушылық әрекеттер өріс алды. Барлық контрреволюциялық күштер шабуылға шыққан соң ереуіл қозғалысы біртіндеп бәсеңдей бастады. Қалыптасқан жағ-

дайды ескере отырып, РСДРП Москва жалпы қалалық партия конференциясы 22 октябрьде (4 ноябрьде) жаппай стачканы тоқтатуға және неғұрлым қолайлы кезеңде қимыл жасап, оны қарулы көтеріліске ұластыру үшін жаңадан жаппай стачка әзірлеуге кірісу жөнінде шешім қабылдады.

Бүкіл россиялық октябрь стачкасы жұмысшы табының күшін, оның саяси санасының өскенін көрсетті, ол деревняда, армия мен флотта революциялық күрестің өрістеуіне қозғау салды, пролетариатты қарулы көтеріліске таяп әкелді.— *28.*

35 Әңгіме 1905 жылғы декабрьдегі Москвадағы қарулы көтеріліс жайында болып отыр. Большевиктердің Москва жалпы қалалық конференциясы жұмысшылардың ниетін білдіре отырып, 1905 жылғы 5 (18) декабрьде жаппай ереуіл жариялауды және қарулы күрес бастауды ұйғарды. Москва Советінің шақыруы бойынша 7 (20) декабрьде жаппай саяси ереуіл басталды. Алғашқы екі күнде Москвада 150 мыңнан астам адам ереуілге шықты. Заводтар мен фабрикаларда көп адам қатысқан митингілер, көшелерде демонстрациялар өткізілді. Казактармен және полициямен қақтығыс басталды. Күшін шұғыл жинақтап, өкімет шабуылға шықты. Өкіметтің іс-қимылына пролетариат баррикадалар тұрғызумен жауап берді. 10 (23) декабрьде стачка қарулы көтеріліске ұласты. Пресня, Замоскворечье, Рогожск-Симонов ауданы және Қазан темір жолы ауданы көтерілістің орталықтарына айналды. Күрес тоғыз күнге созылды. Пресня көтерілістің басты қамалы, оның орталығы болды; Москваның таңдаулы жауынгер жұмысшы жасақтары осында шоғырланды. Москва жұмысшылары жанқиярлықпен шайқасты, бірақ көтерілісшілердің қарулы күрестен әлі тәжірибесі жоқ еді, қажетті қару-жарақ жетіспеді, әскерлермен айтарлықтай байланыс жасалмады. Декабрьдің бас кезінде Москва гарнизоны қобалжи бастап еді, бірақ патша үкіметі оны өз жағына тартып алды. Петербург пен Москваны байланыстырған темір жол үкіметтің қолында қалды. Меньшевиктер бастаған Петербург Советі көтеріліске қарсы болды. Москва көтерілісі жалпы россиялық көтеріліске ұласпады. Көтеріліске басшылық бұқараның стихиялы түрде өскен қозғалысынан жалпы алғанда кейін қалып қойды. Көтерілістің бас кезінде большевиктердің Москва комитетінің басшы қызметкерлері тұтқынға алынған болатын. Жалпы москвалық көтеріліс жекелеген аудандардың көтерілісіне айналды. Күрестің барысында шабуыл тактикасы емес, қорғаныс тактикасы қолданылды. Меньшевиктер мен эсерлер қарулы күресті тоқтатуды талап етіп, соғыс қимылдарының өрістетілуіне жол бермеді. Меньшевиктер мен эсерлердің тізе бүгушілік позициясы көтерілісті жеңіліске ұшырауға әкеліп соқтырды. Патша үкіметі Москваға Петербургтен, Тверьден және Батыс өлкеден әскер әкелді. 17 (30) декабрьде Пресняға шабуыл басталды, ол қанға боялды. Москва партия комитеті мен Москва Советі революциялық күштерді

сақтап қалу үшін және болашақ күрестерге дайындалу үшін 1905 жылғы 19 декабрьде (1906 жылғы 1 январьда) қарулы қарсыласуды тоқтату жөнінде шешім қабылдады. Москваның ізінше 1905 жылдың декабрінде және 1906 жылдың январында көтеріліс басқа бірқатар жерлерде: Нижний Новгородта, Дондағы Ростовта, Новороссийскіде, Донбасста, Екатеринославта, Пермьде (Мотовилихада), Уфада, Красноярскіде, Читада қыза түсті. Закавказьеде, Польшада, Прибалтикада, Финляндияда ірі қарулы көтерілістер болып өтті. Бірақ бұл бытыраңқы көтерілістердің бәрін патша үкіметі аяусыз басып отырды. Декабрь қарулы көтерілісі революцияның жоғары өрлеуінің шыңы болды.

Большевиктер мен меньшевиктер көтерілісті әр тұрғыдан мүлде өзгеше бағалады. Меньшевиктер қарулы көтеріліске шыққан Россия пролетариатының ерлік күресін айыптады. «Қолға қару алмау керек еді»,— деп мәлімдеді Плеханов. Қарулы күрес арқылы ғана революцияның жеңіске жете алатынын бұқараға түсіндіре отырып, қайта қаруды қолға анағұрлым батылырақ алу керек еді, деді большевиктер. Декабрь қарулы көтерілісінің маңызын жоғары бағалай келіп, Ленин: халық «жауынгерлік сыннан өтті. Ол көтерілісте шынықты. Ол жауынгерлер топтарын әзірледі, олар 1917 ж. жеңіп шықты...» деп жазды (Шығармалар, 31-том, 554-бет). Декабрь қарулы көтерілісі жөнінде В. И. Лениннің «Москва көтерілісінің сабақтары» деген мақаласын қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 407—415-беттер).— *28.*

36 *«Столыпин декларациясы жөнінде»* деген документ 1907 жылы 6 (19) мартта II Мемлекеттік думаның 5-мәжілісінде министрлер Советінің председателі П. А. Столыпин жариялаған үкімет декларациясына жауап ретінде II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның үндеуінің жобасы болып табылады.

Үкімет декларациясына жауап туралы шешімді социал-демократиялық фракция өзінің 10-мәжілісінде қабылдады. Большевиктік «Новый Луч» газетінің 1907 жылғы 27 февральдағы 7-номерінде бұл туралы мынадай хабар басылды: «26 февральдағы мәжілісте Столыпиннің декларациясы жөнінде социал-демократиялық фракцияның пікір айтуы туралы мәселе талқыланды. Столыпиннің декларациясынан кейін дербес пікір айту ұйғарылды, оның формасы күні бұрын шешілген жоқ. Фракцияның ұсынысы қабылданбаған күнде, революциялық және оппозициялық партиялардың жалпы демократиялық ұсыныстарын қолдау қажет».

Ленин жазған үндеудің жобасы 1907 жылы 28 февральда (13 мартта) Думадағы социал-демократиялық фракцияның мәжілісінде алдын ала талқыланды. Фракцияда сан жағынан басым болған меньшевиктер большевиктік жобаны қабылдамай тастады. Столыпин оқыған декларацияға жауап ретінде Думадағы социал-демократиялық фракцияның лидері мень-

шевик И. Г. Церетели фракцияның меньшевиктік көпшілігі қабылдаған декларацияны жариялады. Жартылай либералдық сарында жазылған бұл декларация тіпті I Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның декларациясымен салыстырғанда да бір адым кейін шегінгендік еді. Мұнда пролетариаттың социалистік мақсаттары мүлде сөз болмады, құрылтай жиналысын талап ету енгізілген жоқ; барлық помещиктік жерді конфискелеу талабы тіпті крепостниктер үшін де қолайлы «жер мәселесін шешу» формуласымен алмастырылды.— *30.*

37 *«Русская Жизнь»* («Орыс Өмірі») — солшыл кадеттік бағыттағы күнделікті жария газет; 1907 жылғы 1 (14) январьдан бастап Петербургте шықты. 14 (27) февральдан, 38-номерінен, газет меньшевиктердің қолына көшті; оған П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, В. И. Засулич, Л. Мартов, Г. В. Плеханов және басқалар жазып тұрды. 2 (15) мартта газет жабылды.— *34.*

38 *Халықтық демократтар партиясы* (халықтық демократия, национал демократия, эндектер) — поляк помещиктері мен буржуазиясының басты реакциялық, ұлтшылдық партиясы, ол католиктік шіркеумен тығыз байланысты болды; 1897 жылы құрылды, оның лидерлері: Р. Дмовский, З. Балицкий, В. Грабский және басқалар. Эндектер «таптық үйлесімділік» және «ұлттық мүдделер» деген ұрандарды ұсына отырып, халық бұқарасын өз ықпалына бағындыруға және оларды өздерінің реакциялық саясатының арнасына тартуға тырысты. Поляк халқының социалистік және жалпы демократиялық қозғалысымен күресудің құралы ретінде нағыз өршеленген ұлтшылдық пен шовинизмді уағыздап, эндектер поляк халқын орыс революциялық қозғалысынан оқшаулап тастауға тырысты. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде Польша Корольдігінің автономиясы негізінде патша өкіметімен мәмлеге келуге күш салып, эндектер патша өкіметін қолдау және революциямен «жасырын шағым беру, локаут жасау және кісі өлтіруге дейін барлық құралдарды» (осы том, 42—43-беттер) қолданып күресу жолына ашықтан-ашық түсті. РСДРП бесінші (Лондон) съезі «Халықтық демократия туралы» арнаулы қарарында «революцияға қарсы күресте патша өкіметінің одақтастары болып отырған ұлтшыл-демократтардың контрреволюцияшыл, қаражүздік сиқы мен істерін қажымастан және аяусыз әшкерелеудің» қажеттігін атап көрсетті (қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», 1-том, «Қазақстан» баспасы, 1971, 234-бет). Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) эндектер патшалық Россияның жеңдетіндігіне, Австрия мен Германияның езгісіндегі поляк жерлерінің қосылуына, сөйтіп Россия империясы шеңберінде Польшаға автономия берілуіне үміттеніп, Антантаны толығымен қолдады. Патшалық режимнің

құлатылуы эндектерді французд армен жақындасу бағытына көшуге итермеледі. Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетінің қас жаулары болған эндектер, солай бола тұрса да, өздерінің немістерге қарсы дәстүрлі позициясына сәйкес, 1926 жылдан бастап Польшаны билеп-төстеген пильсудскийшілдер тобының авантюристік антисоветтік сыртқы саясатын үнемі толық қолдап отырған жоқ. Қазіргі уақытта эндектер партиясының жекелеген топтары поляк эмиграциясының реакцияшыл элементтері арасында әрекет жасауда.— *34.*

39 *«Дума сайлауы және орыс социал-демократиясының тактикасы»* деген мақала бірінші рет неміс тілінде 1907 жылы 27 мартта «Die Neue Zeit» журналының 26-номерінде басылды. Россияда мақала бірінші рет грузин тілінде (немісшеден аударма) 1907 жылғы 7 және 8 апрельде большевиктік «Дро» («Уақыт») газетінің 24 және 25-номерлерінде басылды.

«Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») — Герман социал-демократиялық партиясының теориялық журналы; 1883 жылдан 1923 жылға дейін Штутгартта шығып тұрды. 1917 жылғы октябрьге дейін К. Каутский, одан соң — Г. Кунов редакциялады. К. Маркс пен Ф. Энгельстің кейбір шығармалары: К. Маркстің «Гота программасына сын», Ф. Энгельстің «1891 жылғы социал-демократиялық программа жобасына сын жөнінде» деген және басқа еңбектері бірінші рет «Die Neue Zeit»-те жарияланды. Энгельс журналдың редакциясына ақыл-кеңес беріп, ұдайы көмектесіп отырды және журналда марксизмнен шегінушілікке жол бергені үшін оны жиі сынады. «Die Neue Zeit»-ке XIX ғасырдың аяғындағы және XX ғасырдың басындағы герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткерлері: А. Бебель, В. Либкнехт, Р. Люксембург, Ф. Меринг, К. Цеткин, П. Лафарг, Г. В. Плеханов және басқалар қатысты. 90-жылдардың екінші жартысынан бастап, Ф. Энгельс қайтыс болғаннан кейін, журналда ревизионистердің мақалалары жиі басыла бастады, оның ішінде ревизионистердің марксизмге қарсы жорығын бастаған Э. Бернштейннің «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалалары жарияланды. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында (1914—1918) журнал центристік позиция ұстап, іс жүзінде социал-шовинистерді қолдады.— *41.*

40 Әңгіме 1905 жылғы 17 октябрьдегі патша манифесі жайында болып отыр; ол Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы мейлінше күшейген күндерде жарияланды. Патша манифесте «азаматтық бостандықтар» беруге және «заң шығаратын» Дума шақыруға уәде етті. Манифест самодержавиенің саяси айла-шарғысы еді, оның мәнісі уақыттан ұтып, революциялық күштерді бөлшектеп, стачканы іске асыртпау және революцияны жаныштап тастау еді. Манифест революция патша

өкіметінен тартып алған жеңілдік еді, бірақ бұл жеңілдік либералдар мен меньшевиктердің пайымдағанындай болмады, ол революцияның тағдырын шешкен жоқ. Большевиктер манифестің шын мазмұнын әшкереледі. 1905 жылы 18 (31) октябрьде РСДРП Орталық Комитеті «Орыс халқына!» деген үндеу шығарып, онда патша манифесінің бүкіл жалғандығын түсіндірді, күресті жүргізе беруге шақырды. «Ереуіл бізге әлі де қажет,— делінді үндеуде,— бізді құр қағазбен алдарқатуға болмайтынын, сіздердің шын мәніндегі правоға, нағыз күшке ие болғыларыңыз келетінін жаулар білуі керек, сол үшін де ереуіл қажет» («1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы большевиктік ұйымдардың листовкалары», 1-бөлім, М., 1956, 185-бет).

17 октябрьдегі манифест туралы В. И. Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Революцияның бірінші жеңісі» және «Түйін шешілуге жақын» (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 28—36, 74—84-беттер).— *42.*

41 В. И. Ленин бұл арада Францияның буржуазиялық Республикалық радикалдар және радикал-социалистер партиясын айтып отыр. Партия ұйымдық жағынан 1901 жылы қалыптасты, ал іс жүзінде XIX ғасырдың 80-жылдарынан өмір сүреді. Бірінші дүние жүзілік соғысқа (1914—1918) дейін негізінен ұсақ және орта буржуазияның мүдделерін білдірді. Бірінші және екінші дүние жүзілік соғыстар аралығындағы кезеңде партияда ірі буржуазияның ықпалы күшейді. Партияның лидерлері талай рет француз үкіметін басқарды.— *43.*

42 Бұл арада 1907 жылы 12—15 (25—28) февральда Таммерфорста өткен социалист-революционерлер партиясының екінші (төтенше) съезі айтылып отыр. Съезд социалист-революционерлер партиясының Мемлекеттік думада жеке фракция немесе топ ретінде қимыл жасағаны жөн, эсер депутаттардың Думаның барып тұрған солшыл бөлегімен тұрақты келісім жасағаны, ал жалпы саяси мәселелер бойынша Думадағы бүкіл оппозициямен, яғни кадеттермен де келісім жасағаны мақұл деп тапты. Съезд Думаға қатысуымен байланысты террорды уақытша бәсеңсіту қажет деп тапты.— *53.*

43 *«Современная Речь»* («Қазіргі Сөз») — буржуазиялық-либералдық бағыттағы күнделікті саяси, экономикалық және әдеби газет; 1907 жылғы 21 январьдан (3 февральдан) 20 майға (2 июньге) дейін шықты. Газеттің шығарушы-редакторы М. Городецкий.

Газет 22 февральдағы 28-номерінде «Партия өмірі» бөлімінде социал-демократияның Мемлекеттік думадағы тактикасы туралы қарарды біраз жері қалып қойған және қате жіберілген күйінде басты.— *53.*

44 Әңгіме кадеттердің самодержавиелік үкіметпен астыртын келіс сөздері жайында болып отыр; бұл келіс сөздердің тарихы

П. А. Столыпиннің өлтірілуімен байланысты 1911 жылы ғана ашылды. «Қоғам қайраткерлері» деп аталатындардың (кадеттердің, бейбіт жаңартушылардың, октябристердің) самодержавиемен келіс сөздерінің әшкереленуі Лениннің кадеттерді либерал-монархиялық буржуазия партиясы деп сипаттауын толық дәлелдеді.

С. Ю. Витте мен «қоғам қайраткерлері» арасындағы келіс сөздер 1905 жылғы 17 октябрьдегі манифест жарияланған соң іле-шала басталды; бұл келіс сөздерге А. И. Гучков, князь Е. Н. Трубецкой, М. А. Стахович, Д. Н. Шипов және князь С. Д. Урусов қатысты. Бірқатар «қоғам қайраткерлерінің» министрлер кабинетінің құрамына кіруі туралы мәселе осы келіс сөздердің тақырыбы болды. Келіс сөздер сәтсіз аяқталды, өйткені кадеттер халықтық революцияның орасан зор өріс алуы салдарынан өкімет басында отыра алмаспыз деп қауіптенді.

I Мемлекеттік думаның таратылуы қарсаңында үкімет Столыпин мен генерал Д. Ф. Трепов арқылы кадеттердің лидері П. Н. Милюковқа «жауапты министрлікті» басқаруға ұсыныс жасады. Келіс сөздер тағы да сәтсіз болды, өйткені патша үкіметі кадеттер министрлікке кіретін болса, Дума таратылуы керек деген шарт қойды, бұлай болғанда кадеттер өздерін жақтап дауыс берген ұсақ буржуазиялық бұқараның қолдауынан айрылар еді. I Мемлекеттік дума таратылғаннан кейін үкімет тағы да «қоғам қайраткерлеріне» сөз салды, олардың көмегімен революцияны біржола басып тастамақшы болды. 15 (28) январьда Милюков Столыпинге барды. Алайда, буржуазияның мүлде дәрменсіз екеніне көзі жеткен соң, самодержавие келіс сөздерді үзді. «Революция күш сияқтанып тұрған кезде,— деп жазды Ленин,— патша өкіметі буржуазияны кеңеске тартты — ал революция төменнен қысым жасауын қойған кезде ол буржуазияның *барлық* көсемдерін, әуелі Муромцев пен Милюковты, онан соң Гейден мен Львовты, ақырында Гучковты бірте-бірте, солдат етігімен тепкілеп, айдап шықты» (Шығармалар, 17-том, 245-бет).

Кадеттердің самодержавиемен келіс сөздері туралы В. И. Лениннің «Столыпин және революция», «Кадеттер партиясының министрлермен келіс сөздері туралы әшкерелеулердің басы» (Шығармалар, 17-том, 237—246, 415—423-беттер) деген мақалаларын қараңыз.— *56.*

45 1906 жылғы майда I, кадеттік, Дума қарар қабылдап, онда Горемыкиннің министрлігіне «сенімсіздік» білдірді және оны Мемлекеттік думаның сеніміне ие болатын министрлікпен алмастыруды талап етті. Меньшевиктік Орталық Комитет партия ұйымдарына думалық, яғни кадеттік министрлік құру жөніндегі Думаның талабын қолдауды ұсынған қарар жіберді. Ленин басшылық еткен Петербург комитеті, сондай-ақ басқа бірқатар партия ұйымдары бұл қарарға үзілді-кесіл-

ді қарсы шықты. «Думалық министрліктің ұраны туралы», «Жұмысшылар шешсін», «Кадеттермен одақтасуды кім жақтайды?» деген мақалаларында Ленин меньшевиктік Орталық Комитет ұранының мәні халықтың сыртынан буржуазияның самодержавиемен мәмлеге келуін қолдау екенін әшкерелеп берді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 191—192, 209—214, 271—278-беттер).

1906 жылғы 24 ноябрьде (7 декабрьде) Г. В. Плеханов «Товарищ» газетінің 122-номерінде ««Товарищтің» оқушыларының біріне ашық жауабын» басып шығарып, онда солшыл және барып тұрған солшыл партиялардың ортақ платформасы қандай болуы мүмкін деген сұраққа: «толық билікті Дума» деп жауап берді. Плехановтың бұл сөздеріне Лениннің айтқан сынын «Сенаттық жаңа түсініктеме» деген мақаладан қараңыз (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 152—161-беттер).— *62.*

46 Ленин бұл арада кеңесші Мемлекеттік думаны айтып отыр; бұл Думаны шақыру туралы заңның жобасын патшаның тапсыруымен ішкі істер министрі А. Г. Булыгин әзірлеген болатын. 1905 жылғы 6 (19) августа патша манифесі, Мемлекеттік думаны құру туралы заң және оны сайлау туралы ереже жарияланды. Думаға сайлау үшін тек помещиктерге, ірі капиталистерге және аз ғана үй иесі-шаруаларға сайлау правосы берілді. Заң бойынша белгіленген 412 депутаттық орыннан шаруаларға 51 орын ғана тиді. Халықтың көпшілігі — жұмысшылар, кедей шаруалар, батырақтар, демократиялық интеллигенция сайлау правосынан айрылды; әйелдер, әскери қызметтегілер, оқушылар, жиырма бес жасқа толмаған адамдар және патшалық Россияның бірқатар езілген ұлттары сайлауға қатыстырылмайтын болды. Мемлекеттік думаның ешқандай заң қабылдауға правосы жоқ еді, ол патшаның жанындағы кеңесші орган ретінде кейбір мәселелерді ғана талқылай алатын болды. Булыгин Думасын сипаттай келіп, Ленин: ол ««халық өкілдігін» барып тұрған арсыздықпен қорлаушылық» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 196-бет) деп жазды.

Большевиктер бүкіл үгіт науқанын қарулы көтеріліс, революциялық армия, революциялық уақытша үкімет деген ұрандарға бағындырып, жұмысшылар мен шаруаларды Булыгин Думасына белсенді бойкот жариялауға шақырды. Меньшевиктер Дума сайлауына қатысуға болады деп есептеп, либерал буржуазиямен ынтымақтасуды жақтады.

Булыгин Думасына бойкот жасау науқанын большевиктер барлық революциялық күштерді жұмылдыру үшін, бұқаралық саяси стачкалар өткізу және қарулы көтерілісті әзірлеу үшін пайдаланды. Булыгин Думасына сайлау өтпей қалды, сөйтіп үкімет оны шақыра алмады. Революцияның толассыз өрлеуі және 1905 жылғы Бүкіл россиялық октябрь саяси стачкасы Думаны жайпап кетті.

Булыгин Думасы туралы мәселе бойынша В. И. Лениннің мына мақалаларын қараңыз: «Конституциялық базар», «Булыгин Думасына бойкот жариялау және көтеріліс», ««Патшаның халықпен және халықтың патшамен бірігуі»», «Монархиялық буржуазияның соңында болу керек пе әлде революцияшыл пролетариат пен шаруаларды бастау керек пе?» және басқалары (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 72—77-беттер; 11-том, 176—185, 192—202, 211—225-беттер).— *67.*

47 Бұл арада *меньшевиктік «Искра»* айтылып отыр. Партияның II съезінде партияның Орталық Органының редакциясы мына құрамда — В. И. Ленин, Г. В. Плеханов және Л. Мартов — бекітілген болатын. Бірақ съездің шешіміне қарамастан, меньшевик Мартов II съезде сайланбаған бұрынғы меньшевик-редакторларсыз (П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич) редакцияға кіруден бас тартты, сөйтіп «Искраның» 46—51-номерлері Ленин мен Плехановтың редакциясымен шықты. Кейін Плеханов меньшевизм позициясына көшіп, съезд сайламай тастаған бұрынғы меньшевик-редакторларды редакция құрамына енгізуді талап етті. Ленин бұған келісе алмады, сөйтіп 1903 жылғы 19 октябрьде (1 ноябрьде) «Искра» редакциясынан шықты; ол партияның Орталық Комитетіне кооптацияланып, Орталық Комитеттен оппортунист-меньшевиктерге қарсы күрес жүргізді. «Искраның» 52-номері жалғыз Плехановтың редакциясымен шықты, ал 1903 жылы 13 (26) ноябрьде Плеханов, партияның II съезінің еркін бұзып, «Искра» редакциясының құрамына редакцияның бұрынғы меньшевик-редакторларын: Аксельродты, Потресовты және Засуличті өз бетімен кооптациялады. Елу екінші номерінен бастап «Искра» революциялық марксизмнің жауынгер органы болудан қалды. Меньшевиктер оны марксизмге қарсы, партияға қарсы күрестің органына, оппортунизмді уағыздау трибунасына айналдырды. Газетті шығару 1905 жылғы октябрьде тоқтатылды.— *67.*

48 *«Новые Силы»* («Жаңа Күштер») — трудовиктердің күнделікті газеті; Петербургте 1907 жылғы 16 февральдан (1 марттан) шыға бастады; 9 номері шықты. 27 февральда (12 марта) газет жабылды.

В. И. Ленин айтып отырған «Большевиктер және «ұсақ буржуазия»» деген мақала 1907 ж. 23 февральда (8 мартта) «Новые Силы» газетінің 7-номерінде қол қойылмай басылған болатын.— *68.*

49 *«4 талап»* — демократиялық сайлау жүйесінің қысқартылған аты, оған төрт талап: жалпыға бірдей, тең, төте және жасырын сайлау правосы жатады.— *68.*

50 Бұл арада II Мемлекеттік дума сайлауындағы блоктар туралы мәселе жөнінде «Товарищ» газетінің редакциясындағы

жікке бөлінушілік айтылып отыр; бұл жайында газет 1907 жылы 2 (15) февральда хабарлады. Редакцияның бір бөлегі солшыл блокты жақтап пікір айтты; редакцияның кадеттермен блок жасасуды жақтаған бөлегі уақытша, Петербургте сайламшылар сайланғанша, редакцияда жұмыс істеуден шеттетілді — *72.*

51 Бұл заметка 1907 жылы 27 февральда «Новый Луч» газетінің 7-номеріндегі «Баспасөзге шолуда» басылды; ол Л. Мартовтың 1907 жылы 25 февральда (10 мартта) «Русская Жизньнің» 48-номерінде басылған «Бұдан әрі барар жер жоқ» деген фельетонына жауап болып табылады.— *74.*

52 *Молчалиндік қайырымдылық*—жағымпаздық, жарамсақтық; А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» комедиясының кейіпкері — Молчалиннің есімі бойынша айтылған.— *79.*

53 *«Кадеттер және трудовиктер»* деген мақала 1907 жылы 1 мартта «Рабочая Молва» газетінің 1-номерінде басылды.

«Рабочая Молва» («Жұмысшы Үні») — большевиктік саяси және әдеби жария газет; ол Петербургте шығарылмақшы болды. Бірінші номері шыққан күні, 1907 жылы 1 мартта, газет конфискеленіп, оның шығарылуына тыйым салынды.— *80.*

54 *Шаруалар одағы* — Бүкіл россиялық шаруалар одағы — 1905 жылы пайда болған революциялық-демократиялық ұйым. Шаруалар одағын құрудың инициаторы Москва губерниясының шаруалары болды. 1905 жылы 31 июль — 1 августа (13—14 августа) Москвада шақырылған құрылтай съезі Бүкіл россиялық шаруалар одағының негізін салды. 1905 жылы 6—10 (19—23) ноябрьде Шаруалар одағының екінші съезі болып өтті. Осы съездерде Одақтың программасы мен тактикасы жасалды. Шаруалар одағы саяси бостандықты және дереу құрылтай жиналысын шақыруды талап етті, I Мемлекеттік думаға бойкот жасау тактикасын ұстады. Одақтың аграрлық программасы жерге жеке меншікті жою, монастырьлік, шіркеулік, уделдік, кабинеттік және мемлекеттік жерлерді шаруаларға төлем ақысыз беру талабын қойды. Эсерлер мен либералдардың ықпалында болған Шаруалар одағы ұсақ буржуазиялық жартыкештік, солқылдақтық және тартыншақтық көрсетті. Одақ жерге помещиктік жеке меншікті жою талабын қоя отырып, помещиктерге ішінара ақы төлеуге келісім берді. Лениннің сөзімен айтқанда, оның өзі, «әрине, шаруалардың бірсыпыра соқыр сенімдерін қостайтын еді, шаруаның ұсақ буржуазиялық жалған үміттеріне көнгіш еді (біздің социалист-революционерлердің де оларға көнгіштігі сияқты), бірақ ол бұқараның сөзсіз «тиянақты», нақты ұйымы, өзінің негізінде сөзсіз революциялық, күрестің нағыз революциялық әдістерін қолдана алатын... ұйымы»

болды (Шығармалар толық жинағы, 12-том, 351-бет). Шаруалар одағы өз қызметінің алғашқы қадамдарынан бастап-ақ полицияның қудалауына ұшырады. 1907 жылдың басында Одақ өмір сүруін тоқтатты.— *81.*

55 Ленин бұл арада 1904 жылғы августа II Интернационалдың Амстердам конгресінде қабылданған «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» деген қарарды айтып отыр.

II Интернационалдың Амстердамдағы халықаралық социалистік конгресі 1904 жылы 14 августан 20 августқа дейін болып өтті. Конгресс мына мәселелерді қарады: 1) социалистік тактиканың халықаралық ережелері; 2) отаршылдық саясат; 3) жаппай стачка; 4) әлеуметтік саясат және жұмысшыларды қауіпсіздендіру; 5) тресттер, жұмыссыздық және басқалар.

Буржуазиялық партияларға көзқарас «Социалистік тактиканың халықаралық ережелері» туралы қарарда баяндалды. Қарар социалистердің буржуазиялық үкіметтерге қатысуына тыйым салды және «буржуазиялық партиялармен жақындасуды жеңілдету мақсатында қазіргі таптық қайшылықтарды бүркемелеуге тырысудың қандайын болса да» айыптады. Конгрестің шешімдері, алға кейбір қадам жасағанына қарамастан, тұтас алғанда жартыкеш шешімдер еді және оппортунизмге одан әрі икемделе беру болды. Конгресс бұқаралық стачканы қарулы көтеріліске ұластыру туралы мәселе қойған жоқ, империалистік мемлекеттердің отаршылдық саясатын ақтаған оңшыл оппортунистерге тойтарыс бермеді. Ревизионизмді сөз жүзінде айыптай отырып, конгресс өзінің қарарында одан іргені аулақ салу туралы мәлімдеген жоқ, пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы мәселені ауызға да алмады.— *81.*

56 *1905 жылғы 11 (24) декабрьдегі сайлау заңы* — Мемлекеттік дума сайлауы жөніндегі заң, оны патша үкіметі Москва қарулы көтерілісі қызған кезде жұмысшыларга кейбір жеңілдік беру ретінде шығарған болатын; заң сайлау праволары кеңейтілді деген жалған ұғым ғана туғызды.

«Кеңесші» Булыгин Думасы туралы Ережеге қарағанда жаңа заң «заң шығаратын» Дума құруды көздеді. Бұрынғы белгіленген курияларға — жер иеленушілер (помещиктер), қалалық (буржуазия) және шаруалар куриясына — жұмысшы куриясы қосылды және қалалық куриядан сайланатын сайламшылардың жалпы санын сақтай отырып, қалалық сайлаушылардың құрамы кеңейтілді. Сайлау жалпыға бірдей сайлау емес еді. Әйелдер, ұсақ кәсіпорындардағы 2 миллионнан астам жұмысшы-еркектер, көшпелі халықтар, әскери қызметтегілер, 25-ке дейінгі жастар дауыс беру правосынан айрылды. Сайлау тең праволы сайлау болған жоқ: жер иеленушілер куриясының 2 мың сайлаушысына, қалалық ку-

рияның 7 мың, шаруалар куриясының 30 мың, жұмысшылар куриясының 90 мың сайлаушысына 1 сайламшыдан келеді, яғни помещиктің 1 даусы қалалық буржуазияның 3 даусына, шаруалардың 15 даусына және жұмысшылардың 45 даусына пара-пар келеді екен. Жұмысшы куриясының сайламшылары Мемлекеттік думаның барлық сайламшыларының 4 процентіне ғана тең болды. Фабрика-завод және тау-кен өнеркәсібінде істейтін жұмысшыларға ғана сайлау правосы берілді. Жұмысшы куриясы бойынша сайлауға жұмысшы саны 50-ден кем емес кәсіпорындардың жұмысшылары жіберілді. 50-ден 1000-ға дейін жұмысшысы бар кәсіпорындар бір уәкіл жіберетін болды. Ірі кәсіпорындар әрбір мың адамнан бір уәкіл жіберді. Сайлау төте сайлау емес, көп сатылы сайлау еді. Жұмысшылар үшін үш сатылы, шаруалар үшін төрт сатылы сайлау жүйесі тағайындалды. Іс жүзінде сайлау жасырын сайлау болған жоқ.

Думада помещиктер мен капиталистердің орасан басым болуын қамтамасыз еткен сайлау заңын Ленин «халық өкілдігін мейлінше дөрекі түрде боямалау» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 12-том, 212-бет) деп санады.— *87*.

57 Ленин бұл арада Столыпин әзірлеген және 1906 жылғы ноябрьде патша үкіметі жариялаған аграрлық заңдарды айтып отыр. 1906 жылы 9 (22) ноябрьде «Шаруалардың жер иелігі мен жерді пайдалануы жөніндегі қазір қолданылып жүрген заңның кейбір қаулыларын толықтыру туралы» указ — Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік советтен өткен соң 1910 жылғы 14 июньдегі заң деп аталған указ және «Шаруалардың жер банкінің үлесті жерлерді залогқа алып қарыз беруі туралы» 1906 жылғы 15 (28) ноябрьдегі указ жарияланды. Бұл заңдар бойынша шаруаларға олардың үлесті жерлерін өз меншігіне бекіту правосы және қауымдардан отрубтар мен хуторларға бөлініп шығу правосы берілді. Хуторлықтар немесе отрубшылар жер алу үшін Шаруалар банкі арқылы жәрдем ала алатын болды. Столыпиндік аграрлық заңдардың мақсаты жерге помещиктік меншікті сақтай отырып және қауымды зорлықпен бұза отырып, деревняда патша самодержавиесінің тірегі ретінде кулактар шаруашылығын жасау еді.

Столыпиндік аграрлық саясат крепостник-помещиктердің өкіметін, меншігін және пұрсаттылықтарын сақтай отырып, ауыл шаруашылығының анағұрлым қиын, «пруссиялық» жолмен дамуын — капиталистік эволюциясын тездетті, шаруалардың негізгі бұқарасының күшпен экспроприациялануын үдетті, кедейлердің үлесті жерлерін тым арзанға сатып алуға мүмкіндік алған шаруалар буржуазиясының дамуын тездетті.

Ленин 1906 жылғы столыпиндік аграрлық заңдарды (және 1910 жылғы 14 (27) июньде шығарылған заңды) крепостниктік самодержавиені буржуазиялық монархияға айналдыру

жолында 1861 жылғы реформадан кейін жасалған екінші қадам деп атады. «Столыпиннің ескі тәртіптің және ескі крепостниктік егіншіліктің «өмірін ұзартуы» мынада болып отыр,— деп жазды Ленин,— тағы да бір және оның бер жағында *соңғы* тығын ашылып отыр, бүкіл помещиктік жер иелігін экспроприацияламай-ақ ашуға болатын тығын ашылып отыр» (Шығармалар, 18-том, 249-бет). Шаруалардың қауымдардан бөлініп шығуын үкіметтің мықтап насихаттағанына қарамастан, Европалық Россияда 9 жылда (1907 жылдан 1915 жылға дейін) қауымдардан не бары $2^{1}/_{2}$ миллионға жуық шаруалар ғана бөлініп шықты. Қауымнан бөлініп шығу правосын ең алдымен село буржуазиясы пайдаланды, ол бұл арқылы өз шаруашылығын нығайтуға мүмкіндік алды. Өзінің үлесті жерін сатып, деревнямен біржола қош айтыспақ болған кедейлердің бір бөлегі де қауымнан шықты. Жоқшылықтың қыспағындағы ұсақ шаруалар шаруашылығы бұрынғыша қайыршылық мешеу күйінде қала берді.

Столыпиндік аграрлық саясат негізгі қайшылықты — барлық шаруалар мен помещиктер арасындағы қайшылықты жоя алмады, шаруалар бұқарасының одан әрі күйзелуіне, кулактар мен деревня кедейлері арасындағы таптық қайшылықтардың шиеленісуіне әкеп соқтырды.— *89*.

58 Ленин бұл арада К. Маркстің 1848 жылы 29 июльде жазған және 1848 жылы 30 июльде «Neue Rheinische Zeitung» газетінің 60-номерінде басылған «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» деген мақаласындағы пікірін айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 299-бет). Маркстің бұл пікірін Ленин «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегінде (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 133—135-беттер) толық талдайды.— *89*.

59 II Мемлекеттік думаның 1907 жылғы 7 (20) марттағы мәжілісінде ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету туралы мәселені талқылағанда социал-демократиялық фракция үкіметтің 1905—1907 жылдары ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсету жөніндегі іс-әрекеттерін мұқият зерттеу және оның ақша қаражатты жұмсауын тексеру үшін Думаның жанынан азық-түлік комиссиясын құру туралы ұсыныс жасады, мұны эсерлер, халықтық социалистер және трудовиктердің бір бөлегі қолдады. Социал-демократиялық фракция бұл тексеруді тек есеп беру тәртібін қарау ғана емес, сонымен бірге жергілікті жерлерге барып тексеру арқылы да жүргізуді ұсынды.

Кадет Ф. И. Родичев социал-демократиялық фракцияның ұсынысына қарсы шығып, комиссияның компетенциясын Петербургтегі министрліктің есебін тексерумен, «заң шеңберімен» шектеуді жақтады, ол өзінің ұсынысын сақтық керек, «Думаның беделін сақтау» қажет, халықты «ашындырудың»

керегі жоқ деп дәлелдеді. Родичевтің сөзін үкімет толық қолдады. Столыпин Родичевтің ұсынысына «үкімет толығымен және барынша қосылады» деп мәлімдеді.— *91.*

60 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің Ф. Туратиге жазған «Болашақ итальян революциясы және социалистік партия» деген хатындағы пікірін цитатқа келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 378-бет).— *95.*

61 *«Қарарларды бұлай жазбау керек»* деген мақала «Тактика мәселелерінің» екінші жинағында жарияланды.

«Тактика мәселелері» — Петербургте 1907 жылы апрельде «Новая дума» кітап баспасында В. И. Лениннің етене араласуымен шыққан, РСДРП V съезін әзірлеуге арналған большевиктік жинақтар. Екі жинақ шықты.

Баспасөз істері жөніндегі комитет «Тактика мәселелерінің» екінші жинағына тыйым салды.— *97.*

62 *Мемлекеттік совет* — революцияға дейінгі Россиядағы жоғарғы мемлекеттік органдардың бірі. 1810 жылы М. М. Сперанскийдің жобасы бойынша заң жөніндегі кеңесші мекеме ретінде құрылды, оның мүшелерін патша тағайындап, бекітіп отырды. 1906 жылғы 20 февральдағы (5 марттағы) заң бойынша Мемлекеттік совет қайта құрылып, ол ресми түрде заңдар Мемлекеттік думада талқыланғаннан кейін оларды қарайтын және бекітетін «жоғарғы заң шығару палатасының» правосын алды. Алайда негізгі заңдарды өзгерту және бірқатар ерекше маңызды заңдарды шығару правосы патшаның қолында қалды.

1906 жылдан бастап Мемлекеттік совет құрамының жартысы дворяндардың, дін басыларының, ірі буржуазияның сайланып қойылатын өкілдері, жартысы — патша тағайындайтын ұлықтар болды. Осының салдарынан Мемлекеттік совет мейлінше реакциялық мекеме болды, ол тіпті Мемлекеттік дума қабылдаған баяу заң жобаларын да қабылдамай тастап отырды.— *105.*

63 *Педерактар* — демократиялық реформалар партиясы (26-ескертуді қараңыз) мүшелерінің келемеж аты.— *116.*

64 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің Ф. Туратиге жазған «Болашақ итальян революциясы және социалистік партия» деген хатындағы пікірін цитатқа келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, II бөлім, 1936, 378-бет).— *117.*

65 *«Sozialistische Monatshefte»* («Социалистік Әрайлық») — журнал, неміс оппортунистерінің басты органы және халықара-

лық оппортунизм органдарының бірі. 1897 жылдан 1933 жылға дейін Берлинде шығып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде (1914—1918) социал-шовинистік позиция ұстады.— *117*.

66 *«Русские Ведомости»* («Орыс Ведомостары») — газет; 1863 жылдан Москвада шығып тұрды, баяу-либерал интеллигенцияның көзқарастарын білдірді. 80—90-жылдары газетке демократиялық лагерьдегі жазушылар (В. Г. Короленко, М. Е. Салтыков-Щедрин, Г. И. Успенский және басқалар) қатысты, либерал халықшылдардың шығармалары басылды. 1905 жылдан газет кадеттер партиясының оң қанатының органы болды. «Русские Ведомости», деп атап көрсетті Ленин, *«оңшыл* кадетизмді халықшылдық сарынмен» (Шығармалар, 19-том, 120-бет) ерекше ұштастырды. 1918 жылы «Русские Ведомости» басқа да контрреволюциялық газеттермен бірге жабылды.— *119*.

67 *РСДРП «Эстон өлкесі одағының» конференциясы* — РСДРП Ревель (Таллин) ұйымының инициативасымен 1907 жылы февральдың екінші жартысында Териокиде өтті. Оны ұйымдастыруға Петербургтің эстон аудандық ұйымы зор көмек көрсетті. Конференцияға шешуші дауыспен 18 делегат (Ревель жұмысшыларынан — 11, Нарва жұмысшыларынан — 4, Эстония деревнялық ұйымдарынан — 3) қатысты. Конференцияда сонымен бірге Рига жұмысшыларынан 1 делегат, Петербург жұмысшыларынан 2 делегат қатысып отырды; олардың эстон тілінде әдебиет басып шығару, насихат пен үгіт мәселелерінде ғана шешуші даусы болды. Конференция шақырылатын кезеңге дейін Эстон өлкесінің социал-демократиялық ұйымдарының едәуір бөлегін жазалау экспедициялары талқандаған еді, сондықтан оған солтүстік Лифляндияның (Перпов, Валк, Дерпт, Верро) және деревнялардағы ұйымдардың өкілдері қатыса алмады.

Конференцияда РСДРП Эстон біріккен ұйымы құрылды және оның уставы жасалды. 5 адамнан Эстон бірлестігінің Орталық комитеті, 3 адамнан редакция және тексеру комиссиясы сайланды. Конференция аграрлық мәселе жөнінде, Мемлекеттік думаға көзқарас туралы, кәсіподақтар туралы, әскери ұйымдар мен жауынгерлік отрядтар туралы, басқа партияларға көзқарас туралы қарарлар қабылдады. Бұған қоса, партиялық әдебиетті басып шығару және тарату туралы мәселе талқыланды.

Конференцияда РСДРП меньшевиктік Орталық Комитетінің өкілдері — М. (П. П. Маслов) және А. (И. И. Аксельрод) қатысып отырғанына, сөз сөйлегеніне қарамастан, конференция большевиктік рухтағы қарарлар қабылдады. Конференциядан кейін көп ұзамай РСДРП «Эстон өлкесі одағы» Атқару комитетінің органы ретінде большевиктік «Тёёлине» («Жұмысшы») газеті шыға бастады, оны РСДРП-ның Петер-

бургтегі эстон тобы құрған еді; 1907 жылы апрельдің басында бірінші номерінде конференцияның қарарлары басылды.

Конференцияның қарарлары «Пролетарийдің» 1907 жылғы 25 марттағы 15-номерінде жарияланды.— *121.*

68 *«Эстон социал-демократтарының қарарына ескертпе»* 1907 жылғы 25 мартта «Пролетарий» газетінің 15-номерінде «Эстон социал-демократтарының конференциясы (Редакцияға хат)» деген материалға *«Редакциядан»* деген тақырыппен басылды.— *123.*

69 *«Көзінде — күлкі, көкейінде — арамдық»* деген мақала 1907 жылы 25 мартта «Наше Эхо» газетінің 1-номерінде басылды.

«Наше Эхо» («Біздің Жаңғырық») — большевиктік күнделікті жария газет; 1907 жылғы 25 марттан 10 апрельге дейін (7 апрельден 23 апрельге дейін) Петербургте шығарылды. Газет В. И. Лениннің редакциясымен шықты және 1907 жылы 27 февральда (12 мартта) жабылған «Новый Луч» газетінің жалғасы болды. Газеттің әрбір номерінде дерлік Лениннің мақалалары басылды. Газетке В. В. Воровский, М. С. Ольминский және басқалар қатысты. 14 номері шықты. 1907 жылы 9 (22) апрельде төтенше сақтық туралы ережеге сүйеніп, Петербургтің қала бастығы газеттің шығарылуына тыйым салды. Газеттің соңғы 14-номері тыйым салынғаннан кейін шықты.— *124.*

70 *Поляк колосы* — Мемлекеттік думадағы поляк депутаттарының бірлестігі, I және II Мемлекеттік думаларда бұл бірлестікте поляк помещиктері мен буржуазиясының реакциялық, ұлтшылдық партиясының мүшелері — халықтық демократтар басшы ұйытқы болды. Дума тактикасының барлық негізгі мәселелері бойынша поляк колосы октябристерді қолдады.— *134.*

71 *«Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасын»* Ленин II Мемлекеттік думаның социал-демократиялық фракциясының большевиктік бөлегінде болған депутат Г. А. Алексинскийдің аграрлық мәселе жөнінде Думада сөз сөйлеуі үшін 1907 жылы 21 және 26 марттың (3 және 8 апрельдің) аралығында жазды.

Думада аграрлық мәселе бойынша жарыс сөз 1907 жылы 19 мартта (1 апрельде) басталып, 26 майда (8 июньде) аяқталды. Алексинский 1907 жылғы 5 (18) апрельдегі 22-мәжілісте сөз сөйледі. Алайда ол сөздің Ленин әзірлеген жобасын өз сөзінде ішінара ғана пайдаланды.

II Мемлекеттік думадағы аграрлық мәселе жөніндегі айтыстарды В. И. Ленин «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясындағы аграрлық программасы» деген кітабының «Екінші Дума аграрлық

мәселе туралы болған жарыс сөздер бойынша таптар мен партиялар» деген V тарауында егжей-тегжейлі талдайды (қараңыз: Шығармалар, 13 том, 373—429-беттер).— *136.*

72 Ленин бұл арада губерниялық дворяндар комитеттерін айтып отыр; бұл комитеттер «шаруалар реформасының» алғашқы жобаларын әзірлеу үшін Россияның барлық губернияларында 1858 жылдың жазына қарай құрылған болатын. Комитеттерге жергілікті дворяндар қоғамдарының (уезден 1—2 адамнан) сайламшыларынан дворяндардың өкілдері және үкімет тағайындаған екі өкілден кірді. Губерниялық комитеттердің әзірлеген жобалары Бас комитетке түсті, мұнда 1859 жылы 17 февральда (1 мартта) редакциялық комиссиялар құрылды, бұл комиссияларға, чиновниктерден басқа, дворяндардан «сарапшылар» енгізілді, ал жобаларды жалпы талқылау үшін жергілікті жерлерден тағы да «депутаттар» (бұлар да дворяндар) шақырылды.

Губерниялық дворяндар комитеттерінің көпшілігі, «шаруалар реформасын» тоқтатуға сәтсіз әрекет жасап көрген соң, өздерінің жобаларында дворяндардың крепостниктік пұрсаттылықтарын мүмкіндігіне қарай көбірек сақтауға күш салып бақты.

Бітістіруші төрешілер — 1861 жылғы «шаруалар реформасын» жүргізу кезінде патша үкіметі енгізген әкімшілік лауазым. Дворяндар жиналыстарының ұсынуы бойынша жергілікті дворяндардан губернатор тағайындайтын және сенат бекітетін бітістіруші төрешілерге шаруаларды азат ету туралы «Ережелерді» іске асыру кезінде помещиктер мен шаруалардың арасында туған жанжалдарды қарап, шешуге уәкілдік берілді және олар іс жүзінде помещиктердің мүдделерін қорғауға тиісті болды. Бітістіруші төрешілердің негізгі қызметі «уставтық грамоталар» дейтінді жасау болды, оларда шаруалардың үлесті жерінің көлемі мен орны және шаруалардың міндеткерлігі, сондай-ақ шаруалардың өзін өзі басқаруын бақылау дәл белгіленді. Бітістіруші төрешілер шаруалар басқармасының сайланып қойылатын қызмет адамдарын бекітіп отырды, шаруаларға жаза қолдануға, оларды тұтқынға алуға немесе штраф салуға, сондай-ақ, егер помещиктерге ұнамайтын болса, шаруалар жиындарының қаулыларын бұзуға праволы болды.

Бітістіруші төрешілер қызметі нағыз сословиелік дворяндық сипатта болды, ол патша үкіметіне 1861 жылғы тонаушылық «шаруалар реформасын» помещиктердің мүддесі үшін жүзеге асыруға көмектесті.— *142.*

73 *1861 жылғы «Шаруалар реформасы»* — Россияда крепостниктік правоны жойған реформа, оны патша үкіметі крепостник-помещиктердің мүддесін көздеп жүргізді. 1861 жылы 19 февральда II Александр Манифеске және крепостниктік тә-

уелділіктен шыққан шаруалар туралы «Ережелерге» қол қойды. Реформаның қажеттігі елдің экономикалық дамуының бүкіл барысынан және крепостниктік қанауға қарсы бұқаралық шаруалар қозғалысының өсуінен туған еді. «Шаруалар реформасы» крепостниктер жүргізген буржуазиялық реформа болды. «...Шаруалар жері неғұрлым *аз* кесіліп алынса, олардың жері помещиктердің жерінен неғұрлым *толық* бөлектелсе, крепостниктерге төленетін алымның... мөлшері неғұрлым *аз* болса» реформаның буржуазиялық «мазмұны соғұрлым күштірек айқындала түсті» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 105—106-беттер). «Шаруалар реформасы» Россияны буржуазиялық монархияға айналдыру жолындағы қадам болды.

Барлығы 22,5 миллион шаруа босатылды. Алайда помещиктік жер иеленушілік сақталып қалды. Шаруалардың жерлері помещиктің меншігі деп жарияланды. Шаруаның тек заң белгілеген норма бойынша ғана (соның өзінде помещиктің келісімімен) ақы төлеп үлесті жер алуына болатын. Ақыны шаруалар патша үкіметіне төледі, ал үкімет белгіленген соманы помещиктерге төлеп қойған-ды. Шамамен алынған есептерге қарағанда, реформадан кейін дворяндардың 71,5 миллион десятина жері, шаруалардың 33,7 миллион десятина жері болды. Реформаның нәтижесінде помещиктер шаруалар жерінің $^{1}/_{5}$ бөлігінен астамын, тіпті $^{2}/_{5}$ бөлігін өздеріне кесіп алды.

Реформа шаруашылықтың ескі барщиналық жүйесін жойған жоқ, тек әлсіретіп қана қойды. Шаруалардың үлесті жерлерінің ең жақсы бөлігі («кесінді жерлер», ормандар, шалғындар, суаттар, жайылымдар және басқалар) помещиктердің қолында қалды, ал мұндай жерлерсіз шаруалар дербес шаруашылық жүргізе алмайтын еді. Үлесті жерін ақы төлеп алу туралы келісім жасалғанға дейін шаруалар «уақытша міндеттілер» деп саналды, сөйтіп помещикке оброк төлеу, барщинада істеу түрінде міндеткер еді. Шаруалардың өздерінің үлесті жерлерін өз меншігіне ақы төлеп алуы помещиктер мен патша үкіметі тарапынан оларды тікелей тонау болды. Шаруалар үшін патша үкіметіне қарызды 6 процент өсіммен 49 жыл ішінде бөліп-бөліп төлеу тәртібі белгіленді. Төлем ақыдан төленбей қалған қарыз жылдан-жылға өсе берді. Тек бұрынғы помещиктік шаруалар ғана патша үкіметіне төлем ақы операциясы бойынша 1,9 миллиард сом төледі, ал шаруалардың қолына өткен жердің рыноктық бағасы 544 миллион сомнан аспайтын еді. Шынында шаруалар өз жерлері үшін жүздеген миллион сом төлеуге мәжбүр болды, мұның өзі шаруалар шаруашылығының күйзеліп, шаруалардың жаппай қайыршылануына әкеп соқты.

В. И. Ленин 1861 жылғы «шаруалар реформасын» егіншілікте туып келе жатқан капитализмнің мүддесін көздеп, шаруаларға алғашқы рет жаппай зорлық жасау, капитализм үшін помещиктік тұрғыдан «жерді тазалау» деп атады. 1861

жылғы реформа туралы Лениннің мына еңбектерін қараңыз: «Крепостниктік правоның құлауының елу жылдығы», «Мереке жайында», ««Шаруалар реформасы» және пролетар-шаруалар революциясы» (Шығармалар, 17-том, 71—74, 94—102, 103—112-беттер).— *143.*

74 *«Орыс шындығы»* — XI—XII ғасырлардағы ежелгі Русьте жарық көрген заңдардың және князьдік қаулылардың тұңғыш жазбаша жиынтығы. «Орыс шындығының» мақалалары феодалдық меншікті және феодалдардың өмірін қорғауға бағытталды. Бұл мақалалар ежелгі Русьтің крепостниктік тәуелділікке түсе бастаған шаруаларының қанаушыларға қарсы кескілескен тап күресін жүргізгенін дәлелдейді.— *143.*

75 Ленин көрсеткен есеп қолжазбадан табылмады.— *151.*

76 *«Понтийден Пилатқа сілтеу»* деген сөздер бір нәрсені қайталай беруді білдіреді, өйткені бұл екеуі де бір кісінің аты. Понтий Пилат (Pontius Pilatus) — біздің заманымыздың 26—36 жылдарындағы Иудеяда Рим прокураторы (наместнигі).— *156.*

77 *«Вперед»* («Алға») — большевиктік күнделікті жария газет; үкімет жауып тастаған «Волна» газетінің орнына және оның жалғасы ретінде 1906 жылғы 26 майдан (8 июньнен) бастап Петербургте шығарылды. Газетте В. И. Ленин басшылық роль атқарды; редакцияның жұмысына М. С. Ольминский, В. В. Воровский, А. В. Луначарский белсене қатысты. Газетте Лениннің 15 мақаласы басылды. Газет ұдайы қуғындалды; 17 номерінің 10-ына тыйым салынды. Полицияның қудалауына байланысты, большевиктер өздерінің жария органын басқа атпен шығаруға күні бұрын әзірленді. 2 (15) июньде «Вперед» газетінде «таяу уақытта Петербургте күнделікті «Эхо» жұмысшы газеті шығарыла бастайды» деген хабарландыру жарияланды. Бұл хабарландыру газет жабылғанға дейін номер сайын басылып тұрды. 1906 жылы 14 (27) июньде Петербург сот палатасының қаулысымен газеттің шығарылуы тоқтатылды. «Впередтің» орнына «Эхо» газеті шығарыла бастады.— *165.*

78 В. И. Ленин бұл арада Н. Г. Чернышевскийдің «Пролог» романының мына бір жерін айтып отыр: романның кейіпкері Волгин прогрессистер мен помещиктік партияның арасында орасан зор айырмашылық бар деген ескертпеге жауап бере келіп, былай деп мәлімдеді: «Жоқ, орасан зор емес, болмашы ғана айырмашылық бар. Егер шаруалар жерді құнын төлемей-ақ алса, онда орасан зор айырмашылық болар еді. Біреудің бір нәрсесін алу, немесе оны сол кісінің өзінде қалдыру, бірақ бұл үшін одан ақысын алу — бұл екеуі бәрі бір. Помещиктік партия жоспарының прогрессистердің жоспарынан айырмашылығы сол — ол қарапайым әрі ықшамдау ғана.

Сондықтан ол жақсырақ та. Сергелдең аз,— демек, тегі, шаруалар үшін азабы да аз болар. Шаруалардың ақшасы барлары өзіне жер сатып алады. Ал кімнің ақшасы жоқ екен, оны жер сатып алуға міндеттеудің де қажеті жоқ; бұл оларды тек қана күйзелтеді. Құнын төлеу дегеніміз — баяғы сатып алу» (Н. Г. Чернышевский. Шығармалар толық жинағы, XIII том, 1949, 187—188-беттер).— *167*.

79 *Балалайкин* — М. Е. Салтыков-Щедриннің «Қазіргі заманғы идиллия» деген шығармасының кейіпкері; либерал мылжың, авантюрист және суайт.— *176*.

80 *«Народная Дума»* («Халық Думасы») — меньшевиктік күнделікті газет; жабылған «Русская Жизньнің» орнына 1907 жылы март — апрельде Петербургте шығып тұрды. 21 номері шықты.— *186*.

81 Ленин бұл арада А. С. Грибоедовтың «Ақыл азабы» деген комедиясындағы Софьяның сөздерін келтіріп отыр (қараңыз: А. С. Грибоедов. Шығармалар, М., 1956, 35-бет).— *188*.

82 *«Экономизм»* — XIX ғасырдың аяғы — XX ғасырдың басындағы Россия социал-демократиясындағы оппортунистік ағым, халықаралық оппортунизмнің бір түрі. «Экономистердің» баспасөз органдары — «Рабочая Мысль» газеті (1897—1902) және «Рабочее Дело» журналы (1899—1902) болды. Ленин орыс бернштейншілдері деп атаған «экономистердің» программалық документі 1899 жылы Е. Д. Кускова жазған «Credo» дейтін болды.

«Экономистер» саяси күрес либерал буржуазия айналысатын іс деп санап, жұмысшы табының міндеттерін жалақыны арттыру, еңбек жағдайларын жақсарту және т. б. жолындағы экономикалық күреспен шектеді. Олар партия қозғалыстың стихиялық процесіне сырттай зер салып, оқиғаларды тіркеп отырушы ғана болуға тиіс деп санап, жұмысшы табы партиясының басшылық ролін теріске шығарды. Жұмысшы қозғалысының стихиялылығы алдында бас иген «экономистер» революциялық теорияның, саналылықтың маңызын төмендетті, социалистік идеология стихиялы жұмысшы қозғалысынан пайда бола алады деп пайымдады; олар жұмысшы қозғалысына социалистік сананы сырттан, маркстік партияның енгізуі қажеттігін теріске шығарды, сөйтіп бұл арқылы буржуазиялық идеологияға жол ашып берді. «Экономистер» жұмысшы табының бір орталыққа бағындырылған партиясын құрудың қажеттігіне қарсы шығып, социал-демократиялық қозғалыстағы бытыраңқылық пен майдагерлікті қорғады. «Экономизм» жұмысшы табын таптық революциялық жолдан тайдырып, оны буржуазияның саяси шылауына айналдыру қаупін туғызды.

Лениннің мына шығармалары «экономистердің» көзқарастарын жан-жақты сынауға арналған: «Россия социал-демо-

краттарының наразылығы» («Credo»-ға қарсы бағытталған, 1899 жылы Сибирьде айдауда жүргенде жазылған, айдаудағы он жеті марксист қол қойған), «Орыс социал-демократиясындағы шегіншектеу бағыты», ««Profession de foi» жөнінде», «Экономизмді қорғаушылармен әңгіме» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189, 260—297, 337—348-беттер; 5-том, 392—400-беттер). Ленин «Не істеу керек?» деген кітабында «экономизмді» идеялық жағынан біржола талқандады (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 6-том, 1—211-беттер). «Экономизммен» күресте лениндік «Искра» үлкен роль атқарды.— *188.*

83 *«Беззаглавияшылдар»* — орыс буржуазиялық интеллигенциясының (С. Н. Прокопович, Е. Д. Кускова, В. Я. Богучарский, В. В. Португалов, В. В. Хижняков және басқалар). 1905—1907 жылдардағы революция саябырси бастаған кезеңде қалыптасқан жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік тобы. Топ өзін Петербургте 1905 жылғы январь — майда Прокоповичтің редакциясымен шығып тұрған «Без Заглавия» саяси апталығының атымен атады; кейіннен «беззаглавияшылдар» солшыл кадеттік «Товарищ» газетінің төңірегіне топтасты. «Беззаглавияшылдар» өздерін ресми түрде партияда жоқпыз дегенді желеу етіп, буржуазиялық либерализм мен оппортунизм идеяларын уағыздаушылар болды, россиялық және халықаралық социал-демократияның ревизионистерін қолдады.— *189.*

84 *1902 жылғы Ростов демонстрациясы* — 1902 жылы 2 (15) ноябрьде Владикавказ темір жолы Бас шеберханаларының котел цехы жұмысшыларының бой көрсетулерінен басталған Ростов стачкасы. РСДРП Дон комитетінің шақыруы бойынша 1902 жылы 4 (17) ноябрьде темір жол шеберханаларының барлық жұмысшылары ереуіл жасап, әкімшілікке бірқатар экономикалық талаптар қойды. Көп кешікпей ереуілге «Аксай» плуг жасау заводының, Асмолов темекі фабрикасының және басқа кәсіпорындардың жұмысшылары, почта мен телеграф қызметшілері, приказчиктер және т. т. қосылды. Стачка жаппай стачкаға айналып, саяси сипат алды.

Революциялық қозғалыстың кең өрістеуі патша өкімет орындарын қапы соқтырды. Ростовтағы жұмысшылар тұратын мекен — Темерникте күн сайын өткізілген және 30 мыңға дейін жұмысшы жиналған бұқаралық митингілерге кедергі жасауға қолда бар әскердің шамасы келмеді. Тек жәрдем келген соң ғана патша өкімет орындары қозғалысты қарулы күшпен басып жаныштауға кірісті. 11 (24) ноябрьде казактармен алғашқы ірі қақтығыс болды, ол қарусыз жұмысшыларды атқылаумен аяқталды. Жұмысшыларға оқ атылғаны туралы хабар жаңа революциялық өрлеу туғызып, Новороссийск мен Тихорецкаяда стачкалардың басталуына белгі болды. Қудалауға қарамастан, Ростовта жұмысшылардың митингілері өтіп жатты, ал әскермен қақтығыстар кескілескен

таптық ұрыстарға айналды. Тек 26 ноябрьде (9 декабрьде), 21 күндік қиян-кескі күрестен кейін ғана, әскердің сан жағынан тым басымдылығы себепті, жұмысшылар ереуілді тоқтатуға мәжбүр болды. Стачкаға РСДРП искралық Дон комитеті басшылық етті, ол «Барлық азаматтарға» арнаған прокламациясында Ростов стачкасы туралы орыс жұмысшыларының арасында туған жалпы өрлеудің бір бастамасы ретінде сөз етті. Ростов оқиғаларын сипаттай келіп, В. И. Ленин «Жаңа оқиғалар және ескі мәселелер» деген мақаласында былай деп жазды: «Осы сияқты оқиғалардан біз іс жүзінде мынаны айқын көреміз: бүкіл халықтың самодержавиелік үкіметке қарсы қарулы көтерілісі революционерлердің ойындағы және программаларындағы идея ретінде ғана емес, сонымен бірге қозғалыстың өзінің болмай қоймайтын, практикалық-табиғи, *келесі* қадамы ретінде... пісіп жетілуде» (Шығармалар толық жинағы, 7-том, 65-бет).

Ростов стачкасы 1903 жылы Россияның оңтүстігінде болған жаппай саяси стачканың кіріспесі және 1905 жылғы бірінші орыс революциясы жаршыларының бірі болды.— *193.*

85 Ленин бұл арада 1903 жылдың жазында Россияның оңтүстігі мен Украинада болған жаппай саяси стачкаларды айтып отыр.

Жаппай саяси стачкалар 1903 жылы 1 (14) июльде Манташевтің Биби-Эйбат мұнай қоғамының және Баку қоғамының механикалық шеберханалары жұмысшыларының Бакудегі ереуілінен басталды. 6 (19) июльге қарай ол жаппай ереуілге айналды. Жұмысшылар кәсіпкерлерге талаптар қойды, олардың ішінде 8 сағаттық жұмыс күні, саяси қызметі үшін жұмыстан шығарылған жұмысшыларды жұмысқа алу, жұмысшылар жек көретін басқарушылар мен мастерлерді жұмыстан шығару, жалақыны арттыру, мерзімнен тыс жұмысты, сдельщинаны жою, тағы басқа талаптар болды. Жұмысшылар ұйымшылдық пен табандылық көрсетті, ішінара жеңілдік беруге уәде етілгенде де олар ереуілді тоқтатпады. Ереуіл әскердің көмегімен басып-жаншылды, сөйтіп жұмысшылар 9 (22) июльде жұмысқа кірісуге мәжбүр болды.

Бакудегі ереуіл туралы хабар алынғаннан кейін Тифлисте 12 (25) июльде баспахана жұмысшылары, қасапшылар, наубайлар ереуіл жасады. РСДРП Тифлис комитетінің шақыруы бойынша 14 (27) июльде барлық фабрикалар мен заводтар, темір жол шеберханалары, трамвай, баспахана жұмысшылары, қолөнершілер және т. т. жұмысты тоқтатты. Түрлі заводтар жұмысшыларының өкілдерімен өткізілген кеңестен кейін РСДРП Тифлис комитеті ереуілшілердің бәріне ортақ талаптар әзірледі. Тифлиске әскер әкелінді; жұмысшылардың казактармен қақтығысы болды. 21 июльге (3 августқа) қарай әскердің жәрдемімен стачка басып жаншылды.

17 (30) июльде Батумда барлық заводтар мен фабрикалардың жұмысшылары жұмысты тоқтатты. Оларға темір жол

станциясының жұмысшылары, порттағы жүкшілер қосылды. Ереуіл жаппай ереуілге айналып, 23 июльге (5 августқа) дейін созылды. Демонстрациялар кезінде жұмысшылардың полициямен және казактармен қақтығысы болып жатты.

1903 жылдың жазында Закавказьеде 100 мыңға тарта жұмысшы ереуіл жасады.

Закавказьедегі жаппай стачкаға Украинаның аса ірі орталықтары үн қосты. Одессада стачканы котел цехының жұмысшысын жұмыстан заңсыз шығаруға наразылық білдіру ретінде 4 (17) июльде теміржолшылар бастады. Көп кешікпей теміржолшыларға порт, тас алатын жер, цемент заводы, пробка заводы, қағаз-кендір фабрикасы және басқа өнеркәсіп орындарының жұмысшылары қосылды. Қала транспортының, электр станциясының, газ заводының, наубайханалардың, сауда кәсіпорындарының жұмысшылары жұмысты тоқтатты. Ереуіл қозғалысына басшылық ісін Одесса социал-демократиялық комитеті өз қолына алды; ол стачканың айқын саяси талаптар қойған жаппай стачкаға ұласуында зор роль атқарды. Одесса социал-демократиялық комитеті үздіксіз листовкалар шығарып, жұмысшылардың талаптарын тұжырымдады, оларды самодержавиені құлату үшін күресуге шақырды, өзінің үгітшілерін фабрикалар мен заводтарға жіберді, бұқаралық митингілер мен саяси демонстрациялар ұйымдастырды. Стачка. 23 июльге (5 августқа) дейін созылды.

Баку, Тифлис, Одесса жұмысшыларымен ынтымақ белгісі ретінде Елисаветград, Керчь, Киев, Екатеринослав, Николаев және басқа қалалардың жұмысшылары ереуілге шықты.

Жұмысшылардың таптық сана-сезімінің өсуі үшін Россияның оңтүстігіндегі саяси стачкалардың орасан зор маңызы бар еді және олар 1905—1907 жылдардағы революцияның жаршысы болды. Бұл стачкалар РСДРП комитеттерінің басшылығымен өтті, оларға өздерінің күш-қуатын, ұйымшылдығын, тәртібін және саналылығын көрсеткен 200 мыңнан астам жұмысшы қатысты.— *193.*

86 *«Үндесу»* — Петербургте 1907 жылы шығып тұрған меньшевиктік жинақтар. Жинақтарда Л. Мартовтың, Д. Кольцовтың, Е. Чарскийдің, Ф. Данның және басқа меньшевиктердің мақалалары басылды.— *197.*

87 *Струвизм* немесе *«жария марксизм»* — либералдық-буржуазиялық тұрғыдан марксизмнің өңін айналдыру, ол Россияның либерал буржуазиялық интеллигенциясы арасында дербес қоғамдық-саяси ағым ретінде XIX ғасырдың 90-жылдарында пайда болды.

Россияда бұл кезде марксизм едәуір кең тараған болатын, осыған байланысты буржуазиялық интеллигенттер марксизмді желеу етіп, жария газеттер мен журналдарда өздерінің көзқарастарын уағыздай бастады. Сондықтан олар «жария марксистер» деп аталды.

«Жария марксистер» халықшылдарды ұсақ өндірісті қорғаушылар ретінде сынай отырып, бұл күресте марксизмді пайдалануға тырысты, бірақ марксизмді революцияшылдық атаулыдан тазартылған күйінде қолданбақшы болды, жұмысшы қозғалысын буржуазияның мүддесіне бағындыруға әрекеттенді. Маркстің ілімінен олар ең бастысын — пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасы туралы ілімді алып тастады. «Жария марксистердің» басшысы П. Струве капитализмді мадақтады және буржуазиялық тәртіптерге қарсы революциялық күрестің орнына «мәдениетсіздігімізді мойындауға және капитализмнен үйренуге» шақырды. Марксизмнің негізгі қағидаларының бәріне ревизия жасап, «жария марксистер» буржуазиялық объективизм позициясына түсті, кантшылдық пен субъективтік идеализм көзқарасында болды.

Ленин «жария марксизмнің» либералдық буржуазиялық табиғатын басқалардан бұрын сезіп, көрді. 1893 жылдың өзінде-ақ Ленин «Рыноктар туралы дейтін мәселе жөнінде» деген еңбегінде либерал халықшылдардың көзқарастарын әшкерелеумен қатар сол кезде туып келе жатқан «жария марксизм» өкілдерінің көзқарасын да сынады. Бұлар орыс марксистеріне алғаш рет кездескен жасырын жау болды, олар өздерін Маркстің ілімін жақтаушылар деп атады, ал іс жүзінде марксизмді революциялық мазмұнынан жұрдай қылды. Алайда орыстың революцияшыл марксистері халықшылдарға қарсы күресте «жария марксистермен» уақытша келісімге келді, өздерінің шығармаларын «жария марксистер» редакциялаған журналдарда бастырып отырды. Сонымен бірге Ленин «Халықшылдықтың экономикалық мазмұны және оның Струве мырзаның кітабында сыналуы» деген еңбегінде «жария марксизмді» буржуазиялық әдебиетте марксизмнің баяндалуы деп атап, оны батыл сынға алды, «жария марксистерді» либерал буржуазияның идеологтары ретінде әшкереледі. Лениннің «жария марксистерге» берген сипаттамасы кейіннен толық дәлелденді: олар көрнекті кадеттер, ал кейін нағыз ақ гвардияшылар болды.

Россияда «жария марксизмге» қарсы Лениннің батыл күресі сонымен бірге халықаралық ревизионизмге қарсы күрес болды және маркстік теорияны бұрмалауға қарсы идеялық ымырасыздықтың үлгісі болып табылды.— *203*.

88 *Ескі искрашылдар* — ескі «Искраға» қатысушылар және оның жақтастары; «Искра» — 1900 жылы В. И. Ленин негізін салған, Россия жұмысшы табының революциялық маркстік партиясын құруда шешуші роль атқарған тұңғыш жалпы орыстық құпия маркстік газет.

Лениндік «Искраның» бірінші номері 1900 жылы декабрьде Лейпцигте шықты, одан кейінгі номерлері Мюнхенде, 1902 жылғы июльден — Лондонда және 1903 жылдың көктемінен — Женевада шығып тұрды. Газет шығаруды жолға қою-

ға (құпия баспахана ұйымдастыруға, орысша шрифтер тауып алуға және т. т.) герман социал-демократтары К. Цеткин, А. Браун және басқалар, сол жылдары Мюнхенде тұрған поляк революционері Ю. Мархлевский және ағылшын Социал-демократиялық федерациясы басшыларының бірі — Г. Квелч үлкен көмек көрсетті.

«Искра» редакциясына В. И. Ленин, Г. В. Плеханов, Л. Мартов, П. Б. Аксельрод, А. Н. Потресов және В. И. Засулич кірді. Алғашқыда редакция секретары И. Г. Смидович-Леман, одан соң 1901 жылдың көктемінен бастап Н. К. Крупская болды, ол сонымен бірге «Исканың» орыс социал-демократиялық ұйымдарымен бүкіл хат-хабар алысуын жүргізіп отырды. «Искра» басты назарын Россия пролетариатының және барлық еңбекшілерінің патша самодержавиесіне қарсы революциялық күресі мәселелеріне аударды, халықаралық өмірдің, негізінен халықаралық жұмысшы қозғалысының аса маңызды оқиғаларына зор көңіл бөлді. Іс жүзінде Ленин «Искраның» бас редакторы және басшысы болды, партия құрылысының және Россия пролетариаты тап күресінің барлық негізгі мәселелері жөнінде мақалалар жазды.

«Искра» партиялық күштерді біріктіру, партия кадрларын жинау және тәрбиелеу орталығына айналды. Россияның бірқатар қалаларында (Петербург, Москва, Самара, т. б.) лениндік-искралық бағытта РСДРП топтары мен комитеттері құрылды; 1902 жылғы январьда искрашылдардың Самарада болған съезінде «Искраның» орыс ұйымы құрылды. Искралық ұйымдар Лениннің шәкірттері мен серіктері — Н. Э. Бауманның, И. В. Бабушкиннің, С. И. Гусевтің, М. И. Калининнің, П. А. Красиковтың, Г. М. Кржижановскийдің, Ф. В. Ленгниктің, П. Н. Лепешинскийдің, И. И. Радченконың және басқалардың тікелей басшылығымен құрылды және жұмыс істеді.

Лениннің инициативасымен және оның тікелей қатысуымен «Искра» редакциясы партия программасының жобасын дайындады («Искраның» 21-номерінде жарияланды) және РСДРП II съезін әзірледі. Съезд шақырылар қарсаңда Россияның жергілікті социал-демократиялық ұйымдарының көпшілігі «Искраға» қосылды, оның тактикасын, программасын және ұйымдық жоспарын мақұлдады, оны өздерінің басшы органы деп таныды. Съезд арнаулы қаулысында партия үшін күресте «Искраның» ерекше роль атқарғанын атап көрсетті және оны РСДРП-ның Орталық Органы деп жариялады.

Партияның II съезінен кейін көп ұзамай Плехановтың қолдауымен меньшевиктер «Искраны» өз қолдарына қаратып алды.— *203.*

89 *«Социал-Демократ»* — газет, РСДРП Орталық Комитетінің құпия органы; 1906 жылғы 17 (30) сентябрьден 18 ноябрьге (1 декабрьге) дейін Петербургте шығып тұрды, барлығы 7 номері шықты. РСДРП IV (Бірігу) съезінде сайланған газет

редакциясында кілең меньшевиктер (Ф. И. Дан, Л. Мартов, А. С. Мартынов, П. П. Маслов, А. Н. Потресов) болды. Іс жүзінде газет меньшевиктердің фракциялық органы еді.— *207.*

90 І Мемлекеттік думаның 104 мүшесі қол қойған аграрлық заң жобасын 1906 жылы 23 майда (5 июньде) Думаның 13-мәжілісінде трудовиктер ұсынды. Бұл заң жобасы «барлық жер қазынасымен, суымен бүкіл халықтың иелігінде болатын тәртіп орнатуға ұмтылуды, сонымен бірге ауыл шаруашылығына қажетті жер оны өз еңбегімен өңдейтін адамдардың ғана пайдалануына берілетін болуын» жер заңының мақсаты етіп қойды («Россиядағы Мемлекеттік думаның документтері мен материалдары». М., 1957, 172-бет). Бұл үшін «жалпы халықтық жер қорын» жасау талабы ұсынылды, оған барлық қазыналық, уделдік, кабинеттік, монастырьлік және шіркеулік жерлер кіруге тиісті болды; жеке иеліктегі жер көлемі осы жергілікті жерге белгіленген еңбек нормасынан артық болғандықтан, помещиктік және басқа жеке меншік жерлер күшпен иеліктен айыру арқылы әлгі қорға берілуі тиіс еді. Иеліктен айрылған жеке меншік жерлерге біраз ақы төлеу көзделді. Үлесті жерлер және ұсақ жеке иеліктегі жерлер уақытша иелерінде қалдырылуға тиіс болды; сонымен қатар заң жобасы одан әрі бұл жерлердің де біртіндеп жалпы халықтық меншікке көшуін көздеді. Аграрлық реформаны жалпыға бірдей дауыс беру жолымен сайланған жергілікті комитеттер жүргізуге тиіс болды. Бұл талаптар жерге жеке меншіктің дереу және толық жойылуынан қорыққан, иеліктен айыру арқылы алынған жерлерге ақы төлеуді дұрыс деп тапқан ауқатты шаруалардың мүддесін көздеді. Ленин «104-тің жобасында» «ұсақ меншікшінің тым қауырт төңкеріс жасаудан, халықтың тым көп және тым кедей бұқарасын қозғалысқа тартудан *қорқушылығы* бар» (Шығармалар толық жинағы, 14-том, 313-бет) деп атап көрсетті. «104-тің жобасы» дәйексіздігіне және утопиялығына қарамастан, Лениннің көрсеткеніндей, күріптар шаруалардың әлді бөлегін еркін фермерлікке айналдыру жолындағы күрес платформасы болды.— *213.*

91 *«Известия Крестьянских Депутатов»* («Шаруа Депутаттарының Хабарлары») — күнделікті газет, І Мемлекеттік Думадағы Еңбек тобының органы. 1906 жылы 17 майдан 31 майға дейін (30 майдан 13 июньге дейін) Петербургте Мемлекеттік думаның мүшесі С. И. Бондаревтің редакциясымен шығып тұрды; 11 номері шықты. Газетке трудовик-депутаттар И. Е. Соломко, П. Ф. Целоусов, И. В. Жилкин және басқалар қатысты. 11-номерінен кейін газетті шығару тоқтатылды.— *214.*

92 *«Трудовой Народ»* («Еңбекші Халық») — газет, трудовиктердің және Бүкіл россиялық шаруалар одағының органы; 1907

жылы 15 (28) марттан 4 (17) апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. 18 номері шықты. Редакторы — II Мемлекеттік думаның мүшесі В. А. Белаев. Газетке II Мемлекеттік думаның трудовик-мүшелері М. Е. Березин, А. А. Булат және басқалар, Бүкіл россиялық шаруалар одағының мүшелері А. Е. Кимряков, Е. И. Сорокин және басқалар қатысты.— *223.*

93 Ленин бұл арада К. Маркстің «Буржуазия және контрреволюция» деген мақаласындағы пікіріп келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 118—122-беттер).— *225.*

94 Ленин бұл арада трудовиктердің, «халықтық социалистердің» және эсерлердің Мемлекеттік дума председательдігіне кадеттердің кандидатын жақтап дауыс бергенін айтып отыр. 1907 жылы 19 февральда (4 мартта) кадет князь Долгоруков өткізген кеңесте кадеттердің кандидатын жақтап дауыс беру туралы сөз байласылды; бұл кеңеске Думадағы социал-демократиялық фракцияның өкілдері — меньшевиктер де қатысқан еді (қараңыз: осы том, 34—37-беттер). Мұның нәтижесінде 1907 жылы 20 февральда (5 мартта), Мемлекеттік думада дауысқа қойылған кезде, кадет Ф. А. Головинді жақтап 356 дауыс берілді, 102 оңшыл депутат қарсы дауыс берді.

«Үндемей қалу тактикасы» деп 1907 жылы 6 (19) мартта Столыпин жариялаған үкімет декларациясы жөніндегі кадеттердің тактикасы айтылып отыр. Барлық оппозициялық партиялардың кадеттер ұйымдастырған жалпы кеңестерінде кадеттер «Думаны сақтау» деген пікірді негізге алып, үкімет декларациясына үндемей қалу жөнінде үгіт жүргізді; кадеттер декларацияға жауап беру Думаның таратылуына сөзсіз апарып соғады деп дәлелдеді. Кадеттер үкімет декларациясына жауап ретінде кезекті істерге көше беру формуласын ұсынды. Кадеттерге қосылған эсерлер, трудовиктер және Шаруалар одағы, мұсылмандардың парламенттік тобы, «халықтық социалистер», поляк колосы да осындай формула ұсынды. Столыпиннің декларациясына социал-демократтар (36-ескертуді қараңыз), сондай-ақ Думадағы барып тұрған оңшылдардың өкілдері — В. А. Бобринский, В. М. Пуришкевич, епископ Платон, П. Н. Крупенский, В. В. Шульгин жауап берді.

Думада бюджет туралы мәселе талқыланғанда трудовиктер мәселені бюджет комиссиясына тапсыруды ұсынған кадеттермен бірге дауыс берді, ал мұның өзі кадеттердің ұсынысы қабылданады деген сөз еді (қараңыз: осы том, 176—181-беттер).— *226.*

95 *«Общественное Дело»* («Қоғамдық Іс») — күнделікті газет, халықтық социалистер партиясының органы; 1907 жылы

1 (14) апрельден 8 (21) апрельге дейін Петербургте шығып тұрды. Газетке халықтық социалистердің аса көрнекті өкілдері Н. Ф. Анненский, В. А. Мякотин, А. В. Пешехонов және басқалар, II Мемлекеттік думаның мүшелері Г. И. Баскин, В. В. Карачевский-Волк және басқалар қатысты. 7 номері шықты.— *228.*

96 В. И. Ленин бұл арада социалист-революционерлер партиясы Орталық комитетінің басылымы — «Партийные Известия» журналын айтып отыр; ол 1906 жылғы 22 октябрьден (4 ноябрьден) 1907 жылғы 24 майға (6 июньге) дейін Петербургте шығып тұрды. 10 номері шықты.— *236.*

97 *«Привет»* («Сәлем») — апта сайын шыққан меньшевиктік журнал; Петербургте 1907 жылы мартта шықты. Журналға Л. Мартов, А. Мартынов, А. Н. Потресов және басқалар жазды. 2 номері шықты.— *241.*

98 *«Начало»* («Бастама») — меньшевиктік күнделікті жария газет; 1905 жылы 13 (26) ноябрьден 2 (15) декабрьге дейін Петербургте шығып тұрды. 16 номері шықты. Газеттің шығарушы-редакторлары Д. М. Герценштейн мен С. Н. Салтыков болды. Газетке П. Б. Аксельрод, Ф. И. Дан, Л. Г. Дейч, Н. И. Иорданский, Л. Мартов, А. Н. Потресов және басқалар қатысты.— *244.*

99 В. И. Ленин бұл арада контрреволюцияшыл буржуазияның 1848 жылы июньде көтеріліс жасаған Париж жұмысшыларын қанға бояп жазалағанын және 1871 жылы майда Париж Коммунасын басып жаныштағанын айтып отыр. — *247.*

100 К. Маркс. «Гота программасына сын» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 24-бет).— *249.*

101 Ф. Мерингтің «Der Sorgesche Briefwechsel» («Neue Zeit», 25. Jahrg., Nr. 1 und 2) («Зоргемен хат-хабар алысу») («Новое Время», 25-жыл басылуы, 1 және 2-номерлері) деген мақаласы кітаптың бұл басылуына енгізілмеді.— *253.*

102 *«Современная Жизнь»* («Қазіргі Өмір») — меньшевиктік журнал; Москвада 1906 жылғы апрельден 1907 жылғы мартқа дейін шығарылды. Журналға Г. В. Плехановтан басқа Л. Мартов және басқа меньшевиктер жазып тұрды.— *254.*

103 *«Үн қосу»* — 1906 және 1907 жылдары Петербургте шыққан меньшевиктік жинақтар. 3 жинақ шықты. Бірінші жинақ *«Үн қосу»* деген атпен, қалғандары — «Үн қосу баспасы» деген атпен жарық көрді. Жинақтарға Л. Мартов, Ф. Дан, Д. Кольцов және басқалар қатысты.— *254.*

104 *Англия социал-демократиялық федерациясы* 1884 жылы құрылды. Реформистермен (Гайндман және басқалар) және анархистермен бірге Социал-демократиялық федерацияға революцияшыл социал-демократтар, Англия социалистік қозғалысының сол қанатын құраған марксизмді жақтаушылар тобы (Г. Квелч, Т. Манн, Э. Эвелинг, Элеонора Маркс және басқалар) кірді. Догмашылдығы мен сектанттығы үшін, Англияның бұқаралық жұмысшы қозғалысынан қол үзгендігі және оның ерекшеліктерін елемегендігі үшін Социал-демократиялық федерацияны Ф. Энгельс қатты сынады. 1907 жылы Социал-демократиялық федерация Социал-демократиялық партия деп аталды; бұл партия 1911 жылы Тәуелсіз жұмысшы партиясының солшыл элементтерімен бірігіп, Британ социалистік партиясын құрды; 1920 жылы бұл партияның көптеген мүшелері Великобритания Коммунистік партиясының негізін салуға қатысты.— *255.*

105 Ленин бұл арада Ф. Энгельстің Ф. А. Зоргеге 1886 жылы 29 ноябрьде жазған хатынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 423-бет).— *255.*

106 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 430-бет.— *255.*

107 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 428-бет.— *256.*

108 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 372-бет.— *256.*

109 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 425-бет.— *256.*

110 *«Еңбек рыцарьлары»* («Knights of Labor») — «Еңбек рыцарьларының ізгі ордені» — американ жұмысшыларының 1869 жылы Филадельфияда тігінші У. Стефенс негізін салған ұйымы. 1881 жылға дейін «Еңбек рыцарьлары» астыртын ұйым болды, ол цехтық одақтарды, жұмысшылардың әр түрлі категорияларының аралас бірлестіктерін және ұлтына қарамастан мамандығы жоқ жұмысшыларды біріктірді. 1874 жылы жұмысшы еместерге де ұйымға кіруге рұқсат етілді, бірақ олардың саны бүкіл құрамның төрттен бірінен аспауы керек болды (адвокаттарды, банкирлерді, толық немесе ішінара спирт ішімдіктерін өндіру немесе сату есебінен күн көретін адамдарды, кәсіпқой ойыншыларды және биржа маклерлерін қабылдауға тыйым салынды). 1884 жылға дейін ұйым мүшелерінің саны 70 000 адамнан асты, ал 1886 жылы — 700 000 адамға жуықтады. Жұмысшыларды ағартуды және жұмысшы ынтымақтастығы жолымен олардың мүдде-

лерін қорғауды Орден өзінің негізгі мақсаты деп санады. Орденнің басшылары ұйым мүшелерін саяси күрестен бас тартуға міндеттеді, жұмысшы партиясын құруға қарсы болды, кәсіпкерлермен күнделікті экономикалық күрес жүргізуге қарсы шығып, жұмысшылардың олармен ынтымақтасуын, барлық қайшылықтарды арбитраж және бейбіт келісім жолымен шешуді жақтады. Тіпті жұмысшы қозғалысы күшейіп, көптеген ереуілдерде жұмысшылар жеңіске жеткен 80-жылдары да «Еңбек рыцарьларының» басшылары сол позициясында қала берді. Орденнің басшылары кооперацияны капитализмнің барлық қырсықтарынан арылудың бірден-бір амалы деп есептеді.

1886 жылы Орденнің басшылары жұмысшылардың 8 сағаттық жұмыс күнін орнату жолындағы жалпы ұлттық стачкасына қарсы әрекет жасады, ұйым мүшелерінің стачкаға қатысуына тыйым салып, оның іске аспай қалуына жәрдемдесті. Басшылардың тыйым салғанына қарамастан, ұйымның қатардағы мүшелері стачкаға қатысты. Ұйым мүшелерінің негізгі бұқарасы мен оппортунист басшыларының арасындағы қайшылықтар шиеленісе түсті; 1886 жылдан кейін «Еңбек рыцарьларының ізгі ордені» бұқара арасында өзінің ықпалын жоғалта бастады, сөйтіп 90-жылдардың аяғында тарап кетті.

Лидерлерінің сатқындық саясатына қарамастан, «Еңбек рыцарьларының ізгі ордені», әсіресе өзі өмір сүре бастаған алғашқы кезеңде, Америка Құрама Штаттарының жұмысшы қозғалысында ұнамды роль атқарды.— *256.*

111 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 424-бет.— *257.*

112 *Лассальшылдар* — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі Ф. Лассальдің жақтастары мен ізбасарлары, Жалпы герман жұмысшы одағының мүшелері; бұл одақ 1863 жылы жұмысшы қоғамдарының Лейпцигте болған съезінде — жұмысшы табын өз ықпалына бағындыруға тырысқан буржуазиялық прогрессистерге қарсы құрылды. Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының бірінші президенті болып, Одақтың программасын және тактикасының негіздерін тұжырымдады. Жалпыға бірдей сайлау правосы үшін күрес — Жалпы герман жұмысшы одағының саяси программасы, мемлекеттің жәрдем ақшасымен жұмысшылардың өндіргіш ассоциацияларын құру — оның экономикалық программасы деп жарияланды. Пруссияның гегемон болуына бейімделген Лассаль, оның жақтастары мен мұрагерлері өздерінің практикалық қызметінде Бисмарктың ұлы державалық саясатын қолдады; «объективтік жағынан алғанда,— деп жазды Ф. Энгельс 1865 жылы 27 январьда К. Маркске,— бұл бүкіл жұмысшы қозғалысында пруссактардың пайдасына жасалған арамдық пен опасыздық болды» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар,

XXIII том, 1932, 232-бет). К. Маркс пен Ф. Энгельс лассальшылдықтың теориясын, тактикасын және ұйымдық принциптерін герман жұмысшы қозғалысындағы оппортунистік ағым ретінде талай рет қатты сынады.— *258.*

113 *«Die Zukunft»* («Болашақ») — социал-реформистік бағыттағы журнал, оны Герман социал-демократиялық партиясы мүшелерінің бір тобы шығарып тұрды; 1877 жылғы октябрьден 1878 жылғы ноябрьге дейін Берлинде шықты. Партияны реформистік жолға түсіруге тырысқан социал-филантроп К. Хёхберг журналдың шығарушысы болды. Журналға К. Шрамм және Э. Бернштейн жазып тұрды. К. Маркс пен Ф. Энгельс журналдың бағытын қатты сынады.— *259.*

114 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 335—336-беттер.— *259.*

115 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 64—65-беттер.— *260.*

116 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 72-бет.— *260.*

117 *«Социал-Демократ»* («Der Sozialdemokrat») — газет, Герман социал-демократиялық партиясының социалистерге қарсы ерекше заң заманындағы орталық органы; 1879 жылғы 28 сентябрьден 1888 жылғы 22 сентябрьге дейін Цюрихте және 1888 жылғы 1 октябрьден 1890 жылғы 27 сентябрьге дейін Лондонда шығып тұрды. Газетті 1879—1880 жылдары Г. Фольмар, 1881 жылдың январынан бастап сол жылдары Ф. Энгельстің ықпалы күшті болған Э. Бернштейн редакциялады. Энгельстің идеялық басшылығы «Социал-Демократтың» маркстік бағытта болуын қамтамасыз етті. Ерекше заңның енгізілуінен туған алғашқы абыржуды жеңген Германия жұмысшы бұқарасының жауынгерлік пиғылының газет жұмысы үшін орасан зор маңызы болды: «Социал-Демократ», жекелеген кателіктеріне қарамастан, революциялық тактиканы табандылықпен қорғады және герман социал-демократиясының күштерін жинап, ұйымдастыруда аса көрнекті роль атқарды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін «Социал-Демократты» шығару тоқтатылды, партияның орталық органы қайтадан «Vorwärts» («Алға») газеті болды.— *260.*

118 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 97-бет.— *260.*

119 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 223—224-беттер.

«Әлеуметтік ғылым мен әлеуметтік саясат Әржылдығы» («Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik») — соци-

ал-реформистік бағыттағы журнал; Цюрихте 1879—1881 жылдары К. Хёхберг (Л. Рихтер деген бүркеншік атпен) шығарып тұрды. 3 кітабы шықты. Әңгіме болып отырған «Rückblicke auf die sozialistische Bewegung in Deutschland. Kritische Aphorismen» («Германиядағы социалистік қозғалыстың өткен кезеңіне шолу. Сыни афоризмдер») деген мақала «Әржылдықтың» бірінші кітабында үш жұлдызшаның астынан басылды.— *261.*

120 *Бернштейниада, бернштейншілдік* — герман және халықаралық социал-демократиядағы марксизмге дұшпан оппортунистік ағым; ол XIX ғасырдың аяғында пайда болды және Герман социал-демократиялық партиясындағы оңшыл оппортунистік тенденциялардың неғұрлым айқын өкілі Эд. Бернштейннің есімімен аталды.

1896—1898 жылдары Бернштейн герман социал-демократиясының теориялық органы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген сериялы мақалаларын бастырып, бұл мақалаларында «сын еркіндігі» деген желеумен революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздерін қайта қарауға (ревизиялауға, «ревизионизм» осыдан шыққан), сөйтіп оларды таптық қайшылықтарды ымыраластыру және таптық ынтымақ жөніндегі буржуазиялық теориялармен алмастыруға тырысты; ол жұмысшы табының қайыршылануы туралы, таптық қайшылықтардың шиеленісуі туралы, дағдарыстар туралы, капитализмнің сөзсіз күйрейтіні туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы Маркстің іліміне шабуыл жасап, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген формулада тұжырымдалған социал-реформизм программасын ұсынды. 1899 жылы Бернштейннің мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген атпен жеке кітап болып шықты. Бұл кітап герман социал-демократиясының оң қанатынан және II Интернационалдың басқа партияларының оппортунистік элементтерінен, оның ішінде Россия «экономистерінен» қолдау тапты.

Герман социал-демократиялық партиясының съездерінде — Штутгарт (октябрь, 1898), Ганновер (октябрь, 1899) және Любек (сентябрь, 1901) съездерінде бернштейншілдік айыпталды, алайда партия ымырашылдық позиция ұстап, Бернштейннен іргесін аулақ салмады. Бернштейншілдер «Sozialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналында және партия ұйымдарында ревизионистік идеяларды ашық насихаттай берді.

Бернштейншілдікке және Россияда оны жақтаушыларға қарсы В. И. Ленин бастаған большевиктер партиясы ғана дәйекті және батыл күрес жүргізді. Ленин 1899 жылдың өзінде-ақ «Россия социал-демократтарының наразылығында» және «Біздің программа» деген мақаласында бернштейншілдер-

ге қарсы күреске шыққан болатын; сондай-ақ бернштейншілдікті әшкерелеуге оның «Марксизм мен ревизионизм», «Европалық жұмысшы қозғалысындағы алауыздықтар» деген еңбектері және басқалары арналды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы; 4-том, 175—189 және 196—201-беттер; Шығармалар, 15-том, 17—28-беттер; 16-том, 365—370-беттер).— *261.*

121 Әңгіме герман рейхстагындағы социал-демократиялық фракцияда пароход қоғамдарына жәрдем беру (Dampfersubvention) туралы мәселе жөнінде болған алауыздықтар жайында болып отыр. 1884 жылдың аяғында Германия канцлері Бисмарк герман басқыншылық отаршылдық саясат мүдделерін көздеп, рейхстагтан Шығыс Азияға, Австралияға және Африкаға тұрақты пароход рейстерін ұйымдастыру үшін пароход қоғамдарына жәрдем берілуін бекітуді талап етті. Социал-демократиялық фракцияның Бебель мен Либкнехт басқарған сол қанаты пароход қоғамдарына жәрдем беруді мақұлдамады, ал Ауэр, Дитц және басқалар бастаған фракцияның көпшілік оң қанаты рейхстагта ресми айтыс басталмай жатып-ақ пароход қоғамдарына жәрдем беруді жақтап шықты. 1885 жылы мартта рейхстагта мәселені талқылаған кезде социал-демократиялық фракцияның оң қанаты Шығыс Азияға және Австралияға пароход линияларын ашуды жақтап дауыс берді; ол Бисмарк жобасына келісім бергені үшін өзінің кейбір талаптарының, атап айтқанда, жаңа кемелердің герман верфьтерінде жасалуы жөніндегі талабының қабылдануын шарт етіп қойды. Рейхстаг бұл талапты қабылдамағаннан кейін ғана бүкіл фракция үкімет жобасына қарсы дауыс берді. Фракция көпшілігінің бұл әрекетіне «Социал-Демократ» газеті мен социал-демократиялық ұйымдар тарапынан тойтарыс берілді. Алауыздықтардың күшті болғаны соншалық, партияда жікке бөлінушілік туғыза жаздады. Ф. Энгельс социал-демократиялық фракцияның оң қанатының оппортунистік позициясын батыл сынады (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 441—445, 456, 457, 471-беттер).— *261.*

122 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 471-бет.— *262.*

123 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 625—626-беттер.— *262.*

124 Париждегі екі халықаралық социал-демократиялық конгресс — II Интернационалдың I конгресі және сонда, бір мезгілде, француз поссибилистері мен Англия социал-демократиялық федерациясы шақырған конгресс.

Парижде 1889 жылғы 14—20 июльде өткен Халықаралық социалистік жұмысшы конгресі — II Интернационалдың бірінші құрылтай конгресі — француз социалистерінің инициа-

тивасы бойынша, басқа бірқатар елдердің социалистік ұйымдарының қолдауымен шақырылды. Оппортунистік элементтер — француз поссибилистері мен Англия социал-демократиялық федерациясы конгресті әзірлеуді және оны өткізуді өз қолдарына түсіріп алуға және халықаралық жұмысшы қозғалысын басқарушы болуға тырысты. Ф. Энгельс бұл әрекеттерге батыл қарсы шығып, конгресті әзірлеуге мейлінше белсене араласты. Оппортунистердің әрекеттерін әшкерелей отырып, Энгельс герман социал-демократиясы лидерлерінің поссибилистер жөніндегі ымырашылдық қателерін қатты сынға алды, сондай-ақ француз социалистерінің тактикалық қателіктерін де сынады. Конгресс қарсаңында оның тапсырмасы бойынша «1889 жылғы халықаралық жұмысшы конгресінің» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 401—423-беттер) бірінші және екінші памфлеттері жазылды, бұларды оның өзі редакциялады; памфлеттер Англия социал-демократиялық федерациясы мен француз поссибилистерінің тімiскі әрекеттерін әшкереледі. Европа елдерінде таратылған бұл памфлеттер конгресті шақыруда зор роль атқарды. Энгельс конгрестің маңызы ең алдымен Европадағы шын мәніндегі социалистік күштерді біріктіруінде деп білді. Энгельс социалистік партиялардың халықаралық көлемде революциялық маркстік негізде бірігуіне күш салды. «Конгрестің маңызы...,— деп жазды ол,— Европа социалистік партияларының бір ауыздылығы бүкіл дүние жүзі алдында дәлелденетіндігінде» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 129-бет).

Конгресте талқыланған басты мәселе халықаралық жұмысшылар заңы туралы мәселе болды. Бұл мәселе бойынша қабылданған қарарда жұмысшылар тек экономикалық күрес қана емес, сонымен қатар саяси күрес те жүргізуге тиіс деп көрсетілді, пролетариаттың социалистік партияларын құру, партиялардың жұмысын кәсіподақтардың жұмысымен ұштастыру қажет деп табылды. Конгресс 8 сағаттық жұмыс күні туралы, халықаралық пролетарлық ынтымақ күні — 1 майды жыл сайын мейрамдау туралы қарар қабылдады.

Конгресс II Интернационалдың құрылғаны туралы ресми шешім қабылдаған жоқ, бірақ іс жүзінде оны құрды.— *262.*

125 *Поссибилистер* (П. Брусс, Б. Малон және басқалар) — француз социалистік қозғалысындағы ұсақ буржуазиялық, реформистік ағым; бұл ағым пролетариатты күрестің революциялық әдістерінен басқа жаққа алаңдатты. 1882 жылы, Франция жұмысшы партиясы жікке бөлінген соң, Сент-Этьен конгресінде поссибилистер «Әлеуметтік-революциялық жұмысшы партиясын» құрды; олар пролетариаттың революциялық программасы мен революциялық тактикасын теріске шығарды, жұмысшы қозғалысының социалистік мақсаттарын бүркемеледі, жұмысшылардың күресін «мүмкін болатын нәрсенің» (possible) шеңберімен шектеуді ұсынды — партияның

аты да осыдан шыққан. Поссибилистердің ықпалы негізінен алғанда Францияның экономикалық жағынан неғұрлым артта қалған аудандары мен жұмысшы табының жөнді дамымаған топтарына тарады.— *262.*

[126] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 71-бет.— *262.*

[127] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 109—110-беттер.— *263.*

[128] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. Қаз. мемл. баспасы, 1958, 439-бет.— *263.*

[129] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 135—137-беттер.— *263.*

[130] Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 138-бет.— *263.*

[131] Ленин бұл арада Ф. Энгельстің 1888 жылы 2 майда Ф. Келли-Вишневецкаяға жазған хатынан цитат келтіріп отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 37-бет).— *264.*

[132] *Фабийшылдар* — Фабий қоғамының, 1884 жылы құрылған ағылшын реформистік ұйымының, мүшелері; қоғам біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда өмір сүрген Рим қолбасшысы Фабий Максимнің есімімен аталған; Фабий өзінің ыңғайлы сәтті күту тактикасы үшін, Ганнибалмен соғысқан кезде батыл ұрыс жүргізуден бой тарта бергені үшін «Кунктатор» («Сылбыр») деп аталып кеткен. Фабий қоғамының мүшелері көбінесе буржуазиялық интеллигенцияның өкілдері — ғалымдар, жазушылар, саяси қайраткерлер (мысалы, С. және Б. Веббтер, Б. Шоу, Р. Макдональд және басқалар) болды; олар пролетариаттың таптық күресі мен социалистік революцияның қажеттігін теріске шығарды, капитализмнен социализмге ұсақ реформалар жүргізу және қоғамға біртебірте өзгеріс жасау арқылы ғана көшуге болады десті. Марксизмге қас Фабий қоғамы жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды жүргізушілердің бірі, ағылшын жұмысшы қозғалысына оппортунистік және социал-шовинистік идеяларды таратушы ролін атқарып келді және атқарып келеді. В. И. Ленин фабийшылдықты *«әсіре оппортунизм* бағыты» (Шығармалар, 13-том, 365-бет) деп сипаттады. 1900 жылы Фабий қоғамы лейбористік партияға кірді. «Фабийлық социализм» лейбористер идеологиясы негіздерінің бірі болып табылады.— *264.*

[133] Ленин бұл арада Ф. Энгельстің 1893 жылы 18 январьда Ф. А. Зоргеге жазған хатынан цитат келтіріп отыр (қараңыз:

К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 487-бет).— *265.*

134 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 506-бет.

П. Лафарг пен Г. Фольмардың сөздеріне сынды Ф. Энгельстің «Франция мен Германиядағы шаруалар мәселесі» деген еңбегінен қараңыз (Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 401—421-беттер).— *265.*

135 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXIX том, 1946, 346-бет.— *266.*

136 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 355-бет.— *266.*

137 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы шығармаларының екі томдығы, II том, 1955, 24-бет.— *267.*

138 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 425-бет.— *268.*

139 *Деказвиль стачкасы* — Франциядағы Деказвиль қаласында (Айверон департаменті) 2 мың көмір қазушының стихиялы түрде туған стачкасы. Еңбек жағдайларының адам төзгісіздігі және кәсіпкерлердің — «Көмір кендері мен құю заводтары иелерінің Айверон қоғамының» — жұмысшыларды қанауының күшеюі салдарынан бұрқ ете түскен стачка 1886 жылдың январынан июніне дейін, 5 айға созылды. Жұмысшылар бірқатар талаптар, оның ішінде қожайынның азық-түлік дүкеншесін құрту, аса қаталдығымен қан қақсатқан басқарушыны жұмыстан қуу талабын қойды. Әкімшіліктің жұмысшылармен қақтығысы кезінде басқарушы өлтірілді. Үкімет Деказвильге әскер әкелді, мұның өзі Францияда кең толқу туғызып, Парижде және провинцияда бірқатар наразылық митингілері болып өтті. Ж. Гед пен П. Лафарг Париждегі митингіде сөз сөйлеп, үкіметтің және кәсіпкерлердің іс-әрекеттеріне наразылық білдірді. Социалистік газеттер — («Cri du Peuple» және «Intransigeant» стачкашыларға жәрдем ұйымдастырды. Француз палатасында Деказвиль стачкасы туралы мәселені қызу талқылау кезінде (мұны социалист-жұмысшы депутаттар Бали, Камелина талап етті) буржуазияшыл депутаттар, олардың ішінде радикалдар да, бұған дейін оларға жұмысшы-депутаттар қосылған болатын, үкіметті қолдады және стачкашыларды жазалауды жақтады. Бұл жұмысшы-депутаттардың радикалдармен ажырасып, француз депутаттар палатасында дербес жұмысшы фракциясын құруына әкеп соқты. Ф. Энгельс сол кезде Франциядағы оқиғалардың барысын зер сала қадағалап отырды және «француз пролетариатының палатадағы осы бір алғашқы батыл әрі дербес

қимылына» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 538-бет) зор мән берді.— *268.*

140 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 554—555-беттер.— *269.*

141 Алғы сөздің «1889 жылы Англияда» деген сөздерден басталатын келесі бөлегі большевиктік «Наше Эхо» газетінің 1907 жылғы 8 апрельдегі 13-номерінде мынадай кіріспемен басылды: «Таяу уақытта Маркс пен Энгельстің Америкада тұрған досы және серігі Зоргемен алысқан хаттары жарық көреді, оны П. Дауге басып шығармақшы.

Бұл басылымның маңыздылығын ескере отырып, біз осы кітаптың орысша аудармасына алғы сөздің Маркс пен Энгельстің Россияда болғалы тұрған революцияға көзқарасына арналған бөлегін көшіріп басуды мақұл көрдік. Француз революциясының маңызы туралы және Германиядағы болуы мүмкін революция туралы Энгельстің назар аударарлық екі пікірінен бастайық».— *269.*

142 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 443-бет.— *270.*

143 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVIII том, 1940, 360-бет.— *270.*

144 Бұл арада 1877—1878 жылдардағы орыс-түрік соғысы айтылып отыр.— *271.*

145 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 334-бет.— *271.*

146 Орыс қоғамдық ой-пікірінің жекелеген аса көрнекті өкілдері К. Маркстің шығармаларымен XIX ғасырдың 40-жылдарында-ақ таныса бастады. 1872 жылы Г. А. Лопатин мен Н. Ф. Даниельсон аударған «Капиталдың» орысша бірінші басылуы жарық көрді. Бұл «Капиталдың» шетел тіліне тұңғыш рет аударылуы еді. 70-жылдары «Капиталдың» жарыққа шығуымен байланысты, жария журналдардың беттерінде — «Отечественные Запискиде», «Вестник Европыда», «Слово-да» — кең айтыс болды, оған Россияның аса көрнекті публицистері мен ғалымдары қатысты. Құпия үйірмелерде, 70-жылдардағы революцияшыл жастар арасында және сол кездегі құпия баспасөзде «Капиталға» зор көңіл бөлінді.— *271.*

147 *Халық ерікшілері* — халықшыл-террористердің жасырын саяси ұйымы «Халық еркінің» мүшелері, бұл ұйым халықшылдық «Жер және ерік» ұйымының жікке бөлінуі нәтижесінде 1879 жылы августа пайда болды. «Халық еркін» Атқару ко-

митеті басқарды, оның құрамында А. И. Желябов, А. Д. Михайлов, М. Ф. Фроленко, Н. А. Морозов, В. Н. Фигнер, С. Л. Перовская, А. А. Квятковский, тағы басқалар болды. Халық ерікшілері халықшыл утопистік социализм позициясында болса да, самодержавиені құлатуды және саяси бостандықты жеңіп алуды ең маңызды міндет деп санап, саяси күрес жолына түсті. Олардың программасы жалпыға бірдей сайлау правосы негізінде сайланған «тұрақты халық өкілдігін» ұйымдастыруды, демократиялық бостандықтар жариялауды, жерді халыққа беруді және заводтар мен фабрикаларды жұмысшылардың қолына берудің шараларын дайындауды көздеді. «Халық ерікшілері,— деп жазды В. И. Ленин,— саяси күреске көшу арқылы бір адым ілгері басты, бірақ олар мұны социализммен байланыстыра алмады» (Шығармалар толық жинағы, 9-том, 191-бет).

Халық ерікшілері патша самодержавиесіне қарсы қаһармандық күрес жүргізді, бірақ «белсенді» батырлар мен «енжар» тобыр жөніндегі теріс теорияға сүйеніп, қоғамды қайта құруды халықтың қатысуынсыз, өз күштерімен, жеке террор, үкіметті қорқыту, іріткі салу арқылы жүзеге асырмақшы болды. 1881 жылғы 1 марттан (II Александр өлтірілгеннен) кейін үкімет қатал қудалау, дарға асу және арандату әрекеттері арқылы «Халық еркі» ұйымын талқандады. Халық ерікшілерінің 80-жылдар бойы «Халық еркін» қайта жандандыру жолындағы көптеген әрекеттері нәтиже бермеді. Мәселен, 1886 жылы «Халық еркінің» дәстүрін ұстаған А. И. Ульянов (В. И. Лениннің ағасы) және П. Я. Шевырев бастаған топ пайда болды. III Александрға қастандық жасау әрекеті сәтсіз аяқталғаннан кейін 1887 жылы топ ашылып, оның белсенді мүшелері дарға асылды.

В. И. Ленин халық ерікшілерінің қате, утопиялық программасын және жеке террор тактикасын сынай отырып, «Халық еркі» мүшелерінің патша өкіметімен жанқиярлық күресін аса үлкен ізетпен атады, олардың астыртын жұмыс техникасын және қатаң түрде бір орталыққа бағындырылған ұйымын жоғары бағалады.

Қаралай бөлісшілер (Г. В. Плеханов, М. Р. Попов, П. Б. Аксельрод, Л. Г. Дейч, Я. В. Стефанович, В. И. Засулич, О. В. Аптекман, В. Н. Игнатов, кейінірек — А. П. Буланов және басқалар) өздерінің программалық талаптарында негізінен алғанда «Жер және еріктің» платформасын қорғады. Россияда және 1880 жылы Плеханов, Дейч, Засулич, Стефанович және басқалар эмиграцияға кеткеннен кейін шетелде «Черный Передел» журналы және «Зерно» газеті шығарылды. Кейінірек қаралай бөлісшілердің бір бөлегі марксизмге бет бұрды (Плеханов, Аксельрод, Засулич, Дейч және Игнатов 1883 жылы орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды), басқалары 1881 жылғы 1 марттан кейін халық ерікшілеріне қосылды.— *271.*

148 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 363-бет.— *272.*

149 «Біздегі алауыздықтар» туралы және Россияда болатын революцияның сипаты туралы Энгельс В. И. Засуличке 1885 жылғы 23 апрельдегі хатында жазды (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 413—415-беттер).

Хат бірінші рет 1925 жылы ««Еңбекті азат ету» тобы» жинағының 3-номерінде жарияланды.— *272.*

150 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 633 және 634-беттер.— *272.*

151 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XXVII том, 1935, 636-бет.— *272.*

152 Ленин бұл арада «Империя конституциясы үшін жүргізілген герман науқаны» деген очерктер сериясынан «Республика жолында мерт болайық» деген очеркті айтып отыр (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 7-том, 169—207-беттер).— *273.*

153 *«Ларин мен Хрусталев»* деген мақала бірінші рет 1907 жылы 15 апрельде «Труд» газетінің 1-номерінде жарияланды.

«Труд» («Еңбек») — апта сайын шыққан большевиктік әдеби-саяси жария газет. 1907 жылы 15 (28) апрельде бір номері ғана шықты. Келесі күні-ақ Петербургтің қала бастығы газетке тыйым салды.— *279.*

154 *«Народная Газета»* («Халық Газеті») — меньшевиктік газет; 1907 жылы апрельде Петербургте шығарылды. 2 номері шықты.— *279.*

155 1907 жылы январьда өткен герман рейхстагының сайлауында социал-демократтар 36 мандат жоғалтты, сөйтіп рейхстагқа бұрынғы 79 депутат орнына 43 депутат қана өткізді. Бұлай болған себебі, канцлер Бюлов Германияның белсенді отаршылдық саясатын қолдау ұранымен социал-демократтарға және центрге қарсы консерваторларды, национал-либералдарды және «еркін ойлыларды» топтастыра алды.

Ф. Мерингтің «Deutscher Liberalismus und russische Duma» («Неміс либерализмі және орыс Думасы») деген мақаласы герман социал-демократиясының сайлауда жеңіліске ұшырауы жөнінде жазылған болатын.— *285.*

156 К. Маркс. «Буржуазия және контрреволюция» (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 6-том, 116—117-беттер).— *286.*

157 *«Жаңа Рейн Газеті»* («Neue Rheinische Zeitung») 1848 жылғы 1 июньнен 1849 жылғы 19 майға дейін күн сайын Кёльнде К. Маркстің редакциялауымен шығып тұрды. Редакция құрамында Ф. Энгельс, В. Вольф, Г. Веерт, Ф. Вольф, Э. Дронке, Ф. Фрейлиграт және Г. Бюргерс болды.

Демократияның пролетарлық қанатының айбынды органы бола отырып, газет халық бұқарасын тәрбиелеуші ролін атқарды, оларды контрреволюцияға қарсы күреске көтерді. Герман және европалық революциялардың аса маңызды мәселелері бойынша газеттің қандай позиция ұстайтынын анықтаған бас мақалаларды, әдетте, Маркс пен Энгельс жазды.

«Жаңа Рейн Газетінің» батыл да ымырасыз позициясы, оның айбынды интернационализмі, оның беттерінде Пруссия үкіметіне қарсы және Кёльндегі жергілікті өкімет орындарына қарсы бағытталған саяси өткір мақалалардың басылуы,— осының бәрі газет өмір сүрген алғашқы айлардың өзінде-ақ феодалдық-монархиялық және либералдық-буржуазиялық баспасөз тарапынан жала жабу, сондай-ақ үкімет тарапынан қуғындау әрекетін туғызды; Пруссиядағы контрреволюциялық төңкерістен соң бұл қуғындау тіпті күшейді.

Барлық қуғындау әрекеттері мен полиция қойған бөгеттерге қарамастан, «Жаңа Рейн Газеті» революциялық демократияның мүдделерін, пролетариаттың мүдделерін ерлікпен қорғады. 1849 жылғы майда, контрреволюция жаппай шабуылға шыққан жағдайда, Пруссияның үкіметі Маркстің Пруссия азаматтығын алмағанын пайдаланып, оны Пруссия жерінен аластауға бұйрық берді. Маркстің Пруссиядан кетірілуі және «Жаңа Рейн Газетінің» басқа редакторларына қарсы жасалған қуғындау газетті шығару ісінің тоқтатылуына себеп болды. Газеттің қызыл бояумен басылған соңғы, 301-номері 1849 жылғы 19 майда шықты. Газеттің редакторлары жұмысшыларға арнаған қоштасу сөзінде «әрқашан да және қайда болсын біздің соңғы сөзіміз жұмысшы табын азат ету болады!» деп мәлімдеді.— *290.*

158 Қараңыз: К. Маркс. «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 299-бет).— *291.*

159 *«Vorwärts» («Алға»)* — күнделікті газет, Герман социал-демократиялық партиясының орталық органы; бұл газет 1884 жылдан шыға бастаған «Berliner Volksblatt» («Берлин Халықтық Газеті») газетінің жалғасы ретінде партияның Галле съезінің қаулысы бойынша «Vorwärts. Berliner Volksblatt» деген атпен 1891 жылдан Берлинде шығып тұрды. Газет бетінде Ф. Энгельс оппортунизмнің барлық көріністеріне қарсы күрес жүргізді. 90-жылдардың екінші жартысынан былай, Энгельс қайтыс болғаннан кейін, «Vorwärts»-тың редакциясы партияның оң қанатының қолына көшіп, оппортунистердің

мақалаларын үнемі басып тұрды. РСДРП қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге қарсы күресті сыңар жақ көрсете отырып, «Vorwärts» «экономистерді», партия жікке бөлінгеннен кейін меньшевиктерді қолдады. Реакция жылдарында «Vorwärts» Троцкийдің жалақорлық мақалаларын басты, ал Лениннің, большевиктердің ол мақалаларды теріске шығарып жауап беруіне және партиядағы істің жайын объективті тұрғыдан бағалауына мүмкіндік бермеді.

Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Vorwärts» социал-шовинизм позициясында болды; Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік насихат жүргізді. Берлинде 1933 жылға дейін шығып тұрды.— *292.*

160 РСДРП Петербург қалалық ұйымының 1907 жылы 25 мартта (7 апрельде) Териокиде (Финляндия) өткен конференциясына 133 делегат (92 большевик және 41 меньшевик) қатысты, бұл делегаттардың 100-ден астамы жұмысшы еді. Конференцияға сайлау бір айдан артық уақытқа созылды және Орталық Комитеттің ерекше комиссиясының бақылауымен өтті. Сайлауға ұйым мүшелерінің орасан зор көпшілігі қатысты. Ленин конференцияда председательдік етті, Петербург ұйымын қайта құру туралы мәселе жөнінде және Петербург комитетінің ұйымдастыру жұмысы туралы мәселелер жөнінде сөз сөйледі.

Конференция мынадай мәселелерді талқылады: РСДРП Петербург ұйымын қайта құру туралы; II Думадағы социал-демократиялық фракцияда Петербург ұйымының өкілдігі туралы; социал-демократияның буржуазиялық баспасөзге қатысуына жол бермеу туралы; 1 май және социал-демократияның тактикасы туралы. Большевиктер дайындаған қайта құру жобасын конференция басым көпшілік дауыспен қабылдады. Бұл жобаның негізгі пункті бойынша, конференция жергілікті ұйымның тұрақты, дүркін-дүркін жиналатын заң шығарушы органы деп танылды және конференция өзінің атқарушы органын — оның директивалары шеңберінде қызмет істейтін Петербург комитетін сайлады. 19 адамнан жаңа РСДРП Петербург комитеті сайланды. II Думаның социал-демократиялық фракциясымен байланыс жасау үшін Петербург ұйымынан Ленин сайланды. Конференция социал-демократтардың буржуазиялық баспасөзге қатысуының қандайын болса да қатты айыптады.

Конференция РСДРП Петербург ұйымында 1907 жылғы январь конференциясынан бері орын алып келген жікке бөлінушілікті жойды.

Конференцияның екінші сессиясы да Териокиде 1907 жылы 8 (21) апрельде өтті. Күн тәртібінде мынадай мәселелер тұрды: 1 майды мерекелеу туралы; митингілер науқаны туралы; уәкілдер советі туралы; партияның V съезіне сайлау; II Мемлекеттік думаның депутаты Алексинскийдің баяндамасы; ұйымдық мәселелер; кооперативтік қозғалыс; қаражүз-

дікпен күрес; жұмыссыздық. Алайда уақыттың тарлығынан соңғы үш мәселе талқыланған жоқ. Конференция 1 май күнін бір күндік жаппай ереуілмен және митингілермен атап өтуге шешім қабылдады; Петербургтің және Петербург губерниясының уәкілдер советін ұйымдастыруға және бұл үшін аудандар бойынша барлық уәкілдерді дереу жинауға ұйғарылды. Партияның V съезіне сайлау туралы мәселе бойынша конференция екінші сатыдағы сайлау әдісін жасап шығаруды Петербург комитетіне тапсыруға ұйғарды, сөйтіп өз арасынан 7 адамнан мандат комиссиясын сайлаумен шектелді. Конференция депутат Алексинскийдің баяндамасын талқылап, оның баяндамасы бойынша қарар дайындауды ерекше комиссияға тапсырды. Конференция ұйымдық мәселелер жөнінде де бірқатар шешімдер қабылдады.

Ленин Алексинскийдің баяндамасы бойынша жарыс сөзде сөз сөйледі және Петербург делегациясына партияның V съезіне жауынгерлік жасақтарды қайта құру туралы мәселемен байланысты осы жасақтардың өкілдерін съезге шақыру туралы ұсыныс енгізуге кеңес берді.— *294.*

161 *Бойкот конференциясын* — РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясын — Мемлекеттік думаға көзқарас туралы мәселені шешу үшін 1906 жылы 11 (24) февральда Петербург комитеті шақырды. Конференцияға В. И. Ленин басшылық етті. Оған шешуші дауыспен 65 делегат қатысты. Конференцияға сайлау большевиктер мен меньшевиктердің тактикалық платформалары талқыланып, дауысқа қойылғаннан кейін — партияның дауыс берген 30 мүшесінен 1 делегат есебінен жүргізілді. Большевиктер сайлауда едәуір көпшілік дауыс алды. Меньшевиктер РСДРП-ның түгел дерлік большевиктерден құралған округтік ұйымының дауыстарын жарамсыз деп табуды талап етті. РСДРП округтік ұйымы туралы мәселені талқылаудың барысында В. И. Ленин ескертпе және реплика жасап, сөз сөйледі. Конференция округтік ұйымның өкілдігін бекітті. Ол Петербург комитетінің есепті баяндамасын тыңдады және конференцияның өкілдігін заңды деп, конференция шын мәнінде өтіп жатыр және оның шешімдері міндетті түрде орындалуға тиіс деп таныған Лениннің қарарын қабылдады. Мемлекеттік думаға көзқарас туралы баяндаманы Ленин жасады (конференцияның секретарьлық жазбаларында Лениннің баяндамасы жоқ). Баяндамасының соңында Ленин белсенді бойкот жасау тактикасы туралы қарарды оқыды. Меньшевиктердің қарарын Мартов оқыды. Конференция 29 дауысқа қарсы 36 дауыс көпшілікпен Думаға белсенді бойкот жасау тактикасын жақтады. Алайда белсенді бойкот жасау тактикасын егжей-тегжейлі дәлелдеген қарарды конференция қабылдап үлгере алмады.

Белсенді бойкот жасау тактикасы туралы қарарды талқылап, біржолата бекіту үшін февральдың аяғында—марттың басында Петербург ұйымының екінші жалпы қалалық кон-

ференциясы шақырылды; оған 62 делегат қатысты. Конференция Лениннің, Мартовтың қарарларын және меньшевиктер қосымша ұсынған Охта ауданының қарарын талқылады. Ұзақ және шиеленіскен күрестен соң, конференция Думаға белсенді бойкот жасау тактикасы туралы Ленин ұсынған қарарды негіз ретінде қабылдады, мұны жақтап 35 дауыс берілді, 24 дауыс қарсы болды, бір дауыс қалыс қалды. Мемлекеттік дума туралы қарарды ақтық рет редакциялау үшін конференция комиссия сайлады, оған Ленин кірді. Меньшевиктер комиссияға қатысудан бас тартып, конференциядан кетіп қалды.— *296.*

162 Бұл арада РСДРП Петербург ұйымының 1906 жылы 11—12 (24—25) июньде өткен аударалық конференциясы айтылып отыр. Конференция өзінің жұмысын Петербургте бастады, одан кейін құпиялықты сақтау мақсатымен мәжілістерін Финляндияға, Териокиге ауыстырды. Конференцияны Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі пролетариаттың тактикасын белгілеу үшін Петербург комитеті шақырды. Конференцияға сайлаудың алдында тактикалық екі платформаның: кадеттік думалық министрлікті қолдау туралы Орталық Комитеттің меньшевиктік қарары және Петербург комитетінің Ленин жазған «Мемлекеттік думаға көзқарас туралы» және «Думалық министрлік туралы мәселе жөніндегі» большевиктік қарарлары (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 189—190, 225—226-беттер) төңірегінде айтыс болды. Айтыстың нәтижесінде большевиктердің тактикалық бағытын жақтап 1760 дауыс, меньшевиктік Орталық Комитеттің платформасын жақтап 952 дауыс берілді.

Конференцияда партияның 4 мыңға тарта мүшесінің өкілі ретінде 80-ге жуық делегат болды. Ленин конференцияның председателі болып сайланды және оның жұмысына басшылық етті. Ол РСДРП Петербург комитетінен «Партияның Мемлекеттік думаға көзқарас жөніндегі тактикасы туралы» баяндама жасады. Орталық Комитеттің меньшевиктік позициясын қорғаған Ф. И. Дан оның оппоненті болды. Петербург комитетінің тактикасын мақұлдаған қарар көпшілік дауыспен қабылданды.

Сонымен бірге Ленин конференцияда «Партия бірлігі туралы» да баяндама жасады. Бұл баяндама бойынша қабылданған қарарда конференция РСДРП IV съезі сайлаған Орталық Комитет партияның азшылығының ғана пікірін білдіретінін атап көрсетіп, партияның жаңа съезін шақыру талабын қойды. Конференция сондай-ақ Петербург партия ұйымы мен Думадағы социал-демократиялық фракция арасында берік байланыс орнату туралы шешім қабылдады.— *296.*

163 Бұл арада 1906 жылы 16—22 ноябрьде (29 ноябрь — 5 декабрьде) Таммерфорста өткен РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының бірінші конференциясы айтылып отыр.

Конференция Петербург және Москва ұйымдарының, сондай-ақ Орталық Комитеттің большевиктік бөлегінің инициативасы бойынша шақырылды. В. И. Ленин конференцияның шақырылуын мақұлдап, оны әзірлеуге қатысты. Ол конференция делегаттарына хат жазып, принципті большевиктік бағытқа қайшы келетін ұшқалақ шешімдер қабылдаудан сақтандырды. Лениннің хаты конференцияда оқылды.

Конференцияға шешуші дауыспен 19 делегат, кеңесші дауыспен 9 делегат қатысты, олар 11 әскери және 8 жауынгерлік ұйымдардың өкілдері болды; делегаттардың ішінде РСДРП Петербург және Москва комитеттерінің өкілдері де қатысты. Конференцияда Петербург, Кронштадт, Рига, Москва, Финляндия, Севастополь, Либава, Нижний Новгород, Калуга, Воронеж, Қазан әскери ұйымдарының, Петербург, Москва, Саратов, Урал жауынгерлік ұйымдарының өкілдері болды. Бұдан басқа, конференцияға Орталық Комитет жанындағы Техникалық бюроның, Оңтүстік-техникалық бюроның, Финляндия социал-демократиясының революциялық бөлегінің өкілдері қатысты. Делегаттардың ішінде Е. М. Ярославский, Р. С. Землячка, И. А. Саммер (Любич, Остапченко), И. Х. Лалаянц, М. Н. Лядов және басқалар болды.

Конференция мынадай мәселелерді талқылады: 1) Ұйымдастыру бюросының есебі; 2) Делегаттардың есебі; 3) Қарулы көтеріліс жасау жөніндегі бұрынғы әрекеттер туралы; 4) Кезеңге баға беру; 5) Қарулы көтерілістің сипаты; 6) Әскери және жауынгерлік ұйымдардың міндеттері; 7) Әскери ұйым жұмысының сипаты; 8) Басқа партиялардың әскери және жауынгерлік ұйымдары мен партияда жоқтарға көзқарас туралы; 9) Қарулы көтеріліс ұйымдастырумен байланысты әскери-жауынгерлік орталықтар құру туралы; 10) Әскери-жауынгерлік ұйымдардың жалпы пролетарлық ұйымдарға көзқарасы туралы; 11) Партия съезіне баяндама; 12) Съездегі өкілдіктің негіздері туралы; 13) Орталық Орган және әдебиет туралы; 14) Орталық Комитет шақырған әскери ұйымдар конференциясына көзқарас туралы; 15) Сайлау.

Конференция мынадай бірқатар қарарлар қабылдады: ағымдағы кезең туралы; партияның қарулы көтерілістегі ролі туралы (қарар конференцияға қатысып отырған партия мүшелерінің пікірі ретінде ғана жеке кеңесте бір ауыздан қабылданды); әскери ұйымдардың міндеттері; жауынгерлік ұйымдардың міндеттері; басқа партиялардың осындай ұйымдарына және партияда жоқтарға көзқарас туралы; әскери және жауынгерлік ұйымдардың қарулы көтерілістегі ролі туралы; офицерлер арасындағы жұмыс туралы; экспроприациялар туралы; Орталық Комитет шақырған конференцияға көзқарас туралы; съезге баяндама туралы; съездегі өкілдіктің негіздері туралы; әскери және жауынгерлік ұйымдардың уақытша бюросы туралы; әдеби орган және баспа туралы; жергілікті және облыстық әдебиет туралы; бүкіл россиялық әскери-жауынгерлік ұйым құру туралы; Орталық Комитет

өкілінің жоқтығы туралы. Конференция Бүкіл россиялық әскери конференция шақыру үшін «Уақытша бюро» сайлады, ол не бары екі ай өмір сүрді.

Конференция қарарлары 1906 жылы 7 декабрьде «Пролетарий» газетінің 9-номерінде жарияланды, ал оның протоколдары 1907 жылы Петербургте басып шығарылды.— *309.*

164 В. И. Ленин «Саяси дағдарыс және оппортунистік тактиканың күйреуі» деген мақаласында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 13-том, 383—401-беттер) меньшевиктік Орталық Комитеттің партия ұйымдарына 4-хатын егжей-тегжейлі талдап, сынға алады.— *316.*

165 *«Дневник Социал-Демократа»* («Социал-Демократ Күнделігі») — мерзімді емес орган, Женевада 1905 жылдың мартынан 1912 жылдың апреліне дейін (ұзақ үзілістермен) Г. В. Плеханов шығарып тұрды. 16 номері шықты. 1916 жылы Петроградта оны қайта шығару қолға алынды, бірақ не бары бірақ номері шықты. Алғашқы сегіз номерінде (1905—1906) Плеханов барып тұрған оңшыл меньшевиктік, оппортунистік көзқарастарды уағыздады, социал-демократияның либерал буржуазиямен блогын қорғады, пролетариаттың шаруалармен одағын теріске шығарды, декабрь қарулы көтерілісін айыптады. 1909—1912 жылдары Плеханов жойымпаз-меньшевиктерге қарсы шығып, партияның астыртын ұйымдарын қорғады («Дневник Социал-Демократаның» 9—16-номерлері). Алайда ол тактиканың негізгі мәселелері бойынша меньшевиктік позицияда қала берді. «Дневник Социал-Демократаның» 1916 жылы шыққан 1-номерінде Г. В. Плехановтың социал-шовинистік көзқарастары айқын көрінді.

В. И. Ленин Плехановты оның оппортунизмі және революциялық марксизмнен шегінгені үшін қатты сынға алды.— *316.*

166 *«Петербургтегі жікке бөліну және соған байланысты партия сотын құру жөнінде РСДРП V съезіне арналған баяндама»* 1907 жылы апрельде Выборгта «Пролетарийдің» баспаханасында басына «Тек қана РСДРП партия съезінің мүшелеріне арналған» деп жазылып, жеке кітапша болып басылып шықты. Кітапшаның бірінші және соңғы бөлімдері 1907 жылы апрельде жазылды; «Лениннің партия сотындағы ақталу (немесе Орталық Комитеттің меньшевиктік бөлегін айыптау) сөзі» февральда жазылды, оны ол 1907 жылы марттың аяғында соттың бірінші мәжілісінде оқып берді. — *320.*

167 Петербургтің барлық аудандарында жұмыс істеген РСДРП Петербург ұйымының 234 большевигінің жиналысы II Мемлекеттік думаға сайлау науқаны кезінде меньшевиктер тобының Петербургтегі әрекеттері туралы және меньшевиктік Орталық Комитеттің инициативасымен ұйымдастырылған партия соты туралы мынадай қарар қабылдады:

«1. Сайлау науқаны кезінде Петербург социал-демократиялық ұйымының жікке бөлінгені үшін кінә түгелімен меньшевик жолдастарға жүктеледі.

2. Меньшевиктер тобының жікке бөлінгенге дейін және одан кейін кадеттермен жүргізген келіс сөздері, шын мәнісінде, Думадағы орындар үшін жол беруге болмайтын саудаласу,— Петербургтің социал-демократиялық пролетариатының еркіне қарамастан жасалған саудаласу болды.

3. Бүкіл жікке бөлінуде және кадеттермен келіс сөздер жүргізуде неғұрлым белсенді роль атқарған Дан жолдастың әрекеттеріне мүлде төзуге болмайды, соның өзінде бұл келіс сөздерді жүргізу жөнінде оған ешбір партия ұйымы уәкілдік берген жоқ.

4. Меньшевиктер тобының, олардың кадеттермен ажырасқаннан кейінгі және әсіресе Петербургтегі солшыл партиялар келісім жасасқаннан кейінгі іс-әрекеттері,— бұл келісімге қарсы қыр көрсете наразылық білдіруі және Петербургтің бірқатар учаскелерінде сайлаушыларды оны қолдамауға шақыруы, сондай-ақ солшылдардың тізімін жасау ісіне және басқаларына обструкция істеуі, осы іс-әрекеттерінің бәрі кадеттер партиясының пайдасы үшін пролетарлық және жалпы партиялық істі тікелей бүлдіру болып табылады.

Сондықтан жиналыс меньшевиктер тобы кеткеннен кейін, Петербург социал-демократиялық конференциясының қалған большевиктік бөлегі Орталық Комитеттің инициативасы бойынша ұйымдастырылатын партия сотына қатысып, меньшевиктер тобы мен Дан жолдастың саяси жағынан жол беруге болмайтын іс-әрекетіне қарсы шығып, оны айыптауына тілек білдіреді.

Орталық Комитеттің тікелей Н. Ленинге қарсы бастап отырған науқанына қарама-қарсы, жиналыс барлық қызметкерлерге Петербургтегі социал-демократиялық сайлау науқанының бүкіл барысы туралы және онда меньшевиктер тобының атқарған ролі туралы Петербург пролетариатын кеңінен хабардар етуге дереу кірісуді ұсынады» («Пролетарий», № 13, 11 февраль, 1907 ж.).

1907 жылы февральда өткен Петербург (қалалық және округтік) ұйымының конференциясы Петербургтің 234 большевигі жиналысының қарарын бекітіп, оған тағы да мынадай 5-пунктті қосты: «Конференция шын мәнісінде Н. Лениннің кітапшасында («С.-Петербургтегі сайлау және 31 меньшевиктің екіжүзділігі») айтылған айыпты қолдайды, сондықтан да сотта бір жақ ретінде сөз сөйлеуге өзін праволымын деп есептейді. Дан жолдасқа және 31 меньшевикке қарсы айып таға отырып, конференция соттағы өзінің өкілдігін Ленин өзінің өкілдігін тапсырған судьяларға тапсырады» («Пролетарий» № 14, 4 март, 1907 ж.).

Петербургтің аудандық комитеттерінің және Окружной ауданының жиналыстарында да осындай қарарлар қабылданды.— *320.*

168 Ковнодан жолданып, «Пролетарийдің» 1907 жылғы 11 февральдағы 13-номерінде басылған корреспонденцияда Ковнодағы сайлау науқанының егжей-тегжейі хабарланды; мұнда бундшылдар негізінен «жеткізімпаздардан» құралған еврей сайлау комитетімен келісім жасасқан-ды. РСДРП меньшевиктік Орталық Комитеті қолдаған осы келісімнің нәтижесінде Ковнода 6 буржуазиялық сайламшы және бір қаражүздік өтті.

«Жеткізімпаздар»—«Россияда еврей халқын толық праволылыққа жеткізу жолындағы одақтың» мүшелері. Одақ 1905 жылы мартта «қоғамдық» еврей қайраткерлері съезінде Вильнода ұйымдастырылды. Оған кадеттік және сионистік элементтер кірді; кадет М. М. Винавер Одақтың лидері болды. «Жеткізімпаздар» буржуазиялық бостандықтар берілуін, еврейлер үшін шек қою заңдарының жойылуын, праволары жағынан олардың бүкіл халықпен толық теңелуін талап етті. Одақ практикалық жағынан ешқандай дерлік саяси роль атқарған жоқ; оның қызметі, тіпті революция мейлінше өрістеген кезде де, тек петициялар мен наразылықтар ұйымдастырумен ғана шектелді. Барлық мәселелер бойынша «жеткізімпаздар» кадеттік позиция ұстады. 1907 жылдың аяғына қарай Одақ өмір сүруін тоқтатты.— *331.*

169 *РСДРП бесінші съезі* 1907 жылы 30 апрель — 19 майда (13 май — 1 июньде) Лондонда өтті. Бастапқыда съезді Копенгагенде, ал тыйым салынған жағдайда — Мальмёде (Швеция) немесе Брюссельде өткізу көзделді. Бірақ Данияның, Швецияның және Бельгияның үкіметтері патша үкіметінің тікелей қысымымен өз мемлекеттерінің территориясында РСДРП съезін өткізуге тыйым салды. Копенгагенге жиналған съезд делегаттары Мальмёге, ал одан Лондонға барды.

Съезді шақырудың өте-мөте қажеттігі РСДРП IV (Бірігу) съезінде сайланған меньшевиктік Орталық Комитеттің (Орталық Комитетке 7 меньшевик және 3 большевик, Орталық Орган редакциясына 5 меньшевик енді) оппортунистік саясатына байланысты болды. Партия көпшілігінің еркіне қайшы келген бұл саясат толық сәтсіздікке ұшырады. Меньшевиктік Орталық Комитеттің елдегі аса маңызды оқиғалармен байланысты бірде-бір шарасын өнеркәсіпті орталықтардың аса ірі партия ұйымдарының көпшілігі қолдамағаны былай тұрсын, қайта, керісінше, оны айыптап отырды.

1906 жылы августа РСДРП Петербург комитеті партияның төтенше съезін дереу шақыру қажеттігі туралы қарар қабылдап, бұл шешім туралы барлық партия ұйымдарына хабарлауға қаулы алды, оларға бұл мәселе жөнінде өз пікірлерін айтуды ұсынды. Орталық Комитеттің қарсы әрекетіне қарамастан, съезді жақтаған үгіттің кең өрістегені соншалық, октябрьге дейін-ақ Петербург комитетінің шешімін РСДРП Москва комитеті, Россия партия ұйымдарының көпшілігі,

сондай-ақ партияның IV съезінде РСДРП-ға кірген Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясы, Латыш өлкесі социал-демократиясының Орталық Комитеті қолдады. Съездің шақырылуын жақтаған партия ұйымдары 1906 жылы сентябрьдің аяғында «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясына үндеу» қабылдап, онда партияның төтенше съезінің дереу шақырылуын талап етті. Меньшевиктік Орталық Комитеттің қатты қарсыласуына қарамастан, 1906 жылы ноябрьде өткен РСДРП екінші («Бүкіл россиялық бірінші») конференциясы партия съезін 1907 жылы 15 (28) мартта шақыруға шешім қабылдады. Съезге әзірлік әрқайсысы өз платформасын ұсынған большевиктер мен меньшевиктер арасындағы қызу күрес үстінде өтті (большевиктік платформа — «РСДРП бесінші съезіне арналған қарарлардың жобалары» — қараңыз: осы том, 1—11-беттер).

Съезге партияның 147 мыңнан астам мүшелерінің өкілдері болған 336 делегат қатысты. Съезде 105 большевик-делегат, 97 меньшевик, 57 бундшыл, 44 поляк социал-демократы, 29 Латыш өлкесі социал-демократиясының өкілі, 4 «фракциядан тысқарылар» болды.

Ірі өнеркәсіп орталықтары съезге большевиктерді жіберді. Петербург партия ұйымы 17 делегаттан 12 большевик, Москва және Москва округтік партия ұйымдары 19 делегаттан 16 большевик, Урал партия ұйымы 19 большевик, Иваново-Вознесенск, Владимир, Кострома округтік, Брянск, Қазан, Красноярск партия ұйымдары тек қана большевик делегаттар жіберді. В. И. Ленин съезге Верхне-Камск ұйымынан сайланды. Съезде В. И. Ленин бастаған большевик-делегаттардың ұйымдасқан тобы болды: А. С. Бубнов, К. Е. Ворошилов, И. Ф. Дубровинский, М. Н. Лядов, В. П. Ногин, М. Н. Покровский, К. Н. Самойлова, И. В. Сталин, А. М. Стопани, И. А. Теодорович, М. Г. Цхакая, С. Г. Шаумян, Е. М. Ярославский және басқалары. Съездің жұмысына кеңесші дауыспен А. М. Горький қатысты.

Съездің күн тәртібін талқылау 4 мәжіліске дерлік созылды және большевиктер мен меньшевиктердің арасында түбегейлі принциптік алауыздықтар бар екенін көрсетті. Большевиктер съездің күн тәртібіне негізгі принциптік теориялық және саяси мәселелердің: буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі социал-демократияның тактикасы туралы, буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселелердің енгізілуін талап етті. Троцкий қолдаған меньшевиктер мен бундшылдар бұған қарсы шығып, буржуазиялық-демократиялық революциядағы партия тактикасының негіздері туралы жалпы мәселелерді күн тәртібінен алып тастауға күш салды.

Большевиктер табанды күрестен кейін, поляк және латыш социал-демократтарының қолдауымен, съездің күн тәртібіне жалпы принциптік бір мәселені: буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселені ғана кіргізе алды. «Бұл мәсе-

ле,— деп көрсетті Ленин,— съездің барлық принципті мәселелерінің ғана емес, жалпы алғанда бүкіл жұмысының ең басты мәселесі болды» (осы том, 405-бет). Ұзаққа созылған, қызу жарыс сөзден соң, мынадай күн тәртібі қабылданды: 1. Орталық Комитеттің есебі. 2. Думадағы фракцияның есебі және фракцияны ұйымдастыру. 3. Буржуазиялық партияларға көзқарас. 4. Мемлекеттік дума. 5. «Жұмысшы съезі» және бейпартиялық жұмысшы ұйымдары. 6. Кәсіптік одақтар және партия. 7. Партизандық қимылдар. 8. Жұмыссыздық, экономикалық дағдарыс және локауттар. 9. Ұйымдық мәселелер. 10. Штутгарттағы халықаралық конгресс (1 май, милитаризм). 11. Армиядағы жұмыс. 12. Әр түрлі мәселелер. Съездің жұмысы созылып кетуі және қаржының сарқылуы салдарынан Мемлекеттік дума туралы, кәсіптік одақтар және партия туралы, партизандық қимылдар туралы мәселелер, ұйымдық мәселелер съездің соңғы екі жұмыс күнінде шешілді. Бұл мәселелер жөнінде баяндамалар болған жоқ, съезде фракциялардың атынан енгізілген ұсыныстар мен қарарлар ғана талқыланды. Жұмыссыздық туралы, экономикалық дағдарыс және локауттар туралы, Штутгарттағы халықаралық конгресс туралы мәселелер талқылаудан алынып тасталды.

Ленин съездің президиумына сайланды; ол съезде күн тәртібінің аса маңызды мәселесі — буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе бойынша баяндама жасады және қорытынды сөз сөйледі, Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама бойынша, Думадағы фракцияның қызметі туралы баяндама бойынша сөз сөйледі, буржуазиялық революциялардағы партия тактикасының негіздері туралы жалпы принциптік мәселелерді съездің күн тәртібіне енгізуді жақтап сөз сөйледі; меньшевиктерге, бундшылдарға, Троцкийге қарсы сөз сөйледі, съездің 6, 7, 14, 15, 27, 34, 35-мәжілістерінде председательдік етті.

Съезде большевиктерді Польша Корольдігі мен Литва социал-демократиясының және Латыш өлкесі социал-демократиясының делегаттары қолдады. Оларды революциялық платформаға топтастырып, большевиктер съезде көпшілік болды, сөйтіп революциялық маркстік бағыттың жеңісін қамтамасыз етті. Барлық негізгі мәселелер бойынша съезд большевиктік қарарлар қабылдады.

Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы мәселе жөнінде Ленин жазған қарар қабылданды. Бұл қарарда съезд пролетарлық емес партиялардың бәріне — қаражүздіктерге, октябристерге, кадеттерге және эсерлерге — большевиктік баға беріп, революциялық социал-демократияның бұл партияларға көзқарас жөніндегі тактикасын тұжырымдады. Бұл большевиктердің үлкен жеңісі болды. Партия, деп жазды Ленин кейіннен, «пролетарлық емес партиялар туралы Лондон қарарында революцияның сабақтарына негізгі қорытындылар жасады. Социал-демократиялық пролетариат бұл қарар-

да таптардың революциядағы өзара қатынастары бағасын дәл және айқын айтып, барлық басты партиялардың әлеуметтік негізін және жұмысшы қозғалысының демократия жолындағы күресінің негізгі міндеттерін белгіледі» (Шығармалар, 16-том, 134-бет).

Съезд Мемлекеттік дума туралы большевиктік қарар қабылдады; онда социал-демократияның Думадағы міндеттері тұжырымдалды; социал-демократияның Думадағы қызметі Думадан тысқары қызметіне бағындырылуға тиіс, Думаны ең алдымен самодержавиені және буржуазияның келісімпаздық саясатын әшкерелеу үшін, партияның революциялық программасын жариялау және насихаттау үшін трибуна ретінде пайдалану керек деп көрсетілді. Фракцияның есебі жөніндегі қарарында съезд Думадағы социал-демократиялық фракция съезд директиваларына сәйкес және Орталық Комитеттің басшылығымен Россия пролетариатының ісіне қызмет ете беретініне сенім білдірді.

«Жұмысшы съезі» туралы мәселе бойынша «Пролетариат ішіндегі анархистік-синдикалистік ағымға байланысты бейпартиялық жұмысшы ұйымдары туралы» қарардың съезге Ленин әзірлеген жобасы (қараңыз: осы том, 10—11-беттер) негізінде жазылған большевиктік қарар қабылданды. «Кәсіптік одақтар және партия» мәселесі жөніндегі қарарда съезд кәсіподақтардың «бейтараптығы» жөніндегі оппортунистік теорияны теріске шығарып, партияның кәсіподақтарға идеялық және саяси басшылық етуіне жету қажет деп тапты. Съезд екі орталық болуын (съезде Орталық Комитеттің және Орталық Органның сайлануын) жойып, партия уставына өзгеріс енгізді. Өзгертілген устав бойынша съезде тек Орталық Комитет қана сайланды, ал Орталық Орган редакциясын Орталық Комитет тағайындап, оның жұмысына бақылау жасап отыруға тиіс болды. Уставта партия өмірінің неғұрлым маңызды мәселелерін талқылау үшін мезгіл-мезгіл партиялық кеңестер шақырып отыру көзделді.

Орталық Комитетке 5 большевик, 4 меньшевик, 2 поляк социал-демократы, 1 латыш социал-демократы сайланды. Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттыққа 10 большевик, 7 меньшевик, 3 поляк социал-демократы және 2 латыш социал-демократы сайланды. Орталық Комитетке мүшелер және мүшелікке кандидаттар болып В. И. Ленин, Ф. Э. Дзержинский, И. Ф. Дубровинский, В. П. Ногин, Л. Б. Красин, Л. Тышко, Ю. Мархлевский және басқалар сайланды. Кейіннен Орталық Комитет құрамына тағы да 3 адам: Бундтан 2 адам және Латыш өлкесі социал-демократиясынан 1 адам енгізілді.

Әр түрлі ағымдардың өкілдері кірген Орталық Комитет тарапынан жасалатын басшылықтың сенімсіздігі (ұлттық социал-демократиялық ұйымдардың өкілдері большевиктер мен меньшевиктердің арасында жиі ауытқып отырды) ескеріліп, съезд жұмысының соңында, большевиктік фракция-

ның мәжілісінде, Ленин бастаған Большевиктік орталық сайланды, оған «Пролетарий» газетінің редакциясы да кірді.

РСДРП бесінші съезі Россия жұмысшы қозғалысында большевизмнің жеңісі болды. Съезд шешімдерінде буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі партияның оппортунистік, меньшевиктік қапатын большевизмнің жеңуінің қорытындылары шығарылды. Большевиктік тактика бүкіл партия үшін бірыңғай тактика ссебінде мақұлданды.— *341.*

170 Ленин съездің үшінші мәжілісінде сөз сөйледі. Күн тәртібінің алғашқы екі пункті: 1. Орталық Комитеттің есебі және 2. Думадағы фракцияның есебі және фракцияны ұйымдастыру пункттері қабылданған соң, жалпы теориялық принциптік мәселелерді (съезд күн тәртібінің большевиктік жобасының 3, 4 және 5-пункттері — экономикалық күрестің шиеленісуі және қазіргі кезең туралы, қазіргі кезеңдегі пролетариаттың таптық міндеттері туралы және буржуазиялық партияларга көзқарас туралы) күн тәртібіне енгізу туралы мәселені шешу керек болғанда, Либердің ізінше бундшыл Зельцер (Б. Н. Гроссер) бұл мәселелерді талқыламауды ұсынды. Председательдік етуші бундшыл Виницкий (В. Д. Медем) бұл мәселені талқыламай-ақ, жарыс сөзді тоқтатуды дауысқа қою жөнінде ұсыныс жасады.

Ленин сөз сөйлегеннен кейін, келесі, төртінші мәжілісте, жалпы теориялық мәселелерді күн тәртібіне енгізу жөніндегі мәселе бойынша жарыс сөз одан әрі жалғастырылды. Съездің 2 (15) майдағы бесінші мәжілісінде күн тәртібіне «Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы» пункт енгізілді.— *343.*

171 *РСДРП III съезі* 1905 жылы 12—27 апрельде (25 апрель — 10 майда) Лондонда болды. Оны большевиктер әзірледі және В. И. Лениннің басшылығымен өтті. Меньшевиктер съезге қатысудан бас тартты және Женевада өздерінің конференциясын шақырды.

Съезге 38 делегат: шешуші дауыспен — 24 және кеңесші дауыспен — 14 делегат қатысты.

Съезд Россияда кең өрістей бастаған революцияның түбегейлі мәселелерін қарады және пролетариат пен оның партиясының міндеттерін белгіледі. Съезде мына мәселелер талқыланды: Ұйымдастыру комитетінің баяндамасы; қарулы көтеріліс; төңкеріс қарсаңында үкімет саясатына көзқарас; революциялық уақытша үкімет туралы; шаруалар қозғалысына көзқарас; партия уставы; РСДРП-ның бөлініп шыққан бөлегіне көзқарас; ұлттық социал-демократиялық ұйымдарға көзқарас; либералдарға көзқарас; эсерлермен практикалық келісімдер; насихат және үгіт; Орталық Комитеттің және жергілікті комитеттер делегаттарының есептері және бас-

қа мәселелер. Съезд партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы стратегиялық жоспарын белгіледі, оның мәні мынада еді: пролетариат революцияның көсемі, басшысы болуы керек, шаруалармен одақтаса отырып, буржуазияны оқшау қалдырып, революцияның жеңісі үшін — самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін, крепостниктік тәртіптің барлық қалдықтарын жою үшін күресуі керек. Осы стратегиялық жоспарды негізге алып, съезд партияның тактикалық бағытын белгіледі. Партияның басты және шұғыл міндеті ретінде съезд қарулы көтеріліс ұйымдастыру міндетін алға қойды. Халықтың қарулы көтерілісінің жеңуі нәтижесінде, деп көрсетті съезд, революциялық уақытша үкімет құрылуға тиіс, ол контрреволюцияның қарсылығын басып, РСДРП-ның программа-минимумын жүзеге асыруы керек, социалистік революцияға өту үшін жағдай әзірлеуі қажет.

Съезд партия уставын қайта қарады; ол — уставтың партияға мүшелік туралы бірінші параграфын лениндік тұжырымда қабылдады; партиядағы қос орталық (Орталық Комитет пен Орталық Орган) жүйесін жойды және бірыңғай партиялық басшы орталық — Орталық Комитетті құрды; Орталық Комитеттің правосын және оның жергілікті комитеттермен қатынасын нақты белгіледі.

Съезд меньшевиктердің әрекеттерін, олардың ұйымдық және тактикалық мәселелердегі оппортунизмін айыптады. «Искра» меньшевиктердің қолына түсіп, оппортунистік бағыт ұстағандықтан, РСДРП III съезі Орталық Комитетке жаңа Орталық Орган — «Пролетарий» газетін ұйымдастыруды тапсырды.

РСДРП III съезінің зор тарихи маңызы бар. Ол тұңғыш большевиктік съезд болды. Оның шешімдерінде ленинизмнің ұйымдық және тактикалық принциптері бейнеленді. Съезд партияны және жұмысшы табын демократиялық революцияның жеңуі жолындағы күрестің жауынгер программасымен қаруландырды. Партияның III съезінің жұмысы мен маңызы жөнінде Лениннің «Үшінші съезд» деген мақаласын (Шығармалар толық жинағы, 10-том, 225—232-беттер) қараңыз. Съездің шешімдері Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабында негізделді (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 1—139-беттер).— *344*.

172 *Меньшевиктердің Женева конференциясы* 1905 жылы апрельде РСДРП III съезімен бір мезгілде өтті. Қатысушыларының саны аз болғандықтан (9 комитеттен ғана делегаттар қатысты), меньшевиктер өздерінің жиналысын партия қызметкерлерінің конференциясы деп атады.

Меньшевиктер революцияны одан әрі өрістету міндетін алға қоймағанын конференцияның шешімдері көрсетті. Олар пролетариаттың революциядағы гегемондығын және проле-

тариаттың шаруалармен одағы жөніндегі саясатты бекерге шығарды. Олар либерал буржуазияны буржуазиялық-демократиялық революцияның басшысы деп, өкімет революция жеңгеннен кейін солардың қолына өтуге тиіс деп есептеді. Меньшевиктер революциялық уақытша үкімет құру және оған социал-демократия өкілдерінің қатысуы қажеттігін жоққа шығарды.

Конференция өзінің қарулы көтеріліс туралы мәселе жөніндегі шешімдерінде пролетариат партиясы көтерілісті әзірлеумен шұғылданбауы керек, өйткені бұл буржуазияны үркітіп жіберуі мүмкін деп есептеп, көтеріліске байланысты пролетариаттың алдында тұрған практикалық міндеттерді белгілемеді. Конференция социал-демократияның революциялық уақытша үкіметке қатысуына қарсы болды. Ол помещиктердің жерін тартып алу үшін революциялық шаруалар комитеттерін ұйымдастыру міндетін қойған жоқ; жер мәселесін шешу болашақ құрылтай жиналысына қалдырылды. Конференция РСДРП II съезінде қабылданған партия уставының күшін жойды. Оның «ұйымдық уставта» белгіленген ұйымдық мәселе жөніндегі шешімдері партияны II съезден ұйымдық бытыраңқылыққа және үйірмешілдікке қарай кейін тартты. Женева конференциясының шешімдері мынаны көрсетті: меньшевиктер жұмысшы табын реформизм және либерал буржуазияның тактикасына бейімделу рухында тәрбиелей отырып, оны идеялық және ұйымдық жағынан қарусыздандырды, жұмысшы табына буржуазиялық ықпалды жүргізуші болды. Лениннің көрсеткеніндей, олардың тактикасы «революцияға опасыздық ету, пролетариатты буржуазиялық таптардың дәрменсіз құйыршығына айналдыру» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 89-бет) тактикасы болды. В. И. Ленин «Үшінші адым кейін» деген мақаласында, «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген шығармасында, ««Жұмысшылар партияның жікке бөлінуі туралы» деген кітапшаға алғы сөзде» (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 10-том, 336—347-беттер; 11-том, 1—139, 169—175-беттер) және басқа да еңбектерінде Женева конференциясы шешімдерінің оппортунистік сипатын әшкерелеп, оларды өлтіре сынады. — *344.*

173 Съезд қабылдаған жұмыс тәртібінің 4-пунктінде: кемінде 20 делегат талап еткен жағдайда ғана атап дауысқа қою өткізіледі делінген. Атап дауысқа қою записка арқылы жүргізілді. Съезд президиумына атап дауысқа қоюды записка арқылы емес, әркімнің атын атау жолымен өткізу туралы ұсыныс түсуімен байланысты Ленин сөз сөйледі. Съезд президиумы 2 дауысқа қарсы 3 дауыс көпшілікпен записка арқылы дауыс бермеуді жақтады. Алайда алауыздық тууы себепті мәселе съездің талқылауына қойылды. Съездің көпшілігі (144 адам) записка арқылы атап дауысқа қоюдың сақталуын жақтады.—*347.*

174 Бұл арада Свеаборгтегі және Кронштадтағы солдаттар мен матростардың қарулы көтерілісін қолдау үшін РСДРП Петербург комитетінің шешімі бойынша 1906 жылы 21 июльде (3 августа) басталған ереуіл айтылып отыр.

1906 жылғы июль ереуілі туралы В. И. Лениннің «Дауыл алдында», «Саяси дағдарыс және оппортунистік тактиканың күйреуі» (Шығармалар толық жинағы, 13-том, 365—372, 383—401-беттер) деген мақалаларынан қараңыз. — *352.*

175 Ленин бұл мәлімдемені съездің 20-мәжілісінде II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның есебі жөніндегі қарар бекітілген кезде жасады. Қарарды дайындау құрамына 10 адам — әр фракциядан 2 өкілден — кірген комиссияға тапсырылды. Комиссияға 4 жоба: большевиктердің, меньшевиктердің, поляк социал-демократтарының және бундшылардың жобалары түсті. Комиссия ұсынылған қарарлардың бірін де қабылдаған жоқ, тұтас алып бір де жобаны қарамады, қайта: 1) қарарда фракцияға арналған саяси директивалар болуға тиіс пе, 2) фракцияның барлық қателіктерін тізіп жату қажет пе деген мәселелерді және 3) фракцияға сенім көрсету туралы мәселені талқылады. Бұдан кейін комиссияның қарары жасалды, бірақ ол комиссияның өзінде көпшілік дауыс ала алмады. Сондықтан съезд 10 (23) майдағы 19-мәжілісінде сол мәселелерді талқылаумен шұғылданды. Фракцияға арналған директиваларды қарарға кіргізу туралы большевиктердің ұсынысы қабылданбады, өйткені латыш социал-демократтары қарсы дауыс берді. Келесі күні, 11 (24) майда, 20-мәжілісте, латыш фракциясының өкілі Вернер (Т. П. Калнинь) Думадағы фракция туралы қарарды талқылауды буржуазиялық партиялар және Мемлекеттік дума туралы мәселелер талқыланғанға дейін кейін қалдыра тұруды ұсынды, ол бұл ұсынысын былай деп дәлелдеді: латыш делегациясының бір бөлегі съездің 19-мәжілісінде фракцияға арналған директиваларды кіргізуге қарсы дауыс берді, мұның себебі, буржуазиялық партиялар және Мемлекеттік дума туралы мәселе талқыланғанға дейін бұл директивалар оған айқын болмады.

Съездің президиумы Вернердің ұсынысы алдында қабылданған директивалар туралы шешімді жоя алмайды деп есептеп, бұл мәселені съездің талқылауына қойды. Ленин латыш социал-демократтарын қолдады. Меньшевиктер мен бундшылдар Вернердің ұсынысына қарсы шыққанын былай қойғанда, мәселенің қойылысының өзіне де қарсы шықты.

Алайда атап дауысқа қоюдан кейін съезд буржуазиялық партияларға көзқарас туралы және Мемлекеттік дума туралы мәселелер талқыланғаннан кейін фракцияға директивалар берудің қажеттігін 149 дауыспен мақұлдады, 144 дауыс қарсы болды, 3 дауыс қалыс қалды.— *363.*

176 Кавказ меньшевиктерінің қарарын Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы»

деген еңбегінің 12-параграфында (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 11-том, 86—99-беттер) егжей-тегжейлі талдады. — *365*.

177 Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. «Кригеге қарсы нұсқау хат» (Шығармалар, 2-басылуы, 4-том, 9-бет).— *377*.

178 Большевиктердің буржуазиялық партияларға көзқарас туралы негізге алынған қарарына съездің меньшевиктік-бундтық оппортунистік бөлегінің шабуылы Либердің түзетуінен басталды. Либер теориялық қарардың: «социал-демократияның алдына қазіргі кезде өте-мөте шұғыл қойылып отырған міндет: пролетарлық емес әр түрлі партиялардың таптық мазмұнын анықтау, таптардың қазіргі кезеңдегі өзара қатынастарын еске ала келіп, осыған орай өзінің басқа партияларға көзқарасын белгілеу» деген бірінші бөлегін алып тастауды ұсынды. Съезд Либердің түзетуін қабылдамай тастады. «Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы» қарарға енгізілген түзетулер туралы, осы томның 418—424-беттерін қараңыз. — *390*.

179 Троцкий бірінші түзетуінде қарардың 3-пунктінен: «Мұндай партиялардың (яғни либерал-монархиялық буржуазия партияларының. *Ред.*) әлеуметтік негізі буржуазияның экономикалық жағынан неғұрлым прогресшіл топтары, әсіресе буржуазиялық интеллигенция болып табылады; ал қаланың демократиялық буржуазиясы мен деревняның ұсақ буржуазиясының бір бөлегі бұл партияларға әлі де тек дәстүр бойынша ғана және либералдардың тура алдауы бойынша еріп келеді» деген сөздерді алып тастауды ұсынды. Съезд Троцкийдің түзетуін қабылдамады.

Троцкийдің екінші түзетуінің қарардың 5-пунктіне қатысы болды. «Реакцияға қарсы және сатқын либерал буржуазияға қарсы бір мезгілде» деген сөздердің орнына ол: «реакцияға да қарсы, либерал буржуазияның сатқындық саясатына да қарсы» деп жазуды ұсынды. Съезд Троцкийдің бұл ұсынысын қабылдады.— *391*.

180 Қарардың 3-пунктіне ескерту ретінде буржуазиялық партиялармен техникалық келісімдер жасасуға болатыны туралы сөздерді қосуды ұсынған Мартовтың түзетуі Ленин сөз сөйлегеннен кейін съезд делегаттарының атап дауыс беруімен қабылданбады (бұл түзету туралы осы томның 420—421-беттерін қараңыз).— *392*.

181 Қарардың 4-пунктіне халықшылдықтың жалған социалистік сипатын көрсетудің орнына «олардың революционаризмінің утопиялық сипаты» және «авантюристігі» туралы айтуды ұсынған Мартовтың түзетуін Ленин сөз сөйлегеннен кейін съезд қабылдамай тастады (бұл түзету туралы осы томның 420—423-беттерін қараңыз).— *392*.

182 Буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарардың 4-пунктіне «бұл партиялар (халықшылдық партиялар. *Ред.*) өздерінің, шын мәнінде буржуазиялық-демократиялық, міндеттерін азды-көпті күңгірт социалистік идеологиямен бүркемелейді» деудің орнына: «революциялық, демократиялық талаптарды реакциялық әлеуметтік және саяси тенденциялармен, капитализмге дейінгі заман шаруалары мен мещандарға тән жалған сенімдермен ұштастырады» деп қосуды ұсынған Мартыновтың бірінші түзетуін съезд қабылдамады.

Мартыновтың қарардың тағы да сол, 4-пунктіне, екінші түзетуін — «оларды, сонымен, қаражүздіктер мен кадеттерге қарсы социал-демократия жағына шығуға көндіруге тиіс» деудің орнына: «крепостниктік мемлекетке қарсы аяусыз күреске қосылуға» деп жазу жөніндегі түзетуін де съезд қабылдамай тастады. — *394.*

183 Мемлекеттік дума туралы мәселе жөнінде съезд баяндама тыңдаған жоқ, қарардың екі жобасы талқыланды. Съездің 33-мәжілісінде Ленин большевиктік жобаны қорғап, комиссия атынан баяндама жасады. Қарар 110 дауысқа қарсы 157 дауыспен қабылданды.— *396.*

184 Ленин өзінің сөйлеген сөзінде съезді, большевиктердің ұсынғанындай, бесінші съезд деп атауға фракцияшылдық ұрыс-керісті қоздырмау ниетін көздеген болып қарсы шыққан Ф. И. Данға жауап береді. Ал, шындығында, меньшевиктер мен бундшылдар партияның III, большевиктік, съезін есепке алмады. Бундшыл Шаниннің (Л. Г. Шапиро) съезді «РСДРП Лондон съезі» деп атау туралы ұсынысы қабылданды.— *401.*

185 Съезде Орталық Комитетке 15 адам сайлау, олардың 12-сін съездің өзінде сайлау ұйғарылды, ал 3 адамды съезден кейін ұлттық ұйымдар жіберуге тиісті болды. Съезд өтіп жатқан шіркеу үйін босату қажет болуы себепті дауыстарды санауды және басқа техникалық мәселелерді шешуді социалистік клубта делегаттар саны азайтылған: съездің әрбір 4 делегатынан бір өкіл қатысатын мәжілісте өткізу ұйғарылды. Мәжілісте 75 делегат (22 большевик, 21 меньшевик, 14 бундшыл, 11 поляк және 7 латыш) болды. Орталық Комитет мүшелігіне кандидаттарға дауыс бергенде 9 кандидат көпшілік дауыс алды, ал 5 кандидатқа берілген дауыс саны бірдей болды. Соңғы 5 кандидаттан 3 кандидатты таңдап алу қажет еді. Большевиктер қайта дауысқа қоюды ұсынды, меньшевиктер қарсылық білдіріп, кандидаттар арасында жеребе тастауды ұсынды. Большевиктердің ұсынысы қабылданды. Орталық Комитет мүшелігіне кандидаттар туралы мәселе бойынша съезд большевиктердің Ленин дайындауға қатысқан төмендегі ұсынысын қабылдады:

«Орталық Комитетке кандидаттар бес фракцияның әрқайсысынан осы фракцияның Орталық Комитеттегі мүшелерінің санынан екі есе көп белгіленеді.

Бұл кандидаттарды съезд бекітеді.

Орталық Комитет мүшелігінен шығып қалғандар болса, олардың орнын сол фракцияның кандидаттары басады, соның өзінде шығып қалғандардың орнын кандидаттардың басуы үшін Орталық Комитеттің ерекше қаулылары қажет болмайды».— *402.*

186 Қараңыз: «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері», «Қазақстан» баспасы, 1-том, 1971, 237-бет. — *402.*

187 Латыш өлкесі социал-демократиясы II съезінің *«Буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі пролетариаттың міндеттері туралы»* қарарының Ленин жазған жобасы, съезд протоколдарына талқыланбастан-ақ қосылып, 1907 жылы 7 июньде «Ziņa» газетінің 78-номерінде жарияланды. Съездің протоколдары сақталмаған.

Латыш өлкесі социал-демократиясының II съезі Лондонда 1907 жылы 21—25 майда (3—7 июньде), РСДРП V (Лондон) съезі аяқталғаннан кейін іле-шала өтті. Съезд ашылатын кезеңге дейін Латыш өлкесі социал-демократиясында 13 мыңға жуық ұйымдасқан партия мүшелері бар еді. Съезге шешуші дауыспен 26 делегат және кеңесші дауыспен 10 делегат қатысты. Күн тәртібі: 1. Орталық Комитеттің, тексеру комиссиясының және жергілікті ұйымдардың есебі. 2. Дағдарыстар, локауттар және жұмыссыздық. 3. Буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңінде пролетариаттың міндеттері туралы. 4. Армиядағы үгіт туралы. 5. Кәсіподақтар туралы. 6. Насихат және үгіт туралы. 7. Ұйымдық мәселелер және басқалар. Аграрлық мәселе күн тәртібінен алып тасталды, мұның өзі Латыш өлкесі социал-демократиясының қате позициясын көрсетті.

Съезде әсіресе Орталық Комитеттің есебі бойынша революцияшыл социал-демократтар мен оппортунистер арасында шиеленіскен күрес өрістеді. Революцияшыл социал-демократтар оларға қосылған ымырашылдармен бірге съезде көпшілік болды. Съезд буржуазиялық-демократиялық революция кезіндегі тактика және Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясының РСДРП-мен бірігуі мәселелері бойынша Латыш өлкесі социал-демократиясында революцияшыл социал-демократтар мен оппортунистер арасында 1906—1907 жылдары болған күрестің қорытындысын шығарды.

В. И. Ленин съездің жұмысына белсене қатысты. Ол 1907 жылы 24 майда (6 июньде) кешкі мәжілісте буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі пролетариаттың міндеттері туралы баяндама жасады (баяндаманың

өте нашар жазбасы — полиция департаментінде латыш тілінен қайтадан орыс тіліне жасалған аударма ғана сақталған). Съезд Латвияда большевизмнің позициялары берік екенін көрсетті: кәсіптік одақтар, жұмыссыздық, демократиялық және әскери ұйымдар туралы мәселелер бойынша қабылданған қарарлар большевиктік сипатта болды.

Съезд Орталық Комитеттің жаңа құрамын сайлады, оған негізінен революцияшыл социал-демократтар кірді және Орталық Комитетке «Бүкіл латыш пролетариатына» деген большевиктік рухта жазылған манифесті жариялауды тапсырды.

«Zihņa» («Ciņa») («Күрес») — газет, латыш социал-демократиясының орталық органы; 1904 жылы мартта негізі қаланды. Ригада үлкен үзілістермен 1909 жылдың августына дейін құпия түрде шығып тұрды, одан кейін шетелде шықты. 1910 жылы газеттің жүзінші номерінің шығуына байланысты онда В. И. Лениннің ««Zihņa»-ның мерекелі номеріне» деген мақаласы жарияланды; бұл мақалада латыш социал-демократтарының революциялық қызметіне жоғары баға берілді (қараңыз: Шығармалар, 16-том, 273—277-беттер). Сонымен бірге газет Ленин жазған бірқатар партиялық документтер жариялады. Газетке белсене және ұдайы жазушылардың арасында Латвия Коммунистік партиясын ұйымдастырушылардың бірі П. И. Стучка, халық ақыны Я. Райнис және басқалар болды.

1917 жылдың апрелінен бастап *«Zihņa»* жария газет болып, Петроградта, Ригада және басқа жерлерде шығарылды, ал 1919 жылғы августан, Латвияда контрреволюция уақытша жеңгеннен кейін, Ригада қайтадан құпия түрде шыға бастады. 1940 жылы июньде Латвияда Совет өкіметі орнатылғаннан кейін газет Латвия Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен Латыш ССР Жоғарғы Советінің органы болды. — *403.*

188 Әңгіме «экономист» Акимовтың (В. П. Махновецтің) түзетулері жайында болып отыр; ол бұл түзетулерін партияның II съезі комиссиясына партия программасының искралық жобасын талқылағанда ұсынды (қараңыз: «РСДРП екінші съезі. Протоколдар», 1959, 258-бет).— *418.*

189 Қараңыз: К. Маркс. «Феодалдық міндеткерліктерді жою туралы заң жобасы» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 2-басылуы, 5-том, 299-бет).— *420.*

190 *«Биржевка»* («Биржевые Ведомости») («Биржа Ведомостары») — 1880 жылы коммерциялық мақсатпен құрылған буржуазиялық газет. Петербургте әуелі аптасына үш рет, сосын төрт рет, содан соң күнде шығып тұрды. 1902 жылғы ноябрьден бастап күніне екі рет: таңертең және кешке шықты.

Жалтақтығы, сатқындығы, принципсіздігі газеттің атын жалпы атауға («биржевка») айналдырды. «Биржевые Ведомостиді» 1917 жылы октябрьдің аяқ кезінде Петроград Советі жанындағы Әскери-революциялық комитет жауып тастады.— *426.*

В. И. ЛЕНИН ЦИТАТ КЕЛТІРГЕН ЖӘНЕ АУЫЗҒА АЛҒАН ӘДЕБИ ЕҢБЕКТЕР МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕР КӨРСЕТКІШІ

Аграрная программа, [принятая на IV (Объединительном) съезде РСДРП].— В листовке: Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906], стр. 1. (РСДРП).— *82—83, 114, 212, 213—216, 387—389.*

Аграрный проект кадетов — қараңыз: Проект основных положений по аграрному вопросу, внесенный 42 членами Государственной думы.

Аграрный проект 104-х в I Государственной думе — қараңыз: Проект основных положений земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы.

Аграрный проект трудовиков — қараңыз: Проект основных положений земельного закона, внесенный 104 членами Государственной думы.

[*Алексинский, Г. А.*] *Кадеты предают крестьян.*— «Вперед», Спб., 1906, № 1, 26 мая, стр. 1. Подпись: Г. Ал—ский. — *165.*

— *Перед новой Думой.*— В кн.: Сборник первый. Спб., «Новая Дума», 1907, стр. 3—31. Перед загл. ст. авт.: Петр Ал.— *65.*

Амстердамская резолюция — қараңыз: Internationale Regeln der sozialistischen Taktik.

[*Андреевич, А.*] *Общерабочий съезд в России.*— В кн.: Союзное дело. № 1. Сб. по вопросам профессионального движения и кооперации. М., тип. Бутаева, 1907, стр. 12—16.— *10.*

Беккер, И. Ф. [*Письмо Ф. А. Зорге.* 21 июня 1871 г.].— В кн.: Письма И. Ф. Беккера, И. Дицгена, Ф. Энгельса, К. Маркса и др. к Ф. А. Зорге и др. Пер. с нем. Политикуса. С письмами и биографией Ф. А. Зорге Евг. Дицгена. С предисл. Н. Ленина. С портр. Ф. А. Зорге. Спб., Дауге, 1907, стр. 27—29. —*273.*

«Биржевые Ведомости». Вечерний выпуск, Спб., 1907, № 9934, 7 (20) июня, стр. 3.— *426—428.*

[*Богданов, А. А.*] *Имела ли партия Центр. Ком. в 1906—7 году?* Б. м., 1907. 18 стр. (Только для членов партийного съезда РСДРП).— *335—336.*

Большевики и «мелкая буржуазия».— «Новые Силы», Спб., 1907, № 7, 23 февраля (8 марта), стр. 1.— *68, 70, 71—73.*

* *Бородин, Н. А. Государственная дума в цифрах.* Спб., изд. т-ва «Общественной Пользы», 1906. 72 стр.— *82.*

Брам, А.— қараңыз: Крыленко, Н. В.

Брожение среди кадетов. (Мнение П. Б. Струве).— «Биржевые Ведомости». Вечерний выпуск, Спб., 1907, № 9934, 7 (20) июня, стр. 3. Подпись: Ergo.— *426—428.*

В Государственной думе. 27 марта.— «Новое Время», Спб., 1907, № 11150, 28 марта (10 апреля), стр. 3—4. Подпись: Вс. Сухадрев.— *183—184.*

В Центр[*альный*] *Комитет РСДРП.* Заявление. 8 января 1907 г.— В кн.: [Богданов, А. А.] Имела ли партия Центр. Ком. в 1906—7 году? Б. м., 1907, стр. 10—14. (Только для членов партийного съезда РСДРП). Подпись: Максимов, Зимин, Строев.— *335—336.*

Виноградов, П. Г. Политические письма.— «Русские Ведомости», М., 1905, № 210, 5 августа, стр. 3.— *370—372.*

Витте — агент биржи, Струве — агент Витте.— «Начало», Спб., 1905, № 3, 16 (29) ноября, стр. 1.— *244, 357—359.*

* *Влияние урожаев и хлебных цен на некоторые стороны русского народного хозяйства.* Под ред. проф. А. И. Чупрова и А. С. Посникова. Т. I—II. Спб., 1897. 2 т.— *143—145.*

---

* В. И. Ленин белгілер салған кітаптар, газеттер, мақалалар және документтер жұлдызшамен белгіленді, бұлар КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының Орталық партия архивінде сақтаулы.

Задачи б[оевых] организаций. [Резолюция Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 9, 7 декабря, стр. 3–4. Под общ. загл.: Конференция военных и боевых организаций РСДРП. На газ. место изд.: М.— *312—313.*

Задачи воен[ных] организаций. [Резолюция Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 9, 7 декабря, стр. 3. Под общ. загл.: Конференция военных и боевых организаций РСДРП. На газ. место изд.: М.— *317.*

Задачи воен[ных] организаций в связи с характером работы в них. [Резолюция Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП].— В кн.: Протоколы Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП. Спб., [тип. «Свет»], 1907, стр. 137.— *317.*

Законопроект о собраниях.— «Речь», Спб., 1906, № 89, 2 (15) июня. Приложение к № 89 «Речи». Государственная дума, стр. 4.— *82—83.*

Заседание [Государственной думы] 20 февраля [1907 г.].— «Речь», Спб., 1907, № 43, 21 февраля (6 марта). Бесплатное приложение к № 43 газеты «Речь». Государственная дума, стр. 1.— *65—66.*

Заседание пятнадцатое [Государственной думы]. 26 мая 1906 г.— В кн.: Стенографические отчеты [Государственной думы]. 1906 год. Сессия первая. Т. I. Заседания 1—18 (с 27 апреля по 30 мая). Спб., гос. тип., 1906, стр. 639—686. (Государственная дума).— *163—165, 167—169.*

* [*Заявление 31 члена Петербургской конференции РСДРП о неправильном представительстве организации на конференции, внесенное на заседании конференции 6 (19) января 1907 г.*]— В листовке: Почему мы были вынуждены оставить конференцию? (Заявление 31 члена конференции, внесенное в ЦК). [Спб., 1907], стр. 4—5.— *296—298.*

[*Заявление 31 члена Петербургской конференции РСДРП об отказе участвовать в обсуждении вопроса о разделении конференции на две секции и в голосованиях, внесенное на заседании конференции 6 (19) января 1907 г.*].— Там же, стр. 5.— *296.*

Иекк, Г. Интернационал. Со вступ. статьей К. Каутского. С нем. пер. Б. Смирнова и А. Ратнер, под ред. А. Сапина. Спб., «Знание», 1906. XX, 366 стр. (Дешевая б-ка т-ва «Знание». № 275).— *253.*

Из жизни партий.— «Товарищ», Спб., 1907, № 177, 28 января (10 февраля), стр. 4.— *320, 322—323, 325—328, 332.*

Избирательный закон — қараңыз: Указ правительствующему Сенату об изменениях и дополнениях в положении о выборах в Государственную думу. 11 (24) декабря 1905 г.

«Известия Крестьянских Депутатов», Спб.— *214.*

— [1907], № 8, 27 мая, стр. 1.— *165.*

Извещение о втором (экстренном) съезде партии соц.-рев.— «Партийные Известия», [Спб.], 1907, № 6, 8 марта, стр. 1—3.— *235—236.*

Изгоев, А. С. Пессимизм.— «Речь», Спб., 1907, № 48, 27 февраля (12 марта), стр. 1—2.— *76—77.*

Издательство «Отголоски», Спб.— *241.*

Издательство «Отголоски». Сб. V. Спб., тип. Вейсбрута, 1907, 80 стр.— *197, 423—424.*

Издательство «Отклики», Спб.— *254.*

Издательство «Отклики». Сб. II, Спб., [Электропеч. Левенштейн], 1907. 76 стр.— *254.*

Из-за чего шум?—«Товарищ», Спб., 1907, № 218, 17 (30) марта, стр. 2—3.— *115.*

«Искра» (старая, ленинская), [Лейпциг — Мюнхен — Лондон — Женева].— *203, 382.*

«Искра» (новая меньшевистская), [Женева].— *66—67, 364—365.*

— 1905, № 110, 10 сентября, стр. 1—2.— *66—67.*

[*К вопросу о пределах агитации за рабочий съезд.* Резолюция, принятая на Второй конференции РСДРП («Первой Всероссийской»)].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 3. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РСДРП. (Корреспонденция «Пролетария»). На газ. место изд.: М.— *10.*

К вопросу о рабочем съезде.— В кн.: «Освобождение труда». Сб. статей по рабочему вопросу. [Одесса], «Освобождение Труда», [1907], стр. 13—22. Подпись: Фрид-ъ.— *10.*

К выборам в Государств[енную] думу.— «Речь», Спб., 1906, № 216, 14 (27) ноября, стр. 3, в отд.: Хроника.— *17, 49.*

«Кадеты» и «буржуазная демократия».— «Речь», Спб., 1907, № 74, 29 марта (11 апреля), стр. 1. Подпись: М.— *226.*

Кадеты наступают.— «Новый Луч», Спб., 1907, № 3, 22 февраля, стр. 1.— *60—61.*

Караваев, А. Л. [*Письмо в редакцию.* 20 марта 1907 г.].— «Товарищ», Спб., 1907, № 221, 21 марта (3 апреля), стр. 6, в отд.: Письма в редакцию.— *160.*

* *Карышев, Н. А. Крестьянские вненадельные аренды.* Дерпт, 1892. XIX, 402, LXV стр. (В изд.: Итоги экономического исследования России по данным земской статистики. Т. II).— *146.*

Классовые задачи пролетариата в современный момент демократической революции. [Проект резолюции большевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП].— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 6. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии. — *87.*

Кольцов, Д. Большевистская тактика.— «Привет», [Спб.], 1907, № 2, 28 марта, стр. 6—8.— *241.*

— *Кадеты и буржуазная демократия.*— «Русская Жизнь», Спб., 1907, № 49, 27 февраля (12 марта), стр. 1.— *80—82, 83—84, 103.*

Конференция военных и боевых организаций РСДРП. (Корреспонденция «Пролетария»).— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 9, 7 декабря, стр. 3—5. На газ. место изд.: М.— *311.*

Конференция кавказских социал-демократических рабочих организаций. [Женева, тип. партии, 1905] 8 стр. (РСДРП).— *364—366.*

Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих в связи со статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях. Спб.: 1892. 864 стр.; 17 л. карт. (Деп. земледелия и сельской пром-сти. С.-х. и стат. сведения по материалам, полученным от хозяев. Вып. V).— *143.*

[*Корреспонденция из Ковно*].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 13, 11 февраля, стр. 8. Под общ. загл.: К материалам избирательной кампании.— *331.*

Краткое извлечение из протоколов 1-ой конференции организаций РСДРП, ведущих работу в войсках. [Листовка]. Б. м., тип. ЦК РСДРП, 1906. 13 стр. (РСДРП).— *310—312, 313—316.*

Крестьяне и кадеты.— «Известия Крестьянских Депутатов», Спб., [1907], № 8, 27 мая, стр. 1.— *165.*

[*Крыленко, Н. В.*] *Классовая борьба пролетариата и Лондонский съезд.*— «Товарищ», Спб., 1907, № 280, 31 мая (13 июня), стр. 2. Подпись: А. Брам.— *426.*

Кускова, Е. Д. Чем это кончится? — «Товарищ», Спб., 1907, № 161, 10 (23) января, стр. 1.— *14, 337.*

Credo.— В кн.: [Ленин, В. И.] Протест российских социал-демократов. С послесл. от ред. «Рабочего Дела». Изд. Союза русских социал-демократов. Женева, тип. «Союза», 1899, стр. 1—6. (РСДРП. Оттиск из № 4—5 «Рабочего Дела»).— *203.*

Ларин, Ю. Широкая рабочая партия и рабочий съезд. М., «Новый Мир», 1906. 95 стр.— *198—199, 201, 255—256, 279—281, 283—284.*

[*Лейтейзен, Г. Д.*] *Рабочий съезд.*— В кн.: Вопросы тактики. Сб. I. Спб., «Новая Дума», 1907, стр. 73—121. Подпись: Г. Линдов.— *283.*

[*Ленин, В. И.*] *Аграрный вопрос и силы революции.*— «Наше Эхо». Спб., 1907, № 7, 1 апреля, стр. 1.— *242—243.*

— *Анемичная Дума или анемичная мелкая буржуазия.*— «Наше Эхо», Спб., 1907, № 8, 3 апреля, стр. 1.— *233.*

*— *Близкий разгон Думы и вопросы тактики.* Петербург, 27 февр. 1907 г.— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 1. На газ. место изд.: М.— *131.*

— *Борьба с кадетствующими с.-д. и партийная дисциплина.*— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 3. На газ. место изд.: М.— *335.*

— [*Возражения против поправок Мартова к пункту 3-му резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям 16 (29) мая 1907 г. на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 357. (РСДРП).— *420—421.*

тому съезду РСДРП. На газ. место изд.: М.— *53, 292—293, 396.*

[*Ленин, В. И. Об обострении массовой экономической нужды и экономической борьбы*. Проект резолюции к V съезду РСДРП].—«Пролетарий». [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 4. Под общ. загл.: Проекты резолюций к Пятому съезду РСДРП. На газ. место изд.: М.— *53.*

— [*Об отношении к буржуазным партиям*. Проект резолюции к V съезду РСДРП].— «Новый Луч», Спб., 1907, № 7, 27 февраля, стр. 3, в отд.: Из жизни партии.— *102.*

— [*Об отношении к буржуазным партиям*. Проект резолюции к V съезду РСДРП].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 3. Под общ. загл.: Проекты резолюций к Пятому съезду РСДРП. На газ. место изд.: М.— *53, 81, 210—212, 241—242, 376—377.*

*— *Опыт классификации русских политических партий*.— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 5, 30 сентября, стр. 5—6. На газ. место изд.: М.— *426.*

— *Особое мнение, внесенное на [Всероссийскую] конференцию [РСДРП] от имени делегатов соц.-дем. Польши, Латышского края, С.-П[етербу]рга, Москвы, Центр[ально]-промышленной области и Поволжья*.—«Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 2. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РСДРП. (Корреспонденция «Пролетария»). На газ. место изд.: М.— *12.*

— [*Открытие второй Государственной думы*].— «Новый Луч», Спб., 1907, № 1, 20 февраля, стр. 1. Загл.: Спб. 20 февраля 1907 г.— *69.*

— *Отношение к буржуазным партиям*. [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП].— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 7—8. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии.— *81, 210—211, 367—368, 369, 409—410.*

— *Первый важный шаг*. СПБ. 21 февраля 1907 г.— «Новый Луч», Спб., 1907, № 2, 21 февраля, стр. 1.— *58—60, 74, 92.*

— *Платформа революционной социал-демократии*.— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 2—3. На газ. место изд.: М.— *90—91.*

— *Плеханов и Васильев*.— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 11, 7 января, стр. 5—6. На газ. место изд.: М.— *55—56.*

— [*Проект резолюции к V съезду РСДРП о тактике с.-д. в Государственной думе*].— «Современная Речь», Спб., 1907, № 28, 22 февраля, стр. 3, в отд.: Партийная жизнь.— *53.*

— *Проекты резолюций к Пятому съезду РСДРП.*—«Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 3—4. На газ. место изд.: М.— *53, 81, 82—83, 85, 88—95, 113—114, 200—203, 208, 210—211, 212, 241—242, 281—283, 292, 367—368, 376—377, 396.*

— *Протест 31-го меньшевика.*— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 12, 25 января, стр. 4. На газ. место изд.: М.— *298.*

— *Резолюция большинства о Государственной думе.*— «Волна», Спб., 1906, № 12, 9 мая, стр. 3, в отд.: Из жизни политических партий.— *397—398.*

— *С.-Петербург, 10 апреля.*— «Наше Эхо», Спб., 1907, № 14, 10 апреля, стр. 1.— *306.*

— *Сердитая растерянность.* (К вопросу о рабочем съезде).— В кн.: Вопросы тактики. Сб. II. Спб., «Новая Дума», 1907, стр. 29—41. Подпись: Н. Ленин.— *189—190.*

— *Современный момент демократической революции.* [Проект резолюции к IV (Объединительному) съезду РСДРП].— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—6. Под общ. загл.: Проект резолюций. К Объединительному съезду Российской социал-демократической рабочей партии.— *87—88.*

— *Социал-демократия и выборы в Думу.* Спб., «Новая Дума», 1907, 29 стр.— *323—324, 332—333.*

— *Тактика РСДРП во время избирательной кампании. Интервью, данное сотруднику «L'Humanité» 17 февраля (2 марта) 1907 г.—қараңыз:* Lenin, V. I. Une interview du citoyen Lénine.

— [*Тактическая платформа к Объединительному съезду РСДРП.* Проект резолюций к Объединительному съезду РСДРП].— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 5—9.— *81, 87—88, 210—211, 367—368, 369—370, 409—410.*

— *«Услышишь суд глупца...»* (Из заметок с.-д. публициста). Спб., «Новая Дума», 1907. 24 стр.— *323—324, 332—333.*

[*Либер, М. И. Поправка к принятой съездом резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский

— *Капитал.* Критика политической экономии, т. I. 1867 г.— *247—248.*

*— *Капитал.* Критика политической экономии. Пер. с нем. Т. I. Кн. I. Процесс производства капитала. Спб., Поляков, 1872. XIII, 678 стр.— *270—271.*

— *Критика Готской программы.* Замечания к программе германской рабочей партии. 5 мая 1875 г.— *248—249, 267—268.*

*— *Письма к Л. Кугельману.* С предисл. редакции «Neue Zeit». Пер. с нем. М. Ильиной под ред. и с предисл. Н. Ленина. Спб., [«Новая Дума»], 1907. XI, 96 стр.— *254.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 27 сентября 1877 г.].— В кн.: Письма И. Ф. Беккера, И. Дицгена, Ф. Энгельса, К. Маркса и др. к Ф. А. Зорге и др. Пер. с нем. Политикуса. С письмами и биографией Ф. А. Зорге Евг. Дицгена. С предисл. Н. Ленина. С портр. Ф. А. Зорге. Спб., Дауге, 1907, стр. 172—176.— *270—271.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 19 октября 1877 г.].— Там же, стр. 177—180.— *258—259.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 19 сентября 1879 г.].— Там же, стр. 182—187.— *258—260, 266—267.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 19 ноября 1879 г.].— Там же, стр. 188.— *259—260.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 5 ноября 1880 г.].— Там же, стр. 190—195.— *259—260, 270—272.*

— [*Письмо Ф. А. Зорге.* 20 июня 1881 г.].— Там же, стр. 197—201.— *256—257.*

Мартов, Л. Дальше некуда.— «Русская Жизнь», Спб., 1907, № 48, 25 февраля (10 марта), стр. 2—3.— *74.*

— [*Первая поправка к пункту 3-му резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 346. (РСДРП).— *418.*

— *Перед четвертым съездом.*— В кн.: Издательство «Отголоски». Сб. V. Спб., тип. Вейсбрута, 1907, стр. 3—26.— *424.*

— [*Поправка к пункту 4-му резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондон-*

ском) съезде РСДРП].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 361. (РСДРП).— *392—393, 420—423.*

Мартов, Л. Социал-демократия против классового движения пролетариата.— «Привет», [Спб.], 1907, № 2, 28 марта, стр. 10—15.— *241.*

— [*Четвертая поправка к пункту 3-му резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 357. (РСДРП).— *392, 420—421.*

Мартынов, А. [*Первая поправка к резолюции об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 360. (РСДРП).— *394.*

— [*Третья поправка к резолюции об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— Там же, стр. 360.— *394—395.*

Меньшиков, М. Осада власти. II.—«Новое Время», Спб., 1907, № 11130, 8 (21) марта, стр. 2—3.— *141—142.*

Меринг, Ф. История германской социал-демократии. Пер. со 2-го нем. изд. М. Е. Ландау. М.— [Спб.], Гранат, 1906—1907. 4 т.

*Т. 1. До революции 1848 г. [Спб.], 1906, 397 стр.— *253.*

*Т. 2. До прусского конституционного конфликта (1862 г.). 1906. 387 стр.— *253.*

*Т. 3. До франко-прусской войны. 1906. 416 стр. — *253.*

Т. 4. До выборов 1903 года. 1907. 400 стр.— *253, 259—261.*

[*Меч, В. Рецензия:*] «Наше Дело» (№ 1).— «Современная Жизнь», [М.], 1906, сентябрь — октябрь, стр. 254—255, в отд.: Критика и библиография. Под общ. загл.: Периодическая печать. Среди журналов. Подпись: В. М.— *372.*

Н. Р.— қараңыз: Рожков, Н. А.

«Народная Газета», Спб., 1907, № 1, 10 (23) апреля, стр. 3—4.— *279—284.*

— 1907, № 3, 22 февраля, стр. 1.— *60—61.*

— 1907, № 4, 23 февраля, стр. 3.— *236.*

— 1907, № 7, 27 февраля, стр. 3.— *102.*

Ноябрьские аграрные законы — қараңыз: Указ правительствующему Сенату о выходе крестьян из общин и закреплении в собственность надельных участков и Указ правительствующему Сенату о выдаче крестьянским поземельным банком ссуд под залог надельных земель.

О. Б. [*Рецензия на книгу:*] Briefe und Auszüge aus Briefen, von Ioh. Phil. Becker, Ios. Dietzgen, Friedrich Engels, Karl Marx u. A. an F. A. Sorge und Andere. Stuttgart, 1906 Verlag von I. H. W. Dietz Nachfolger.— «Современная Жизнь», [М.], 1906, ноябрь, стр. 244—251.— *254—255.*

О временном правительстве. [Резолюция конференции кавказских социал-демократических рабочих организаций] — В кн.: Конференция кавказских социал-демократических рабочих организаций. [Женева, тип. партии, 1905], стр. 3. (РСДРП).— *364—366.*

О всероссийском рабочем съезде. Сб. статей. М., 1907. 128 стр. (К очередному съезду РСДРП).— *186, 191, 198—199.*

[*О классовых задачах пролетариата в современный момент демократической революции.* Проект резолюции к V съезду РСДРП].— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 3. Под общ. загл.: Проекты резолюций к Пятому съезду РСДРП. На газ. место изд.: М.— *53, 423—424.*

О работе среди офицеров. [Главнейшие резолюции военной конференции РСДРП. Октябрь 1906 г.].— В листовке: Краткое извлечение из протоколов 1-ой конференции организаций РСДРП, ведущих работу в войсках. Б. м., тип. ЦК РСДРП, 1906, стр. 13. (РСДРП).— *313—315, 316.*

О работе среди офицеров. [Резолюция Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП].— В кн.: Протоколы Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП. Спб., [тип. «Свет»], 1907, стр. 132.— *313—315.*

О роли партии в вооруженном восстании. [Резолюция Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП].— Там же, стр. 116—117.— *316—318.*

О роли партии в вооруженном восстании. [Резолюция Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 9, 7 декабря, стр. 3. Под общ. загл.: Конференция военных и боевых организаций РСДРП. На газ. место изд.: М.— *316—318.*

О современном моменте революции и задачах пролетариата. [Проект резолюции меньшевиков к IV (Объединительному) съезду РСДРП].— «Партийные Известия», [Спб.], 1906, № 2, 20 марта, стр. 9. Под общ. загл.: Проект резолюций к предстоящему съезду, выработанный группой «меньшевиков» с участием редакторов «Искры».— *87—88, 345—346.*

[*О тактике РСДРП в избирательной кампании.* Резолюция, принятая на Второй конференции РСДРП («Первой Всероссийской»)].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 2. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РСДРП. (Корреспонденция «Пролетария»). На газ. место изд.: М.— *12, 39, 59, 86.*

[*Об единстве избирательной кампании на местах.* Резолюция, принятая на Второй конференции РСДРП («Первой Всероссийской»)].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 2. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РСДРП. (Корреспонденция «Пролетария»). На газ. место изд.: М.— *12, 333, 335—336.*

[*Об отношении к буржуазным партиям.* Проект резолюции большевиков, внесенный на V (Лондонском) съезде РСДРП].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 466—467. (РСДРП).— *379, 380, 386, 387, 388, 392, 394, 395, 410—413, 417—424.*

[*Об отношении к буржуазным партиям.* Проект резолюции, внесенный на V (Лондонском) съезде РСДРП делегацией ПСД].— Там же, стр. 467.— *379—381, 386—388, 411—413.*

[*Об отношении к буржуазным партиям.* Проект резолюции к V (Лондонскому) съезду РСДРП, выработанный группой меньшевиков-литераторов и практиков].— «Народная Дума», Спб., 1907, № 12, 24 марта (6 апреля), стр. 4, в отд.: Из партий.— *367—373, 376—377, 389, 409—411, 416—417.*

[*Об отношении к буржуазным партиям.* Проект резолюции меньшевиков, внесенный на V (Лондонском) съезде РСДРП].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст прото-

— *По поводу новой Думы*. (Посвящается нашим социал-демократическим депутатам).— «Русская Жизнь», Спб., 1907, № 46, 23 февраля (8 марта), стр. 2—3.— *62—67, 88—89, 92—93, 111—115, 116—117, 399—400.*

— *По поводу одного письма*.— «Дневник Социал-Демократа», [Женева], 1906, № 7, август, стр. 6—15.— *315—317.*

[*По вопросу о партийном съезде*. Резолюция, принятая на Второй конференции РСДРП («Первой Всероссийской»)].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 8, 23 ноября, стр. 3. Под общ. загл.: Всероссийская конференция РСДРП. (Корреспонденция «Пролетария»). На газ. место изд.: М.— *350—351.*

[*По поводу отчета думской фракции*. Проект резолюции, внесенный на V (Лондонском) съезде РСДРП делегацией ПСД].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 222, 463. (РСДРП).— *379—381.*

По поводу слухов.— «Товарищ», Спб., 1907, № 213, 11 (24) марта, стр. 1.— *93—94, 115—116.*

«Полярная Звезда», Спб., 1905, № 3, 30 декабря, стр. 223—228.— *371—372.*

[*Португалов, В.*] *Дума и общество*.— «Товарищ», Спб., 1907, № 237, 8 (21) апреля, стр. 2. Подпись: Ф. Маловер.— *274—278.*

[*Порядок дня V (Лондонского) съезда РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 62. (РСДРП).— *379, 405.*

Порядок дня [*IV (Объединительного) съезда РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907, стр. 3.— *87.*

[*Постановления второго (экстренного) съезда партии социалистов-революционеров*].— «Товарищ», Спб., 1907, № 197, 21 февраля (6 марта), стр. 5, в отд.: Из жизни партий.— *53—57, 235—236.*

Постановления и резолюции Объединительн. съезда Российской социал-демократической рабочей партии. [Листовка]. [Спб.], тип. Центрального Комитета, [1906]. 4 стр. (РСДРП).— *82—83, 114—115, 211—216, 387—388.*

Постановления и резолюции [*IV (Объединительного)*] *съезда* [*РСДРП*].— В кн.: Протоколы Объединительного съезда

*— 1907, № 14, 4 марта, стр. 1—4.— *53, 81—83, 85, 88—95, 113—114, 131, 201—202, 208—209, 210—212, 241, 281—283, 292—293, 320, 328—329, 367—368, 376—377, 396, 423—424.*

— 1907, № 15, 25 марта, стр. 5—6, 8.— *121—122, 123, 294.*

Протоколы второго (экстренного) съезда партии социалистов-революционеров. Спб., [тип. журн. «Знамя Труда»], 1907. 180 стр.— *53.*

Протоколы Объединительного съезда РСДРП, состоявшегося в Стокгольме в 1906 г. М., тип. Иванова, 1907. VI, 420 стр.— *12, 38, 58—61, 81, 87, 104—105, 345—346.*

Протоколы Первой конференции военных и боевых организаций РСДРП. Спб., [тип. «Свет»], 1907. IV, 168 стр.— *309, 310—315, 316—319, 350—351.*

[*Резолюции, принятые на конференции «Союза Эстонского края» РСДРП*].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 15, 25 марта, стр. 5—6. Под общ. загл.: Конференция эстонских социал-демократов. (Письмо в редакцию).— *120—121.*

Резолюции, принятые [*первой общерусской*] *конференцией* [*партийных работников*].— В кн.: Первая общерусская конференция партийных работников. Отдельное приложение к № 100 «Искры», Женева, тип. партии, 1905, стр. 15—30. (РСДРП).— *344, 406.*

[*Резолюция Московского комитета РСДРП об отношении к «рабочему съезду».* Сентябрь 1906 г.].— «Пролетарий», [Выборг], 1906, № 4, 19 сентября, стр. 4. Под общ. загл.: 2-я конференция организации Центрального района. Приложения к отчету о II-й конференции организаций Центрального района. Приложение № 2. О рабочем съезде. На газ. место изд.: М.— *10—11.*

Резолюция о займе, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 435, 458. (РСДРП).— *402.*

Резолюция [*об отношении к Государственной думе*], *выработанная Центральным Комитетом РСДРП.*— «Вперед», Спб., 1906, № 2, 27 мая, стр. 2, в отд.: Из жизни политических партий.— *111, 351—352.*

Резолюция об отношении к непролетарским партиям, [*принятая на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский

С.-Петербург, 24-го марта. [Передовая].— «Товарищ», Спб., 1907, № 224, 24 марта (6 апреля), стр. 1.— *180—184.*

С.-Петербург, 28 марта. [Передовая].— «Речь», Спб., 1907, № 73, 28 марта (10 апреля), стр. 1.— *182—184.*

С.-Петербург, 1 апреля. [Передовая].— «Общественное Дело», Спб., 1907, № 1, 1 (14) апреля, стр. 1.— *228.*

С.-Петербург, 3 апреля. [Передовая].— «Речь», Спб., 1907, № 78, 3 (16) апреля, стр. 1.— *233—236, 238.*

С.-Петербург, 11 апреля. [Передовая].— «Народная Газета», Спб., 1907, № 2, 11 (24) апреля, стр. 1.— *306—307.*

Сборник первый. Спб., «Новая Дума», 1907. 145 стр.— *64—65.*

Сельскохозяйственные и статистические сведения по материалам, полученным от хозяев. Вып. V — *қараңыз:* Короленко, С. А. Вольнонаемный труд в хозяйствах владельческих и передвижение рабочих в связи с статистико-экономическим обзором Европейской России в сельскохозяйственном и промышленном отношениях. Спб., 1892.

Сила и слабость русской революции.— «Народная Дума», Спб., 1907, № 21, 4 (17) апреля, стр. 1. Под общ. загл.: С.-Петербург, 4 апреля.— *241—246, 249—250.*

Смирнов, А. В. О выборах в городах.— «Речь», Спб., 1907, № 37, 14 (27) февраля, стр. 5, в отд.: Выборы в провинции.— *48—50, 217, 220—221, 353—354.*

— *Состав 2-й Госуд*[*арственной*] *думы.*— «Речь», Спб., 1907, № 43, 21 февраля (6 марта). Бесплатное приложение к № 43 газеты «Речь». Государственная дума, стр. 2—3. Подпись: А. С.— *41—45, 51—52.*

«Собрание узаконений и распоряжений правительства, издаваемое при правительствующем Сенате», Спб., 1906, № 51, 10 марта, ст. 335, стр. 734—737. — *176.*

«Современная Жизнь», М.— *254—255, 372—373.*

— 1906, сентябрь — октябрь, стр. 254—255.— *372—373.*

— 1906, ноябрь, стр. 179—205, 244—251; декабрь, стр. 152—172.— *254—255.*

«Современная Речь», Спб., 1907, № 28, 22 февраля, стр. 3.— *53.*

Струве, П. Б. Два забастовочных комитета.— «Полярная Звезда», Спб., 1905, № 3, 30 декабря, стр. 223—228.— *372.*

* *Тактическая платформа к предстоящему съезду, выработанная Мартовым, Даном, Старовером, Мартыновым и др. при участии группы меньшевиков практиков.* Политическое положение и задачи партии. [Листовка]. Б. м., [1907]. 4 стр.— *186, 206—214, 217—222, 317—318, 372—373, 376—377.*

[*Телеграмма прибалтийского генерал-губернатора А. Н. Меллер-Закомельского.* 3 (16) апреля 1907 г.]— «Народная Дума», Спб., 1907, № 21, 4 (17) апреля, стр. 3. Под общ. загл.: Стенографический отчет. Заседание [Государственной думы] 3 апреля [1907 г.], в отд.: Государственная дума.— *238.*

[*Телеграмма уполномоченных прогрессивных выборщиков г. Риги о предании военно-полевому суду политических заключенных рижской центральной тюрьмы, пытавшихся совершить побег.* 3 (16) апреля 1907 г.]— «Народная Дума», Спб., 1907, № 21, 4 (17) апреля, стр. 6. Под общ. загл.: Стенографический отчет. Заседание [Государственной думы] 3 апреля [1907 г.], в отд.: Государственная дума.— *238.*

«Товарищ», Спб.— *91—92, 115—116, 180, 203, 320, 336—337, 358, 414—416, 426.*

— 1906, № 122, 24 ноября (7 декабря), стр. 2.— *62, 114—115, 319, 353—354, 381—383, 392, 408—409, 417.*

— 1907, № 161, 10 (23) января, стр. 1.— *14, 336—337.*

— 1907, № 169, 19 января (1 февраля), стр. 4.— *324—325, 336—337, 361.*

— 1907, № 170, 20 января (2 февраля), стр. 5.— *323, 337.*

«Товарищ», Спб., 1907, № 177, 28 января (10 февраля), стр. 4.— *320—324, 325—328, 332.*

— 1907, № 178, 30 января (12 февраля), стр. 4— *337—338.*

— 1907, № 181, 2 (15) февраля, стр. 5.— *85—86, 90—91.*

— 1907, № 196, 20 февраля (5 марта), стр. 2.— *35.*

— 1907, № 197, 21 февраля (6 марта), стр. 5.— *53—57, 235—236.*

— 1907, № 209, 7 (20) марта, стр. 3—4.— *141—142.*

— 1907, № 211—212, 10 (23) марта, стр. 4—5.— *90—91, 95.*

— 1907, № 213, 11 (24) марта, стр. 1.— *91—92.*

— 1907, № 214, 13 (26) марта, стр. 4.— *115—116.*

— 1907, № 218, 17 (30) марта, стр. 2—3.— *115—116.*

— 1907, № 220, 20 марта (2 апреля), стр. 3—5.— *124—130, 132—133, 136—141, 142—143, 144—145, 148—149, 150—164, 169—174.*

— 1907, № 221, 21 марта (3 апреля), стр. 6.— *160—161.*

— 1907, № 223, 23 марта (5 апреля), стр. 3—5.— *180.*

— 1907, № 224, 24 марта (6 апреля), стр. 1, 4—5.— *180.*

— 1907, № 228, 29 марта (11 апреля), стр. 4.— *182.*

— 1907, № 237, 8 (21) апреля, стр. 2.— *274—278.*

— 1907, № 260, 8 (21) мая, стр. 1—2.— *426.*

— 1907, № 280, 31 мая (13 июня), стр. 2.— *426.*

Толстой, Л. Н. Плоды просвещения.— 141—142.

Третий очередной съезд Росс. соц.-дем. рабочей партии. Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Женева, тип. партии, 1905. XXIX, 401 стр. (РСДРП).— *344, 406.*

Третья сессия конференции Спб. с.-д. организации.— «Пролетарий», [Выборг], 1907, № 14, 4 марта, стр. 1—3.— *320, 328—329.*

[*Троцкий, Л. Д.*] *В защиту партии.*— В кн.: [Троцкий, Л. Д.] Троцкий, Н. В защиту партии. Спб., Глаголев, 1907, стр. 75—121.— *283—284.*

— *В защиту партии.* Спб., Глаголев, 1907. XXIV, 148 стр.— *203—204, 283—284, 380—381.*

— *Письмо П. Б. Аксельроду.* 12 (25) сентября 1906 г.— В кн.: [Троцкий, Л. Д.] Троцкий, Н. В защиту партии. Спб., Глаголев, 1907, стр. 38—49, в ст.: Рабочий съезд.— *203—204.*

— [*Поправка к принятой съездом резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Рос-

**Цифровые данные о составе избирателей на конференцию Петербургской организации*.— В листовке: Почему мы были вынуждены оставить конференцию? (Заявление 31 члена конференции, внесенное в ЦК). [Спб., 1907], стр. 7—8.— *297—299, 302.*

Чарский, Е. Ю. Ларин и рабочий съезд.— В кн.: Издательство «Отголоски». Сб. V. Спб., тип. Вейсбрута, 1907, стр. 35—49.— *197—199.*

[*Черный, В.*] *Брохис.* [*Поправка ко 2-му пункту резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 350. (РСДРП).— *5—6, 7.*

Чернышевский, Н. Г. Письма без адреса.— 167—168.

— Пролог.— 166—168.

Чехов, А. П. Человек в футляре.— 77—78, 181.

Члены 2-ой Государственной думы. Спб., «Пушкинская Скоропечатня», 1907. XII, 124 стр.— *226—227, 242—243.*

Что это значит? — «Новое Время», Спб., 1907, № 11150, 28 марта (10 апреля), стр. 2.— *183.*

[*Экк-Мухин*] *Будовничий.* [*Поправка к пункту 4-му резолюции большевиков об отношении к буржуазным партиям, внесенная на V (Лондонском) съезде РСДРП*].— В кн.: Лондонский съезд Российской соц.-демокр. раб. партии (состоявшийся в 1907 г.). Полный текст протоколов. Изд. ЦК. Paris, 1909, стр. 361. (РСДРП).— *423—424.*

Эль — қараңыз: Лузин, И. И.

Энгельс, Ф. Анти-Дюринг. Переворот в науке, произведенный господином Евгением Дюрингом. 1876—1878 гг.— *247.*

— Будущая итальянская революция и социалистическая партия. (Письмо Турати). 26 января 1894 г.— *95, 116—117.*

— Введение [*к работе К. Маркса «Классовая борьба во Франции с 1848 по 1850 г.»*]. 6 марта 1895 г.— *62.*

[1] Бірінші рет мына кітапта жарияланған: ««Еңбекті азат ету» тобы». (Г. В. Плехановтың, В. И. Засуличтің және Л. Г. Дейчтің архивінен). Редакциялаған Л. Г. Дейч. № 3 жинақ. М.—Л., 1925, 24—27-беттер.

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. II. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Juli 1844 bis November 1847. Stuttgart, Dietz, 1902. VIII, 482 S.— *290—291.*

Aus dem literarischen Nachlaß von K. Marx, F. Engels und F. Lassalle. Hrsg. von F. Mehring. Bd. III. Gesammelte Schriften von K. Marx und F. Engels. Von Mai 1848 bis Oktober 1850. Stuttgart, Dietz, 1902. VI, 491 S.— *290—291.*

Bernstein, E. Die Voraussetzungen des Sozialismus und die Aufgaben der Sozialdemokratie. Stuttgart, Dietz, 1899. X, 188 S.— *116—118.*

Gesetz gegen die gemeingefährlichen Bestrebungen der Sozialdemokratie. Vom 21. Oktober 1878.—«Reichs-Gesetzblatt», Berlin, 1878, N 34, S. 351—358.— *259—261, 262.*

«L'Humanité», Paris, 1907, N 1082, 4 avril, p. 2.— *361.*

The International working men's congress of 1889. I. A Reply to «Justice». London, 1889. 15 p.— *261—264.*

The International working men's congress of 1889. II. A Reply to the «Manifesto of the Social Democratic Federation». London, 1889. 16 p.— *261—264.*

Internationale Regeln der sozialistischen Taktik. [Die Resolution des Internationalen Sozialistenkongresses zu Amsterdam].— In: Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904, S. 31—32.— *81.*

Internationaler Sozialistenkongreß zu Amsterdam. 14. bis 20. August 1904. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1904. 78 S.— *81.*

«Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik», Zürich, 1879, 1. Hälfte, S. 75—96.— *260—261.*

Kautsky, K. Die soziale Revolution. I. Sozialreform und soziale Revolution. Berlin, Expedition der Buchhandlung «Vorwärts», 1902. 56 S.— *89—90.*

Streltzow, R. Das zweite russische Parlament.— «Sozialistische Monatshefte», Berlin, 1907, Bd. 1, Hft. 4, April, S. 291—296.— *291—293.*

«Vorwärts», Berlin.— *291—292.*

— Berlin, 1907, N 55, 6. März, S. 1.— *291—293.*

«Zukunft», Berlin.— *258—259.*

Die zweite Reichsduma.— «Vorwärts», Berlin, 1907, N 55, 6. März, S. 1.— *291—293.*

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

А

А.— қараңыз: Аксельрод, И. И.

Абрамович, Р. (Рейн, Р. А.)* (1880—1963) — Бунд лидерлерінің бірі. Реакция және революциялық жаңа өрлеу жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы Венада Троцкий шақырған антипартиялық конференцияға қатысты, ол конференцияда антибольшевиктік блок құрылған еді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылы, шетелден Россияға қайтып оралғаннан кейін, интернационалист-меньшевиктердің оң қанатына қосылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы күресті, меньшевиктер мен эсерлер қатысатын коалициялық үкімет құруды жақтады, Брест бітімін жасасуға қарсы шықты. 1920 жылы Берлинге эмиграцияға кетті, Советтік Россияға қарсы белсене күресті, Л. Мартовпен бірге контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» құрып, редакциялады. 1923 жылы — оппортунистік біріккен (II) Социалистік жұмысшы Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі және оның Атқару комитеті бюросының мүшесі. 30-жылдары Америка Құрама Штаттарына қоныс аударып, онда еврейдің оңшыл социалистік «Vorwards» («Алға») газетіне жазып тұрды.— *349, 363.*

Авенар (Avenard), *Этьен* (1873 ж. туған) — Біріккен француз социалистік партиясының орталық органы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің қызметкері (1907 ж.) — *361—362.*

Аксельрод, И. И. (А.) (1872—1917) — социал-демократ әйел, әдебиет сыншысы-философ. Әуелде революциялық қозғалысқа халық еріктілері қатарында жүріп қатысты; 1893 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, онда «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, кейін «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» мүше болды. РСДРП II съезінен кейін большевиктер-

* Жақша ішінде курсивпен шын фамилиясы көрсетілген.

ге қосылды, одан соң Плехановқа еріп, меньшевиктер жағына шықты. Реакция жылдарында партияшыл-меньшевиктерге қосылды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде әсіре қорғампаздар тобында болды. «Возрождение», «Современная Жизнь», тағы басқа социал-демократиялық басылымдарға қатысып тұрды. Октябрь социалистік революциясы алдында Аксельрод Россияға қайтып келді, көп ұзамай Петербургте қайтыс болды.— *121, 123.*

Аксельрод, П. Б. (1850—1928) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 70-жылдары — халықшыл, «Жер және ерік» жікке бөлінгеннен кейін «Қаралай бөліс» тобына қосылды; 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 1900 жылдан — «Искра» мен «Заря» редакциясының мүшесі; РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Съезден кейін — белсенді меньшевик. 1905 жылы кеңейтілген «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны ұсынып, бұл съезді ол пролетариат партиясына қарама-қарсы қойды. Реакция мен жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздық басшыларының бірі, жойымпаз-меньшевиктердің «Голос Социал-Демократа» газетінің редакциясына кірді; 1912 жылы антипартиялық Август блогына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — центрист, Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысып, оларда оң қанатқа қосылды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды; эмиграцияда жүріп, Советтік Россияға қарсы қарулы интервенцияны насихаттады.—*10, 194, 198, 199, 201, 202—204, 208, 279, 284.*

Алексинский, Г. А. (Ал — ский, Г.) (1879 ж. туған) — өзінің саяси қызметінің бас кезінде — социал-демократ. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде большевиктерге қосылды. Петербург жұмысшыларынан II Мемлекеттік думаның депутаты болды, Думаның жұмыссыздарға көмек көрсету жөніндегі комиссиясына, азық-түлік және аграрлық комиссияларына енді, Думада П. А. Столыпин жариялаған үкіметтік декларация жөнінде, бюджет, аграрлық және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі. Думаның социал-демократиялық фракциясының өкілі ретінде кеңесші дауыспен партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында — шақырымпаз, Капри аралындағы (Италия) фракциялық мектептің лекторы, антипартиялық «Вперед» тобын ұйымдастырушылардың бірі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — нағыз социал-шовинист, бірқатар буржуазиялық газеттердің қызметкері. 1917 жылы Россияға қайтып оралғаннан кейін Плехановтың «Бірлік» тобына қосылып, контрреволюциялық позиция ұстады. 1917 жылы июльде, әскери контрразведкамен бірігіп жалған документтер жасап, В. И. Ленин мен большевиктерге жала жапты. 1918 жылы ап-

рельде шетелге қашып кетті. 1920 жылы Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің Жоғарғы революциялық трибуналы контрреволюциялық «Тактикалық орталық» ұйымының ісі бойынша сырттай соттап, Советтік Россияға келу правосынан айырды. Эмиграцияда жүріп әсіре реакция лагеріне қосылды.— *165, 180, 238—239.*

Ананьин, Е. А. (Чарский, Е.) (1884 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. «Үн қосу», «Үндесу» жинақтарына, «Наша Заря» журналына және басқа меньшевиктік басылымдарға қатысып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін эмиграцияға кетті.— *197.*

Аронс (Arons), *Мартин Лео* (1860—1919) — неміс физигі, социал-демократиялық партияға кірді, онда оң қанатқа қосылды. 1884 жылдан бастап Страсбург университетінде істеді, 1890 жылдан—Берлин университетінің приват-доценті. 1899 жылы социал-демократиялық партияға мүше болғаны себепті доцент атағынан айрылды. Бірнеше жыл бойы социал-демократиялық партиядан рейхстаг депутаты болды. Неміс оппортунистерінің журналы «Sozialistische Monatshefte»-ні («Социалистік Әрайлық») қаржыландырып, «Die Neue Zeit»-ке («Жаңа Заман») жазып тұрды.— *242.*

Архангельский — қараңыз: Масленников, А. Н.

Ауэр (Auer), *Игнац* (1846—1907) — неміс социал-демократы, кәсібі жөнінен өрімші-жұмысшы. 1874 жылдан эйзенахшылдар партиясының секретары, ал 1875 жылы эйзенахшылдармен лассальшылдар біріккеннен кейін — Германия Социалистік жұмысшы партиясының секретары болды. 1877—1878 жылдары социал-демократиялық «Berliner Freie Presse» («Берлин Еркін Баспасөзі») газетін редакциялады; бірнеше рет рейхстагтың депутаты болып сайланды. Ішкі партиялық күрестің тереңдей түсуіне байланысты реформизм позициясына көшті, герман социал-демократиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі болды. — *262.*

Ахмет, Ц.— қараңыз: Цаликов, А. Т.

Б

Бакунин, А. И. (1874 ж. туған) — кадет, жер иеленуші, кәсібі жөнінен дәрігер; анархизмнің белгілі идеологы М. А. Бакуниннің немересі. Тверь губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *226.*

Бакунин, М. А. (1814—1876) — анархизм идеологтарының бірі. 1840 жылдан бастап шетелде тұрды, Россиядағы самодержавие-

лік-крепостниктік құрылысты қатаң сынады; 1844 жылы патша Сенаты оны дворяндық атағынан, мүлікке барлық правосынан айырып, каторгаға жіберуге сырттай үкім шығарды. 1848 жылы Прага көтерілісіне қатысты, 1849 жылғы майда Дрездендегі көтеріліске басшылық етті, тұтқынға алынып, 1851 жылы патша үкіметіне ұстап берілді. Петропавл, ал содан соң Шлиссельбург қамалдарында тұтқында отырғанында І Николайға «Тәубешілік» хат және II Александрға жалбарынған хат жазып, бұл хаттарында өзінің революциялық көзқарастарынан бас тартты; 1857 жылы өмір-бақи Сибирьде тұруға жер аударылды, 1861 жылы одан шетелге қашты. 1863—1864 жылдардағы Поляк азаттық көтерілісіне жәрдем көрсетті. 1868 жылдан бастап І Интернационалдың жұмысына қатысты, оның ішінде анархистердің астыртын одағын («Социалистік демократия альянсы») ұйымдастырды; бұл одақты Интернационалға қарама-қарсы қоюға және Бас Советке басшылықісін өз қолына түсіріп алуға тырысты, бұл әрекетінде «қандай құралды болсын қолданудан, қандай зұлымдықтан болсын тартынған жоқ; өтірік-өсек, жалақорлық, қорқыту-үркіту, тасада тұрып тап беру — оған осының бәрі бірдей тән еді» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XIII том, II бөлім, 1940, 539-бет). Іріткі салушылық әрекеттері үшін Бакунин Маркстің талап етуі бойынша 1872 жылы Интернационалдан шығарылды.

«Бакуниннің ерекше теориясы бар,— деп жазды Энгельс,— прудонизмді коммунизммен араластыру...» (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 297-бет). Бакунин өндіріс құрал-жабдықтарына коллективтік меншік идеясын индивидуумның анархистік «абсолютті бостандығымен» ұштастырды. Люмпен-пролетариат пен ұсақ буржуазияның мүдделерін білдіре отырып, ол мемлекетті құртуды талап етті, буржуазиялық қоғамның басты кеселі капиталистік өндірістік қатынастарда емес, мемлекетте деп білді. Пролетариаттың бүкіл дүние жүзілік-тарихи ролін теріске шығара отырып, Бакунин анархистік әлеуметтік революция үшін неғұрлым қолайлысы шаруалары басым болып отырған артта қалған елдер деп есептеді. Оның пікірі бойынша, революцияның нәтижесі «таптардың теңестірілуі», «еркін ассоциациялардың» бірігуі болуы тиіс. К. Маркс пен Ф. Энгельс Бакунинге қарсы батыл күрес жүргізді, бакунизмнің реакциялық мәнін әшкереледі, ал бакунизм — В. И. Лениннің анықтамасы бойынша — «өзін сақтап қaлудан үмітін үзген ұсақ буржуаның» (Шығармалар, 18-том, 12-бет) көзқарасы болды.— *272.*

Баскин, Г. И. (1866—1940) — белгілі статистик, публицист, Халықтық-социалистік еңбек партиясының мүшесі. 1890 жылдан бастап Вятка, Владимир және Пермь губерниялық земстволарында статистик болып істеді. 1905—1906 жылдары «Пермский Край» газетін редакциялады. Пермь губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, Думаның бюджет және аграрлық комиссияларына кірді, аграрлық мәселе бойынша сөз сөйледі.

1910 жылдан Самара земствосында статистика бөлімшесінің меңгерушісі болып істей бастады. Октябрь социалистік революциясынан кейін 1927 жылға дейін Самара губерниялық статистика бюросында істеді. — *136, 164.*

Бебель (Bebel), *Август* (1840—1913) — герман социал-демократиясы мен II Интернационалдың аса көрнекті қайраткерлерінің бірі. Кәсібі жөнінен жұмысшы-токарь. Саяси қызметін 60-жылдардың алғашқы жартысында бастады; I Интернационалдың мүшесі болды. 1869 жылы В. Либкнехтпен бірге немістің Социал-демократиялық жұмысшы партиясын («эйзенахшылдар») құрды; талай рет рейхстагқа депутат болып сайланды, Германияны демократиялық жолмен біріктіру үшін күресті, кайзерлік үкіметтің реакциялық ішкі және сыртқы саясатын әшкереледі. Франция-Пруссия соғысы кезінде интернационалистік бағыт ұстап, Париж Коммунасын қолдады. 90-жылдары және 900-жылдардың басында герман социал-демократиясының қатарындағы реформизм мен ревизионизмге қарсы шықты; В. И. Ленин оның бернштейншілдерге қарсы сөздерін «маркстік көзқарастарды қорғаудың және жұмысшы партиясының шын социалистік сипаты жолындағы күрестің үлгісі» (Шығармалар, 19-том, 294-бет) деп санады. Талантты публицист және асқан шешен Бебель герман және Европа жұмысшы қозғалысының дамуына зор ықпал жасады. Қызметінің соңғы кезеңінде Бебель центристік сипатта бірқатар қателіктер жіберді (оппортунистермен күрестің жеткіліксіздігі, күрестің парламенттік формаларының маңызын асыра бағалау және т. б.) — *259, 262, 263, 268, 270, 357.*

Беккер (Becker), *Иоганн Филипп* (1809—1886) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі, жас кезінде щетка жасаушы-жұмысшы. Беккер 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатысты, Баден-Пфальц көтерілісі кезінде халық жасағын басқарды. Революция жеңіліс тапқаннан кейін, Энгельстің сөзімен айтқанда, оған дейін «кәдімгі республикашыл-демократ ретінде» көрінген Беккер Маркс пен Энгельстің пролетарлық социализміне қосылды, I Интернационалды ұйымдастыруға қатысты (1864), Интернационалдың Швейцариядағы неміс секцияларының органы «Vorbote» («Жаршы») журналын редакциялады. Беккер бірқатар жағдайларда, әсіресе анархистермен күрестің бастапқы кезеңінде теориялық жағынан шикілік және ауытқушылық көрсеткенімен, Интернационалда Маркстің бағытын қорғады.— *253, 273.*

Березин, М. Е. (1864—1933) — трудовик, статистик. Революциялық қызметін 80-жылдардың аяғында Қазанда бастады. 1892 жылы қолөнершілердің арасында насихат жүргізгені үшін тұтқынға алынып, полицияның бақылауымен Иваново-Вознесенскіге жер аударылды. 1897 жылы Одессада қайтадан тұтқынға алынып, Вятка губерниясына жер аударылды. 1903 жылдан бас-

тап Саратов губерниялық земство басқармасында қауіпсіздендіру статистикасы бөлімінің меңгерушісі болып істеді. 1905 жылы Саратовта Шаруалар одағының облыстық съезін шақыруға және Еңбек тобын құруға қатысты. Саратов қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат. Дума председателінің орынбасары болып сайланды, Думаның бірнеше комиссиясының құрамына кірді. 1918 жылдан — кооперативтік қауіпсіздендіру одағы басқармасының мүшесі, Еңбек халық комиссариатында статистика мәселелері жөніндегі консультант. Кейін — РСФСР Мемлекеттік қауіпсіздендіру комитетінің консультанты.— *218.*

Бёрнс (Burns), *Джон Эллиот* (1858—1943) — ағылшынның саяси қайраткері. 80-жылдары — тред-юниондар басшыларының бірі, бірқатар ереуілдерге, оның ішінде 1889 жылғы Лондон докерлерінің ірі стачкасына қатысушы. Ағылшын Социал-демократиялық федерациясының мүшесі болды, алайда, көп ұзамай одан шықты. 1889 жылы Лондон графтығы советінің құрамына енді. 1892 жылы парламентке сайланды, онда капиталистермен ынтымақтасуды жақтап, жұмысшы табының мүдделеріне қарсы шықты. 1905—1914 жылдары—жергілікті өзін өзі басқару министрі, сонан соң—сауда министрі (1914). В. И. Ленин Бёрнсті «министрлік орындарға бола жұмысшы табының буржуазияға сатылған... тікелей сатқындарының» (Шығармалар, 15-том, 237-бет) бірі деп сипаттады. 1914 жылы августа отставкаға шықты. Одан кейін белсенді саяси роль атқарған жоқ.— *270.*

Бернштейн (Bernstein), *Эдуард* (1850—1932) — герман социал-демократиясының және II Интернационалдың барып тұрған оппортунистік қанатының лидері, ревизионизм мен реформизмнің теоретигі. Социал-демократиялық қозғалысқа 70-жылдардың орта кезінен бастап араласты, Дюрингтің ықпалында болды. 1881 жылдан 1889 жылға дейін — Германия социал-демократиялық партиясының құпия орталық органы «Der Sozialdemokrat»-тың («Социал-Демократ») редакторы. 1896—1898 жылдары «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында «Социализм проблемалары» деген атпен сериялы мақалалар жариялады, кейін бұл мақалалары «Социализмнің алғы шарттары және социал-демократияның міндеттері» деген кітап болып басылып шықты; бұл кітабында ол революциялық марксизмнің философиялық, экономикалық және саяси негіздеріне ашықтан-ашық ревизия жасады. Бернштейн тап күресі жөніндегі маркстік теорияны, капитализмнің сөзсіз күйрейтіндігі туралы, социалистік революция және пролетариат диктатурасы туралы ілімді теріске шығарды. «Пролетариат революциясы туралы оппортунист ойлауды да ұмытып қалған»,— деп жазды В. И. Ленин Бернштейн жайында (Шығармалар, 25-том, 445-бет). Бернштейн жұмысшы қозғалысының бірден-бір міндеті капитализм тұсында жұмысшылардың экономикалық жағдайын «жақсартуға» бағытталған реформалар үшін күрес жүргізу деп жариялады, «ең бастысы — қозғалыс, түпкі мақсат — түк те емес» деген оппортунистік фор-

муланы ұсынды. Бернштейннің және оның ізбасарларының теориялық көзқарастары мен практика жүзіндегі оппортунистік қызметі жұмысшы табының мүдделеріне тікелей сатқындық жасауға әкеліп соқты, ал мұның ақыры бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде II Интернационалдың күйреуімен тынды. Бұдан кейінгі жылдарда Бернштейн марксизмге қарсы күресін тоқтатқан жоқ, империалистік буржуазияның саясатын қолдады, Октябрь социалистік революциясы мен Совет мемлекетіне қарсы әрекет жасады.— *117, 259, 260, 261—263, 265.*

Биглов, Мухаммед Акрам Мухаммеджанович (1871 ж. туған) — помещик, кадет, Уфа губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Земство бастығы, Белебей уездік земство басқармасының председателі болды. Думаның бюджет комиссиясының құрамына енді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті.— *226.*

Бисмарк (Bismarck), *Отто Эдуард Леопольд* (1815—1898) — Пруссия мен Германияның мемлекет қайраткері әрі дипломаты, Герман империясының «темір канцлер» атанған тұңғыш канцлері. 1862 жылы — Пруссияның министр-президенті және сыртқы істер министрі. Бисмарктің негізгі мақсаты бытыраңқы ұсақ неміс мемлекеттерін «найзаның ұшымен, білектің күшімен» біріктіріп, юнкерлік Пруссия гегемон болатын біртұтас Герман империясын құру болды. 1871 жылы январьда Бисмарк Герман империясының рейхсканцлері қызметіне кірісті. 1871 жылдан 1890 жылға дейін ол Германияның бүкіл сыртқы және ішкі саясатына басшылық етіп, оны юнкер-помещиктердің мүддесіне сай бағыттап отырды, сонымен бірге юнкерлердің ірі буржуазиямен одақтасуын қамтамасыз етуге тырысты. 1878 жылы социалистерге қарсы оның өзі енгізген ерекше заңның көмегімен жұмысшы қозғалысын тұншықтыра алмаған Бисмарк әлеуметтік заң шығару жөнінде демагогтық программа ұсынып, жұмысшылардың кейбір категорияларын міндетті түрде қауіпсіздендіру жөнінде заңдар шығарды. Алайда болымсыз садақа беру арқылы жұмысшы қозғалысына іріткі салуға тырысқан әрекеттен нәтиже шықпады. 1890 жылы мартта орнынан түсті.— *272.*

Богданов, А. (Малиновский, А. А., Максимов, Н.) (1873—1928) — социал-демократ, философ, социолог, экономист, білімі жөнінен дәрігер. 90-жылдары социал-демократиялық үйірмелердің (Тулада) жұмысына қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Көпшілік Комитеттері Бюросының мүшесі ретінде Россияда партияның III съезін әзірлеу жолында жұмыс істеді, сол съезде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Большевиктік органдар — «Вперед» және «Пролетарий» редакцияларының құрамына кірді, большевиктік «Новая Жизнь» газеті редакторларының бірі болды. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция жылдарында шақы-

рымпаздарды басқарды, Ленинге және партияға қарсы шыққан «Вперед» тобының лидері болды. Философия мәселелерінде «эмпириомонизм» (субъективтік-идеалистік, махистік философияның жалған маркстік терминологияны бүркемеленген бір түрі) деп аталған өз жүйесін жасауға тырысты; Ленин өзінің «Материализм және эмпириокритицизм» деген еңбегінде бұл жүйені қатты сынға алды. «Пролетарий» газетінің кеңейтілген редакциясының кеңесінде 1909 жылы июньде Богданов большевиктік партиядан шығарылды. Октябрь социалистік революциясынан кейін «Пролеткульттің» дем берушілерінің және оны ұйымдастырушылардың бірі болды, Пролетарлық университетте істеді. 1926 жылдан — өзі негізін қалаған Қан құю институтының директоры.— *336.*

Богданов, Н. Н. (1875 ж. туған) — помещик, кадет, Рязань губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Раненбург уездік земство басқармасының құрамына енді, губерниялық земство басқармасының мүшесі (1905 жылдан), құрметті бітістіруші судья. Думада халыққа білім беру жөніндегі комиссияға енді.— *226.*

Богуславский, П. Р. (1854 ж. туған) — помещик, кадет, Харьков губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Харьков уезінің земство бастығы. Кейіннен — Харьков уездік земство басқармасының мүшесі, уездік және губерниялық земстволардың мүшесі. 1917 жылы кадет партиясы Харьков облыстық комитетінің құрамына кірді.— *226.*

Бородин, Н. А. (1861 ж. туған) — статистик, Урал облысын зерттеуші. 1894 жылдан — «Русские Ведомостидің» қызметкері, 1901—1904 жылдары — Петербургте шығып тұрған «Вестник Казачьих Войск» (1903 жылдың августынан — «Областное Обозрение и Вестник Казачьих Войск») газетінің шығарушы-редакторы. Егіншілік және мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді. Урал облысынан I Мемлекеттік думаға депутат. Думада кадеттер партиясына қосылды. 1906 жылы шыққан «Мемлекеттік дума цифр тілінде» деген кітаптың авторы. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде әр түрлі буржуазиялық ұйымдардың (Қалалар одағы, Россия мен Америка арасын жақындастыру қоғамы және т. б.) жұмысына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Колчак «үкіметінде» Урал казактары контрреволюциялық бөлегінің өкілі болды.— *82.*

Бракке (Bracke), *Вильгельм* (1842—1880) — неміс социалисі, кітап бастырушы және кітап сатушы; 1865 жылдан — Жалпы герман жұмысшы одағының мүшесі, Эйзенах партиясының негізін салушылардың және басшыларының бірі (1869). 1870 жылы сентябрьде партияның Орталық комитетінің Франциямен соғысқа қарсы шығарған манифесі үшін үш айға қамауға алынды,

1871 жылы мартта босатылды. Партиялық әдебиеттің басты бастырушыларының және таратушыларының бірі.— *260.*

Брам, А.— қараңыз: Крыленко, Н. В.

Брусс (Brousse), *Поль Луи Мари* (1844—1912) — француз социалисі, социал-реформизм идеологтарының бірі. 1871 жылғы Париж Коммунасына қатысушы. Коммуна құлағаннан кейін Испанияға, сонан соң Швейцарияға эмиграцияға кетті; эмиграцияда жүріп М. А. Бакунинмен танысты да, анархистерге қосылды. 80-жылдардың бас кезінде Францияға қайтып оралып, Жұмысшы партиясына кірді, онда маркстік бағытқа қарсы өршелене күрес жүргізді, пролетариатты революциялық күрес әдісінен алаң еткен поссибилистердің идеологтары мен басшыларының бірі болды. Париж муниципалитеті советінің мүшесі болды. 90-жылдардан бастап француз жұмысшы қозғалысында ешқандай роль атқарған жоқ.— *263.*

Булгаков, С. Н. (1871—1944) — буржуазияшыл экономист, философ-идеалист. 90-жылдарда «жария марксист» болды. Маркстің аграрлық мәселе жөніндегі іліміне ревизия жасады; халық бұқарасының қайыршылануын «топырақ құнарлылығының кеми беру заңы» деп аталатын заңның әсерінен болады деп түсіндірді. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін кадеттерге қосылды, философиялық мистицизмді уағыздады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. 1918 жылдан бастап — священник. 1922 жылы контрреволюциялық қызметі үшін шетелге қуылды, онда СССР-ге қарсы дұшпандық насихат жүргізді.— *239.*

В

Варин — қараңыз: Фридолин, В. Ю.

Васильчиков, Б. А. (1863 ж. туған) — князь, ірі помещик, Мемлекеттік советтің мүшесі. Новгород губерниясында 1884—1890 жылдары — уездік, ал 1890 жылдан губерниялық дворяндар жетекшісі; 1900 жылы Псковтың губернаторы болып тағайындалды. 1906—1908 жылдары П. А. Столыпиннің үкіметінде егіншілік министрі қызметінде болды. Столыпиндік аграрлық саясатты белсене жүзеге асырды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті.— *132, 133, 134, 136, 150, 153, 170—171.*

Вернер — қараңыз: Калнинь, Т. П.

Виноградов, П. Г. (1854—1925) — тарихшы, Москва университетінің, кейін Оксфорд университетінің профессоры. Өзінің саяси көзқарастары жағынан кадеттерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революцияға либерал буржуазия позициясынан

қарады, бұл оның 1905 жылы 5 августа «Русские Ведомости» газетінде жарияланған «Саяси хаттарынан» көрінеді. Осы хаттарда ол, В. И. Ленин көрсеткендей, «құлқыншыл буржуазияның мүдделерін, тактикасын, психологиясын сирек кездесетін айқындықпен көрсетіп берді...» (Шығармалар толық жинағы, 11-том, 244-бет). Октябрь социалистік революциясына және Совет өкіметіне дұшпандықпен қарады.

«Англияның орта ғасырлардағы әлеуметтік тарихы жөніндегі зерттеулер», «Англиядағы орта ғасырлық поместье» деген және басқа еңбектердің авторы. — *370—372.*

Витте, С. Ю. (1849—1915) — орыстың мемлекет қайраткері; патшалық Россияның «әскери-феодалдық империализмінің» мүдделерін білдіруші, самодержавиені жанын сала жақтады, либерал буржуазияға шамалы жеңілдіктер жасап, уәделер беру және халықты қаталдықпен қудалау арқылы монархияны сақтап қалуға тырысты; 1905—1907 жылдардағы революцияны басып-жаншуды ұйымдастырушылардың бірі. Қатынас жолдары министрі (февраль — август, 1892), финанс министрі (1892—1903), министрлер Советінің председателі (октябрь, 1905 — апрель, 1906) бола отырып, Витте өзінің финанс, баж салығы саясаты, темір жол құрылысы, фабрикалық заң шығару саласындағы шаралары, шетел капиталын пайдалануды барынша көтермелеуі арқылы Россияда капитализмнің дамуына және оның империалистік державаларға тәуелділігінің күшеюіне себепші болды. «Министр-маклер», «биржа агенті» — оған В. И. Ленин осындай сипаттама берді. —*244, 316, 358.*

Вишневецкая — қараңыз: Келли-Вишневецкая, Флоренс.

Волоцкой, Н. М. (1875 ж. туған) — помещик, кадет. 1899 жылдан бастап Мемлекеттік кеңседе губерниялық секретарь болып қызмет істеді. Вологда губерниясы Грязовец уезінің дворяндар жетекшісі, губерниялық земство мүшесі болды. Вологда губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат; Думада жергілікті басқарма және өзін өзі басқару жөніндегі комиссияның құрамына енді.— *226.*

Воровский, В. В. (Орловский, П.) (1871—1923) — профессионал революционер, большевиктік партияның көрнекті қайраткері, аса көрнекті совет дипломаты, публицист және әдебиет сыншысы. Революциялық қызметін 1890 жылы студенттік үйірмелерде бастады. 1894 жылдан — Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағымен» тығыз байланысты болған Москва «Жұмысшы одағының» белсенді мүшесі. 1899 жылы, айдауда жүріп, «экономистерге» қарсы Ленин жазған «Россия социал-демократтарының наразылығына» қосылды. 1902 жылы шетелге эмиграцияға кетіп, лениндік «Искрада» қызмет істеді. 1904 жылдың басында В. И. Лениннің тапсыруымен Одессада РСДРП Оңтүстік бюросын құрды; августың аяғын-

да шетелге кетіп, онда 22 большевиктің декларациясына қосылды. 1905 жылы—В. И. Ленинмен бірге «Вперед» және «Пролетарий» газеттерінің редакторы болды. РСДРП Николаев комитетінен партияның III съезіне делегат. 1905 жылдың аяғынан бастап большевиктердің Петербург ұйымында және большевиктік «Новая Жизнь» газетінің редакциясында істеді. 1906 жылы — РСДРП IV (Бірігу) съезінің делегаты. 1907 жылы Одессаның большевиктік ұйымына басшылық етті. Белсенді революциялық қызметі үшін қамауға алынды, айдауда болды. 1915 жылы Стокгольмге кетті, ал 1917 жылы, В. И. Лениннің ұсынысы бойынша, РСДРП Орталық Комитетінің Шетелдік бюросына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — басшы дипломатиялық жұмыста болды; РСФСР-дың Скандинавия елдеріндегі (1917—1919), Италиядағы (1921—1923) уәкілетті өкілі, Генуя конференциясында совет делегациясының бас секретары болды, Лозанна конференциясында Советтік Россия атынан өкілдік етті. 1923 жылы 10 майда Лозаннада ақ гвардияшының қолынан қаза тапты. Бірқатар публицистикалық және әдеби-сын еңбектердің авторы.— *35.*

Г

Гайндман (Hyndman), *Генри Майерс* (1842—1921)— ағылшын социалисі. 1881 жылы Демократиялық федерацияны құрды, ол 1884 жылы Социал-демократиялық федерация болып қайта құрылды; Гайндман бұған 1892 жылға дейін басшылық етті. Француз поссибилистерімен бірлесіп 1889 жылы Парижде Халықаралық жұмысшы конгресіне басшылықты өз қолына алуға әрекет жасады, бірақ ол іске аспады. 1900—1910 жылдарда — Халықаралық социалистік бюроның мүшесі. Империалистік соғысты жақтаған насихаты үшін 1916 жылы Британ социалистік партиясынан шығарылды. Октябрь социалистік революциясына дұшпандықпен қарады, Советтік Россияға қарсы интервенция жасалуын жақтады.— *263.*

Гельфанд, А. Л.— қараңыз: Парвус.

Георгиевский, В.— қараңыз: Евлогий.

Герценштейн, М. Я. (1859—1906) — буржуазияшыл экономист, Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның аграрлық мәселе жөніндегі теоретигі. Москва қаласынан I Мемлекеттік думаға депутат. Дума таратылғаннан кейін Финляндияда қаражүздіктер өлтірді. — *42.*

Гинзбург, Б. А.— қараңыз: Кольцов, Д.

Гирш (Hirsch), *Макс* (1832—1905)— неміcтің буржуазияшыл экономисі әрі публицисі, прогрессистік партияның мүшесі, рейх-

мысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» енді. Талай рет тұтқынға алынып, жер аударылды; 1903 жылы сентябрьде шетелге қашып барып, меньшевик болды. Дан РСДРП IV (Бірігу), V (Лондон) съездеріне және бірқатар конференцияларға қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында шетелде жойымпаздар тобын басқарды, «Голос Социал-Демократа» газетін редакциялады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі, буржуазиялық Уақытша үкіметті қолдады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті. Совет мемлекетінің бітіспес жауы ретінде 1922 жылдың басында шетелге қуылып жіберілді.— *13—14, 94, 99, 206, 320, 322—323, 324, 332, 334, 335, 337, 339, 361, 389.*

Деларов, Д. И. (1864 ж. туған) — халықтық социалист, агроном, Вятка губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Вятка губерниясында несие серіктіктерін ұйымдастырушы. Думада финанс және аграрлық комиссияларға енді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Вологдада Сүт шаруашылығы институтында істеді.— *239.*

Десницкий, В. А. (Строев) (1878—1958) — социал-демократ. Социал-демократиялық қозғалысқа 1897 жылдан бастап қатысты. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды. Нижний Новгородта, Москвада, Уралда және Россияның оңтүстігінде партия жұмысын жүргізді. Партияның III съезінің делегаты. РСДРП IV (Бірігу) съезінде большевиктерден Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Орталық Комитеттің өкілі ретінде партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. 1909 жылы большевиктерден қол үзді. 1917 жылы — меньшевиктік бағыттағы «Новая Жизнь» газетінің негізін салушылардың бірі. 1918 жылғы мартқа дейін — интернационалист социал-демократтар партиясынан Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитетінің мүшесі. 1919 жылдан бастап Ленинградта ғылыми және оқытушылық жұмыстар атқарды.— *336.*

Джапаридзе, А. Л. (1875—1908) — социал-демократ, меньшевик, журналист. 1905—1906 жылдары Кавказ социал-демократиялық ұйымының Тифлис комитеті мен Облыстық комитетінің мүшесі болды. РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына кеңесші дауыспен қатысты. Тифлис губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думадағы социал-демократиялық фракцияның ісі бойынша бес жылға каторгаға кесілді.— *238.*

Джордж (George), ***Генри*** (1839—1897)—ұсақ буржуазияшыл американ экономисі және публицисі. Джордж халықтың кедей болуының негізгі себебі жер рентасы, халықтың жерден айрылуы деп пайымдады. Ол еңбек пен капитал арасындағы антаго-

низмді теріске шығарып, капиталға алынатын пайданы жаратылыстың табиғи заңы деп есептеді. Буржуазиялық мемлекеттің барлық жерді национализациялауын (жеке жер иеленуді жоймай) жақтады. В. И. Ленин Джорджды «жерді буржуазиялық жолмен национализациялаушы» деп атады. Джорджға берілген сипаттаманы Маркстің 1881 жылы Зоргеге жазған хатынан, Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген еңбегінің Америкада басылуына арнап жазған алғы сөзінен қараңыз (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, XVI том, I бөлім, 1937, 286—287-беттер).— *255—256*.

Дицген (Dietzgen), *Иосиф* (1828—1888) — немістің жұмысшы былғарышысы, көрнекті социал-демократтардың бірі, өз бетімен диалектикалық материализм негіздеріне жеткен философ. 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты, революция жеңіліске ұшыраған соң Германиядан эмиграцияға кетті. 20 жыл бойы Америка мен Европаны аралап шықты, әр түрлі кәсіпорындарда жұмыс істеді, философиялық зерттеулермен шұғылданды. 1864 жылдан 1868 жылға дейін Дицген Россияда тұрды, Петербургте былғары заводында жұмыс істеді. Мұнда ол «Адамның ми жұмысының мәні» деген кітап және К. Маркстің «Капиталының» бірінші томына рецензия жазды. 1869 жылы Дицген Германияға қайта оралып, К. Маркспен танысты, Герман социал-демократиялық партиясының жұмысына белсене қатыса бастады. Маркс диалектикалық материализмді түсінуде Дицген кейбір қателіктер мен жаңсақтыққа ұрынғанына қарамастан, «көптеген тамаша, жұмысшының дербес ойлауының жемісі ретінде таңдануға болғандай пікірлер» айтты деп көрсетті (қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар, Қаз. мемл. баспасы, 1958, 232-бет). 1884 жылы Дицген қайтадан Америка Құрама Штаттарына кетті, онда ол американ Социалистік жұмысшы партиясы Атқару комитетінің органы — «Der Sozialist» («Социалист») газетін және «Chicagoer Arbeiter-Zeitung» («Чикагоның Жұмысшы Газеті») газетін редакциялады, бірқатар философиялық еңбектер жазды. Махизмнің реакциялық философиясына қарсы күресте В. И. Ленин Дицгенге жиі сілтеме жасап, ресми буржуазиялық философия мен поповщина жөніндегі оның өткір сипаттамаларын келтіріп отырды.

Дицгеннің негізгі еңбектері: «Адамның ми жұмысының мәні», «Социалистің таным теориясы саласына экскурсиялары», «Логика туралы, атап айтқанда пролетарлық-демократиялық логика туралы хаттар», «Философия аквизиті», «Социал-демократия діні». Дицгеннің шығармалар жинағы 1919 жылы Штутгартта 3 том болып басылып шықты.— *253*.

Долгоруков, Павел Дм. (1866—1930) — князь, ірі помещик, кадет. 1893—1906 жылдары — Москва губерниясында уездік дворяндар жетекшісі. Кадет партиясының негізін салушылардың бірі, 1905—1911 жылдарда оның Орталық Комитетінің предсе-

Е

зиденті болды. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөнінде біркатар еңбектер жазып, оларда крепостник-помещиктердің мүдделерін білдіруші болды.— *125*.

Ж

Жордания, Н. Н. (1870—1953) — социал-демократ, меньшевик. Саяси қызметін 90-жылдары бастады, Грузиядағы тұңғыш маркстік «Месаме даси» тобына кірді, онда оппортунистік қанатты басқарды. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. Съезден кейін — Кавказ меньшевиктерінің лидері. 1905 жылы меньшевиктік «Социал-Демократи» газетін (грузин тілінде) редакциялады, буржуазиялық-демократиялық революциядағы большевиктік тактикаға қарсы шықты. 1906 жылы I Мемлекеттік думаның мүшесі болды. РСДРП IV (Бірігу) съезінің жұмысына қатысты; партияның V (Лондон) съезінде меньшевиктерден РСДРП Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында формальды түрде партияшыл-меньшевиктерге қосылды, іс жүзінде жойымпаздарды қолдады. 1914 жылы Троцкийдің «Борьба» журналына жазып тұрды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін жұмысшы депутаттары Тифлис Советінің председателі болды, 1918—1921 жылдары Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметін басқарды; 1921 жылдан — ақ эмигрант.— *110*.

Жорес (Jaurès), *Жан* (1859—1914) — француз және халықаралық социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, тарихшы.

80-жылдарда — буржуазияшыл радикал, кейін «тәуелсіз социалистер» тобына қосылды. 1902 жылы Жорес және оның жақтастары Француз социалистік партиясын құрды, бұл партия 1905 жылы Франция социалистік партиясына қосылып, Біріккен француз социалистік партиясы деген ат алды. 1885—1889, 1893—1898, 1902—1914 жылдары парламент мүшесі; парламенттік социалистік фракция лидерлерінің бірі. 1904 жылы «L'Humanité» («Адамзат») газетінің негізін қалап, оны өз өмірінің ақырына дейін редакциялады; бұл газет 1920 жылы Француз коммунистік партиясының орталық органы болды. Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революцияның кезінде Жорес орыс халқының күресін құттықтады. Жорес демократияны, халық бостандығын қажырлылықпен қорғап, бейбітшілік үшін, империалистік езгі мен басқыншылық соғыстарға қарсы күресті. Соғыстарды және отарлық езгіні тек социализм ғана біржола жоятынына ол кәміл сенді.

Алайда Жорес социализм пролетариаттың буржуазияға қарсы күресі жолымен емес, демократиялық идеяның гүлденуі нәтижесінде жеңеді деп есептеді. Пролетариат диктатурасы идеясы оған жат болды, езушілер мен езілушілер арасында тап-

тық татулықты уағыздады, кооперацияның дамуы капитализм тұсында біртіндеп социализмге өтуге жағдай жасайды-мыс деген прудонистік жалған үмітті жақтады. В. И. Ленин Жорестің реформистік көзқарастарын, оны оппортунизм жолына итермелеген көзқарастарын қатты сынады.

Жорестің бейбітшілік үшін күресі, төніп келе жатқан соғыс қаупіне қарсы күресі империалистік буржуазияның оған деген өшпенділігін тудырды. Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Жоресті реакцияның жұмсаған адамы өлтірді.

«Ұлы француз революциясының тарихы», «Европаның саяси және әлеуметтік идеялары және ұлы революция» деген және басқа еңбектердің авторы.— *179.*

З

Засулич, В. И. (1849—1919) — Россиядағы халықшылдық, ал одан кейін социал-демократиялық қозғалыстың аса көрнекті қатысушысы болған әйел. Революциялық қызметін 1869 жылы бастады. «Жер және ерік», «Қаралай бөліс» халықшылдық ұйымдарына кірді. 1878 жылы 24 январьда саяси тұтқын Боголюбовты қорлауға қарсы наразылық белгісі ретінде Петербургтің қала бастығы Треповқа қастандық жасады. 1880 жылы шетелге эмиграцияға кетті, онда көп ұзамай халықшылдықтан қол үзіп, марксизм позициясына көшті. 1883 жылы «Еңбекті азат ету» тобын құруға қатысты. 80—90-жылдары К. Маркстің «Философия қайыршылығы», Ф. Энгельстің «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген еңбектерін орыс тіліне аударды, «Жұмысшылардың Халықаралық қоғамы тарихының очеркі» деген және басқа еңбектер жазды; «Еңбекті азат ету» тобының басылымдарына, «Новое Слово» және «Научное Обозрение» журналдарына қатысып тұрды, оларда бірқатар әдеби-сын мақалаларын жариялады. 1900 жылы «Искра» мен «Заря» редакциясына кірді. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашылдарға қосылды. РСДРП II съезінен кейін меньшевизм лидерлерінің бірі, меньшевиктік «Искра» редакциясына кірді. 1905 жылы Россияға қайтып оралды; реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында жойымпаздарға қосылды; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясын ұстады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды.— *272.*

Зимин — қараңыз: Красин, Л. Б.

Зимин, Д. Л. (1867 ж. туған) — эсер, шыққан тегі — шаруа. Қазан губерниясында халық мұғалімі, кейін Симбирскіде бастауыш училище меңгерушісі болып істеді. Симбирск губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думаның бюджет комиссиясына енді, социалист-революционерлер фракциясынан аграрлық мәселе бойынша сөз сөйледі. 1917 жылы социалист-революционерлердің VIII конференциясында партияның Орта-

лық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1919 жылы — ақ гвардиялық «ерікті армия» Советінің мүшесі және іс басқарушысы. — *136.*

Зингер (Singer), *Пауль* (1844—1911) — герман социал-демократиясы көсемдерінің бірі, А. Бебельдің, В. Либкнехттің серігі, II Интернационалдың маркстік қанатының көрнекті қайраткері. 1887 жылдан — Герман социал-демократиялық партиясы басқармасының мүшесі, ал 1890 жылдан (Галле съезінен кейін) — партия басқармасының председателі, 1884 жылдан 1911 жылға дейін — рейхстагқа мүше және социал-демократиялық фракцияның председателі. 1900 жылдан Халықаралық социалистік бюроның мүшесі және оның маркстік, сол қанатында болды. Зингер неміс жұмысшы партиясының қатарындағы оппортунизмнің қас жауы болды, өз өмірінің ақырына дейін революциялық социал-демократиялық саясатты дәйекті жүргізуші болып қала берді. В. И. Ленин пролетариат ісі жолындағы қайтпас күрескер ретінде Зингерді аса жоғары бағалады.— *242, 285.*

Зорге (Sorge), *Фридрих Адольф* (1828—1906) — неміс социалисі, халықаралық жұмысшы және социалистік қозғалыстың көрнекті қайраткері, К. Маркс пен Ф. Энгельстің досы және серігі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысты. Революция жеңіліске ұшырағаннан кейін Швейцарияға, одан соң (1852) Америкаға эмиграцияға кетті. Америкада I Интернационалдың секцияларын ұйымдастырушы, I Интернационал Бас Советінің секретары (1872—1874). Америка Құрама Штаттары Социалистік жұмысшы партиясының және Интернационалдық жұмысшы одағының негізін қалауға белсене қатысты. Зорге — «Құрама Штаттардағы жұмысшы қозғалысы» деген кітаптың авторы, бірқатар мақалалар жазды, олар негізінен герман социал-демократиясының «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; өзінің К. Маркспен, Ф. Энгельспен, тағы басқалармен жазысқан хаттарын баспаға әзірледі. Ленин Зоргенің қызметін жоғары бағалады, оны I Интернационалдың ардагері деп атады.— *254, 256, 259, 260, 262.*

И

Ивановский — қараңыз: Шнеерсон, И. А.

Иекк (Jaeckh), *Густав* (1866—1907) — неміс журналисі, социал-демократ. 1901 жылдан — герман социал-демократиясы сол қанатының органы — «Leipziger Volkszeitung» («Лейпциг Халық Газеті») газетінің редакторы; «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналына жазып тұрды. Орыс тілінде бірнеше рет басылып шыққан «Интернационал» деген кітаптың авторы.— *253.*

Изаров — қараңыз: Лалаянц, И. Х.

Изгоев (Ланде), А. С. (1872 ж. туған) — буржуазияшыл публицист, кадеттер партиясы идеологтарының бірі. Бастапқыда «жария марксист» болды, бір кездерде социал-демократтарға қосылды, 1905 жылы кадеттер партиясына кірді. Кадеттердің органдары: «Речь» газетінде, «Южные Записки», «Русская Мысль» журналдарында большевиктерге өршелене шабуыл жасады, контрреволюциялық «Вехи» жинағына қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Изгоев бір топ декадент интеллигенттердің журналы — «Вестник Литературыға» қатысып тұрды. 1922 жылы контрреволюциялық публицистік қызметі үшін шетелге қуылды.— *76.*

Иков, В. К. (Миров, В.) (1882 ж. туған) — социал-демократ, меньшевик. Сморгонь ұйымынан делегат болып РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Жойымпаз-меньшевиктердің «Возрождение» журналына, «Голос Социал-Демократа» газетіне және басқа органдарына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — қорғампаз. Октябрь социалистік революциясынан кейін кооперация жүйесінде жұмыс істеді. 1931 жылы контрреволюциялық меньшевиктік «РСДРП Одақтық бюросы» ұйымының ісі бойынша сотталды.— *10.*

Иконников, А. В. (1868 ж. туған) — помещик, кадет. Макарьев уездік земство басқармасының 1895 жылдан мүшесі, 1901—1908 жылдары — председателі; губерниялық земствоның мүшесі болды. Нижний Новгород губерниясынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат. Жергілікті басқарма және өзін өзі басқару жөніндегі комиссияның (II Дума) құрамына, халыққа білім беру жөніндегі комиссияға, бюджет және финанс комиссияларына (III Дума) енді.— *226.*

Ильян — қараңыз: Ярославский, Е. М.

Иорданский, Н. И. (Негорев) (1876—1928) — социал-демократ; РСДРП II съезінен кейін — меньшевик. 1904 жылы — меньшевиктік «Искра» газетінің тұрақты қызметкері; 1905 жылы Петербург Советінің Атқару комитетіне енді. 1906 жылы — РСДРП IV (Бірігу) съезінің кеңесші даусы бар делегаты, РСДРП біріккен Орталық Комитетінің (меньшевиктерден) өкілі. Реакция жылдарында партияшыл-меньшевиктерге — плехановшылдарға жақын болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық уақытша үкіметтің Оңтүстік-Батыс майдандағы армиялары жанындағы комиссары. 1921 жылы РКП(б) қатарына кірді; 1922 жылы Сыртқы істер халық комиссариатында және Мемлекеттік баспада істеді, одан кейін Италияда уәкілетті өкіл болды. 1924 жылдан бастап әдеби қызметпен шұғылданды.— *94, 99.*

Иорданский, Н. М. (1870 ж. туған) — кадет, Владимир губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. 1897 жылдан бастап

Коврово қаласында сот тергеушісі болып істеді. Уездік және губерниялық земство мүшесі, сондай-ақ Владимир қалалық думасының мүшесі болды. «Азаттық одағына» кірді, кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және секретары болды. 1907 жылдан бастап «Русские Ведомости» газетіне жазып тұрды. 1912 жылдан — осы газетті шығару жөніндегі серіктіктің мүшесі.— *226.*

К

Калнинь, Т. П. (Вернер) (1871—1938) — профессионал революционер, большевик, жұмысшы. 1900 жылдан бастап құпия социал-демократиялық үйірмелерге қатысты, Россияға шетелден құпия әдебиеттер жеткізуді ұйымдастырумен айналысты. 1904 жылдан бастап Ригада Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы Орталық Комитетінің құпия баспаханасына басшылық етті, онда «Zihңa» («Күрес») газеті, листовкалар және басқа басылымдар басылды. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы Рига комитетінің мүшесі болды. Латыш социал-демократиялық жұмысшы партиясы I съезінің (1904), Латыш өлкесі социал-демократиясының I (1906) және II (1907) съездерінің делегаты. Латыш өлкесі социал-демократиясынан РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына кеңесші даусы бар делегат болып қатысты. 1908 жылы құпия баспахананың ісі бойынша сотқа тартылып, 4 жылға каторгаға кесілді, каторга мерзімі біткеннен кейін Сибирьге қоныс аударуға жіберілді. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Иркутск қаласында кооперацияда, 1920 жылдан Латвия Коммунистік партиясы Орталық Комитеті Шетелдік бюросының аппаратында, кейін — басшы совет жұмыстарында істеді.— *363.*

Капустин, М. Я. (1847—1920) — октябрист, кәсібі жөнінен дәрігер. 70-жылдардың басында Кострома губерниясында земство дәрігері болды, содан соң — әскери госпитальдарда, Әскери-медицина академиясында, Варшава университетінде істеді. 1887 жылдан — Қазан университетінің профессоры. Қазан қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думада бюджет жөнінде, жергілікті сот туралы, аграрлық және басқа мәселелер бойынша сөз сөйледі. III Мемлекеттік думаға Қазан губерниясынан депутат болды, Дума председателінің орынбасары болып сайланды. В. И. Ленин Капустинді «контрреволюциялық буржуазияның өкілі» деп атады.— *218.*

Караваев, А. Л. (1855—1908) — земство дәрігері, Шаруалар одағының көрнекті қайраткерлерінің бірі. Екатеринослав қаласынан II Мемлекеттік думаға сайланып, онда трудовиктер фракциясын басқарды, аграрлық комиссияның мүшесі болды, аграрлық және азық-түлік мәселелері жөнінде сөз сөйледі. Шаруалар мәселесі жөніндегі бірқатар кітапшалардың («Партия мен

шаруалар Мемлекеттік думада», «Үкіметтің жер жөніндегі уәделері және шаруалар депутаттарының талаптары», «Жер жөніндегі жаңа заңдар») авторы. III Мемлекеттік думаға сайлаудың қарсаңында оны Екатеринославта қаражүздіктер өлтірді.— *125, 136, 160, 162.*

Карышев, Н. А. (1855—1905) — экономист және статистик, земство қайраткері. 1891 жылдан—Юрьев (Тарту) университетінің, одан соң Москва ауыл шаруашылық институтының профессоры. «Русские Ведомости» газетіне, «Земство», «Русское Богатство» журналдарына және т. б. қатысып тұрды; Россиядағы шаруалар шаруашылығының экономикасы мәселелері жөнінде көптеген кітаптар мен журнал мақалаларының авторы, оларда либерал халықшылдардың көзқарастарын қорғады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектері мен сөйлеген сөздерінде Карышевтің реакциялық көзқарастарын қатты сынады. — *146.*

Каутский (Kautsky), *Карл,* (1854—1938) — герман социал-демократиясы мен II Интернационал лидерлерінің бірі, әуелі марксист, кейін марксизмнің ренегаты, жұмысшы қозғалысындағы неғұрлым қауіпті және зиянды оппортунизмнің бір түрі — центризмнің (каутскийшілдіктің) идеологы. Герман социал-демократиясының теориялық журналы «Die Neue Zeit»-тің («Жаңа Заман») редакторы.

Каутский социалистік қозғалысқа 1874 жылдан қатыса бастады. Ол кезде оның көзқарастары лассальшылдықтың, неомальтусшілдіктің және анархизмнің қойыртпағы болды. 1881 жылы К. Маркспен және Ф. Энгельспен танысты да, олардың ықпалымен марксизмге көшті, алайда сол кездің өзінде-ақ оппортунизмге қарай ауытқып, тұрақсыздық көрсеткен еді, бұл үшін К. Маркс пен Ф. Энгельс оны қатаң сынаған болатын. 80—90-жылдары маркстік теория мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер: «Карл Маркстің экономикалық ілімі», «Аграрлық мәселе» және басқаларын жазды; бұл еңбектері оларда жіберілген қателіктерге қарамастан марксизмді насихаттауда игі роль атқарды. Кейін, революциялық қозғалыс кеңінен өрістеген кезеңде, оппортунизм позициясына көшті. Центризм, яғни бүркемеленген оппортунизм идеологиясын уағыздады, ашық оппортунистерді партияда қалдыруды жақтады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде Каутский социал-шовинизм позициясында болды, онысын интернационализм туралы жел сөздермен бүркемеледі. Әсіре империализм теориясының авторы болды; Ленин «II Интернационалдың күйреуі», «Империализм — капитализмнің жоғары сатысы» деген және басқа еңбектерінде әсіре империализм теориясының реакциялық мәнін әшкереледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Каутский пролетарлық революция мен пролетариат диктатурасына, Совет өкіметіне ашықтан-ашық қарсы шықты.

В. И. Ленин өзінің «Мемлекет және революция», «Пролетарлық революция және ренегат Каутский» деген және басқа шы-

ғармаларында каутскийшілдікті өлтіре сынады. Каутскийшілдіктің қауіптілігін ашып көрсете келіп, В. И. Ленин 1915 жылы «Социализм және соғыс» деген мақаласында былай деп жазды: «Осы ренегаттықпен, тұрлаусыздықпен, оппортунизмнің алдында құрдай жорғалаушылықпен және марксизмді бұрын болып көрмеген теориялық масқаралаумен аяусыз соғыс жүргізбейінше, жұмысшы табы өзінің бүкіл дүние жүзілік-революциялық ролін жүзеге асыра алмайды». (Шығармалар, 21-том, 316-бет).— *90, 380.*

Келли-Вишневецкая (Kelley-Wischnewetzky), *Флоренс* (1859—1932) — американ социалисі, Ф. Энгельстің «Англиядағы жұмысшы табының жағдайы» деген кітабын ағылшын тіліне аударушы, кейіннен реформистік позицияға көшті. Негізінен жұмысшыларға арнап заң шығару және әлеуметтік саясат мәселелерімен айналысты. Фабрика инспекторы болды, американ кооперативтік қозғалысында жұмыс істеді.— *256.*

Кизеветтер, А. А. (1866—1933) — орыстың либерал-буржуазиялық тарихшысы және публицисі. 1900—1911 жылдары—Москва университетінің приват-доценті; құрылған күнінен бастап «Азаттық одағының» мүшесі, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі. Москва қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат; «Русские Ведомостиге» жазып тұрды, «Русская Мысль» журналы редакциялық коллегиясының құрамына кірді және оның редакторларының бірі болды. Өзінің тарихи-публицистикалық еңбектерінде 1905—1907 жылдардағы орыс революциясының маңызын бұрмалады. В. И. Ленин өзінің бірқатар еңбектерінде Кизеветтердің көзқарастарын сипаттай келіп, оны реакцияның мүддесі үшін ғылымды саудаға салған кадеттік профессорлардың санатына қосты.

Октябрь социалистік революциясынан кейін Кизеветтер Совет өкіметіне қарсы белсенді күрес жүргізді, сол үшін 1922 жылы Советтік Россиядан қуылды. Шетелде ақ эмиграттық баспасөзге белсене қатысты.— *239.*

Клемансо (Clemenceau), *Жорж Бенжамен* (1841—1929) — Францияның саяси және мемлекет қайраткері, көп жыл бойы радикалдар партиясының лидері. Саяси қызметін III Наполеон империясына дұшпандық пиғылдағы солшыл республикашыл ретінде бастады. 1871 жылғы Париж Коммунасы күндерінде, Париждің бір округінің мэрі болып тұрып, пролетариат пен буржуазияны ымыраға келтіруге әрекет жасады. Одан кейінгі жылдарда муниципалитеттік қызметпен шұғылданды, Париж муниципалитетінің председателі, ал 1876 жылы Францияның Депутаттар палатасының мүшесі болып сайланды. 80-жылдардан — радикалдар басшыларының бірі. 1902 жылы Сенатқа сайланды, ал 1906 жылдан 1909 жылға дейін француз үкіметін басқарды. Ірі капиталдың мүддесін қорғай отырып, жұмысшы табы жөнінде қатал жазалау саясатын жүргізді. В. И. Ленин былай

деп жазды: «Францияны капиталистердің атынан билеп отырған радикал Клемансо пролетариат арасындағы республикалық-буржуазиялық жалған үміттердің ақырғы қалдықтарын жою жөнінде ерекше қимыл көрсетуде. «Радикалдық» үкіметтің бұйрығы бойынша әскерлердің жұмысшыларды атуы,—Клемансоның тұсында, сірә, бұрынғыдан жиілене түспесе, кеми қойды ма екен» (Шығармалар, 15-том, 181—182-беттер). Бірінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында радикалдар партиясынан қол үзді. Соғыс кезінде — барып тұрған шовинист. 1917 жылғы ноябрьден бастап Клемансо француз үкіметін қайтадан басқарды, елде әскери диктатура режимін енгізді. Советтік Россияға қарсы қарулы интервенция ұйымдастырушылардың және оған дем берушілердің бірі болды, орыс контрреволюциясын қолдап отырды, Совет республикасын «экономикалық қоршауға» алуды және тұншықтыруды жүзеге асыруға тырысты. 1919 жылы Париж бейбітшілік конференциясында француз империалистерінің мүдделерін қорғады, бірақ өз мақсатына толық жете алмады. 1920 жылы президент сайлауында жеңіліске ұшырады да, саяси қызметтен шеттеп кетті.— *36, 93, 181.*

Ковалевский, М. М. (1851—1916) — тарихшы, буржуазиялық-либералдық бағыттағы саяси қайраткер. 1880 жылдан — Москва университетінің профессоры. 1887 жылы шетелге кетті. 1901 жылы Робертимен бірге Парижде: Қоғамдық ғылымдардың жоғары орыс мектебінің негізін салды. 1905 жылы Россияға қайтып келді, Харьков губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат болды; кейінірек — Мемлекеттік советтің мүшесі. Кадеттерден гөрі оңшылдау тұрған Демократиялық реформалар партиясының негізін салушылардың бірі болды. 1906—1907 жылдары «Страна» газетін шығарып тұрды, ал 1909 жылдан «Вестник Европы» журналының иесі және редакторы болды. Оның ғылыми еңбектерінен қауымдық құрылыстың ыдырау проблемаларына және рулық қатынастарды зерттеуге арналған еңбектерін атауға болады. Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде Ковалевскийдің осы салада сіңірген еңбегін атап айтты.

«Қауымдық жер иелену, оның ыдырауының себептері, барысы және салдары», «Семьяның және жеке меншіктің шығуы мен дамуының очеркі», «Қазіргі демократияның шығуы», «Социалогия» деген және басқа еңбектердің авторы. — *17, 78.*

Кокошкин, Ф. Ф. (1871—1918) — буржуазияшыл саяси қайраткер және публицист; Москва университеті мемлекеттік право кафедрасының приват-доценті. Кадет партиясының негізін қалаушылардың бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі болды; Москва губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. 1907 жылдан — либералдық органдар: «Русские Ведомости» газетінің, «Право», «Русская Мысль» журналдарының және басқаларының белсенді қызметкері. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Кокошкин — буржуазиялық

Уақытша үкіметтің министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне белсене қарсы шықты.— *168.*

Колокольников, К. А.— социалист-революционер, священник, Пермь губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат; жергілікті басқарма және өзін өзі басқару жөніндегі комиссияның мүшесі, аграрлық мәселе бойынша сөз сөйледі. Өзінің саяси көзқарастары үшін дін басшылары тарапынан қуғынға ұшырады, Думаға сайланғаннан кейін священник болып қызмет істеу правосынан айрылды.— *136, 164.*

Кольцов, Д. (Гинзбург, Б. А.) (1863—1920) — социал-демократ, меньшевик. 80-жылдардың бірінші жартысында халық еркшілері қозғалысына қосылды, 80-жылдардың аяғында социал-демократиялық позицияға көшті. 1893 жылдың басында Швейцарияға эмиграцияға кетті, онда «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты; 1895—1898 жылдары «Шетелдегі орыс социал-демократтары одағының» секретары болды, оның басылымдарына белсене ат салысты; «Одақ» жікке бөлінгеннен кейін (1900) одан шығып кетті. II Интернационалдың Лондон (1896) және Париж (1900) конгрестерінің жұмысына қатысты. РСДРП II съезіне кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл; съезден кейін — белсенді меньшевик, бірқатар меньшевиктік басылымдардың («Социал-Демократ», «Начало», т. б.) қызметкері. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде Петербургте кәсіподақ қозғалысына қатысты; 1908 жылдан бастап Бакуде жұмыс істеді; жойымпаз-меньшевиктердің жария «Луч» газетіне қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист; 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советінде еңбек комиссары. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды, Құрылтай жиналысында — қорғампаз-меньшевиктердің кандидаты. 1918—1919 жылдарда кооперация саласында жұмыс істеді. — *80, 82, 83, 84, 94, 99, 103.*

Короленко, В. Г. (1853—1921) — орыстың белгілі прогресшіл жазушысы және публицисі. Ол өз шығармаларында, әсіресе соңғы кезеңдегі туындыларында еріксіз еңбек адамдарының ауыр тұрмысын суреттеп, Россиядағы феодалдық-крепостниктік тәртіптердің қалдықтарын әшкереледі.— *143.*

Короленко, С. А.— экономист-статистик, мемлекеттік мүліктер министрлігінде қызмет істеді, одан соң мемлекеттік бақылаушы жанындағы ерекше тапсырмалар жүктелетін чиновник болды. 1889 жылдан 1892 жылға дейін мемлекеттік мүліктер министрлігінің тапсыруы бойынша «Европалық Россияны ауыл шаруашылығы және өнеркәсіп жағынан статистикалық-экономикалық шолуға байланысты иелік шаруашылықтардағы ерікті жалдама еңбек және жұмысшылардың орын ауыстыруы. (Қожа-

йындардан алынған материалдар бойынша ауыл шаруашылық және статистикалық мәліметтер. V кітап)» деген кітаптың жұмысын жүргізді; бұл кітапты егіншілік және село өнеркәсібі департаменті шығарды. 1900 жылдарда қаражүздік «Новое Время» газетінде қызмет істеді.— *143.*

Котляревский, С. А. (1873—1940) — профессор, публицист, кадет партиясын құрушылардың бірі және оның Орталық Комитетінің мүшесі. Саратов губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің христиан дінінің православиелік түрінен басқа және өзге діндерді тұту істері жөніндегі комиссары, ал 1917 жылдың июлінен—синод обер-прокурорының орынбасары және дін тұту министрінің орынбасары. Октябрь социалистік революциясынан кейін әр түрлі контрреволюциялық ұйымдарда болды. 1920 жылы «Тактикалық орталық» дейтіннің ісі бойынша сотқа тартылып, шартты түрде 5 жылға түрмеге жабылуға кесілді. Кейін Москва университетінде істеді.— *168.*

Красин, Л. Б. (Зимин) (1870—1926) — профессионал революционер, кейін Совет мемлекетінің көрнекті қайраткері. 1890 жылы Петербургте Бруснevтің социал-демократиялық үйірмесінің мүшесі болды. 1891 жылы полиция Красинді Петербургтен Қазанға, кейін Нижний Новгородқа жер аударды. 1895 жылы қайтадан тұтқынға алынып, Иркутскіге 3 жылға жер аударылды. Жер аударылу мерзімі аяқталғаннан кейін (1897) Харьковтың технологиялық институтына түсіп, оны 1900 жылы бітірді. 1900—1904 жылдарда Бакуде инженер болып істеді, онда В. З. Кецховелимен бірге «Искраның» астыртын баспаханасын ұйымдастырды. РСДРП II съезінен кейін большевиктерге қосылды, партияның Орталық Комитетіне кооптацияланды, онда меньшевиктер жөнінде ымырашылдық позиция ұстап, меньшевиктердің үш өкілін Орталық Комитетке кооптациялауға көмектесті; бірақ көп кешікпей меньшевиктерден қол үзді. Красин РСДРП III съезіне қатысты, съезде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. 1905 жылы — большевиктік бірінші жария газет — «Новая Жизньді» ұйымдастырушылардың бірі; Орталық Комитеттің өкілі ретінде жұмысшы депутаттарының Петроград Советіне енді. РСДРП IV (Бірігу) съезінде Орталық Комитеттің мүшесі болып, V (Лондон) съезде РСДРП Орталық Комитетінің мүшелігіне кандидат болып сайланды. 1908 жылы шетелге эмиграцияға кетті. Реакция жылдарында біраз уақыт шақырымпаздардың «Вперед» тобында болды; кейінірек саяси қызметтен қол үзіп, шетелде және Россияда инженер болып істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін Қызыл Армияны жабдықтауды ұйымдастырушылардың бірі, содан соң Халық Шаруашылығы Жоғары Советі президиумының мүшесі, сауда және өнеркәсіп, қатынас жолдары халық комиссары. 1919 жылдан дипломаттық жұмыста болды. 1920 жылдан — сыртқы сауда ха-

лық комиссары әрі 1921—1923 жылдарда Лондонда уәкілетті өкіл болып істеді, Генуя және Гаага конференцияларына қатысты, 1924 жылдан — СССР-дің Франциядағы уәкілетті өкілі, 1925 жылдан — Англиядағы уәкілетті өкілі. Партияның XIII және XIV съездерінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды.— *336.*

Крушеван, П. А. (1860—1909) — реакцияшыл публицист, қаражүздік «Бессарабец» газетін бастырып шығарушы, антисемиттік «Друг» газетінің редакторы, Кишиневтегі ойранды (1903) ұйымдастырушы және қаражүздік «Орыс халқы одағы» басшыларының бірі; Кишинев қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат.— *62—64, 234.*

Крыленко, Н. В. (Брам, А.) (1885—1938) — социал-демократ, 1904 жылдан партия мүшесі; кейін советтің мемлекет және саяси қайраткері. 1905—1906 жылдары — Петербургте студенттік революциялық қозғалыс лидерлерінің бірі; Петербург большевиктері ұйымында жұмыс істеді. 1907 жылы социал-демократиядан қол үзіп, ««Ортодоксияны» іздеу үстінде» деген кітап шығарды (1909 жылы көктемде шықты), онда синдикалистік уклонға бой ұрды. 1911 жылдан бастап қайтадан большевиктік ұйымда жұмыс істеді, «Звездада», одан соң «Правдада» қызмет етті, Орталық Комитет Думадағы социал-демократиялық фракцияға жіберді. 1913 жылы декабрьде тұтқынға алынды. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Крыленко — РСДРП(б)-ның майдандағы және тылдағы ұйымдарының Бүкіл россиялық конференциясына қатысты, Советтердің Бүкіл россиялық I съезінің делегаты. «Солдатская Правда» газетінде істеді. Октябрь социалистік революциясына белсене қатысты. Әскери және теңіз істері жөніндегі Комитеттің мүшесі ретінде бірінші Совет үкіметінің құрамына енді, кейінірек — жоғарғы бас қолбасшы. 1918 жылдан советтік юстиция органдарында — Бүкіл россиялық Орталық Атқару Комитеті Жоғарғы революциялық трибуналының председателі, юстиция халық комиссарының орынбасары, республика прокуроры болып істеді, 1931 жылдан — РСФСР юстиция халық комиссары, ал 1936 жылдан — СССР юстиция халық комиссары. Партияның XV және XVI съездерінде Орталық Бақылау Комиссиясының мүшесі болып сайланды. Крыленко — сот құрылысы және қылмыстық право жөніндегі: «Ленин сот және қылмыстық саясат туралы», «Советтік әділ сот. СССР-дегі сот пен прокуратура» деген және басқа еңбектердің авторы.— *426.*

Кугельман (Kugelmann), *Людвиг* (1830—1902) — неміс социал-демократы, Маркстің досы, Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға қатысқан, I Интернационалдың мүшесі. Кугельман Интернационалдың Лозанна (1867) және Гаага (1872) конгрестеріне делегат болды, Маркстің «Капиталының» басылуына және таратылуына жәрдемдесті. 1862 жылдан 1874

жылға дейін К. Маркспен хат-хабар алысып, Германиядағы істің жайын оған хабарлап тұрды. Маркстің Кугельманға жазған хаттары бірінші рет 1902 жылы «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналында басылды; 1907 жылы бұл хаттар орыс тіліне аударылып, В. И. Лениннің алғы сөзімен бастырылып шығарылды.— *254.*

Кузьмин-Караваев, В. Д. (1859—1927) — әскери юрист, генерал, кадет партиясының оң қанаты басшыларының бірі. I және II Мемлекеттік думалардың депутаты, патша өкіметінің 1905—1907 жылдардағы революцияны басып жаныштауында көрнекті роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыста — земство қайраткерлерінің бірі және әскери-өнеркәсіп комитетінің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне белсене қарсы шықты. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезеңінде — ақ гвардияшы, Юденичтің жанындағы саяси кеңестің мүшесі. 1920 жылдан — ақ эмигрант.— *238.*

Кускова, Е. Д. (1869—1958) — орыстың буржуазиялық қоғам қайраткері әрі публицист. 90-жылдардың орта шенінде, шетелде жүргенінде, «Еңбекті азат ету» тобымен жақындасты, алайда көп кешікпей бернштейншілдіктің ықпалымен марксизмді ревизиялау жолына түсті. Кускова бернштейншілдік рухта жазған, «Credo» деп аталған документ «экономизмнің» оппортунистік мәнін неғұрлым айқын білдірді және В. И. Ленин бастаған орыс марксистері тобы тарапынан қатты наразылық туғызды (қараңыз: Шығармалар толық жинағы, 4-том, 175—189-беттер). 1905—1907 жылдардағы революция қарсаңында Кускова либералдық «Азаттық одағына» кірді. 1906 жылы С. Н. Прокоповичпен бірге жартылай кадеттік «Без Заглавия» журналын шығарды, солшыл кадеттердің газеті — «Товарищтің» белсенді қызметкері болды. Кускова жұмысшыларды революциялық күрестен бас тартуға шақырды, жұмысшы қозғалысын либерал буржуазияның саяси басшылығына бағындыруға тырысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін большевиктерге қарсы шықты, 1921 жылы «Ашыққандарға жәрдемдесудің Бүкілроссиялық комитетіне» кірді, бұл ұйымның басқа да басшыларымен бірге оны Совет өкіметіне қарсы күресу үшін пайдалануға тырысты. 1922 жылы шетелге қуып жіберілді, онда ақ эмиграцияның белсенді қайраткері болды.— *187, 416, 421.*

Кутлер, Н. Н. (1859—1924) — кадеттер партиясының көрнекті қайраткері; финанс министрлігінде істеді, тікелей салық департаментінің директоры, кейінірек егіншілік және жерге орналастыру министрі болды. Петербург қаласынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат. Кадеттердің аграрлық программасы жобасының авторларының бірі. Бұл жобаны және Кутлердің позициясын В. И. Ленин өзінің «Екінші Мемлекеттік думада аграрлық мәселе жөнінде сөйленетін сөздің жобасы» және «Социал-демократияның 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс

революциясындағы аграрлық программасы» деген еңбектерінде (қараңыз: осы том, 153—164-беттер; Шығармалар, 13-том, 243—245, 381—387-беттер) жан-жақты сынға алды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Кутлер Финанс халық комиссариатында істеді. 1922 жылдан СССР Мемлекеттік банкі басқармасының мүшесі болды.— *125—130, 132—133, 136, 153—160, 162—163, 169—170, 181.*

Л

Лалаянц, И. Х. (Изаров) (1870—1933) — Россиядағы социал-демократиялық қозғалысқа белсенді қатысты. 1888—1889 жылдары Н. Е. Федосеевтің Қазандағы марксті үйірмесінің мүшесі болды, 1892 жылы Нижний Новгородтағы Сормово заводының жұмысшылары арасында революциялық насихат жүргізді. 1893 жылы Самарада В. И. Лениннің төңірегіне ұйымдасқан маркстік үйірмеге кірді. 1895 жылы Екатеринославқа жер аударылды, жергілікті «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» құруға және РСДРП I съезін әзірлеуге қатысты. 1900 жылдың көктемінде Лалаянцтың қатысуымен құпия социал-демократиялық «Южный Рабочий» газетінің бірінші номері шығарылды және партияның II съезін шақыруға әрекет жасалды. 1900 жылғы апрельде тұтқынға алынды да, 1902 жылы мартта Шығыс Сибирьге жер аударылды, екі айдан кейін одан шетелге қашып кетті. «Орыс революциялық социал-демократиясының шетелдік лигасына» кірді, Женевада «Искраның» баспаханасын меңгерді. РСДРП II съезінен кейін — большевик, партияның Орталық Комитетінің Россиядағы агенті. 1905 жылы большевиктер атынан біріккен Орталық Комитетке кірді, 1906 жылы РСДРП-ның әскери және жауынгерлік ұйымдарының Таммерфорста болған конференциясына қатысты. Көп кешікпей тұтқынға алынды да, екі жыл бойы алдын ала қамауда отырғаннан кейін 6 жыл каторгаға кесілді. 1913 жылдың аягында, каторга мерзімі біткеннен кейін, Шығыс Сибирьге мәңгі қоныстануға жер аударылды да, саяси қызметтен шеттеп кетті. 1922 жылдан РСФСР Халық ағарту комиссариатының Саяси-ағарту бас басқармасында жұмыс істеді. «Большевизмнің бастапқы кезеңі» деген естеліктердің авторы.— *317—318.*

Ланде, А. С.— қараңыз: Изгоев, А. С.

Ларин, Ю. (Лурье, М. А) (1882—1932) — социал-демократ, меньшевик, жойымпаздар лидерлерінің бірі. Революциялық қозғалысқа 1901 жылдан бастап араласты, Одессада, Симферопольде істеді. 1905 жылы — РСДРП Петербург меньшевиктік комитетінің мүшесі. 1906 жылы партияның Петербург біріккен комитетінің құрамына кірді, РСДРП IV (Бірігу) съезінің шешуші даусы бар делегаты. Жерді муниципализациялау жөніндегі меньшевиктік программаны қорғады, «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Полтава ұйы-

мынан партияның V (Лондон) съезінің делегаты болды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін — жойымпаздықты ашық және белсенді уағыздаушылардың бірі. Бірқатар жойымпаздық-меньшевиктік орталық басылымдарға қатысып тұрды. Антипартиялық Август блогына белсене қатысты; оның ұйымдастыру комитетінің құрамына кірді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды, бұл топ «Интернационал» деген журнал шығарып тұрды. 1917 жылы августа большевиктік партияға алынды. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктер мен эсерлер қатысатын коалициялық үкімет құру жөнінде оппортунистік позиция ұстады. Кейініректе совет және шаруашылық жұмысында болды.— *10, 187, 197—198, 201, 279—280, 281—284.*

Лассаль (Lassalle), *Фердинанд* (1825—1864) — немістің ұсақ буржуазияшыл социалисі, неміс жұмысшы қозғалысындағы оппортунизмнің бір түрі — лассальшылдықтың негізін қалаушы.

Лассаль Жалпы герман жұмысшы одағының (1863) негізін салушылардың бірі болды. Одақтың құрылуының жұмысшы қозғалысы үшін игі маңызы болды, бірақ Одақтың президенті болып сайланған Лассаль оны оппортунистік жолға түсірді. Лассальшылдар жалпыға бірдей сайлау правосы үшін жария үгіт жүргізу жолымен, юнкерлік мемлекеттің қаржысына өндірістік ассоциациялар құру жолымен «ерікті халықтық мемлекет» құруға жетуді көздеді. Лассаль реакциялық Пруссияның гегемониясымен Германияны «жоғарыдан» біріктіру саясатын қолдады. Лассальшылдардың оппортунистік саясаты I Интернационалдың жұмысына және Германияда шын мәніндегі жұмысшы партиясын құруға кедергі болды, жұмысшыларда таптық сананы қалыптастыруға бөгет жасады.

Лассальшылдардың теориялық және саяси көзқарастары марксизм-ленинизм классиктері тарапынан қатаң сынға алынды (қараңыз: К. Маркс. «Гота программасына сын»; В. И. Ленин. «Мемлекет және революция» және басқа шығармалар).— *258.*

Лафарг (Lafargue), *Поль* (1842—1911) — халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Ж. Гедпен бірге Франция Жұмысшы партиясын құрды, талантты публицист, Франциядағы ғылыми коммунизмнің алғашқы ізбасарларының бірі, К. Маркс пен Ф. Энгельстің жақын досы әрі серігі.

1866 жылдан, I Интернационалдың мүшесі болған кезден, жұмысшы қозғалысына белсене қатысты, К. Маркспен жақын танысып, оның ықпалымен марксизм позициясына көшті. Париж Коммунасы кезінде Лафарг Францияның оңтүстігіндегі департаменттерінен революциялық Парижге көмек ұйымдастырды, жасырын жағдайда Парижде болып, Маркстi елдегі оқиғалар жайында хабардар етіп отырды. Париж Коммунасы жеңіліске ұшырағаннан кейін Испанияға, одан соң Португалияға эмиграцияға кетті, мұнда бакунизмге қарсы белсене күрес жүргіз-

ді. 1880 жылы Лафарг Гедпен бірге, Маркс пен Энгельстің жәрдеміне сүйеніп, Жұмысшы партиясының программасын жазды; коммунарларға амнистия жарияланғаннан кейін Францияға қайтып келіп, Жұмысшы партиясының органы—«L'Egalitè» («Теңдік») газетінің редакторы болды. Лафарг II Интернационалдағы оппортунизмге белсене қарсы шықты, орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құттықтады, кейін большевиктерге іш тартып қарады. Өзінің көптеген еңбектерінде Лафарг саяси экономия, философия, тарих, тіл білімі саласында марксизм идеяларын насихаттады және қорғады; реформизм мен ревизионизмге қарсы күресіп, бернштейншілдердің марксизм мен кантшылдықты «синтездеуге» тырысқан әрекеттерін сынға алды. Ленин Лафаргтың философиялық еңбектерінің идеализм мен агностицизмді сынға алу үшін маңызы бар екенін атап көрсетті. Алайда Лафаргтың еңбектері, атап айтқанда, шаруа және ұлт мәселелері жөнінде, социалистік революцияның міндеттері туралы мәселе жөнінде қате теориялық қағидалардан ада емес еді.

Қартайған шағында адамның революциялық күреске септігі тимейді деп есептеп, Лафарг пен оның әйелі Лаура (К. Маркстің екінші қызы) өздерін-өздері өлтірді. Оларды жерлеген кезде РСДРП атынан В. И. Ленин сөз сөйлеп, Лафаргты «марксизм идеяларын ең талантты және терең таратушылардың бірі» деп атады. (Шығармалар, 17-том, 295-бет).— *265*.

Лейтейзен, Г. Д. (Линдов, Г.) (1874—1919) — социал-демократ. Революциялық қызметін 90-жылдарда Екатеринославта бастады; 900-жылдың бас кезінде шетелге эмиграцияға кетті, сонда жүріп «Еңбекті азат ету» тобына қосылды, содан соң «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағына» мүшелікке де алынды. 1900 жылы апрельде «Одақтың» (Женева) II съезіне қатысты. «Искра» мен «Заряның» қызметкері. РСДРП жікке бөлінгеннен кейін большевиктерге қосылды; «Вперед», «Пролетарий» газеттеріне және басқа большевиктік органдарға қатысып тұрды. 1905—1907 жылдардағы революциядан кейін Лейтейзен Тулаға келіп, дәрігерлік қызмет атқарды және сонымен бірге жұмысшылар арасында революциялық жұмыс жүргізді. Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін біраз уақыт интернационалистер позициясында болды. «Новая жизнь» тобына қосылды. 1918 жылы Лейтейзен большевиктік партияның қатарына қайта келді; 1919 жылы январьда Шығыс майданда қаза тапты.— *283*.

Ленин, В. И. (Ульянов, В. И., Ленин, Н.) — өмірбаяндық деректер.— *16—17, 69, 90—91, 92, 121, 191, 211, 233, 236, 241—242, 254, 272, 291—292, 298, 320—336, 337—338, 361*.

Либер (Гольдман), М. И. (1880—1937) — Бунд лидерлерінің бірі. Саяси қызметін 1898 жылы бастады. РСДРП II съезінде Бунд делегациясын басқарды, әсіре оңшыл, антиискрашылдық

позицияда болды, съезден кейін — меньшевик. РСДРП V (Лондон) съезінде РСДРП Орталық Комитетіне Бундтан мүше болып сайланды, Орталық Комитеттің Шетелдік бюросында Бундтың өкілі болды. Реакция жылдарында — жойымпаз, 1912 жылы — троцкистік Август блогының белсенді қайраткері, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — социал-шовинист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — жұмысшы және солдат депутаттары Петроград Советі Атқару комитетінің және бірінші сайланған Орталық Атқару Комитеті Президиумының мүшесі; контрреволюциялық меньшевиктік позицияда болды, коалициялық үкіметті жақтады. Октябрь социалистік революциясын дұшпандықпен қарсы алды, Совет өкіметінің белсенді жауы болды. Кейін саяси қызметтен қол үзіп, шаруашылық жұмыстарда болды. — *380—382, 386, 390, 402.*

Либкнехт (Liebknecht), *Вильгельм* (1826—1900) — неміс және халықаралық жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері, Герман социал-демократиялық партиясының негізін салушылардың және оның көсемдерінің бірі. Германиядағы 1848—1849 жылдардағы революцияға белсене қатысты, бұл революция жеңіліске ұшырағаннан кейін әуелі Швейцарияға, кейін Англияға эмиграцияға кетіп, мұнда К. Маркспен және Ф. Энгельспен жақын танысты; солардың ықпалымен социалист болды. 1862 жылы Германияға қайтып оралды. I Интернационал құрылғаннан кейін — оның революциялық идеяларын неғұрлым белсене насихаттаушылардың бірі және Германияда Интернационал секцияларын ұйымдастырушы. 1875 жылдан өмірінің ақырына дейін Либкнехт Герман социал-демократиялық партиясы Орталық Комитетінің мүшесі және оның орталық органы — «Vorwärts»-тің («Алға») жауапты редакторы болды. 1867 жылдан 1870 жылға дейін — Солтүстік герман рейхстагының депутаты, ал 1874 жылдан герман рейхстагының депутаты болып бірнеше рет сайланды; Пруссия юнкерлерінің реакциялық сыртқы және ішкі саясатын әшкерелеу үшін парламент трибунасын шебер пайдаланды. Революциялық қызметі үшін талай рет түрмеге қамалды. II Интернационалды құруға белсене қатысты. К. Маркс пен Ф. Энгельс Либкнехтті жоғары бағалады, оның қызметіне бағыт беріп отырды, сонымен бірге оның оппортунистік элементтер жөніндегі ымырашылдық позициясын сынға алды.— *259—260, 262—263, 268.*

Лидваль (Lidvall), *Эрик Леонард* — ірі алыпсатар және аферист, швед азаматы; 1906 жылы ашаршылыққа ұшыраған Тамбов, Пенза және басқа губернияларға азық-түлік сатумен айналысты. Ішкі істер министрінің орынбасары В. И. Гурконың Лидвальға мемлекет қаржысынан көп ақша беріп, оның алыпсатарлық қулық-сұмдықтарына қатысқанын баспасөздің әшкерелеуі арқасында, бұл іс дүйім жұртқа мәлім болып, патша үкіметі Гурконы Сенат сотына беруге мәжбүр болды. Алайда кейіннен іс тоқтатылған болатын.— *234.*

Манн (Mann), *Том* (1856—1941) — ағылшын жұмысшы қозғалысының көрнекті қайраткері. 1885 жылы Социал-демократиялық федерацияға кірді. 80-жылдардың аяғында Жаңа тред-юниондар қозғалысына белсене қатысты, бірқатар ереуілдерге басшылық етті, атап айтқанда Лондон докерлерінің 1889 жылғы ірі ереуілі кезінде стачка комитетін басқарды. 1893 жылы Манн Тәуелсіз жұмысшы партиясын құруға қатысты, оның сол қанатына қосылды. 900-жылдары Австралияда болып, онда жұмысшы қозғалысында басшылық роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде интернационалистік позицияларда болды. Ағылшын жұмысшыларының антисоветтік интервенцияға қарсы күресін ұйымдастырушылардың бірі. Великобритания Коммунистік партиясы құрылғаннан (1920) бері осы партияның мүшесі. Халықаралық жұмысшы қозғалысының бірлігі үшін, империалистік реакция мен фашизмге қарсы белсене күресті.— *270.*

Маннинг (Manning), *Генри Эдуард* (1808—1892) — ағылшын кардиналы (1875 жылдан). Папаның азаматтық өкімет билігін неғұрлым жан сала қорғаушылардың бірі ретінде белгілі.— *270.*

Маркс (Marx), *Карл* (1818—1883) — ғылыми коммунизмнің негізін салушы, данышпан ойшыл, халықаралық пролетариаттың көсемі әрі ұстазы (В. И. Лениннің «Карл Маркс (Марксизмді баяндайтын қысқаша өмірбаяндық очерк)» деген мақаласын қараңыз) — Шығармалар, 21-том, 34—81-беттер).— *89—90, 224, 225, 253—273, 286, 290—291, 377, 382, 414, 416, 420.*

Маркс-Эвелинг (Marx-Aveling), *Элеонора* («Тасси») (1855—1898) — ағылшын және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, К. Маркстің кіші қызы. Англияның Социалистік лигасының (1884) және Тәуелсіз жұмысшы партиясының (1893) негізін қалаушылардың қатарында болды. К. Маркс қайтыс болғаннан кейін Ф. Энгельстің тікелей басшылығымен жұмыс істеді, мамандығы жоқ жұмысшылардың бұқаралық қозғалысына жігерлі түрде қатысты, Лондон докерлерінің 1889 жылғы ірі стачкасын ұйымдастырушылардың бірі болды. Ағылшын және неміс социалистік баспасөзіне белсене қатысты. К. Маркстің «Жалақы, баға және пайда» деген еңбегін баспаға әзірледі және жариялады. К. Маркс пен Ф. Энгельс туралы естеліктердің авторы.— *269.*

Мартов, Л. (Цедербаум, Ю. О.) (1873—1923) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдардан бастап социал-демократиялық қозғалысқа араласты. 1895 жылы Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағын» ұйымдастыруға қатысты, сол «Одақтың» ісі бойынша 1896 жылы тұтқынға алынып, 3 жылға Туруханскіге жер аударылды. Айдаудан кейін 1900 жылы «Искраны» шығаруды әзірлеуге қатысты, оның редак-

циясының құрамына кірді. РСДРП II съезінде — «Искра» ұйымынан делегат, съездің оппортунистік азшылығын басқарды, содан бастап — меньшевиктердің орталық мекемелері басшыларының бірі және меньшевиктік басылымдардың редакторы. Партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, «Голос Социал-Демократаны» редакциялады, антипартиялық август конференциясына (1912) қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позицияда болды; Циммервальд және Кинталь конференцияларына қатысты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін интернационалист-меньшевиктер тобын басқарды. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметінің ашық жаулары жағына шықты. 1920 жылы Германияға эмиграцияға кетті, Берлинде контрреволюциялық меньшевиктік «Социалистический Вестникті» шығарып тұрды.— *74, 89, 94, 99, 113, 206, 318, 352, 353, 361, 392—393, 424.*

Мартынов, А. (Пикер, А. С.) (1865—1935) — «экономистер» лидерлерінің бірі, көрнекті меньшевик; кейіннен Коммунистік партияның мүшесі. 80-жылдардың басынан халық ерікшілері үйірмелеріне қатысты, 1886 жылы тұтқынға алынып, Шығыс Сибирьге жер аударылды, айдауда жүргенде социал-демократ болды. 1900 жылы эмиграцияға кетті, «экономистердің» «Рабочее Дело» журналының редакциясына кірді, лениндік «Искраға» қарсы шықты. РСДРП II съезінде — «Шетелдегі орыс социал-демократтарының одағынан» делегат, антиискрашыл; съезден кейін меньшевиктерге қосылды. Екатеринослав ұйымынан делегат ретінде партияның V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде центристік позиция ұстады, 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — интернационалист-меньшевик. Октябрь социалистік революциясынан кейін меньшевиктерден қол үзіп, 1918—1920 жылдары Украинада мұғалім болды. 1923 жылы РКП(б) XII съезінде партияға қабылданды, К. Маркс пен Ф. Энгельс институтында істеді; 1924 жылдан — «Коммунистический Интернационал» журналы редакциясының мүшесі.— *94, 99, 206, 384, 394—395, 424.*

Масленников, А. Н. (Архангельский, А.) (1871—1951) — социал-демократ, меньшевик. Социал-демократиялық қозғалысқа 1893 жылдан қатысты. 1895 жылы Москва социал-демократиялық ұйымына кірді. Тұтқынға алынып, 1897 жылы полицияның бақылауымен үш жылға Архангельск губерниясына жер аударылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезінде — «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны жақтады. «Жұмысшы съезі» туралы 1907 жылы Москва меньшевиктері шығарған жинақтарда басылған екі мақаланың авторы. 1920 жылдан саяси өмірге араласқан жоқ, инженер болып істеді,

1930 жылдан — ғылыми қызметкер және жоғары оқу орындарының оқытушысы.— *197.*

Маслов, П. П. (М.) (1867—1946) — экономист, социал-демократ, аграрлық мәселе жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы; ол бұл еңбектерінде марксизмді ревизиялауға тырысты; «Жизнь», «Начало» және «Научное Обозрение» журналдарына жазып тұрды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды, «жерді муниципализациялау» жөніндегі меньшевиктік программаны ұсынды. РСДРП IV (Бірігу) съезінде меньшевиктер жағынан аграрлық мәселе жөнінде баяндама жасады, съезд оны Орталық Орган редакциясына сайлады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, бірінші дүние жүзілік соғыс кезеңінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік революциясынан кейін саяси қызметтен қол үзді, педагогтық және ғылыми жұмыспен шұғылданды. 1929 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі.— *121, 123.*

Меллер-Закомельский, А. Н. (1844 ж. туған) — барон, патша армиясының генералы, барып тұрған реакционер. 1863 жылы Поляк азаттық қозғалысын басып-жаныштауға қатысты. 1905 жылы Севастопольдегі теңізшілер көтерілісін қаталдықпен басып-жаныпты. 1906 жылы Сибирьде революциялық қозғалысты басып-жаныштау жөніндегі жазалау экспедициясын басқарды. 1906 жылы октябрьде Прибалтика генерал-губернаторы болып тағайындалды, латыш және эстон жұмысшылары мен шаруаларының революциялық қозғалысын аяусыз басып-жаныштады. 1909—1917 жылдары — Мемлекеттік советтің мүшесі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— *238.*

Меринг (Mehring), ***Франц*** (1846—1919) — Германия жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, герман социал-демократиясы сол қанатының лидерлері мен теоретиктерінің бірі; тарихшы, публицист әрі әдебиет зерттеуші. 60-жылдардың аяғынан — радикал буржуазиялық-демократиялық публицист, 1876—1882 жылдары буржуазиялық либерализм позициясында болды, соңынан біртіндеп солшылдық бағытқа ойысты, демократиялық «Volks-Zeitung»-тің («Халық Газеті») редакторы болды, социал-демократияны қорғап, Бисмаркқа қарсы шықты; 1891 жылы Германия социал-демократиялық партиясына кірді. Партияның теориялық органы — «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының белсенді қызметкері және оның редакторларының бірі болды, кейінірек «Leipziger Volkszeitung»-ті («Лейпциг Халық Газеті») редакциялады, 1893 жылы оның «Лессинг туралы аңыз» деген еңбегі жеке кітап болып шықты, 1897 жылы — төрт томдық «Герман социал-демократиясының тарихы» басылып шықты. Меринг Маркстің, Энгельстің және Лассальдың әдеби мұраларын бастырып шығаруға көп еңбек жұмсады; 1918 жылы оның К. Маркстің өмірі мен қызметі туралы кітабы жарық көрді. Мерингтің еңбектерінде марксизмнен бір-

қатар шегінушіліктер, Лассаль, Швейцер, Бакунин сияқты қайраткерлерге теріс баға беру, Маркс пен Энгельстің философияда жасаған революциялық төңкерісін түсінбеушіліктер кездеседі. Меринг II Интернационал қатарындағы оппортунизм мен ревизионизмге белсене қарсы шықты, каутскийшілдікті айыптады, бірақ сонымен бірге оппортунистерден ұйымдық жағынан ажырасудан қорыққан герман солшылдарының қателіктерін қолдады. Интернационализмді дәйекті түрде қорғады, Октябрь социалистік революциясын құттықтады. 1916 жылдан бастап ол революциялық «Спартак одағы» басшыларының бірі болды, Германия Коммунистік партиясын құруда көрнекті роль атқарды.— *253, 258—261, 263, 285—293.*

Милюков, П. Н. (1859—1943) — кадеттер партиясының лидері, орыстың империалистік буржуазиясының көрнекті идеологы, тарихшы және публицист. Саяси қызметін 90-жылдардың бірінші жартысында бастады; 1902 жылдан буржуазияшыл либералдардың шетелде шығып тұрған «Освобождение» журналына белсене қатысты. 1905 жылғы октябрьде — кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі, кейін оның Орталық Комитетінің председателі және орталық органы — «Речь» газетінің редакторы. III және IV Мемлекеттік думалардың депутаты. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің бірінші құрамында сыртқы істер министрі, соғысты «жеңіске жеткенге дейін» жалғастыру жөніндегі империалистік саясатты жүргізді; 1917 жылдың августында контрреволюциялық Корнилов бүлігін дайындауға белсене қатысты. Октябрь социалистік революциясынан кейін Советтік Россияға қарсы шетелдік соғыс интервенциясын ұйымдастырушылардың бірі болды; ақ эмиграцияның белсенді қайраткері. 1921 жылдан бастап Парижде «Последние Новости» газетін шығарып тұрды.— *14, 15, 18, 56, 92, 112, 244, 334—335, 337, 361.*

Мирабо (Mirabeau), *Оноре Габриель* (1749—1791) — XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясының көрнекті қайраткерлерінің бірі, граф. Француз дворяндарының баяу-либералдық топтарының мүдделерін білдіруші болды. Талантты шешен есебінде кеңінен танылды. Революцияның барысында революцияшыл халықтың мүдделерін сатып, король сарайымен астыртын байланыс жасады.— *238, 289.*

Миров, В.— қараңыз: Иков, В. К.

Моммзен (Mommsen), *Теодор* (1817—1903) — немістің белгілі буржуазиялық тарихшысы, Ежелгі Рим тарихы және Рим правосы тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. 1858 жылдан Берлин университетінде Рим тарихы кафедрасына басшылық етті. Пруссия ландтагының, ал 1881—1884 жылдары —

Н

директоры болды, Ферғана облысы әскери губернаторының көмекшісі болып қызмет істеді. Ташкент қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат, Думада социал-демократтарға (меньшевиктерге) қосылды, талап-тілектер жөніндегі комиссияның және жергілікті басқарма және өзін өзі басқару жөніндегі комиссияның мүшесі болды. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің Түркстандағы комиссары; большевиктерге қарсы қасарыса күрес жүргізді.— *242.*

Негорев — қараңыз: Иорданский, Н. И.

О

Орловский, П.— қараңыз: Воровский, В. В.

П

Парвус (Гельфанд, А. Л.) (1869—1924) — меньшевик. 90-жылдардың аяғында — 900-жылдардың басында Германия социал-демократиялық партиясының қатарында жұмыс істеп, оның сол қанатына қосылды; «Sächsische Arbeiter-Zeitung»-тің («Саксон Жұмысшы Газеті») редакторы болды; дүние жүзілік шаруашылық мәселелері жөнінде бірқатар еңбектер жазды. РСДРП II съезінен кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясы кезеңінде Россияда болды, меньшевиктік «Начало» газетіне жазып тұрды, Булыгин Думасына қатысуға шақырды, кадеттермен кішi-гірім келісімдер жасасу тактикасын жақтады және т. с. Парвус антимарксті к «перманенттік революция теориясын» ұсынды, кейін оны Троцкий ленинизмге қарсы күрес құралына айналдырды. Реакция жылдарында социал-демократиядан шеттеп кетті; бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист, герман империализмнің агенті, ірі алыпсатарлықпен шұғылданды, әскерді жабдықтау ісімен айналысып, байыды. 1915 жылдан бастап «Die Glocke» («Қоңырау») журналын шығарып тұрды, оны Ленин «Германиядағы ренегаттықтың және жиіркенішті малайлықтың» (Шығармалар, 21-том, 432-бет) органы деп сипаттады.— *67.*

Пергамент, О. Я. (1868—1909) — кадет, белгілі адвокат. 1905 жылдан — Одесса округі адвокаттары советінің председателі. Лейтенант Шмидттің ісі және басқа саяси процестер оның қатысуымен өткізілді. Одесса қаласынан II және III Мемлекеттік думаларға депутат.— *239.*

Перелешин, А. В. (1856—1910) — помещик, кадет. 1891 жылдан — земство мүшесі, кейіннен — Кострома губерниялық земство басқармасының мүшесі, уездік дворяндар жетекшісі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. 1906 жылы—Мем-

лекеттік советтің мүшесі. Кострома губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думада финанс комиссиясында, жергілікті басқарма және өзін өзі басқару жөніндегі комиссияда және халыққа білім беру жөніндегі комиссияда болды.— *226.*

Перелешин, Д. А. (1862—1935) — помещик, өзінің саяси қызметінің бас кезінде — халық ерікшісі, кейінірек — кадеттер партиясының мүшесі. 1884 жылы «Халық еркі» партиясының мүшесі ретінде тұтқынға алынды, 1886 жылы Батыс Сибирьге үш жылға жер аударылды. Айдаудан қайтып келген соң Воронеж уездік земствосының мүшесі, 1896 жылы губерниялық земствоның мүшесі болып сайланды, 1897—1903 жылдары — губерниялық земство басқармасының мүшесі. Воронеж губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат, Думада — шаруашылық комиссиясының председателі, бюджет және азық-түлік комиссияларының мүшесі. 1916 жылдан Бүкіл россиялық земство одағында істеді. Октябрь социалистік революциясынан кейін кооперация жүйесінде қызметте болды.— *226.*

Переяславский, Ю.— қараңыз: Хрусталев-Носарь, Г. С.

Петров, Г. С. (1868—1925) — священник, кадет, әйгілі шешен-демагог. 90-жылдары публицист ретінде көрінді, 1899 жылдан — либералдық-буржуазиялық «Русское Слово» газетінің қызметкері. Бірқатар діни кітапшалардың авторы. Петербург қаласынан II Мемлекеттік думаға депутат. Дума таратылғаннан кейін священниктік атағы алынып, астанадан қуылды; әдеби жұмыспен шұғылданды. 1921 жылы шетелге эмиграцияға кетті.— *17.*

Пешехонов, А. В. (1867—1933) — буржуазиялық қоғам қайраткері және публицист. 90-жылдары — либерал халықшыл; «Русское Богатство» журналының қызметкері, ал 1904 жылдан бастап — осы журнал редакциясының мүшесі; либералдық-буржуазиялық «Освобождение» журналы мен эсерлердің «Революционная Россия» газетіне қатысып тұрды. 1903—1905 жылдары «Азаттық одағына» кірді, 1906 жылдан бастап — ұсақ буржуазиялық Халықтық-социалистік еңбек партиясы басшыларының бірі. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Совет өкіметіне қарсы күресті; 1922 жылдан бастап — ақ эмигрант.— *335.*

Пикер, А. С.— қараңыз: Мартынов, А.

Плеханов, Г. В. (1856—1918) — орыс және халықаралық жұмысшы қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Россияда марксизмді тұңғыш насихаттаушы. 1875 жылы, студент кезінде-ақ, халықшылдармен, Петербургтің жұмысшыларымен байланыс жа-

сап, революциялық қызметке араласты; 1877 жылы халықшылдық «Жер және ерік» ұйымына кірді, ал 1879 жылы, бұл ұйым жікке бөлінгеннен кейін, халықшылдардың жаңадан құрылған «Қаралай бөліс» атты ұйымын басқарды. 1880 жылы Швейцарияға эмиграцияға кетіп, халықшылдықтан қол үзді де, 1883 жылы Женевада орыстың тұңғыш маркстік ұйымы — «Еңбекті азат ету» тобын құрды. 90-жылдары Плеханов халықшылдыққа қарсы күресті, халықаралық жұмысшы қозғалысындағы ревизионизмге қарсы шықты. 900-жылдардың басында В. И. Ленинмен бірге «Искра» газеті мен «Заря» журналын редакциялады, РСДРП II съезін дайындауға қатысты. Съезде — «Еңбекті азат ету» тобынан делегат, көпшілік жағындағы искрашыл.

Плеханов 1883 жылдан 1903 жылға дейін материалистік дүние танымды қорғауда үлкен роль атқарған және ғылыми социализмнің қазынасына бағалы үлес болып қосылған «Социализм және саяси күрес», «Біздегі алауыздықтар», «Тарихқа монистік көзқарастың дамуы туралы мәселе жөнінде», «Материализм тарихы жөніндегі очерктер», «Жеке адамның тарихтағы ролі туралы мәселе жөнінде» деген және басқа бірқатар еңбектер жазды.

Алайда сол кездің өзінде-ақ Плехановтың елеулі қателіктері болды, бұл қателіктер оның болашақтағы меньшевиктік көзқарасының ұрығы еді. РСДРП II съезінен кейін Плеханов оппортунизммен ымыраласу позициясына көшті, ал кейін меньшевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция кезеңінде барлық негізгі мәселелер бойынша меньшевиктік позицияларда болды; шаруалардың революциялық ролін жете бағаламады, либерал буржуазиямен одақ жасасуды талап етті; пролетариаттың гегемондығы идеясын сөз жүзінде мойындай отырып, іс жүзінде бұл идеяның мәніне қарсы шықты. 1905 жылғы декабрь қарулы көтерілісін айыптады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында марксизмге махистік тұрғыдан ревизия жасауға және жойымпаздыққа қарсы шықты, «партияшыл-меньшевиктер» тобын басқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позициясында болды, меньшевиктік қорғампаздық тактиканы жақтады, марксизмнен біржола қол үзді. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Россияға қайтып оралып, қорғампаз-меньшевиктердің барып тұрған оңшыл «Бірлік» тобын басқарды, большевиктерге, социалистік революцияға белсене қарсы шықты, Россия социализмге көшу үшін пісіп-жетілген жоқ деп санады. Октябрь социалистік революциясына теріс көзқараста болды, бірақ Совет өкіметіне қарсы күреске қатысқан жоқ.

В. И. Ленин Плехановтың философиялық еңбектерін және оның Россияда марксизмді таратудағы ролін жоғары бағалады, сонымен қатар ол Плехановты марксизмнен шегінгені және саяси қызметіндегі ірі қателері үшін қатты сынады.— *55, 62—67, 68, 88, 91, 111, 112—114, 117, 203, 272, 290, 292, 316, 319, 346, 350, 354, 356, 381—382, 399, 408.*

Победоносцев, К. П. (1827—1907) — патшалық Россияның реакцияшыл мемлекет қайраткері, синодтың обер-прокуроры, III Александр патшалық құрған кезде іс жүзінде үкімет басшысы және жүгенсіз кеткен крепостниктік реакцияның басты демберушісі; ол II Николай тұсында да көрнекті роль атқарды; революциялық қозғалысқа қарсы қасарыса күрес жүргізді. 60-жылдардағы буржуазиялық реформаларға үзілді-кесілді қарсы шықты, тежеусіз билік ететін самодержавиені жақтады, ғылым мен оқу-ағарту ісінің жауы болды. 1905 жылғы октябрьде, революцияның өрлеуі кезінде, отставкаға шығуға мәжбүр болды да, саяси қызметтен қол үзді.— *115.*

Попов, И. В. (1885—1961) — 1904 жылдан партия мүшесі, жұмысшы. Бірінші орыс революциясына белсене қатысты. Петербург ұйымынан РСДРП V (Лондон) съезінің делегаты. 1908 жылдан 1916 жылға дейін эмиграцияда болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін басшы совет жұмысында болды.— *386.*

Португалов, В. В. (Маловер, Ф.) (1874 ж. туған) — кадет публицист; «Саратовский Листок», «Товарищ», «Смоленский Вестник» газеттеріне жазып тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетіп, Б. В. Савинковтың контрреволюциялық эмиграттық ұйымына кірді; ақ эмиграттық баспасөзге қатысты.— *274—278.*

Поссе, В. А. (1864—1940) — журналист және қоғам қайраткері. «Жария марксистердің» «Новое Слово» (1897) және «Жизнь» (1898—1901) журналдарының редакторы. Патша үкіметі «Жизнь» журналын жауып тастаған соң, оны 1902 жылы шетелде шығарды. 1906—1907 жылдары Россияда жұмысшылардың социал-демократиялық партияға тәуелсіз кооперативтік ұйымдарын құруды жақтады. 1909—1917 жылдары «Жизнь для всех» журналын шығарды және оны редакциялады. Октябрь социалистік революциясынан кейін әдеби қызметпен шұғылданды. 1922 жылдан — «Известия ВЦИК-тің» қызметкері. Тарих, әдебиет және басқа мәселелер жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *187, 189.*

Потресов, А. Н. (Старовер) (1869—1934) — меньшевизм лидерлерінің бірі. 90-жылдарда марксистерге қосылды; Петербургтің «Жұмысшы табын азат ету жолындағы күрес одағына» қатысқаны үшін Вятка губерниясына жер аударылды. 1900 жылы шетелге кетті, «Искраны» және «Заряны» ұйымдастыруға қатысты. РСДРП II съезіне «Искра» редакциясынан кеңесші дауыспен қатысты, азшылық жағындағы искрашыл. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаздардың идеологы, меньшевиктік «Возрождение», «Наша Заря» және басқа журналдарда басшы роль атқарды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. Октябрь социалистік ре-

волюциясынан кейін эмиграцияға кетті, шетелде Керенскийдің «Дни» апталығына қатысып тұрды, Советтік Россияға жала жауып, мақалалар жазды.— *206*.

Прокопович, С. Н. (1871—1955) — экономист және публицист. 90-жылдардың аяқ шенінде — «экономизмнің» көрнекті өкілі, Россияда бернштейншілдікті алғаш уағыздаушылардың бірі. Кейінірек — либералдық-монархиялық «Азаттық одағы» ұйымының белсенді мүшесі. 1906 жылы — кадеттер партиясы Орталық Комитетінің мүшесі. Жартылай кадеттік, жартылай меньшевиктік «Без Заглавия» журналының шығарушы-редакторы, «Товарищ» газетінің белсенді қызметкері, жұмысшы мәселесі жөнінде бернштейншілдік-либералдық позицияда жазылған кітаптардың авторы. 1917 жылы — буржуазиялық Уақытша үкіметтің азық-түлік министрі. Октябрь социалистік революциясынан кейін антисоветтік қызметі үшін СССР-ден қуылды. — ***148, 151, 187, 357, 416, 421***.

Р

Рейн, Р. А.— қараңыз: Абрамович, Р.

Родичев, Ф. И. (1856 ж. туған) — Тверь помещигі және земство қайраткері, кадеттер партиясы лидерлерінің бірі, оның Орталық Комитетінің мүшесі. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты. Мемлекеттік думаның барлық сайлауында оған депутат болды. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін буржуазиялық Уақытша үкіметтің Финляндия істері жөніндегі комиссары болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — ақ эмигрант.— ***91, 226, 238***.

Рожков, Н. А. (Н. Р.) (1868—1927) — тарихшы және публицист. 90-жылдары «жария марксистерге» жақын болды. 1905 жылдың басында РСДРП-ға кірді, біраз уақыт большевиктерге қосылды. 1905—1907 жылдардағы революция жеңіліске ұшырағаннан кейін жойымпаздықтың идеялық басшыларының бірі болды; «Наша Заря» журналына жазып тұрды, жойымпаздық-меньшевиктік бағыттағы «Новая Сибирь» газетін редакциялады. Рожковтың көзқарастарын В. И. Ленин «Либералдық жұмысшы партиясының манифесі» және «Столыпиндік «жұмысшы» партиясының лагерінен» деген мақалаларында (қараңыз: Шығармалар, 17-том, 304—315, 345—350-беттер) сынады. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Рожков меньшевиктердің Орталық Комитетінің құрамына кірді, буржуазиялық Уақытша үкіметте бірнеше ай почта және телеграф министрінің орынбасары болып істеді. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды. Шетелдік соғыс интервенциясы мен азамат соғысы кезінде Совет өкіметіне қарсы күресті. 1922 жылы меньшевиктерден қол үзді. Одан

кейінгі жылдарда ғылыми-педагогтық қызметте және әр түрлі мекемелерде әкімшілік жұмыста болды. Россия тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы.— *229.*

С

Савельев, А. А. (1848—1916) — помещик, кадет. 1878 жылдан «Русские Ведомости» газетіне жазып тұрды. 1890 жылдан Нижний Новгород уездік, 1900—1908 жылдары — губерниялық земство басқармаларының председателі болды; 1903—1907 жылдары «Нижегородская Земская Газетаны» редакциялады. I (Нижний Новгородтан), II және III (Нижний Новгород губерниясынан) Мемлекеттік думалардың депутаты. II және III Думаларда азық-түлік комиссиясында, жергілікті басқарма және өзін өзі басқару комиссиясында болды.— *226.*

Савельев, И. Ф. (1874 ж. туған) — «Русские Ведомости» газеті баспаханасының әріп терушісі. 1906 жылы Москва жұмысшыларынан I Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды, социал-демократтарға қосылды. Дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін үш ай түрмеге қамауға кесілді. 1912 жылы әкімшілік жолымен Сибирьге жер аударуға кесілді, бірақ бұл үкім шетелге қуумен алмастырылып, онда бір жарым жыл тұрды. Октябрь социалистік революциясынан кейін, 1920—1930 жылдары, Халық Шаруашылығы Жоғары Советінде істеді, 1930—1933 жылдары — экономист. — *164.*

Салазкин, А. С. (1870 ж. туған) — ірі көпес және жер иесі, кадет, Рязань губерниясынан II және IV Мемлекеттік думаларға депутат. 1910 жылдан — Нижний Новгородтың жәрмеңке және биржа комитетінің председателі, бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында — егіншілік министрлігінің Нижний Новгород губерниясында армия үшін астық дайындау жөніндегі уәкілі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде контрреволюциялық жұмыс жүргізді.— *226.*

Салтыков-Щедрин, М. Е. (Щедрин, Н.) (1826—1889) — орыстың ұлы сатирик-жазушысы, революцияшыл демократ. Өзінің шығармаларында Россиядағы самодержавиелік-крепостниктік құрылысты өлтіре сынады, есерсоқ помещиктердің, патша бюрократиясы өкілдерінің, қоян жүрек либералдардың образдарының тұтас бір галереясын жасады және орыс көркем әдебиетінде тұңғыш рет буржуазиялық жыртқыштардың типтерін суреттеді. «Қайшылықтар» (1847) және «Шытырман іс» (1848) деген алғашқы повестері үшін 1848 жылғы апрельде Вяткаға жер аударылды, мұнда ол 7 жылдан астам уақыт болды. 1856 жылдың бас кезінде Петербургке қайтып оралып, «Губерния очерктері», ал кейін, 60—80-жылдары «Бір қаланың тарихы» (1869—1870), «Ізгі ниетті сөздер» (1872—1876), «Головлев мыр-

залар» (1875—1880) және басқа бірқатар ірі шығармалар жазды. «Головлев мырзалар» романының бас кейіпкері—Иудушка Головлевтің образын Ленин мәңгі жасайтын образ деп атады, Салтыков-Щедрин шығармаларындағы басқа да образдар сияқты, оны да халыққа қас әлеуметтік топтар мен саяси партияларды әшкерелеу үшін өз еңбектерінде талай рет пайдаланды. К. Маркс Салтыков-Щедриннің шығармаларын жоғары бағалады. 1863—1864 жылдары Салтыков-Щедрин революциялық-демократиялық бағыттағы «Современник» журналының жетекші публицисі болды, ал 1868 жылдан «Отечественные Записки» журналы редакциясының құрамына кірді. Некрасов қайтыс болғаннан кейін 1878 жылы журналдың жауапты редакторы және 60-жылдардағы революциялық демократияның ұлы дәстүрлерін жалғастырған демократияшыл интеллигенцияның нағыз рухани көсемі болды. — *234.*

Святополк-Мирский, Д. Н. (1874 ж. туған) — князь, ірі помещик, Бессарабия губерниясынан II және IV Мемлекеттік думаларға депутат. II Думада талап-тілектер жөніндегі комиссияның мүшесі болды, аграрлық мәселе бойынша жарыс сөзде сөйледі, оған солшыл депутаттар тарапынан қатты тойтарыс берілді. Октябрь социалистік революциясынан кейін шетелге эмиграцияға кетті — *136—141, 142—145, 148—150, 151—154.*

Смирнов, А. В. (1873 ж. туған) — земство статистигі, кадеттерге қосылды. 1899—1906 жылдары Ярославль және Владимир губерниялық земстволарының статистика бюроларында, одан соң 1908 жылға дейін кадеттік «Речь» газетінің редакциясында істеді. «Русские Ведомости», «Наша Жизнь» газеттеріне, «Русская Мысль» журналына және басқаларына жазып тұрды. 1908 жылы Америкаға кетті; одан қайтып келген соң, Тамбов қаласында тұрды, мұнда адвокат болып істеді. Статистика жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *22, 48, 49, 353.*

Соломин, Л.— қараңыз: Цейтлин, Л. С.

Старовер — қараңыз: Потресов, А. Н.

Стахович, А. А. (1858—1915) — помещик, кадет. 1895—1904 жылдары Елец уезінің дворяндар жетекшісі болды. 1904—1905 жылдардағы земство съездеріне қатысты, «Азаттық одағын» құрушылардың бірі. Кадеттік органдарға: «Русские Ведомости» газетіне, «Русская Мысль» журналына және басқаларына жазып тұрды; «Елецкая Газетаны» шығарды. Орел губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат; Думада бюджет, азық-түлік комиссияларына және халыққа білім беру жөніндегі комиссияға кірді.— *226.*

Столыпин, А. А. (1863 ж. туған) — қаражүздік публицист, реакциялық «Новое Время» газетінің қызметкері, октябристер партиясының мүшесі, патшалық Россияның белгілі мемлекет

бастап — оның Орталық Комитетінің мүшесі. Россия империализмі идеологтарының бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін — Совет өкіметінің қас жауы, Врангельдің контрреволюциялық үкіметінің мүшесі, ақ эмигрант.— *75, 218, 220, 244, 358, 372, 426—428.*

Т

Татаринов, Ф. В. (1860 ж. туған) — помещик, кадет, Орел қаласынан I және II Мемлекеттік думаларға депутат. Орел уездік земство басқармасының председателі және губерниялық земство басқармасының мүшесі болды. II Думада аграрлық комиссияға, жергілікті басқарма және өзін өзі басқару жөніндегі комиссияға кірді, бюджет комиссиясының секретары болды, аграрлық және басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде контрреволюциялық жұмыс жүргізді.— *226.*

«Тасси» — қараңыз: Маркс-Эвелинг, Элеонора.

Тихвинский, Ф. В. (1862 ж. туған) — священник, Бүкіл россиялық шаруалар одағының мүшесі, Вятка губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. «Трудовой Народ» газетін (1907) шығаруға қатысты. Думада аграрлық мәселе жөнінде, Шаруалар одағы мен Еңбек тобы атынан өлім жазасын жоюды жақтап сөз сөйледі; талап-тілектер жөніндегі комиссияға кірді. Дума таратылғаннан кейін священниктік атағынан айрылды.— *136, 151, 171—173.*

Трейчке (Treitschke), *Генрих* (1834—1896) — неміс тарихшысы, публицист, реакциялық пруссактықтың, шовинизмнің, нәсілшілдіктің идеологы және насихатшысы. 1866—1889 жылдары — реакциялық «Preussische Jahrbücher» («Пруссия Әржылдықтары») журналының редакторы. 1871—1884 жылдары рейхстагтың депутаты болды. Бисмарктың сыртқы және ішкі саясатын белсенді түрде қолдады, 1878 жылы социалистерге қарсы ерекше заңның енгізілуін құптап қарсы алды. 1886 жылдан —Пруссия мемлекетінің ресми тарих зерттеушісі. 1895 жылы Берлин ғылым академиясының мүшесі болып сайланды. Трейчкенің басты еңбегі—5 томдық «19-ғасырдағы неміс тарихы». Герман империализмі идеологиясының қалыптасуында Трейчке елеулі роль атқарды. В. И. Ленин Трейчкені «немістің қазыналық-полициялық тарихшылары» (Шығармалар, 13-том, 8-бет) қатарына қосты. — *221.*

Трепов, Д. Ф. (1855—1906) — 1896—1905 жылдары — Москва обер-полицмейстері. В. И. Лениннің берген анықтамасы бойынша ол «патша өкіметінің бүкіл Россияға ең бір жек көрінішті болған, Москвада өзінің айуандық қаталдығымен, дөрекілігімен, жұмысшыларды аздырмақ болып, зубатовтық әрекеттерге қаты-

У

Ф

Фирек (Viereck), *Луис* (1851—1921) — неміс социал-демократы, оппортунист. Е. Дюрингтің ізбасары болды. 1884—1886 жылдары — рейхстаг депутаты; рейхстагта оппортунистік саясат жүргізді. 1896 жылы Америкаға эмиграцияға кетті, онда жұмысшы қозғалысынан қол үзді. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде американ баспасөзінде германшылдық сипаттағы мақалаларын бастыра отырып, кайзерлік Германияның пайдасына белсене жұмыс жүргізді.— *261, 262, 268.*

Фольмар (Vollmar), *Георг Генрих* (1850—1922) — Германия социал-демократиялық партиясының оппортунистік қанаты лидерлерінің бірі, журналист. 70-жылдардың ортасында социал-демократияға қосылды, 1879—1880 жылдары партияның Цюрихте құпия шығарылған органы «Der Sozialdemokrat»-ты («Социал-Демократ») редакциялады; рейхстагқа және бавар ландтагына бірнеше рет депутат болып сайланды. Социалистерге қарсы ерекше заң жойылғаннан кейін, Фольмар 1891 жылы Мюнхенде екі рет сөз сөйлеп, партияның қызметін реформалар үшін күреспен шектеуді ұсынды, үкіметпен келісім жасасуға шақырды. Бернштейнмен бірге Фольмар реформизмнің және ревизионизмнің идеологы болды. Ол таптық күресті шиеленістіруге қарсы шықты, «мемлекеттік социализмнің» артықшылықтарын дәлелдеді, социал-демократияны либералдармен одақтасуға шақырды; партияның аграрлық программасын жасаған кезде ұсақ жер меншікшілерінің мүдделерін қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде социал-шовинизм позицияларында болды. Өмірінің соңғы жылдарында белсенді саяси қызметтен шеттеп кетті.— *260, 265, 419.*

Фридолин, В. Ю. (Варин) (1879—1942) — РСДРП-ға 1904 жылы кірді, Самарада, Уфада Петербургте партия жұмысын жүргізді. 1905 жылы — Урал одағынан кеңесші дауыспен РСДРП III съезіне делегат. 1906 жылы — Петербург партия комитеті жанындағы большевиктік әскери ұйымның мүшесі; РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдары 1-конференциясының жұмысына қатысты, конференцияда Ұйымдастыру бюросының баяндамашысы ретінде сөз сөйледі. Реакция жылдарында саяси қызметтен шеттеп кетті. 1910—1917 жылдары эмиграцияда болды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде меньшевиктік-троцкистік «Наше Слово» газетіне жазып тұрды. 1918 жылдан Ленинградта ғылыми және педагогтық жұмыста болды.— *318.*

Х

Хейсина, Л. В. (Щегло, В. А.) (1878 ж. туған) — социал-демократ. Революциялық қозғалысқа 1896 жылы араласты. 1906 жылы «жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идея-

ны қолдады. «Жұмысшы съезі туралы» деген кітапшаның авторы. 1917 жылы ресми түрде меньшевиктер партиясына кірді. Октябрь социалистік революциясынан кейін кооперация саласында істеді.— *10.*

Хёхберг (Höchberg), *Карл* (1853—1885) — немістің оңшыл социал-демократы, журналист, бай көпестің баласы. Партияны финанс жөнінен қолдап отырды, «Die Zukunft» («Болашақ») (Берлин, 1877—1878), «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik» («Әлеуметтік ғылым мен саясаттың әржылдығы») (Цюрих, 1879—1881) және «Staatswirtschaftliche Abhandlungen» («Саяси-экономикалық зерттеулер») (Лейпциг, 1879—1882) деген журналдар шығарып тұрды. Социалистерге қарсы ерекше заң қабылданғаннан кейін Шраммен және Бернштейнмен бірігіп жазған «Германиядағы социалистік қозғалыстың өткен кезеңіне шолу» деген мақаланы жариялады, бұл мақалада партияның революциялық тактикасы айыпталды. Мақала авторлары буржуазиямен одақ жасауға және пролетариаттың мүдделерін оған бағындыруға шақырды, «жұмысшы табының өзін өзі азат етуге қабілеті жетпейді» деп есептеді. Бұл оппортунистік көзқарастар К. Маркс пен Ф. Энгельс тарапынан қатты наразылық туғызды, олар мұндай көзқарастарды партияға опасыздық жасау деп санады.— *258—261.*

Хилквит (Hilquit), *Морис* (1869—1933) — американ социалисі, бастапқыда марксизмге қосылды, одан кейін реформизм мен оппортунизмге бой ұрып кетті, кәсібі жөнінен адвокат. Туған жері — Рига қаласы, 1886 жылы Америка Құрама Штаттарына эмиграцияға кетті. 1888 жылы Социалистік жұмысшы партиясына кірді. Бұл партия жікке бөлінгеннен кейін, Америка Құрама Штаттарында реформистік Социалистік партияның (1901) негізін қалаушылардың бірі болды. 1904 жылдан Халықаралық социалистік бюроның құрамына кірді; II Интернационал конгрестерінің жұмысына қатысты. Октябрь социалистік революциясына өте-мөте дұшпандық көзқараста болды, коммунистік қозғалысқа қарсы өршелене күрес жүргізді. Социализм тарихы жөніндегі бірқатар реформистік еңбектердің авторы.— *253.*

Хрусталев-Носарь, Г. С. (Переяславский, Ю.) (1877—1918) — адвокаттың көмекшісі, меньшевик. 1905 жылы меньшевиктердің қолында болған жұмысшы депутаттары Петербург Советінің председателі болды. 1906 жылы жұмысшы депутаттары Петербург Советінің ісі бойынша сотқа тартылып, Сибирьге жер аударылды, бірақ ол жақтан шетелге қашып кетті; РСДРП V (Лондон) съезіне қатысты. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады. Реакция және жаңа революциялық өрлеу жылдарында — жойымпаз, меньшевиктік «Голос Социал-Демократа» газетіне жазып тұрды. 1909 жылы партиядан шықты, күдікті финанс істерімен айналысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс жылдарында Россияға қайтып келді. Ок-

тябрь социалистік революциясынан кейін Украинада белсенді контрреволюциялық әрекеттер жасады, гетман Скоропадскийді және Петлюраны қолдады. 1918 жылы атылды.— *279—284, 426.*

Ц

Цаликов, А. Т. (Ахмет, Ц.) (1882—1928) — социал-демократ, меньшевик. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады, «жұмысшы съезі» туралы 1907 жылы Москва меньшевиктері шығарған жинақтарга қатысты. Меньшевиктік басылымдарға: «Наше Дело» апталығына (1906), «Возрождение» журналына (1908—1909) және басқаларына жазып тұрды. Азамат соғысы және шетелдік соғыс интервенциясы жылдарында Кавказда контрреволюциялық жұмыс жүргізді. Грузияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін шетелге эмиграцияға кетті. — *197, 199, 201.*

Цедербаум, Ю. О.— қараңыз: Мартов, Л.

Цейтлин, Л. С. (Соломин, Л.) (1877 ж. туған) — 1898 жылдан бастап Витебск социал-демократиялық жұмысшы үйірмелерінде насихатшы болды. 1901 жылдан бастап Москвада жұмыс істеді, «Южный рабочий» тобымен байланысты болды. 1902 жылы ноябрьде Москва комитеті сәтсіздікке ұшырағаннан кейін Москвада партия ұйымын қалпына келтіру жөнінде жұмыс істеді, «Искра» ұйымына қосылды. РСДРП II съезінде — Москва комитетінен делегат, центрдің позициясын ұстады; съезден кейін меньшевиктерге қосылып, Одессада, Москвада, Витебскіде жұмыс істеді. 1907 жылдан бастап белсенді саяси қызмет атқарған жоқ. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін Москва Советі жанындағы редакциялық баспа бөліміне меңгеруші болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін — редакциялық баспа жұмысын атқарды. — *197.*

Церетели, И. Г. (1882—1959) — меньшевизм лидерлерінің бірі. Кутаиси губерниясынан II Мемлекеттік думаға депутат. Думада социал-демократиялық фракцияны басқарды, аграрлық комиссияға кірді, Думада П. А. Столыпин жариялаған үкіметтік декларация жөнінде, аграрлық және басқа мәселелер жөнінде сөз сөйледі. Думадағы социал-демократиялық фракцияның өкілі ретінде кеңесші дауыспен РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына қатысты. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — центрист. 1917 жылғы Февраль буржуазиялық-демократиялық революциясынан кейін — Петроград Советі Атқару комитетінің мүшесі, қорғампаз, буржуазиямен коалиция жасасуды жақтаушы. 1917 жылы майда почта және телеграф министрі ретінде буржуазиялық Уақытша үкіметке кірді, июль оқиғаларынан кейін — ішкі істер министрі, большевиктерді ойрандата қудалауға дем берушілердің бірі. Октябрь социалистік революциясынан кейін

Церетели Құрылтай жиналысында антисоветтік блокты басқарды. Грузияның контрреволюциялық меньшевиктік үкіметі басшыларының бірі болды. Грузияда Совет өкіметі жеңгеннен кейін — ақ эмигрант. 1923 жылы —оппортунистік біріккен (II) Социалистік жұмысшы Интернационалын ұйымдастырушылардың бірі. Өмірінің соңғы жылдарында Церетели Америка Құрама Штаттарында тұрды. — *124, 136, 140, 141—142, 149—150, 154, 155, 159, 163, 240, 355—356.*

Ч

Чампион (Champion), *Генри Хайд* (1859—1928) — ағылшын социал-реформисі, жас кезінде — ағылшын армиясының офицері. Гладстон үкіметінің Египетке қарсы басқыншылық соғыс бастағанына наразылық білдіру ретінде 1882 жылы отставкаға шықты. Социал-демократиялық федерацияға кірді, сайлау жөнінде консерваторлармен мәмлеге келгені үшін 1887 жылы одан шығарылды. Біраз уақыт бойы «Labour Elector» («Жұмысшы Сайлаушы») апталығын шығарып тұрды. 1893 жылдан бастап Австралияда тұрды, онда социал-демократиялық ұйымда жұмыс істеді.— *270.*

Чарский, Е.— қараңыз: Ананьин, Е. А.

Челноков, М. В. (1863 ж. туған) — ірі өнеркәсіпші және үйлер иесі, кадеттер партиясының негізін салушылардың бірі. 1891—1894 жылдары — Москва уездік земство басқармасының председателі. Земство және қалалық басқарма мүшесі, губерниялық земство басқармасының мүшесі болды, земство және қала қайраткерлерінің съездеріне қатысты. Москва губерниясынан II, III Мемлекеттік думаларға, Москва қаласынан IV Думаға депутат. 1914—1917 жылдары — Москваның қала бастығы. Қалалар одағының бас уәкілі, Бүкіл россиялық земство одағы председательдерінің бірі, соғысты «толық жеңіске дейін жеткізуді» жан-тәнімен жақтады. Октябрь социалистік революциясынан кейін Россияның оңтүстігінде контрреволюциялық жұмыс жүргізді, одан кейін шетелге эмиграцияға кетті.— *226.*

Череванин, Н. (Липкин, Ф. А.) (1868—1938) — меньшевизм лидерлерінің бірі, барып тұрған жойымпаз. РСДРП IV (Бірігу) және V (Лондон) съездеріне қатысты. Жойымпаздық басылымдардың қызметкері, партияны жою жөніндегі 16 меньшевиктің «Ашық хаты» авторларының бірі (1910); 1912 жылғы антипартиялық август конференциясынан кейін — меньшевиктік басшы орталықтың (Ұйымдастыру комитетінің) мүшесі. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — социал-шовинист. 1917 жылы меньшевиктердің орталық органы—«Рабочая Газета» редакторларының бірі, меньшевиктік Орталық Комитеттің мүшесі. Октябрь социалистік революциясына дұшпандық көзқараста болды.— *358.*

Черносвитов, К. К. (1866—1919) — помещик, кадет, Владимир губерниясынан I, II, III Мемлекеттік думаларға, Ярославль губерниясынан IV Думаға депутат. Прокурордың көмекшісі, округтік соттың мүшесі, кадет партиясының Владимир уездік комитетінің председателі болды, земство және қала қайраткерлерінің съездеріне қатысты, «Русские Ведомостиге» жазып тұрды. II Думада талап-тілектер жөніндегі және жергілікті сот туралы комиссияларға кірді. Совет республикасына қарсы контрреволюциялық әрекеті үшін 1919 жылы атылды.— *226*.

Чернышевский, Н. Г. (1828—1889) — орыстың ұлы революцияшыл демократы, ғалым, жазушы, әдебиет сыншысы; орыс социал-демократиясының аса көрнекті ізашарларының бірі. Чернышевский Россияның 60-жылдардағы революциялық-демократиялық қозғалысының идеялық дем берушісі әрі көсемі болды. Социалист-утопист болған ол социализмге шаруалар қауымы арқылы өтуге болады деп санады, бірақ сонымен бірге революцияшыл демократ ретінде «ол цензураның бөгеттері мен кедергілеріне қарамастан — шаруа революциясының идеясын, бұқараның барлық ескі өкіметтерді құлату жолындағы күресінің идеясын тарата отырып, өз заманындағы саяси оқиғалардың бәріне революциялық рухта әсер ете білді» (В. И. Ленин. Шығармалар, 17-том, 107-бет). Ол редакциялаған «Современник» журналы Россияның революциялық күштерінің үні болды. Чернышевский 1861 жылғы «шаруалар реформасының» крепостниктік сипатын ашуызамен әшкереледі, шаруаларды көтеріліске шақырды. 1862 жылы оны патша үкіметі тұтқынға алып, Петропавл қамалына қамады, мұнда ол екі жылдай болып, одан кейін жеті жыл мерзімге каторгалық жұмысқа және өмір бойы Сибирьде тұруға кесілді. Чернышевский қартайған шағында ғана айдаудан босатылды. Ол өмірінің соңғы күндеріне дейін әлеуметтік теңсіздікке қарсы, саяси және экономикалық езгінің барлық көріністеріне қарсы жалынды күрескер болды.

Чернышевский орыстың материалистік философиясын дамыту саласында орасан зор еңбек сіңірді. Оның философиялық көзқарастары Маркске дейінгі бүкіл материалистік философияның шыңы еді. Чернышевскийдің материализмі революциялық, пәрменді сипатта болды. Чернышевский әр түрлі идеалистік теорияларды қатал сынға алып, Гегельдің диалектикасын материалистік рухта қайта өңдеуге ұмтылды. Саяси экономия, тарих, эстетика, көркем сын саласында Чернышевский өмір шындығын зерттеуге диалектикалық тұрғыдан қараудың үлгілерін көрсетті. Чернышевский шығармаларын зерттеген К. Маркс бұл шығармаларды өте жоғары бағалады және Чернышевскийді орыстың ұлы ғалымы деп атады. Ленин Чернышевский туралы былай деп жазды: «Чернышевский 50-жылдардан бастап 88-жылға дейін сындарлы философиялық материализмнің дәрежесінде бола білген... орыстың бірден-бір шын ұлы жазушысы. Бірақ орыс өмірінің артта қалуы себепті Чернышевский Маркс пен Энгельстің диалектикалық материализмінің дәрежесіне кө-

теріле білмеді, дұрысырақ айтқанда, көтеріле алмады» (Шығармалар, 14-том, 397-бет).

Чернышевскийдің қаламынан философия, саяси экономия, әдебиет, тарих, этика, эстетика саласында толып жатқан тамаша шығармалар туды. Оның әдеби-сын шығармалары орыс әдебиеті мен өнерінің дамуына орасан зор ықпал жасады. Россиядағы және шетелдердегі революционерлердің талай ұрпағы Чернышевскийдің «Не істеу керек?» (1863) деген романын оқып, тәлім алды.— *167.*

Ш

Шиппель (Schippel), *Макс* (1859—1928) — неміс социал-демократы, ревизионист. 1887—1890 жылдары «Berliner Volkstribüne»-ні («Берлин Халық Трибунасы») редакциялады, 1897 жылдан бастап неміс оппортунистерінің «Socialistische Monatshefte» («Социалистік Әрайлық») журналын басқаруға қатысты. Рейхстаг депутаты (1890—1905) бола отырып, герман империализмінің экспансиясын қорғады. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде — барып тұрған социал-шовинистердің бірі. Өмірінің соңғы жылдарында Дрезден политехникалық институтының профессоры болды (1923—1928). Совет Одағына дұшпандық көзқараста болды.— *262.*

Шнеерсон, И. А. (Ивановский, П.) (1878—1942) — социал-демократ. 1901—1902 жылдары, Берлинде тұрған кезінде, «Искраны» және басқа құпия әдебиетті жеткізу ісімен шұғылданды, партияның II съезінен кейін большевиктерге қосылды, 1905 жылы РСДРП Москва комитетіне кооптацияланды. Алайда, көп кешікпей большевиктерден қол үзді. «Жұмысшы съезін» шақыру жөніндегі оппортунистік идеяны қолдады, меньшевиктік органдар: «Наше Делоға», «Дело Жизниге» және басқаларына жазып тұрды. Бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде, шетелде жүргенінде, большевиктік әдебиеттің әсерімен тағы да большевизмге қарай икемделді. 1918 жылғы сентябрьден 1919 жылғы январьға дейін Советтік Россияның Швейцариядағы Қызыл Крест өкілдігінің жауапты секретары болды. 1921—1930 жылдары Берлиндегі совет сауда өкілдігінде істеді. 1930 жылдан бастап Москва мен Ленинградтың әр түрлі ұйымдарында істеді.— *10.*

Шрамм (Schramm), *Карл Август* — неміс экономисі. Саяси қызметін либерал ретінде бастады, 70-жылдардың басында социал-демократияға қосылды. Хёхбергпен және Бернштейнмен бірге «Jahrbuch für Sozialwissenschaft und Sozialpolitik»-те («Әлеуметтік ғылым мен саясаттың Әржылдығы») «Германиядағы социалистік қозғалыстың өткен кезеңіне шолу» деген мақала жариялады. Партияның революциялық тактикасын айыптай келіп, мақала авторлары буржуазиямен одақ жасауға және пролетариат мүдделерін оған бағындыруға шақырды. К. Маркс пен Ф. Энгельс бұл оппортунистік көзқарастарға қарсы шықты. 1884—1886 жылдары Шрамм «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман»)

журналының беттерінде және «Rodbertus, Marx, Lassalle» («Родбертус, Маркс, Лассаль») деген кітапта марксизмді сынға алды; кейін социал-демократиядан шеттеп кетті.— *259—260, 261.*

Шувалов, И. Е. (1875 ж. туған) — Самара губерниясынан I Мемлекеттік думаға депутат, шыққан тегі — шаруа; Думада социал-демократтарға қосылды. Халықтық оқу үйлерін ұйымдастырды, халық арасында көпшілікке арналған әр алуан басылымдардың таратылуына жәрдемдесті. Дума таратылғаннан кейін Выборг үндеуіне қол қойды, сол үшін сотқа тартылды.—*164.*

Щ

Щегло, В. А.— қараңыз: Хейсина, Л. В.

Щедрин, Н.— қараңыз: Салтыков-Щедрин, М. Е.

Э

Эль — қараңыз: Лузин, И. И.

Энгельс (Engels), *Фридрих* (1820—1895)—ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың бірі, халықаралық пролетариаттың көсемі және ұстазы, К. Маркстің досы әрі серігі (В. И. Лениннің «Фридрих Энгельс» деген мақаласын қараңыз. Шығармалар толық жинағы, 2-том, 1—15-беттер). — *63, 95, 117, 247, 253—273, 290.*

Я

Янсон, Ю. Э. (1835—1893) — экономист және статистик, Петербург университетінің профессоры. Ішкі істер министрлігі статистика советінің мүшесі, Петербург губерниялық статистика комитеті председателінің орынбасары, Географиялық және Еркті-экономикалық қоғамдардың мүшесі, Россия Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1892 жылдан) болды. Астық саудасын зерттеуге, майдагерлік өнеркәсіпті зерттеу жөніндегі комиссияға қатысты, астана халқының санағы мен санитарлық статистиканы ұйымдастырды. «Рикардоның рента теориясының маңызы туралы», «Россия мен Батыс Европа мемлекеттерінің салыстырмалы статистикасы», «Шаруалардың үлесті жерлері мен төлемдері туралы статистикалық зерттеудің тәжірибесі» деген және басқа еңбектердің авторы.— *143.*

Ярославский, Е. М. (Ильян) (1878—1943) — Коммунистік партияның көрнекті қайраткері, белгілі тарихшы әрі публицист, академик. РСДРП-ға 1898 жылы кірді, Забайкалье темір жолы жұмысшылары арасында алғашқы социал-демократиялық үйір-

мені ұйымдастырушы болды. РСДРП Чита комитетінің, одан соң Петербург комитетінің құрамына енді. 1905—1907 жылдардағы революцияға белсене қатысты, Тверьде, Нижний Новгородта. Киевте, Одессада, Тулада, Ярославльде және Москвада жауапты партия жұмысын жүргізді. Ярославль ұйымынан шешуші даусы бар делегат ретінде партияның IV (Бірігу) съезінің жұмысына және 1906 жылы ноябрьде Таммерфорста өткен РСДРП әскери және жауынгерлік ұйымдарының бірінші конференциясына қатысты. Петербург пен Кронштадттың әскери ұйымдарынан партияның V (Лондон) съезінің делегаты. Патша үкіметі тарапынан талай рет қудалауға ұшырады. 1917 жылғы июльден бастап Москвада істеді, Москва әскери ұйымына белсене араласты, большевиктік «Социал-Демократ» газеті басшыларының бірі болды, 1917 жылдың күзінде большевиктік «Деревенская Правда» газетін редакциялады. Москва әскери ұйымынан делегат ретінде РСДРП(б) VI съезінің жұмысына қатысты.

Октябрь социалистік революциясы кезінде Москва әскери-революциялық комитетінің құрамына кірді және Москвадағы қарулы көтеріліс басшыларының бірі болды. Октябрь социалистік революциясынан кейін жауапты партия қызметінде істеді: Орталық Комитеттің Сибирь бюросының мүшесі, 1921 жылы — партияның Орталық Комитетінің секретары, 1923 жылдан 1934 жылға дейін — Орталық Бақылау Комиссиясының секретары. СССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі болды, Ленин Институты дирекциясының құрамына кірді. Өмірінің соңғы жылдарында партияның Орталық Комитетінің лекторлар тобын басқарды, «Правданың» және «Большевик» журналының редакциялық коллегияларының мүшесі болды. Е. Ярославский ең танымал публицистер мен насихатшылардың бірі, партияның идеология майданындағы аса көрнекті қызметкері еді. 1939 жылдан — СССР Ғылым академиясының толық мүшесі. Коммунистік партияның және Россиядағы революциялық қозғалыстың тарихы жөніндегі бірқатар еңбектердің авторы. — *319.*

Avenard, Etienne — қараңыз: Авенар, Этьен.

Jekk — қараңыз: Иекк (Jaeckh), Густав.

В. И. ЛЕНИННІҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

(Февраль — июнь, 1907)

Февраль — июнь. Ленин Куоккалада (Финляндия) «Ваза» дачасында тұрады.

15—18 февраль (28 февраль — 3 март). Ленин РСДРП V съезіне арналған қарарлардың жобаларын жазады; жобалар 1907 жылы 4 мартта «Пролетарий» газетінің 14-номерінде жарияланды.

Ленин Петербург және Москва комитеттері, Москва округтік комитеті, Орталық өнеркәсіпті ауданның Облыстық бюросы және «Пролетарий» газетінің редакциясы өкілдерінің жиналысына басшылық етеді; бұл жиналыста Ленин жазған қарарлардың жобалары талқыланады және қабылданады.

17 февраль (2 март). Ленин «L'Humanité» газетінің қызметкері Этьен Авенарға (Avenard) сайлау науқаны кезіндегі РСДРП тактикасы туралы интервью береді.

19 февраль (4 март). Баспасөз істері жөніндегі Петербург комитеті Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген кітабына тыйым салуға қаулы етті.

20 февраль (5 март). Ленин «Екінші Мемлекеттік думаның ашылуы» деген мақала жазады; мақала сол күні «Новый Луч» газетінің 1-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.

Ленин «Екінші Дума және пролетариаттың міндеттері» деген бас мақала жазады; бас мақала 1907 жылы 23 февральда «Рабочий» га-

	зетінің 2-номерінде үндеу түрінде жарияланды.
20 және 28 февраль (5 және 13 март) аралығында.	Ленин II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның «Столыпин декларациясы жөнінде» деген үндеуінің жобасын жазады.
21 февраль (6 март).	Ленин «Алғашқы маңызды қадам» деген мақала жазады; мақала сол күні «Новый Луч» газетінің 2-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.
21 февральдан (6 марттан) кешірек — марттың басы.	Ленин «Дума сайлауы және орыс социал-демократиясының тактикасы» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 27 мартта «Die Neue Zeit» («Жаңа Заман») журналының 26-номерінде жарияланды.
22 февраль (7 март).	Лениннің «Кадеттерді қолдау саясатын жүргізуге меньшевиктер праволы ма?» деген мақаласы «Новый Луч» газетінің 3-номерінде жарияланады.
	Ленин «Ұсақ буржуазиялық тактика» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 23 февральда «Новый Луч» газетінің 4-номерінде жарияланды.
23 февраль (8 март).	Ленин «Жік туғызушылар болашақ жік туралы» және «Оппортунизм тактикасы туралы» деген мақалалар жазады; мақалалар 1907 жылы 24 февральда «Новый Луч» газетінің 5-номерінде жарияланды.
24 февраль (9 март).	Ленин «Большевиктер және ұсақ буржуазия» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 25 февральда «Новый Луч» газетінің 6-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.
23 февраль мен 4 март (8 және 17 март) аралығында.	Ленин «Революциялық социал-демократияның платформасы» деген мақаланың бірінші бөлімін жазады; ол 1907 жылы 4 мартта «Пролетарий» газетінің 14-номерінде жарияланды.
25 немесе 26 февраль (10 немесе 11 март).	Ленин Л. Мартовтың 1907 жылы 25 февральда «Русская Жизнь» газетінің 48-номерінде жарияланған «Бұдан әрі барар жер жоқ» деген фельетонына жауап ретінде заметка жазады; Лениннің заметкасы 1907 жылы 27 фев-

	ральда «Новый Луч» газетінің 7-номерінде «Баспасөзге шолу» бөлімінде жарияланады.
27 февраль (12 март).	Ленин «Думаны қуудың таялуы және тактика мәселелері» деген бас мақала жазады; бас мақала 1907 жылы 4 мартта «Пролетарий» газетінің 14-номерінде жарияланды.
27 немесе 28 февраль (12 немесе 13 март).	Ленин «Кадеттер және трудовиктер» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 1 мартта «Рабочая Молва» газетінің 1-номерінде жарияланды.
28 февраль (13 март).	«Столыпин декларациясы жөнінде» деген үндеудің Ленин жазған жобасы II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның мәжілісінде талқыланады.
Февральдың екінші жартысы — апрель.	Ленин большевиктік «Новый Луч», «Пролетарий» және «Наше Эхо» газеттерін редакциялайды.
	Ленин жұмысшылардың бұқаралық «Вперед» газетіне басшылық етеді.
Февральдың аяғы — 1 (14) март.	Ленин 1907 жылы 17 февральда (2 мартта) «L'Humanité» газетінің қызметкеріне берген интервьюінің текстімен танысады.
1 (14) март.	Ленин «L'Humanité»-нің қызметкері Этьен Авенарға хат (француз тілінде) жазып, орыс буржуазиялық-демократиялық революциясындағы пролетариаттың ролі туралы және пролетариаттың одақтасы туралы айтқан сөздерінің интервьюде қате баяндалғанын көрсетеді. Ленин интервьюдің текстіне осы және өзге мәселелер бойынша түзетулер енгізуді ұсынады. Лениннің түзетуі енгізілген интервью 1907 жылы 4 апрельде «L'Humanité» газетінің 1082-номерінде жарияланады.
1 (14) марттан кешірек.	Ленин «Алдағы болатын съезге меньшевик-практиктердің қатысуымен Мартов, Дан, Старовер, Мартынов және басқалар дайындаған тактикалық платформа» деген меньшевиктердің листовкасына оны жариялау туралы пікірін жазады, кей жерлерін сызып көрсетіп, белгілер қояды.
12 (25) март.	Ленин «Революциялық социал-демократияның платформасы» деген мақаласының екінші бө-

	лімін жазады; ол 1907 жылы 25 мартта «Пролетарий» газетінің 15-номерінде жарияланды.
19 март (1 апрель).	Ленин Мемлекеттік думаға көзқарас туралы меньшевиктік қарар жобасы жөнінде «Қарарларды бұлай жазбау керек» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы апрельде большевиктік «Тактика мәселелері» жинағында (II жинақ, С.-Петербург) жарияланды.
19 және 25 март (1 және 7 апрель) аралығында.	Ленин «Қарарларды бұлай жазбау керек» деген мақаласына соңғы сөз (мақаламен бірге жарияланды) және Мемлекеттік думаға көзқарас туралы эстон социал-демократтарының қарарына ескертпе (1907 жылы 25 мартта «Пролетарий» газетінің 15-номерінде жарияланды) жазады.
20 және 25 март (2 және 7 апрель) аралығында.	Ленин «Көзінде — күлкі, көкейінде — арамдық» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 25 мартта «Наше Эхо» газетінің 1-номерінде жарияланды.
21 март (3 апрель).	Ленин «Мәмле негіздері» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 25 мартта «Пролетарий» газетінің 15-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.
21 және 26 март (3 және 8 апрель) аралығында.	Ленин С. Н. Прокоповичтің «Аграрлық мәселе цифр тілінде» деген кітапшасына (С.-Петербург, 1907) белгілер салады, кей жерлерін сызып көрсетіп, цифрлық есептер жасайды.
	Ленин Думада социал-демократиялық фракция депутатының сөйлеуі үшін аграрлық мәселе жөніндегі сөздің жобасын жазады.
25 март (7 апрель).	Ленин РСДРП Петербург жалпы қалалық конференциясының Териокидегі (Финляндия) бірінші сессиясында председательдік етеді; Петербург комитетін қайта құру жобасы туралы мәселе бойынша және Петербург комитетінің ұйымдастыру жұмысы мәселелері бойынша жарыс сөзде сөз сөйлейді. Ленин II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракциямен байланыс жасау үшін Петербург ұйымының өкілі болып сайланады.
24 және 27 март (6 және 9 апрель) аралығында.	Ленин «Дума және бюджетті бекіту» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 27 мартта «Наше Эхо» газетінің 2-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.

28 март (10 апрель).	Ленин «Көкек қоразды мақтайды...» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 29 мартта «Наше Эхо» газетінің 4-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.
30 март (12 апрель).	Лениннің «Интеллигенцияның үстемдігіне қарсы интеллигенттік жауынгерлер» деген мақаласы «Наше Эхо» газетінің 5-номерінде жарияланады.
30—31 март (12—13 апрель).	Ленин «Аграрлық мәселе және революция күштері» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 1 апрельде «Наше Эхо» газетінің 7-номерінде бас мақала ретінде жарияланады.
Марттың аяғы.	Ленин меньшевиктер ұйымдастырған партиялық сот деп аталатынның бірінші мәжілісінде («Ақталу (немесе Орталық Комитеттің меньшевиктік бөлегін айыптау)») сөз сөйлейді, бұл сөзінде меньшевиктердің РСДРП Петербург ұйымындағы жікшілдік әрекеттерін әшкерелейді.
Март.	Ленин РСДРП V съезіне делегаттар сайлауын өткізу үшін жергілікті жерлерге жүргелі отырған большевиктердің нұсқау кеңесінде ағымдағы кезең және партияның міндеттері туралы баяндама жасайды.
2 (15) апрель.	Ленин «Қауқарсыз Дума немесе қауқарсыз ұсақ буржуазия» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 3 апрельде «Наше Эхо» газетінің 8-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.
3 (16) апрель.	Ленин «Масаттанған пасықтық немесе кадеттенуші эсерлер» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 4 апрельде «Наше Эхо» газетінің 9-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.
3 және 21 апрель (16 апрель мен 4 май) аралығында.	Ленин «Россия социал-демократиялық жұмысшы партиясының ноябрьдегі әскери-жауынгерлік конференциясының протоколдары жөнінде» деген мақала жазады.
4 (17) апрель.	Ленин «Социал-демократиялық фракция және Думадағы 3 апрель» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 5 апрельде «Наше Эхо» газетінің 10-номерінде жарияланды.

5—6 (18—19) апрель. Ленин «Орыс революциясының күші мен әлсіздігі» деген мақала жазады; мақала 1907 жылы 5 және 7 апрельде «Наше Эхо» газетінің 10 және 12-номерлерінде жарияланды.

6 (19) апрельден ертерек. Ленин «Briefe und Auszüge aus Briefen von Joh. Phil. Becker, Jos. Dietzgen, Friedrich Engels, Karl Marx u. A. an F. A. Sorge und Andere». Stuttgart, 1906, («Иог. Фил. Беккердің, Иос. Дицгеннің, Фридрих Энгельстің, Карл Маркстің және басқалардың Ф. А. Зоргеге және басқаларга жазған хаттары және хаттарынан үзінділер». Штутгарт, 1906) деген кітапқа белгілер қояды, кейбір жерлерінің астын сызады, сызып тастайды және заметкалар жасайды.

6 (19) апрель. Ленин «И. Ф. Беккердің, И. Дицгеннің, Ф. Энгельстің, К. Маркстің және басқалардың Ф. А. Зоргеге және басқаларга жазған хаттары» деген кітаптың орысша аудармасына алғы сөз жазады.

7 және 8 (20 және 21) апрель. Лениннің «Дума сайлауы және орыс социал-демократиясының тактикасы» деген мақаласы Тифлисте шығып тұрған «Дро» («Уақыт») газетінің 24 және 25-номерлерінде грузин тілінде басылады.

8 (21) апрель. «И. Ф. Беккердің, И. Дицгеннің, Ф. Энгельстің, К. Маркстің және басқалардың Ф. А. Зоргеге және басқаларға жазған хаттары» деген кітаптың орысша аудармасына Ленин жазган алгы сөздің бір бөлегі «Маркс пен Энгельс Россия туралы» деген тақырыппен «Наше Эхо» газетінің 13-номерінде жарияланады.

Петербург социал-демократиялық ұйымы конференциясының екінші сессиясында Ленин II Мемлекеттік думадағы социал-демократиялық фракцияның қызметі туралы баяндама бойынша жарыс сөзде сөз сөйлейді және Петербург делегациясына партияның V съезіне РСДРП-ның жауынгерлік жасақтарының өкілдерін съезге шақыруды ұсыну жөнінде кеңес береді.

8 және 21 апрель (21 апрель мен 1 май) аралығында. Ленин РСДРП Петербург қалалық ұйымы конференциясының қорытындыларына арналған «Петербургтегі қайта құру және жікке бөлінуді жою» деген мақала жазады.

10 (23) апрель.	Ленин «Дума және орыс либералдары» деген мақала жазады; мақала сол күні «Наше Эхо» газетінің 14-номерінде бас мақала ретінде жарияланды.
10 және 15 (23 және 28) апрель аралығында.	Ленин «Ларин мен Хрусталев» деген мақала жазады; бұл мақала 1907 жылы 15 апрельде «Труд» газетінің 1-номерінде жарияланады.
11 және 21 апрель (24 апрель мен 4 май) аралығында.	Ленин «Жалпы ұлттық революция туралы мәселе жөнінде» деген мақала жазады.
15 (28) апрельден ертерек.	Лениннің «Меньшевиктердің тактикалық платформасы» деген мақаласы «Тактика мәселелері» жинағында (I жинақ. С.-Петербург) жарияланады.
21 апрельден (4 майдан) ертерек.	Ленин «Петербургтегі жікке бөліпу және соған байланысты партия сотын құру жөнінде РСДРП V съезіне арналған баяндама» деген кітапшасын жазумен шұғылданады: кітапшаның басын және «Петербургтегі жікке бөлінудің нақты тарихының қысқаша конспектісі» деген екінші бөлімін жазады; кітапша 1907 жылы апрельде басылды.
	Ленин РСДРП V съезіне делегат болып сайланып, РСДРП Верхне-Камск (Урал) ұйымынан мандат алады.
	Ленин большевиктер мен меньшевиктердің Териокидегі біріккен кеңесіне қатысады, кеңесте РСДРП-ның алдағы V съезінің мәселелері талқыланады; П. Б. Аксельродтың «жұмысшы съезін» шақыру туралы ұсынысына қарсы шығады.
Апрельдің екінші жартысы, 21 апрельден (4 майдан) ертерек.	Ленин Копенгагенге жүріп кетеді; мұнда РСДРП V съезі ашылады деп ұйғарылған болатын.
21 және 28 апрель (4 және 11 май) аралығында.	Ленин съезд делегаттары — большевиктердің Копенгагендегі мәжілісінде жауынгерлік жасақтар туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді.

Ленин Ослоға Норвегия жұмысшы партиясының председателі Оскар Ниссенге (Nissen) РСДРП V съезін Норвегия территориясында өткізу мүмкіндігін сұрап телеграмма жолдайды. Ниссен Норвегияның сыртқы істер министрімен сөйлесті. Норвегия үкіметі съезд өткізуге рұқсат бермеді.

24 және 28 апрель (7 және 11 май) аралығында. Ленин Лондонға РСДРП V съезіне бара жатып, бірнеше күн Берлинде аялдайды. Сол кезде Берлинде жүрген А. М. Горькиймен бірге Ленин К. Каутскиймен және Р. Люксембургпен кездеседі, қаланың көрікті жерлерімен танысады.

Апрельдің аяғы. Ленин Лондонға келеді, мұнда большевик-делегаттарды орналастыруға араласады, большевиктік фракция делегаттарының Копенгагенде басталған мәжілісінің жалғасы болған мәжілісіне басшылық етеді, мәжілісте сайланған фракция бюросының құрамына кіреді.

Апрель. Лениннің «Ашуға булығып абыржу (Жұмысшы съезі туралы мәселе жөнінде)» және «Фр. Меринг екінші Дума туралы» деген мақалалары «Тактика мәселелері» жинағында (II жинақ. С.-Петербург) жарияланады.

30 апрель — 19 май (13 май — 1 июнь). Ленин РСДРП V (Лондон) съезінің жұмысына басшылық жасау тұрғысынан қатысады, большевиктік фракцияның мәжілістеріне қатысады, съезд комиссияларының құрамына кіреді, съезд президиумының кеңестеріне қатысады, мәжілістерде председательдік етеді, делегаттармен әңгімелеседі.

Мәжілістерден бос уақытында Ленин Британ музейінде, Лондон театрларында болады.

30 апрель (13 май). Лондонда РСДРП V съезі ашылады. Ленин президиумға сайланады. Съездің бірінші мәжілісінен кейін Ленин большевиктік фракцияның мәжілісіне қатысады, бұл мәжілісте большевиктер мен меньшевиктердің съездегі күштерінің арақатынасы зерттеледі.

1 (14) май. Ленин съездің екінші мәжілісінде съездің жұмыс тәртібінің жобасы талқыланған кезде екі рет сөз сөйлейді.

Съездің үшінші мәжілісінде Ленин күн тәртібі туралы мәселе жөніндегі жарыс сөзді тоқтатуға қарсы шығады.

2 (15) май. Ленин төртінші мәжілісте партияның буржуазиялық-демократиялық революциядағы тактикасының негіздері туралы принципті мәселелерді съездің күн тәртібіне енгізуді жақтап сөз сөйлейді.

Съездің бесінші мәжілісінде Ленин записка арқылы атап дауысқа қоюды жақтап сөз сөйлейді.

Лениннің «Петербургтегі қайта құру және жікке бөлінуді жою», «Жалпы ұлттық революция туралы мәселе жөнінде» және «РСДРП-ның ноябрьдегі әскери-жауынгерлік конференциясының протоколдары жөнінде» деген мақалалары «Пролетарий» газетінің 16-номерінде жарияланады.

3 (16) май. Ленин съездің алтыншы және жетінші мәжілістерінде председательдік етеді. Алтыншы мәжілісте Ленин председатель ретінде ағылшын Социал-демократиялық федерациясының өкілдеріне съезді өткізуге жәрдемдескені үшін алғыс айтуды ұсынады, күн тәртібінің қабылданған пункттерін талқылау кезегі туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді. Жетінші мәжілісте сөйлеген сөздерінде Ленин делегаттарға ағылшын Социал-демократиялық федерациясының өкілі Г. Квелчтің және Герман социал-демократиясының өкілі Р. Люксембургтің съезге қатысып отырғанын хабарлап, оларды съездің атынан құттықтайды.

4 (17) май. Ленин съездің сегізінші мәжілісінде Орталық Комитеттің қызметі туралы баяндама бойынша жарыс сөзде сөз сөйлеп, меньшевиктердің оппортунистік тактикасын сынайды; съездің 8-мәжілісінің бюллетені үшін осы мәселе бойынша сөйлеген сөзінің конспектісін дайындайды.

5 (18) май. Ленин съездің он бірінші мәжілісінде партияның 60 000 сом ақшасының жұмсалуы туралы мәселе бойынша сөз сөйлейді; Думадағы фракцияның қызметі туралы И. Г. Церетели баяндамасының тек бірінші бөлегін ғана тыңдауды ұсынады.

8 (21) май. Ленин съездің он төртінші және он бесінші мәжілістерінде председательдік етеді. Он бесінші мәжілісте Ленин Думадағы фракцияның есебі бойынша жарыс сөзде сөз сөйлеп, фракцияның саяси қателерін сынайды. Думадағы фракцияның есебі бойынша жарыс сөзде Ф. И. Данның сөйлеген сөзі жөніндегі Урал облысы делегаттарының мәлімдемесіне (мәлімдеме съездің сол мәжілісінде оқылады) қол қояды.

9 (22) май. Ленин съездің он алтыншы мәжілісінде Думадағы фракцияның есебі бойынша қарар жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияға сайланады.

9—10 (22—23) май. Ленин Думадағы фракцияның есебі бойынша қарар жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады.

10 (23) май. Съездің он сегізінші мәжілісінде Лениннің «L'Humanité» газетінің қызметкеріне берген интервьюін Л. Мартовтың бұрмалағаны жөнінде В. И. Лениннің мәлімдемесі оқылады.

11 (24) май. Ленин съездің жиырмасыншы мәжілісінде Думадағы фракцияның есебі бойынша қарар қабылдау тәртібі туралы мәселе жөнінде сөз сөйлейді.

Ленин съездің жиырма бірінші мәжілісінде Думадағы фракцияның уставын әзірлеу жөніндегі комиссияда В. М. Серов (большевик, II Мемлекеттік думаның депутаты) ұсынған устав жобасын талқылауды ұсынады.

12 (25) май. Ленин съездің жиырма екінші мәжілісінде буржуазиялық партияларға көзқарас туралы баяндама жасайды.

12—16 (25—29) май. Ленин буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарар жобасын әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады, Думадағы фракцияның есебі жөніндегі поляктар ұсынған қарар жобасын буржуазиялық партияларға көзқарас жөніндегі қарарға айналдырып қайта жазады. (Съезде буржуазиялық партияларға көзқарас туралы басқа, Ленин жазған большевиктік қарар жобасы талқыланды).

13 (26) май. Съездің жұмысын жалғастыру үшін қаржы іздеуге байланысты Ленин А. М. Горькиймен, Г. В. Плехановпен және басқа делегаттармен бірге ағылшын суретшісі Феликс Мошелеске барады.

14 (27) май. Ленин съездің жиырма төртінші мәжілісінде буржуазиялық партияларға көзқарас туралы баяндама бойынша қорытынды сөз сөйлейді; буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарар әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысы жайында хабарлама жасайды.

Ленин жиырма бесінші (жабық) мәжілісте председательдік етеді, онда съездің жұмысын жалғастыру үшін керекті қаржы туралы мәселе талқыланады. Мәжілісте ол ағылшын суретшісі Феликс Мошелеске барғандары жөнінде хабарлайды.

15 (28) май. Ленин съездің жиырма алтыншы мәжілісінде буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарар жөніндегі жарыс сөзде большевиктік жобаны қорғап сөз сөйлейді; большевиктердің қарары негіз ретінде қабылданғаннан кейін М. И. Либер мен Л. Д. Троцкийдің осы қарарға енгізген түзетулеріне қарсы шығады.

Ленин съездің жиырма жетінші мәжілісінде председательдік етеді, буржуазиялық партияларға көзқарас туралы большевиктік қарарға Брохестің (Бундтың делегаты) және Троцкийдің енгізген түзетулеріне қарсы шығады.

16 (29) май. Ленин съездің жиырма сегізінші мәжілісінде буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарарға Л. Мартовтың енгізген түзетулеріне қарсы шығады.

Ленин съездің жиырма тоғызыншы мәжілісінде кезектегі істерге көшу туралы жазбаша ұсыныс енгізеді; буржуазиялық партияларға көзқарас туралы қарарға Л. Троцкийдің, Л. Мартовтың және А. Мартыновтың енгізген түзетулеріне қарсы шығады. Съезде буржуазиялық партияларға көзқарас туралы Ленин жазған қарар қабылданады.

Ленин съезд президиумының кеңесінде жиырма тоғызыншы мәжілісте Лениннің кезектегі істерге көшу туралы мәлімдеме жасауына

байланысты Ф. И. Данның наразылығы жөнінде сөз сөйлейді, реплика жасап, процедуралық мәселелер жөнінде ұсыныстар енгізеді.

Ерте дегенде 16 (29) май — кеш дегенде 18 (31) май.	Ленин Лондонда, кейбір либерал қайраткерлер РСДРП V съезі делегаттарының құрметіне ұйымдастырған банкетте сөз сөйлейді.
17 (30) май.	Ленин съезд президиумының кеңесіне қатысады. Ленин РСДРП V съезіне жұмсалған шығындарды өтеу үшін либерал фабрикант Джозеф Фелзден (Fels) алынған қарызды қайтару туралы міндеттемеге съездің өзге делегаттарымен бірге қол қояды, съездің большевиктік фракциясының мәжілісіне қатысады.
17—18 (30—31) май.	Ленин большевиктердің Мемлекеттік дума туралы бастапқы қарарының жобасына түзетулер енгізеді, осы қарарды әзірлеу жөніндегі комиссияның жұмысына қатысады, сондай-ақ комиссия мәжілісіндегі жарыс сөздің барысында өзіне қажетті жазбалар жасайды.
18 (31) май.	Ленин съездің отыз үшінші мәжілісінде Мемлекеттік дума туралы қарарды әзірлеу жөніндегі комиссия атынан баяндама жасайды. Осы мәжілісте Ленин «жұмысшы съезі» туралы съезд қабылдаған большевиктік қарарға дауыс берудің нәтижелерін жазып отырады, большевиктердің Мемлекеттік дума туралы қарарының жобасын негіз етіп қабылдау туралы мәселе бойынша дауыс берудің нәтижелерін есептейді (қарар түгелдей съездің келесі мәжілісінде қабылданады).
19 май (1 июнь).	Ленин съездің отыз төртінші және отыз бесінші мәжілістерінде председательдік етеді. Ленин отыз бесінші мәжілісте РСДРП-ның Халықаралық социалистік бюродағы өкілі туралы мәселені жаңа Орталық Комитеттің шешуіне тапсыруды ұсынады. Съезд бұл ұсынысты қабылдайды. Ленин меньшевиктердің съезді «Біріккен партияның Лондондағы бі-

рінші съезі» деп атау туралы ұсынысына қарсы шығып, съезді бесінші съезд деп атау туралы ұсынысты жақтайды. Орталық Комитетке кандидаттар туралы мәселе талқыланғанда Ленин фракциялардың кандидаттарды ұсыну тәртібі туралы ұсыныс енгізеді; Орталық Комитетке кандидаттар бірдей мөлшерде дауыс алғанда қайта дауысқа қоюды ұсынады, бұл мәселе бойынша жарыс сөзде съездің ықшамдалған құрамдағы мәжілісінің осындай қайта дауысқа қоюды жүргізуге праволылығын қорғайды. Лениннің ұсынысын съезд қабылдайды. Съезд Ленинді РСДРП Орталық Комитетінің құрамына сайлайды.

19 майдан (1 июньнен) кешірек. — Ленин РСДРП V съезі жұмысының аяғында большевиктік фракцияның соңғы мәжілісіне қатысады; бұл мәжілісте съезд жұмысының қорытындылары талқыланады. Мәжілісте Ленин бастаған Большевиктік орталық сайланады, бұл орталық съезд шешімдері рухында дәйекті-революциялық бағыт жүргізілуін қамтамасыз етуге тиіс болды.

19 май мен 3 июнь (1 және 16 июнь) аралығында. — Ленин «Буржуазиялық партияларға көзқарас» деген мақала жазады. Мақалаға постскриптум 8 (21) июньнен кешірек жазылған. Мақала «Лондон съезінің қорытындылары» деген большевиктік жинақта (С.-Петербург, 1907) жарияланды.

20—24 май (2—6 июнь). — Ленин РСДРП V съезінде сөйлеген сөздерінің стенограммаларын редакциялайды, Британ музейінің кітапханасында жұмыс істейді.

21—25 май (3—7 июнь). — Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының Лондондағы II съезіне қатысады.

24 май (6 июнь). — Ленин Латыш өлкесі социал-демократиясының II съезінің сегізінші, кешкі, мәжілісінде буржуазиялық-демократиялық революцияның қазіргі кезеңіндегі пролетариаттың міндеттері туралы баяндама жасайды; осы мәселе жөніндегі қарар жобасын ұсынады. Ленин ұсынған қарар съезд протоколдарына тіркеледі; қарар 1907 жылы 7 (20) июльде Латыш социал-демократиясының «Zihņa» («Күрес») газетінде жарияланды.

Майдың аяғы — кеш дегенде 3 (16) июнь.

Ленин съезд аяқталғаннан кейін Лондоннан Куоккалаға қайтып келеді.

Ленин Териокиде Петербургтен келген жұмысшылар алдында РСДРП V съезі туралы сөз сөйлейді.

МАЗМҰНЫ

* КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институты берген тақырыптар жұлдызшамен белгіленді.

СУРЕТТЕР

Л е н и н, В. И.

Шығармалар толық жинағы. Орысша 5-басылуынан аударылды, 55 томдық. Т. 1— Алматы, «Қазақстан», 1976.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы ин-ты — КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм ин-тының филиалы.)

Т. 15. Февраль — июнь 1907.
631 бет.

Томды баспаға дайындаған *Н. Г. Севрюгина*

Дайындаушының көмекшісі *К. Г. Ремизова*

Әдебиет көрсеткішін дайындаған
Н. Д. Шахновская

Есімдер көрсеткіші мен В. И. Лениннің өмірі мен қызметінің кезеңдерін дайындаған *Б. М. Яковлев*

Редактор *М. Я. Панкратова*

Сканерлеу: *Т.Қ.Оразымбетов*

Өңдеу: *А.Н. Моторин*

★

Сдано в набор 11/VIII 1975. Подписано к печати 13/VII 1976 г. Формат 84×108 1/32—20,625=34,7 усл. печ. л. (32,6 уч.-изд. л.). Тираж 15000 экз. Бумага № 1. Цена 65 коп.

Ордена Дружбы народов издательство «Казахстан», г. Алма-Ата, ул. Советская, 50.

Заказ 1384. Полиграфкомбинат производственного объединения полиграфических предприятий «КІТАП» Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по делам издательств, полиграфии и книжной торговли, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.